Шайх-Асан Құрайшын ас-Сунна

(Асан Сарқұлов)



Замана көшіндегі ДІН АҚИҚАТЫ

Шайх-Асан Құрайшын
ас-Сунна
(Асан Сарқұлов)

ЗАМАНА КӨШІНДЕГІ ДІН АҚИҚАТЫ

Дін. Тарих. Этногенез

Алматы – 2006

ББК 86.38
Ш 18

Жауапты редакторы – Қанапия Омарханов, журналист-жазушы.

Пікір жазғандар:

Бекболат Тілеухан –ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Бақыт қажы Түрсынбеков – ҚМДБ-ның имамдардың білімін жетілдіру институтының директоры, дінтанушы.

Шайх-Асан Құрайшын ас-Сунна (Асан Сарқұлов)
Ш18 Замана көшіндегі дін ақиқаты: Дін. Тарих. Этногенез. – Алматы: 2006 ж. – 528 бет, суретті.

ISBN 9965–778–28–0

Бұл кітапта еліміздегі ислам дінінің даму процестері, оған қарсы әрекет етуші кейбір топтардың теріс істері, тарих қойнауында жатқан деректердің бұрмалануы, ұлтымыздың асыл қазыналары саналатын құндылықтарды бағалай білмейтін бәзбір пенделердің жалған ақпарат таратулары ғылыми негізде қарастырылып, оларға дәйекті түрде тойтарыс беріледі. Сондай-ақ, мерзімді баспасөздегі жарияланымдардың кітапқа қатысты тұстары зерделеніп, талданады, таразыланады. Бұның бәрі терең зерттеуден, адал еңбектен туындаған.

Кітап дінтанушыларға, ғалымдарға, тарихшыларға, сондай-ақ жалпы ниеті түзу оқырмандарға арналады.

Ш $\frac{0403000000}{00(05)-06}$ хабарландырусыз, 2006 **ББК 86.38**

ISBN 9965–778–28–0

© Шайх-Асан Құрайшын ас-Сунна (Асан Сарқұлов), 2006

Аса қамқор, ерекше мейірімді
Аллаһтың атымен бастаймын!

АВТОРДАН

Бұл кітапты жазу үшін біраз ғылыми негізде зерттеулер жүргіздім. Қазақстан атты ұлы елдің діні, тарихы, ділі жүрек түкпірінде сайрап жатты. Пайғамбарымыз Мұхаммад (С.Ғ.С.) хадисінде шындықты айтпау харам делінген. Л.Н. Толстой айтпақшы, жазбауға болмайтын халге де түстім. Өз ұлтымыздың өткені кейінге сабақ. Талай қилы замандар бастан кешірілді. Ж. Молдағалиев айтқандай, мың өліп, мың тірілген қазақпыз. Аллаһқа шүкір, қазір тәуелсіз елміз. Онда да әлемнің алпауыт мемлекеттерімен иық тірестіре тұрған ұлтпыз. Демократияның жемісін көріп келеміз. Алайда демократия анархияға жол бермейді. Демократия, ол – тәртіп. Айтатыныңды ашық айта білумен қатар жазатыныңды шындық көзі деректермен қағазға түсіруің керек. Ұлт болып қалыптасу үшін кешегіні де ұмытпаған абзал. Тарих бұрмаланбауы қажет. Ресей империясын алмағанның өзінде 74 жыл бойы СССР (КСРО-дан осы сөз шынайы айтылатындай – А.С.) құрамында болып, ұлтымыздың дінін келемеждеп, тарихын бұрмалап, тілін тосырқап, рухын басып адасып қалған ел едік. Бүгінде соның орнын толтыру оңайға түспей отыр. Шындыққа қарсы шығып, өз қағынан өздері жерінгендерді де көріп жүрміз.

Бұл жұмысты атқарып шығуға өзінің бағасын лайықты алуға тиіс, үлкен ғалым Жәміл Ержановқа, Қазақ КСР-інің үздік ұстазы Іскендір Құдияровқа, Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесінің депутаты болған Шаһизинда Қарақожаевқа, әйгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсыноваға, ел ағасы Сайфулла Мырзаевқа, Қазақстанның халық ақыны Манап Көкеновке, драматург Әмір қожа Мәжитовке, белгілі ақын Адырбек Сопыбековке, жазушы-журналист Айдархан Бибасаровқа, үлкен жанашыр Төрехан Біләловке т.б. шексіз алғысымды білдіремін.

Сонымен қатар ҚМДБ-ның жанындағы имамдардың білімін жетілдіру институтының директоры Бақыт қажы Түрсынбековке, сын-пікір айтқан Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты Бекболат Тілеуханға, белгілі журналист-жазушы Қанапия Омарханға риясыз рахметімді айтамын.

Бекболат ТІЛЕУХАН,
Қазақстан Республикасы
Парламенті мәжілісінің депутаты,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

БҰХАР ЖЫРАУДЫҢ ТІЛЕГІ

немесе рухани серпіліс әкелген кітапқа пікір

(Алғы сөз орнына)

"Қайғысын көптің тартпасаң көк тиын құның тұрмай ма? Уызға жарып өскен ұл қазанның түбін қырнай ма?" деп Несіпбек ақынның айтқаны бар. Асан мырзаны ұлт шерін өзінің қайғысындай білген иманды азамат, күрескер зерттеуші, қаламы қарымды журналист ретінде бұрыннан білемін.

Ақпарат тасқынының астында қалған алашқа ақ пен қараны ажыратпаққа қам қылып, тер төккен мына сүбелі шығарма – азаматтың жан айғайы іспетті іргелі дүние. Намысыңды таптап, дініңді қаралаған, ардағыңды аласартқан парықсыз қандасқа, жетесіз ой, желөкпе пікірге тойтарыс берген қайсар қадам. Ең бастысы зейін салып оқығанның зердесін ашатын ақиқи факті мен нақты ұсыным иелерінің ой-пікірі тоғысқанын осы еңбектен көруге болады.

Кітап не дегісі келеді?

Мен алдымен мынаны айтайын. Абай: "Алланың, пайғамбардың жолындамыз, ынтамызды бұзбастық иманымыз", – деді. Яғни, әлхамдуллаһи біз қазақтар мұсылманбыз. Ислам – біздің дініміз. Осындай ақиқатқа шабуыл жасап, сыртқы жаудың көйт-көйтіне қызып алған атеистеу қандасқа тойтарысты осы еңбектен табасыздар.

Біз қазақтар салтын сыйлаған, дәстүрін құрметтеген ел едік. Атаның аманатын, бабаның қадірін қастерлі деп таныған тектілігіміз бар еді. Бабалар тілегі былай еді:

Бірінші тілек тілеңіз
Бір Аллаға жазбасқа...
Бесінші тілек тілеңіз
Бес уақыт бес намаз
Біреуі қаза болмасқа...

Дана Абылайдың оң тізесін басқан Бұхар бабамнан қалған аманат-тілек еді бұл. Біздің дәуір Аллаға тіл тигізіп, пайғамбарымызға (с.ғ..с.) жала жапты.

Баба аманатына қиянат қылды.

Бұл еңбек осындай кеселдерге тойтарыс іздеген.

Қашаннан ұлттың тілі мен діні оның негізгі тірегі болғаны анық. Тірегі шіріп құрт түссе, еңкейіп қалары белгілі. Еңкейген елді ебіне ыңғайлап, еркіне тарту қашаннан оңай. Алашты аңдығандар осыны біледі. Сондықтан шабуылды дінге бағыттамақ. "Иманы кеткеннің жиғаны кетеді" дейді қазақ. Бұны айтуын қазақ өзі айтқанмен, білуін жат біледі. Дінін алалап, бір-біріне жау қылып, қырыққа бөліп, қырық пышақ қып қырқыстырып қойса берекесі кетеді. Берекесі қашқанның мұнайын сору, темірін алу жеңіл. Тұтастығын бұзса, тұқырту оңай. Ол жолдан сырттағы мүдде ештеңе аямақ емес. Сондықтан да қазақтың несториан екендігін дәлелдегендерге қошемет бар. Қазақ мұсылман емес, тәңгриан деген бөстекі тұжырымды ту еткен тыраш-ғалым, сумақай сыншыларға кесек-кесек гранттар бар. Ұлтқа құрған шайтанның торына бірі албырттықпен, бірі салғырттықпен түсіп қалып жатса, енді біреуіне жоқшылықтың тауқымет зардабы себеп болып, аз дүниелік қаражат ұлтын сатуға бейімдеді.

Бұл еңбек ес жиып, ақылға келуге шақырады. Ұлт тәуелсіздігін қадірін білетін-ақ қауымның ұлттың дініне келгенде кежегесі кейін тарта қалуының себебі неде?

Рас. Біз кешегі бодан жұрт, отар ел едік. Тоталитарлық қоғам өзін атеистік мемлекет деп жариялады.

Бүкіл білім жүйесі Құдай жоқтығын дәлелдемек ниетпен оқулықтар жазды. Ата дінімізден айыру үшін қожамолдалармен барынша күрес жүргізді.

Кез келген әрекет ешқашан нәтижесіз қалмақ емес. Ол – заңдылық.

Ілу де шалу ақылы мен зердесі ақиқатқа іңкәрліктен Хақты табуға ылайық боп, иманын сақтап қалғандары болмаса қоғамның негізгі дені құдайсыздыққа ойыса берген. Кейін азаттық келген күннің өзінде запыранның зардабы кеткен жоқ.

Құдайсыз қоғамда танымы қалыптасқан қайсыбір ғылым саласында жүрген ағайын ескі қарқынынан іркілуге дәрмен жетпеді. Жетекке үйренген отарлық сана ие іздеді. Оны білетін сырттың "сырттандары" соларды жағалады. Аттарын пайдаланып Абайға шабуыл жасады. "Алланың, пайғамбардың жолындамыз" деген Абайды веда ілімінің өкілі, яғни кришнаит деп қорлаған жетесізге тоқтау салмақ түгілі тан-

тыған жазбасына жетекшілік етіп, жаулық ниеттің қолжаулығы болған ғалым атанған қандас күйдірді. Ардағына ара түскенді "артта қалған консерватор" деп, "озықшылдығын" айып көрмек түгілі кейігеніне не дерсіз. Алашты "мәсіхшіл" деген американдықты қамқорлығына алған аз топ ашынып баспасөзде байбалам салды. Қазақтың "несториан" екенін дәлелдегендерге сырт ел сый дайындады. Қайдағы жоқ "бурханшыл" деген сандыраққа қазақты таңды.

Қысқасы қоғамда рухани диверсиядан қалыптасқан қыңыр ниет, тұрпайы тұжырым, қисық ұғым, тантық таным, санасыз сандырақ, желөкпе пікірлер, жетесіз ойлар елді ірітуге әкелмес үшін осындай азаматтық бағыттағы еңбектер ел назарына ұсынылуы қолдарлық қадам деп білдік.

Биссмиллаһир рахманнир рахим!
Құдай бір, пайғамбар хақ, Сунна-ақ.

Бақыт қажы ТҰРСЫНБЕКОВ,
дінтанушы

АБЫРОЙДЫ АСҚАҚТАТАР ТУЫНДЫ

Ассалаумағалейкум жамағат!

Өздеріңіз білетіндей, 2003 жылғы 23-24 қыркүйекте Астанада Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен әлемдік және дәстүрлі діндердің кең ауқымды бүкілдүниежүзілік құрылтайы өткен болатын. Әлемдік зор бағаға ие болған дін өкілдерінің бас қосуы шартарапқа теледидар, радио, БАҚ арқылы тікелей хабармен таратылды. Жаңа Елорда – Астана мәртебесі биіктей түсті. Небір алпауыт мемлекеттер көз тіккен ерке сылқым Есіл бойындағы Қазақстан елінің жүрегі – Астана барша әлем жұртшылығын өзіне қаратты. Сол форумға журналист ретінде акредациядан (тіркеуден) өтіп, осы жолдардың авторы да қатысқан еді. Дүниенің түкпір-түкпірінен ат басын тіреген түрлі дін қайраткерлерінің Астанада бас қосуын, өзекті проблемаларды ой-елегінен өткізуін Азия, Америка, Еуропа және Африканың көптеген дін және мемлекет басшылары толық қолдады.

Бұл бас қосуға әлемнің 17 діни делегациясы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы, Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ сияқты халықаралық ұйымдардың өкілдері және 250 отандық, 60-тан астам шетелдік БАҚ өкілдері қатысты.

Қазақстан республикасының Президенті Н. Назарбаев құрылтайға бастан аяқ қатысып, дін көшбасшыларына өз кезегімен сөз сөйлеулеріне еркін мүмкіндік берді. Съездің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде Елбасы оның ұйымдастырылу себебін, қаралуы тиіс өзекті мәселелердің әлем жұрты үшін мәні мен маңызын айқындап берді.

Н.Ә. Назарбаев осы ретте "өркениет қақтығысы", "діндер дағдарысы" деген теориясымақтардың орынсыз екендігіне тоқталды.

Съезге мұсылмандар делегациясы өте жоғары деңгейде келіп, әрі нағыз Ислам дінінің өкілдері екендігін ашық паш етті. Әсіресе, Дүниежүзілік Ислам лигасының Бас хатшысы Шейх Абдалла бин Абдел Мухсин ат-Туркидің, Египеттегі Әл-Азһар діни орталығының (университет) Шейхы және

әлем суниттерінің имамы Мұхаммед Саид Тантауи, Сауд Арабиясы корольдігінің Әділет Министрі Абдалла Ибраһим әл аш-Шейх қатысулары форум мәртебесін өсіріп жіберді.

Ең алғаш сөз алғандар да Ислам дінінің өкілдері болды. Астана съезі кезінде қызықты әрі адам сүйсінерлік бір оқиға еске түседі. Үзіліс кезінде Израильдің бас раввині Мецгер орнынан тұрған бойы ең алдымен әлем суниттерінің бас имамы Мұхаммед Саид Тантауиге, Қазақстанның бас муфтиі Әбсаттар қажы Дербісәліге, кейін бүкіл әлемдік Ислам лигасының бас хатшысы Абдалла бин Абдел Мухсин ат-Туркиге, содан соң Пакистан мен Үндістанның, Иранның мұсылмандар делегациялары басшыларына өзі барып сәлем берді. Бұл әркез де бола бермес оқиға еді. Ислам көшбасшылары Израиль Раввиндерімен осындай биік мәртебелі кездесулерде сәлемдесіп, пікір алыспаған. Керек десеңіз, бір үстелдің басында қарама-қарсы отырған емес-ті. Сол сияқты бұл съезде Ватикан делегациясына басшылық жасап, Кардинал Йозеф Токмо келді. Орыс православие шіркеуін Алматы және Астана метрополиті Мефодий басқарса, Будда мен дәстүрлі үлттық делегация өкілдері де қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Бір айта кетерлігі Астана бас қосуында Ислам қайраткерлері түрлі жалалар мен "измдерден" қорғаудың жолдарын да айтып, үлгі көрсетті.

Ислам қандай да бір лаңкесті іс-әрекеттерге қарсы екендігі белгілі. Қасиетті Құранда: *"Бұрын өзі өлтірмеген, жер бетінде бұзақылық жасамаған, нақақ адамды өлтірген адам – барлық адам баласын өлтіргенмен тең (күнәкәр) болады" ("Мәида" сүресі, 32-аят), "Дінде зорлық жоқ" ("Бақара" сүресі, 256-аят), сондай-ақ "сендердің діндерің өздерің үшін, менің дінім өзім үшін" ("Кафирун" сүресі, 6-аят) деген аяттар* Ислам діні барша адамға төзімділік көрсетіп, әр түрлі зорлық-зомбылық пен лаңкестікті және адам құқығын қандай бір түрде болмасын шектеуді жоққа шығаратынын білдіреді. Ислам діні күллі әлемге мейірім шапағат көзімен қарайды. Аллаһ Тағала: *"(Ей, Мұхаммад!) Сені Біз жер жүзіне тек рахым етіп қана жібердік", – десе ("Әнбия" сүресі, 107-аят), Пайғамбарымыз Мұхаммад та (С.Ғ.С.): "Мен күллі әлемге лағнет ретінде емес, рахмет ретінде жіберілдім",* – деп хабар береді.

Съезде жаңа жоғарыда айтқанымыздай, сөз сөйлегендердің алғашқылары да Ислам діннің өкілдері дедік. Оны байқаған БАҚ өкілдері де мұндағы бір ерекшелік, ең алдымен

мұсылмандар өз ойларын жеткізіп алу ма? Өзге дін өкілдері сөзді қашан алар екен деп, тағатсыздана күтті де. Елбасы Н. Назарбаев әрбір дін қайраткерлерінің форумындағы сөзді бірінші кезекте алуларының себебін былай түсіндірді: "Біздер БҰҰ-ның өкілінен соң бұл форумда сөзді алғашқы кім болып сөйлеуіне қатысты ғылыми сараптама жүргіздік. Онда оның діндарлығы, атағы, еңбегі т.б. сарапталғанда, өздеріңіз көріп отырғандай сөйлеушілер тізімі осылай реттелді", – деді.

Бұған қарап, Ислам діні өкілдерінің қай жағынан алғанда да ең алдымен сөз алғандығы мәртебесінің биік екендігін айқын аңғаруға болады.

Немістің атақты ақыны, өлер алдында өзінің көкірегіне Аллаһ деп жазған Гете: *"Біз бүкіл адамзат баласына нұр шашқан киелі Құран түскен – Мұхаммад (С.Ғ.С.) пайғамбарға мәңгілік қарыздармыз"*, – деген еді. Құран Кәрімнің Сәбә сүресінде: *" (Ей, Мұхаммад!) Біз сені барлық адамзатқа тек (жәннәтпен) сүйіншілеуші және (тозақтан) ескертуші етіп жібердік. Бірақ адамдардың көбі мұны білмейді"* деп айтады.

Сондай-ақ қасиетті Құранда: *"Саған келген барлық жақсылық Аллаһтан, ал басыңа келген барлық жамандық нәпсіңнен" ("Ниса" сүресі, 79-аят)* деген аят бар.

Біздер мұны неге айтып отырмыз. Себебі, өзіміздің ортақ үйіміз Қазақстанда Аллаһқа шөк келтіретін, көпқұдайшылар мен дінбұзар ғалым, ақын-жазушылардың аз еместігінде. Олардың өз "менмендігі" көптеген оқырмандарға қатты әсер етіп, әсіресе еліктегіш жастарды адасушы жолға немесе тоққошпарлыққа алып келуі де ғажап емес.

Аллаһ Тағала мұсылмандарға: *"Егер олар бейбітшілік жағына бейімделсе, сен де бейбітшілік жағында бол. Аллаһқа сүйен. Аллаһ оларды естіп, біліп тұрады" ("Әнфал" сүресі, 16-аят) және "Дінсіздер бірігіп алып, сендерге шабуыл жасаса, сендер де бірігіп оларға қарсы шабуыл жасаңдар. Естеріңде болсын, Құдай қашанда діндарлар жағында" ("Тәубә" сүресі, 36-аят)* деп тағылым береді.

Дінсіздер тек қана қолына қару алып, топталып, қарсы шықпайды. Қазіргі таңда БАҚ арқылы жалғаннан, қиялдан немесе білім саяздығынан өзге кітап иелерінің, дінсіздердің ықпалына түсіп, еліктеп кітап шығарады, өлең-жыр жазады. Ақирет күніне сенбейді. Көп ретте қолына қалам ұстаған адамдар жапа-тармағай тарихи дерек көздерін көрінеу бұрмалап жазуға әуестік танытады.

Құранның Ықылас сүресінің, 4-аятында: *"Оның еш теңдесі жоқ"* десе, Шура сүресннің 11-аятында: *"Оған еш нәрсе*

ұқсамайды" делінген. Ал осыны біле тұрып, қиялға бой алдырып, Аллаһ Тағала туралы кітап жазып, пайғамбарларға ақын, жырау, билерді теңестіріп жүрген қаламгерлер де арамызда жоқ емес. Бұл кітапта сондай жаңсақ пікірдегі пенделердің адасушылық жолдары да сөз етіледі.

Алһамдуллаһ біз мұсылманбыз. Аллаһ Тағала бізді мүмін етіп жаратқанына мың да бір шүкір айтудамыз. Бізді исламнан ешкім де еш уақытта да айыра алмайды.

Бәрімізді ұлы сот күні күтеді. Оған қатысты Аллаһ Тағала былай дейді: *"Сол күні Аллаһ оларға лайықты үлес жазасын толығымен береді. Сонда ғана олар оның ақиқат Аллаһ екенін біледі" ("Нұр" сүресі, 25-аят), "Сол күні барлық үмметтің жүгініп тұрғанын көресің. Әрбір үммет (өздерінің) амал дәптерін алуға шақырады да, (оларға): "істеген амалдарыңа орай үлес жазаны бүгін аласыңдар!" – делінеді. ("Жәсия" сүресі, 28), Өліп топыраққа айналып кетсек те, сүйегіміз құрап қалса да біз үлес жазаға тартыламыз ба?! – деседі. ("Саффат" сүресі: 53)*

Аллаһ алдында ауыр мазадан құтылу үшін адам иманды болу керек. Соңғы кезде қазақ ішінен Құдайға, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (С.Ғ.С.), Айша анамызға (р.а.) тіл тигізіп, жала жабушы жазушысымақтар мен ақынсымақтар шыға бастады. Оларға қарсы біздің де ақпарат кеңістігінде күресе білуіміз қажет. Ал сондай Отанға қауіпсіздік жасап, мұсылман елдері алдында абыройды төгуді ойлайтын мунафиктарға қарсы қайсарлық танытқанымыз жөн.

Асан Сарқұловтың "Замана көшіндегі дін ақиқаты" атты осы кітабы өте дер кезінде жарық көргелі тұр. Мұнда дінімізді бөлшектемек болған теріс пиғылды пенделерге қарсы нақты факті сөз етіледі. Кейбір ақын-жазушылардың сайтани ағымдағы адасушылықтары қатты өшкереленеді. Ел арасына от салмақ болған, жалған "шежірешілерге" де ақиқи тойтарыс беріледі.

Шайх-Асан Құрайтын ас-Суннаның (Асан Сарқұлов) кітабы кейінгі жылдарда жарық көрген соны құбылыс. Тілі бай, ойы зерделі, діни сауатты жазылған кітаптан оқырман өзіне қажетті көптеген тарихи шындықты табады.

Мен, А. Сарқұловтың ойын, отты тілмен жазып шыққан үлкен еңбегін зор құрметпен қарсы алдым. Аллаһ ризашылығы үшін, өз дінін сөзбен ғана емес осындай еңбек арқылы қорғаған азаматтың қарымы қарыштай берсін дегім келеді.

Қанапия ОМАРХАНОВ,
журналист, заңгер

Дін ақиқатын осылай қорғайық

Әр нәрсе өз уақытында бүкпесіз айтылып, ол ақиқат төрінен орын алуы керек. Әйтпесе, жалған сөз шындықтың құнын көк тиынға түсіреді. Мұндай келеңсіз құбылысқа халқымыз "Ақиқат келіп жеткенше, жалған дүниені жалмайды" деп, халықты өтірік сөзден ертерек сақтандырып отырған.

Табиғат берген несібені қанағат қылып, пәк көңілмен беймарал өмір кешіп жатқан көшпелі жұрт өздері тәңірі түтқан әлемді Аллаһтың "алты күнде жараттым" деген құрани сөзі келіп жеткенде, ғажабы мол жаратылыс туралы ақиқи сөзге имандай иланды. "Аллаһ – хақ, Мұхаммад – оның елшісі" екенін еш күмәнсыз мойындады. Ислам ілімінің ақтығына, құран сөзінің шындығына бас иді.

Ата-бабаларымыз ықылым заманнан бері Ислам дініне ешқашан кір жуытпаған. Оны өз ұрпағын имани жолға салудың ең берік қаруы деп білді. Әлдекім Аллаһқа тіл тигізіп, оған серік қосса, шариғат заңына қабыспайтын қаңқу сөздің жетегіне ілессе, жат дінді көксейтін болса, оны тамыр жайғызбай түрып, балта шапқан. Мұндай күнәһарлық жолға түскендер қазақтың Ата заңы "Жеті Жарғының" тиісті баптарымен өлім жазасына кесілген немесе қауымнан қуылып, мал-мүлік дүниесі тәркіленіп, талауға салынған. Міне, дін ақиқатына кір келтіргендерді ата-бабаларымыз осылайша жазаға тартқан.

Шайх-Асан Құрайшын ас-Суннаның (Асан Сарқұлов) "Замана көшіндегі дін ақиқаты" деген бұл көлемді еңбегі ұлтымыздың рухани тірегі Ислам дінін түрлі ғайбат сөздерден қорғай білуге арналған. Әр түрлі басылым бетінде желікпе ой, желеу сөзбен жазылып, жауапсыз қалған және исламды тәрік еткен оспадар қылығы үшін Аллаһтан да, мұсылман қауымынан да қаймықпаған қаламгерлердің шығармаларын тезге салып, әділін айтқан.

Бұл жерде Асан Кенжебекұлы дін тақырыбында еленбей жүрген қисық ой-пікірлерді қырағылықпен көре білген. Қазақта "Елемеген бұта көз шығарады" деген мәтел бар. Әр түрлі газет-журналдарда, кітаптарда Аллаһқа серік қосып, соңғы пайғамбарымыз Мұхаммедпен (с. ғ. с) "құрдасындай

қалжыңдасқан" жазбагерлердің қоғамға тарап жатқан бейпіл сөздеріне, Ислам дініне қайшы идеяларына нақты дәлелдер келтірген.

Автор бұл жерде ешкімді де сөге-жамандамайды. Өт жарылатындай өткір сынның бізін де қадамайды. Жазбагерлердің әр кезде өздері айтқан ағат сөздерінің теріс екенін Құран Кәрімдегі қасиетті сүрелердің аяттарымен және Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с. ғ. с) сунна-хадистерімен, өзге де Ислам ғұламаларының ғылыми тұжырымдарымен жанжақты түсіндіріп береді. Бұл кітапты зейін қойып оқыған адам дәйекті дәлелдерге тұщына отырып, шындық пен жалғанның арасын өзі-ақ ажыратып алады.

Рас, жетпіс жыл бойы атеистік насихаттың күшімен құдайсыздық жолына түскендер ортамызда жүр. Елімізде дін бостандығы мен құқық еркіндігі тәуелсіздік алғалы бері Исламның бейбітшілдігі, адалдығы, құндылығы күн өткен сайын күш алғанын олар әлі көре алмауда. Кейбір жазбагерлердің Ислам дінінің тазалығына келгенде, мөлдір суды лайлап жіберіп, балық ұстайтын құшыкештей тірлік жасауы – мұсылман баласы үшін ауыр қылық. Мұны бетке айтудың еш айбы жоқ. Халықтың рухани бірлігін бауырдай ұйытып отырған Ислам діні, бүкіл ғаламның жаратушы иесі бір Алла, оның елшісі Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) туралы мұсылман баласының ой-санасына жанаспайтын жалған сөздің түрлі баспасөз бетінде көрініс табуы – дінімізге төнген елеулі қауіп. Мұны ой-зердесі көк аспандай ашық, балаусадай жетіліп келе жатқан ұл-қыздарымызды теріс жолға салатын ерсі қылық деп білген жөн.

Әр түрлі ұлттар мен ұлыстар мекен еткен мемлекетте дін татулығы ең жоғары саяси көзқарасты қажет етеді. 2006 жылдың 12-14 қыркүйегінде Астанада өткен "Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезінде" сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: "...Бұқаралық ақпарат құралдары басқа діндегілердің қасиетті сезімдерін қорлауды ұшындыра түссе, онда бұл журналистердің ерте ме, кеш пе өз нанымдарының қорлануымен бетпе-бет келетіні айқын болады" деп, қалам ұстаған ағайындардың дін тақырыбында қырағы болуын қатаң ескертті. Бұл аталы сөздің астарында өз дініміз Исламның қасиетті ұғымдарын қорлауға да жол берілмесін деген терең ұғым жатыр.

Жалпы, біздің еліміз үшін дінаралық қарым-қатынасты үнемі қадірлей білу, Ислам дінінің парасаттылығын әлем

алдында одан сайын асқақ көрсетеді. Әр елдің тұтастығы мен бірлігіне алтын арқау болады. Әділет министрлігі Дін істері жөніндегі комитетінің төрағасы Ералы Тоқжановтың "Біреуін қолдап, екіншісін даттасақ, мемлекеттің саясатын жүргізе алмаймыз" деген сөзі осындай ел қамын жеген елдік мүддеден туған ой.

Оның ішінде қазақ ұлтының ажырамас бір бөлігі, мың жылдан астам уақыттан бері қазақтың көне ру-тайпаларымен сары сүйек жекжат-жұратты болып кеткен, өздерін ұлтымыздың ажырамас бір бөлігі санайтын текті тұқым Сунақтар шежіресі туралы шынай деректерді автор мұрнынан тізіп, көрсетіп берген.

Қайсыбір қаламгерлер Сунақ руын сан-саққа жүгіртіп, оның этностық тегіне ойдан шығарылған түрлі атауларды дәйексіз таңа беруі – іргелі Сунақ елін танып-білудегі тарихи шындыққа шіркеу түсіреді. Қасиетті қазақ жеріне Аллаһтың әмірімен келіп, Исламдай хақ дінді таратқан, ізгілікке жетелеген Сунақ Ата (Һиссамидин) ұрпақтарының тарихын бұлайша бұрмалау – өте әбес нәрсе. Қайта біз Аллаһтың жердегі елшісі Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с. ғ. с.) адал досы, кейін Исламның төрт тірегінің бірі болған Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тікелей тараған Һиссамиддин (Сунақ Ата) ұрпақтары тек қана біздің Қазақ елінің құрамында жүргенін баршаға мақтан тұтуымыз керек.

Бұл кітап халық мүддесіне қажет осындай екі мәселені ғылыми негізбен дәлелдеп шыққан. Автор мұндай тың тақырыпқа қалам тартпай тұрып, дін ақиқаты туралы көп ізденген. Кітап зор ынта-ықылас, шалқар шабытпен жазылған. Оқыған сайын сүйсіне түсесіз.

"Бисмиллəhир-рахмəнир-рахим
Мұхаммад – ақырғы Пайғамбар"
(Əл-Имран 3: 144)

"Ислам дінінен басқа дінді көксейтіндердің ешқайсының тілегі қабыл болмайды.Олар қияметте зардап шегеді.
(Əл-Имран 3: 85)

Біз тегіміз түрік, дініміз Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін Қасиетті Құран Кәрімді насихаттауымыз керек.

Нұрсұлтан Назарбаев

Бірінші бөлім

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ИМАНДЫЛЫҚ

Астанада Әлемдік және дәстүрлі-ұлттық діндер сьезі 2003 жылдың 23-24 қыркүйек айында өткендігіне барша жұрт куə болғандығы белгілі. Онда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев төрағалық етіп, сөз сөйледі. Сол айтулы оқиғаға дүние жүзінің 17 елінен əлемнің барлық діндерінің делегация өкілдері қатысты.

Елбасы дін өкілдерін Қазақстан жерінде құттықтап, қарсы алып, бірге бас қосып отырғандықтарына, шақыртуға ден қойғандықтарына шынайы алғысын білдірді. Бұрын-соңды дінбасы өкілдері бір жерде бас қосқан ба еді? Ешкім де еш уақытта бұндай ұлы жиынның болмағандығын бірауыздан мақұлдады. Бұл біздің Елбасының əлем халықтарының алдындағы беделінің өте жоғары екендігін көрсетсе, екіншіден қазақ ұлтының бейбітшіл ел екендігінің анық айғағының жарқын көрінісі болды.

Форумда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев оның жер бетіндегі бейбітшілік пен келісім үшін рөлінің маңыздылығына тоқталды, əрі қатысушылар əлемдегі жетекші мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының құттықтау жолдағандарын жария етті.

Бұл басқосудың əлемде дінаралық үнқатысудың жаһандық өзара түсіністікке бастағандығына сөз жоқ халық болып қуануымыз керек. Оған дəлел – форумға құттықтау жедел хатын: Сауд Арабиясының Королі қасиетті екі шамшырақтың иесі Фахд Абдель Азиз, Франция Президенті Жак

Ширак, Ресей Президенті Владимир Путин, Ұлыбритания Премьер-Министрі Тони Блэр, Мысыр Араб Республикасының Президенті Хосни Мүбарак, Италия Премьер-Министрі Сильвио Берлускони, БҰҰ Бас хатшысы Коффи Аннан, Еуропа комиссиясының Төрағасы Роман Проди, АҚШ Сенаторлары мен конгрессмендер тобы, Францияның экс-Президенті Валери Жискар д Эстен, Польшаның экс-Президенті Лех Валенса, Ұлыбританияның экс-Премьер-Министрі Маргарет Тэтчер және Германияның экс-вице-Канцлері Ганс-Дитрих Геншерлер жіберген.

Форумда аса бір көңіл қоярлық фактіні келтіре кетуді жөн көрер едім, – дей келе, – Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев: "біздің еліміздің оңтүстігінде Қойлық атты XIII ғасырдың қалашығы бар. Осы көне мекенде бұлда мінәжатханасы, мешіт және христиан шіркеуі қоңсы қонған.

Ал бүгінгі таңда Қазақстанның жаңа астанасында, тегінде, біздің басқа да қалаларымыздағыдай сіздер мешітке, православиелік храмға, католик костеліне, синагогаға, ғибадат үйіне бара аласыздар. Осының өзі замананы жалғастырушы арқау болып табылады.

Осы съезге әзірлік маған Астанада Ұлттар сарайын тұрғызу туралы ой салды.

Онда мешіт, шіркеу, синагогаға және будда храмы болады. Осында Қазақстан халықтарының Ассамблеясы мен барлық ұлттық-мәдени орталықтар орналасады" деп атап өтті. (1)

Сондағы бас қосуда Бүкіл дүниежүзілік Ислам лигасының бас хатшысы Абдалла Бен Абдель Мухсин Әл-Түрки: "Менің пікірімше, адамзат тарихының терең қойнауынан арна тартатын даусыз ақиқатты, бүгінгі күні кейбір жекелеген жаңа идеялық ағымдар жоққа шығаруға тырысып, оларды "тарихтың тұралауы", "өркениеттердің қақтығысы" және "түжырымдамалар мен мәдениеттердің жаһандасуы" туралы өздерінің қиялына сәйкес келетін, әрі оларды жалғыз ғана нысанға, өзіне сәйкес келмейтіннің бәрін бойына сіңіріп алатын немесе құртып жіберетін нысанға айналдыруға тырысқан әрекеттерді жоққа шығаратын ақиқатты қорғауға тиіс осы конференцияны шақырудың маңызы, міне, осында жатыр" деген еді. Ол – "құдіретті Аллаһтың сөзі Ізгілік пен Құдайға құлшылық ету жолында ынтымақтасыңдар, алайда күнәһарлік пен дұшпандықта ынтымақтаса көрмеңдер, Аллаһ бізге әділдікті, игілікті ісіңмен жақыныңа қамқор болу-

ды жазған. Жаманшылықтан, пасықтық әрі қылмысты істен сақтандырған" деген сөзге ерекше тоқталды. (2) Съезд қонақтарының барлығы да түрлі діндердің жетекшілері арасындағы тұрақты үндесу – өзара түсіністік пен төзімділікті алға бастырудағы ең тиімді шаралардың бірі екенін атап өтті.

Сондай-ақ, түрлі діндердің жетекшілері арасындағы тұрақтылық, өзара түсіністік пен төзімділікті алға бастырудағы ең тиімді шаралардың бірі болғандығы сөзсіз. Бұл Қазақстанда болған әлемдегі алғашқы діндер форумы еді. Өз еліміздің ішіндегі ұлтаралық татулық, бірлік, ынтымақ, туыстық бөз біреулер айтқандай өздігінен болып отырған жоқ. Ол Елбасы Н.Назарбаевтың жүргізіп отырған сындарлы саясатының арқасында екендігін мойындау қажет. Осындай ұлы басшының атына кір келтіргісі келіп, ел тыныштығын бұзуға ниеттеніп жүрген шөредей тобырдың бар екендігі де жасырын емес.

Сонымен араға үш жыл салып Астанадағы бейбітшілік пен келісім сарайында екі күнге созылған әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезі өте жоғары деңгейде әрі зор табыспен өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Елордадағы салтанат сарайында өткен 2003 жылғы әлемдік және дәстүрлі діндердің I съезінде келесі кездесуді жаңа ғимаратта өткізу туралы шешім қабылдаған болатын. Ол орындалды. Аты әлемге әйгілі архитектор Норман Фостердің жобасымен ғажайып сарай Есіл өзенінің сол жағалауынан орын тепті. Ол жайында Елбасы Н. Назарбаев: "Бұл ғимарат әлемінің әр тарабындағы барша ұлттар мен дін өкілдеріне дос құшағын ашқан тәуелсіз Қазақстанның символы іспеттес", – деді.

II съезде Ел Президенті Н. Назарбаев: "Бүгінде Құдайдың атын жамылып, жантүршігерлік істер жасалуда. Бұған қоса әлдебір дінді қанішер деп айыптарға бір жақты бейімділік белең алып бара жатыр. Осы өзара тіректің азаятын түрі жоқ. Өркениетті адам деген кей жерде өз көзқарасына күмән келтіріп, жағдайға өзгенің көзімен қарап қоюға қабілетті болушы еді, бұл қасиет саясаткерлердің бойынан табыла бермейді. Алайда бұл қасиетпен рухани дүниесі жоғары адамдар осы жерде отыр", – деп терең ой тастады. II съезд қонақтары Елбасымыз Н. Назарбаевтың салиқалы да салмақты шығып жатқан сөздерін ұйып тыңдады. Сонымен қатар Президент Н. Назарбаев: "Бейбітшілік пен келісім сарайын

салдырта отырып, мен осынау қабырғалар қандай асқақ ойлы рух пірадарларының сөзімен жаңғырар екен деп арман еткен едім. Менің арманым орындалды. Алайда, жалғасын таппаған арман алысқа апармайды. Мен әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерін жылына бір рет қазақстандықтар алдында осы сарайда құрметті дәріс оқу үшін ресми түрде шақырғым келеді", – деп атап өтті. Сол сияқты Елбасы дін сөзінің бүгінгі әлемдегі маңызы арта түскендігін ескере отырып, Қазақстанда 2007 жылдан бастап елдің басты телевизиялық арналарының бірінде тұрақты түрде "дін сағатын" жүргізетіндігін де II съезд қонақтарына жеткізді. Бұл II съезде I съезге қатысқандардың барлығы да қатысты. Осыдан үш жыл бұрын өткен алғашқы съездегідей ең бірінші сөз Ислам діні өкілдеріне берілді. Қазақстан Президенті Н. Назарбаевқа Египет Араб Республикасының Президенті Хосни Мубарактың сәлемін жеткізген осы елдің Ислам істері жөніндегі министрі Махмуд Закзук пен Бүкіләлемдік ислам лигасының Бас патшасы Шейх Абдалла бен Абдель Мухсин Ат-Турки өз сөздерін халықаралық қауіпсіздікті сақтау мәселесіне арнады.

Басқа да сөз алып сөйлеушілер өздерінің ұлы қазақ халқына деген аса құрметін атап өтті.

Екі күнге созылған құрылтайда бірлескен декларация қабылданды. Мұнда форумға қатысушылар халықаралық қауымдастықты татуластық пен сыйластықта өмір сүруге шақырды.

Сонымен қатар делегаттар бұл құрылтайды тұрақты түрде өткізіп тұруға келісті.

Келесі үшінші бас қосу тағы да Астанада 2009 жылы өтетін болды (3).

Міне, осындай ірі форумның Қазақстанда өтуі елдің мәртебесін асқақтатты. Десек те түрлі ағымдар мен діни бірлестіктер әлі де халық арасына өздерінің қисынсыз әрекеттерімен көрініп қалып жүр.

Қазақта "айтпасаң сөздің атасы өледі" деген нақыл бар. Бұрындары адамдардың ой санасын атеист (дінсіздік) улаған болса, енді түрлі діни ағымдар иман жүзді халықтардың арасына іріткі салып, ел тыныштығын алуға ұмтылуда. Сонымен қатар теріс пиғылды пенделер ғылыми негізсіз, ел жадында сақталып, көнеден келе жатқан үлт шежіресін бұрмалап жазу етек алды. Жұрт арасына ши жүгіртіп, құдақұдандалы ағайындарды ажыратуға әлек салып жүргендер

де бар. Ол кесірлерді бұндай бұзақы әрекетке бармауы жөнінде бірқатар республикалық басылымдарда жазылып, ел ақсақалдары атынан кешірім сұратты. Алайда, қанға сіңген қызғаныш ескі жараны қайта қоздырып халық тыныштығын ала бастады. Олар кімдер деген орынды сауал туады. Ел-жұрт білсін деген ниетпен, қолға қалам алып, өз ой-пікірімді білдіруді жөн көрдім. Дәлелмен айтайын деп, осы кітапты жазуға бел будым. Бұл кітапта айтылған сын-ескертпелердің кейбірі қатты да болар әрине, оған кешіріммен қарайтындарыңызға кәміл сенемін. Бұл біздің тәуелсіз Қазақстанның болашақ жастарына, қолына қалам ұстаған азаматтарға терең ой салып, толғанады, сенімді, ар-ұятты өмір бойына серік қылады деген үмітім бар. 2005 жылдың 4-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президентінің сайлауы өтті. Онда әр үміткердің (Ж.Тұяқбай, А.Бәйменов, Е.Әбілқасымов, М.Елеусізов) жинаған дауыстарын қоса есептегенде 10 (он) есе көп дауыс жинаған, әлемге әйгілі саясаткер, өз елінің рухын асқақтатушы, мемлекеттің дамуына зор еңбек сіңірген, айбынды Елбасымыз Н.Назарбаев айқын басымдылықпен жеңіп шықты. Әділ де парасатты, иман жүзді Қазақстан Президенті Н.Назарбаев бұдан жеті жыл бұрын өткізілген сайлаудан да артық электорат жинады. 80 пайыздың орнына 91 пайыз дауыс жинап, халықтың қолдауымен үшінші рет Қазақстан Президенті болып сайланды.

Қазақстанда өткен сайлау қазақстандықтардың саясатқа да, мәдениетке де белсенділігінің зор екендігін көрсетті. Оған дәлелді шетелдік басылымдар көбірек жазып, көбірек айтты да. Елбасы Н.Назарбаев: "Мен өз қатысуыммен осы сайлауды бүкіл әлем алдында ашық, әділ, әрі мөлдір өткендігі үшін шетелдік 1637 байқаушыға және өзіміздегі партиялардың 16000 бақылаушысына ризашылық білдірмекпін. Олар барлық учаскелердегі сайлау процесіне, дауыс санау ісіне қатысты, жіті бақылады. Қазақстан осы арқылы әлемге транспаренттті сайлау өткізе алатындығын дәлелдеп отыр. Өткен сайлаудың басты қорытындысы осы!" деді. Елбасы Н.Назарбаев шетел журналистеріне сұхбат беріп, Қазақстан мен шетелдегі болып жатқан саяси ахуалдарға жауап берді. Соның бірі дінге қатысты қойылған сұрақ болды. Сол сауалдардан мәтін келтірейік. Бұл жоғарыда айтқан мұсылмандыққа қарсы ниеттегі адамдарға да, әрі елдегі қандастарымызға да қажетті ғой деп ойлаймыз. "Әл – Арабия" телеарнасы (БАӘ): Біз Джорджия, (Грузияның әлемдегі ресми атауы

– автор.) Украина, Қырғызстанмен салыстырғанда Қазақстанда сайлау додасының өте тыныш өткеніне куә болдық. Қазақ еліндегі мұндай тұрақтылықтың тұғыры неде? Сіздерге терроризм мен экстремизм қатер төндіріп тұрған жоқ па? Сіздің саясатыңыздың араб елдеріне қатысты бағыты өзгеріп кетпей ме? – деп сауал тастады.

– Сайлау, жалпы, қазақ халқының тұрақтылық пен бейбіт өмірді, революцияны емес, эволюциялық дамуды жақтайтындықтарын көрсетті. Өйткені бірде-бір революция халық басындағы өткір мәселелерді шешіп бермейді, ол қайта халықтың дамуын бірнеше ғасырға дейін кері шегіндіріп тастауға құдіретті! Қазақ елінің тәжірибесін зерттеген әлемдік мамандар дамудың "үшінші жолы", яғни "қазақстандық жол" туралы сөз қозғай бастады. Терроризммен күрес біз үшін де өзекті болып табылады. Мұсылман елдеріне қатысты саясатымызға келсек, біз қазақ – мұсылманбыз. Қазақстан халқының ендігі 75 пайызы Ислам дінін ұстанады. Мен халқымның көз жазып қалған осы мәдениетіне қайта орала бастағанына қуанамын. Біз, қазақтар мұсылман әлеміне Ислам дінін ұстану прогреске, демократия мен еркіндікке, өзге діндермен бейбітшілікте өмір сүруге тіпті де кедергі болмайтындығын көрсеткіміз келеді. Мен барлық мұсылман елдеріндегі бауырларымызды Қазақ елін осы мұратында қызу қолдауға шақырамын. Біз бәріміз осы бағытта бірге ілгерілеуге тиіспіз. Келіңдер, "терроризм" мен "Исламның бір-біріне қатысы жоқтығына, экстремизм мен лаңкестіктің барлық діндер мен ұлттарға да тән екендігіне әлемнің көзін жеткізейік", – деп жауап берді Елбасы Н.Назарбаев (4). Осыдан бірер жыл бұрын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев саясаткер "Егемен Қазақстан" газетінің бас редакторы болған, қазіргі депутат Уалихан Қалижан мен Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің орынбасары, баспасөз хатшысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Мұхтар Құл-Мұхаммедпен "Халықтан жасыратын ештеңе жоқ" атты сұхбатында да мұсылманшылықты аса құрметтейтінін білдірді. (5)

Тілшілер сауалы: – Нүреке, мынау әңгіменіздің басында ата-бабаларымызға байланысты аңыз нәрселерге де біраз назар аударды. Жалпы өзіңіз дінге, түске, аянға, аруақтарға сенесіз бе? – "Жақында маған Әлжаппар Әбішев деген ақсақал келді. Кеңседе қабылдап, екеуміз отырдық. Әр уақытқа келген сайын сол кісілер халықтың ішіндегі әңгімені алып

келеді. Шынын айтады, ренжіген мәселелерін де айтып жүреді, өздеріңіз білесіздер. Соның ішінде айтқаны: "Қарағым, осы сен мешіттер мен шіркеулерге бара беретін болдың. Шынымен де, соған сендің бе, қалай?" деген сұрақ қойды. Бұл мәселе бұлай емес пе!? Шынын айтсақ, біз пионер, комсомол болып өстік. Одан партияға өттік. Бұрынғы саясатпен құдай жоқ деп атеист болып өстік қой. Дегенмен менің білуімше, жаңағы жазушы ағаларымыздың өзі де, біз де егерде ол қазақтың баласы болып туатын болса, ол үйде бабасына сыйынбайтын, аруаққа сыйынбайтын, құдайға сыйынбайтын адам жоқ. Солай емес пе, Мұхтар? Саған ше Уалихан? Бұл Әлжаппар ағамызға жауап болсын. Тоқсанға келген аға да ішінен сыйынатын шығар деп ойлаймын. Сондықтан біз, сіздер мен біз, тіпті діншіл болып кеттік, Құранның барлығын білеміз, Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің барлығын оқыдық деп айтсақ ешкім сенбейді. Оны айтудың да қажеті жоқ. Бірақ та әр адамның көкірегінде, жүрегінде бір сенім болу керек деп ойлаймын. Біз коммунизмге сендік, болашақ жарқын болады деп жүріп, біздің әкелеріміз қартайды. Мінеки, біз де қартая жаздадық. Ол болашаққа жетеміз деп жүріп. Ол болашақ болған жоқ. Сол біздің әкелеріміз осы ғасырдың басында туған ғасырдың аяғында дүниеден қайтқан әкелеріміз ешбір жақсылық көрмей кетті. Мысалы, мен шет елді аралап жүргенде қазір ойлаймын. Егер де менің әкем шет елде таңның атысымен, күннің батысымен жұмыс істейтін болса, оқымаса да сол жердегі миллиордердің біреуі болар еді. Сол еңбекті мысалы, Американың фермері боп жұмыс істейтін болса деп ойлаймын. Бірақ та ондай жақсылық олардың басында орнамады. Сондықтан дінге деген мәселе былай болу керек деп ойлаймын. Қазақтар – мұсылмандар, мұсылмандардың ішіндегі сунниттерміз. Сондықтан халық Алласына, Тәңіріне сеніп ертеңгі күнін, ар жақтағы, ана дүниеге баратын күнін ойлап, дүниедегі мынау бүгінгі күннің күйбеңімен жүре бермей, жаңағы Мұхаммед Пайғамбардың хадистеріне сәйкес өмір сүрсе деймін. Хадистер бойынша адамды жазықсыз жәбірлеуге, өлтіруге болмайды. Өзіңе ғана жақсылық тілеме, басқаға да жақсылық ойла. Жақыныңа жаманшылық жасама. Еліңді сыйла, ел басқарған адамға қызмет ет деген Құранда жазылған сөздер бар. Сондықтан мұсылман дініне қарай елдің ауғаны дұрыс деп ойлаймын. Қай кездерде біз нағыз мұсылман бола аламыз ба, бола алмаймыз ба, кім біледі. Дегенмен, нағыз мол-

далықты, нағыз мұсылманшылықты келтіруге мен қызмет істеп жатырмын. Сондықтан Мысырға барған кезде сол елдің Президенті Мүбаракпен жыл сайын елу баланы үлкен университетте оқытуға келісіп келдік. Исламбадқа барғанда да біз солай келістік. Мысалы, басқа елдерде де оқыттық... Нағыз молдалар көбейіп келе жатыр... Сондықтан дінге деген қарым-қатынас жақсы болуы керек те, бірақ дінді ұстаймын деген адам ұстасын, басқаша ойлайтын адам өзінің еркімен жүретін болсын".

2005 жылдың 19 сәуірінде мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Алматыдағы резиденциясында Пайғамбарымыз хазіреті Мұхаммед дүниеге келген Мәуліт күні қарсаңында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы өкілдерімен кездесіп, басқосуда дін өркениеті, Қазақстандағы имандылық, адамгершілік, рухани тәрбие туралы келелі әңгіме болды. Бұл кездесу "Мақсатымыз ортақ – бізге тыныштық, бірлік қажет" тақырыбымен "Егемен Қазақстанда" жарияланды. Әлем халықтарының төрттен бірі ұстанатын ислам діні бүгінде Қазақстанда да даму үстінде. Елімізде замана талбына сай діни істерде реформа жасалып, оны өркениет жолмен дамыту мақсатындағы шаралар атқарылуда. Әсіресе, бұл маңызды да күрделі міндеттерді жүзеге асыруда соңғы жылдары республикамызда көптеген қадам жасалды. Ар-ұждан және діни сенім бостандығының жария етілуі, Ислам дінін насихаттауға жол ашылуы Қазақстан мұсылмандарының мемлекеттік саясатты белсене қолдауын туғызды. Мемлекет басшысының қасиетті Мәуліт күні қарсаңындағы бұл кездесуі де Қазақстанда тұрып жатқан мұсылман халқына деген шынайы көңілі мен көрсетілген үлкен сенімі еді.

Кездесуде Елбасы Н. Назарбаев сөз сөйлеп: "Бұл кездесу мемлекет пен діннің қоғамның көкейкесті мәселелерін бірлесе шешуге мүдделілігін танытып отыр" деді. Елбасы Ата заңымызда Қазақстанды "демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялады. Бірақ кез келген адам қоғамнан, мемлекеттен тыс өмір сүрмейтіндіктен, біз өз азаматтарымыздың қандай дінді ұстанатынын және олардың халықтың береке-бірлігі мен қоғамдық келісіміне нұқсан келтірмеуі жағын қадағалауға міндеттіміз. Оның үстіне мұсылмандар Қазақстан халқының 9 миллионнан астамын, яғни 70 пайызынан құрап отыр, – деді. Одан ары Мемлекет басшысы кез келген діннің өзегі ізгілік болғаны-

мен, өздерін (діндар, ал секталарын) діни ағым деп жүргендердің бәрі ел бірлігіне, діндарлық келісімге қызмет етушілер деп айту қиын екендігіне тоқталып, өкінішке қарай, бұл өздерін ислам дінінің өкілі санайтын кейбір экстремистік, тіпті терроршыл топтарға тән құбылысқа айналды" деп жалғастырды сөзін Елбасы. – Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азия, Кавказ елдері мен Ресейде лаңкестік әрекеттерімен аты шыққан "Хизб-ут-Тахрир" ұйымының мұбарак дініміздің атын жамылғаны болмаса, заты исламға еш қатысы жоқ, таза лаңкестік ұйым екені баршаңызға мәлім ақиқат. Бірақ солардың алдау-арбауына түсіп жатқан отандастарымыз да жоқ емес. Осының себебі неде? Оның бір себебі сіздердің де жұрт алдында шығып айтатын діни уағыздарыңыздың кемшін түсіп жатуында деп білемін. Ал сіздер сол қасиетті дінімізді түрлі пәле-жаладан қорғаудың алдыңғы сапында жүрмін деп есептейсіздер ме? Кейде өз-өздеріңізге осындай сұрақ қойып, оңашада ойланып көріңіздерші. Меніңше, бәріңіз бірдей сондай биіктен табылып жүрген жоқсыздар", – деп Нұрсұлтан Әбішұлы кездесуге келген дін өкілдеріне талап қойды. Ары қарай Елбасы әр мұсылман дінге сеніп қоймай, сол дінін түрлі пәле-жаладан, ғайбаттан қорғай білуі керектігін, қазір "ислам фундаментализмі", "исламдық қауіп-қатер" деген сөздер жиі айтылатын болғанын жеткізді.

"– Мен осыдан үш жыл бұрын шыққан "Сындарлы он жыл" атты кітабымда, – деп сөзін жалғастырды Мемлекет басшысы. – "Исламдық қауіп-қатер" деген ұғымды еріннің ұшымен айта салу оп-оңай болғанмен, оның үрейлі қанатының кеңге жайылып бара жатқаны соншалық, енді ислам тарапынан болатын мифтік қауіп-қатер туралы емес, Исламның өзін қорғаудың қажеттігін сөз ететін кез келді" деген едім. Және менің бұл кітабым дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылды, бірқатар батыс елдерінде басылды. Сіздердің қайсыларыңыз қасиетті дініміздің атына күйе жағылған кезде осылай араға түстіңіздер. Жалпы, дініміздің ізгілігі жайлы Бас муфти Әбсаттар Дербісәліден басқа ешбір имамның үлкен баспасөзге шыққан мақалаларын көре алмадым. "Бүгінгі "Егемен Қазақстаннан" Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары имамдарының мақалаларын оқып шықтым. Өте әдемі, өте дұрыс айтылған. Сондықтан тек Бас муфти ғана емес, барлықтарыңыз, тек қана сіздер емес, мешіттің қызметкерлері, дін адамдары Құран сөзін үйретіп, ел жиналып отырғанда түсіндіргендеріңіз керек.

Дінімізге жала жабушылардың, бұрмалаушылардың дұрыс емес екенін дәлелдеп, айта алатын шамада болуларыңыз керек. Ол үшін білім, не айтатыныңды білу, үлкен философ болу керек. Біздің қасиетті құранымыздың ішінде оларға қарсы айтатын барлық сөздер, дәлелдер бар. Біздің имамдар соны айта, жеткізе алатын елдің арасында беделі бар, халықты аузына қарататын адамдар болуы керек. Сондай адамдарды тәрбиелеп, сондай адамдарды тартуымыз керек. Сонда діннің де дәрежесі жоғары болады. Мұсылман екенімізге мақтану аз, сол қасиетті дінімізге қызмет етуіміз керек және оның бойындағы барша адамгершілік изгіліктерді діндарлық, ұлтаралық келісімге жұмылдыруымыз керек. Оны өздеріңіз айтып отырсыздар. Бүгінгі Ахметжан Керімбековтің мақаласында айтылғандай, біздің мұсылман діні еш уақытта адамды сен ақсың, қарасың, сарысың деп бөлмейді. Алла Тағала Құран Кәрімді жіберген кезде барлық ұлтқа бірдей қараңдар деген болатын".

Әлемде бір ғана қауым бар, ол адамзат қауымдастығы, бір ғана жаратушы бар, ол – Алла Тағала, бір ғана тіл бар, ол – жүрек тілі. Ендеше барша адамзаттың тілегі де бір. "Қазіргі Қазақстанның өмірінде діннің алатын орны үлкен. Дін арқылы біздің дәстүрлі сенім-нанымдарымыз қалпына келуде, дін арқылы біздің бетіміз имандылыққа, парасаттылыққа бұрылуда" дей келіп, Елбасы жақында Астанада жаңа мешіт ашылғанын, "Нұр-Астана" деп ат қойылған ол мешіт мұсылман дінінің абыройын арттыра түсетін ғажайып ғимарат екенін жеткізді.

Өздеріңіз ғибадат етіп жүрген облыс орталықтарындағы мешіттер, осы Алматыдағы мешіт те тәуелсіздіктің тартуы. Кеңес Одағы тарқағаннан бергі кезеңде кешегі Кеңес Одағына кіретін мемлекеттердің бір де бірінде біздің Алматы мен Астанада тұрғызылған мешіттеріміздей зәулім мешіттер салынған емес", – деген еді Нұрсұлтан Назарбаев. Егер Кеңес заманында республикамызда 25 мешіт болса, қазір 1700-ден асты. Қаншалықты "дін-мемлекеттен бөлек" десек те, соның бәрі мемлекеттің қолдауымен жүзеге асып жатқан шаралар. Алла – хақ, Пайғамбарымыз Мұхаммед, қасиетті кітабымыз – Құран болғанымен, әлем сунниттері төрт мазхабқа бөлінетінін білетін боларсыздар. Біз көптеген түркі халықтары сияқты ханифиттер мазхабына жатамыз. Мұның өзге мазхабтарынан басты артықшылығы ислам қағидаларына қайшы келмейтін ата-бабаларымыздың дәстүр-салтта-

рының да кеңінен қолданылуында. Міне, сол себепті ханифиттер жер жүзіндегі ең көп тараған мазхаб болып есептеледі. Менің мұны айтып отырғаным: дін ұстараның жүзіндей өткір нәрсе. Мұнда жаза басып, жаңылысуға болмайды. "Менікі дұрыс" немесе "мен білемдік" емес, түсіністік, бірлік қажет.

Елбасы осы басқосуда өзінің дінді өте сауатты білетіндігін ерекше атап өткеніміз жөн". Қазақстан Президенті одан ары сөзін жалғап – ол мұсылмандардың басын біріктіретін идеяларды кеңірек насихатталуы керектігін атап өтті. Шындығында, біздің бөлектенуімізге еш негіз жоқ. Исламның бес парызы барлық мұсылманға ортақ қағида. Алла жалғыз, Мұхаммед оның елшісі, Құран – қасиетті кітабымыз, Сунна – хадистер жинағы. Мешіт – барлық мұсылманға бірдей Алланың жердегі үйі, бәрі де қасиетті ұғымдар. Негізінде, имандылықтың басты белгісі – адамгершілік, ізгілік, кісілік. Жанжалға жақын жүретіндерді қазақтың имансыз дейтіні содан. Елбасы қажылықтың туризмге ұқсап бара жатқанына да тоқталды. Сөзін қорыта келе Елбасы: Ана жылы Мекке мен Мәдинеге барғанымда қасиетті Қағбаға кірген сәтімді сіздерге айтайын деп отырмын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. – "Қағбаның ішіне патша Фатхтың жеке рұхсатымен ғана кіруге болатынын өздеріңіз жақсы білесіздер. Мен Қағбаның ішіне кіргенімде аспан мен жердің арасында қалқып бара жатқандай болдым. Қағбаға кірерде патша: "Алладан тілек тілеу керек. Қазір бермесе де, кейін береді" деген еді. Сол сапардан кейін менен: "Сонда не тіледіңіз?" деп сұраушылар болды. Мен еліме, халқыма, қазақтарға шапағатыңды аяма деп тіледім Алладан. Сол тілекті Жаратқан иеміз бере бастаған сияқты. Сол алғашқы сапарымда Фатх патша сыйлаған миллиондаған мұсылмандардың шапағатымен нұрланған қасиетті қисуаны он жыл үйімде сақтап, жақында ғана ашылған Астана мұсылмандарының алтын күбезді ортақ үйі – "Нұр-Астана" мешітіне сыйға тарттым. Еліміз аман, жеріміз тыныш болсын!

"Жас Алаш" газетінде (6) Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Әбсаттар қажы Дербісәлі "Мекке, Мәдинадағы мінажаттар" атты тамаша мақала жариялап, ол "Жас Алаш" газетінің үш санында берілді. Онда Ә. Дербісәлі халыққа өте керекті мағлұматтар бере білген. Әсіресе Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың Сауд Арабиясындағы сапарындағы кездесулер мұсылмандарды да, өзге діндегілерді де қызықтырары сөзсіз. Ә. Дербісәлі сондағы барлық оқиғалар-

ды көркем әрі адам сүйсінерлік етіп жаза алған. Елбасы Эр-Риядқа келген күні келіссөз үстінде ханзада Абдолла Меккеге барып умға жасау ниетіне риза болумен бірге, Аллаһ Тағаланың үйіне, яғни қасиетті Қағбаға кіруіне де рұқсат еткені жайлы айтады. Ай тізбесі бойынша жылдың зул-л хиджа айының 8, 9, 10 күндерінен басқа уақыттардағы Меккеге зияраттың бәрі умға, яғни "кіші қажылық" деп аталады. Шариғатта умға қасиетті әл-Харам мешітіне бару және белгілі бір шарттармен Аллаһ Тағалаға жақындауды білдіреді. Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз "Қажылық – парыз, умға – сүннет" деген. Олай болса, сүннетті орындаған да мол сауапқа кенеледі. Кіші қажылық жасау үшін әуелі толық жуынып, умғаға ниет етіп, сонан соң тәлбия дұғасын айтып, ихрамға киреді. Содан кейін әл-Харам мешітінде қасиетті Қағбаны тәу етіп, Сафа мен Маруа қыраттары арасында жеті рет жүргеннен соң, шаш қысқарту рәсімі атқарылады. Умға ниетімен тәлбия дұғасын айтып, ихрамға кірген мұсылман қасиетті Мекке жолындағы миқат (қажылыққа барған адамдардың ихрамға кірмей өтуіне рұқсат етілмеген арнайы жерлер) бекетіне жеткенде екі ракат намаз оқып, ары қарай мұбарақ шаһарға тәлбия айтып кіруі тиіс. Бұны ұшақ, яки кеме немесе мәшинемен бара жатсаңыз да орындау лазым. Өйткені, хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз "Ешкім миқаттан ихрамсыз өтпесін" деген. Эр-Рияд жұрты умра жасағысы келсе, әдетте үйінде жуынып, шайынып, ихрам киіп, екі ракат намаз оқыған соң ұшаққа отыратын. Сол себептен де, біз таңертең мейманханада тиісті рәсімді орындап, ұшаққа ихрам халмен барғанды жөн көрдік.

Н. Назарбаевты ресми шығарып салу рәсімінен соң ұшағымыз Жидданы бетке алды. Эр-Риядта өткен екі күнде мемлекет басшысы барлық кездесулері мен келіссөздерін ана тілімізде жүргізді. Мемлекет басшысымен қызмет бабымен кездесіп тұратыным белгілі. Кейде Нұрағаң кейбір азаматтардың көзінше:

– Әбеке, қасиетті Құранның сүре, аяттарын мыналарға үйретсейші, бұлар қашан мұсылман болады, қасиетті Құран жолымен жүретіндер қатары қашан молығады деген секілді сауалдарды қалжыңдаған болып қойып жатады. Әзіл сияқты көрінгенмен, мұның астарында "бауырымыз жаппай иландылық, Аллаһ Тағаланың мұстақим жолына түссе" деген шынайы арман-тілек жатқан жоқ па?! Бұл мақалада бірақ Президентпен бірге болған бірнеше күндегі байқағанның бәрін айтуды мақсат етіп отырған жоқпыз. Мемлекет бас-

шысының Саудияға ресми сапарының, мүмкіндігінше, рухани жағын көбірек сөз еткенді мұрат еттік. – Сізді Президент шақырады, – деді көмекшісі. Орнымнан тұрып, алдыңғы салондағы Нұрағаң кабинетінің есігін аша беріп ем: – Кел, кел, Әбеке, – деді. Нұрағаң мені, әдетте, осылай атайды. Ихрамға кіріп үлгіріпті. Сөйтсек, Мекке маңындағы миқатқа жақындап қалыппыз. Нұрағаң миқатта екі ракат намаз оқу керектігін біліп, әдейі шақырған....Президент құрметіне әрі қауіпсіздікке байланысты болуы керек, даңғылдың Меккеге жетелейтін жағында көлік жүрісі біржола тоқтатылыпты...

Жолай тәлбия айтып келеміз. Хазіреті Пайғамбарымыз қажылыққа бара жатып, Миқатқа тоқтағанда Жәбірейіл (ғ.с.) періште келіп: "Ей, Мұхаммед! Үметтеріңе жол-жөнекей "Ләббайка" (О, Жаратқан! Міне, мен алдыңдамын!) деп дауыстап, Аллаһқа мінажат етуге бұйыр. Қажылар Меккеге "Ләббайкамен кірсін", – деген. Меккеге жақындаған сайын жол жағасындағы жарнамалар арасында Аллаһ Тағалаға мадақ немесе "Аллаһты есіңе ал!" деген секілді жазулар ұшырасады. Көп ұзамай "Алдыңызда – қасиетті Мекке. Мұсылман еместерге әрі қарай жүруге болмайды" деп бірнеше тілде жазылған панно көрінді.... Карольдік хаттама қызметі "умғаны бастау уақытын айтамыз" деген соң күттік. Аср намазының азаны шақырылды. Намазға тұрдық. Жүзіміз қасиетті Қағбада. Аппақ ихрамға оранып, мұбарак үйді тауап етіп бір бағытпен айналып жатқан ағыл-тегіл халық легінде толас жоқ. Жаратушы иеміздің пенделері алдамшы күйкі тірлікті ұмытып, өткенін еске алып, біліп, білмей жасаған күнәлары үшін истиғфар айтып, игілік пен изгілік, екі дүниенің жақсылығын, иман тілеп Тәңірі үйін үздіксіз айналуда. Кенет тауап тоқтады. Өйткені намаз басталды. Ғибадат біткен соң тауап қайта жалғасты. Ұзамай Президент Н. Назарбаев бастаған әл-харамға бару үшін мейманханадан шықтық....Тиісті дұғаларды айтып, қасиетті Қағбаны жеті рет айналып шыққан соң гауһар тасты сүю, екі ракат намаз оқу рәсімдерін де атқардық....Сонан соң зәмзәм суын ішуге бардық... Бұл рәсімдердің бәрін де түгел орындаған соң шаш қысқарттық. Енді умға қажылықтың орындалуымен құттықтауға болады... Ия осылай Елбасы умраны орындады. Түнгі он бірлерде қасиетті Қағбаға бармақ. Қағбаның жабық кезі болса да ол Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев үшін ғана ашылмақ.... "2004 жыл 5 наурызы – қасиетті жұма

күні Қазақстан Президенті мүбарак Қағбаға кірген күн" деп Ә. Дербісәлі жазады. Н. Назарбаев мүбарак Қағбаға өзімен бірге Ә. Дербісәлінің де баруын айтқан. Мұбарак үйде дұға жасап, мінажат етіп, бой шымырлап ғаламат бір күй кештік дейді Ә. Дербісәлі.

Одан соң нұр сәулелі Мединаға келді. Елбасын Пайғамбарымыздың қаласындағы әуежайда жоғары деңгейде күтіп алады. Мұсылмандар үшін Меккеден кейін Аллаһтың елшісінің қаласы – Мәдинадан артық жер жоқ. Сондықтан да Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыз. "Менің мешітімде оқылған бір намаз, Масжид әл-харамнан басқа жерде оқылған мың намаздан артық", – деген. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың мешітіне салауат және сәлем айтып кірген соң, Н. Назарбаев алдыңғы сапта Пайғамбарымыз мешітінің имамымен тұрады. Жұма намазын оқиды. Хазіреті Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) тұрған үйіне жерленіп, кейінірек қабірінің үстіне күмбез тұрғызылған. Хадис шәріптердің бірінде сол үйі мен мінбері арасы жаннат бақтарының бірі екені айтылады. Сол себепті, Мәдинаға келгендер сол жерде тұрып намаз оқуға тырысады. Жасыл күмбез астындағы зират қоршалған. Есікте жеті құлпы бар.Есікті ашу үшін міндетті түрде олардың басын қосу керек. Түрлі-түрлі киім киіп, мойындарына шынжыр таққан олар бізді күтіп тұр екен. Құлыпқа кезекпен кілт салынды. Ішке кірдік...

...Әуелі Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымызға, сонан соң Әбу Бәкір мен Омар ибн әл-Хаттабқа кезекпен сәлем беріп, салауат айттық. Аллаһ Тағаладан игі тілек тілеп, дұға жасадық... Алһамдуллула, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің мұсылман екендігін тек қана Мекке мен Мәдинадағы ислам үшін қасиетті орындарда болып, ондағы умғаны орындап, дәлелдеп жатпайды. Қазақстанның Президенті Ислам дінін қадір тұтып, оның болашағына зор сеніммен қарап қана қоймай кейбір шет елдік тілшілердің құйтырқы саяси сұрақтарына да өзінің мұсылман екендігінің ақиқи екендігін алға тартып, батыл да тегеурінді жауап беріп жүр.

Телерадио-фото журналында "Елін сүйген, елі сүйген Елбасы" (7) кітабынан үзінді жариялады. Бұны біздер де осы арада реті келгенде мәтінін қысқаша болса да оқырмандарға артық болмас деп ұсындық. Мақала сұрақ-жауап арқылы өрбіп отырады.

– Нүрсұлтан Әбішұлы, алғашқы сұрағымыз мынадай. Сіздің атыңызды кім қойды?

– Менің әкем Әбіш-атамыз Назарбайдың кенжесі. Ол кісінің Әбіштен үлкен Үмбет, Шалабай деген ұлдары, бір қызы болған екен. Қызы жас кезде қайтыс болып кетіпті. Назарбай әлде би, болыс па, әйтеуір ауқымды аймаққа билік жүргізген, қолында мөрі бар адам екен. "Назарбайдың жазығы", "Назарбайдың диірмені" деп аталатын жерлер әлі де бар. Шамамен Шамалған, Қаскелең, Үшқоңыр жайлауы деген мекендерді қоныстанған болса керек. Қазақ дәстүрі бойынша әке-шешесі қартайғанда кенже баласының қолында болады ғой. Әжеміз –Тәтебала бәйбіше біздің үйде тұрған.

Назарбай атамыз елді отырықшылыққа икемдеп, жерге тұрақтандыруға көп көңіл аударған сияқты. Оның, Назарбай атамызды айтам, әкеміздің үш жасында, өткен ғасырдың бас кезінде дүниеден озғанын көнекөз қариялар айтып отыратын еді. Сонда, әкей 1905 жылғы болса, атамыз 1908 жылы қайтқан тәрізді. Ол кісі дүние салғаннан кейін, мөрін әжеміз Мырзабала марқұм ешкімге бермей, өз қолында ұстаған. Демек, бар билікті қолға алған ғой...

Әжеміз мен бес жасқа келгенде қайтыс болды. Еміс-еміс есімде бар, сұңғақ бойлы, әдемі кісі еді. Үнемі аппақ киім киіп жүретіні көз алдымда. Өте жігерлі жан болатын. Бар балаларына, ауыл-ағайынға айтқанын істетіп отыратын. Жарықтық адуынды болғаны да, ол кісіге ешкім қарсы келмейтін.

Әкеме түрмысқа шыққаннан кейін шешеміз бес жылға дейін құрсақ көтермепті. Ел: "Бұлардың балалары болмайды", "анау-мынау..." деп жүргенде, мен туыппын. "Кенже ұлдан көрген тұңғыш немерем" деп, әжеміз мені бауырына салып алыпты. Сонымен, мені сол әжеміз баққан. Менің атымды да Нүрсұлтан деп өзі қойыпты. – Қандай жағдайда және неліктен ол есімді қойған деп ойлайсыз? Мүмкін, әулеттеріңізде ұқсас есімді адамдар болған шығар?... – Сұрақтың соңғы бөлігінен бастап жауап қайтарайын: әулетімізде, ағайын-туған, ауыл-аймақ, жалпы жекжат-жұрағат арасында ұқсас есімді адамдар болмаған. Ол анық. Есейген кезде де сұрастырып көргем жоқ. Енді есімімді қандай жағдайда қойғанын білмеймін, ал неліктен екенін түсіндіріп көрейін. Елдің айтуынша да, менің пайымдауымша да бұл есімді Құраннан алған болса керек. Өйткені әжеміз Құдайға сеніп, құлшылық еткен, намаз оқитын, мұсылмандықты қастерле-

ген адам еді. "Молдалармен ақылдасты, әдейі осы есімді таңдап қойды..." дейтін сөз бар. Мен кейін Құранды арнайы қараған едім. Құдайдың 99 аты бар. Солардың ішінде Нұр деген бар, Сұлтан деген бар, бірақ Нұрсұлтан деген жоқ. Әлгі "молдалармен ақылдасты" деулері – "жаратушының екі атын біріктіріп қойсақ қайтеді?" деп кеңескендері болса керек..."

Расында да Нұрсұлтан Назарбаевтың аты да, фамилиясы да ұлы есімді білдіреді. Елбасының өткен сайлаудағы жеңісіне де бұның көп рөл атқарғаны белгілі еді. Қазақстан Президентінің әркезде де Аллаһты еске алып отыруы кімді болса да иманға шақырғандай әсер қалдырды. Біздің бәріміздің де сүйкімді есімді Елбасымыздың осындай ақидасына тәнті болатындығымыз сондықтан. Талай халықты басқарамын деп, діннен безгендердің соңынан ергендердің елді көгерткені жоқ. "Иманды елді жау алмас" деп бекер айтылмаған ғой.

..."Бізде Елбасының атына мадақ айту салтқа сіңбеген. Соның өзі жақсы да. Солай бола тұрса да, "Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын" деген халық даналығын қаперде ұстаған да жөн. Әсіресе, он жылда бір келетін мынандай мүшелтойдың тұсында, алға тосқан Азаматтың алпыстың асуынан асқан шақта өзің сонша жыл жақсылығын көрген, өзіңе соншама қыруар көмегін берген адам жайында айтарыңды айтпай қалудың, тым сақсынудың да реті жоқ деп білдім. Осы сөзді той тұсында айтуды азаматтық парызым деп білдім. Түптеп келгенде, мәселе Президентті мақтауда емес. Президентті мақтағанымыз – Президентіміз үшін мақтанғанымыз. Президентіміз үшін мақтанғанымыз - елдігіміз үшін мақтанғанымыз. Бұл мақтаныш – ұлттық мақтаныш. Ұлтты ұлы істерге ұлттық мақтаныш сезімі қанаттандырады. Сондықтан да мақтанамыз. Бүгінгінің мәселелерін шешу, қазіргі қиындықтардан шығу талай елдің, талай ердің қолынан келер. Ал мемлекеттің болашағына, ұлттың тағдырына қатысты түйінді мәселені мынандай заманда шешу елдің елінің, ердің-ерінің ғана қолынан келеді. Қазақтың құлан жортса түяғы тозатын, қыран ұшса қанаты талатын ұлан-ғайыр даласы бар. Ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған соншама алып далада, мұндай алып кеңістікте мемлекет құру қиынның қиыны. Әсіресе, мынадай дүбірлі дүниеде бір кезде жығылған ордаңы қайта тігу, құлаған туды қайта тіктеу елдің елінің ғана

қолынан келеді. Ондай елді басқару да ердің ерінің ғана қолынан келеді. Шүкір, шүкір, ағайын. Ондай ел де бар бізде, ондай ер де бар бізде. Ол елдің аты – Қазақстан. Ол ердің аты – Нұрсұлтан.Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Жасай берсін Ел мен Ер! Алдынан ақ таң атсын Азаматтың!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "Қазақ әдебиеті" газетінің Бас редакторы Ұлықбек Есдәулетпен арнайы болған сұхбатта: "Біздің ұрпақ тарихын да, әдебиетін де әбден қысқарған, бұрмаланған, таптық тұрғыда социалистік реализмнің қазтабан нұсқасында оқығаны баршаға мәлім. Қолымызға тиіп, санамызға сіңірілгені – пышақтың қырындай әдебиет оқулығы мен одан сәл ғана қалыңдау хрестоматиясы. Зар заман ақындары Дулат, Мұрат, Шортанбай және басқаларын айтпағанда, бертіндегі Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің өздері біздің кезіміздегі оқулыққа енбеді. Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрім туралы тіпті естімедік десе де болар. Сол кезеңді сипаттайтын бірер мысалды айтайын. Менің қолыма бірде Сәбит Мұқановтың "Балуан Шолағы" тиді. Кітапта баяндалатын бір ғана оқиға сол уақытта қаншалықты қатаң цензура қойылғанына куәлік етеді....Абақтыға қамалған Балуанды алаңға алып шыққан түрме бастығы оған анадайда қарауыл ретінде қойылған Кенесарының бейнесін атуды бұйырады. Қаны қайнаған Балуан түрме бастығы орысты сол жерде ұрып жығады. Кейіннен осы кітап көрінбей кетті де, араға талай жылдар салып, Кенесарыға қатысты баян алып тасталып, қайта "күзеліп", түзеліп жарық көрді.

Ия, XIX ғасырдағы Кенесары қозғалысын ұлт-азаттық күресі деп бағалағаны үшін тарихшы Ермұхан Бекмаханов қамауға алынды, ұлтым деген небір тарихшыларымыз бен жазушыларымыз жазықсыз сотталды, жер аударылды. Сол кезеңде М. Әуезовтің "Абай жолы" романының қайта-қайта аяусыз сынға ұшырағаны да менің түстастарыма жақсы мәлім. Роман алғаш шыққанда, бала Абайға Дулат ақын бата береді де, кейінгі басылымдарда Дулаттың орнын Барлас ақын басады. Өйткені Дулатқа кертартпа, ескішіл сарындағы ақын деген айдар тағылып, жазушы төл туындысын қайтадан редакциялауға, өзгерістер енгізуге мәжбүр болған...

...Қазір мемлекеттік баспалардан жеке меншік баспалардың саны артты. Шығарған өнімдерінің сапасы көңіл

қуантады. Көбі халықаралық жәрмеңкелерде жүлделі орын иеленіп жүр. Ақын-жазушыларымыздың да көптомдық шығармалары да сол жеке меншік баспалардан жарық көріп жатыр. Екі жаққа да тиімді. Енді қалғаны тек жақсы жазу. Кітабыңды оқушы қолына шырақ алып іздеп жүріп тапсын. Баспалар арнайы тапсырыс берсін. Міне, нарықтың алпауыт көмейіне Сіз өз талантыңызды, өз еңбегіңізді осылайша көлденең қойыңыз. Ал, уақытша көз алдаған күлдібадам дүниелер ертең-ақ өзіне-өзі үкім кеседі. Қазақ мұны "Шолақ сайдың тасығаны өз соры, жықпыл-жықпылға сіңіп жоғалады" дейтін... Осы орайда жазушы ағайындарға айтар тағы бір наз бар. Қазақтың тек өз төл тарихы, әдебиеті мен мәдениеті әлі талай ұрпақ үшін таусылмайтын қазына. Ұрпаққа өнеге болар өзіміздің хан – сұлтан, батыр – бағылан, би – шешен, ақын-жазушыларымыз қаншама. Ендеше, біз неге әйтеуір киіз туырлықта дүниеге келді екен деп, есте жоқ ескі дәуірдің ерлерінің жыртысын жыртамыз. Қайта керісінше, бүгінгі ұрпаққа өз ата-бабамыздың өнегелі тарихын ұсынбаймыз ба. Ұлттық тәрбиенің өзі осындайдан басталмаушы ма еді". (9)

Расында осындайда есімізге қазақ топырағында туып қаншама өшпес дүние қалдырған бабалар сөзі оралады. Солардың аты-жөнін тірнектеп болса да жинап, деректі бұрмаламай халыққа ұсынып отыру әрбір жанның парызы болса керекті. Қазіргі біздің қасиетті дініміздің дүниеге келіп, әлемдегі өзінің жеңісті шеруін бастағанына 1427 жыл болып отыр. Осы бір жарым мың жылға жуық мерзім ішінде ол тарихтың талай сынына, Ислам жауларының талай тосқауылдарына қарамастан өсіп, өркендеді. 1 миллиард 300 миллионнан астам мұсылмандардың басын біріктіретін ұлы күшке, үлкен өркениетке айналды.

ИСЛАМСЫЗ ДҮНИЕ ТҰЛ

Территория жағынан "Британика" энциклопедиясының деректеріне сәйкес 1900 жылы әлем территориясының небәрі 3,5 миллион шаршы милі Ислам елдерінің үлесіне тисе, ғасыр соңында бұл көрсеткіш 3 есеге дейін ұлғайып, 11 миллион шаршы мильге дейін жеткен. Салыстыру үшін 1900 жылы Батыс христианствосының үлесіндегі жер көлемі 20 миллион шаршы мильді құраса, ғасыр соңында ол 12, 7 миллион мильге дейін азайған. Бұдан шығар қорытынды: Ислам уақыт алға жылжыған сайын неғұрлым үлкен территорияға өз ықпалын жүргізе түсуде. Егер 1900 жылы Батыс христианствосының халқы әлем халқының 30 пайызын құраса, ғасыр соңында бұл көрсеткіш 11 пайызға дейін төмендеді. Ал ислам елдері қазір әлем халқының 22 пайызын құрайды.

Өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастап, ислам өзінің дәуірлеу кезеңін бастан кешіруде. Исламның дәуірлеуі әлемдегі барша мұсылман елдері дамуының барлық саласын қамтуда. Батыс философы Джон Эспозито бұл туралы: "Исламның қайта дәуірлеуі – кең көлемді жаңару. Ол қоғамдық өмірде ислам орнының қайта нығаюын, исламға бет бұрған үммет-терді, заңдарды, банктерді, әлеуметтік көмек көрсету қызметтерін және білім беру мекемелерінің қатарын көбейте түсіп отыр", – деп жазды. Шындығында, исламның дәуірлеуі қасиетті дінімізді оның жауларынан қорғаудан, діни және ұлттық дәстүрлерімізді сақтау мен жас ұрпаққа жеткізуден, гуманистік, ізгілік идеясын таратудан, заман талабына сай халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруден туындады.

Бұл туралы американ социологы Самюль Хантингтон: "Ислам дәуірлеуі" мұсылмандардың өз мақсатына қол жеткізу әрекеті. Бұл бүкіл ислам әлемінде етек жайған кең көлемді интеллектуалдық, мәдени, әлеуметтік және саяси қозғалыс. Исламның дәуірлеуі экстремизм емес, негізгі бағыт" деп мойындаған. Шынын айтқанда, Ислам дәуірлеуінің ешқандай экстремизмен байланысы жоқ, бұл – аса қуатты интелектуалдық, мәдени, экономикалық және саяси-модернизациялық қозғалыс. Бірақ ол Батыс құндылықтарын түгел қабылдай қоймайды. Бұл туралы Саудиялық Бандар Бин Султан "Нью Йорк Таймс" газетінде "Біз Саудиялықтар модернизациялауды қалаймыз, алайда, бұл үшін вестернизациялау шарт емес" деп жазды (10) Мұхтар Құл-Мұхаммед, заң ғылымдарының докторы, профессор.

Ал біздің оппозиция өкілдері, әсіресе А. Сәрсенбаевтың біз болмасақ "ислам экстремизмі" қауіп төндіреді деп Ресейліктерге жар салуы қай жағынан болса да сынауға жатпайтын іс. Олар өздерінің осынысымен-ақ билікке келсе ұйып отырған халықты дүрбелеңге салатындықтарын білдіріп отыр. Бұлардың олай сайрауы, қайталап айтамыз, біздегі шынайы демократияның арқасында болып жатқанын түсінуіміз керек. Болмаса кейбір басылымдар жазғандай сол "пәлекорларды" Ислам Каримов басқаруындағы тоталитарлық режимде қалып қойған Өзбекстанға бір күнге жіберіп алсақ, еңіреп, көз жастарын көлдей қып қашып келер еді. Оған мысалды төмендегі мәтіннен оқысаңыз да көзіңіз жетеді.

Өзбекстанның Президенті өзінің еңбекқор да иманды ұлтын өзінің қанына сіңген атеистік (коммунистік) идиологиясынан арыла алмай, билігін сақтап қалу үшін қарсы оппозиция күштеріне "ислам экстремизмі" деген жала жауып, құдалауға түсіріп отырған жоқ па? Халықтың толқуын басуға аяусыз әскери күш қолданып, қарсыластарын ғана емес, Әндіжандағы алаңға жиналған ата-ана, бала-шағаға дейін қырып салды. Ол жайында Қазақстанға қашып келіп, "Мегополис" (11) газетінде "Раскаяние палача" атты мақалада сол елдің арнайы қызметінің агенті Рахманов Александр атты азаматтың "өзбек азаматтарын өлтіруден шаршадым, біздің елде қазір адам баласымен санасуды қойды. Қолға түскен жандарды Кеңес өкіметі тұсындағыдан да асып түсерлік азаппен өлтіру дымға түрмайтын болды. Алғашқыда біздің міндітке "Хизб-ут-тахрир" мен ИДУ (Исламское движение Узбекистана) көшбасыларын қолға түсіру болатын, кейін келе жаппай репрессия құрбандарына айналғандарда шек қалмады", – деп сұхбат берген-ді.

Бұл материалды басу үшін қазақстандық журналистер зерттеу жүргізіп, бейне және таспаға жазылған дауыстарды психологтар мен аналитіктер сараптаудан өткізген. Оларды барлығы да бір ауыздан оның айтқандары мен деректері шындыққа жатады деп бір ойдан шықты. Олай болатыны да рас. Бұған дейін де Өзбекстан Президентінің әпербақан саясаты барлық БАҚ-тарда кеңінен айтылып, құрбан болған шалдар мен аналардың, жастар мен қыздардың, қолына ораулы баласын құшақтаған күйі жантәсілім болған ананың бейнелері көрсетілген еді. Сондай қиянатқа барған Өзбекстан Президенті Ислам Каримов күні кеше Елбасы Нұрсұлтан

Назарбаевтың инаугурациясында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің қасынан шықпай, жағымпаздық танытты. Ол бұл Әндіжан оқиғасына дейін ешкімді міне тұтпай, Ресейдің атына айбат көрсеткен Ислам Каримов еді. АҚШ тарапынан қысымға алынғаны сол еді, Путиннің қолтығына қалай кіріп кеткенін өзі де байқамай қалды. Ислам Каримов 1997 жылы Астананың (ол кезде Ақмола) тұсаукесерінде болғанында, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың елорданы Алматыдан Астанаға көшіруіне қатысты: "Бұндай ерлікті жасау үшін аттың басындай жүрек керек" деген еді. Расында Елбасының бұл ерлігін әлемде ешбір Президент қайталай алмасы анық. Астананы жер жәннаты Жетісудан Сарыарқаға көшірудегі көрегендігін енді мойындап жатқандар да бар. Сол кезде Елбасына оңай болды дейсіз бе? Біздегі оппозиция басылымдары Елбасын қаншама сынап бағуда. Сонда да Президент бұл демократияға эволюциялық жолмен келетін әдіс деп ауыр қабылдамады. Оппозиция батылдық таныттық деп артықтау кетіп те жатады.

Халықтың сүйікті газеті "Жас Алаш" оппозиция қызметін тым әсірелеп айтады. Елбасы Н. Назарбаевты ұлықтауды басылым тым жүдеу берді. Біздер "Жас Алаштың" талантты журналистерінен татымды мақала оқимыз деп ниеттендік. Жоқ, олай болмады. Еш болмаса Елбасының бір суретін беруге жарамады. Басқа, оппозициялық орыс басылымдарының өзі бұндай қазымырлыққа бармады. "Жас Алаш" (12) өзінің бірінші бетіне "Кешегі күннің күркірі" айдарымен "43 минуттық ұлықтаудан не байқадым?" атты мақалада (Жәби Серік, Қызылорда облысы, Қазалы ауданынан) ұлықтауға Лукашенко мен Ху Цзиньтао келмей қалды деп жамандады. Ол былай дейді: Қазақстанның рәміздері әкелініп жатқанда мынадай жағдай болды. Конституциялық Кеңес төрағасы И. Рогов Ата заңымызды тұғырға қоярда қолы жетпей, амалсыздан ақ киіздің шетін басты. Президенттен бұрын киізді И. Роговтың басуын мен түсіне алмадым" дейді. Қазақ жерінде киізді емес, қасиетті орынды басып жүрген қаншама адам жүр.

Осы санында сықақшы, Ғаббас Қабышұлының әдетінше айтатын сын мақаласын да басыпты. Қарсы мақала айдарымен берілген "Қыр астындағы қиқу" Олжас Сүлейменовты шымшып өтпекке бағытталған. Біздер бұл өте көлемді мақаланы талдап жатпаймыз. Ғ. Қабышұлының "1961 жылы

Олжас Сүлейменовтың жас кезінде жазған "Земля, поклянись человеку!" атты поэмасын тым асыра мақтап жібердік, "отыз күн ойын, қырық күн тойын тойладық".

Жас ақынның Жер-анаға "Адамға басыңды ии!" деген астамшылдық сөзіне мән бермедік", – депті.

Олжас Сүлейменовты сынау үшін де, оны түсіну үшін де энциклопедиялық білім болу керек. Ғ. Қабышұлы ә, дегеннен атақты ақынның поэмасының өзін ("Земля, поклонись человеку!") орысша дұрыс жаза алмаған. (қараңыз: Евгений Сидоров, "О поэзии Олжаса Сулейменова", ...На месте гибели Юрия Гагарина поставлен камень-обелиск, где начертаны слова Олжаса, давшие название его юношеской поэме, посвященной первому космонавту: "Земля, поклонись человеку" Верю – к этому камню тропа не зарастет. И, может быть, строка Сулейменова, потерявшая авторство, останется в памяти будущих поколений как народное выражение любви и скорби. Для поэта не может быть выше награды. (13)... В 1961 году, когда человек впервые полетел в космос, литературе стало известно новое имя: Олжас Сулейменов – автор поэмы "Земля, поклонись человеку!", посвященная Ю.А. Гагарину. (Бұл да сол кітапта). (14) Бұдан бір кемістік не сауатсыздық іздеп отырған жоқпыз. Осындайдан оқырмандарды шатастыру басталады. Ғ. Қабышұлы поэманы "Земля, поклянись человеку!" деп берген. Оның аудармасын қазақша шартты түрде аударсақ: "Жер, адамға енді ант бер!" болып шықпай ма? "Азамат" (15) газеті де осыған байланысты тақырыпты орынды көтеріп, біздің жоғарыда айтқан сөзіміздің растығын айшықтай түседі. Сол басылым "Ғаббас Қабышұлы деген жазушы бар ма" (Дархан Әлімбеков) атты мақалада белгісіз сатириктің "Қыр астындағы қиқу" деген арда азаматты мадаққа лайық жырларын макулатураға бір-ақ апарып тастағанын ашына жазған. Д. Әлімбеков: "Біздіңше, бұл тапсырыспен жазылған дүние, қала берді, газетке қожа болып отырған ассорти авторлардың ортақ туындысы. Оның атын бокста "кіндіктен төмен ұру" деп атайды. Мақаланың тілі қасаң, ойы жұтаң, сөйлемдері қалай болса солай жазылған. Ғаббас Қабышұлына Шерхан Мұртаза, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев, Асқар Сүлейменов тәрізді жампоз қаламгерлердің кітабын үсті-үстіне оқу қажет секілді. Меніңше, М. Мағауиннің "Аласапыран" романы жақсы әліппе болар еді. Мүмкін болашақта Ғаббас Қабышұлы жақсы жазушы болып кете ме, кім білсін..." деп жаз-

ды. Біз де жоғарыда Ғ. Қабышұлының Олжас Сүлейменовтың атақты поэмасының орыс атауын дұрыс жаза алмағандығын айтқан едік. Сол сөзіміз рас шықты. Мақала авторы, Ғ. Қабышұлының "Жас ақынның Жер-Анаға: "Адамға басыңды ію!" деген астамшыл сөзіне мән бермедік. Мән бермегеніміз сол емес пе, ол жырды ақындарымыздың бірі (кім екені есімде жоқ) іле-шала қазақ тіліне: "Адамға табын Жер, енді!" деп аударып, тіпті шапшытып жіберді. "Қазақтың: "анаңды Меккеге үш рет жаяу арқалап апарып келсең де, перзенттік парызыңды өтей алмайсың" дегені адыра қалды", – дейді Ғаббас ағамыз. (16) Біріншіден, афоризмге айналып кеткен әлігі сөзге ғылыми дәлдікпен емес, поэзиялық өлшеммен қарап, онда әдеби әсірелеу барын ұмытпау керек. Екіншіден, кім-кім де өз заманы тудырған перзенті, дәуір диірменінен шығатын дәнді ескерсек, Олжасқа сол өлшеммен қараған жөн. Үшіншіден, ол осыдан біраз жыл бұрын "Невада – Семей" антиядролық қозғалысының серкесі ретінде экологиялық мәселелердің күн тәртібіне өткір қойылғаннын терең түсініп, сол аталмыш ұранның кері мағынада айтылу керектігін де ескерткендер бар. Ал жалпы жұртқа мәлім бұл жайтты есінен алған сатириктің ұмытшақтық қасиеті де болуы мүмкін. Сондай-ақ, біз Жерді Меккеге "арқалап" апара жатқан көріністі көзге елестете алмай қиналдық. Мейлі, ол қанша жерден образды ұғым болсын, бірақ осы тұстағы қолданысында сәтсіз пайдаланылған. Осындайда қазақ көркем сөзінің шебері Қалихан Ысқақтың бір әдеби ортада: "Ғаббас Қабышұлы деген жазушы бар ма?!" деген риторикалық сауалы есіңе еріксіз түседі екен. (17)

1975 жылы "Жазушы" баспасынан жарық көрген О. Сүлейменовтың "АЗ и Я" кітабы түркітану ғылымындағы академиялық көзқарастардың тас-талқанын шығарып, орыстың халықтық фольклорының төлқұжаты "Игорь жасағы туралы жыр" дастаны төңірегінде мүлде жаңа түсініктің қалыптасуына түрткі болды. Кітапқа деген сұраныстың күшті болғаны соншалық, сол кезде оның "қара базардағы" құны 1000 сомнан асып жығылып жатты. Тіпті, ақынның досы Геннадий Толмачев Баку көшелеріндегі бағаналардың бірінен: "Олжас Сүлейменовтың "Аз и Я" кітабын "Москвич" автокөлігіне айырбастаймын" деген жазуды оқығанын айтады. Былайғы жұрт қызыл империяның бас идеологы Михаил Суслов ақынға қатты шүйлігіп, оған Қазақстан интеллигенциясының ішінен бірінші болып эмиграцияға кету қаупі

төніп тұрғанда, Дінмұхаммед Қонаевтың араласуының арқасында ғана тағдыры төлкекке түсуден аман қалғанын жақсы біледі. Рас, ол заман мен бүгінгінің арасы жер мен көктей. О. Сүлейменов осы поэмасы жөнінде кейінгі жылдардағы басылымдарда "Жерге, табын адам, енді" деп айтқан оңды болар деген сияқты жауап та қайтарған-ды. Алайда, бұл да мұсылман баласы үшін сәтті атау емес. Әлемге әйгілі Олжас Сүлейменовтың өзінің өмірбаянында "Менің бабам Олжабай батыр өлерінің алдында жетінші ұрпағы оқымысты (ғалым) болатынын айтып кетіпті. Біздің шаңырақта өмірге ұл келді. Олжабай батыр бабасының сұңғыла сөзін есінен шығармаған әкем ұлына Олжар деген ныспы беріпті. Дүние есігін ашқан Олжас мен едім. Ағам өкпесіне суық тиіп қайтыс болады. Кешегі соғысты мен атаммен бірге бастан өткердім. Шешемнің әкесі – нағашы атам әлімсақтан мұсылман болатын. Мен сондықтан Құранның бірнеше сөзін жатқа білемін. Бисмилла рахманир рахим, ауғзы биллаһи мина шайтан ражим..... Аллаһу Акбар. Аумин!" (18)

Белгілі ақын Аманхан Әлімұлы Олжас Сүлейменовтың "Адамға табын жер енді" поэмасындағы астамшылдығын орынды сынаған. (19) Дей түрса да А. Әлімұлы ақынның әлемдік деңгейдегі алыптығына шәк келтірмейді. А. Әлімұлы Достоевскийдің "Социализм неправ, потому что Бог есть" дегеніндей, сыртта жүріп қалған Олжас Сүлейменовтың де дінді ұмытпағанын еске салғандай. Әрине, бір өлең не бір поэма тұрғысынан Олжас Сүлейменовты құдайға сенбейді деп түсінбеуіміз керек. Партия кезінде атеистік тәрбие алған талай талантты жандар эмоцияға беріліп, қисынсыз дүниелер (өлең, поэма, әңгіме т.б) тудырғандары белгілі. Өзімнің Олжас ағаның бір Жаратушыға сенетініне күмәнім жоқ. Оған бір дәлелді айта кеткен де жөн сияқты. Ұмытпасам, 1990 жылдардың басында бір топ қазақ жастары Үкімет басшыларынан Алматы маңынан жер сұрап, бұрынғы Жоғарғы Кеңес үйі алдында (қазіргі Астана алаңы) аштық жариялап жатып алғанында демократияның көш басында тұрған Олжас Сүлейменов (ол кезде КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты еді) Мәскеуден ұшып келіп, қазақ жастарына сүйеніш болды. Рух беріп, қанаттандырды. Мәселенің оң шешілуіне, аштық жариялағандарға жер алуға жол ашты. Сол кезде ол: "Құдай бар көмектеседі, біз де Аллаһ қаласа қолдан келген көмекті аямаймыз, – деп ағынан жарылды. Ол солай болды

да. Бәрі оң шешім тапты. Жоғарыда О. Сүлейменовтың жас кезінде-ақ тілі кәлимаға келгенін айтып өттік. Солай болса да атағы алысқа кеткен кейбір өнер адамдарының ата-баба дінінен қаша бастағанын басылымдардан оқып, теледидар мен радиодан естігеніміз, аз емес. Солардың ішінен Майра Мұхаммедқызына елдің реніші қара қазандай.

Италияның Ла Скаласында ән шырқаған Майра Мұхаммедқызының сондай келеңсіз қылығын әсте түсінуге бола ма? Оның теледидардан да, газет басылымдарынан да берген сұхбатында өзінің әкесі Мұхаммедтің атынан бас тартып, керей деген рудың (тайпаның) атын алуына қалай қынжылмассың?! Сондағы әншінің айтқаны: "Мұхаммед аты лаңкестерде көп кездеседі, сол үшін керей деп тегімді өзгерттім". Сонда Аллаһтың сүйікті құлы Мұхаммед (С.F.С.) атынан бас тартып, керей руын өз тегіне таңғанда ол не ұтты? Өз әкесінің атынан қорқып, безіп отырған бұл қазақ қызы (егер солай болса) ұлттың атын өтірік жамылып жүрген жоқ па?! Бұл атақ үшін дінін де, әкешешесін де сатып отырғандық емес пе?! Ла Скалада ән шырқамай-ақ, қазақ даласында өз өнерін паш етсе, дауысы алысқа жетпей қалар ма екен? Әміре жезтаңдай әншіміз ғой Еуропа сахнасында ән айтып та тегін өзгерткен жоқ. Міне, мұндай өмірде болып жатқан небір оқыс оқиғалардан көптеп мысал келтіруге болады. Бұл, өкінішке қарай, зиялылар арасында да жиі ұшырасады. *"Соңғы дін – ислам. "Мұхаммед – ақырғы Пайғамбар" ("Әл-Имран" 3: 144) дейді Құран". "Ислам дінінен басқа дінді көксейтіндердің ешқайсысының тілегі қабыл болмайды. Олар қияметте зардап шегеді" ("Әл-Имран" 3: 85) деген аят иманы оянарларға ой салар. Сөз соңында: "Аллаһтың атын орынсыз қолданатындардан безіңдер. Олар қияметте қылмыстарының жазасын тартады" ("Әграф" 7: 56) деген Құран аятын тағы да бір келтіре кетуді жөн көрдік.*

Жеңіс Шыныбеков деген пендеңіз "Көкте құдай, жерде қатын кінәлі..." деп (20) қыр хикаяларын жазады. Сондағы айтпағы Аңшыбай деген аңшының әйелі Кәусардан өз жолы болмағандығын көріп, қамшының астына алады екен. Онда да қатынының тұлыбының сыртынан ұрады. Бір күні Ақпан деген күйеу баласы келеді. Оның мақала жазып, өлең шығаратынын естіген Аңшыбай өзіне өлең шығаруды қолқалайды. Ол ананы бір, мынаны бір айтып келіп соңында:

Қатын ұрғыш қамшысы тұр әні,
Бірақ қазақ мойнына алмас күнәні.
Бір сәтсіздік басқа түссе кенеттен
Көкте Құдай, (астын сызған – автор) жерде қатын күнәлі!

Міне, осыған мәз болған, әйелі ыңғайсызданған, өлең тыңдаған жігіттерге сақылдай күліп, осы сөзді отағасының қотырына тиген сөз болды-ау деп рахаттанады. Осы да газетке басылатын ұтымды мақала ма? Оқырмандардан ұят болды-ау, бұл газетті тек атеистер ғана емес мұсылмандар да оқыса намысына тиер, жо.. жоқ, Жаратқанға қарсы айтылған, оны келемеждейтін бұндай қарсы мақаланы баспаймыз деп, принцип көрсететін редактор жоқ па?!

Халық жазушысы марқұм Сәкен Жүнісов аспаннан кітап түсті дегенге (Құран жайында, кіші қажылық сапарда жүргенде айтқаны) сенбейтін болса, (21) белгілі жазушы Дулат Исабеков "Дін өзгеруі мүмкін, мәдениетің өзгермесін" деп сұхбат берсе, (22) Қуанбек Боқаев деген журналист (бұл да сол күнгі санда) (23) "Құдайға тіл тигізуге, (?) дініңді күстаналауға болады, (?) ал махаббатқа, яғни еркек пен әйел арасындағы сүйіспеншілікке табынудың зиянды қырын сынау – ақылға сыймас ақымақтық, надандық боп ұғылады" деп пәтуәсіз ақыл айтады. Роллан Сейсенбаев "Нағыз дін Ахмадия екен" деп қуанды осыдан екі жыл бұрын ("Новое Поколение"). Сонда қазақ зиялыларының не оқып, не тоқып, не жазып жүргендерін топшылай беріңіздер. Тіптен, Д. Досжан өзінің бір шығармасының атын: "Құдай деген адамдар мен өзәзіл" деп атаған. Ол туралы төменде кеңірек сөз болады.

..."Тағы да айғақ дәлелдерге жүгінелік. Әсіресе, атеизм атойлап, күшіне мінген жылдары қазақ мал басынан да, жан басынан да өлшеусіз көп айырылды... Білсеңіздер, Одақ құрамында болған басқа түркі жұртшылығы дәл қазақтай нәубетке ұшыраған жоқ. "Кеңестік саясаттың кесірі", "Голощекин нәубеті", анау-мынау дейміз. Дәл осылай ойлайтындар әлі де жетерлік. Өкінішке қарай, бұл біздің әлі де атеистерше ойлаудан тазарып бітпегенімізді көрсетеді. Бұлай ойлау әрине біржақты, қате пікір. Меніңше, бұдан былайғы жерде тарихқа, орын алған оқиға тізбегін қуалап емес, ғылыми әрі имани тұрғыдан ой жібере отырып, баға беруге үйренгеніміз жөн. Сонда қазақ ұлты өз-өзімізді, сол арқылы Тәңірімізді танитын боламыз! Сонда, әрбір қазақтың ғана емес, бүкіл әлемнің тағдыры – Аллаһтың алақанында екенін

жете ұғынатын боламыз. Аллаһты ұмытпағанды Аллаһ та ұмытпайтынын, рахымынан тыс қалдырмайтынын терең түсініп, түйсіне түсеміз" (24).

Маме

О чем этот поселок?
О любви,
О вечной жизни
Под просторным небом.
Неспешная закатность, позови
Меня в раздумья те,
Где еще не был.
Весенний грач?
Или осенний гусь?
Мое крыло полмира отмахало
И в реку Лимпопо перо макало
И впряный ветер
Из цейлонских кущ.
О чем эта дорога?
Если прав,
будь с гордым горд:
он не отец пророка,
будь с робким робок:
он тебе не раб.
Я так и поступал, клянусь
дорога.
Не всем, кто ждал, помог,
но я не бог.
Что в силах одинокого поэта?
На все вопросы не нашел
ответа,
но людям я не лгал, хотя и мог...

О. Сулейменов

Олжас Сүлейменовтің "Адамға табын, жер енді" поэмасындағы адам мен жердің өзара қарым-қатынасына қатысты айтқанын тым қатты сынға ала берген де біз үшін тым сорақы қылық болар. Ал сорақылықтың көкесін осы жолдардан кейінгі қазақтың басқа да ақын-жазушыларының жазбалары мен шығармаларын оқығаныңызда төбе шашыңыз тік тұрады! Бір кездері түркі әлемінен шыққан, дүние жүзін мойындатқан, әйгілі Шыңғыс Айтматовты қазақтар ғана емес, өз қырғыздары да біраз шабуылдап, сынап, мінеп, кінә іздеп жүрді. Ақыры аяғы "АЛЫП АЛА-

ТОО-ға" лақтырған тастары жетпей, жайында қалғаны да есімізде. Шоң жазушының қаншама қадірін түсіремін десе де, ол биік тұғырында қала береді. Оны одан түсіру АЛА ТОО-ны басқа жұртқа көшіремін деген қиял болып қалды. Сол сияқты Олжас Сүлейменов қазақтың орасан ойлы ақыны. Космостық биікте өз орны бар. Оған сын айтып, тілді білмейді, орысша жазады дегеніміз жай сөз. Ол қазақша да өлең жазған ақын. Одақ кезінде ұлы істерімен тарихтан өз орнын ойып алған, халықтың сүйіктісіне айналған, тек жақсы қырымен танылған Дінмұхаммед Қонаев туралы, өз басым, қазақтың мен деген ақындарынан Олжас жазғандай өлең жолдарын кездестіре алмадым. Ал Қонаевтың 70 жасқа толу құрметіне арналған Олжас Сүлейменовтың мына қазақша жазылған өлең жолдары менің жүрегімді қатты тебірентті.

Бұл Олжастың орыс тілінде жазған өлеңдерінен бірде-бір кем соқпайды.

Оқиық:

Көктем көрдім,
Күз көрдім,
Бағымыз боп,
Ағымыз боп
Біздердің.
Сенен асқан
Сүйінші жоқ.
Бүгін қазақ деген
Құдіретті ізгі елдің
Жетпіс деген елің шыққан
Жеті бел,
Сол жетпіске
Димаш-аға, екі кел.
Өзің жеткен биігінде
Тұра бер.
Одан басқа елің,
Олжас Сізге не тілер.

Міне, поэзия сүйер оқырман!

Қазақ тілін білмейтін Олжас Сүлейменовтің өлең жолдары осындай! Бұл өлең жолдарынан қазақ деген ұлы халықтың бағына қонған жомарт тұлғасын көреміз.

Қазақта, құдіретті ізгі елде Дінмұхаммед Қонаевтан асқан (соңғы ғасырда) ірі тұлға болып па еді?!

Қазақ басына Бақ та, Ақ та болған Димаш аға емес пе еді? Осыны Олжас ақын бір-ақ өлең жолдарымен жыр-

лап, жұдырықтай жүрек төріне сыйғыза білген. Басқа ақындарды қайдам, осы өлең жолдары мені рухани күшке жетеледі. ("Олжас, Омар, Сүлеймен және Фатима немесе ұлы есімдерді иемденген ақын жайында үзік сыр", Шайх-Асан Сарқұлов. "Ел мәдениеті" газеті, N03, 31.05.06 ж.)

Кезінде орыстың тамаша ақыны Леонид Мартынов "Литературная газетада" тұсаукесер жырларына берген сөтсапар сөзінде: "Олжас Сулейменов, казахский поэт, творящий на русском языке, целиком остается поэтом казахским, родным сыном этого гордого народа, исстари сочетавшего свои надежды и чаяния с надеждами и чаяньями русского народа. Явление Олжаса Сулейменова живо воплощает все эти связи – житейские, географические, этические, эстетические", – деп жазды. Осының өзі басқа атақты шет елдік әдебиетшілерді атамағанның өзінде қазақ ақынына жетіп жатыр.

Кружись, Айналайын, земля моя!
Как никто,
Я сегодня тебя понимаю,
Все болезни твои
На себя принимаю,
Я кочую, кружусь по дорогам
твоим...

деп жырлаған, жерді жанындай жақсы көрген, оның бар ауыртпалығы мен ауыр халін өзіне қабылдаған, асқақ ақыннан кемістік іздей бермей, оппозиция жолымен жүрмеді деп Олжасты кінәлаған "сайқымазақ" жазғыштарға осыны айтқымыз келеді.

Тағы бір мысалды келтіре кетейік. Олжас Сүлейменовтің "Жас Қазақ" (25) газетінің тілшісі Әмірхан Балқыбекпен "Бізде мәдениет мол, надан ниет те аз емес" атты көлемді сұхбаты жарияланды. Олжас әр кезде де Олжас емес пе? Тарихты, мәдениетті, өнерді тереңнен талдай келе өзіне соңғы рет журналист қойған:

– Алдағы шығармашылық жоспарыңыз қандай? Халық өзінің ақын ұлынан қандай дүниелер күтуіне болады? – деген сұраққа: – Жақында Құдайға шүкір, Махамбет туралы "Қызыл жусан" киносценарийін бітірдім. Енді жазда Иншалла, фильмді бастаймыз. Жоспарымда тағы да бірнеше кітаптар бар. Еліміз аман болсын, ішінде, сыртта жүрсек те, біз де аман болайық. Әумин!

Бұл атақты ақынның дінге оң көзқарасын көрсетеді. Әрине, КСРО кезінде жаңылыс басқан тұстары да болды. Оған қатысты жоғарыда айтылды.

Аллаһ Тағала айтады: *"Раббым, "білімімді арттыр!" де ("Таһа сүресі", 114-аят), "Білгендер мен білмегендер тең бола ма?" де ("Зүмәр" сүресі, 9-аят). Пайғамбарымыз Мұхаммад (С.Ғ.С.) айтады. "Кімде кім білім алу жолына түссе, Аллаһ Тағала оған сол арқылы жәннатқа бару жолын жеңілдетеді" (Хадисті Әбу Һурайрадан р.л.ғ. имам Мүслим риуаят етті).*

Міне, Аллаһтың өзі ұнатып, қабыл алған, өзі Жәбірейіл (Ғ.С.) періште арқылы уахимен Пайғамбарымызға жіберген соңғы қасиетті Құран Кәрімде де, ең ақырғы елшіміз Мұхаммедтің (С.Ғ.С.) суннасында да адамның білімге деген құлшынысына зор сауап жазады екен. "Ниеті түзу адамға Аллаһтың нұры жауар" демекші, жалғыз Жаратушыға құлшылық жасап, неге шүкірлік етпеске?!

Қазақты қапыда қалдыруға тырысып жүрген секта (ағым) миссионерлерінің алдап-арбауына қашан тосқауыл қоя аламыз? Ағым-секталардың арбауына түскен діни сауатсыз пенделердің ақшаға сатылып, өз пайымдарын керемет көрсеткісі келіп, ғылыммен дәлелдеуге тырысады. Қандай да бір ұлт, халық, тайпа, ру, адам жер бетіне сынақ үшін келеді. Аллаһтың бұйрығынсыз ештеңе де өздігінен бола алмайды. Тура жолдан тайған кезеңдегі "күн көсемнің" сұмдық зұлымдығын ұмыта аламыз ба? Ол өте бай, 1913 жылы экономикалық дамуда әлемге танылған Ресейдің астаң-кестеңін шығарып, тастады емес пе? Халықты ақ пен қызылға бөліп, қан жоса еткен "көсемге" ескерткіш қоюға ұмтылып жүрген Қазақстан коммунистік партиясының Астана қаласындағы филиал жетекшілерінің Елорда төрінен Ленинге орын сұраған ісіне күлеміз бе, жылаймыз ба? Билік басына келген болыневиктер халықты аштыққа ұрындырып қана қоймай, қызыл мен ақ болып ыдыраған азамат соғысынан қаншама қан судай ақты. Сол кездегі атақты ақын Александар Блоктың үздік-создық жазып отырған күнделіктерін оқыған адам қандай күй кешкенін білсеңіз.

"Мен қазірдің өзінде қартпын, бүгін маған нан тауып жеудің өзі күшке түседі...аштан өлетін түрім бар". 17 сәуір, 1918 ж.

"Нағыз аштық деген осы". 21сәуір, 1918 ж. "Үйде өзек жалғар ештеңе жоқ". 12 қазан, 1918 ж.

"Анам келді, ол да аш". 20 желтоқсан, 1918 ж.

"Бұдан бұрынғы көрген аштығым аштық па, тәңірім!" 20 қазан, 1918 ж. (26).

Осындай күйге түсірген, халықтың тоз-тозын шығарған "кәпір" (Құдайға қарсы адамды кәпір деп айтуға рұхсат етілген – А.С.) Ленинді осы күнге дейін жақтап, шаң жуытпайтындарға қайран қаласың. Орталық басылымдарда (27) Адольф Гитлердің Берлинде шайтанмен жасасқан келісім-шартының табылғанын жария етті. Ол бұл келісім-шартқа 1932 жылдың 30 сәуірінде қол қойған. Сөйтіп ол өзінің 13 жылын шайтанға жалға береді. Бұндай құжатқа одан басқа ешкім қол қоймапты. Оның әлемнің астан-кестеңін шығарғанына тарих куә. Міне, Германиядағы билік басына қандай пенде келген? Сол Гитлер туралы Портал Кредоның айтуынша шайтанның қолы да анықталған. Мұндай құжат әлемде жалғыз. Аса ірі ғалым саналатын Грета Лейбер бұл құжаттың қолдан жасалмағандығын растаған. Оның бұл тұжырымына, шын мәнінде дәлеліне шәк келтіруге болмайды. Өзіңіз қараңыз, 1932 жылға дейін жолы болмаған Гитлердің шайтанмен шартқа отырғаннан кейін ібілістің айтқанынан шықпаған. Кезінде екі рет жоғарғы мектептен шығып қалған. Тіпті түрмеде де отырған. Өнер академиясының емтиханын тапсыра алмаған. 1932 жылы оның өмірі күрт өзгереді. Ол билікті өз қолына ала бастайды да, 1933 жылы ол Германияны басқарады. Арада ібілістің арбауында қалған Гитлер адам шошырлық, кешірілмес күнә жасады. Еуропа халқын қырғынға ұшыратты. Арада 13 жыл өткен соң, яғни 1945 жылдың 30 сәуірінде ол өз-өзіне қол жұмсады. Сенбеген адамдар оның шайтанмен болған келісім-шартын Берлиндегі үйінде түрған сандықтан табылған құжатты қалалық мұражайдан көрулеріне болады. Құдайдың қарғысына ұшыраған Гитлердің қатарына Ленин мен Сталинді де қоя аламыз. Көптеген коммунист (атеист) пенделер осы күнге дейін осы екі сайтанға (В. Ульянов пен И. Жугашвили) шаң жуытқысы келмейді. Тіптен С. Жүнісов сияқты жазушылардың Ленинді сүйетінін, (2005 жылы умраға барғанда Ж. Ерман "Қазақ әдебиетіне" жазған болатын.) сол сайтанның суретін әлі күнге қойын кітапшасына салып жүретіндерді көрген. Осы екі қанқұмар пендені күнәласаң "буынып" өліп кетердей күйге түседі. Осы екі сайтанның адам қанын Шыңғысханнан бетер (55 миллион!) суша ағызған, күнәсіз жандарды жазықсыз атқызған, КАРЛАГ, АЛЖИР

сияқты темір торда азаптап өлтірілген аға-апаларымыздың рухы алдында да кешпеуіміз керек пе? Біз бұ арада неміс не орыс халқын кінәлап отырған жоқпыз. Біз сол құдайға қарсы, халыққа қарсы, өз отандарына қарсы опасыздық жасаған екі сайтанды ғана айыптауға ғана құқымыз бар. Әрбір ел басқарған адамдардың іс әрекетіне қарай баға беріліп отырылуы тиіс. Жауызды – жауыз, иманжүздіні – иманжүзді деп жазып, арнайы ел басқарғандардың музейін ашу керек. Ол тек бізде ғана емес, барлық елдерде болған жөн. Ел басқарған адамдар да өз жауапкершілігін арттыратын болады. Адам тағдырына Ленин, Гитлер, Сталин, Голощекин, Трумэн, Буш т.б немқұрайлы қарайтындардың ақталуына жол бермеу керек. Бұ арада тағы да сол елдердің халқын кінәлап, олар турасында теріс пікір қалыптаспауы керек.

Жетпісінші жылдардың басында Республика ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтының бейсенбіліктерінде әдебиеттің, ғылымның аса маңызды мәселелері сөз болып отырды. Сондай бейсенбілік мәжілістің бірінде "Вопросы литературы" журналында басылған А. Марченконың "Еркін романның мүмкіндігі" деген мақаласы талқыланады (28). Әдебиетшілер мен ғалымдардың бұл мақалаға айрықша назар аударып, талқылауының мәнісі неде? Осыған тоқталайық.

А. Марченко аталмыш мақаласында Кеңес кезінде Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар берілген әлемге әйгілі "Абай жолы" романын "жинақ" деп бағалаған. Ол – ол ма, автор қазақ халқының бойына біткен асыл қасиеттерді ғажайып нұрлы тұлғалар арқылы терең суреттеген "Абай жолы" романын тек аңыздар тізбегі деп маңсұқтауға тырысады. Тіпті, Марченко қызды-қыздымен мақаласында "Абай жолында" да, "Махамбеттің жебесінде" де "зерттегіштік" жоқ.... М. Әуезовтің "Абайы" сияқты Ә. Әлімжановтың "Махамбеттің жебесін" нағыз роман деуге болмайды, бұл ұлы ақын мен ереуілшінің (бунтарь) өмірі мен тағдыры туралы зерттеу емес, ол туралы аңыз" дей келе, "Ә. Нұрпейісов прозасының аналитизмі, меніңше, М.Әуезовтің "Абайымен" салыстырғанда да көріне түседі" дегенге дейінгі сыңаржақ тұжырымдарға барады (29). Міне, шындықты айтқанда, жалғанның бет-пердесін жұлып тастап айту оңай шаруа болған жоқ. Қолында құдіреті бар "жалған атаулы" шындықтың төбесінен жай түсіруге осылай әрдайым әзір тұрады.

Шындықты айтқандар кімге жақсын. Бірде әдебиетіміздің ақсақалы Ғабиден Мұстафин жастар алдында тұрып "ендігі жерде біз ұлтшылдықпен емес, ұлтсыздықпен күресуіміз керек" деген пікір айтып қалады. Бұл сөз газетке өзгертілместен жарияланады. Көп ұзамай "Простор" журналында өзі ғалым, лауазымы жоғары адам әлгі сөзі үшін Ғ. Мұстафинді де, газетті де көктен алып, жерге салып, сынға алады. Итжеккенге айдау керек деп тура айтпаса да, сарыны соған жақын еді... Бұндайлар қазірде де жоқ емес. Енді біздер классик жазушының сөзін сәл өзгертіп: "Бүгінгі таңда діншілдермен емес, дінсіздермен күресетін кез келді!" – демекпіз. Ұлттың рухы – тарих жадында. Жазушы-публицист, Сәбит Досанов (30) ұлттың алдындағы үлкен міндеттерге назар аударады да, он төрт мәселенің біріне дінді қояды. Ол: "Қазан төңкерісінен кейін қазақ арасында да дінге шабуыл күшейді. Қирату, құрту жөнінен алдымызға жан салмайтын қашанғы ұраншыл әдетімізбен аз ғана жылдар ішінде 27 мың мешіттен бар болғаны 37 мешіт қалдырып, халықтың бәрін атеист етіп шығардық.... Өмірі басы бірікпейтін қайран қазақты бір біріктірсе дін біріктіретінін естен шығаруға болмайды. Тәуелсіз мемлекет болу үшін тіл бірлігімен бірге, дін бірлігі қажеттігін өмірдің өзі әлдеқашан дәлелдеген", – деп жазды. Қараңыз жиырма жеті мың мешіттен отыз жеті ғана мешіт қалған. Сенесіз бе, сенбейсіз бе? 100 пайыз жойылған! Сол қарқынмен большевиктер бастаған "көпірлер" халықты жікке бөліп жіберіп, мемлекетті қан-жоса етті! Сол "әпенділерге" әлі де бас ұрып табынатын бүгінгі өз қазағымыздан шыққан "коммунистерге" не дауа? ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты, бұрынғы Қазақстандағы коммунистік партияның ізбасары, комсомол жетекшісі болған Серік Әбдірахманов "мен Құдайға сенбеймін, атеиспін" деп күллі халыққа көп таралыммен шығатын басылымда жар салғанын оқығанда қайран қалдық. Осы да мақтанарлық сөз бе? Ресей империясы үстемдік еткен кезден бергі уақыттағы дәстүрлі құқықтың құрамдас бөлігі ретінде қаралған шариғат заңының қоғамдағы алар орнын зерттеушілер әрқалай түсінді. Кейбір зерттеушілер қазақтың дәстүрлі құқығының негізгі тірегі шариғат десе, енді бірі оны теріске шығарды. Бұған дерек ретінде мұсылман елінің құқықтарын көп зерттеген Н. Торнау 1892 жылы шыққан еңбегінде: "Ислам ілімін құрмет тұтқан барлық мұсылман елдерінде

бір ғана құқық – шариғат құқығы әрекет етіп, заңдылық күшіне ие болуда. Мұсылман заң мамандарының көзқарасы бойынша шариғаттан басқа бір дәстүрлі құқықтың үстем болып, ерекшеленуіне келіспейді. (31)

Шариғат заңында құқықтық реттеудің 99 негізгі принципі жазылған. Осыны негізге ала отырып, Ислам діні бойынша сараланатын қылмыс түрлеріне назар аударар болсақ, қоғамдық құқықты бұзу – үш топқа бөлінген. Оның ең ауырына – Аллаһтың әміріне бағынбау, оның ұлылығын мойындамау, мұсылман қоғамы мен құқығына қол сұғу және қауіп төндіретін мемлекеттік қылмыс түрлері кірген. Бұдан кейінгі топқа жеке тұлғалардың құқығын бұзу, оларға қауіп-қатер төндіретін қылмыс түрлері енген. Бұл аталған қылмыстар ауыр қылмыс түрлеріне жатса, үшінші топқа жеңіл-желпі қылмыстық әрекет жасағандар кірді. Шариғат заңы бойынша қылмыстың осы үш түріне жаза өз дәрежесіне сай белгіленді. (32)

Дінге қарсы қылмыстар туралы толық мағлұмат беретін "Жеті Жарғы" заңдар ережесінде: "Кімде-кім Құдайға тіл тигізіп, діннен безген болса, егер оны куәгер өшкерелеп көрсетсе, таспен ұрып өлтірілсін" деген қатаң жазаға бұйырылған. Сонымен қатар "өзі мұсылман бола тұрып, одан кейінгі өмірінде христиан дінін қабылдайтын болса, оның туған-туыстарының мекенжайы тартып алынып, өзі елден қуылған. (33)

Бұған мынаны да қоса кеткен дұрыс. "Исламнан басқаның бәрі дін болып есептелмейді. Христиан, иуда т.с.с. – адасқан діндер. Ал көпқұдайшыл діндер – шайтани діндер. Діннің өзі үшке бөлінеді. Ислами дін, адасқан дін, шайтани дін (34). Қазақта "іштен шыққан жау жаман" деп тегін айтпаған. Оқыған, ғылыми атақ-дәрежесі бар, өзін қазақ санай отырып, орысша сөйлеп, ойлайтын, солардың сойылын соғатындар арамыздан шығып жатса не шара?! Мұндайлардың жоғарыда бір-екеуін айттық. Және олар аз емес.

Осыған орай С.Садықов "Ұлттық рух жаршысы" кітабында: (35) "Олардың туған ұлтына қарсы бағытталған, адам жанын түршіктіретін ой-пікірлері орыс тілді тәуелсіз басылымдар мен телеарналардан жария етіліп жатса, бұған қалай шыдарсың?!" – деп жазды. Сондай "жазғыш" жандардың бірі Нұрболат Масанов екені мәлім. Осы Масановтың "Караван" газетінде "Мало их мочили..." деген тақырыппен туған халық туралы адам жанын түршіктіретін, ой-толғамға

келмейтін, өзіндік шектен шыққан тұжырым-кесімі жарық көрді. Н.Масанов: "Все упирается в казахский менталитет. Уроды! Их урыть надо – все! У них нет будущего. Вот те казахи, которые вырвались из мамбетского, колбитского состояния, – Кажыкелдин, Косанов, Габдуллин, другие – мы все, мы вырвались, мы будем нормальными людьми, наши дети и так далее", – деп, өз халқына топырақ шашады. Космополиттік бағыттағы батысшылдардың сойылын соғып, ұлт намысын таптайды, алдай отырып, жауап береді. (36) "Кей-кейде маған Масанов комирдинер секілді көрінеді", – дейді публицист Аманхан Әлім. – Ал комирдинерде тек, ар-намыс, тіпті болмаған жағдайда адалдық та жоқ. Бүгін бір қожайынға қызмет етсе, ертең екінші, үшінші... қожайынға қызмет етіп кете береді. Қарын тоқ болса болғаны... Оны айтасыз, тіпті бір сәттерде аталған мырзаны люмпен бе деп те қалам. Тапсыз топтың "оқыған" өкілі – ол антогонистік қоғамның типтенген көрінісі. Яғни, өзегіне құрт түскен бір буынды қалыптастыратын қоғам зиянкестері".

А. Әлім Масановтың соңғы жылдардағы қазақ туралы айтқан сандырақ сөздері мен ойларын келтіре отырып, космополиттік – либерал бюрократтың ел алдындағы сатқындығына қалың оқырманның көзін айқын жеткізіп берді.

Аманхан Әлім сол сияқты біраз жайды талқылайды да: "Егер мен қазір заң қайда қарап отыр десем, олар "міне, Аманхан мырза 37-ші жылды көксеп отыр" деп шыға келер еді. Жоқ, мен 37-ші жылды көксемеймін, бірақ менің тәуелсіздігіме, елдігіме, тұтас ұлттығыма, айта берді ұлттық менталитетіме күдік келтірушілердің ешқайсысымен де, ешқандайымен де келісе алмаймын. Аталған мәселеге келгенде ымырашылдық болмауы тиіс. Ол әрбір қазақстандықтың, қазақтың міндеті", – дейді (37). Әрдайым ұлт намысын жоғары ұстап келе жатқан, оны өзінің отты материалдарымен дәлелдеп жүрген публицист Аманхан Әлім Масановтың жоғарыдағы шығармашылығын егжей-тегжейлі талқылайды. Нақты, естең түрмас етіп соққы береді. Біздер де басылым арқылы осындай ұлтты қорлайтын комердинерлерді ес жиғызбастай етіп тұралатып отыруымыз керек.

Осының бәрі не үшін айтылды. Елдің болашағы үшін. Халықтың ертеңі үшін. Елбасы қаншама ұлы істерді атқарды. Көрегендік танытты. Батылдық, батырлық көрсетті. Оны жаңа жоғарыдағы мәтіндерден оқып білдік.

Білікті дипломат, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев Ислам конференциясының ұйымына қатысты. Оған мүше қатысушы 54 елдің алдында сөз сөйледі. Ол 2003 жылдың 13-14 қазан айында Малайзиядағы Путраджайя қаласында өтті. "... Все мы понимаем необходимость и важность сегодняшней встречи, нацеленной на выявление новых перспектив взаимодействия исламского содружества с остальным миром, сказал Касымжомарт Кемелович в своем выступлении. – Это очень своевременная задача, поскольку после известных событий в США, Афганистане и Ираке мир раскололся на противостоящих лагеря, страны и народы разделились на чужих и своих. Искаженное восприятие все еще распространено в некоторых частях света, создавая взаимное подозрение и недоверие. Сегодня, когда мир еще сталкивается с глобальной угрозой международного терроризма и экстремизма, эти невидимые стены все еще вызывают проявления нетерпимости. В этой связи глава внешнеполитического ведомства Казахстана привлек внимание участников форума к итогам состоявшегося недавно в Астане первого съезда мировых и традиционно-национальных религий. Он заявил, что различия во взглядах в отношении некоторых международных вопросов не должны быть препятствием на пути взаимновыгодного диалога религий и цивилизации. – В то время, когда определенная часть людей пытается использовать религию в качестве инструмента для создания конфликтов, мы должны принять все меры по защите ислама как одной из самых миролюбивых и философски развитых религий в мире, – сказал министр по этому поводу. – Но в то же время мы должны начать с просвещения самих себя, своих народов, поскольку ислам, по сути, является просвещенной и умеренной религией. В то время, когда определенная часть людей пытается использовать религию в качестве инструмента для создания конфликтов, мы должны принять все меры по защите ислама как одной из самых миролюбивых и философски развитых религий в мире... Мы должны защитить ислам от изоляции и недоверия со стороны всего мира, – подчеркнул Токаев, – инициировать многосторонний диалог с другими религиями (38). Белгілі мемлекет, қоғам қайраткері, халықтың көңілінен шығып жүрген ірі азамат, Иманғали Тасмағамбетов Мемлекеттік хатшы қызметінде жүргенде Ислам дініне қатысты "Известия"

газетінің тілшісінің "Большинство казахстанцев (более 60 процентов) – приверженцы ислама. В последнее время во всем мире с опаской смотрят на представителей этой конфессии" деген сауалына батыл да нақты дерекпен соққы берді: – "Понимаю подоплеку вопроса. Конфессиональные различия сами по себе не могут порождать нестабильность. Межрелигиозные конфликты вторичны по сути. Как правило, они лишь служат формой выражения острых социальных противоречий.

Да, сейчас много говорят о религиозном факторе в дестабилизации обстановки в мире, в Центральной Азии в частности. Но посмотрите на историю. В XX веке ни одной крупной войны не было начато на основе конфессиональной мотивации. Первая и Вторая мировые войны. Испытание атомной бомбы. Вьетнам. Афганистан. Этот список можно продолжать. Религии в них нет. Таковы факты. Что касается ислама – это молодая религия. Она одна из самых миролюбивых религий. Сегодня в мире ее исповедуют около 1, 5 млрд человек, проживающих более чем в 170 странах. Надо признать, что во многих из этих государств остро стоят именно социльные проблемы. И очень прискорбно, что находятся горячие головы, которые, прикрываясь религиозными лозунгами, пытаются достичь своих амбициозных политических целей. Впрочем, религиозный экстремизм, политизация религии присущи не только исламу. Вспомните хотя бы средневековые "крестовые походы", войны за веру между католиками и протестантами, опустошившие в XV–XVII веках Европу. А печально знаменитая "Варфоломеевская ночь" в Париже 1572 года, спустя века повторившаяся на другом конце света в Китае. Для меня совершенно абсурдным является также приписываемая исламу его "террористическая специфика". На самом деле терроризм как явление политического насилия берет свое начало со времен античности: первый в истории террорический акт совершен древнеримскими сенаторами, убившими императора Юлия Цезаря. Не так ли?! Русские "народовольцы", члены "красных бригад", свирепствовавших в Западной Европе в прошлом столетии, активисты "Ирландской Республиканской армии", баскские сепаратисты... Кто из них мусульмане?! (39)

Қазақтың ұлтжанды азаматы Қайрат Сатыбалдының халықты имандылыққа шақырып жүргені қуанарлық жайт. Астана маңындағы Қосшы ауылында және Шұбар шағын

ауданында мешіт құрылысын салуға өзінің тікелей көмегі тиді. Басқа да қазақ ұлтына рухани күш әкелер істерді тындырымды атқарып келеді. Өзінің Ұлттық Қауіпсіздік комитетіндегі қызметіне қарамастан халыққа мұсылмандығын ашық айтқан жалғыз қазақ – Қайрат Сатыбалды. Әйтпесе, әлі күнге өзін мұсылман санаудан үрейленетін мемлекеттік қызметте жүргендер бар. Егемен ел болсақ та Кеңестен қалған қорқыныш бізден алыстай қоймаған. Қ. Сатыбалдының ашық мұсылмандығын жариялауы дінсіздерге үлкен соққы болып тиді. Ал мұсылмандар үшін имандары беки түсіп, жасырын оқитын намаздарын енді батыл мемлекеттік мекемелерде де оқитын дәрежеге жетті. Оған куә, ҚР Парламенті үйіндегі намазхананың ашылуы. Енді Қ. Сатыбалдының өзін ашық мұсылманмын деп жариялаған басылымнан үзінді берейін. Бұл әйгілі Алдан Әйімбетовтің жалғыз өзі шығаратын "Казахская Правда" газетінде басылды.

"Племянник Президента Казахстана генерал Кайрат Сатыбалды, возглавляющий департамент кадров Комитета национальной безопасности республики и создавший весной этого года общественное движение "Ак Орда", утверждает, что занимается вопросами развития ислама в стране по просьбе своего дяди – главы государства Нурсултана Назарбаева. Президент конечно понимает: как руководитель Казахстана он не может игнорировать тот факт, что с каждым годом число мусульман в стране растет. Это касается не только политики, но и общественной жизни. В этой связи он попросил меня как родного человека по мере возможности заниматься вопросами развития ислама в республике", – сообщил К. Сатыбалды республиканской газете "Экспресс К" в интервью, опубликованном в этой же газете. "Бывая на святой земле, я каждый раз убеждался, что ислам как воздух необходим и для меня лично, и для страны, и для моего народа. Об этом я всегда говорю Президенту как близкому человеку, заменившему мне отца", сказал К. Сатыбалды. (Интерфакс Казахстан). Мне глубоко симпатичен этот молодой человек, независимо от его чинов, занимаемой должности и родства с главой государства. Кайрат Сатыбалды (вообще-то он Назарбаев младший, племянник). Эти обстаятельства, конечно, весьма существенны, но для меня другое важно.

Кайрат единственный из известных мне государственных деятелей высокого ранга, который открыто заявил, что

он казах и мусульманин. СПАСИБО ТЕБЕ, КАЙРАТ! Как патриарх по возрасту, уроженец и почетный гражданин священного города Туркестана, я заявляю: ты правильный, потому Богоугодный взял курс, АЛЛАХ тебе поддержка, и многострадальный народ казахский благославит тебя. Аминь! Алдан аға. (40)

Республикалық "Ақ орда" қозғалысының жетекшісі Қайрат Сатыбалды өзінің "Ислам бізге ауадай қажет" атты сұхбатында: ..."Тарихқа қарасақ, барша әлемге танымал, өздерінің баға жетпес еңбектерін ислам өркениетіне зор үлес қосқан Имам Бұхари, Ибн Сина (Авицена), Бейбарыс, Бабыр, Тоқтамыс хан, Әл-Фараби – барлығы да түркі тілді әлемнің өкілдері ғой. Бабыр негізін қалаған, моғол әулетінің ізі, бүгінде әлемнің жеті кереметтерінің бірі Тәжі-Махал – мұсылмандардың мұрасы...

...Қазір біз ата-бабаларымыздан территориялық жағынан ең үлкен мұсылман елін мұра етіп отырмыз. Сонымен қатар Қазақстан ислам әлемінің ең солтүстіктегі нүктесі болып отыр. Мұндай байлықты біз тек жаратқанның Құранда келтірген жоғалып кеткен халықтар жайындағы сөздерін түсінсек қана білеміз. Оның мәнінде біз егер де Жаратушы, адам, қоғам және билік арасында үйлесімді, әділ қарым-қатынас болмаса, онда ерте ме, кеш пе үлкен күйреуді күтуге болады деген ой жатыр.

Жалпы, мен қазіргі заманымыздың көптеген кеселдерінен, адамгершілік-имандылық құлдыраудан немесе экономикалық қиыншылықтардан арылудың жолы елімізде исламды дамыту мен нығайту арқылы келеді деген ойдамын... шынымды айтсам, маған адам ретінде Исламды түсінуіме жол ашқан Алланың барша мұсылманға берген уақытын тиімді өткізу оңайға соқпайды. Президенттің туысы ретінде, мен елдегі қалыпты және қиын жағдайларды іштен көріп, сезіп отырамын. Өйткені саяси элита үшін негізінен намаз оқушылар немесе сақал өсіргендер көп жағыдайда "оның әлемінен емес", тіпті кей жағдайда экстремист, уахаббист болып көрінеді. Мәселенің бұлай болуына себеп – жоғары білімділер мен жоғары зиялыларға Ислам дінінің ақиқатын түсіндіретін мұсылман қайраткерлердің, айтулы мамандардың шықпауында. Егерде біз айтып отырған адамдарға Құранның қағидаларын негіздей отырып, олардың діни сауатына сәйкес уағыз жүргізілсе, қазіргі тілмен түсіндірілсе, олар осы айтып отырған мәсе-

лелермен келіседі. Сонымен қатар бір қуанышты жағдай – кейінгі уақытта әлита арасында Ислам құндылықтарына деген бетбұрыс үрдісі қарқын алып келеді. Бүгінде бұл дүниенің байлығына тойған адамдар, рухсыз болашақтың жоқтығын түсінуде. Бұл жерде біздің парызымыз – оларға тек көмектесу", – дейді. Бұған еш нәрсе қосып ала алмаймыз. Иман Аллаһтан десек, иманы оянған әрбір адамның тура жолдан адаспай ақиқатпен жүруіне уағыздың бүгінгі тілі қажет.

"Егемен Қазақстан" газетінде (41) ұлтшыл азамат, көрнекті ақын Темірхан Медетбектің "Ер жігіттің ішінде ат басындай шер өсер" атты толғау мақаласында: ...Көкірегі мен жан-жүрегіне қазақтың қабат-қабат қалың уайымы мен қатпар-қатпар қалың шерін құйып алған, саусақпен санап алардықтай қадау-қадау ақберен перзенттеріміздің бірі және бірегейі, сөз жоқ, тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев" дей келе өзінің тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қиыр мекен Маңғыстауда аға газеттің меншікті тілшісі болып жүргенде Елбасы Н.Назарбаевтың Ақтау қаласында "Дикфа" шағын пластмасса зауытының ашылуына келгенін жазады. Сонда сол түбектегі қос атауды алып тұрған атақты Кобзарь Шевченкоға қатысты мәселе көтереді. Ол қаланың атына қазақша атау болатын. Көп ұзамай Шевченко қаласы Ақтау болып өзгертілді. Ал жаңадан ашылған зауытта қазақ жастары жоқтың қасы екенін де Т.Медетбек Елбасына жеткізеді. Президент: "Оны мен де байқадым, басшыларына айтып кетем", – деді. Бұл солай болған да еді.

Ия, ол кез елдің әбден сіңірі шығып, экономикалық жағынан да, саяси әлеуметтік жағынан да жарға тірелгендей тығырыққа кептеліп тұрған кез еді ғой. Не дегенмен, адам жады бір-ақ сүйем келте-ау. Енді бүгін аспаннан аяғымыз салбырап түсе қалғандай, бейне бір ол қиыншылықтардың бірде-біреуі болмағандай, көкірек қағып, кергіп сөйлейміз. Сол қиыншылықтардың қаншама күрмеп байланған түйіндерін шешкен Нұрсұлтан Назарбаев болатын. Қолы талып бара жатса, тістелеп жүріп шешті! Бұл – шындық! Оған өткен жолдарыңызға мойыныңызды шамалы бұрып қарасаңыз, бәрі де көз алдыңызға келе қалады. Одан әрі ақын Нұрсұлтан Назарбаевтың "өткенге үңіліп, бүгінді бүтіндеп, ертеңнің қамын жеп келе жатқан, үлкен әріппен жазылуға тиіс Ұлт перзенті! Шын мәніндегі Ұлт Перзенті! Мен бұл сөздерді Елбасының әйтеуір мақтауын асыра қою үшін айтып

отырған жоқпын, менің мақтауыма тіпті де зәру емес. Ол халықтан да, әлемдегі талай-талай дуалы ауыздардан да тиісті бағасын әлдеқашан алып қойған" деп жазады. Сөйтеді де ол үлкен әріптермен жазылар Ұлт перзенті деген сөзіне төрт дәлел келтіреді. Ол төрт дәлелге де өзін қазақпын деп ойлайтын кез келген азамат кідіріп-мүдірместен қол қоятынына титімдей де шәк келтірмеймін дейді Медетбек.

Оның біріншісі, Астана қаласы. Алматыдан Астанаға көшірудегі көрегендігі мен батылдығы дейді. Екіншісі, оралмандар мәселесі. Отанына шақырып, қолдан келген көмегін жасап отырған елдер әлемде санаулы. Олар: Германия, Израиль және Қазақстан. Тіпті Елбасының қазақ үшін жаны қалмайтынын Т. Медетбек бірер жыл бұрынғы Ауғанстанда кезекті бір аласапыран басталғанда, қауіп пен қатер астында қалған бауырларымызды арнайы ұшақ жіберіп алдырғандығының өзі неге тұрады деп дәлел келтіреді. Үшіншісі, шекара. Алып елдер Қытай, Ресеймен арадағы шекараларды белгілеу. Сабырлы салиқалық, терең түсініктікпен Елбасының шешіп алғандығы. Төртінші, дейді Т.Медетбек, ол – "Мәдени Мұра" бағдарламасы. Бұл әрине, келер ұрпақты ғасырлар қойнауында шаң мен тозаң басып жатқан рухани құндылықтырын тірнектеп жинап, сүзгіден өткізіп, ғылыми жүйелеп, оларды бүгіннің, ертеңнің рухани несібесіне айналдыруға қадам жасамақ. Келер ұрпақты ұлттық топырағымыздың нәрлі, қуатты құндылықтарымен қоректендіруге күш салады. Өткеннің рухымен қоректенген ел ғана ертең қайратты болмақ. Өйткені өткен тарих пен мәдени мұра мемлекеттің де, ұлттың да өзегі деп ой түйіндейді автор. Ойшыл ақынның терең парасатпен жазған осы мақаласын оқыған әрбір саналы қазақ азаматы түйсінер, елімнің тыныштығын берсін, енді рухымды түсірмеспін, бәріне шүкіршілік дері сөзсіз.

Бұл мақаланы оқып отырып Т. Медетбектің образды сөйлеп, тың деректермен қаруланғаны ашық көрініп тұр. Ол саяси сауатты да ақын. Сөзге шебер, нақты мысалдары дөп түседі. Біздер бұл мақаланы том-том ішінен алып ойға түйер дәні жоқ романға да теңемес едік. Қазақша айтқанда айдай анық, күндей сәуле шашқан шындық сөздер. Сол себептен де бұл кітапқа осы мақаладан біраз орын беріп отырғанымыз. Сөзіміздің нақтылана түсуі үшін оқырман айыпқа бұйырмас деген ниетпен мақаладан біраз мәтінді қысқартусыз беруді жөн санадық: "Осы жерде менің есіме

өткен Парламент сайлауы тұсындағы бір әңгіме түсіп отыр. Қандай сайлау тұсында да саяси әңгімелердің өрт мінезденіп, қызара алаулап, құйындай үйтқып өршіп кететін әдеті ғой. Тіпті от басы, ошақ қасында жүрген салпыетек әйелдерге дейін саяси өсектерді қазанындағы сорпасымен бірге сапырып кететіні белгілі. Міне, сол кезеңде Өзбекстаннан Түркістан маңындағы бір ауылдағы сүйектес жақын ағайындарының ас жиынына ма, әлде тойына ма бір қадірлі ақсақал келе қалды. Үй толы адамдар ә дегеннен-ақ, бәрін былай жинастырып қойып, бір кірсең қайта шығармайтын саяси әңгімелердің қитұрқы иіріміне күмп береді. Мұндайда шабын шайтан шабақтап, бүйірін түлен түртіп отыратын шайпау да кесірлі сөз айтып, кесапат мінез көрсетпесе іші өтіп кететін керауыз да табыла кетеді ғой. Сондайлар ананы бір шарпып, мынаны екі шарпып, төмендегілерді де, жоғарыдағыларды да тіс шұқуға жарамайтын көкжасық шөптің сабағындай іске татығысыз етіп тастайды. Ешкім тоқтау сала қоймағаннан кейін олар тіпті қызара бөртіп, құлшына сөйлеп, өндіршектерін үзілердей созып өңештеп кетеді. Сол кезде Өзбекстаннан келген қадірлі ағайынның дауысы шаңқ ете қалыпты. "Әй, өңкей шіріктер, тезек домалатқан қоңыз құсап сендер осы нені мүңкітіп отырсыңдар. Ішкендерің алдарыңда, ішпегендерің арттарында, әбден-ақ мастанған екенсіңдер. Сендер түгілі, сендердің әкелерің маған қонаққа келе қалса, мынандай ас та төк дастарқан көрсетпек түгілі, тышқақ лақ сойып бере алмаймын. Мына үстімдегі жабуымды неге тастамай отыр дейсіңдер. Ал көріңдер әйтпесе", – деп көнетоз шекпенін иығынан сілкіп тастап, жүртқа арқасын тосқанда, отырған қалың жұрт ләм дей алмастан, көздерімен жер шұқып отырып қалыпты. Ақсақалдың әбден тозығы жетіп, іріп кеткен көйлегі өрім-өрім боп үстіне әзер ілініп тұр екен...

Әрине, проблема жоқ емес, бар. Бірақ бәрін түкке алғысыз етіп тұралатып сөйлеудің не қажеті бар. Мен бұл сөздерді оппозицияға қаратып айтып отырмын.

Сөз жоқ – оппозиция керек. Оппозициясыз демократия болмайды...

...Қандай демократияңыз да заңға бағынуға тиіс. Заң аясында жұмыс істеу керек. Заңсыз бетімен кеткен демократия нағыз түкті құбыжыққа айналатынын шыққыр көзіміз көрді ғой. Демократияға, ең алдымен, ұлттық рухты егу керек. Ұлттық рухсыз демократия дегеніміз ұлттың барып тұрған қаскөй қас жауы. Мұны түсінбеу сорақылық. Өйткені

ұлттық рухсыз демократия сырттан келген немесе іштен шыққан жат пиғылды айқайшыл біреулердің қолындағы қара шоқпарына айналады да, ұлттың маңдайын қақ айырып жібереді. Егер біз мәселені дәл осы тұрғыдан қояр болсақ, бүгінгі "Демократия! Демократия!" деп айқайын бұлттан ғана емес, мұхиттан асырып жіберетін оппозиция, егер ұлтқа жаны ашитын болса, сөз таба алмай күмілжіп жерге қарары сөзсіз. Олай демей не дейін, сенбесеңіз, оппозиция ұсынған Конституция жобасын қараңыз. Ұлт мүддесін қорғайтын бір түйір ештеңе таппайсыз. Есіңізде болсын, Ұлттық мүддені қорғамайтын Конституция – ұлтқа қарсы жұмыс істейтін Конституция. Бұған шерленесің бе, шерленбейсің бе? Мен кезінде "Ақ жол" партиясын қолдайтын хатқа қол қойған адаммын. Несін жасырам, олардан көп үміт күткендердің бірі болатынмын. Көп ұзамай-ақ өздерінің арасы әре-тәре боп кетті. Бір-біріне тас лақтырып, бір-бірін ғайбаттауға көшті. Мен өз басым, ондай берекесі кеткен жерден баталы сөз де, бәтуалы әрекет те күтпеймін. Мәселен, олардың түу Мәскеуге барып, "Эхо Москвы" радиосы арқылы Назарбаев Қазақстаннан миллиондаған орыстарды қуып жіберді деуі бәтуалы сөз бе? Былжырақ! Назарбаев орыстарды қуып жатыр дегенге кім сенеді? Қас жауы да сенбейді. Мен сонда олардың ұлт тағдырының ертеңін ойламайтын тайыз қылықтарына қатты ренжідім. Басқасын былай қойғанда, олар өздерінің осы сөздерімен, ең алдымен, орыстардың ұлттық намысын қорлағандарын білер ме екен? Орыстар басқа жұрттар сияқты өздерінің тарихи отандарына оралып жатса, оның несі айып?

Оппозицияға тағы бір таңғалғаным, бірқатар елдерде, әсіресе, іргедегі Қырғызстанда болған түрлі түсті революцияға алақайлап қол соққаны. Апыр-ау, сол азаматтардың түрлі түсті революция дегеннің түрлі-түсті кино қызықтау емес екенін білмегендері ме?! Қазір кез келген экономист те, саяси технолог та онсыз да тұралап жатқан Қырғызстан экономикасының он жылға кері кеткенін жарыса айтып жатыр. Ал олар болса қол шапалақтап, бөріктерін аспанға атып қуанды. Оу, ол жерде қан төгілді ғой. Содан имену керек еді ғой...

...Біз әлі күнге революция дейтін сөзді соншалықты мақтанышпен, соншалықты пафоспен кеудемізді керіп тұрып айтамыз. Кеңес заманы әбден құлағымызға құйып, миымызға сіңіріп жіберген идиология. Жетпіс төрт жыл бойы Ұлы Октябрь революциясын мақтап-марапаттағаннан сана-

мызда қасат қар боп қатып қалған әдет. Әйтпесе, әсіресе, ел тыныштығын, оның бүгінін ғана емес, ертеңін де ойлайтын адамға революция деген сөзден өткен жексұрын сөз болмауы керек. Барлық революция солай. Өйткені революциямен бірге қантөгіс, зорлық-зомбылық, қиянат, зұлымдық ілесе келеді. Революция кезінде ол құбылыстарға тосқауыл қою мүмкін емес. Сенбесеңіз, бүкіл революциялардың тарихын парақтап қарап шығыңыз. Француз революциясының жалынды көсемдерінің бірі Робеспьер өзінің соңғы сөздерінің бірін "Республика өлді. Енді қарақшылардың билігі үстемдік етеді" деп аяқтаған.

Революция қай елді де тұралатып қоймайды, ақырында ол диктаторды алып келеді. Француз революциясы Наполеонды, Германиядағы революция Гитлерді, Ресейдегі революция Сталинді алып келді. Біздің тұсымыздағы Пиночет те сол революцияның ақырын адам айтқысыз қанды қырғын мен қасіретке ұластырды ғой. Азамат соғысы басталды. Әкесін баласымен шабыстырып, баласын ағасымен атыстырып қойды. Олар бізге де жетті. Сонан кейінгі аштықтан қырылдық. Халқымыздың бетке шығар қаймақтарын сыпырып алып кетті. Соның бәрі революцияның нәтижесі. Сондықтан "Революция! Революция!" деп қуана қол шапалақтау сол аштан қырылғандар мен арыстарымыздың рухтарын қорлағанмен бірдей естілетінін ұмытпаған жөн. Біз эволюциялық жолмен дамуымыз керек. Тек эволюциялық жолмен! Оның үстіне біздегі билік басында тағын мүк басып кеткен монарх емес, демократиялық жолмен қалың халық сайлаған Президент отыр ғой. Оппозиция қанша жанталасқанмен, халықтың қалың тобын соңына ерте алмауда. Неге? Өйткені олардың ұсынып отырған саясаты Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынып отырған саясатына төтеп бере алмауда. Саяси жеңіліске ұшырауда. Мұны көзі ашық, көкірегі ояу жұрттың бәрі көріп, бәрі біліп отыр. Көріп, біліп отырғанын осы жолғы Президент сайлауында да танытты. Сайлауға қатысқандардың 91,15 пайызының Нұрсұлтан Назарбаевты жақтауы оппозицияның күйрей жеңілгенін көрсетеді" деп жазады Т. Медетбек.

Міне, ақын Т. Медетбектің мақаласы қаншама мәселелерді қамтып өткен. Сол революционерлердің жердің ішекқарнын ақтарып, халықты қан-жоса етіп өмірден өткенде не ұтқанын білеміз бе? Әрине, білеміз. Олардың рухының жоқтығы, ұлтын сүймейтіндігі, қызғаншақтығы, әпенділік-

тері халықтың жадында қалады. Бір таңданар нәрсе сол революционерлердің барлығы – Құдайға қарсы шығып, қарғысқа ұшырағандар. Оған да дәлел ретінде атеистердің сөйлеген сөздері мен қағазға жазып қалдырған жазбаларынан алынған деректерді алдыға тартуға болады. Осыдан бірер жыл бұрын Елбасы Н.Назарбаев "халықтан жасыратын ештеңе жоқ" атты сұхбатында мынаны айтты: ... "Мысалы, Қазақстанның төңірегіндегі концентрационный лагерьлерді айтайық. Ол лагерьлердің барлығын Қазақстанда Сталин тұрғызды. 1930 жылдары Қазақстандағы лагерьлерде бір жарым миллион адам отырды. Біздің мемлекет, біздің өкімет, Кеңес өкіметі өз халқын жойды, өзін-өзі жеді. Біз бұған Сталин ғана жауапты дейміз. Жоқ, қазіргі деректерге қарағанда, Лениннің барлық революциясында "кулактардың барлығын атып, қырыңдар, он адамның бір адамын оныншы адам деп санап,оныншы адамды өлтіріңдер, осы уақытқа дейін неге атпадыңыздар, мынау қазақтарды неге қырмадыңдар" деген сөздер жазылған. Елге қанша айтсам да, әйтеуір түсіндіре алмай жүрген сияқтымын. Бізді де тәрбиелеген сол кеңес өкіметі, біз де коммунистік партияның идиологиясында жүрдік. Дегенмен, ойлап қарасаңдар, егерде 1917 жылы төңкеріс болмаса, Ресейдің өзінде Столыпин бастаған реформа жүзеге асқан болар еді. Мүмкін сонда Ресеймен бірге біз де Батыс мемлекеті деген күнге жетер ме едік. Бұл 1917 жылы күрт тоқтап қалды. 75 жыл бойы біз бір орнымызда тоқтап қалдық. Сондықтан бізге асығу керек, мынау реформаны тез жүргізу қажет. Жекешелендіруді тез жүргізу қажет. Жекешелендіру дегенді барлық дүниемүлікті біреуге бөліп беру деп ойлайды кейбіреулер. Олай емес, әр нәрсенің өзінің қожайыны болуы керек. Сол қожайын болған адам халыққа жұмыс береді. Жұмыс бергеннен кейін жақсы істеп, жақсы ақша тауып, экономикалық жағынан тәуелсіз болғаннан кейін, ол адам еш нәрсеге тәуелді болмайды. Кемеңгер адамдардың барлығын оқып отырсаңыз айтатыны адам баласының бостандығы – ең зор бақыт – бас бостандығы дейді. Ендеше, қазақтың баласы осы бостандықты сақтап қалуы үшін аянбай қызмет істеуі керек. Барлық жасап жүрген жұмысымыз, негізгі мақсатымыз сол".

Мысалы, құдайсыз тәрбиеленген не өзі діннен шыққан сайтани жолды таңдағандардың бірі Карл Маркс болатын. Ол 1871 жылы Париж коммунистерінің "Наш враг – Бог. Ненависть к Богу – начало премудрости" деп жазған ұрандау

сөзін қатты қолдап, қол шапалақтап қарсы алған. Ал Ленин: "Я – личный враг Бога" десе, оның серіктесі Бухарин "Не только любовь к Богу, но и любовь к ближнему, опаснейший враг коммунизма" деп сайраған. Қызыл крестің санағы бойынша, бұрынғы КСРО-да марксизмнің идеясынан (соғыс кезеңін алмағанда) 49 миллион адам қазаға ұшыраған. Міне, құдайсыздардың істеген зобалаңының көрсеткіші. Сол идея ықпалында әлі де жүрген ағайындар бар. Қазір екіге қақ айырылған атеистер партиясы мына төмендегі Лениннің айтқан сөздерін біле ме екен? Біз Лениннің халықты мазақ қылған, өзінің бұл өмірді сайтани жолмен сүргендігін анық көреміз, "Новое время" журналынан үзінді ұсынамыз. (42)

"Каждая кухарка может управлять государством" "Москвичей за глупость на 6 часов клоповника" "... Надо расширить применение расстрела с заменой высылкой за границу" "Дополнение к проекту вводного закона к Уголовному кодексу РСФСР. Добавить: расстрел за неразрешенное возвращение из-за границы". "Надо расширить применение расстрела ко всем видам деятельности меньшевиков, и т.п." "Первого меньшевика мы повесим после последнего эсера". "Надо поощрять энергию и массовидность террора". "Провести беспощадный массовой террор..." "Суд должен не устранить террор, – обещать это было бы самообманом; а обосновывать его принципиально, ясно, без фальши и прикрас." "Поручить Склянскому, Маркову, Петровскому и Дзержинскому немедленно арестовать несколько членов исполкомов и комбедов в тех местностях, где расчистка снега производиться не вполне удовлетворительно. В тех же местностях взять заложников из крестьян с тем,что если расчистка снега не будет произведена, они будут расстреляны".

"Тов. Троцкому. Нельзя ли мобилизовать тысяч 20 питерских рабочих и несколько сотен буржуев, поставить позади них пулеметы, расстрелять сотню-другую и тем самым мобилизовать войска на победу?". "Расстреливать... колеблющихся, никого не спрашивая и не допуская идиотской волокиты". "Надо научиться торговать". "Нельзя допустить торгашества". "Величайшая ошибка думать, что НЭП положил конец террору. Мы еще вернемся к террору и террору экономическому". "А на ваши литературные круги мне наплевать!" "Нам сейчас театры не нужны". "Статей и отзывов ни о каком искусстве в нашей газете быть не должно". "Но часто слушать музыку не могу, действует на нервы,

хочется милые глупости говорить и делать и гладить по головкам людей, которые живя в грязном аду, могут создавать такую красоту. А сегодня гладить по головкам никого нельзя руку откусят, и надобно бить по головкам, бить безжалостно..."

"Декреты – говно" "Ведомства – говно" "Интелигенция – говно".

Міне, алданған халықтың сүйікті Ленині осындай кешірілмес күнә істеді. Оны сонда да ақтап алғысы келетіндер бар. Неге? Сауатсыздық. Ленинсіз өмір сүрген қаншама мемлекеттің алға дамып кеткенін есепке алмаушылық. Бізде басшы болса болды, соның соңынан "құлдық" ұратын адасушылық ауруы қалыптасқан. Ал Сталин ше? Сталин соғысты жеңген мыс. Немен? Қалай? Кімнің арқасында? Оны ойламаймыз. Діни гимазияны шала оқығанын алға тартып, діндар болған деп соғамыз. Діннен шығып кеткенін айтқымыз келмейді. Біздер айтпасақ, басқалар айтып жатыр. Сонау Хрущевтан бері. Соның бірі 1976 жылғы атақты И. Глазуновтың 54 персонаждан құралған суреті. Олардың ішінде Исус Христос, Ленин, Лев Толстой, Сталин, Хрущев, Гитлер. Және... Солженицын бар еді. Бұл туралы ол "Аргументы и факты" газеті (43) былай деп жазды: "Когда я попытался выставить "Мистерию XX века" в выставочном зале на Кузнецком мосту (кстати, эту выставку я ждал 10 лет!), приехала огромная комиссия: " Что это такое? Ленин изображен как Сатана, Сталин в луже крови... А если вы не уберете матерного врага советской власти Солженицына и не замените его на образ Леонида Ильича Брежнева, картина никогда показана не будет".

Илья Глазунов өзінің портретіндегі суреттердің бірін де өзгертпейтінін мәлімдейді. Дүние жүзі баспасөзінде үлкен шу шығады. Саяси бюро И. Глазновты диссидент жасамай, Москвадан Сібірге жер аударып жібереді. Бірақ ол БАМ-да жүріп өндіріп жұмыс жасады. Ал "Мистерия XX века" картинасы қайта құру кезінде көрмеге қойылды.

Ал бұрынғы Орталық Комитеттің саяси бюросының мүшесі Александр Николаевич Яковлев өзінің сұхбатында (44) мынадай деректерді алдыға тартады: "В войне с Германией погибло не менее 30 миллионов человек. И как за это можно хвалить великого полководца всех времен и народов Сталина? Это было преступление. И каких-либо похвал Сталину вы от меня не дождетесь. Пусть люди что хотят, то и

говорят. Это же надо, не уставя лично подписать 336 списков на расстрел 44 440 человек во время репрессий в 1937–1938 гг.! Это же документ. И я хочу сказать людям, которые сейчас на митингах и разных сборищах таскают портреты Сталина: это вы держитесь не за древко, а за кость...ноги расстрелянного Сталиным человека".

Соғыс кезінде әскери трибунал арқылы 994 000 совет әскери қызметкерлері сотталса, оның 157 000 өлім жазасына кесілген. Берлин операциясындағы шығын (16.04 пен 8. 05. аралығында 45-жыл) 361 367 солдат болды. Берлинді бірінші алу үшін мыңдаған адамдардың өліміне әкеп соқты. Ақылмен емес, санмен алынды. Бұған не дейміз? Қазақ тарихшысы, Академик Манаш Қозыбаев (45) "председатель Совета Народных комиссаров доложил Сталину, что потери составляют 15 миллионов человек. Сталин сказал: "Слишком мало". И на Парижской конференции 1946 года Молотов заявил, что военные потери Советского Союза равны 7 млн. Но мы потеряли огромное количество мирного населения – 19 миллионов! В общей сложности – около 27 млн.человек".

М. Қозыбаев бұл цифрды А. Яковлевтен бұрын айтқан. Екі кісінің де деректері бірдей. Қазақстаннан әскерге кеткен 1 млн. 336 мың адамның 603 011 соғыстан оралмады. 1930 жылы Қазақстанда Қарағанды облысының Осакаровка ауданында Карлаг құрылды. Соғыс алдында 36 лагерь болған. Оның 16-сы "айрықша" деп аталды. Қазақстанға жер аударылғандар саны 1 миллион 210 мың адамды құрады. Қазақстандағы әрбір бесінші арнайы жер аударылғандар еді.

Бұл Сталиннің зұлымдығын айта берсе таусыла ма? Бірақ, шындық әйтуір бір жарқ етіп шығады. Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әли өзінің "Иірім" атты эссе кітабында (46) бұл қанды оқиғаны айналып өте алмапты. Сол кітаптағы "Отызыншы жылдар ойраны" атты көлемді зерттеуінде: "...аға буынның басым көпшілігі, кейбір жерлерде тіпті түгелге жуық, "халықтар көсеміне" шаң жуытқысы келмейді. Негізінен отызыншы жылдардың екінші жартысынан басталып, елуінші жылдардың бас кезіне шейін үздік-создық жалғасып келген қанды қасапқа Сталиннің өзі емес, оның айналасы кінәлі дегісі келетіндер әлі күнге аз емес.

Осы өткен жазда қаламызға Қарабұтақтан келіп демалып жатқан ескі интеллигентпен таныстым. Көп жылдар бойы Кеңес қызметінде болған, көзі ашық көңілі таза сол

азаматтың Сталинге деген мызғымас махаббаты мені таң қалдырды. Бірақ қуантпады. Ақылға сыймайтын бір жәйт: әлгі қайсар қазақтың өз әкесі де, әйелінің әкесі де отыз жетінші жылы "халық жауы" деген масқара айып тағылып, жазықсыздан-жазықсыз атылып кеткен... Сөйте тұра:

– Сталин көп нәрсені білген жоқ, білсе олай істемеген болар еді! – дейді.

Отызыншы жылдары оқыс бас көтерген лағынет нәубетке тек қана Ягода, Ежов, Берия, Абакумов, Мехлис, Вышинский, Ульрих, Каганович, Шкрирятов,... сияқтылар ғана кінәлі. Олардың не істеп, не қойғанын Сталин мүлдем хабарсыз болды деу тіптен ақылға сыймайды. Ауыл-аймақ, көрші-қолаңнан басқа ешкім таныс емес бір Иван мен Микола, бір Мәмед пен бір Карапетті, бір Ян мен бір Василь, бір Тәшмөт пен бір Сейсенбайды үн-түнсіз атып тастағанын Сталин білмесе білмеген шығар. Тіпті білмей-ақ қойсын!

Бірақ!...Қадыр Мырза Әлі Сталиннің жауыздығына жүздеген мысалдарды келтіреді. Бәрі де дұрыс. Бұлтартпас фактілер. Жоғарыдағы Яковлев пен Қозыбаевтың келтірген цифрларын толтырған адам өлімдері. Мың, миллиондап қырылып, атылып, ұрып, соғылып жатса да Сталин білмепті. Бәрін білген. А. Яковлев Сталиннің 336 папкіге қол қойғанын халық алдына жайып салды. Елдің үркіп, шошып қалғаны сондай, Сталиннің бар қылмысын өздері өліп кетсе де жасырумен келген. Әлі де көрінен тіріліп кететіндей абай жүреді. Идолға табыну, міне, осындай қауесетке әкеліп соқты. Ол – ол ма, жала жабылып 25 жыл сотты болғандар Сталин өлді дегенде еңіреп тұрып "жылаған". Адамға табынудың құрбандары деген осы!

1925–1929 жылдары саяси бюроның құрамына кірген жеті революционерден отызыншы жылдардың басында Сталиннің өзінен басқа бір адам қалмаған! Сол жылдары Сталиннің жандайшаптары талай адамды атып, түрмеде шіритіп жіберген. Сұмдық!

Қадыр Мырза Әли көптеген фактілерді алға тарта отырып, саяси қайраткерлер ғана емес, профессор, жазушы, комсомол қызметкерлерін азаптағанын жазады. Осының бәрін Сталин білмеуі мүмкін емес еді.

Мырза Әли Қадыр: "Әкесі үшін баласы жауап бермейді"деген жай бос сөз ғана. Сталин оны елдің көңілін аулау үшін арамдықпен, жәдігөйлікпен айтқан. Шындыққа жүгінер болсақ, ері үшін әйелдер, әкесі үшін жауап берген

балалар толып жатыр" дейді. Бәрі де рас! Біздерде адалды көре алмаушылық бар. Арамнан қорқа ма, оларды ақтаушылар да жетеді. Бірақ адалдық әр кезде арамдықты күндердің күнінде жеңіп отырған. Халыққа озбырлық пен қиянат әкелген залым басшыларды ақтаудың қажеті жоқ. Олардың судай ағызған қандары әркезде солармен қосыла айтылып отырылуы қажет. Ендігі жерде оны қайталамас үшін. Бір адам бір адамды абайсызда өлтіріп алса да сотталып жатады. Ал Ленин, Сталин дегендер ел басқарғаны үшін "арам" болса да өз жазасын тартпауы керек сияқты. Жазалау болмасын, бірақ жасаған қылмысты айту міндет. Шындықты айтпаған арам болады. Адам өзіне күнә жүктейді. Олай болса, жазықсыз халықты азап пен тозаққа салған, ел басқара алмаған Ленин мен Сталин, Гитлер мен Муссолинилер еш уақытта "ұлылар" қатарында болмауы тиіс. Олар қанішер "тиран" ретінде тарихта қалуы керек. Қазір бізге өмір бақи не керек? Тыныштық! Ел бірлігі!

Әйгілі ақын, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұхтар Шахановтың "Евразия" газетінің тілшісі Гүлжан Көшеровамен болған сұхбатта төмендегіні айтқанын ұмытпайық (47). "Қандай оңай шатастыру халықты, Қорғаушыдан қиратушы даңқты". Яғни, қиратушылар күні бүгінге дейін даңқа ие. Мәселен, Шыңғысхан, Напалеон, Гитлер... Адам баласы жақсылықты тез ұмытып кетеді. Жамандықты есте ұзақ сақтайды. Иса Пайғамбар күн сайын алапеспен ауырған он адамды емдеп жазып отырған. Сол он адамның тоғызы рахмет айтуға жарамаған екен... Бұған жоғарыда айтқан Ленин мен Сталинді қосыңыз. Сол дінсіздер, адам қанын судай ағызғандар әлі күнге дейін дәріптеледі. Халықтың бұл арда еш күнәсі жоқ. Оларды жақсы етіп көрсететіндер билік басындағы шенеуніктер.

2005 жылы өткен Президент сайлауында өзара сынға түскен бес үміткердің ішінен Н.Назарбаев оқ бойы озып шықты. "Алаш үні" газетінде (48) белгілі ақын Ерік Асқаровтың "Қазақстан ғасыры" атты публицистикалық поэмасы жарияланыпты. Сонда:

Алла біздің халыққа игендігі,
Тәуелсіздік қолына тигендігі.
Тәуелсіз ел тізгінін Сізге берсе,
Сіз де Алланың, Нұр-аға, сүйген құлы, –

деп жазған екен. Аллаһтың сүйген құлы деуінде үлкен мән

жатыр. Ол халықтың жағыдайын ойлаған, елдің намысын жыртқан, әлемде аса беделді адамға қарата айтылар сөз.

Қазақстандық оппозиция өкілдері Елбасын біржақты сынаудан басқа түк бітірген емес. Елбасы барлық жағыдайды жасап келеді ғой. Қанша ақша табамын десең өз еркің. Үкіметке салығыңды төле. Қазақтың басында болғанды еш халыққа тілемейік. 1920–21 жылдардағы, 1929–32 жылдар арасындағы аштықтан шыбындай қырылған қазақ емес пе еді? 1937 жылғы сталиндік репрессия – ату, қыру, жою. Содан соң 1941–45 жылдардағы соғыс. Оның алдындағы Ленин құрған болыневиктер революциясы. Ақ пен қызылдар қырғынын неге естен шығарамыз. Осындай тарихи ауыр кезеңдерді тез арада ұмытуға бола ма? Одан бергі "тың" игерудің зияны қанша болды. Міне, осындай ұр да жық заманнан әупірімдеп зорға құтылған елдің жақсылығын көрмейтін, тек қана Президентімізді біржақты сынайтын оппозиция мүшелеріне жаның ашиды. Ақ пен қараны айыратын, иманжүзді намаз оқитын қазақтар мен басқа да ұлт өкілдеріне Аллаһқа құлшылық етіп, намаз оқығандары үшін "исламист" деп жала жапқандарға дер кезінде жауап қайтарып, елді құлақтандырып отырғанымыз да дұрыс болар. Бізде діни партия жоқ. Олар айтатындай "тақуа" да жоқ. "Ақ жол Қазақстан" газетінде (49) "Жас қазақ үні" басылымының бас редакторы, Қазбек Иса: "Біздің демократтар Ресей адамдары ма?" деген мақаласында "Саясаткер Дос Көшімінің "біздің оппозиция да, билік те тіл мен діннен қорқады" деп ауыз жиғанша, ақиқатқа айналып отырғанына куә болдық. Қырық қазақ ана тіліне қарсы шыққан Парламенттің парқынан түңілген басын енді сеніп келген серкелердің Ресейге қарап маңырағанын ұрып қойғаннан басқа амалың жоқ... Алтынбек марқұмның: "оппозиция өкілдерінің көбісі Мәскеуде оқыған, сонда жұмыс істеген" деп, сеніміне кіргісі келген сезіммен қолтыққа қойып кеткен төртеуді қосып, жетектеп отырған ресейлік тілшінің: "Біздің адамдар екен ғой", – дегеніне: "Иә" деп жалпылдап, жаппарқұлдық танытуы нені білдіреді?

"Біз болмасақ қарасы көбейіп келе жатқан ислам оппозициясы келеді" деп Алтекең Ресейліктерді немен қорқытты... Әдетте исламның қас жаулары пайдаланатын "ислам оппозициясын" "иманы бар деп жүрген "игі жақсылырымыздың" өзі шімірікпестен саясат құралына айналдыра бастауының өзі көп нәрсені аңғартады...

...Жүре берсең, көре бересің деген осы ғой... Біздің қазақтар Жириновскийден де асып түсті. Орыс тілділердің орайына жығылған оппозиция опа бермейді. Исламмен қорқытатын саясаткерлерге исі қазақ сене ме? – деп ашына жазды.

Естеріңізге сала кетер болсақ, бұл 30 наурыз күні 2005 жылы болған оқиға еді. Бұрынғы Қазақстан республикасы Парламенті мәжілісінің төрағасы, Жармахан Тұяқбай, бұрынғы Парламент мәжілісінің депутаты Б.Әбілов, бұрынғы Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік жөніндегі кеңес хатшысы А.Сәрсенбаев, бұрынғы Қазақстан Республикасының бірінші вице премьері О.Жандосовтар "ЭХО МОСКВЫ" радиосының жүргізушісі Владимир Варфоломеевке берген сұхбатына қатысты Қ. Исаның күйіне жазған мақаласы. Көп ұзамай аты аталған оппозицияның Шымкентте абыройлары айрандай төгілгенін жұрт жақсы біледі. Құдайға шүкір, сондағы болған оқиға арасында "сақалды" бір жас қазақ болмапты. Болғанда жастардың наразылығынан қорқып "тұра" қашқан олар исламистер, экстремистер, терроршылдар деп бәлесін жауып кетер еді. "Караван" газетіндегі (50) А. Сәрсенбаевтың жолдасы Салтанаттың сұхбатын оқып отырып, шынында олардың ислам дініне салқын қарайтынына көзіміз жете түсті. Сол басылымның тілшісі Хельча Исмайловаға Салтанат былай дейді: "...Любимое занятие в семье – в воскресенье мы садились завтракать поздно, в 10 часов. Вставали из-за стола через три-четыре часа. Разговор начинался с того, кто какой сон видел, у кого какой палец болит. Постепенно разговор переходил на глобальные темы. Дочь как-то сказала за столом, что ислам – агрессивная религия, а Алтынбек начал ей рассказывать об истории религии, христианстве, сравнивать... О том, как получилось, что страны, которые проповедует протестантизм, экономически сильно развиты... О том что сейчас происходит внутри ислама..."

Көп нүкте тілшісінің сұхбатында көрсетілген. Оқырмандардың наразылығы туып кетпесін деген болу керек Х. Исмайлова исламға қатысты жерлерді қысқартып берген. Бірақ көп нүкте арқылы осының өзі түсінікті деген мағынаны аңғартқандай. Мұсылмандар шамына тиіп кетсе, А.Сәрсенбаевтың беделі ойсырап қалар деген де ой болған болу керек. Қалай болғанда да А. Сәрсенбаевтың "протестанттарға" (Батыс еліндегі Ұлыбритания мен АҚШ ұстанатын дін) бүйрегі бұрып тұрғанын аңғарамыз.

Ал шындығында христиандардың протестант ағымын ұстанушылардың керемет бай-қуатты тұратыны рас па? Әлде олар өте мейірімді, халқының бәріне жағдай жасап қойып отыр ма?

Европа елдеріндегі кейбір газеттерде Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед Мұстафаға тіл тигізетін, оған хакарат жасайтын және мұсылмандардың ар-намысына тиетін материалдар жарық көрді. Бұл Дания корольдігінде (51) 12 карикатураның жариялануымен басталған. Газеттің Бас редакторы интернет бетінде жарияланған ашық хатында мұсылмандардан кешірім сұраудың орнына өзінше ақталғансып, жиіркеніште карикатуралардың жариялану себебін, Мұхаммед Пайғамбардың бейнесін жасауға талпыныс дегенмен түсіндіргісі келеді Олардың бассыздық әрекетіне өз қарсылығын білдірген Түркияның "Роста" газетінің ұжымы данияның аталмыш "Морганавистен Жуланд Постен" газетін халықаралық сотқа берді. Біз алдымен аталмыш карикатуралар неліктен Дания елінде жарияланды дегенге тоқталайық.

Дания корольдігі аса либералды саяси жүйесімен ерекшеленеді. Онда еркекпен еркектің, әйелмен әйелдің некелесуіне заңды түрде рұхсат етілген. Жезөкшелік, ұятсыздық, жыныстық аурулар, нашақорлық осы елде кең таралған. Халқының көпшілігі діннен безген және сұрапыл әлеуметтік апатқа ұшырап жатқан ел. Соңғы жылдары Дания Европа бойынша, Ислам дінін қабылдауда бірінші орынға шыққан болатын. Әсіресе жастар жағы лек-легімен мұсылмандықты қабылдай бастаған. Бұл Дания Парламентінің де назарын аударды. Олар өткен айларда шешім қабылдап, даниялықтардың Ислам дінін қабылдау себептерін анықтау жөнінде арнайы комиссия құрды. Бұл комиссия бірнеше мұсылман мемлекеттеріне сапар шегіп, Ислам дінінің негізгі қағидаларын зерттеу үстінде...

Осыдан үш жыл бұрын жоғарыда аталмыш газеттің редакциясына Иса пайғамбардың да карикатурасын алып келген екен. Бірақ сол кезде редакция мүшелері жиналыс жасап, бұған діндарлардың наразылығы тууы мүмкін деп шешім қабылдап, жариялаудан бас тартқан.

"Аңдамай сөйлеген – ауырмай өледі" демекші, АҚШ Президенті Дж. Буш та, әйгілі 11 қыркүйек оқиғасынан кейін: "Біз терроризмге қарсы Крест жорығын бастаймыз" – деп, арғы ойынан хабар беріп қойған еді. Бірақ, кейіннен өзінің қателесіп айтқанын мойындап, кешірім сұрады. Оның

артынан Италия Президенті Берлускони: "Батыс өркениеті ислам өркениетінен жоғары" деп қалды. Бірақ, ол да артынан кешірім сұрады.

Осыдан 20 жылдай бұрын үндістандық жазушы Салман Рушди: "Шайтан аяттары" деген атпен кітап жариялады. Онда Пайғамбарымызға, оның жанұя мүшелеріне, сахабаларға, т.б. тіл тигізді. Қасиетті Құранды жамандады. Оны Батыс елдері құшақ жая қарсы алып, кітаптарының сатылуына мүмкіндік туғызды. Бұл да болса Батыстың саналы іс-әрекеті болып отыр.

Ислам діні – ең мейірімді де кешірімді, таза дін. Сондықтан, мұсылмандар ешқашан да басқа дінге немесе олардың пайғамбарларына тіл тигізбейді. Мәселен, біз Иса Пайғамбарға ешқашан тіл тигізбейміз. Себебі, біз оған иман етеміз. Ол – біздің де пайғамбарымыз. Міне, осылайша, біз барлық пайғамбарларды иман етеміз. Бұлай етуіміз – шарт. Сондай-ақ Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген барлық кітаптарға иман етуіміз – шарт.

Тіпті мұсылмандар жаулап алған елдердегі халықтардың ғимараттарына, мінажатханаларына еш тиіскен жоқ. Мысалы, Түркияда бұрынғы Рим империясы, Византия кезінде салынған пұтханалар әлі тұр.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде "Әнғам" сүресі,108-аятта былай дейді: "Ей, мұсылмандар, сендер пұтқа табынушылардың Аллаһты тастап табынғандарын сөкпеңдер. Сөйтіп, пұтқа табынушылар әбден асып, надандықпен Аллаһты сөгеді!" деген (Құран, 6\108). Міне, ислам дінінің әділеттілігі осында. Ал енді "Бақара" сүресі, 285-аятта: "Аллаһтың пайғамбарларынан ешқайсысын өзгесінен айырмаймыз "делінген. (2\ 285). Яғни, Аллаһ Тағаланың елшілерін бір-бірінен айырмаймыз тең көреміз деген сөз.

Ислам дінінде пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның суреті жоқ екені, оны салуға тыйым салынғаны белгілі. Осыны біле тұра, Дания газеті Пайғамбарымызды өте жағымсыз кейіпте беріп отыр". (52)

Бұл Данияның сайқымазақ әрекетін Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының атынан Бас муфти Әбсаттар қажы Дербісәлі де қазақстандықтарды сабырға шақыра отырып әшкереледі.

РУХАНИ ҚАЙШЫЛЫҚ КӨРІНІСІ

Саясат күнде өзгереді, ал дін – мәңгілік.

Нұрсұлтан Назарбаев

... Халық Алласына, Тәңіріне сеніп, ертеңгі күнін, ар жақтағы ана дүниеге баратын күнін ойлап, дүниедегі мынау бүгінгі күннің күйбеңімен жүре бермей, Мұхаммед Пайғамбарымыздың хадистеріне сәйкес өмір сүрсе деймін. Н.Ә. Назарбаев ("Свобода" радиосына берген сұхбатынан)

Сөз сөзді туғызады. Дихан Қамзабекұлының "Діннің түбі бір" атты мақаласы жарияланды. (53) Онда: "Толстой, Шәкәрім танымы тұрғысынан келсек, елді рухани пәктікке жұмылдырған дін – дін де, ақ-қараны шатастыратын "дін" – сандырақ.

... Дін тазасын діннен ізде
Дін шатағын сынға сал.
Анық айна өзіңізге,
Айда ақылды қаттырақ.
Шала дінді пәнде таппас,
Дін тазасын ой табар.
Еркін ақыл тіпті адаспас,
Кезсе кірсіз жарқырап...

Мұны айтқан – *Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы*. Ол бұл ойын 1924 жылы қағазға түсіріпті... Жалпы, дінге қатысты пікір-пайымдарды таразылауда біз тарихи тұлғаларымыздың танымына табан тіреп жатамыз. Бұл ақыл-ой тәжірибесіне, дәстүрге адалдықты танытса керек. Қазақстанда ұлттық ұйысу мен ағаруды күн тәртібіне қойған XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында дін мәселесі болғанымен, діндер мәселесі жоқ еді. Патша өкіметінің қанша жерден қылышынан қан тамса да, мұсылман – мұсылман, христиан – христиан, мәжуси – мәжуси-тын. Әрине, діндер мәселесі сып-ипа жоқ еді деу артық шығар. Біздіңше, оның нышаны ғана болды. Бір мысал келтірейік. Қайраткер Әлихан Бөкейхановтың әйелі – Елена Яковлевна Севостьянова. Ол омбылық оқығанның қызы еді. Сондықтан Е.Я. Севостьянова өз дініне, діліне адал боп қалды. Ел сөзіне қарағанда, Әлиханның шешесі ұлына: "Мойнында кресі бар әйеліңді ауылға әкелуші болма!" деп қатты ұрысқан

көрінеді. Сондықтан Ә.Бөкейхан еліне соғарда орыс әйелін (біреулер "оның арғы тегі – орыстанған сыған" деседі.) Семейге тастап кетіп жүрген. Тағдырға шара барма, ұлт мұңын жанымен түсінген азамат тең құрбы табам деп қиналды ма, жоқ жаза басты ма, мұны бір Алла біледі. Біздің білетініміз: осы Елена Яковлевна Әлиханға болашақ жолы ауыр ашылса да, ұрпақ ізін жалғастыратын Сергей атты ұл және ол қазақ десе қоң етін кесіп беруге бар абзал жан боп өскен, кейін елшіл тұлға - Смағұлдың жары болатын Елизавета есімді қыз сыйлады. Ә. Бөкейханның ұлтпен байланысқан тамырының әсері ме екен, әлде ықпалының күштілігі ме екен, ел ортасында Сергей –Үгідай, Елизавета – Зейнеп аталды. Сөз жоқ, Е.Я. Севастьянова бұра тартса, өзге діннің ұстанымымен шектелушілікке барса, Ә. Бөкейханның қайраткерлігіне зиянын да тигізер еді. Балаларын (әсіресе, Елизаветаны) тамырсыз қылар еді. Абыройына қарай, олай болмады. Ол Әлиханға да, қазаққа да адал болып өмірден өтті... Ал енді Ахмет Байтұрсынұлына түрмысқа шыққан орыс қызы Александра Ислам дінін қабылдап, ресми атын да Бадрисафа деп өзгерткені мәлім. Бұл жерде, әрине, әңгіме екі қайраткердің "қатынға мықтылығы" не "әлсіздігі" турасында емес, қарапайым отбасы жағдайында діндер мәселесінің туындағанында болып отыр".

Бұдан біздер қазақтың біртуар ұлдарының өз діндеріне беріктігін, қандай да қиын заманда өмір сүрмесін, қаншама азап көрсін имандарын жоғалтпағанын көреміз.

Әлемге әйгілі ақын Олжас Сүлейменовтің қазақ журналистері мен басқа да адамдардың тарапынан қатты сынға ұшырағаны бар. Ол өзінің кейінгі сұхбаттарында иманының қатты екенін айтатын болды. "Экспресс К" газетінің тілшісінің дінге қатысты сұрағына: "Недавно ко мне тоже некие "пропагандисты", пытались склонить меня к мусульманству. Я сказал, что давно уже мусульманин (смеется), что и в христианстве побывал, и тенгрианстве, и буддистом был – все освоил" деп жауап берген. Мұндағы біздің айтарымыз. О. Сүлейменовтің күле жауап берсе де, өз иманының ақырында исламға жататындығын жария етуі. Яғни, өзін мұсылман санауы. (54)

Көрнекті жазушы Мұхтар Мағауин "Егемен Қазақстан" газетіндегі "Бақтияр деген балам бар!" толғауында бокстан Афины Олимпиадасының чемпионы, Вал Баркер кубогінің

иегері Бақтияр Артаевтың рингтегі әрбір кездесуін әсіре тамаша суреттеп жазды. Ақырғы финалдық жекпе-жекте ол кубалық Лоренцо Арагонды жеңгеніндегі қуанышын жасыра алмайды. Ойын аяқталуға санаулы секунттар қалғанда М. Мағауин енді жеңіс қолда, ешқандай күмән жоқ деп, "Иә, Алла, иә, Мұхаммед"! дедім күбірлеп деп жазады. Әрине бір Аллаһқа сенетін жазушының ауыз екі айтыла беретін "иә, аруақ, өзің қолда!" аруақ, құдай біздің ұлдың күшін еселеп арттырды – деп те жібереді. Одан біз М. Мағауиннің атына бір Құдайға сенбейді деп кінә арта алмаймыз. Ол, бар сеніммен жігерлене Аллаһ атын, Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) есімін шын ықыласпен айтып отыр. Шүкір! Әйтпесе, кейбір жазғыштар Аллаһ атын атамақ түгілі келемеж етіп жүр емес пе? Бұны не үшін айтуға тура келді. Атақты жазушы Бақтияр Артаев туралы не жазыпты? Қандай ой айтыпты деп оқырмандар міндетті түрде оқыры анық. Осындай жазушылардың өз ата-баба дінін жиі еске алып отыруынан оқырман да, спортшылар да тәрбие алары сөзсіз!

Елбасы Н. Назарбаевтың қазақ халқына, қазақстандықтарға істеп жатқан еңбектері мен жақсылықтары ұшан-теңіз. Әркезде жоғарыда айтқанындай елді имандылыққа шақырып келеді. Түсіндіреді. Шындап айтқанда, қазақ ұлтының маңдайына жазылған, Аллаһтың сыйлаған сүйікті құлы. Оны айтып та, жазып та келеді. 2005 жылы Астанада Қазақстан Ассамблеясының II сессиясында Елбасыдан Құрбан айт пен Рождествоның алғашқы күндерін мерекелік демалыс күндері етіп жариялауды ұсынды. Халық қызу қолдаған осы бір тарихи оқиғаны желтоқсан айының басында мәжілістің бір топ депутаттары қолдап, жалпы отырысқа ұсынды. Онда "Мерекелер туралы" заңға жедел өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде мәселе көтерді. Десек те осы мәселе үлкен дауға айналып, мәжіліс депутаттары екіге жарылды. Қаттырақ айтар болсақ, тағы да имандылар мен имансыздардың ара жігі ашылып, кімнің кім екендігінің "арты" ашылды. Осыған да дауыс беру қиын болды ма? Қазақстандағы екі үлкен діннің ұлы мерекелерін халықтың неге тойламауы тиіс. Сөйтсек, бәрі "заң білгіш" депутаттардың қолында болып шықты. Оңтүстік Қазақстаннан сайланған мәжіліс депутаты Асқар Бейсенбаевты сайлаған сайлаушылар "аһ" ұрды. Әлгі депутат заң шығаратын органның заңсыздыққа барғаны болмайды деп бірденені қоқсытты. Ол

өзінше күнде бұзылып жататын регламентті бұзбайтын "пенде" болып, заңды түрде жұмыс істегісі келіп қалыпты. Ия, құрбан айт пен рождествоның бір күнін халық болып мерекелеу үшін! Сол Шымкенттік кейбір депутат азаматтардың табанында бүрі жоқтығын, не қалың қазақ шоғырланған өлкеде отырып өз ұлтын өзегінен тепкендері бұл бір емес. Ал сол депутаттар "сектанттар" алдында құрдай жорғалай (дінбұзар "мунафиқ" Исматуланы айтамыз) жөнелетінін кім білмейді?! Республикалық 31 каналдан сол сектанттардың заңға қайшы әрекеттерін әшкерелеудің орнына, жаңағы айтқандай Шымкенттік депутат Нұрбах Рүстемов Исматуланы пір (Астағфиралла) санайтындығын аталмыш каналдан сөйлеп, қызғыштай қорғады. Осылай болып па деудің орнына, өзі Исматулла тақсырына (пірлерде қол беру деген болады, тақсыр деп сөйлеу дәстүрі қалыптасқан) сатып әперген "жип" көлігіне қатысты жүртшылық сұрағына: "ақша менікі қалай шашсам, солай шашам" деп өршелене ашу ызамен жауап берді. Тіптен, Исматуланы әулие (Сары әулие, Көзді ата әулие, Қарақан әулие, Қотыр бұлақ әулие, Үңгір әулие, Қазан шұңқыр әулие, Талды бастау әулие, Серік әулие, Аласапыран әулие, Тау әулие, Жылан әулие, Айтқыш әулие, Әпенді әулие, Тарихта аты жоқ әулие т.т сол сияқты таусылмайтын әулиелер сияқты) санайтындар да бар. Міне, осындай пенделердің "теріс" оқығандарынан қаншама адам зардап шегіп келеді.

Бұл – бұл ма, қазақтың тұңғыш космонавты Тоқтар Әубәкіровке қызылордалықтар құрбан айт мерекесі Парламентте қаралатын болса, оған қарсы дауыс бер деп сенім артып па еді? Енді келіп олар тұңғыш ғарышкердің бұл қылығына қынжылып, бармақ тістеп отыр. Осы орайда "Заң" газетінде (56) Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының экс-муфтиі Рәтбек қажы Нысанбайұлының журналист Әлия Сейілханқызына "КГБ-ның генералы болар едім" атты сұхбатында: "Египетте сөйлеген сөзімде, Талғат Мұсабаев Құранды ғарышқа алып шықты. "Құранды түскен жеріне жеткізбесек те, көкке апарып қайттық" деп дүйім жұртты орнынан тұрғыздым. 122 елдің (мұсылман елдері) өкілі "Аллаһу Акбар" деп шулап кетті... деп айтты.

Мұны қосымша айтып отырған себебіміз, ғарышқа бірнеше рет ұшқан Талғат Мұсабаевтың имандылығы. Өз

елінің адал перзенті, мүмін екендігі. Талғат Мусабаев 1951 жылғы 7 қаңтарда Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Қарғалы қыстағында туғаны белгілі. Бүгінге дейін үш рет космосқа ұшты. Ол сол ұшқан кездерінде екі рет экипаж командирі болған. Бұл да екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтін бақ. Сондай-ақ, ол өз серіктесі Николай Бударинмен бір ай көлемінде ашық космосқа бес рет шығып, барлығы 30 сағат 8 минут болған, әрі бұл Гиннесс рекордтар кітабына енгізілген. Ол жоғарғы пилотаждан спорт шебері атанған әлемдегі жалғыз қазақ. Ол космосқа әлемде ең алғаш американдық турист Деннис Титоны аман-есен алып барып қайтқан бірінші экипаж командирі. Көпшілік біле бермейтін НАСА (АҚШ-та орналасқан) дайындық орталығында халықаралық космосқа ұшар алдында Юрий Батурин екеуі американың "құйтырқы" саясатына көтеріліске алғаш шыққандығымен тарихқа енген.Т. Мусабаев – Ресей Федерациясының батыры, ұшқыш-космонавты, Қазақстанның халық батыры – Халық Қаһарманы. Ресей мен Қазақстанның бірнеше облыстары, қалалары мен поселкелерінің құрметті азаматы. КСРО-ның Халықтар Достығы орденінің иегері. Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған, Қазақстанның "Отан", "Барыс" 1 дәрежелі, "Астана" медалі, Австрияның "Күміс қыран" ордені, НАСА-ның арнайы медальдарын алған. Бұны неге айтып отырмыз? Талғат Мусабаевтың осындай бас айналдырар атаққа малданбай, халық перзенті болып қалғандығын елге жеткізу. Талғат Мусабаевтың ғарыштағы ерлігінен (турист Тито туралы) қысқаша цитатаны орыс тілінде берелік. Т.Мусабаев айтады: "Тито мог бы не долететь до Земли, ему с первых часов после полета было плохо. И если бы я не взял с собой на борт некоторые препараты, которые даже не предусматривались в аптечке, не зная, чем бы это закончилось. Неоднократно я делал ему уколы. Здесь пригодились навыки и опыт, приобретенные мною во время многолетней подготовки к длительным полетам. Да и потом, он же рассек себе голову на станции, и это все знают – американцы, кстати, первые написали об этом. Но мы его быстро вылечили, зашили голову, он держался, не жаловался. Иначе по-другому и не может. Это еще несмотря на то, что никто не является профессиональным медиком. Когда мы заходили на посадку, тоже было немало казусов. Мне приш-

лось Деннису прямо в скафандре вкладывать в рот таблетки. Этого не было никогда в истории космонавтики – во время посадки отстегиваться, летать по кораблю, искать таблетки... Так что открыть эту эру легко не получилось, но главное, мы это сделали" (57).

Бұл да айтылуы тиіс. Себебі, қазақтың бұндай ерлігі күнде қайталана бермейді. Тіптен бұл батырлықты мектеп оқушыларының оқулықтарына жазып, жастарға патриоттық тәрбие беруде қолдану керек. АҚШ-тың астронавты Армстронг Айға ұшып барып келген соң, сонда қасиетті Құран-Кәрім аяттарын естіп келіп, Мысырда Ислам дінін қабылдады. Үлкен залда сөйлеп тұрған ол: "О Аллах, я тебя нашел не на Земле, а на Луне!..." и быть не может. Он замолчал несколько секунд, и немного придя в себя, продолжил: "ступил на луну без молитв, а теперь я буду молиться, можете считать меня мусульманином", – деген. (58)

Нобель сыйлығының лауреаты, атақты орыс жазушысы Иван Бунин құранды өзінің өмірінің ең қиын сәттерінде оқып, танысады. 1917 жылы Ресейде революция басталып, ол шетелге кетуге мәжбүр болады. Ол орысша аудармасымен Құранды оқыған соң, Түркияға қоныс аударады. Үш ай мүсылмандар арасында өмір сүреді. Өзінің сол тұстағы өмірі жайында ол былай деп жазады: "Коран поразил меня! Никогда, ни до этого, ни после я ни встречал ничего совершеннее. Три месяца я ничего не мог делать, только жил среди этого удивительного народа, снова и снова перечитывая священные строки...!" (59)

Бунин Константинопольде жүріп "Черный камень Каабы" атты өлеңін жазды:

Он драгоценной яшмой был когда-то,
Он был нензреченной белизны –
Как цвет садов блаженного Джанната
Как горный снег в дни солнца и весны.
Дух Гавриил для старца Авраама
Его нашел среди песков и скал
И гении хранили двери храма,
Где он жемчужной грудою сверкал.

Но шли века, со всех концов вселенной
К нему неслись молитвы, и рекой

Текли во храм далекий и священный,
Сердца, обременные тоской...,
Аллах! Аллах!
Померк твой дар бесценный –
Померк от слез и горести людской!"

Океанограф, натуралист, ғалым, зерттеуші, археолог, режиссер, өнер тапқыш (аквлангті ойлап тапқан) Жак Ив Кустоның өмірі қилы кезеңдерге толы болған. Кусто теңіз флорасы мен фаунасын зерттеген. 1953 жылы "Үнсіз әлем" атты кітабы жарық көріп, Кусто әлем жұртшылығына танылды. Екі жылдан кейін бұл кітап фильм болып түсіріліп, көгілдір экранға шығарылады, ал 1957 жылы Канн фестивалінде "Пальма бұтағын" және американдық "Оскар" премиясын алды. Әлем Мұхиттары жөніндегі зерттеулерді Кусто адамзат үшін игілік деп есептеді және оның тазалығы үшін белсенді түрде күресті. Айта кететін бір жәйт, атақты француз, әлем мұхитын зерттеуші Жак Ив Кусто қартайған шағында Ислам дінін қабылдайды. Ғалым, кемеңгер ой иесінің бұл қадамды жасауына өзіндік себептер болды. Табиғатты зерттеу барысында ғалымдардың ғылыми тұрғыдан түсіндіру мүмкін емес көптеген оқиғаларды кездестіретіні хақ. Мысалы, Жерорта теңізінің Атлант мұхитымен ұштасып жататынына қарамастан екеуінің бөлек, өзіндік температурасы,тұздық құрамы, жануарлар әлемі т.б. бар. Бірақ екеуінің арасында анық белгіленген меже сызығы сызылған екен. 1962 жылы неміс ғалымдары Аден бұғазында (Қызыл теңіз бен Аравия теңізінде) да осындай жағдайға кездескен. Осы тылсым құпиялардың сырын көпке дейін аша алмаған Кусто Ислам дінін ұстанушы досы Мадрис Букайлейге әңгімелеп береді. Мадрис кідірместен "бұның барлығы 1400 жыл бұрын жазылған, "Құран Кәрім" аяттарында айтылған" дейді. Бұны естіген Кустоның төбесіне жай түскендей болады. Кітапты қолына алып, замани ғылымның Құраннан 1400 жылға кейін қалып қойғанына таң қалады. Осы оқиғадан соң көп ұзамай Кусто ислам дінін қабылдайды. (60) Белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеев "Бұл қай қазақ?" (61) деген мақала жазды. Онда ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановқа жасаған қиянат қатты айтылса да шындық еді. Біздер ол туралы газеттен оқып алуын өтінер едік. Біздің айтарымыз Қ. Сәрсекеевтің Алтынсарин мен Шоқанға қатысты жазылғандары. Шындықты бүркемелегенмен тарих бәрібір

өз дегенін айтады. Қоғабай Сәрсекеев мынаны айтады; Смағұл Сәдуақасұлы қазақ халқының ұлттық санасының ояну дәуірінің басында мәдениетті Еуропамен байланыста болған оқыған қазақтардың ішінен Шоқан мен Ыбырайды айрықша бөліп алып, олардың өмірінің соңғы күндерін талдапты: "Өткен ғасырдың екінші жартысында Алтынсарин деген қазақ өмір сүрген. Ол қазақтардың арасынан бірінші болып орыс мәдениетімен жақындасты және славян дінінің миссионерлеріне жан-тәнімен қызмет істеді. Орыс-қырғыз мектептерін ашуға бірінші болып атсалысқан да осы кісі, қазақтарға орыс әрпімен жазуды ұсынған да сол. Ол атақты миссионер ғалым Ильминскийдің досы және сенімді серігі болды.

Сол Алтынсарин өлерінің алдында өзіне бірде-бір орыс,тіпті ең жақын достарын келтірмеуге жарлық берген. Тірі кезінде діннен безген осы кісі жаназасына 99 молда шақырылсын деген өсиет қалдырыпты. Бұл оқыған қазақтың трагедиясы болатын. Бізге оның бұл қимылы қазір түсініксіздеу болар, бірақ көп жылдар бойы орыстармен араласып жүріп, ең ақырында миссионерлердің қазақ халқына зәредей де жақсылық ойламайтынын түсінген болуы керек. Мүмкін оның қазақ деп соққан жүрегі соңғы минуттарында өзінің қылмысына төзе алмаған шығар, сондықтан да ол көп жыл бірге қызмет істеген достарын көргісі келмеген болар. Бізде Алтынсариннен білімі де, атағы да бір кем емес тағы бір қазақ болған, ол – Шоқан Уәлиханов. Шоқан орыстың Шығыстағы отарлау саясатын жүргізуге шын көңілмен араласты. Уәлиханов патша өкіметінің әскери-соғыс министрлігі үшін мәлімет жинау мақсатымен жасырынып Қашғарияға барып қайтқан. Ол Түркістанды бағындырған атақты генерал Черняевтың отрядында офицер болып қызмет істеген. Осы Уәлихановтың өмірі қалай бітті дейсіздер ғой, оның өмірі де Алтынсарин өміріне ұқсас. Өмірден қайтар алдында Уәлиханов өзінің орыс достарының бәрінен бас тартты. Орыс армиясының сырбаз офицері болған Уәлиханов әскери киімін тастап, қазақтың кең қолтық шекпенін, саптама етігін киіп, алыстағы қазақ ауылында дүниеден өтті. Сібір ғалымдарының басшысы Ядринцев "Шоқан Уәлихановтың қайғылы өлімі европалықтар үшін ызбарлы ескерту болуға тиіс" деп жазды Шоқанға арналған некрологта. Ол: "орыс ғалымдары бұл жерде қатты ойлану керек деп жазған" депті.

Ш. Уәлихановты солай дүниеден өтті дейміз. Кейінгі зерттеулер нені көрсетіп жүр? (62) "Тайна Чокана Валиханова" атты мақала авторы Қайсар Құсайынұлы бұл жайды былай деп жазады: "В ноябре исполнилось 170 лет со дня рождения ученого, путешественника и офицера Чокана Валиханова, внесшего большой вклад в историческую и географическую науку России. Но и по прошествии стольких лет в биографии ученого остались белые пятна, сомнение вызывает и причина его смерти. Мы – нынешнее поколение, почему-то недооцениваем своего знаменитого соплеменника. Он был странной личностью, со своими причудами, но и поступками. Чокану Валиханову казахи и русские обязаны дипломатическими миссиями, которых царское правительство добивалось не один век. В 1858 году состоялась его конфиденциальная поездка в Кашгарию.Тогда, впервые после Марко Поло и иезуита Гоеса (1603), ему удалось побывать в этой малоизвестной стране и написать знаменитый труд "О состоянии Алтышара, или шести восточных городов китайской провинции Нан-лу (Малой Бухары) ". Эта работа была высоко оценена востоковедами как России, так и других стран. В 1860 году Ч. Валиханова встречали уже в Петербурге с орденом как отважного путешественника и знатока жизни народов Средней Азии, Казахстана и Восточного Туркестана.

Найденные мною записи в Омском краеведческом музее обьясняют, с чем была связана такая радость: оказывается, до Чокана Валиханова, в 1827 году, Россия безуспешно отправляла в Кашгарию титулярного советника Бубенова. Но ему не удалось перейти границу даже под прикрытием специально снаряженного из Семипалатинска торгового каравана. Однако похвалы и награды вдруг сменились настороженностью царских властей. "Существует версия, что Валиханов умер не от туберкулеза, его убили. Все возможно", – пишет одна из исследовательниц биографии ученного Ирина Стрелкова.

До сих пор никто не может дать внятный, четкий ответ на вопрос: почему Чокан Валиханов стал так вреден и опасен с точки зрения российских властей? Почему его торопят выслать из Семиречья и категорически отказываются принять в Западной Сибири? Нетрудно догадаться, что царские власти вели за ним постоянную слежку. Валиханов, который не мог оставаться равнодушным к судьбе своего наро-

да, стал опасен своим "вредным" влиянием на умы казахов. Именно Чокан Валиханов впервые выработал целую программу развития Казахстана, в которой ратовал за развитие торговли и накопление денежных капиталов внутри страны. Вряд ли кто-либо из казахских султанов имел такую стройную экономическую программу! Валиханов сильно тяготился тем, что преобразования в Степи идут не так скоро, что меры Петербурга встречают повсюду большие препятствия".

Ядринцевті де бұл мәселе ойлантқан. Қ.Сәрсекеев Әлихан Бөкейхановтың осы жолдарды оқып терең ойға қалғандығына таңданады. Ендеше, дейді ол Смағұл сөзі астарлы.

Ақын Серік Түрғынбеков (63) "Мәселен, бір кітап шығарсақ, сол кітаптың бас жағында міндетті түрде Отан туралы, кеңес үкіметі туралы, коммунистік партия туралы, жалпы, сол кездегі уақыттың үніне байланысты бір өлең болу керек. Онсыз кітабың жарыққа шықпайтын. Бұл орайда ақындарға қарағанда мына қара сөз шеберлерінің көбірек астарлап жазуына мүмкіндіктер болды. Бірақ соның өзінде Мұхтар Әуезовтің өзі әйгілі "Абай жолын" шығару үшін данагөй Құнанбайды амалдың жоқтығынан жағымсыз кейіпкер етіп бейнеледі. Әке мен баланың қарсылығын жасап, Құнанбайдың образын "шынжыр балақ, шұбар төс" деп төмендетіп көрсетуге мәжбүр болды. Өйткені Құнанбайды дәріптеу, Кеңес үкіметінің идиологиясына келмейтін"...

Осындайда журналист Өмірзақ Ақжігіттің "Ұлтшылдар дабыл қағады" (64) мақаласындағы мына жолдар еске түседі. "... Мақсаттарымызға жету үшін біз қазіргі елімізде қалыптасып отырған "жұмсақ авторитаризмнің" жақсы тұстарын ұлттық құндылықтарды жүзеге асыру үшін пайдалана білгеніміз жөн. Олай етпесек ұтыламыз. Себебі, біздің демократтар – орысшыл демократтар, олар қазақ халқының мүддесін ойлап жүрген жоқ. Кешегі марқұм Алтынбек Сәрсенбайұлының өзі де орысшыл бағытта жүрді. Шіркін, Алтынбек сол білімімен, сол тәжірибесімен ұлтшылдық бағытты ұстанғанда ғой, ұлттық батырға айналар мүмкіндігі бар еді!" "Жас Алаш" газетінде, атақты журналист, дін мәселесін діңтанушылардан кем білмейтін, өзіміз қатты құрметтейтін Әмірхан Меңдеке "Биссмиллә деп бастадым сөздің басын...." атты мақала жариялады (65). Мақалада қазақтың өткендегі әйгілі ақындары сөз болады. Ә. Меңдеке: "Бисмиллә деп бастадым сөздің басын..." Бұл не? Діндарлық па? Кішілік

пе? Дәстүр ме? Біздіңше, дәстүр. Үлкен дәстүр. Үлкен мектеп қалыптастырған үлкен дәстүр. Майлыкент (Түлкібас) өңірінің ақындары Келімбет те, Белгібай да, Қазақбай да өлеңдерін осылай бастайтын. Ескі ақындардан қалған тірі жұрнақты, осы үш ақынды біз бала кезімізде (7-8 жастамыз) көрдік. Үшеуі де өлеңді гармоньмен айтатын. Кейін біліп жүрміз ғой, мұның бәрі Әлтайдан, Әлтай ақыннан тараған үрдіс екен ғой. Әлтай қайдан алған бұл үрдісті? Өзінің алдындағылардан. Тәкен Әлімқұловтың айтуынша, әйгілі Нартай да осы Әлтайдан бата алған... Бір білетініміз, Келімбет те, Белгібай да, Қазақбай да дінге жүйрік еді. Дінге жүйріктік дегеніміз не? Пәлсапаға жүйріктік. Ақиқатқа құмарлық.... Таяуда "бисмиллә деп бастадым сөздің басын... деп жыры мен әнін қатар төгетін Қаратау ақындарының белді өкілі, ескі дәстүрдің асыл жұрнағы, әйгілі Нұралы Нысанбайұлының шәкірті, дарынды ақын Көпбай Әлімбетовтің (1904–1985) "Ғасырдан ғасырға" атты жинағы Алматыдан жарық көргенде қатты қуандым" дейді. Шындығында, ақынның "Таңғажайып оқиға", "Жұмбақты кісілер", "Шеризат-Күлшәт", "Алмас-Полат" атты дастандары аса құнды. Ә.Меңдеке К.Әлімбетовтің дінге де, сөзге де, ойға да жүйріктігін осы дастандарымен астастырады. Дастандарының бәрі де адамды адам ететін, қоғамды қоғам ететін, мемлекетті мемлекет ететін ақиқатты оқырманның алдына тартып отыратындығын жазады. "Бисмиллә деп бастадым сөздің басын..." деп бастайтын ақындардың адам тәрбиесіне бастар бұлақ сөзі осындай арнадан басталады дейді.

Бұл кітапта тек ұлтымыздың тарихына, әдебиетіне, өнеріне, салт-дәстүріне қатысты шынайы деректер қамтылмайды. Мұнда данышпан Абай атамыз айтқан "Алланың өзі де рас, сөзі де рас" деген халқымыздың имани діні – ислам турасында да әңгіме қозғалады. Қасиетті Құран-кәрімде "дінде зорлық жоқ" деген. Тағы да мына иман Аллаһтан екендігі анық айтылып отыр. Яғни, біздің ерте ме, кеш пе иманымыз оянып, құлшылық пен ғибадат жасап мадақтау мен ұлықтауымыз тек қана Аллаһқа ғана жарасады екен. Ал Аллаһтың атына жала жауып, серік қосып тіршілік жасауымыз бұл дүниде де, о дүниеде де абырой әпермесі ақиқи шындық.. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Енді соған көшелік.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (С.F.С.) хадисінде: *"Әрбір сәби дүниеге келгенде өзіне тән қасиетпен мұсыл-*

ман боп туылады, тек кейін оны оның ата-аналары не иһуди, не христиан немесе отқа табынушы қылып шығарады" (Басқаша айтқанда, оны о бастағы мұсылмандық қасиетінен айырады).

(Әбу-һурайрадан Әл-Бухари мен Мүсілім руаят еткен.)

Жалғыз Жаратушы Иеміз АллаһТағала айтты: "(Мұхаммад), бәрінен бет бұрып, жүзіңді Ислам дініне жөнелт, Аллаһ жартылыста адам баласын соған арнап жаратқан, Аллаһтың жаратуында өзгеріс болмайды. Осы тұп-тура дін. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді" "Рум" сүресі, 30-аят).

"Қазақ әдебиетінде", белгілі ақын – Нұртай Ерназардың "Қаламгер Құдайсыз болмау керек" атты мақаласы басылды (66). Онда Н.Ерназар қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихынан мол мәліметтер келтіріп, ұлтымыздың имандылығына баса назар аударады. Мақала авторы: "Аллаһтың ақ жолын мадақтап, халықты имандылыққа шақырмаған ақын-жыраулар жоққа тән екенін көреміз. Бұл діннің имандылық мәселесінің қазан төңкерісіне дейін ең өзекті тақырып болғанын байқатады. Ислам қазақ халқы үшін жалаң дін ғана емес, өмірдің барлық саласын қамтыған, имандылыққа негізделген толық жүйе, өрелі өркениет. Ислам біздің жерімізге VIII ғасырда тарай бастаған. Қазақ халқы дербес ұлт ретінде XV ғасырда тарих сахнасына шықты. Сол аралықта алты жүз жылдай уақыт жатыр. Содан кейін де бес жүз жыл уақыт өтті. Бұл біздің әдет-ғұрпымыз, өмір-салтымыз, халықтық болмысымыз, мінез-құлқымыз, тәлім-тәрбиеміз, тіпті тіліміз (ғалымдардың айтуы бойынша араб тілінен қазақ тіліне 15 мыңнан аса сөз енген). Бәрі-бәрі Ислам негізінде қалыптасқанын көрсетеді. Оған бүкіл рухани мәдени-әдеби мұраларды, қазақ ғұламаларының еңбектерін куәлікке тартсақ та жеткілікті. Солай бола тұрса да бүгінгі көптеген жазушыларымыздың сөйлеген сөздері мен жазған дүниелерінен Ислам құндылықтарына қайшы пікірлер жиі бой көрсетеді. Мәселен, кейбір қаламгерлеріміз Исламды місе тұтпай, тәңіршілдікті уағыздайды. Бірақ оны өзге түгіл өздері толық білмейді, сөйтіп халық санасында қайшы пікірлер тудырады, жастарды адастырады. Тәңіршілдікке бой ұсынудың астарында барлық рухани мұралардан бас тартуға әкеп соқтыратын, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың табиғи болмысынан алшақтауға үгіттейтін ойлардың жатқанын аңғармайтын секілді. Осындай пікірлерді қоздатып жүрген адамдардың өздері "мен мұсылман емеспін,

өлгенде жаназамды шығармаңдар" деп айтуға ауыздары бармасы аян және жүртты енді тәңірі діниге бұра алмасы тағы белгілі. Ендеше елге пайдасы жоқ идеяны қоздырудың қажеті қанша?! Жалпы елдің дінін түсінбей, халықтың тағдыр-тарихын таразылау мүмкін емес. Ислам құндылықтарын ардақтамаған адамның мұсылман елінің жазушысы болуы да қиын" деп жазады.

Шындығында тәңіршілдікті насихаттаушылардың бір шоғыры (Дидар Амантай, Әуезхан Қодар, Мұрат Әуезов т.б.). М. Әуезов Қазақстандағы "Сорос" қорының президенті болғанын ескерсек, дәлелді сөзімізге осының өзі жеткілікті. Ал бұндай "ақылгөй" қорлардың халық арасына "қор" болып отырғанынның ашығын айтатын кез де жеткен сияқты. Өзбекстанды қаншама тоталитарлық режимнің ыпалында десек те, ол елдің басшылары еш уақытта шетелдің етегіне оралған емес. Сондағы "Еуразия ұйымы АҚШ тың "ЮСАИД" қорының қатысуымен Өзбекстанда нарықтық қатынастар мен демократияны дамыту үшін 1994 жылы ашылды. Алайда Әндіжан оқиғасынан соң, американдық қорларға теріс қараған ресми Ташкент қазір оларға барынша қысым жасап отыр. Өзбек заңдылығы бойынша, шет елдік қорлар, оның ішінде "Еуразия" да тиісті орындарға "қызметке кімді қабылдайды, олардың жалақысы қанша және бухгалтерлік қаржылық операциялары жайлы" ақпарат беріп отыруы қажет. Әділет министрлігі қызметкерлерінің айтуынша, "Өзбекстандағы шетелдік қорлар халыққа демократиялық құндылықтар туралы" жиі-жиі әңгіме айтады екен. "Ал бұл өзбек заңын бұзғандық" дейді олар. Бұған дейін Өзбекстанда "Ашық қоғам" – "Сорос қоры", "Интерньюс". Соғыс және бейбітшілік мәселесін жаңғырту жөніндегі институт, "Би-би-си" тілшілер қосыны мен "Азаттық" радиосы жабылғаны белгілі. (67)

Шетелдік астарлы ұйымдарда қызмет істейтін қандастарымыз халық алдындағы жауапкершіліктерін сезіне ме? Шет елге (Монғолия, Қытай, АҚШ) асып барып келсе, сондағы "бурханизм", "буддизм" не "пұтқа табынушылық", "инк" сияқты жат әрекеттік ағымдарды мақтап, өздерін ғылымға жаңалық енгізгендей үгіт жүргізетіндіктерін түсінбедік. Әйтпесе, сол "бидғат" жасаушылардың тәңіршілдік еш уақытта дін қызметін атқармағандығын біле ме? "Тонықок" ескерткішіндегі жазулар соған дәлел бола ала ма? Рас, олар тарихи жәдігерліктер. Сондай тайпалық дәуірдегі халықтық

панымды біздің дініміз осы болған деп "айқаймен" жүртты сендіре ала ма? Ішке іріткі салу осындайдан шықпай ма? Осыны қолдаушылар мен кейбір ақын-жазушылар Аллаһқа тіл тигізе сөйлеп те жүр.

Осы жолдардың авторы біраз жыл бұрын Астанадағы қазақ радиосының Парламенттегі тілшісі қызметін атқарған еді. Сонда "Хабар" агенттігінің тілшісі Сайын Есмағи өзінің ақпаратты бір хабарында: "Ұра берсе құдай да өледі" деп қалды. Ертеңіне Парламент үйінде күндегі әдеттей жолығып қалдық. Сайын, кеше бір ағаттық кетті. Хабар өте ұтымды шыққан. Ауыл мәселесін дұрыс көтеріпсің. Алайда, коммунистік идиологтардың атеист оқығандары ойлап тапқан мақалдың жөнсіз екендігін аңғармай қалыпсың. Сондайда абай бол. Қадірлі есімді қастерлесек, бәріміз ұтамыз деген едік. Өзім де сездім деді ол. Ертесіне ол хабардан берілген өзінің кезекті ақпаратында "ұра берсең сайтан да өледі" деп өзгертіп берді. Түсінгендік. Әрине сайтанды да адам ұрып өлтірмеген. Сонда да болса Сайын ініміздің өз райынан қайтқанын азаматтыққа, иманының қатайғандығына қуандық.

Ал бұл дүниеде қаншама данышпан аталарымыз өтті. Соның бірін ғана оқырмандарға еске салайық. Абайдан асқан қазақта ақын да жоқ, Абайдан асқан діни тақуалығы болған ғұлама да жоқ. Оған ешкімнің, ешбір мен деп жүрген пенденің тайталасуға қақысы да, ой өресі де, ақылы да тенесе алмайды. Әйгілі жазушы М.Әуезов өмір бойы зерттеп, ғұмырында өшпес "Абай жолы" романын бекер жазды ма? Ендігі кезекте кім Абайды жазса да сондай керемет дүние туғыза ала ма? Абайдың қырық бес сөзін тебіренбей оқи аласыз ба?

Абай өзінің "Қара сөздеріндегі", жиырма тоғызыншы сөзінде былай дейді: "Алтын көрсе, періште жолдан таяды" дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсе құмар сұмдығын қостағалы айтқаны. "Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті" дейді. Ата-анасынан мал тәтті көретұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар? Ата-анасын малға сатпақ ең арсыздықтың қылығы емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жиса да, дүниелік жиса да артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-анасын сатқан соң, құдайға дұшпандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек" дейді.

Қазақта Бекболат Тілеуханның есімі ерекше аталады. Жастар сондай болып өскенді армандайды. Иман жүзді Бекболаттың айтқан әндерінен басқа басылым, теледидар, радиодағы сөздері назардан тыс қалған емес. Оның әрбір сөзінде тәрбиелік мән бар. 1999 жылы ол "Шапағат-Нұр" журналының тілшісі Құттыбек Баяндинмен сұхбаттасты. Оқыдық. Онда дін туралы да әңгіме арқауы болыпты. Соны пайдалана отырып, үзінді бере кеткенді жөн санадық. Ол: "Иман – Ислам дінінің алтын діңгегі" дейді. Оны данышпан Абай ардақ тұтқан жырына қосқан деп сөзін жалғастырады.

"Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және де: "Хақ жолы!" деп, әуілетті..."

Ақын Абай міне, осынау азаматқа тән сүйіспеншілік бірлігін иман гүлге теңейді! Ғажап емес пе?!

"Мүмин болсаң, әуелі иманды бол,
Пендеге иман өзі ашады жол.
Шыр айнал да, тағы ойла бір иманды,
Мұнафиқ намаз қылып па, мағлұм ғой ол..."

– Алланы сүйсек, Абайша сүйейік дегелі тұрсың-ау, осы?

– Оныңыз рас! Абайша сүйсек не арман?! Абай – қазақтың мандайына біткен Тәңір сыйы ғой! Абайдан кім нені іздесе, соны табады. Абай – философ, Абай – ақын, Абай – физик, Абай – әділ қазы... – Абайды пайғамбар деушілер де бар емес пе? – Абай пайғамбар емес, бірақ бұрынғы-соңғы ғұлама даналардан кем емес! Біз оны ажыратып, анық-қанығына көз жеткізбейінше, жүректің ақыл – сауытына қондырмайынша, Абайды оқыдық, Абайды түсіндік дегеніміздің бәрі де құр жел сөз дер едім. Мына бір уәжге ой жүгіртейікші. Абай ұғымында құран – абсолют, ақиқат. Оған: "Алланың өзі де рас, сөзі де рас", "Әуелде Алла мінсіз, пайғамбар хақ", "Құран рас, Алланың сөзі дұр ол", "Тағриф Алла еш жерде өзгермейді....." деген тәрізді тізе берсе, қисап жоқ Абайдың өз сөздері дәлел. Алла Тағаланың сыйпатына ғылыми талдау жасап, ұғынуға оңтайлы түсінік берген данышпан Абайдың ұшан теңіз біліміне кім тәнті емес?! Алла Тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды" дегенді Абай Құдайды шексіз сүйгендіктен айтқан.

Міне, бұған бүгінгі ғалымдарымыздың өресі, шіркін жетсе дейсің... Б. Тілеуханның сұхбаты көпке үлгі. Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың өмірінің ақтық демі біткенше Аллаһқа сеніп өткенін неге халыққа жеткізіп отырмаймыз. Бұл жайында айтпай кету азаматтыққа жатпайды. Қазақстанның халық ақыны Әлімқұл Жамбыловты білмейтін қазақ кемде-кем. Ол өзінің "Жамбыл және Әбдікадыр" (68) атты мақаласында:

... Менің атам Жамбыл ақтық демі таусылғанша бір Алланың хақ екеніне қапысыз сенген адам, бес уақыт намазын қаза қылмай өтті. Мұсылман баласының имандылығына жат әдеттерді, әсіресе, арақ ішіп, темекі тартқан, біреудің сыртынан ғайбат сөйлеген адамдарды жақтырмай отыратын.

Мына жаһан дүниенің шексіздігін, оны шебер ойластырып жаратқан ұлы Алланың ақиқат екенін әрдайым тамсанып айтып, айналасындағы дінге бейімі бар жандарды әспеттеп сөйлейтін. Тіпті өлерінің алдында халін білуге келген Сәбит Мұқановқа үкіметтің ауруханасында иманын айтып, аят оқытқаны туралы естелік жарияланды ғой былтыр "Қазақ әдебиеті" газетінде. Жамбыл мен Әбдікадырды етене жақындатқан – исламға деген сенім. Аллаға деген шексіз махаббат екенінде дау жоқ.

Алладан бақ бүйыратыны рас. Кейде ойлаймын, егер Жамбыл таным-түсінігі арқылы Аллаға мойынсұнбаған адам болса, осындай абыройға жетер-жетпесі нейғабыл екен-ау! Алланың әрбір астарлы аятынан сусындап, ғибрат алған Абай мен Жамбыл қазір халықтың ақыл-ой мен қазақ жырының алыбы аталды. Осында бір заңдылық жатыр деп ізденген дұрыс-ау! Болмаса, қараңызшы, мұсылманша да, орысша да әліпті таяқ деп білмейтін сауатсыз адам соншалық дархан түйсікпен, ерекше күй сарынын көкейге тоқып, зерек зердеге иелік ете ала ма, толқындата буырқанып лағыл жырлар төге ме. Алланың шын ықыласы түспеген адам жасы сексеннен еңкейгенде осыншама атақ-күрметке қалай жетеді. Қазақта аузымен құс тістеген қаншама дарынды ақындар болды, қаншама жыраулар өтті сол заманда. Солардың бәрінің арасынан Жамбылға Жаратқанның шапағат нұры неге ерекше жарқырады. Мұның бір сыры бес уақыт намазын қаза етпеген діндарлығында жатқан шығар деген ойды қазір жасым сексенді алқымдағанда ғана түсіне бастағандаймын..." Міне, осыдан көріп отырғанымыздай, қасиетті дініміздің құттыхана мешіті қайта жанданғанда, (Ә. Жамбылов бұл

көлемді мақалада мұсылмандар тарихын айта келе Қазан төңкерісінен кейін жабылып, мектепке айналған Қарғалыдағы Сәт болыстың мешітіне 1944 жылы Әбдікадырды Жамбыл имамдық қызметке ұсынғандығын айтады. А.С.) оған лайықты имам табу оңай болды дейсіздер ме?! Бұрынғы дінбасыларының бәрін қуғын-сүргін жалмаған... қара танып, Құран ұстауға жарайтын мұсылман баласы саясаттан үркектеп, мешітке аттап баса алмай қалған заманда, кімнің жүрегі дауалап, имам болуға ұмтылсын? Осындай сындарлы сәтте исламға шексіз берілген, иманына кәміл жиырма жеті жасар жігітке зор сенім артып, Қарғалыдағы дін ордасының тізгінін ұстатқан да Жамбыл атам еді. Ел ішінде Әбдікадырдың "Жамбылдың молдасы", "үйғыр молда" аталуы тегін емес. Оның білімдарлығы мен адалдығына көзі жеткен қарт жырау қауқары кеткенге дейін қасынан тастамай қамқор болды. Жамбылдың жағдайын білуге келетін Жұмабай Шаяхметовке де осы өтінішін бірнеше рет қолқалап, Сәт болыс салдырған мешіттің қайта ашылуына сол арқылы ықпал еткен Жамбыл екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді.

Кейіннен Жамбыл қайтыс болғанда Әбекең өз қолымен арулап аттандырды, жаназасын өзі шығарды. Сөйтіп, ақынның аманатын ақырына дейін орындады" деп жазды. Жыр алыбы Жамбыл Жабаев жайында айта берсе ұлтымыздың үлкен, кішісінің тәлім-тәрбие алармық тұстары көп.

Жоғарыда айтқандай Жамбылдың жұртшылық біле бермейтін бір қыры ретінде оның бес уақыт намазын қаза қылмаған діндарлығын келтіруге болады. Туған ағасы Тәйті қажылыққа барып, сол жақта қайтыс болады. Тәйтінің жайнамазы мен шапанын алып қайтқан жерлестерінің бірі жайнамазын бергенімен, шапанын алып қалса керек. Бұл оқиға бір жиында ағасының шапанын таныған Жамбылдың аузынан "Қажыға біреу барса, Шыбыл барсын, Шыбылдан басқаң барсаң, шығындарсың..." деген мысқыл өлеңнің төгіліп түсуіне түрткі болған. Ең қызығы, осы жайнамазбен Жәкең Кремльдің кең сарайында отырып, намаз оқыпты. Онкүндік сапары барысында Мәскеуге жеткен Жәкең Кремльдің төріне озады. Ондағылар қарт ақынға Сталин кіріп келгенде, жыршашу жасауды ұсынады. Бірақ оқиға мүлде басқаша өрбиді. Мұртты көсем келетін уақыт таянғанда, бүкіл политбюро мүшелерінің құлды солдаттай тізіліп тұрғанына қарамай, Жамбыл белбеуін шешіп, жайнамазға жығылыпты. Тарихта қаталдығымен қоса жауыздығымен де қалған Сталин қарт

ақынның бұл қылығына (қыңырлық деп түсінсе де) түсіністікпен қарап, "әр халық өз дінін ұстануы керек" деумен шектеледі. (69)

Енді ақын, сазгер, әнші Құл Керім Елеместің төмендегі сұхбаты кімді болса да бей-жай қалдыра алмайды.

Ол:

> ..."Ия Аллаһ десем арайлап,
> Жүрегім нұрға толады.
> Аллалы құлдың, иманды құлдың қалайда
> Бір іздеушісі болады, –

деп жырлайды. Содан соң, Абай шығармасын түпнұсқа күйінде қалдырған. Мұқағалиша айтсақ, "шаң басқан архивтерден" алып, нешеме дана, миллиондаған тиражбен басып жатқан жоқпыз ба. Қазіргідей үгіттеу керек, насихаттау қажет, кітап қылып шығаруға тиістіміз дегендер бекер. Егер мәнді дүние болса, мың жылдан кейін де тауып алады. Мен қазір имандылық, шынайы әдебиет түрғысында ізденіп жатырмын. Бір дүниені жарып тастадым демеймін. Болмаса құдайдың бермегенін ешкім тартып ала алмайды. Атақты емес, ақиқатты іздеу керек. Алланы іздесең атақты өзі береді. Сенің ізденіс жолыңды бекер етпейді. Неге өз шығармасы жайлы айтып келе жатып, бұлай біреуге сәуегейсіді демесін. Олай емес, дәл осы уақытта айтылатын жағдаяттар. Әрбір қолына қалам ұстаған адамдар 80-дегі шал болсын, өнердің алдында 80 жасың, 80 кітабың есеп емес. Өнердің алдында бәрі – бала, мәңгі жас. Жүздеген жыл өмір сүріп, Құдай жолында жүрмеген адам – оянбаған адам...

...Абайды шынайы таныған қоғам болса, Абай – адамзаттың мақтанышы, Алласын таныған шын мәніндегі мүмін құл. Абай "Әуелі аят, хадис – сөздің басы" деді. Аят Алланың Құранда түсірген сөзі, хадис пайғамбарымыздың айтқандары. Әрбірден соң сөз бастасақ та аят, хадистен бастайық дегені емес пе. Абай қай биікте түр, біз қайда жүрміз. Осындай нәрсеге әдебиет ауып келуі керек. Абайдың "Көзімнің қарасындай" әнді 100 жылда жаза алдық па? Абай жазған сол музыканы ешбір сазгер әкеле алған жоқ. Абай өлеңдері қандай ауыр болса, өзі де сондай ауыр. Тағы бір айта кететін нәрсе, Абайды өз есімімен Ибраһим деп атауымыз керек. Пайғамбарымыздың хадисінде "Әркімді өз атымен атаңдар. Оз атымен атамай, тергеп атағандар тозақтық болады" деген. Ибраһим – ұлы пайғамбардың бірі. Мұхаммедтің діні

мен Ибраһимнің діні бір. Зиялылар, оқымыстылар заманынан болсақ, Абайдың атын қайтаруымыз керек. Оқырман дұрыс түсінсе екен, аңыздық деңгейден құтылуымыз қажет. Гогольге ұқсап шығармамызды өртеп жібермеу үшін ақиқатқа ұмтылған жөн. Бірақ біздің әдебиетімізден ешбір Гоголь шыққан жоқ. Қайта кітаптарын том-том етіп шығару үстінде. Ол "Өлі жандарды" жазғаннан кейін оған дейінгі шығармаларын түгел өртеді емес пе? Өлі жандар дегені – имансыздар, құдайы жоқтар, тірі өліктер дегенді білдіреді ғой. Байқайтын нәрсе көп. Қаламгерлер осы тұрғыдан көп конференциялар өткізуі тиіс. "Оян қазақты" айтқан Міржақып өзі оянып барып, халықты оятуға күш салған. Қазақ халқы оянған шығар, дәл қазір қаламгерлеріміз оянды ма? Оянса ақиқатты таныр еді ғой" (70).

Бұған айтар дау болмаса керек. Бұл сөзді растайтын тағы бір ақиқатты алдыға тартуға тура келеді. 1995 жылы Қазақ радиосынан Бауыржан Момышұлы туралы "Қазақтың қаһарман батыры" атты хабар берілді. (71) Сонда 1970 жылдың ортасында Алматыдағы Әскери штабында Бауыржан Момышұлы сол кездегі КСРО-ның түкпір-түкпірінен келген офицерлер, генералдар т.б. құрамымен кездесу өткізеді. Бауыржан Батыр сөл ғана кешігеді. Залға енгенде қол шапалақпен қарсы алынады. Онда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің де жауапты адамдары отырған. Сонда Бауыржан Момышұлы: "Мен жаңа өздеріңмен кездесуге жаяу жүріп келдім. Мен әскери адаммын. Сол үшін ғафу өтінемін. Менің әкем Момыш дін адамы болған. Ол кезінде атақты молла еді. Мен де сол әке жолындамын. Мен, Құдайға сенетін адаммын!" деп гүрілдеген даусымен саңқылдағанда зал іші жарыла қол соқты. Бауыржан Момышұлы оны орысша айтты. Басқа ұлт өкілдері де аса ризашылықпен қолдарын шапалақтады. Бұл сол коммунистердің билік құрып тұрған кезінде сөйленген сөзі еді. Бұл нағыз батыр айтар жүректен шыққан сөз болатын. Ол кезде генералдар тұрмақ, жай пенденің алдында Жаратушыны танып айтудың өзі қорқынышты болған. Дінсіз, сатқындар заманы еді. Ал Бауыржан Момышұлы сонау соғыс жылдарының өзінде: Кенесарыдан оның көзқарасының Маркс көзқарасымен сәйкес келуін талап етуге болмайды", – деп айдай әлемге жар салды.

Осыдан кейін Мәскеу, Мәскеудің Қазақстандағы қолшоқпарлары Бауыржан Момышұлын қайдан жақсы көре

қойсын. Бүкіл советтік идиология, күллі үгіт-насихат бір жақ, Бауыржан Момышұлы бір жақ. "Ноқтаға басы сыймаған" деген осы болады. Бауыржан Момышұлы сол жылдары: "Егер біздер қазақ халқының барлық жақсы дәстүрлерін керегі жоқ деп құдалайтын болсақ, ата-бабаларымыздың кім екенін білмейтін болсақ, мұның өзі пайда бере қояр ма екен? – деді. Өткенді жермен жексен ету – болашақ ұрпақты мәңгүрттікке алып баратынын Бауыржан Момышұлы осыдан алпыс жылдай бұрын айтып, қатаң ескертті. Қоғам, қоғамның тізгінін ұстарлары мұны ескермеді. Енді соның зардабын бастан кешіріп, тіпті мына "тәуелсіз" деген заманның өзінде "мемлекеттік тіл" мәселесімен әуре-сарсаңбыз. Бауыржан Момышұлы – Тәңірге, Тәңір берген Тағдырға сенген адам. "Егер, тағдыр жазып мен бүгінге дейін тірі жүрсем, алда тағдырдың маған қаншалықты рахымды болатынына көзім жетпейді", – деп жазды ол отыз үш жасында. (72)

Данышпан Абайдан кейін қазақ ақын-жазушыларынан, кім не десе о десін, Мұқағали Мақатаевтың имани жүзінің нұры жүрегінде де бар екен. "Күннен де өткен жарығы" Аллаһ еді... деп сенім білдірмеді ме? Қазақтың Қарасазында туған Мұқағалидың Аллаһты жырлауы, өзінің мұсылман екендігін барша халыққа паш етуі, оның иманының қуатты екенін білдіреді. Оны айтып отырғанымыз 2001 жылдың тамыз айында айбынды ақынның 70 жылдығы аталып өтілді. Туған жерінде. Сол тойдан мақала жазған журналист Күлпара Жұмағали жоғарыдағы тақырыппен тамаша ой түйіндей алған. Ол "Алматыдан шыққан (ақыны, әкімі, жазғышы, сызғышы бар) Оразалинше айтқанда, жүйріктер мен тарланбоздарды, жас перілерді Райымбек ауданының әкімі Бағжан Сабаншиев нөкерлерімен Аласадан қарсы алды. Тұз-дәм, қымыз, әнмен сусындап, ілгері аттандық" дейді ол. Мақала авторы Аллаһ ризашылығы үшін өткен тойдың кейбір кемшін тұстарына тоқталмай, "зымиян да осы зиялылар" демекші, аудандық әкімшілік сол жылды "Салауаттылыққа көшу жылы" деп қаулы қабылдағанына қарамастан Алматыдан барған кейбір зиялылар арақты тығып ішіп, тойдың шырқын алған. Тойда көпті көрген қариялар емес, әкім, ақын сөйлеп, ресми, жаттанды, жауыр болған көріністерді қайталаумен болған. Сол жерде Мұқағалидың көзін көрген қанша қариялар отырған. Барғаннан елпеңдеп күтеді. Солардың біреуін тізімге қосып, сөз берген адам табылмаған.

Мұқағалидың көзін көрген құрдастарын тыңдау атымен жоқ. Қазақша айтқанда мүйізі қарағайдай ақын-жазушылар жөнжобаны білмеген. Мақала авторының қынжылатындайы бар. Сол мерейтойға өз қаржаттарымен келген өрімдей жас иман жүзді екі қыз баланың – мұқағалитанушылар екендігіне қуанады. ҚазМҰУ-дың филология факультетінің магистранты Есенқабыл Шәкизаның Мұқағали Мақатаев поэзиясынан тапқан жаңалығы кім-кімді болса да қызықтырары сөзсіз дейді мақала авторы. Жас магистрант атақты ақынның дінге, иманға, сенімге, Жаратқан иеге байланысты ойларына үңілген. Ақынның:

Сатқан емен. Сатпаймын дінімді мен
Өлмейтұғын, өшпейтін күнім білем.
Алла есімі – жүрегім жұдырықтай,
Жүрегімнің соққанын біліп жүрем.
Мұхаммедтің үмметі – мұсылманмын,
Пайғамбарым қолдайды, қысылған күн.
Алсын тағалам, ант етемін
Алла есімін кеудеден ұшырған күн, –

деп жырлаған ақын өлеңмен қатар, бірнеше өлеңдерді зерделеген Есенқабыл Шәкиза жан мен тән жайлы санада сансыз сұрақтар тудырып келе жатқан ұғымдар жайлы Мұқағали да өз толғанысын жеткізіп, тоқталатындығына назар саламыз.

Желіктіріп, су бүркіп сайтан маған
Кезім болды әділдік айта алмаған...
Сайтанның да, күнәсіз періштенің
Бал мен уын талғамай неге ішкенмін.
Періштенің қайғысын бөліспедім,
Сайтанменен болса да келіспедім,
Не істермін, тәңір-ау, не істермін?!
Аңқылдаған не таптым ақ көңілден,
Несіне ердім сайтанға жат көрінген?!
Өмір деген біреу бар билік құрған
Билігінен мен соның қақ бөліндім.

Магистрант ақынның терең сезімді күйзелісін тап басқан. Ол: "Бұл жолдарды оқығанда, ақын өзге емес өз жайынан" сыр шертеді, сайтан мен періштенің, тәңір мен оның пендесі – адамзат жұмбағы жайлы тылсым ой құшағына көмілеміз.

Қай пенденің болсын жүрегін тырналап, көкірегінде керісетін екіұдай сезімнің төркінін тапқың келеді. Ар алдындағы адам тағдырының таразылануы.

"Сайтанның азғыруы мен періштенің қайғыруын" ажырата білу, айта білу кез келгеннің қолынан келе бермес. Ақын жырларындағы "сайтан", "періште" ұғымдары нақты. Мұқағалидағы "сайтан", "періште" – сырттан іздер "жар", "дос", "жау" емес. Адам жаратылысындғы "ішкі кейіпкерлер" екені анық байқалады. Ақын адам жанының психологиялық күйзелісін "образды" кестелеп:

Түсінемін, түсінсем бірденені
Өзімді-өзім түсінген шақта ғана,
Өзімді-өзім зерттеген шақта ғана, –

деп өз жанының тағы бір құпиясын ашады. Ақын танымының тамыры діннен еш алыс кетпейді..."

Мақала авторы Мұқағали мұрасының ұрпақ санасында жатталып, жаңғырып отыруы, оның поэзиясының құнары – Құдайшылдығында екенін ашық айтады.

Шындығында Мұқағалидың қандайда бір өлеңін алып қарасаңыз, оның суреттеу тәсілінің басқа ақындардың ешбіріне ұқсамауында. Ақынның Жаратқан иесіне бойұсынуы, Оған деген шөк келтірмей сенуінің өзінде бір қасиет бар. Сондықтан да оның поэзиясын бесіктегі бала мен еңкейген қарияға дейін түсінікті болуы. Жақында Мұқағали Мақатаевтың "Сын – қазы да, адвокат та болуы керек" атты мақаласы жарияланды (73). Сонда ақиық ақын көркем сынның қандай болуы керектігіне тоқталады. Енді содан қысқаша үзінді ұсыналық: "Көркем сынсыз көркем әдебиет өмір сүрмейді. Сын өз мойынына талай нәрсені алуға тиіс. Сын – қазы да, адвокат та болуы керек. Ал қажет болса, қалған жағдайда ол өте қатал, мейірімсіз айыптаушы да бола білуі керек. Әйтпесе әдебиет, жалпы өнер атаулы алғашқы қоғам құрылысын елестеді. Әркім өз білгенінше, әйтеуір сезікпен, көркем еместігін біле тұра әрекет жасайды. Соның бәріне сын кінәлі. Бізде дұрыс сын жоқ. Тек жағымпаздар бар...Бұл урашыл сыншылар көркем шығарманы шатпақтан ажырата алмайды" деп жазған екен. Міне, соның әлсіздігінен, сынның сынына ілінбей қалған кейбір шығармалардың сапасының да көркемдігінің де төмендігін бір жазушыдан-ақ көретін боламыз.

МІНӘЖАТ

Сарқылмаған мейірімің
Айналайын Алла!
Бізге деген бейіліңнің
Шегі, шеті бар ма?
Жететіндей несібе бер
Ақыреттік жолға.
Күнәм болса кешіре гөр,
Кешіре гөр Алла!
Тәңірім деп табынайын,
Талабымды оңда.
Жарылқа деп жалынайын,
Құран ұстап қолға.

Жаза бассам, құрығыңды
Мойыныма салма.
Жарық жалған-ғұмырымды
Жақсылыққа жалға.

Сақта дәйім бәлекеттен,
Тыныштық бер жанға.
Адамға тән әрекетпен
Асығайын алға, Алла...

Исраил Сапарбаев

* * *

Мен Мұхаммед әкелген дінге оның гажайып өміршеңдігі үшін үлкен құрметпен қарадым. Менің түсінігімше, бұл-өмірдің ауыспалы жағдайларына тез бейімделетін қабілетке ие бірден-бір дін, сондықтан барлық жастағы адамдарға сөзсіз ұнауы мүмкін. Мен оның өмірімен таныстым, меніңше, ол гажайып жан, антихрист емес, қайта адамзаттың құтқарушысы деп білу керек.

Сэр Бернард ШОУ ("Шынайы Ислам") 1 т, 1936 ж.

Белгілі ақын Аманхан Әлімнің Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының атына "Мен Құдайдан қорықпағандардан қорқамын" атты мақаласы жарияланды (75). Онда автор қазақтың арасына білімі таяз пенделердің дін төңірегінде іріткі салып, ұлтымызды мазақ қыла бастағандығын

ошкерелейтін орынды ой-пікір айтады. Мақаланың эпиграфы ретінде Беззаз риуаят еткен Хадистің: "Білімің жетпейтін нәрсеге пәтуа айтпа" деген сөзін және Ф.Достоевскийдің "Все неудачи русского общества происходили и происходят от нашего космополитизма" деген қағидасын алыпты. А.Әлімнің жанайқайын түсінбейтін адам болмас. Енді сол басылымдағы алғы сөйлемдерді толығымен берейік:

"Біз қазақ осыдан екі жыл бұрын Абайды қорлаған едік, енді, Алланы қорладық. Біз сосын іле-шала көктен түскен төрт кітаптың бірі Құранды қорладық. Біз сонан соң мұсылмандықты қорладық. Біз сол арқылы иісі мұсылман мен ұлтты қорлап, ақыры оның дінін қорладық. Нақтылай турасын айтқанда жоғарыдағы қасиетті ұғымдарды қорлап қана қоймай, әлдебіреулерге қорлаттық. Сөйтіп, біз талдауға, талқылауға жатпайтын киелі ұғымдарымызды қорладық, қорлаттық, қорлауға жол бердік. Кімге? Неге? Қашан?"

Аманхан Әлімнің осындағы алты сөйлемінде қорлау мен қорлаттық сөзі он бір рет қайталанып тұр. Бұл оның өзі емес, өзіміздің ақиқи дінімізді қорлаған жандарға жанкүйзелісі. Қасиетті дінге жанашырлығы. Әрбірден соң оның иманының мықтылығы. Тақуалығы. Адалдығы. Отансүйгіштігі. Қазақ ұлтының намысқойы. Елдің патриоттығы.

А.Әлім бұл жазғанында да мақаланы сауатты бастайды. Ол: "Егер, хадистерімізге жүгінсек, дініміз бен ділімізге үш түрлі адамнан қауіп төнеді екен. Оның біріншісі: ниеті бұзық ғалымнан; екіншісі: залым патшадан; үшіншісі: өзін білермен санайтын сопыдан. Хадисте "Алдыңғы екеуі қоғам ісіне байланысты. Залым ғалым да, залым патша да халықтың арасына іріткі салып, шындықты бұрмалайды, ел ішіне алауыздық таратады. Ал үшіншісі – надан сопы ғылымнан хабары жоқ болса да, ешқандай қатысы жоқ істерді діннен байланыстырып, өзінің жеке басының мүддесі үшін басқаларға тұзақ құрады. Бұл – қауіптің ең зоры" дейді.

А.Әлім мақаласын оқып отырып кейде болмас нәрсеге намыстанып, ал үлкен жауапты кезеңдерде аузын буған өгіз сияқты "жым" бола қалатын мінез еске түседі. Алланы сондай "қауіптің ең зоры", ғылымнан хабары жоқ надан сопыға, яғни тағы да хадисте айтқандай, "Ең зиянды адам – шала сауатты ғалымға" қорлатқанымызда болып отыр. Ол Досым Омаровтың "Абайтануға кіріспе", "Ұлылар үндестігі"

деген кітабына ғылым саласындағы аттары дардай адамдар бастаған қолдаушылармен Абайды "кришна" дінін ұстанған, бұл шығарма "құнды", "пайдалы" еңбек деп бағаланғанға күйінеді. Көпшілікке таныс емес "Тамыр" атты альманах Ә. Қодардың қазақстандықтардың намысына тиер сөзді, былай қойғанда тәңірлікті сөз ете отырып: "...почему надо возрождать идею Тенгри? Это нужно для того, чтобы нам, казахам, отличать себя от мира ислама..." дейді. А. Әлімнің "Бұ мырзаның, тәңірлікті кемсітпей айтқанда, онда оны теориялық жағынан негіздейтін кітап та, канон да жоқтығын ескермейтіндігін былай қойғанда, сол арқылы мұсылмандықтың діңгегі Исламды жоққа шығарғысы келетіндігін қайтерсің. Сөйтіп Әуезхан мұсылмандықты қорлайды, қорлатқан тағы біз", – дейді. Қазақты намысқа шақырады. Ондай қыңыр пенде онша білімі жоқ адамды ділі мен дінінен жаңылыстырады. Автор Құранда бұндайларды көзі де, көңілі де тұмшаланғандар...дейді деп, өзінің нақты дәлелдерімен Оралтай Біләлов дегеннің көргенсіз, ар-ұяты жоқтығына айтар сөз таппайды. Әйтпесе, есі дұрыс пенде төмендегі сөздерді жазар ма? Оқиық:

"Меня раньше, признаюсь раздражали исламисты своим возгласом "Аллах Акпар", что означает в переводе на нормальный язык "Аллах самый крутой небесный босс", произнося это свое ритуальное заклинание к месту и не к месту. Раньше это меня раздражало, поскольку казалось глупым религиозным рвением, теперь я знаю в чем дело и раздражаюсь еще больше" дейді. Жоғарыда айтқандай, бұ шайтани ағымның етек астында жүрген жүгенсіздердің қиямет-қайымға дейін болары сөзсіз. Қасиетті Құрани-Кәрімде Ібіліс имансыздыққа талай пендені әкеліп, қарсы қоямын деген жоқ па еді? Міне, олардың көзі тірісінде де адам бейнесінде көреді екенбіз.

Әлімнің осы мақаласынан сол Оралтай Біләловтың "Қоңыр" деген кітабына алғы сөзін жазған Әуезхан Қодардың онымен идеялас екендігін анық аңғара аламыз.

Бұл – бұл ма, Түркістан өлкесінде Құдай сөзінің қорланғанын бұрын-соңды естімедік. Қорланғанда да "Құран" атты экспонатқа қойылған, Түрік баспасынан шыққан кәдімгі Құран теріс төңкеріліп қойылған. Қасиетті кітап күйдіріліп тесілген де, үңірейіп ортасына сарғыш реңкті тас тығылып, үстіне қою жасыл бояу шашырай төгілген. Бұны да жанайқаймен жазып отырған Аманхан Әлім. Бұл сызғыш

пендең де Оралтай Біляловпен, Әуезхан Қодармен пікірлес. Ата-баба дініне қарсы.Мұсылмандардың тазалығына, иманды-лығына, бірлігіне, сабырлығына, іштері ашып, қызғанышқан сайтани тірлікке барып отыр. Өз діндерінен безіп, шетелдік теріс ағымдағы қолдаушылардың аузын бағатындар. Солардың тағайындаған сыйлықтарының уақытша берілетін аз пұлы үшін ертең күндері тәңір емес пұтқа да табынарына таңданбай-ақ қоямыз. Қазақ азаматы Аманхан Әлім Құранға байланысты "өшпенділік пен жеккөрушілік туғызу, не азаматтардың сезімдерін жәбірлеу, сондай-ақ қайсыбір дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлау" бізді еш уақытта бей-жай қалдыра алмайды" дей келе, бұл мәселеге жергілікті жерлердегі заң және құқық органдары мен діни ұйымдар да сақ та сергек қарағандарын бүгінде айтып, қалайда олардың араға іріткі салуларына тыйым салу керек.

Құрани тілдің күдіреті

Арабтар ескі түркі тілінің дамуына еш кедергі жасамаған. Оған дәлел сол замандардағы көне түркі мен ұйғыр тілдерінің араб әліпбиімен қатарласа қолданылуы. XX ғасырда Қазан революциясы жеңіске жетіп, қазақтарды жалпы түркі жұртын діні бір араб жұртымен байланысты тоқтатып, өз дегенін жүргізді. Бірде латын, бірде кириллицаға өткізіп, ұлтты мәңгүрттендірді. Аш-жалаңаш қалдырды. Оқу оқымақ түгілі басына қайғы орнатты. Қазақтың жарты жұрты қырылды. Арабтар 14 ғасыр діні ортақ ұлт ретінде ешбір зорлық-зомбылық жасамады. Орыс жылнамашыларының жазғандары шындыққа жанаспайды. Қайта сауатын ашу үшін Ислам дінін ұстанушылар мешіт ашып, медреселер ұстады. Ауруханаңың не екенін білмейтін еуропалықтардан бірнеше ғасыр бұрын медицинаны дамытты. Исламмен келген мәдениет өркен жайып, тіл, философия, тарих, математика, химия дамыды. Жүздеген әлемге әйгілі ғалымдар, ақындар, дәрігерлер, тарихшылар, сәулетшілер, астрономия мен жағрафияшылар шықты. Бір ғана Отырардан 30-ға жуық Фарабилер, Сунақтан 10-ға жуық Сығнақилар жер жүзіне белгілі болды. Түркістанилер мен Таразилер қаншама еді.

Ал Ислам түркілердің тілін, жазуын, мәдениетін құртты деген бекер сөз. Ол баяғы еуропалықтардың және кейінгі

коммунистердің зымиян саясатының идеологиясынан туған жала болатын.

Астанадағы "Фолиант" баспасынан шыққан "Әлем тілдері" сериясымен "Түркі тілдері". Энциклопедиялық басылымдағы (2002 ж) "Ежелгі және ескі жазбалар" тақырыбымен берілген "Түркі тілдес жазба ескерткіштердің тілі" атты мақалада (авторы Э.Р. Тенишев) Түркі тілдес жазба ескерткіштердің тілі үш түрлі хронологиялық деңгейде қабылданады: осыған орай мынадай терминдер қалыптасқан: көнетүркілік (V–X ғғ. Көнетүркі дәуірі), ортатүркілік (X–XV ғғ. Орта түркі дәуірі) және жаңатүркілік (XV–XX ғғ. Жаңа түркі дәуірі).

Бұл топтастыру жалпы тарихи хронологиядан аутқиды. Сондықтан бұны тек түркі тіл біліміне ғана шартты бөлу деп түсіну керек.

Алғашқы жазба әдеби вариант – руна жазуы ескерткіштерінің тілі (руна қойнесі) үйғыр, қыпшақ тілімен бірге оғыз тілі негізінде қалыптасты. Оның фольклор тілі мен халық әдет-ғұрпымен байланысы байқалады. Тіл стильдерінің варианттылығы әлсіз, сонда да Орхон ескерткіштерінің ірі мәтіндеріндегі жоғары стиль (Күлтегін, Могилян хан, Тоныкөк, Эль-Этмиш, Кули чуру, Моюн чуру), Енисей кіші жазбаларындағы эпитафиялық стиль және Алтай жазбаларындағы тұрмыстық стиль туралы айтуға болады. Руна қойнесінің ареалы кең: Монғолия, Байкал маңы, Оңтүстік Сібір, Шығыс Түркістан, Орталық Азия, Қазақстан, Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Шығыс Еуропа. Сондай-ақ ол жанрға да бай: тарихи – биографиялық және обатас жазбалары, тас жартас, тұрмыстық заттардағы жазу нақылдары, діни, магиялық, заңгерлік мазмұндағы жазба мәтіндер. Бұларға түрлі әдеби тіл (түркі – А.С.) мен географиялық және генетикалық оған қоса диалектілік тілді құрайтындығын қосамыз. Сол тілдерді қамтитын топтастырулар да қарастырылу тиіс. Зерттеушілер оларды өздерінің пайымдауларынша түрлі топпен белгілеп отырған. В.В. Радлов (1911), көне түркі әдеби тілі негізінде фонетика, морфологиялық белгілерді қамтыған үш диалекті бар: көне солтүстік диалект (түркі – сирия тілі), көне оңтүстік диалект (үйғыр тілі) және аралас диалект деп қарастырған.

Фонетикалық белгілер бойынша С.Е. Малов (1951) түркі тілдерін көне, ескі, жаңа, қазіргі деп төрт топқа бөлген. Ескі түркі тілдері алғашқы үш топқа жатады.. бұлғар –

көне топқа, руна ескерткіштері мен көне ұйғыр ескерткіштерінің тілі – ескі топқа, ескі қыпшақ және шағатай мәтіндерінің тілі жаңа топқа кіреді.

Бұндай түрлі топ құруға Н.А. Баскаков та (1969), А. Фон Габэн де (1974) топтастыруды бөлек негізде құрады.

Руна қойнелерінің экспрессивтілігі мен сұрыпталғанына қарағанда мұндай тіл өзінің жазба түріне дейін де бірнеше ғасыр өмір сүруі мүмкін еді. Руна қойнелерінің негізі б.э. бірінші ғасырында (I–II) қаланып, ал VII–IX ғасырлар аралығында оның гүлденген дәуірі болды. Көнеұйғыр әдеби тілі VIII–IX ғасырлар аралығында руна қойнесі негізінде қаланып, XVIII ғасырдың басына дейін қызмет етті дейді В.В. Радлов. Кейін XI–XII ғасырдың көнеұйғыр тілі әсерінен қараханид – ұйғыр әдеби тілі пайда болды. Оның артынан XIII–XIV ғасырларға дейінгі аралығында хорезм – түркі әдеби тілі қалыптасты. Соңғысының негізінде XV ғасырда шағатай тілі пайда болды. (XV–XVIII ғғ.)

Шағатай тілінің соңғы кезеңі (XVI–XX ғғ.) түркі тілінің қалыптасуына негіз болды. Тарих аренасында оғыз, қыпшақ, бұлғар этностарының пайда болуы XIII–XIV ғасырларда селжүк, мәмлүк-қыпшақ, құман, бұлғар әдеби тілінің, сәл кейінірек XVI–XVII ғғ. Армян жазуымен жазылған қыпшақ тіліндегі құжаттардың тілінің дамуы мен қызметіне әсер етті.

Махмуд Қашқаридың "Түркі тілінің сөздігін" оқыған адам осыған көз жеткізе алады. Онда автор түркі жұртының мұсылмандармен соғысқаны жөнінде ешбір мәлімет бермеген. Қайта түркілер жерінде мұсылмандардың тым аз болғандығын көреміз. Ол X ғасырды қамтығанның өзінде I–II ғасырдағы руна жазуына Исламның ешбір қатысы болмаған. Тіптен "Күлтегін" жазуы –Түрік қағандығының қолбасшысы, қоғам және мемлекет қайраткері, Құтылық қағанның кенже ұлы Күлтегін батырдың (684–731) ерлік істері туралы құлпытасқа ойылып жазылған эпикалық шығарманың өзі Түркі жеріне Ислам діні келгенше сақталған ескерткіш болатын. Бұл Күлтегін қабіріне қойылған ескерткіште оның жауынгерлік жорықтары баяндалған. Күлтегін жайындағы шығармалардың авторы өз дәуірінің аса дарынды ақыны, көрнекті қоғам қайраткері Иоллығ Тегін еді, "Күлтегін жыры елдің ішкі бірлігін жыр еткен түркілердің баға жетпес көркем туындысы. Ғылымда бұл жазуларды "руна", яғни "сыры ашылмаған", "құпия" жазулар деп атап кетті.

Өздеріміз білетіндей оны 1893 жылы Дания ғалымы Вильгельм Томсен осы жазуларды оқудың кілтін тапқанын, алғашқы оқыған сөзі "төңірі" және "түрік" сөзі екенін әлем жұртшылығына хабарлады. Осындай ескерткіштерді Монғолияда әскери борышын өтеп жүрген Кеңес Одағының жауынгерлері қолдарындағы қарумен нысанға алып, атып жойып та жіберген (А.С.). Үкіметтің "Мәдени мұра" бағдарламасы бойынша аталмыш елмен келісе отырып, Күлтегін ескерткішінің дәл қайталанған көшірмесі – Елордасы Астана қаласындағы Еуразия университетінің үлкен залына қойылды. (76) Исламның өзі VI–VII ғасырда Араб түбегінде Аллаһтың құдіретімен дамыды. Ал түркі елдеріне 751 жыла ғана жетті. Кутейбаға түркілер көмектесіп, қытайлықтарды Талас маңында жеңген соң, олар еш уақытта түркілермен соғыспаған. Дін уағыз арқылы өрісін кеңетіп отырды. Кейіннен түркілердің барлығы мұсылман болған соң, олардың түрлі мемлекетке айналып ішінара өздерімен өзі қақтығысып қалып отырған. Ислам діні барған жерлердің бәрінде ғылым мен өнер қанатын кеңге жая бастаған. Мұсылмандар ешбір дінді келемеждемеген. Басқа діндегілерге керісінше қамқорлық жасап отырғандығын тарих бетінде өшпестей етіп жазылған. Оған мұсылмандар тұрған барлық елдерден мысал келтіруге болады.

Міне, сол жоғарыдағы мұсылмандарға қарсы саясат жүргізген дінсіз идиологтар түркі жұртының жерін алып, халқын тонап, атып, асып, сауатсыз деп араб ғарпінен, латынға одан қалды кирилицаға өткізіп жіберді. Түркілердің 99 проценті сауатсыз болды деп теріс оқу оқытты. Діни кітаптарды өртетті. Ондай жағдай христиандарда бұрыннан қалыптасқан әдет болатын. Шоқындырды. Ал Ислам діні керісінше ешкімді зорлап дінге кіргізген емес. Шоқан Уәлихановтың өзі орыстармен дос болып, ақырында зорға қашып құтылды. Бірақ, бәрібір солардың қолынан ажал тапты. Галилео Галилей, Каперниктерді өртеп, дарға асқандар да христиандар болатын. Ислам діні ғалымдарды қатты қадірлеген. Оларға кітапханаларда жұмыс істеуге жағдай жасап отырған. Әл Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Һисамиддин т. б – сол исламның күшті дамыған кезінде ғұлама атанғандар.

Қазақ журналистерінің ішінде не болса соны қағазға түсіре бермейтін, салиқалы ойымен, иманды жүрегімен ел ішіне іріткі салушылармен күресіп келе жатқандардың бірі

– Мырзан Кенжебай. Ол кезінде Ресейдің шешен халқына жасаған мемлекеттік террорын да қатты сынға алып, оны отарлаудың, ақша табу көзінің бірі деп те жазған болатын. Ол "Ана тілі" газетіне "Іштен ірігеннен сақтасын!" атты мақаласында (77) Мұрат Әуезовтің қазақ халқына жік сала бастағанын айтып, оған көптеген дәлелдерді келтіреді. Бұл жоғарыда айтқан Тәңіршілдік жайында. Оқырмандарға түсінікті болу үшін автордың мәтіндерін толық алуға тура келеді.

..."Мұраттың терең білімділігіне, әлде сырт көзге ғана солай ма қайдам, әйтеуір, үлкенге іні, кішіге аға бола алар-лықтай сызылып тұратын сыпайылылығы мен мәдениет-тілігіне еш дау жоқ...

...Алайда, қандай білімді, білікті азамат болса да өзін ең алдымен өз ұлтымның өкілімін, ең алдымен, өз ұлтымның жоғын жоқтап, соның намысын қорғаушымын деп есептемей, әлемдік деңгейде, әлемдік мүддеге орай шырқау биіктен көрінемін деп жүрген кейбіреулерге ұқсап тыраштануы – босқа шалабын шайқау, бос әурешілікке түсу, өз ұлтының алдында өз абыройын өзі төгу болып шығатынын уақыт көрсетіп-ақ отыр...

...Әттең Мұрат Мұхтарұлы соны біле тұра ұлттығымыз, ұлттық салт-дәстүріміз, дініміз туралы сөз бола қалса, ананың да, мынаның да басын бір шалып, басы ауған жаққа кетіп қала беретінін талай көрдік. Бірақ соның ар жағында ниетбұзар, дінбұзар қылықтар қылаң беріп жатпаса, кетсе кетсінші деп қоя салар да едік қой...

Әттең, мұндай кісәпір қылықтар қазір ең алдымен Американың, батыс Еуропаның, оның бер жағында ресейлік шовинистік әрі әсіре діншіл ақпаратшылардың, әскерилердің қазір абыройы артып бара жатқан қасиетті ислам дініне қарсы жүргізіп отырған жымысқы саясаты, дұрыс пен бұрысты ажыратып жатпастан немесе соларға жақсы көрініп, отырған жылы орнынан айырылмауды ғана ойлайтын шонжарларымыздың кесірінен елімізде кең қанат жайды. Бұған сол жымысқы саясаттың астарын ұқпай қосыла шабатындар тіпті, көбейіп кетті. Кейбіреулер қазақтар бұрын Тәңіршілдік дінін ұстанған деп білгірситін болды, сол бейшарлар тіпті, өзімізбен аралас-құралас орыстардың өзі христиан дінін IX ғасырда ғана қабылдағанын, бірақ соны бүгінде аузына алмайтынын ескере бермейді. Ал Мұрат Әуезовтің қазір әлігіндей саясат жүріп жатқанын, жалпы қай халықтың қай дінді қалай,

қашан қабылдағанын білмеуі, тіпті, мүмкін емес. Әлде әлемге аты әйгілі бай, американдық Сорос дегеннің Қазақстандағы қорына басшы болып, аузынан ақ майы ағып кетіп, соны-сын ақтамақшы ма, әлде сол арқылы өзі сияқтылар аузынан тастамайтын "әлемдік деңгейдегі ой-тұжырымдар" айтқысы келе ме, кім білсін, әйтеуір Мұрат Мұхтарұлы қазақтарға кейінгі кезде жаңа бір пайғамбар тауып беруге бел буып кіріскен сыңайлы...

...Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтің "жер астынан жік шығып, қос құлағы тік шығып" біресе Тәңіршілдік, біресе бурханизм деп ойына келгенін аузынан бір-ақ ақтара салатынын көрген сайын, өзегіңе тас тұрып қалғандай не істеріңді, не деріңді білмей қаласың. Сөйтесің де бұның мақсаты не, өзін әрнәрседен хабары бар білімді жан етіп көрсету ме, әлде Сорос қорының иесі мұның әбден басын айналдырып, ұлтымыздың бірдінділігіне іріткі салуға пайдаланып отыр ма деген құсалы ойға шырмаласың...

... Әлігі Тәңіршілдік дегенді біздің бабаларымыз бір кезде ұстаныпты дегендерді осы күнгі кейбір замандастарымыз жиі айтатын болып жүр. Солардың арғы ойына, түсінік - түсігіне тереңірек үңілсеңіз, өздері әлігі тәңіршілдік дегеннің бағыты, мақсаты, ұстанған қағидасы, негізгі шарттары қандай екенінен мүлде бейхабар, жәй біреулерден, әсіресе бүгінгі мұсылман халықтарының арасына іріткі салғысы келетіндерден естігендерін қайталап жүргендер ғана екенін оп-оңай аңғарасыз. Әйтпесе мұсылман халқы Аллаһтың 99 аты бар дейтін, қазақтар да, өзге бауырлас халықтар да Аллаһ дегенді Тәңірім деп те айта беретінін бұлар білмейді емес – біледі. Мұрат Әуезовтің және Сорос қорының қамқоршылығындағы Оралтай Біләлов деген біреудің не өлең деуге, не дені сау пенденің қара сөзі деуге келмейтін шатпағына, өзін философ, ақын, аудармашы, мәдениеттанушы деп таныстырып жүрген Әуезхан Қодар деген алғы сөз жазыпты. Не сөздерінің басы бірікпейтін, не дұрыс бір сөйлемі жоқ бұл жазбадан ұққанымыз "орта ғасырдың" ақырғы ширегінен бастап, көптеген халықтар қайта жасалу дәуірінен өткен. Діндерін қайта тексеріп, жаңа сатыға көтерілген".

О заманда бұ заман "орта ғасыр" деген ғасыр бар ма еді. Біздің білуімізше, ол бірнеше жүз жылдан тұратын үлкен бір кезең еді ғой. Әуесқой философ, әуесқой ақын, әуесқой мәдениеттанушы ғана болса да Мұрат Әуезов пен Сорос қорына өте қажет Әуезхан қазақтар тәңіршілдік дініне қай-

та оралуы керек дегенді өзі де айтудай-ақ айтып, Оралтай Білөлов әлігі жазбаларында осы жайды "тірілтемін деп шырпыр болады" деп дәріптейді. Әуезханның айтуынша, Орекең батысшыл болуының арқасында осы мақсатын жүзеге асырмақшы екен. Мәс-саған! Бұл енді қасиетті ислам дінінен қазақты айыруды ашықтан-ашық мәлімдеу демей көріңізші! Өзіне азды-көпті сүйек тастаған Сорос қорының, батыстың сойылын соғу демей көріңізші. Тағы да айтамыз. Осындайлар халықты не белгілі бір бағыты, не белгілі бір ұстанымы, не міне мынаусы бар деп қолға ұстатып, көзге көрсететін дәйек-дәлелі жоқ, не ғылым екені, не дін екені белгісіз "тәңіршілдік" деп аталатын беймәлім бір жаққа адастырып әкетпек ойын ашық насихаттауға кірісті."

Шағын мақалада әлігі екеуінің батысшыл болсам, екі сөзімнің бірінде Хайдеттер, Ницшені айтып, сексуалист З. Фрейдтің аруағына деп өлең арнасам білімді болып көрінемін деп өзеуреуін айтып тауысу мүмкін емес. Мұрат Әуезов пен Сорос қамқорлығындағылардың бірі Оралтайдың ақылшысы болып Ә. Қодар алғысөз жазған "Қоңыр" деген 4 баспа табаққа жуық тасқа басылған тасырлықтан бір үзінді келтірейік:

Бай болмақ, кедей болмақ Құдайдан ба?
Қалайда Тәңір діні нығайғанда –
Шарап ішіп, жүрер ем шалқып тасып,
Ақыл айтып, ығай мен сығайларға, –

деген өлексе өлеңшесін оқып: Е-е өзі басы жоқ, аяғы жоқ тәңіршілдік деген дінге табыну керек деп танытса, онымен қоймай шарап ішіп алып шалқып, тасып ығай мен сығайға ақыл айтса, ол туралы сөз қозғап, ауызды қинаудың да қажеті жоқ қой деп қоя салдық...

* * *

Он милосерд: он Магомету
Открыл сияющий Коран.
Да притечем и мы ко всету,
И да падает с очей туман.

А.С. Пушкин

Қазақтың зиялы азаматтарына өкпе-наз көп айтылып жатады. Халық бүгінде сауатты. Олар басылым беттеріне қолдей мақала жазбаса да ой тұжырымдары, иманы "мен" деген ғалымдардан әлдеқайда алға кеткен. Бүгінде Аллаһқа

шүкір діни кітаптар жетерлік. Бірқатар дінтанушы ілім бұлағынан сусындаған жастар өсіп шықты. Олар ақиқи тура жолға бастайтын шығармаларды, діни зерттеу еңбектерді аударып басып, өздері де кітаптар жазып халыққа адал қызмет атқаруда. Бірақ кезінде ҚҰДАЙСЫЗ Маркс, Лениннің адамзатқа қарсы том-том шығармаларын оқығандар одан арыла алмай өлек. Кезінде Ислам дінін жамандап, Кеңес дәуірінде атақ-абырой жинағандар одан арылар емес. Қазақ өзінің жоғалтып алуға шақ қалған рухани мұраларын қайтарып жатыр. Міне, соған қарсы шет елдік қорлар да жұмыс істеуде. Солардың сойылын соғуға, аздап малданған ақшаға бола өз діндерін аяқ асты еткісі келетіндер шыға бастады. Олардың біразы кітап жазып, басқа дінді насихаттауға да көшті. Солардың қатарын жоғарыда айтқанымыздай: Ә. Қодар, Д. Амантай, М. Әуезов сияқты "культурологтар" толықтырып отыр. Өзіміз құрметтейтін әдебиеттің көш басында жүрген сыншыларымыз З. Серікқалиев, Ә. Бөпежановалар солардың астарлы, исламға қарсы іс-әрекеттерін аңғармады ма, әйтеуір қазақты діни ағымға алып келетін кітаптарын мақтап, ұлт әдебиетінің "құбылысы" деп жазып та жіберді.

Іштен іріткі салатын "культурологтарға" қарсы қандай уәж айту керек. Ең алдымен Мұртаза Бұлұтайдың дінтанушы ретінде әрі ғылыми негіздегі сауатты жазылған мақалалары болып отыр. Сол сияқты Аманхан Әлім мен Мырзан Кенжебайлардың атына мың да бір алғыс. Мұхтар Әуезовтің баласы Мұрат Әуезов қазақтарды "бурханизм" сеніміне шақыра бастады. Ешкім естіп білмеген бұл "бұрханизм" деген не? Ол туралы Мұртаза Бұлұтай. (78)

"... Мұрат Әуезовтің көпшілік естіп көрмеген "бурханизм" деген сенімге бастауы төбе шашыңды тік тұрғызады. Қазіргі күннің өзінде алтайлықтардың бірсыпырасы Ислам дінін қабылдап жатыр. Егер аталмыш халықтар ислам дінін қабылдаса, бізге де, оларға да жақсылық болар еді. Миссионер ұйымдары өз сенімдерін аталмыш халықтар арасында жаппай таратып жатқанда, біздің өз дінімізді үйретудің орнына, оларға дін іздеп баруымыз қисынға келе ме?

Мұрат Әуезовтің "Біздің мұсылмандығымыз канондық исламнан бөлек нәрсе" деген сөзін оқығанда, көз алдымда қазақ емес, құдды орыс кісі сөйлеп тұрғандай елестеді. Әлігі бізге өзіміздің дінмізді үйретіп, "аңқау елге, арамза молдадай" болған білгірлер бар емес пе? Бұл христиандық турасында айтылады, христиан теологиясының мәселесі. Ал Ал-

лаһ Тағала Құран Кәрімінде "канондық ислам", "қазақтың исламы", "арабтың исламы" деп айтпайды. "Жеке адамның стилі неден қалыптасады? Библия стиліне мән беріп, әжептеуір тіл байыттым" деген Мұрат Әуезовтің Ислам дініне христиандық тұрғыдан қарағанына таң қалмайсың. Христиандық тағы ұғымдар мен қағидалар, бұл – діннің феноменологиясы мен теологиясындағы түсініктер исламда да бар деп ойлайтын жаңсақ пікір"... деп жазды.

Осы мақаланы оқыған сайын Әуезовтің қателіктеріне көзің жете түседі. Оның тақырыптан тақырыпқа секіре отырып, қарама-қайшы тұжырымдар жасағанын бетіне басады. М.Әуезовтың сопылық туралы насихатын аз да болса осы жерде айтуға тура келеді. М. Әуезов «Мешіт салуға болмайды, Адам мен Құдай арасында ешкім, ештеңе болмауы керек" деп, бірер сөйлемнен кейін "арабтар өз билігін мешіттер, молдалар арқылы орнатқан. Ал осындай биліктен құтылу үшін молдадан құтылу керек еді" (Астағфиралла) дейді. Бұған дінтанушы ғалым М. Бұлұтай қасиетті Аллаһтың кітабы Құраннан мысал келтіріп, мұсылмандықтан шыққан (дінін сатқан) Мұрат Әуезовке күйрете соққы береді. Ол: "Құран Кәрім діни таптың пайда болуына үзілді-кесілді қарсы (ҚК 57 \ 27) Құран бұ дүниедегі өмірде еңбек етуді, халал жолмен ризық табуды және дүниеліктен нәсіпті ұмытпауды бұйырады, бірақ дүниелікке алданбауды, яғни табынбауды ескертеді. (ҚК 28 \ 77, 53\ 39-41, 9\24). Мешіттер Аллаһ Тағалаға құлшылық ету үшін жасалады (72 \ 18). Мешіттерді жауып, адамдардың ғибадат етуіне кедергі жасағандар "залым" болып аталады (2 \114), мешіттерді тек Аллаһ Тағалаға және ахирет күніне иман келтіргендер, дұға етуші және зекет беруші және Аллаһтан басқа ешкімнен қорықпайтын мұсылмандар салады және жөндейді (9 \ 18, 24 \ 36), – деп жазды.

Мақала авторының М.Әуезовтің "қазақ санасына сіңген аруақ деген ұғым бар. Ислам діні оны жоққа шығарады" деген сөзінің де жалғандығын әшкерелеген. М. Бұлұтай: "Ислам діні аруақты жоққа шығармайды! Тек аруаққа табынбандар, аруақты да жаратқан Аллаһ Тағалаға ғана құлшылық етіндер дейді. Адам баласына аруақ жәрдем бере алмайды, қайта аруақтар тірілерге, тірілердің дұғасына мұқтаж емес пе?!" деп сауатты дәлел келтіреді.

"Қазақ ел болып, етек жапқысы келсе, ұлт болып, іргесін шығайтқысы келсе, қауым болып, тұтасқысы келсе, міндетті

түрде атқаруға тиіс ауадай қажет бір іс – ол дүниедегі жалғыз ақиқат дін, Ата-бабаларымыздың діні Ислам дінін елімізде өзінің байырғы табиғи орнына орнықтыру! Әлбетте, бұл бізге Батыстың "білгіштері" зар қаға байбаламдағандай, "экстремизм мен терроризмді өршіту" үшін емес (ол байбаламның ар жағында қарыштап алға басып келе жатқан Ислам діні алдағы уақытта о бастағы Аллаһ бұйрығына сәйкес бүкіл адамзат баласының дініне айналуынан өлердей қорқып, соның "алдын алу" үшін оны түрлі өтірік пен жала арқылы көпшілікке "құбыжық" етіп көрсету мақсаты тұрғаны, әрине, айдан анық ақиқат!), халқымыздың отаршылдық кезде, қара суды теріс ағызған құдайсыз заманда айырылып қалған мұсылмандық қасиеттерін қалпына келтіру мақсатында Жаратқан Иеміз белгілеп берген тура жолға қайтадан түсуі үшін ауадай қажет...

...Дінге байланысты айтпай кетуге болмайтын және бір мәселе – біздің (қазақтың және тұтасынан алғанда, республикамыздың) саясатшылары мен журналистері, ал оларға ілесе былайғы жұртшылық та: "Қазақстан Ресейдің, Қытайдың, Ислам әлемінің және Батыстың арасында түр", - деген тек жаттанды ғана емес, түп-тамырымен жаңсақ пікірді әлдебір "аксиомаға" айналдырып бара жатқан тәрізді. Сонда біздің еліміз осы төрт әлемнің ешқайсысына да жатпайтын, солардың арасында "салбырап" тұрған, кім екені беймағұлым бірдеңе ме?! Кешірерсіздер, бәлкім,шетелдіктер немесе өмір бойы қазақ жерінде тұрса да, өздерін шетелдік тәрізді сезінетін ("орманға қарап ұлитын") кейбіреулер солай есептейтін де болар, бірақ менің ұғымымда, біздің еліміздің байырғы тұрғындары өздерін әрқашанда басқа емес, ислам әлемінің ажырамас құрамды бөлігі есептеген һәм есептейді де! Және де бұл ешқандай талас тудырмайтын табиғи құбылыс. Ойлап қараңыздаршы: егер біздің ата-бабаларымыз да, өздеріміз де мұсылман болсақ, қалай басқаша болуы мүмкін?! Мәселен, дәстүрлі діні христиан халықтар – Христиан әлемі, Будда лық халықтар – Будизм әлемі жөнінде бейне бір... бөгде жат дүние сияқты сөйлеуі мүмкін бе? Ал біреулері олай сөйлей қалса, өзгелері: "Мынаның дені сау ма?!" деп, шекесін бүрғылары анық емес пе? Ендеше біз не себептен сондай "шаригі шашылғандарға" ұқсап, қағынан жеріген құлан кейпіне түсуіміз керек? Меніңше, исі қазақ осынау ұят "әдеттен" дереу арылғаны жөн" деп жазды Жасарал Қуанышәлі "Ел болам десең, иманға жүгін!" атты мақаласында. (79)

Л.Бөкейханқызы "Дін және лаңкестік" атты мақалада (80) адам иланғысыз деректі көз шалды. Онда өзге дін өкілдері қарастыратындай алғашқы террорлық жарылыстар мен әрекеттер Ислам дінінің шеңберінде болған жоқ. Англиядан өз тәуелсіздігін талап еткен ирландық топтың Ира есімді лаңкесінің жасаған шабуылын таяуда ғана көз жұмған Рим папасы "Бұл әрекетті жасаған ирландық лаңкестік ұйым емес, әлемде Ислам мемлекетін құруды көздейтін мұсылмандар тобы" деп жалған бағалап, мұнан соң лаңкестік әрекеттердің барлығы да тек қана мұсылмандардың еншісіне "бұйыратын" болды" деп дәйектейді. Сондай лауазымды адамның аузынан шығатын сөз бе бұл? Әйтеуір, мұсылмандарға жала жауып кету.

Осы жала жапқыш папалардың тарихын біздердің көбіміз біле бермесіміз анық. Өздерін "Батыс" өркениеті санайтын жұрттың жеке бастары, билік, атақ үшін дүниенің астан-кесеңін шығарып жататынына онша көңіл аудармайтын сияқтымыз. Ал шындығына сүйенсек, "бәленің" бәрі сол батыстан келіп, адамзаттың ұрпағына жасаған қиянатынан төбе шашың тік тұрады. (81) Жоғарыдағы "әулие" атанған папалар жайында "Рим Папасы қандай?" атты мақаланы оқысаңыз олардың кім екеніне көзіңіз жетеді. Әлбетте, Рим папасы болғандар аз емес. Тарихта олар әр түрлі қылықтармен қалған. Оны бұл арада айтпасқа тағы да болмайды. Адасып жүргендер түсінер деп ойлаймыз. Ақтағысы келетін "гуманист" ғалымдар да шығары сөзсіз. Ол болмаса елді кім басқарар еді деп ібіліс ілімінің тұтқасы болған Ленин мен Сталинді әлі күні ақтап келе жатқандар бар емес пе? Енді өзіміз оқыған журнал не дейді? Соған тоқталайық.

Онда мысалы, Н Гонорий есімді папа көзіне түскен әйелді құр жібермегенді жазады. Тіптен ол ер адамдармен және үй жануарларымен де жыныстық қатынас жасаған.

Ал I Иннокентий (401–417 ж.ж) ұят-пұятты жиып қойып, жас қыздармен әуейі болған. III Сикет (432–440 жж) болса кәмелетке толған монах әйелдерді айналдырып, көңіл тоятын қандырған. 955–964 жылдар аралығында папа болған XII Иоанн шіркеуді ойнасханаға айналдырып жіберген. Әйел корсе есінен танып қалатын понтификтің көңілдестері тіпті көп болған. Ол көңілдесімен жатқанда әйелдің күйеуі келіп, қанжар сұғып өлтіреді.

Ал папа II Павел (1467–1473 жж) нағыз қанқұйлы адам болған. Ол әйелге деген шабытын ояту үшін ер адамның

жыныстық мүшесін қинап, қиянат жасағанын көріп отырған. Осыдан кейін жас балалармен жыныстық қатынас жасаған. Оның ер адаммен "ойнап" жатқан сәтте өліп кеткенін тарих айтады.

Папа Григорий (1831–1846 жж) жеке шаштаразшы әйелмен көңілдес болған. Әлгі әйел пападан жеті бала тапқан. Папа V Целестин (1294) болса әйел баласынан аулақ жүрген. Құдайдың алдында пәктігін дәлелдеу үшін есек мініп жүрген. Кардиналдарынан қарауындағы көп әйелді алыс монастырларға жіберіп, жыныстық қатынас жасамай, таза жүруін талап еткен. Кардиналдар папаның айтқанын орындаған. Бірақ олар он тоғыз күнге ғана шыдаған. Жиырмасыншы күні олар папаны тақтан тайдырып, Фумон қамалына қамап қойған.

Папалар мен кардиналдар сөз жүзінде сүттен ақ, судан таза болып көрінуге тырысқан. 590–604 жылдар аралығында Рим папасы болған I Григорий әйел зорлағандарға қолданылатын жазалардың тізімін жасаған. Оның орнын басқан кейінгі дінбасылар жаза басқандарға қолданылатын жаза түрлерін бұрынғыдан да көбейткен. Дінбасылардың қателіктеріне байланысты оларды бір апта, екі апта аш ұстаған. Жүкті әйелге барған ер адамға екі жыл бойы су мен қара наннан басқа ештеңе бермеген. Ал тіпті ауыр қылмыс жасағандарды 15 жыл бойы аштықпен азаптаған. Бұлар папа отыратын ортасында ойығы бар орындықты ойлап тапқан. Бұл неге керек болды. Папа болып сайланған адам бұтындағысын шешіп тастап, сол орындыққа отырған. Ең жас кардинал ту сыртынан келіп, әлгі ойық арқылы папаның жынысын анықтаған. Бұл сынақтан ең бірінші болып өткен папа VII Бенедикт (1012–1024 жж).

Рим папасы болған VIII Иннокентий (1434–1492 жж) сегіз қыздың әкесі болған. Ол сол қыздардың бәрімен жыныстық қатынас жасаған. Міне, бұл халық аузына қараған дінбасының қылығы!... Папа III Юлий (1550–1555 жж) де одан қалыспаған. Ол бейшара екі ұлымен де көңілдес болған. Екі ұлына он бес жасқа толар-толмастан кардинал атағын берген.

VI Александар (1492–1503 жж) заманында папаның сарайына әр түн сайын Римдегі жезөкшелер үйлерінен ең сұлу 25 қыз әкелінеді екен. Бұлар да VI Александрды қанағаттандырмаған. Ол тіпті туған қызы Лукрециямен көңілдес болған. Енесін де ренжітпеген секілді. Тарих осылай дейді. Рим папаларының осындай күнәһарлық ісіне не дауа?!

Сол сияқты мәжіліс депутаты Амангелді Айталы "Қай пайғамбарға ереміз" деген сұхбатында, (82) Мейірхан Ақдаулетұлына былай деп жауап берді: "Біздің Конституциямызда ар-ождан бостандығы барда да, өзге дінді тарату бостандығы жоқ. Ал "ар-ождан бостандығы" деген ұғымды әркім әрқалай түсінеді. Мен Грецияның, Францияның заңдарымен таныстым. Оларда әркім өз сенімімен, өз дінімен жүруі керек. Ал менің үйіме, отбасыма әкеліп діни әдебиет беру, мені өзге дінге үгіттеу, менің мұқтаж жағдайымды пайдаланып, маған көмек беру арқылы мені өзге дінге тарту – менің азаматтық құқыма өрескел түрде қол сұғу болып табылады. Олар осының басын ашып, мәселені айқындап, көпшілік жағдайға тыйым салған. Ал біздікі – тек түрлі наным-сенімді, діни бірлестіктерді қолдау ғана. Жеке адам құқығын өте тар шеңберде түсініп отырмыз. Міне, бұл да ойланатын жағдай. Бізде заңға формальды түрде, үстірт қарау басым. Ал дұрысында, біз заңды емес, сол заңның обьектісін тереңірек ойлауымыз керек. Дін қоғамда қандай қызмет атқарады, оның қоғамға, мемлекетке пайдасы немесе залалы қандай – осыны ойлап, осы тұрғыдан заң қабылдауға тиіспіз. Қоғамды заңға емес, заңды қоғамға қарай икемдеу керек" деп жауап береді.

Осыны оңтайлы пайдаланып жүргендер армызда аз емес. Тіптен, Ислам дінін қабылдаған болып, қажылыққа барып келіп, дін арасына іріткі салып жүргендерді де көреді екенсің. "Қазақ әдебиеті" газетінде "Олег Рубец шын мұсылман ба?" атты мақала авторы, Халықаралық Қазақ-Араб университетінің вице-президенті, доцент-теолог Оразкүл қажы Көбеева біраз жайды жайып салды (83). Ол ғалым Жхартес Мистер: "Ғалым христиан өзінің христиан дінін тастап Исламды қабылдап, мұсылман болады, ал надан мұсылман Ислам дінін тастайды" (84). Ислам дінін уағыздауды таңдаған теолог есебінде, адамдарды Исус Христосты Құдай деп сыйынушылар жолынан сақтап, жақсылыққа бағыттайтын ислам жолын таңдаған маған шындық жол тапқан әрбір адам ерекше қуаныш әкеледі дейді.

Ислам басқа діндерден ерекше. Бұл жерде адамның жүрегінің, кеуде қуысының тазалығын, жан дүниесінің пәктігін талап етеді. Кешегі күнәһар, Алла Тағаланың қалауымен, бүгін Исламға жан-тәнімен беріліп, оны қызғыштай қорғауы мүмкін. Ол адам көріксіз, көзге ілінбейтін жай бір пенде болуы мүмкін. Бірақ оның жүрегінің түкпірінде жай

адамға белгісіз, ол тек Аллаға ғана көрінетін шоқ болуы да мүмкін. Ол шоқ белгілі бір кезеңде жалынға айналуы ықтимал. Міне, мұндай адам өз сеніміне берік, өз дінін қызғыштай қорғаушы бола алады.

...Олег Рубец немесе Олег Апшерони өз атын Әліге ауыстырғанымен ол мұсылман бола алмады. Ол сыртқы формасын өзгерткенімен, іштей атеист бойынша қалды. Ол Әлі қажы атын жамылып, тек сыртқы формасын өзгертіп, шындығында рухани өзгеріс ала алмай, өзінің бұрынғы қалпында қалып, өзі түсінбеген Ислам дініне талдау айта бастады. Өзінің шешендік қабілетімен Ислам дінін бөлшекке бөліп, олардың арасына, тіптен Ислам мемлекеттерінің ішіне өшпенділік отын жағу мақсатында өз пікірлерін таратып жүр...

... Рубец мырзаның уахауизм жайлы айтқандарына келсек, онда оның сөзі жай былжырақ екенін байқауға болады. Соңғы кезде экстремистер мен Ислам жаулары жұртты уахауизммен қорқытуды әдетке айналдырып барады. Бірақ, солар бірде-бір уахауисті көрсете алмайды. Сондықтан оларды сақалды ерлер мен орамал ораған әйелдердің ішінен іздейді. Өзінің отаны, жері үшін күрескен Косово және Шешен азаматтарына қандай ат қоймады десеңші. Олар экстремистер де, террористер де, уахауистер де болып аталып, бұларды дәлелдей алмағандықтан "бандиттер" деген атақ қосуға мәжбүр болды. Бұл атақ тек Ислам дініне тағылды, ал халқының бостандығы, елінің егемендігі үшін күресуші халық "бандит" болып шыға келді.

О, Алла! Кешіре гөр, осындай күнәһар пенделеріңді. Біртұтас халықтың бостандығын ғасырлар бойы өз қарамағында ұстап, егемендік алуға күрессе, оны "бандит" деп қорлаған елдің адамдарының жүрегін аша гөр, адастыра көрме оларды. Иманға әкелгін.

Әли қажы халықаралық Қазақстан жастарын уахуаизмиен қорқытуды ойластыруда. Уахауаизмді экстремистік діни ағым етіп көрсетпек.

Өзінің "Ислам тәніндегі қатерлі ісік" деген мақаласын ол Ислам дінінің 73 жыл бойы әкімшілік тәртіпке тұмшаланып, өзінің ата-бабаларының дінінен айрылып қалған ТМД елдерінің халқына қайта оралуын қаламайтынын байқатады. Ол Қазақстан, ТМД елдеріне, жалпы Шығыс елдеріне Исламның қайта келуіне қызғанышпен қарсылық білдіруде. Уахауизм қазақтар мен өзбектерге ұлттық бас киімдерін

киюіне қарсылық білдіреді де, әлемдік Ислам формасынан ерекшеленбеуге талап қояды дейді.

Ал Исламда ешқашан да бірыңғай киім үлгісі болған емес. Ислам ешқашан халықтың ұлттық киімін өзгертуге, ешқандай халықтың ұлттық киімдерінің үлгісіне түсуді ешқандай халықтан талап еткен емес.

Исламда артық құқыққа ие халық та жоқ, сол сияқты араб қазақпен, орыспен, неміспен тең құқықта. Ислам бір елдің мәдениетін екінші елдің мәдениетіне көшіруді талап етпейді.

Уахауизмді мазарларды бұзушы деп айыптауға болмайды, себебі мазарлардың көбейіп кетіп, XIII ғасыр бойынша ислам дінінің негізі жалғыз Аллаға сыйыну принципі бұзылып, Аллаға серік қоса бастағандықтан адамның басына салынған ескерткіштерін бұздырып, "Пайғамбарға сыйынуды тоқтатты" деп сөккені дұрыс емес, себебі Иса пайғамбарға сыйынғандай сыйынсақ дін бұзылуы мүмкін еді.

Мұхаммед (С.F.С.) өзіне сыйынбауды айтқан. Өз қызы Фатимаға да өзі үшін өзі әрекет етуін, ал Алланың алдында керек десе өз қызын құтқаруға немесе араша түсуге мүмкіндігі жоқ екенін түсіндірген.

...Мұсылман өзінше бір нәрсені өзінен шығарып, жалған сөйлеп, адамдарды бұрыс жолға салып, мемлекет құрылымына қарсы қоя алмайды. Ол исламдық принципте Алла жолына қарсы шығу...

...Сауд Арабиясының мұсылмандарын О.Рубец албастылар деп айыптайды...

...Қысқасын айтқанда, О.Рубецтің мақаласында жалған, асыра сілтеме ой-пікірлер жазылған. Мәдениетсіздік, надандық, жай байбалам сөздер және исламға өшпенділіктер бүркеленбей-ақ жазылған. Бұдан нағыз экстремизмді көруге болады. Ондағысы жезөкшелік жолды, халықтың ішінде өзара алауыздық тууын, ислам мемлекеттерінің арасында өшпенділік пайда болуын қоймайтыны және Исламда экстремизмді уағыздағысы келетіні көрініп тұр.

...О. Рубец бұл мақаласымен өзінің нағыз сатқын екенін көрсетті. Мұсылман кейпіне еніп алып, түрлі жиындарда, – теледидарда, тез-тез сөйлеп, өз пікірін көбірек әшкере ете бастады. Қазақстандықтарға өзінше ақылшы болғысы келеді. Жұртқа ақыл беріп, өзінің өтірік, қате пікірлерін айтып, сендіргісі келеді. Өзінің жалған, ешқандай негізсіз тұжырымдамаларымен халқымыздың сана-сезіміне әсер еткісі

келеді. Оның ислам дінінің қас жауы екені кімге болса да айдан анық түсінікті... деп оның халықтан кешірім сұрауы үшін өз талабын қойған. – Оразкүл қажы Көбеева.

Расында алғашқы кезде Олег Рубецтің Исламды қабылдағаны басылым беттерінен түспеді. Соның өзі оның "жарнама" жасап халық, дінбасылар мен билік басқарушылардың сеніміне кіруді аңғартқан. Біздер, әрине бұндай әрекетті кеш білдік. Кейінгі кезде оның осындай әшкере болуының себебінен өтірік мұсылмандығы анықталған соң бұғып қалды. Оның үстіне оған ендігі жерде ешкім сенбес те еді.

Ендігі сөз қазақ қыздарынан шыққан есімі елге танымал жазушы Шәрбану Құмароваңың өз баласы Серік Құмарды жалған жолмен жарнамалап, жұртты алдауы төңірегінде болмақ. Ол баласы туралы "Алланың жіберген елшісі..." (85) (Астағфиралла) атты мақала жариялап, көзі ашық деген халықты таң тамаша қалдырды. Сөйтіп, Аллаһ Тағаланың соңғы Пайғамбары Мұхаммедке (С.F.С.) қарсы шықты. Шәрбанудың жазуынша Серік Құмар рухтармен сеанс өткізеді екен. Сөйтсек, Серік спириттік қасиетімен қандай да бір ғажапты жасайды екен. Бірде Ш. Құмарова 1992 жылы жаз мезгілінде Құрманбек Жандарбеков пен Шара Жиенқұлованың ұлы рухымен сөйлескенімді еске түсіреді. Өздеріңіз білетін Шара қазақ би өнеріне Құрманбек театр, кино, опера саласында қызмет етті. Бір кезде Шәрбану баласы Серікке "Шара апаммен сөйлескім келеді" дейді. Со сол-ақ екен...бес минут өтпей Шара Серік әулиенің (?) көзіне шалынып, "Келді" дейді. Шара: "Қызым амансың ба? Бұ қай бала? дейді. Сөйтеді де хал жағдай сұрастырып, өнер жайында әңгіме қозғалып, Шәрбану Шараға "Жәннәттің төрінде боларсыз? – дейді. "Ия, қызым, жәннаттың төріндемін. Құрекең қасымда..." деп жауап береді. Шәрбану Шарадан Болатын да сұрайды. Ол анасының алдында араларына қырық күн салмай қайтыс болған. Шара: "Болатым да қасымда, елде не жаңалық деп, сұрайды да қиын-қиын деп қапаланады. Солай біраз әңгімелесіп отырады да, қайдағы бірге түскен суретті сұрайды. Со кезде ар жағынан Құрекең (Құрманбек Жандарбеков) келеді де: "Аман ба, қызым? Бұ қай бала? – дейді. Серікті сұрап. "Әулие болайын деген бала екен. Бақытты болсын" дейді. Шәрбану Құрманбектен оның алғашқы бәйбішесі Зура Атабаеваны да сұрайды. Ол да қасында екен. Шәрбану Құрманбекке "Сіз қазақ театрының пайғамбарысыз (?) ғой. Халқың солай дейді" дегенде, Құрекең: "Иә,

мен театр пайғамбарымын" (?) деп үн қатады. Солай да солай Шәрбану баласы Серік арқылы басқа да актер, туыстары келеді. Сөйлеседі. Бәрінің жағдайлары керемет. Міне, оқырман қауым, бұған не айтасыз? Пайғамбар (Астағфиралла) да, көріпкел де, әулие де бізден шығып жатыр...

Осындай жалған Аллаһтың елшілері пайда болуына баспасөз бетіне жариялайтын тілшілердің де кінәсі бар. Республикалық күнделікті шығатын "Литер" газеті "Девочка на счастье" многие считают восьмилетнюю Ардак Бекмырзаеву посланницей Аллаха атты мақалада (86) емші Марал ишанның немересі Ардақ осыдан үш жыл бұрын түс көріп, алдағыны болжай алатын дәрежеге жеткен. Оның айтуынша, қасиетті рамазан айының аяқталар түсында бес жасар қызға Қызыр Ата келіп кететінін Сұлушаш атты апасы айтады. Оған кішкентай қыз қатты иланады. Таңертең үйқыдан тұрған қыз оған Қызыр Атаның келгенін үй-ішіне жеткізеді. Ол құран сүрелерін оқиды. Содан соң ақсақал оның түсіне жиі кіріп, басқа да сүрелерді айтып кетіп отырған. Қаладағы бас имам Мұратбек Бейсенбайұлы да оған таңданады. Алматыға барар түста келген қыз оған бата береді. Қыздың батасы оң болып кетіп, имам елге оралып қызға сұрау салғанша, оның өзі келеді. Түсінде ол ақпараттар алатынын айтады. Үлкен бабасы Марал - ишан басына түнейді. Ол кісі де түсіне кіріп, болашақта ауруларды емдейтін баласың деп бата беріпті. Осындай оқиға Арыстан бабтың басына түнегенде де болған. Бірақ бір қызығы ол кей кездері оған сенетіндерді қорқыта бастаған. Әсіресе, рамазан айында ауырып қалатынды шығарған. Орнынан тұра алмайтын халге түседі. Бірақ кейін өз аяғымен тұрып кетеді. Сондай жағдайда ол күш, қуат алатын көрінеді...

Сөз соңында мешіттің қызметкері айтқан сөзді орыс тіліндегі мәтінмен аяқтаймыз: "Служители мечети относятся к Ардак с трепетом, они считают, что девочка посланница Аллаха и ее миссия – нести людям свет ислама".

Міне, Қызылорда мешітінің қызметкерлерінің Ардаққа берген бағасы. Дінбұзар имам мен молдалардың сауатсыздығы осыдан көрінеді. Әйтпесе, Аллаһтың елшісі енді болмайтынын олар неге білмейді? Соңғы Пайғамбар Мұхаммед (С.Ғ.С.) екенін неге түсіндірмейді.

Құран оқиды деп сегіз жасар қызды Аллаһтың елшісі дәрежесіне көтеруге бола ма? Осыған жауапты кім береді? Олген адамдардың басына барып, ол әулие деп түнегендердің

көріпкел болып шыға келетіндерін имам теріс екендігін неге түсіндірмейді" деген орынды сұрақ туындайды. Қаладағы Бас имамның діни сауатсыздығы былай тұрсын, Ардақ деген қыздың ауру екенін, оның ешқандай да елші еместігін білмеуін қалай түсіндіреміз? Бұндай өресі тар мешіт қызметкерлерін қайта аттестациядан өткізіп, оларға әділ баға берілгені дұрыс.

Абай жомарттықтың типологиясын нақтылы анықтап берген деп жазады академик Ғарифолла Есім өзінің "Абай туралы философиялық трактат" атты кітабында. Абай: "Жомарттардың алды пайғамбарлар", – дейді. Пайғамбарлар әділетті, шапағатты және дана жандар, тек мәселе шын пайғамбар ішіне жалған пайғамбарлар еніп кетіп, пайғамбарлыққа көлеңке түсірмесе. Мысалы,Сәкен Сейфуллин 1923 жылы "Ленин" деген өлең жазған. Сонда ол:

Адамзаттың бақытына Саты,
Аят, хадис уақытында Аты.
Бұл дүниенің пайғамбары Ленин...
...Келешектің Құраны да Ленин.

(С.Сейфуллин. 1 т. Алматы: Жазушы, 1986, 123–124-беттер)

Революционер С.Сейфуллинді 1937 жылғы репрессия жалмап кетті. Жоғарыдағы өлеңі де құтқармады. Азаппен өлді. Міне, жалған "пайғамбар" Лениннің дінсіздік идиологиясы кімді құрбандыққа шалғанын көрдік.

Аллаһ Тағала былай деген: *"Олар Аллаһ лағынет айтып, саңырау және көздерін соқыр қылғандар. Әйтпесе, олар Құранды түсінбей ме? Немесе олардың жүректері құлыптаулы ма?"*

Аллаһ Тағала тағыда айтады: *"Шынында қарсы болып, Аллаһтың жолынан тосқандар әрі өздеріне туралық айқындалғаннан кейін Пайғамбармен таласқандар Аллаһқа ешбір зиян келтіре алмайды. Аллаһ олардың амалдарын жояды... Аллаһтың жолын тосқандарды, сосын кәпір күнінде өлгендерді Аллаһ әсте жарылқамайды.*

Ендігі әңгіме оқырмандар арасын қақ жарған түсінуге қиын жазушы Асқар Сүлейменов турасында. Рас, кезінде классик жазушымыз Ғабит Мүсірепов оның кітабына алғы сөз жазған. Ол Кітаптың аты "Бесін", авторы – Асқар" деп аталды. (87) Ғабит Мүсірепов... "Жаңаша жазушы, жазуға жаңалық кіргізер жазушы келе жатыр. Ойлы да серпінді

жазушы келе жатыр. Тек Асқарды сыдыртып оқымай, ішке түйе оқу керек.

Сонымен бірге ("сонымен біргесіз кітап сирек қой!) Асқар да кемшіліктен сау емес. Ең алдымен бір бет "алғы сөзді" мен түгел өшіріп тастар едім. Асқар "алайда, сонсын, сонсоң" деген сөздерді көп жерде артығырақ пайдаланады. "Көзін сонсоң шешкен, алайда түк көрген жоқ", "Сүтпен тершіген тас көргендей", "Көмейіне қол басындай айғай тығылып еді" деген теңеулер де көркемдік ұғымына жанас-пайды әрине" деген-еді Ғ.Мүсірепов.

Бұ арада біз А. Сүлейменовтің кітабының ерекшелігіне не кемістігіне тоқталайық деп отырған жоқпыз. Талай ақын-жазушылар көрнекті тұлғаларға алғы сөз жаздырып, сонан соң өздерін сондаймын деп ойлап, соңында ешқандай шығармашылық биікке жете алмай, жар қабағында қалып қойғандары да бар. Қазіргі қазақтың даңқын Олжас Сүлейменовтей қай ақын-жазушы танытып еді. Көзі тірілерін айтып отырмыз. Сол сияқты Асқар Сүлейменов фамилялас Олжас Сүлейменовтің шыққан шыңына шықпаса да жазушы деген аты қалды. Алайда, классик жазушымыз Ғ. Мүсірепов айтқандай А. Сүлейменовтің де артықшылығы мен кемшін соғар тұстары бар. Оның "Адасқағында" (әңгімелер циклынан) кейбір жағдаяттарға көңіл бөле кетуді жөн көрдік. Сол әңгімеде қаншалықты атеист болып тәрбиеленсе де, адам баласы жаратушы иесіне қарсы ауыр сөздер (жұмсартып айтқанда "былапыт" сөздер кітапта орын алса, автордың келісімі болса, редактор қиып тастаса да болмас па?) айта ма? Бұл айтқандарды оқырман қауым оқи отырып, бар кеткен кемшілікті теріп жазыпты деп, бізден секем алудың қажеті жоқ. Жазушылардың барлығында көп ретте анайы сөздер айтылмай, саналы оқырманға (махаббат жайын суреттегенде де) қазақ менталитеті бойынша сыпайы жеткізер болар. Ал біздің бүгінгі әңгіміміздегі орын алып отырған А.Сүлейменовтің "Адасқағындағы" сөздер оқырманға да, мұсылманмын деген адамға да ауыр тиері сөзсіз. Оқиық:... "Ау, Түрлыеке, сондағын не сенің? Сақар қайнатарға май жетпес пе еді? Бүткіл Ашамайлы әулетінде жоқ мінез еді – сондағын қай құнасалық? Жоқ, әлде біз емес, құдайдың өзі өз барқытынан (?) сенің қарақан басыңа арнап тігіп берген тақілеттақиясы ма? Бірінің бүлдіргені бәрінің бетіне шіркеу болсын деп құдайдың істеткені шығар? Өй, ондай құдайыңның өкесінің аузын (?) деді Біржан. Құдайда әке бар ма, бірақ?

Анау, жүні қырқылған төстікті шабыққа шаншып ап әрі үйтіп, әрі пісірмек үшін от қамдап жүрген Әпіш келініңнің айтуында құдайдың ізбасарының – (?) пайғамбар әлейссаламның әкесі бар – мыс. Оны, пайғамбардың әкесінің барлығын, қағынып (?) қайдан біліп жүрсің десем: Қиссаның (?) аты "Сияр-Шәрін" (?) – міс. Жазуы арабына, тілі шағатайша – міс. Оны бұл Әпіш келінің түсінеді – міс. Бар болса бар шығар. Әлбәттә, баланы күлге аунап таппайды. Мұхаммбет (?) пайғамбарды айтам. Ал құдайдың әкесі болмаса, дәл өзінің аузын (?) көздедім. Сенің құдайыңды айтам, көксоққыр Тұрлыбай...".

Тағы да оқиық: ... "Алпыстан енді асқан адамның жанары жасып, қолы қалтыраса, оның несі қызық? Жаңағы айтқаны да рас – аты жоқ ауру ажалдан да әрмен. Көз көретін сынық, не ісік болмағанмен көңіл сезетін, жанға бататын сырқатпен саудаласуға мүмкіндік бар. Ал салмағы жоқ, түсі, тынысы жоқ дүлей үрейге не шипа, не дауа? Зады, басқадан басы озып туғанды құдай да басқаша қинап, сиырдан жылқыға, жаяудың аттыға айтарын арнай ма? Біржан бірақ не істепті оған – құдайға? Қызының қойнына (?) барып па? Бәлкім Омбы асып кетерміз дедің. Ал астық. Бардық, ал Сонда..."

"Адасқақтан" тағы да оқиық:

– ..."Мән қайрәнмән, – деді сонсоң – Чимкәнт, Әулиеота томанидағи қозақ кексәләри сәллә урор еди. Сизләрдә у иоқ икән, ә?

– Ол таманың оңтүстік, бұл жақ Арқа. Олар – кексе мен оған әлі жеткем жоқ. Ал, сәлдешілер бізде де бар. Қожа дегендер бар бізде. Мыңтүтінге екеуден келе ме, жоқ па, білмедім. Алапес пе, өздерін бөлек ұстайды

– Куфурликкә бармоң, бек, – деді Тәшмәт, ходжаләр Мұхаммәд Әлйссоломнин овлатидән.

– Болса қайтейін. Байын да қатынын да көрдік. Он үшінші мүшесі табылған жоқ..."

Автордың осы әңгімесінің түсініксіз тұстары көп. Сөзі ауыр. Асқардың мұндай сөйлем құрауы басқа да шығармаларында жетерлік. Оның соңғы жылдардағы өмірден жазылған "Ситуация" повесі де бұндай сорақы сөйлемдерден құр алақан емес.

– ..."Пайғамбар тек шаш қоймайды, сары футболка кимейді, ресторанға да келмейтін шығар, әйтпесе Сержан осы отырысында пайғамбардың (?) өзі.

Бұл жазушылардың өзара сөйлескендегі диалогынан алынып отырған сөйлемдер. Бұл повестің ішіндегі қателікке ұрынған сөйлемдер осы ғана емес. Оқимыз:.. "Жеті жылда бір роман. Безіреймесең, тіпті, қатын құдай (?) боп тас боп қал, көңілім баяғыдай.."

Осындай ойсыз жазылған дүниелерді қазақ жазушыларының біразынан аңғаруға болады. Әлде, Кеңестер Одағы заманындағы билік басындағыларға жағынудан жазылған дүниелер ме?

Біздің қазақ жас таланттарға кенде болған емес. Соңғы кезде проза әлеміне аяқ басқан бірнеше есімдер белгілі бола бастады. Алды кітап та шығарып үлгірді. Әңгімелері орталық басылымдарда мүмкіндігінше жиі басылуда. Солардың бірі жас жазушы Лира Қоныс деп аталып жүр. Біздер жастардың болашағына да алаңдауымыз қажет. Кейде жоғарыда аты аталған аға буын жазушыларға қарап олардың да өз жаратушыларына "айбат" жасауы мүмкін. Мақтаған сайын, талант деген сөз құлағына жиі шалынған сайын осындай жастардың бағыт-бағдарын екшеп отырған да жөн.

Л. Қоныс та Пайғамбарға қатысты сөз айта бастапты. Өзінің "Қазақ әдебиеті" газетіне "Айтайын дегенім" (88) айдарымен жариялаған "N 11-бөлме" атты толғауында былай дейді:

..."Құрметті мәтр, сіз байқайсыз ба, әлемде таланты тас жарғанмен, бағытының айқын болмауы салдарынан еңбегінің аты өзінен бұрын өліп қалған мың-мың ұсақ жазушы өткен. Соның айғағы, социалистік реализм көп жағдайда статистикалық көлеммен шектелді десек, бұл кезеңдегі томдықтардың барлығын парақтау шарт емес. Бірер автор, өзге авторлардың да не жазғанына айғақ бола алады. Себебі, оқиға біреу, кейіпкер біреу. Сол сияқты социалистік реализм тұсындағы томдықтардың барлығын да парақтау шарт емес. Толстойдың артында неше том дүние қалғаны маған белгісіз. Бірақ Толстойды тану үшін оның барлығын оқу шарт емес. Стилін, бағытын, кемеңгерлігін ұғуға небәрі он томын ғана шолып шығу жеткілікті. Ал одан өңгесі... жазушының өзін қайталауы болып шығады. Социалистік реализм тұсындағы шығармаларға осы таныммен қарасақ қателеспейміз. Өз пайғамбарымызды (С.F.С.) теріс таныған үшін Дантемен ес білгелі өшпін. Бірақ екінші ойым оны үнемі ақтап алатын: Жаттанды, қалыптасқан ұғым-соқпақпен ілби беруге дайын қаламгер – қаламгер емес. Бар болғаны жаңғырық. Тол-

стойдың, Стендальдың т.б жаңғырығы... Шынтуайтында, Дантенікі – саналы қарсылық. (?) "

Дантені түсініп оқыған болса ол олай демес еді. Рас Дантенің де өз оқырмандары бар. Данте Лираға данышпан шығар. Біздің Пайғамбарымызды (С.F.С.) теріс таныған үшін де оның шығармасының біздерге қажеті жоқ. Оның Пушкинді дуэлде өлтірген Дантестен де арам пиғылы асып кеткен. Біздер осы әлем жазушыларын мақтап, мадақтағанды қашан қоямыз? Біздің М.Мағауин, Ә. Кекілбаев, Оралхан Бөкейлер (тек кейінгі толқынды айтып отырмыз. А.С.) қай шетелдің жазушыларынан кем? Сол шетелдіктердің жазғандары дінімізді мазақ етсе, қарсы жазылса да "жағымпаздаңып" талант деп қолпаштағанды әлі күнге қоймаймыз. Сайтан да аса талант иесі екенін неге білмейміз? Құдайға қарсы шыққандар қанша жерден "керемет" болса да сайтани адам екенін ұмытпаған дұрыс болар еді.

Қандай да бір данышпан, не ақын, не жазушы болмасын дінді келемеждесе, ол нағыз сайтани жолдағы пенде болады. Қазаққа Батыстың бұзылған папалары мен шайтан бағытын ұстанатын өз пайымдауларынша "классик" атанған жазушыларын насихаттап, "керемет" деудің қажеті жоқ. Олай бола берсе күні кешегі "кәпір" үнділік Салман Руштиді де біздің "білгір" азаматтар ақтап алудан тайынбайды. Құрғақ сөзбен бұл "әдебиет", бұл "творчество", бұл "шабыт" деп жақтаушылар жетіп артылады. Бірақ саналы оқырман ондай санасыз шығармалардың бетін жауып, сайтаниларға өз шешімін айтары хақ. Бірақ ондай кітаптардың да өз оқырмандары болатыны рас.

Талантты қызымыз Лира Қоныстың бұл пайымына қосыла қоюымыз қиын.

Ол: Әдебиеттің серкесі Бейімбетті атқызып тастап, әдеби өсуін 30 жылға дамусыз қалдырған қазақ прозасы (Әуезовты айтпағанда) 1960–70 жылдардағы жылымық тұсында Асқар Сүлейменов бастаған толқынмен ғана табанынан тік тұрып кетті. (?) Ал мұнан кейін қазақ әдебиетінің тарихына тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет өкілдері келеді дейді.

Шындығын айтар болсақ 60–70 жылдардағы толқынды Асқар Сүлейменов бастаған жоқ. Алдымен таудай биікке Олжас Сүлейменов, Сайын Мұратбеков, Қалихан Ысқақов, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауиндер шыққан болатын.

Л. Қоныс араға аз уақыт салып данышпан Абайға айбат шегеді. Ол жайында филология ғылымдарының кандидаты

Бауыржан Ердембеков өзінің "Ат шығарудың жолы жер өртеу емес" атты мақаласында: "Жақында "Дала мен қала" газетінде (N34, 22 қыркүйек, 2006) Лира Қоныстың "Қарлығашым, келдің бе?" деген атпен бүгінгі жастар әдебиеті жайында мақаласы жарық көрді.

Жас сыншы, я әдебиетші ретінде Лира Қоныс аға буын өкілдеріне, дәлірек айтқанда, әдебиет қайраткерлеріне көңілі толмайтынын білдіре отырып, Әуезов, Мұқанов, Мүсіреповтерді өлтіреді де, "Ботакөз" бен "Оянған өлкенің" жаназасын шығарып тастайды.

Аға буынның әдеби туындыларын бір жапырып ап, авторымыз былай деп көсіледі:

"Мойындайықшы осы, Абайды Абай еткен кім? **Өлеңі дейсіз бе? Келіспейтін шығармын.** Ел-жұрт?

Жо-жоқ, атай көрмеңіз (Абай осы халықпен Абай!), қалың елдің ортасында отырып, "жалғыз қалдым, тапшымын" (бұл арада дұрысы: **Тап шыным** – Б.Е.) дегізіп, жыр толғантқан қауымды да себепкер көрмейтін. Жасырып, жауып қайтеміз, **Абайды Абай еткен Құнанбайдың байлығы ғой!** Менің Әлібек ағам секілді "қайыршының алдындағы тиынға да көзім түскен кезім бар" деп өлең жазған күйде жүрсе... көрер едім".

Ал, сөйлес соқырыңмен! Кезекті дәріске кірсем, Абайтану үйірмесінің студенттері маталаны ұстап шулай отыр... Бүкіл қазаққа ғана емес, әлемге танылған Абайды ал арашалап, ал ақтап көр. Айтуға сөз жоқ.

Кешегі Әлихан мен Ахметтер өз бағасын беріп, Мағжан ақын бастап, Мұқағали, Қасымдар әр сөзіне тәнті болған, бүгінде әр ақын сөз патшасы деп сыйынып, поэзияның табылдырығынан аттап жүрген Абай есімі, Абай сөзі, біздің Абайымыз, сөйтсек, Құнанбайдың байлығының арқасында Абай болыпты!

Бұл пікір – Абайды оқымаған, оқыса да шаласауат түсініп, жүрегіне бойлата алмаған адамның пікірі деп ұқтым, – деп жазады. (89)

Өте орынды айтылған. Осы біздің қолына қалам ұстаған пенделердің ірі тұлғаларға себептен-себепсіз ұрынатындарын түсінбейсің. Ешкім, еш уақытта байлықпен (әке, атадан қалған болсын. А.С.) өлең, не проза жаздырып, баласын ақын не жазушы ете алмайды. Ол үшін бірінші – талант, екінші иманды, үшінші – еңбекқор болу керек. Білім арқылы іздену де қажет. Бірі жастай, бірі орта жастан асқанда,

енді бірінің өмірден озар күні жақын қалғанда таланты ашылып жатады. Оған көптен мысал келтіруге болады.

Соның бірі – Абай! Олай болса талант ешбір байлықпен бір қазанда қайнамақ емес!

Сайтанның жолына түспеңдер,
Ол – сендердің нағыз жауларың.

(Құран–Кәрім, "Бақара" сүресі)

Мына төмендегі оқиға біздің жоғарыдағы сөзіміздің растығын айқындай түседі.

"Орыс жазушыларының ішінде сайтан тақырыбына ең алғаш рет Гоголь қатты назар аударды. Адамның сайтанға айналуының бір-ақ қадам екендігін байқаған жазушы өз шығармашылығында бұл тақырыптың астарына терең үңіліп, жан-жақты зерттеп, барлық қырынан ашуға тырысты. Бір сөзінде Гогольдің өзі "сайтанды ақымақ қылып шығару бүкіл шығармашылығы мен өмірінің өзегіне айналғандығын" мойындапты. Жұрттың бәрі сайтанмен тіл табысуға тырысып жатқан өліара мезгілде, Гоголь онымен айқасқа түсті.

Гоголь мен сайтанның күресі, орыс аңызындағы батыр Иванның мәңгі өлмейтін Кащеймен шайқасын еске түсіреді. Қауіпті әрі қорқынышты болса да, жазушы бұл тақырыпқа бір емес, бірнеше рет барды. Құдайдан да сескенбейтін сайтанды өшкерелегісі келген жазушы жан тыныштығынан айырылып, бақытсыздыққа ұшырады.

Жекелеген пенделердің ғана емес, сайтанның қылбырауы мойнына ілінген соң ар-ұятынан безген, иманынан айырылған бүкіл қоғамның оның етегінен ұстап, айтқанына көніп, айдағанына еріп, жетегінде кетіп бара жатқандығын орыс әдебиетінде ең бірінші сезінген жазушы Гоголь болды...

...Жазушының "Вий" атты әңгімесіндегі философ Хома Брут пен сайтанның арасындағы азапты арпалыс – азғындықтың жолына түскен қоғамға қарсы шыққан Гогольдің жан-дүниесіндегі мазасыздыққа көбірек ұқсайды. Шіркеудің ішіне кіріп алып, жын-ойнақ салған сайтандардан қалай құтыларын білмеген философ Хома Брут секілді, Гогольдің өмірінің ақыры да үрей құшағында өтті. Кейін тарихта жазушының "Вий" әңгімесінің кейіпкері, халықты қан жылатқан сайтан Ленин, сайтан Сталин... бейнесінде қайталанды. Сайтан ғасырлар бойы адамзат баласының санасын улап, жан-дүниесін темір торға қамап, уысынан шығармай келеді. Миллиондаған адамдардың өзен-өзен болып аққан қаны мен

көз жасы да сайтанның айызын қандырар емес. Егер де Ресей халқы Гогольдің шығармаларынан тағылым алса, тарих доңғалағы басқаша жүріп, бәлкім, кейінгі ғасырдағы тағдыры өзгеше болар ма еді? Кім білсін. Бірақ сана-сезімін сайтан иектеген орыс халқы Гогольдың аузымен айтылған, алғашқы ащы шындықты мойындағысы келген жоқ....

Гогольдің "Өлі жандарындағы" үлкен трагедияны шынайы түсінген және ондағы көрсетілген шындықты мойындаған бір-ақ адам болды. Ол – Пушкин еді. Әлі сиясы кеуіп үлгермеген "Өлі жандар" поэмасын жазушы ең алдымен Пушкинге оқып бергенде, ұлы ақынның жүзі түнеріп кетіпті.

– Құдайым-ай! Шындығында да біз осындай сорлы халық па едік, – деп ұзақ уақыт бойы Пушкин өзіне-өзі келе алмай қапаланыпты... (90)

"Өмірінің соңында жазған Гогольдің "Жазушының жаназасы" (Авторская исповедь) еңбегін оқыған сайын өмір дегеніміздің адам мен сайтанның арпалысы екендігіне көзім жете түскендей болады. Сол сайтанды жеңу – халықтың арұятының өлшеміне ғана байланысты. Адамды жаратқан Құдайда ешқандай жазық жоқ. Бар бәле Құдай салып берген сара жолды танығысы келмегендіктен пендешілікке салынып, оның өсиетін бұрмалап, басқаша түсіндіріп жүрген, санасын сайтан билеген тобырдың арасынан шыққан надандарын хан көтеріп, жұртқа шын жүрегімен жаны ашитын ақындарын тозаққа салып қоятын, тірі өлікке айналған халықтың өзінде. Дүниенің жарға құлап кетпеуі алдымен Құдайға, сосын халықтың ар-ұятына ғана тіреліп тұр. Өз замандастарының ішінде осы шындыққа ең бірінші Гогольдің көзі жетті". (91)

..."орыстар Гогольдің өзін мойындамаған ғой. Ал Гоголь Пушкиннен басқа ешкімді бағаламайды. Оның Пушкин жөнінде мынадай керемет сөзі бар: "Пушкин – данышпан. Ол адамның миы айналатын биіктікке шығып кетті. Енді оның артынан шығайын десең, ол шыққан баспалдағын өзімен бірге алып кеткен". Қандай образды сөз,ә! Ал Гогольдің орысшасы керемет! Тіпті Гогольсыз орыс әдебиетін елестету қиын". (92)

Ал Гогольдің "Өлі жандары" соны дәлелдеген шығарма екенін білетініміз анық. Шындықты танытамын деп Гогольдің өмірден қалай озғанын айтпасақ та білесіздер.

Ал жазушылық туралы айтар болсақ, оны оқырмандар орқалай қабылдайды. Жұрттың бәрі теоретик емес. Ең бас-

тысы көркем тілмен не жазсаң да суреттей білу. Өз оқырманын тану. Маяковский немесе С. Сейфуллин сияқты жалпыға жазбау керек. Олардың кейбір дүниелері қазір оқылмайды. Әркім өз түйінін өз еркінде тарқата білу керек. Ш. Айтматов әлемді социалистік дәуірдің қасаң тұсында-ақ жаулап алды. Сондағы суреттелген кейіпкердің барлығы соцреализм арқылы бейнеленген.

Бірлі-жарым ірі шығармалардың әлем тілдеріне Кеңес заманында аударылғанын білеміз. Бұған жазушы Смағұл Елубай (93) мынадай дерек келтіреді: "...Әлемнің тілдеріне аударылған "Абай жолы" мен "Қан мен тер". Ол кезде Кремль берген сыйлыққа ие болған шығармалар бірден Мәскеудің "Прогресс" баспасында аударылатын. Оны топырлатып, Кеңес одағының дүние жүзіндегі елшіліктері арқылы тарататын еді. Бір өкініштісі, "Абай жолы" романының өзі ағылшын тілінде 5000 данамен ғана таралған. Ол дегеніңіз, бір ауылдың адамдары ғана оқи алады деген сөз. Бірақ бұл жүйе ұлттық әдебиеттің таралуына жақсы әсерін тигізген жүйе болатын...

...Елбасымыз Н. Назарбаевтың қолдауымен, Иманғали Тасмағамбетов жүзеге асыра бастаған "Мәдени мұра" бағдарламасы аударманы осы тығырықтан, осы қиындықтан алып шығатын игілікті қадам деп ойлаймын".

Рас, "Лениндік сыйлықты алғанмен, жазушы емес адамдар аз емес" (94) (олар Л.И. Брежневтен басталады) деген классик жазушы Ғабит Мүсірепов "Қазақ әдебиеті" газетіне берген сұхбатында. Біреу көп жазады, біреу аз жазады. Ал Жорж Симеон – жер бетіндегі ең көп оқылатын жазушы, оның шығармаларының жалпы тиражы 550 миллион данаға жетеді. Ол 39 елде, 55 тілде жарық көрді. Бізде ақындар Мұқағали, Жұмекен, Төлеген, Жұматай т.б. өлгеннен соң танылды деген шала түсінік бар. Қате! Олар көзі тірісіндеақ, қаламгерлер ортасында соншалық мәлім еді. Неге мойындамады?! Данышпан демедік? Мәселенің ең ауыр жері – осында. Қазақ қана осындай болса, бір сәрі?!... Жақсы жазу ұраны өзгермейді. Жастар көбірек оқу, іздену саясатына көшсе, "... Заманы тазы болса, түлкі боп шалса" деп арман-даймын. Қазақ қарапайым ғана күпі киіп жүріп, осылай деп ақыл айтқан. Мұндай мысалдар көп-ақ. Ұлы Абай, Шәкәрім қажының бүгін шыққан кітаптарының өзінен "Құдай" сөздерін өзгертіп, "жөндеп" шығарып, артық қыламын деп тыртық қылдық қой. Біз кімнен сескенеміз? Бізді

кім тексереді? Ешкім де! Өз өзімізден үркіп, әсіре сақтықпен айналысып жүрген тағы өзіміз! Міне, біз осындаймыз! "Таза қазақ мектебінің" не керегі бар, аралас мектеп ашайық, әйтпесе, таудағы Қарабах сияқты хал кешеміз" деп "қорқып", "қосүрей" боп өзіміз, менің ауылым Мақтаралда тәжік-қазақ мектебін аштық.

Менің кітаптарым қазіргі кезде қажетсіз болса да, елім есін жиып, етегін жапқан соң мынау қымбатшылық өтіп, қолы аузына жетіп тойынған соң, іздейтін рухани азықтары боларына, ең құрығанда Мырзашөл деген өлкеден бірауыз алғыс айтып, рухыма дұға оқитын адам шығарына бір құдірет, бір сезім сендіреді. Аз-кем үміт сәулесі дегенім – сол.

Әйтпесе... дүкенде Қадыр Мырза Әли, Мұхтар Шаханов, Жұмекен Нәжімеденов, Кеңшілік Мырзабеков кітаптары отпесе немесе болмаған Белинский, толмаған Толстойлардың әкім нағашысы демеугер болған апталған-қапталған көптомдықтары (мысалы, Шалқар Әбіш пен менің кітабым) отіп кетсе, менің не айыбым бар? "Ойбай ананың он томдығы, мынаның бес томдығы шығып жатыр, енді анау да, мынау да сөйтеді" деп білгір ағай – Герольд Белгер ағайдың "Ана тілі" апталығында аяқ астынан аллергия болып, пікір айтуының не жөні бар? Олжастың кітабын алмай, менің екі томдығымды біреу сатып алып жатса, сөйткен оқырманға (халыққа) не деуміз керек? Біреу қара нан, біреу пішінән, біреу бәліш алады. О вкусах не судят, Герольд Белгер ағай!

Айтысқа кірген қазақты арқанмен сүйреп шығара алмайсың. Мәдениет сарайында түнгі 12–1-де тараған айтыстар естеріңізде шығар. Сонда халықты кіналауымыз керек пе?.. Бұл – қазаққа ғана тән. Ағайындары, ауданы, облысы ғана білетін ақын, өнерпазын том-том етіп шығарып берумен және соны той жасап, таратып алумен, тірі Қоғабай, тірі Қойшығараларына көше берумен қазақ халық болып тұр. Мұндай кеңдік ешбір ұлтта жоқ. Еуропа, Американдан мысал айтпасам, мақаламды оқымайсыңдар ғой, былай деп жіберейін. Бизнес туралы шетелдің бізді үйреткен орысша-қазақша кітаптарының талайын оқыдым. Бәрі, түгелімен "бизнес жасағың келсе бауырыңа да қарыз берме!" деп үйретеді. Тіпті, "қарыз сұраушы арамтамақ, паразит" дейді Г. Кэссон.

Астағфиралла, бауыр, ағайынына бермей бөлек жегенше, аштан өлгенім артық! Аз күн дүние жалған, байлығымен де (қолдың кірі деп қояды қазақ), кітабымен де (өлең емес,

тақпақ деп қояды қазақ), алдайтынын біледі дана қазақ. Александар Пушкиннің лицейлік 25 сыныптасы – түгел ақын. Түгелімен тіпті романдар, пьесалар, мысалдар жазған. Қайда сол "Қаламгер ханымдар" немесе "Ақырған ақындар?" (95)

Ия, американың ең мықты ақынының өлеңдері бар жоғы 500 данамен шығады... Грузин ақыны Бараташвили 13 өлең жазған. Ол сол ұлттың классик ақыны атанып тарихта қалды.

"Егемен Қазақстан" газетінде журналист Батық Мәжитұлының "Құдайскийді қойсақ қайтеді" атты мақаласы басылымның бірінші бетінде басылды. (96) Ол өзінің терең ой қозғар мақаласында адамдардың кейбір келеңсіз жағдайларын сөз етеді. Студент кезінде оның бір досы профессор апайынан сынақ бағасын жанын қинамай қойып жібереді. Студент досы одан жақсы апай жоқ деп мақтаса керек. Көп ұзамай сол апайынан емтиханда сүрініп, қалшылдап, анау адам емес деп жер-жебіріне жетеді. Бұл әлгі жігіттің сабырсыздығын білдірсе керек. Алайда сабырдың да шегі болады. Жазбасқа болмайтын. Соны Б.Мәжитұлы тамаша білдіріпті. Ол: "... Тойда тос көтергендер тіпті еркін көсіледі. Лебіз арнаған кейіпкеріне теңеуді жерден таба алмай, көктен іздейді. Бала дейін десең бала емес, бадырайтып қойып шын айтып отырған сияқты. Әрине, сол сәтте бәрі әсерлі. Бірақ кейіннен сабаға түскен соң таразылап қарасаң оның салмағы арзан, әсіре сөз екеніне көзің анық жетеді. Жарайды айтқыштарға дауа жоқ, айтады. Және олар райынан да тез қайтады. Ыңғайсызы сол, әсіре теңеуді баспасөзге де пайдаланатын болдық.

Дабырайтамыз деп қалыптан шығатын жайлар қаншама.Өзіміз мұсылманбыз. Соған қарамастан күпірлікке баратынымыз қалай? Ана жылы бір ақын дос қас батырға арнаған шығармасына "Құран-жыр" деп тақырып қойыпты. Қасиетті құранға ештеменің теңеспейтінін ол біледі. Екінші бір әдебиетші өз әріптесін "Ол құдайский ақын" деп мадақтады. Адам-пендені ұлы жаратқанға балап айтуға болмайтынын ол да ұғады. Демек, мұның бәрі ұстамсыздықтан туындаған көзсіз әсіре. "Ақындардың пайғамбары" дейміз. "Пайғамбар" деген сөз телінетін атақ, берілетін марапат емес қой. Ол да қасиетті ұғым. Егер сол ақын мұндай теңеуді тірі кезінде естісе, жағасын ұстар еді..." деп ашына, қынжыла жазады.

Б.Мәжитұлын осы шындықты айтқаны үшін кінәлауға бола ма? Жоқ! Қайта мұсылманы бар, басқа діндегісі бар –

бұл үшін алғыстан басқа ештеңе айтпасы анық. Әрине, жаңағы астамшылыққа барған ақынның атын түстеп айту керек еді. Мүмкін газет осының өзін есі бар адамға жетеді деген болу керек.

Жүрсін Ерманның қазақ ұлтына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Оның айтысты ұйымдастыруының өзі тарихқа енген еңбек. Сол Ж. Ерман қазақ зиялыларының умраға барғанын қуана жазды (97). Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз дәулетінен 180 қайраткерді Мекке – Мәдинеге жіберген. (Аллаһқа мың алғыс! Қазақстан Президентінің исламға деген құрметін осы-дан-ақ түсінуге болады!) "Ақ Орда" қозғалысының дін, руханият қанатын басқарып жүрген Мұхамеджан Тазабеков азаматтық танытып, жиырма бес ақынды тізімге енгізіп жіберген. Ж. Ерман одан біраз дәріс алған. Иманы беки түскен. Оның үстіне әйгілі теледидар дикторы Нұржамалды да қосымша алдырып, қаражат тауып умғаға апарады. Үлкен қажылыққа әйелімді апарсам деп мақсаттапты. Ин-шаллаһ! Аллаһ деген арымас. Иманды жолдасының мұсыл-маншылығы молая түскен. Бір қызығы осы умғада қазақ зиялыларының пікірін де газетке беруден тыс қалдырмаған Ж. Ерманның мақаласынан біраз жайды аңғарғандай боласыз.

Сәкен Жүнісов әңгімеге тартқан Ж. Ермановқа: "бір құдіреттің барына бұрыннан сенемін. Ал аспаннан кітап түсті деген бос сөз ғой", – дейді. Сөздері қайшылықта. Жаратушы бар деген ой айтады да, Аллаһтың Жәбірейіл періште арқылы қасиетті кітап түскенін мойындағысы келмейді. Сөйтеді де дінсіз қоғам құрған құдайға қарсы Ібіліс жетегінде кеткен Ленинге құлай берілгеніне мақтанады. С. Жүнісов айтады: "Мен Ленин туралы пьеса жазып, Мемлекеттік сый-лық алған кісімін. Маған сол көсемнің идеялары біртабан жақын еді", – дейді. Міне, бүгінде марқұм болған қазақ қаламгері С. Жүнісовтің Мекке – Мединеде жүріп халықты қайғымен, жұтқа алып келген Лениңді жүрегіне "иман" етіп қондырғанын мақтаныш тұта сөйлегені нені аңғартады? Қалайда, қай жерде қалай сөйлеу керек екендігін қандай пенде болса да білуі керек. Оларға ақиқат емес атақ керек. Ертең біреу "Сайтан" атындағы сыйлық тағайындаса, сол үшін жан алысып, жан берісіп пьеса жазып, сыйлықты ала алмай қалса, үкіметке не Елбасына өкпе артып, оппозиция жағының сөзін сөйлеп шыға келеді.

Біраз жыл Сенатор болған, Білім министрлігін басқарған, бүгінде мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының

ректоры қызметіндегі Шәмша Беркімбаева: "Саудия – бай арабтардың елі. Көбісі балаларын Гарвардта, Оксфордта оқытады. Мына жүргендер төменгі қауым. Бізді осында алып келіп, осылардай бол деген ойға қонбайтын іс. Кейбір жерлерде сервистің деңгейі де тым төмен екен. Мұсылман әлеміндегі ең тұңғыш Құба мешіті мені осындай ойға жетеледі. Сол мешітке апармай-ақ қойса да болар еді" дейді, ол Умғада жүріп. Бұған не айтасыз?

Сол Құба мешіті қалай түрғызылды, ол қашан болған еді. Соның тарихынан мақұрым Ш.Беркімбаеваға мынаны айтуға тура келеді. Ол кездері Мединеліктер (Насриб) Мұхаммадтың (С.Ғ.С) Иасрибке келуін асыға күткен кез еді. Пайғамбарымыз (С.Ғ.С) күннің ыстығына қарамады. Сапар шекті. Иасрибқа екі шақырымдай жердегі Құбаға келіп тоқтады. Оны иасрибтықтар (Ансарлар) дұшпандардан қорғау үшін бір топ қарулы жасақпен күтті. Құбада Пайғамбарымыз Ауф ұлы Әмірдің үйіне қонақ болды. Ол жерде он күндей тұрақтады. Сол аралықта мұсылмандар салған мешіт те дайын болған. Жұрт оны Құба мешіті деп атап кетті. Сол себептен ол Исламның тұңғыш мешіті болып саналды. Ш. Беркімбаеваның "базар" емес, мешітте болғанын естен шығарып алғаны қынжылтады.

Жазушы Дүкенбай Досжан өзінің басын отта түрған қазан санайды. Солай дейді де: "Қиялдың соңына көп түсіп – қияли боп шыға келмейін деп те ойлайсың. Жалғыз жүрген жалғыз мен бе? Мұқағали да "Өмірде ақындардың бәрі жалғыз" деп өлең жазған. Сатирик француз Альфонс Доде үйінде жападан-жалғыз отырып, жын иектеген бақсыдай,ез кейіпкерімен өзі сөйлесіп, ішек-сілесі қатып күліп отырады екен. Үй маңынан өтіп бара жатқан жұрт: "Ә, жазушы ғой ол!" деп қолын бір сермеп жөнімен жүре берген. "Ә, жазушы ғой ол! Деп көп кемшілігімізді" кешіріп келеді жұрт... Маңайымда арам шөп секілді адамдар көп, бақталас, бәсекелес сол шіркіндер майда сөзбен шырмап, өсек өрбітіп, анекдот шығарып, жармаспайтын жерде жармасып жатады" деп сұхбат береді. Осы сұхбатта Көпен Әмір-Бек 2005 жылы 180 адамның ішінде Д.Досжанның да Мекке-Мединаға барғанын сөз етіпті. Сонда: "Сіз Умра қажылығынан оралысымен "Амал дәптері оң жағынан берілгендер" атты иманды-лық эссесін мөлдіретіп жаздыңыз. Мұхаммед (С.Ғ.С.) Пайғамбарымыздың қабірі жатқан қасиетті Мәдинеден қайтқанда ырым болсын деп барған кісілердің бәрі құты-құты,

мес-мес қылып су құйып алып жатты. Сіз су алудан тартындыңыз. Біз сонда "Тәкәппарлық па, әлде ауырсынды ма?" деп ойладық... деп сауал тастапты. (98)

Сөйтсе Д. Досжан ол жайында жоғарыдағы аты аталған эссесінде түсіндіріпті.

"...Татып көрсем: баяғыда көгалына ойнап, тіс сырқыраған көусарына қанып өскен Қаратау Құланшы бұлағының суы секілді..." депті Д.Досжан.

Бұл мен-мендікке жатады. Бәрімізге туған жер ыстық. Қасиетті. Бірақ, екі миллардқа жуық мұсылман құлшылық жасайтын Ислам діні ақиқи. Аллаһтың кітабы Қасиетті Құран-Кәрімде жазылған зәмзәм су ол бір-ақ жерде бар. Ешбір бұлақтың, құдықтың, таудың, өзеннің суы зәмзәм суына теңесе алмайды. Оның қасиеті қиямет заманға дейін сақталады.

Аллаһтың құдіретімен пайда болған судың тарихын оқырмандарға ұсына кетейік.

Ибраһим, алейһиссәлам, Аллаһқа иман айтқан мұсылмандарды ертіп харан деген жерге келіп ұзақ уақыт тұрды. Сонда тұратын бір туысының Сара атты қызына үйленді. Бірақ олар егде жасқа келгенше бала көрмеді. Бір күні Сара күйеуіне былай деді:

– Жасым ұлғайды. Тәңірім маған перзент бермеді. Сен қызметші қыз Ажарға (һажар) үйлен. Аллаһ Тағала тілегіңді қабыл алып перзент берсе, үйімізге қуаныш кірер, – деді.

Бұл сөз Ибраһимнің, алейһиссалам, көкейіне қонып, Ажарға үйленді.

Көп ұзамай Ажар жүкті боп, Исмайл атты ұл туды. Аллаһ Тағала тілегін қабыл қылып, перзент бергенде Ибраһим, алейһиссәлам, қатты қуанды. Ол енді ұлы мен жас әйелінің жанында көбірек болып жүрді. Мұны көрген Сараның бойында қызғаныш оты жана бастады.

– Балаң мен әйеліңді менің көзім көріп, құлағым естімейтін алысқа апарып таста, – деді Сара бір күні. Ибраһим, алейһиссәлам, көп сөзге келмей оның тілегін орындауға бел байлады. Оған Ажар мен Исмайлды Мекке ойпатына апарып тастау туралы Аллаһ Тағала уахи келтірді. Ол Аллаһтың әмірімен әйелі мен емшектен шықпаған баласын елсіз шөлге тастап кері қайтты.

– Сендерді бір Аллаһқа тапсырдым, – деді Ибраһим, алейһиссәлам, соңында қалып бара жатқан Ажарға.

– Аллаһ бізді өлтірмес, қор қылмас, – деп Ажар жыламсырап қала берді.

Бірнеше күннен кейін Ибрәим, алейһиссәлам, қалдырған су таусылып, Ажар мен Исмайлды шөл қыса бастады. Қаталап шөлдеген Исмайл жанын қоярға жер таппай шыңғырып жылады. Не істерін білмей сасқан Ажар жүгіріп Сафа тауына шығып, айналаға көз тастады. Маруа тауы жағынан бұлдырап су көрінді. Жүгіріп онда барғанда, бұлдырап көзді алдаған сағым болып шықты. Осылайша ол екі тауға жеті рет шығып, түсті.

Кенет әбден қалжыраған Ажардың құлағына бір дауыс естілді. Жалт қараған Ажар баласының өкшесі тиіп жатқан жерді періштелердің бірі қанатымен қазып жатқанын көрді. Сол-ақ екен атқылап су шықты. Бұл бүкіл мұсылман жұртына қасиетті зәмзәм суы еді. Сөйтіп Аллаһ Тағала өзінің сүйікті пенделерін зәмзәм суымен жарылқады. Қуанышқа кенелген Ажар:

– Аллаһқа шүкір! Аллаһқа шүкір! – деп баласын құшақтап сүйе берді.

Міне, Аллаһ Тағала өзінің сүйікті пенделеріне періште қанатымен атқылатып шығарған су мен құланшы бұлағының айырмашылығы. Бәрімізге туған жер қымбат. Алайда, Аллаһтың құдіретіне қарсы тұру имансыздық болады. Яғни, зәмзәм мен құланшы суы тең емес!

Белгілі сатирик ақын Көпен Әмір-Бек Д. Досжанның Қасиетті Қағбаны жеті рет айналғандағы философиялық тұжырымды жеті тарауға жіктеп жазғанынан үзінді беріпті. Соны да оқырмандар назарына ұсыналық.

"...Періштесі бар, шайтаны бар, төрткүл дүниеде тарыдай шашылып тіршілік кешкен мың, миллион пенделер жүрегінің шамы жарқырап жануы үшін бір Аллаға аударады. Әлгі жұмыр жерде ақ топыраққа ащы терін тамшылатып бүйырған ырзығын теріп жеп жүрген момындар зәредей қателеспей, жаза баспай, кем түспей, артық сөйлемей, ұятын күзетіп жүрсе ғой – шіркіндер бір-бір пайғамбарға айналып кетер ме, шайтанның керегі қанша: Әлгі мың, миллион мұсылман өз құлқынын ойлап, шайтан азғырып құштарлық, қызықпас көңілдің жетегінде кетпесе – ара түсіп арлы іске жетелейтін періштенің қажеті қанша?! Періште де, шайтан да таразының басын тең ұстауға, Алла тағала – түптің түбінде бір таразы күтеді деп жүрек басына үрей үйіруде!.."

Көпен Әмір-Бек бұл сөздерден шошынып қалғанын былай сабақтайды. "...Қате сөйлесеңіз Алла-Тағала кешіре гөрсін. Бұл – Сіздің байламыңыз..." деп қашып құтылғандай болыпты. Ол Д. Досжанның сол шығармасындағы өз замандастарының суреттегенін айтады.

"... Дәп осы шығармаңызда аты-жөнін айтпасаңыз да алты алаштың аузында жүрген айтулы азаматтардың бетбейнесі мен пендешілік болмысын айна-қатесіз суреттегенсіз. Сюжет пен оқиға тартысын қиялдан емес, өмірдің өзінен алғансыз. Оның бәрі бізге таныс бейне. Көпшілігі замандастарыңыз, тұрғыластарыңыз, ішінде алыс-жақын ағаларыңыз да бар. Сол кісілер осы хикаятыңызды оқыса "Әй, мынау мені жазыпты ғой!" деп ренжімей ме?.." депті.

Біз де Д. Досжанның бұл шығармасынан әркім өзін іздеп табарына күмәніміз жоқ. Бірақ, дінге қатысты айтқандарының ешбірінің қисыны жоқ. Барлығы қате пікір. Д. Досжан қазақша айтқанда дін мәселесінде сауатсыз. Ылғи да Жаратушы мен Пайғамбарларға қарсы сөз айтады, Ол үшін мұсылмандар "таза" адам емес сияқты. Сөзіміз дәлелді болу үшін алдағы тарауларда ол турасында кеңірек тоқталамыз. Ал оқырмандар жоғарыдағы мәтіндерден Д. Досжанның кім екенін бағамдай алды деген ойдамыз.

Қазақ халқының сүйікті қыздарының бірі, қадірлі ана, ақын, Күләш Ахметованың сөзі де, иманы да басқа аңғардан көрінеді. Ол тілшінің умғаға барып келдіңіз... Қасиетті Меккеге табаны тиген жанның болмысында ұлы өзгеріс жүрері анық. Бұл сапардан сіз түйген ой? – деген сұрағына: – Иә, өткен жылдың күзінде бір топ мәдениет қайраткерлерімен бірге Мекке, Мединеге барып қайттық. Жеті күннің қалай өткенін білмей қалдым. Киелі жердің топырағын басып, ауасын жұтып, атақты мешіттеріне кіргенде, дүниеге жаңа туған сәбидей пәк сезіммен қарайды екенсің. Әсіресе, қасиетті Қағбаның жанындағы ғажайып, нұрлы, мүбәрәк күйді айтып жеткізу мүмкін емес. Қағбаны айналған мұсылмандардың тек таза, аппақ тілекте болатынына шүбәм жоқ...Бұл сапардан түйгенім – иман адамзат баласының жан әлемінің рухани тұнық бастауы екендігі, ислам дінінің шексіз ұлылығы. Және осы сапардан бастап менің Пайғамбарымыз Мұхаммедке (С.F.С.) құрметім бұрынғыдан да арта түсті" дейді. (100) Күләш Ахметованың отбасы да қазақ ұлтына үлгі боларлық. Оны барлығы да біледі. Олардың отбасына Аллаһ Тағала тек бақ-дәулет, ырыс әкелсін деп тілейміз.

Міне, бірі Құранға шын жүрегімен сенеді, бірі мұсылмандардың алғашқы мешітінің "сервисі" төмен деп реніш білдіреді. Сонда қалай? Әлі де Кеңес заманынан қалған теріс әдет жоғарыдан "министр" не "шенеунік" келсе алдарынан құрақ ұшып, қарсы алып жалпақшешей танытатын жағымпаздардың рөлі қалмапты-ау деген ойдан арылмағандарға не дауа? Бұндай жағымпаздық дін жолын айтпағанның өзінде, басқа елде жүрмейді. Құлшылық етейік, сервисі төмен болса да Пайғамбарлар аяқ табаны тиген жер ғой, осындай Тәуелсіздіктің, Елбасының арқасында мұсылмандардың қасиетті топырағына да аяқ бастық. Аллаһқа шүкір! Демей ме? Сонда, бұ кісілер базар аралап барған ба? Әйтпесе, түнгі "ночной клуб", "казино" сияқты жын тобырлар жүретін жерге бару керек пе еді? Осындайда қасиетті жерге, қадірлі адамдарды жіберсе деген ой келеді. Мешітке келсе қаншама беттерінен иманы төгілген арда азаматтар бар. Соларды тізімдеп, Аллаһқа құлшылық жасайтындарға көңіл бөлінсе. Ол үшін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасынан арнайы комиссия құрылып, іріктеу топтан өткен мұсылмандарды Елбасының зекетіне алып барса, елдің де алғысы арта түсетіні сөзсіз.

Қадыр Мырза Әли "Жас Қазақ" газетіне әдемі сұхбат берді. Тақырыбы да жүртты елең еткізер "Құдай мен халықтың алдындағы жауапкершіліктен ауыр дүние жоқ".

Сонда тілшінің "Сіздің дінге деген көзқарасыңызды білуге бола ма?" деген сұрағына: "Менің дінге деген көзқарасым дұрыс. Әрине діншілдігімнен емес. Дін – ұлттың басын біріктіруге керек құралдың біреуі. Дәстүр мен дін ешқашан қарсы келген жоқ. Сол Қадыр ақынға тілші тағы да Құдай бар ма деп сауал тастапты. Ол кісі: "Менің оған көзім жетпейді. Бір құдырет бар секілді" деп екіұдай жауап берген. Әрине, Құдайға сену, сенбеу – әр адамның санасындағы сезім. Иман Аллаһтан. Қадыр Мырза Әлі осы сұхбатында тағы да өз оқырмандарын жаңылыстырып алғанға ұқсайды. Үлкен ақыннан, үлкен жауап күтер жұрттың ол кісінің мына толғанысымен келісе алмасы анық. Ол қазақстандық ұлттың қалыптасуына қатысты былай депті: "кезінде американы кім жауламады: француздар да қол салды, ағылшындар да қарпып қалды, испандар да жаулап алды... Қазір Бразилиядан басқа бүкіл Оңтүстік және Орталық Америка испан тілінде сөйлейді. Тіпті Канаданың бір провинциясы француз тілін пайдаланады. Американың конституциясы

қабылданар кезде де, мемлекеттік тіл проблема болған. Ағылшын тілі мен француз тілі бәйгеге түсіп, алғашында екеуі де 50 де 50 дауыс жинаған. Екі ай үзіліс жасап, қайта дауысқа салғанда 51 пайызбен ағылшын тілі жеңіп шыққан. Ал егер француз тілі өтіп кеткенде Америка бүгін мүлдем басқаша болар еді. Өйткені тілдің өз рухы болады, сен қай тілде сөйлейсің, сол ұлтқа икемделесің. *Құдай дінді бермейді, тілді береді. (?) Бір діннен бір дінге өтіп жүрген адамдар түгілі, халықтар бар. Ал бір тілден бір тілге өтсең, мүлдем басқа ұлт боласың. Қазір біз мынау орысша сөйлеп, орыс болып кетті дегеніміз жай сөз, олар түгел рухымен орыс болып кеткендер.*

Қадірлі Қадыр Мырза Әли де шатасып отыр. Адамды жарататын да Құдай, дінді де, тілді де беретін Аллаһ Тағала. Алайда діні мен тілінің сақталуы мен құрметтелуі халықтың рухына байланысты. Ал рухы әлсіз болса, ол бәрінен де айырылады.

Осы тақырыпқа сәйкес мынаны айта кеткенде орынды шығар. Немістің атақты ақыны Гетені Абай да қазақшаға аударды емес пе? Әрине Ю.Лермонтовтың орысша нұсқасынан. ".. Қараңғы түнде тау қалғып, үйқыға кетер маужырап..." деп. Сол Гетенің Ислам дініне ерекше көңіл бөлген. Гете құранды кітаптардың кітабы санаған. Әрбір жазбаларының басына "Бисмиллир рахманнир рахим" деп жазып отырған. Бұл оның шын ниетпен мұсылман болғандығын көрсетпей ме? Ол жайында қаншама дәлелдер бар. Атақты неміс ақыны өмірмен қоштасар сәтте қолымен ауаға "Аллаһ" деп жаза беріпті. Ал тұқымы Арап Ганнибалдан тарайтын орыстың ақыны А.С. Пушкиннің "Құранға еліктеу" өлеңінің өзінен-ақ оның Аллаһқа сенгендігін көреміз.

Әлем оқырмандарына өзінің "Соғыс және бейбітшілік" романын қалдырған орыстың данышпан жазушысы Л.Н. Толстой: "Мен үшін мұсылмандық өзінің бүкіл бітім-болмысымен шіркеу православиесінен анағұрлым жоғары тұрғанына күдік болмауға тиіс. Сондықтан адамзат алдында шіркеу православиесін немесе мұсылмандықты ұстау қажеттілігі түрса, кез келген адам жалғыз тәңірімізді мойындайтын мұсылмандықты қалайтынына күмәнім жоқ", – деп ағынан жарылған.

Әр адамның бұ дүниеде өз орны бар. Ешкім де мен ол боламын дегенімен қолдары жетпейді. Бәріне де уақыт сала Аллаһтың көмегімен бір себеп қылып өз орындарын таба-

ды. Мұхаммедтің (С.F.С.) ұлықтығын мүмкін, болған барша таразымен өлшеп байқар болсақ, ғажап, одан да ұлығырақ адам болуы мүмкін бе? Жоқ, еш мүмкін емес! Ұлылардың ұлылығы немен өлшенсе, өлшенсін, бірақ Мұхаммед хазіреттің ұлылығынан ұлы пенде жоқ (101)

Күні кеше өз қателіктерімен Иракқа соғыс жариялап жіберген АҚШ одақтастарының бірі Ұлыбританияның премьер-министрі Тони Блэр "Мен Құранның ағылшын тіліндегі аудармасын мұқият оқып шықтым. Ислам туралы көптеген кітаптарды да зор қызығушылықпен оқыдым. Мұның барлығы маған өте ұнады. Менің ойымша, Исламды танып-білу христиандар үшін де маңызды әрі қажет" дегендігі оның Қасиетті Құранға көңілінің оң екендігін көрсетеді. Ал сол Т. Блэрге құранның аудармасын АҚШ-тың экс-президенті Билл Клинтонның қызы Челси сыйлаған. Ал Еуропадағы беделді тұлғалардың бірі әрі Исламға оң көзқарасмен танымал адам Чарльз ханзада. Ол Исламға деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін бірінші рет 1993 жылы Оксфорд университетінде сөйлеген сөзінде мәлімдеген. Араға үш жыл салып, 1996 жылы Ханзада Чарльз Уилтон саябағында Ислам жайында: "Біз Батыс тұрғындары, Ислам дәстүрінде айтылатын бүкіл тіршілікті, әлемді Жаратушыға айрықша құрмет сезіммен қарауға тиіспіз..." деп атап көрсеткен.

"Көз жұмбай (қайтыс болмай) ешкім Құдайды көре алмайтынын біліңіздер".

(Мүсілімнен рауаят етілген.)

Құран-Кәрімнен мысал: "Келіскен мезгілде келген Мұса: "Тәңірім! Маған Өзіңді көрсетші.Сені бір көріп алайын, – деді. "Мені еш уақытта да көре алмайсың. Дегенмен тауға қара. Егер тау қозғалмай орнында тұрса көріп те қаларсың", – деді. Тәңірі таудан елес берген сәтте тау күлталқан болды. Мұса талып түсті. Есі кірген сәтте: "Сен пәксің, мен Саған тәуба келтірдім, әрі саған сенушілердің алғашқысы мен боламын", – деді.

("Әғраф", 7: 143)

Аллаһ Тағала: "Олар сенен жан (руһ) туралы сұрайды. "Жан дүниесін Тәңірім ғана біледі. Сендерге берілген білімнің тегі аз ғана", – де". ("Әл-Исра", 77: 85)

Ислам ғалымдары екі негізге – Құранға және Пайғамбарымыз Мұхаммад (С.F.С) Суннасына (өсиеті, өмірі, тұрмыстағы тірлігі) сүйене отырып, пәтуа жасайды.

Платон: "Сократ маған дос, бірақ одан ақиқат зор!"

СЫНШЫЛАР КІТАП ОҚЫМАЙ МА?

Д. Досжанның 1998 жылы шыққан "Екі дүние есігі" шығармасын оқығандар бар ма, ол жағын білмедік (102). Алайда, біздің білуімізше оның жазғандарын сыншылар оқымаған сияқты. Себебі, автор өзінің әрбір жазған шығармасын тек қана сұхбаттар беру мен баспасөз мәслихаттарында ғана насихаттаумен шектелетін сияқты. Оның соңғы жылдардағы жазғандарының сапасынан саны басым түсіп жатқанын де еске сала кетсек артық бола қоймас. Өзінің әдеттегідей жалған сөйлеуі бойынша Республикада ең көп оқылатын (О.Сүлейменов, Мұхтар Мағауиндерден кейін) жазбагер сияқты. Ол: "Кітап палатасының соңғы жылдары жүргізген есебі бойынша көп оқылатын жазушы Олжас Сүлейменов, Мұхтар Мағауин еді, жақында осы екі кісімен тізгін қағыстыңыз деген хат алдым", – дейді. (103)

Шындығында солай ма? Біздің "Нұр" Медиа Холдинг журналистерінің Республикалық Ұлттық Кітап палатасы директорының орынбасары Мұқатаева Қоңыр Мұқатайқызынан (24 сәуір 2006 ж) Қазақ жазушыларынан қазіргі таңда ең көп оқылатын кім деген сауал қойып сұрағанымызда: "Біріншіден бізде осыдан он бес (15!) жыл бұрын кітап және әлеуметтік зерттеу бөлімі екі жылдай жұмыс істеп, кейін жабылып қалған болатын. Сол он бес жылдан бері ол бөлім жұмыс істемейді. Екіншіден, біздер ешкімге, еш жерге кітабыңыз көп оқылып жатыр деген хат жолдамаймыз. Ал керекті фамилияларды тізімдеп, арнайы хат жолданса, оны анықтауға болады. Бірақ ол әлеуметтік зерттеу болғандықтан ұзақ уақыт алады" деп жауап берді.

Бұдан біз Д. Досжанның ең көп оқылатын емес, ең көп жазатын қаламгер екенін жасырмай айтуымыз керек. Кеңес дәуіріндегі шығарылым мен қазіргі кездегі баспадан шығатын таралымды салыстыруға келмейтінін ескерсек, әрине Кеңес дәуірінде кітаптары шыққандар бүгінгі талантты ақын – жазушылардан көп ілгері тұратынын аңғару қиын емес. Керек десеңіз аты әлемнің төрткүл дүниесіне әйгілі қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың шығармалар жинағының 7-і томдық кітабының өзін (Собрание сочинений. В 7-ми т. Повести.Сост и ред. Акад. Р. Рахманалиев – М., 1998 г.) бірнеше орталық жабылып жүріп (мыс. Қырғызский филиал Калифорнийской международной Академии Наук, 1998г,

Арабо-Тюркский Центр: Духовность. Культура. Экономика., 1998 г, Международное издательство "Туркестан" КФМҢ "ТКИСО", 1998г, Ассоциация независимых книгоиздателей Қырг. Респ. 1998г, "Қырғызстан форум", 1998 г.) жеті мың ғана данамен шығарып жатса, оқырманы қайдан көбейсін? Қазіргі сол тоғыз жыл аралықта басылым тиражы арта қоймағаны тағы белгілі.

Д.Досжан осы газет тілшісіне берген сұхбатында Қадыр Мырза Әлінің "Иірім" естелігі жайында былай дейді. "Өнбес дауды қозғайтындар, сірә, қолы бос кісілер болар. (Қадыр Мырза Әлінің қолы бос болды ғой. А.С.) "Иірім" кітабын оқып шықтым. Қадыр ағамыз көп нәрсеге өз биігінен, өзінің шыққан төбешігінен көріп баға берген, былай деу қиын. Ал, сол ағамыз тәптіштеп жазып отырған біраз жағдайды өз басым басқаша жазар едім. Жақсылық істеген кісілерді көмескілемей-ақ, алдын ораған адамдарды "әй, көпір" атандырмай-ақ, байсалды түрде бажайлап айтып берер едім. Қадыр ағамызда субьективизм басым, өз таразысын дүниедегі ең әділ, ең бұлжымас таразы етіп көрсетеді. Өз басыңдағы кемшілігіңді ашық айту үлкен ерлік емес пе, сол ерлікке бара алмаған, содан барып өзге кісілердің мінін, оғаш қылығын, ішкенін-жегенін, "КӘК" еткенін қазбалап кеткен"...

Д. Досжанның бұл өз пікірі. Ол жеке бастың шаруасы. Солай болса да ол өзінің жазғандарына оқырман алдында есеп бермейтін сияқты. Есеп берді дегенде Астанадағы Күләш Байсейітова атындағы Опера және балет театрындағы "Юбилейлік" кеш өткізу емес. Менің жазғандарым тасқа түскен таңбадай белгі ғой, қаншама жазу машақатынан тер төгілді, қаншама қағаз сарп болды, осы жазғандарымда шындықтан алыс кеткен тұстарым болды ма екен? Соларды саралап, қайта басылар көп томдығымдағы өзгертулерде "сылып" тастармын дегендей, өзі Қадыр Мырза Әлінің "кәк" еткенін сын нысанына алғанша, байыппен өткенге барған азаматтық болар еді. Оқырмандары да, жерлестері де жерге қарамас еді.

Бұны айтып отырғанымыз, осыдан тоғыз жыл бұрын Қазақ радиосының бас директоры, белгілі журналист Төрехан Даниярдың айтуымен Д.Досжан туралы көлемді әдеби-сазды бағдарлама дайындауға тура келді. Дегенмен, жыл аяғында Президенттің жарлығымен астана Ақмола қаласына көшірілді де, үкімет қаулысының тізіміне Қазақстан теле-

лидары мен корпорациясының құрамында қазақ радиосы-ның бір топ қызметкер-журналистері бірге аттандық. Сол аттанар алдында белгілі әдебиетші Герольд Белгердің үйінде болып, Д.Досжан туралы (ол кісі қазақ қаламгерлерін орыс тіліне аударып, басқа жұртқа танытуда аз еңбек сіңірген жоқ, оның ішінде біз сөз еткелі отырған автор да бар) бір ауыз сөз сөйлету керек болды. Мен Г.Бельгерге Д.Досжан-ның өзінің туған күнінің таяп қалғандығын айтып еді дегенімде: "А, қалай оның туған күні тақап қалды. Онікі қыр-күйекте еді ғой деп, қойын кітапшасын алды да, "айттым ғой ол өтірік сөйлемесе жаны ауырады деп, қайтесің оның сондайы бар" дегенді. Бұл қараша айында болған оқиға еді. Г. Бельгер күнпараққа біраз көз тікті де өзінің қойын кітап-шасынан: "Міне, Д. Досжанның туған күні де анықталды, айттым ғой 1942 жылы туған, 9 қыркүйек, яғни жыл санау айының 9-ы деп үнсіз қалды".

"Журналист" газетінің (104) тілшісі, Гүлнар Ахметова-ның "Деректі телефильм: бүгінгі көзқарас" атты мақала арқауы Д. Досжан болған. Режиссер Қ. Омаров "Дүкенбай жолы" атты деректі телефильм ұсынды. Сол деректі фильмге қатысты жазылған мақала сұхбат күйінде өткен. Айқарма бір бетті алған. Ә. Кекілбаев, М. Әлиевтер қаламгер туралы өз пікірлерін білдірген. Әр адамның толғанысы цитата арқылы алыныпты. Сондай бір мәтінді оқырманға ұсына-мыз.

"Дүкенбай жолы": Дон Кихот – Сонда қалай, сөзді арзандатып алған заман кінәлі ме. Әлде заманын игере ал-маған сөз кінәлі ме? Жазушы – заманына сай адамы, ада-мына сай оқырманы. Мен оқырманның бәрі жаман деп айта алмаймын. Оларды бізден алжастырып жүрген жоғары жақ-тағы бишікештер, жүрегі тас боп жібімейтін қалталылар".

Біздіңше, өз оқырмандарын адастырып, арам жолға түсіретін Дон Кихоттың өзі болса керек. Ол сонау 1973 жылы шыққан алғашқы романы "Жібек жолынан" бастап оқырманын алдап келеді. Бұған біздің әдебиет сыншыла-ры қалай қарағанын онша біле бермейміз. Бірақ оқырман ретінде талай теріс деректердің жазылғанын оқығанда көріп, әбден көзіміз жетті. Ол жайында төменде кеңірек тоқталатын боламыз. Ал жоғары жақтағы бишікештерден қаламгер еш қағыс қалған емес. Солай дейтін болса, өтірік сырттан ғайбаттамай, майдалап сөйлемей, бишікештердің атын түптеп берсін.

Өзінің айтуынша, 90-жылдар басында "Абақты" кітабын жазғанда басым пөлеге қалды, сұр үйдің үндеместері "Досжанов архив материалдарын құртты... жыртты... көшірді..." – деп біраз соңыма түсті. Бірақ Олжас Сүлейменов араға түсіп басын арашалап қалды деп жазды ол. Мемлекеттік Кауіпсіздік Комитетінің арнайы рұқсаты болса (ондай рұхсатты Д.Досжанға сол жылдары Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы қызметін атқарған әлемге әйгілі ақын, Олжас Сүлейменов алып берген.) неге жайдан-жай Д.Досжанның соңына ізіне түседі? "Шалқар" газетінің 1991 жылғы нөмірінде қазақтың ардақты ұлы, ірі жазушы Мыржақып Дулатовтың қызы Гүлнар апамыз неге шырылдап жүріп жоғарыдағы басылымға "Жедел хат" жолдайды. Бұл үлкен апайдың еріккен ермегі ме? Сол жедел хаттың мәтіні ұзақтау болса да оқырмандарға ұсынамыз. Оқиық:

Қалың оқырмандардың қолына тиіп отырған "Жалын" журналының 1991жылғы 4 санында жүртты елең еткізген жазушы Дүкенбай Досжановтың "Абақты" атты публицистикалық еңбегі болды. "Абақты" делініп отырған шығармасы сталиндік репрессияға ұшыраған халқымыздың ең көрнекті ақын-жазушылары: М.Әуезов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М. Жұмабаевтардың жазықсыз азап шегіп, 1928–1932 және 1937–1938 жылдар аралығында ОГПУ, НКВД түрмелерінде тұтқында болған кезеңі, бастарына жалған айып тағылып, қылмыс деп санап, іс қағаздарын толтырып, тексеруге түскен қасірет күйлері жайлы жазылған. Мемлекеттік қауіпсіздігі Комитетінің жабық архивінде сақталған.

Міне, жариялылықтың шапағаты арқасында шындықты білуімізге жол ашылды. Қазақ КСР Мемлекеттік Қауіпсіздігі Комитетінің жауапты қызметкері Әбдірахманов жолдастың зерттеуші жазушыға 4 томдық қалың материалды алдына жайып салуының өзі азаматтық парызын өтеуі деп білуіміз керек. Ол кісінің сөзі бойынша: "Шындықты іздеушілерге тосқауыл жасамаймыз" деуі не тұрады! Осы ретте нақақтан кеткен асыл әкелеріміздің ұрпақтары атынан қадірлі Әбдірахманов жолдасқа мың да бір алғысымызды айтамыз.

Бұл жолы Дүкенбай Досжанов үлкен еңбек сіңіріп, маңдай терін аз төкпеген, оны бағаламай өту қиянат болар. Жұмысына кірісер алдында үйіме әдейі келіп жолыққанды. Жазушыға ақ жол, сәттілік тілеп, қолымнан бірнеше сурет беріп, әкем Міржақып Дулатовтың дүние салғандағы

Сосновец лазаретінің N533 актісін табыс еткемін. Біраз мәнжайды айтып, шығарып салғаным рас. Ал "Абақтыны" оқығанымда жанымды қоярға жер таппадым.

"Міржақып Дулатов" деген тарауының журналдың 64 бетіндегі соңғы жолдарында менің басыма болмағанды болдырып, айтпағанымды айтқызып, өтірікті үйіп-төгіп, мені ел-жұрттың алдында ұятқа қалдыруына қалай шыдарсың. Дүкенбайдың сөзіне қарағанда, әкем Міржақыптың мүрдесін іздеп барып табушы да мен, дәрігерлік тәсілмен сүйегін зерттеуші де мен болыппын. Жұрттың бәрі білетін газеттерде басылып жүрген деректерді бұрмалаудың қажеті не? Менің әкемнің мүрдесін көп машақатпен іздестіріп, сонау Сосновецке, Соловкиге бірнеше рет барып, тұрғылықты адамдармен жолығып тапқан кісі жас ғалым Марат Әбсәметов емес пе? Осыған неге қиянат жасалған? Кейін көзімізді әбден жеткізу үшін Сосновец басшыларының рұқсатын алып заңжобамен тексеру (экстумация) жұмысын да Марат Әбсәметов пен менің балам, медицина ғылымының қандидаты Нұрлан Сатыбалдиев екеуі анықтап келгенін Абзал Бөкенов "Жаманға мір, жақсыға пір" ("СҚ", 4 қараша 1990 ж.) және Марат Әбсәметов "Жұмсақ па жамбасыңа жатқан жерің" ("Қ.Ә", 1990 ж. 10 тамыз) деген мақалаларында анық айтқан.

Бұл мақалалар Дүкенбайдың назарынан қалай тыс қалды екен? Оқымады деп ойламаймын. 64-беттегі жазғандарына назар аударайық:

"Жазушының адал зайыбы Ғайнижамал Баймұратқызы күйеуінің соңынан көп тауқымет тартып, әлденеше рет іздеп барыпты". Бұл да жалған. Көптен бері радио, теледидар арқылы жұртқа мәлімдегендерім белгілі. Анам 1934 жылы інім Әлібекпен бір-ақ рет барып, күйеуімен жолыққан болатын. Журналдың 47-бетіндегі үш кісінің суретінде оң жақта отырған Әбдірахман Мұңайтбасовты – Міржақып Дулатов, ал түрегеп тұрған Даммолла Битлеуовті – Ғазымбек Бірімжанов деп көрсетеді. Білмей келтіруге бола ма? Бұл күнде ортамызда олардың балалары: Ғайнижамал (Гая), Жанна, Майра Мұңайтбасовалар, Ғазымбектің қарындасы, белгілі ғалым Іңкәр Ахметқызы Бірімжановалардың алдында ұятқа қалып отырғанын Дүкенбай сезе ме? Бұл қалай? "Абақты" шығармасына дәлелсіз нәрселерді кіргізудің керегі қанша?

Тасқа басылған тарих солай қала береді. Әдетте оңай олжа іздеушілерге дайын табыс, ұялмай көшіріп пайдалана

беретіні бар. Қазақтың "өтіріктің құйрығы бір тұтам" дегені бірде болмаса бірде сопиып шыға келетіні анық. Осындай көрініп тұрған әбестікті көтере беретін, көнетіндерден емеспін. Дүкенбай жұртшылықты адастырған қателігін мойындап, сол журналдың бетінде анығын айтуы керек.

Осы жайлар тарихи шындықты бұрмалаушыларға тойтарыс беруге мені мәжбір етіп отыр. Көзіміз тіріде осындай қиянатқа барған адамдар біз ғайып болғанда шындықтың шырайы қалай болар екен деген қауіп туады." Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова.

Д.Досжанның осы тақырыпқа қатысты сұхбаттары республикалық, облыстық басылымдарда жарияланып жүр. Әр сұхбатында әр түрлі сөйлейтін жазбагердің атына тағы да сын айтуға тура келеді. Сенбесеңіз де, сенсеңіз де өз аузынан қағаз бетіне түскен мына жолдарға көз жүгіртіңіз. Ол Шымкенттен шығатын таралымы көп саналатын тәуелсіз "Айғақ" газетінің тілшісі Зұпар Мүсілімовке берген "Халық еңбегі адал, еті арам есек емес" атты сұхбатында былай дейді: (105) "1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты көп деректі дүниелер жазылды, фильм шықты. Ал, өз басым мүлде басқа полюстен табылып, сол қанды трагедияны арқау етіп, "Алаң" атты көркем роман жазып шықтым. Бір сөзбен айтқанда шені, шекпені үшін ұлттық мүддені аяқ астына салып таптайтын қазақ жендетінің образын сомдадым.

Романның журналдық нұсқасы "Жалынға" жарияланған кезде Жексенбаев есімді милиция майоры (романда Жекенбаев етіп алынған) үйге телефон соғып: "Мені жазып масқара етіпсің", ..."көшеге шыға алмай қаласың!... айықтырғыш, абақтыда шірітем!" деп бір ай бойына телефон терорын жасағаны жаныма қатты батты. Бұл – бұл ма! Сол 90 жылдар басында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің алпыс жыл бойына жабулы жатқан архивіне алғаш еніп, Әуезов, Аймауытов, Байтұрсынов, Жұмабаевтардың допросын, абақтыдағы құжаттарын алғаш хатқа түсіріп, "Абақты" кітабын жазып шығарған кезімде әлігі сұр үйдің үндеместері "Досжанов архив материалдарын құртты... жыртты... көшірді..." деп біраз соңыма түсіп әурелегені әлі есімде. Олжас Сүлейменов араға түсіп басымды арашалап берді әйтеуір."

Ал осы сөзі рас па? (106) "ЭКСПРЕСС К" газетінде тілші Расул Шибинтаевқа берген "Человек взошел на гору" сұхбатындағы – "правда, что вы стали первым писателем, допущенным к архивам КГБ? деген сауалға: "Я искал тогда,

в 1986–1987 годах, рукописи допросов Ауэзова. В архиве КГБ меня допустили по письмам Олжаса Сулейменова председателю комитета, в которых содержалась просьба "для ознакомления". Сотрудник приносил мне материалы для ознакомления, но не давал даже переписывать некоторые факты, детали. Но я шел на хитрости (?) и списывал запрещенное (?), когда он выходил покурить. Даже коньяк захватывал с собой – он выпивать любил и иногда позволял записывать. Когда роман вышел в журнале, они подняли страшный шум! "Наши запрещенные документы публикует какой-то писатель!" И хотели конфисковать записи. Тогда у меня было где-то 19 тетрадей. Но Олжас Сулейменов и Мухтар Шаханов заступились за меня...

Басына іс түскенде жүгіріп Олжас пен Мұхтарды іздейтін Дүкенбай осылай дейді. Сол үлкен азаматтардың "Семей-Невада", "Мемлекеттік тіл комитеті" т.б қозғалыстарына қол үшын берді ме екен бұл Досжан? Күйіп бара жатқан ештеңе жоқ, оның сұхбатынан талай рет оқыдық.

Д. Досжан осылай құйтырқы әрекеттерге жиі барады. Әрине, халықты архив деректерімен таныстыру жақсы іс. Егерде бұрмаланбай дерек көзі алынса. Қандай қызметкер болмасын, сенім артылғаннан кейін жауапты адамдардың атына кір келтіру азаматтыққа жатпайды.Соны ақылдаса отырып, келісіп алса да Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің азаматтары қажетті құжатты берер еді.

Д.Досжанның тағы да бір келеңсіз жағдайда қалдыратыны өтірік сөйлеп үйренгені, ол өзінің кіндік қаны тамып, туып өскен жерін жасыруы. Қандай басылымда болмасын ол өзінің туған жерін Түркістан жері, Отырар маңы, Сауран жағы деп айтатын әдеті бар. Жоғарыдағы газетке де... Я родом с юга, рос рядом с историческими развалинами древних городов Отрар, Сауран... дейді. Ол көптеген кітаптарында да, берген сұхбаттарында да соны айтумен келеді. Шындығында солай ма? Ол 1942 жылы 9 қыркүйекте Қызылорда облысының Жаңақорған ауданы, Құланшы қыстағында туған. (107) Қаншама атақтылар шыққан қасиетті Сыр өңірінен неге жиренетінін түсіндіруді өзінің еншісіне қалдырамыз. Сонымен қатар ол өзінің әкесін соғыстан кейінгі жылдары колхоз төрағасы болған деп айтады. Бұны да ол өз оқырмандарын алдау арқылы әке беделін арттырғысы келетін сияқты. Жаңақорған аудандық мұрағатында Дүкенбай әкесі Досжанның қай колхозда төраға болғаны туралы құжат шық-

пағанын, әрі сол аудандағы құрметті кісілерден сұрау салғанда, ол кісінің колхоз төрағасы болғанын көрген де, естімегендерін де жеткізді. Сонда Д. Досжан неге өз әкесінің беделін жалған сөйлеумен түсіріп отыр? Неге өзінің кітабында жазғандай от күзеуші деп сұхбатта атап өтпейді? Әке үшін, адам үшін адал жұмыс еткеннен артық абырой жоқ емес пе? Қызметтің де, еңбектің де үлкен, кішісі болмақ па?

Белгілі ақын, Қазақстан Жастар одағы және халықаралық Алаш әдеби сыйлықтарының лауреаты, Түркістан қаласының құрметті азаматы Қасымхан Бегманов "Түркістан" газетіне (108) берген сұхбатта өзінің туып өскен жерін мақтанышпен айтады: "Бала кезімнен әдебиетті сүйіп өстім. Ауыл кітапханасында мен оқымаған кітап қалмаған шығар. Оның үстіне менің туып-өскен жерім Түркістан мен Кентаудың ортасында. Яғни, Түркістанның арғы жағында Қаратауға асатын асудың етегіндегі Жаңақорғанға ұласатын жазықта Бабайқорған, Майдамталдың даласы дейтін ел орналасқан. Хан тағы тауының етегінде дүниеге келгеніммен, балалық шағым сол далада өтті. Біздің ауыл қазақы әңгімеге үйыған, қып-қызыл замандарда да дінді берік ұстаған қалың қазақтың шоғырланған ортасы болатын... Бала кезімде таң ата ауыл мешіті азан шақыратын", – дейді.

Қ. Бегманов өзінің балалық шағы өткен қасиетті жерлердің атын еш жасырмастан халыққа жеткізіп отыр. Ал Д.Досжан өз кіндік қаны тамған жерді неге жасырады? Д.Досжанның енді оның басқа да "әбестік"жасаған қылықтарына шығармаларын оқи отырып көз жеткіземіз. Осыдан бірнеше жыл бұрын "Қазақ әдебиеті" газетінде де Д.Досжанның газетке жазуға болмайтын "қылығы" Жазушылар одағында қаралғандығы жазылған-ды. Оны өзінің шығармаларында да Д.Досжан айтып өткен. Ауру қалса да әдет қалмайтын жазбагерді оқырман қалай түсінер?

Кезінде Ресейдің тәп-тәуір Булгарин атты жазушысы болған. Сол жандармерияға қызмет еткені үшін орыс халқы одан теріс айналып кетті. Неге? Азаматтық позиция жоқ. Д.Досжанның жазбаларын оқыған оқырманның қандай халде болғанын сезіне аламыз ба? Жалғандық (тарихи деректерді бұрмалауын айтамыз) пен өтірік сөйлеуге ұрынған жазбагердің тағдырына өкінішпен қарайсыз. Амал, нешік. Солай болғаны да!

Аллаһ Тағала былай дейді: "Кейбір адамдар білімсіз, жолбасшысыз және нұрлы кітапқа сүйенбестен Аллаһ жайында

таласады. Сөйтіп, Аллаһтың жолынан адастыру үшін тоңмойындық танытады. Оған бұ дүниеде қорлық бар. Әрі Қиямет күнінде отты азаптың дәмін таттырамыз". ("Хаж" 22: 8)

Жаратқан ие жерге түсе ме?

Д.Досжанның "Жерге түскен жаратқан ие" (Астағфиралла!) шығармасындағы кейіпкерлердің атын атаудың өзі мүмін - мұсылманға ауыр күнә болмақ. Шығарманың не себептен, қандай мақсатпен жазылғаны белгісіз. ОҚИЫҚ:

"Шыңыраудан шымырлап туған толық айдың үстінде үшеу отыр; ортасында мына үйқыдағы әлемнің құдіретті иесі, (Астағфиралла!) сол жағында баяғыда жаны жаһаннамға (Астағфиралла) кеткен, соғыста танкінің жалынына күйіп өлген Абдолла солдат, оң шекесіне епетейсіз қыстыра салған пилоткасы тым тар, тым кішкентай көрінеді, қылдырықтай жіңішке мойыны гимнастерканың жағасынан ұзара шығып, монтиып отырысы қызық; құдіреті күшті жаратқан иенің (Астағфиралла) оң жағында тізесін бүгіп, молдасоқынып Иса қойшы отыр, бейне қол жуып, кездігін алып асқа отырған адам секілді, жоғарырақ жайғасқан әлігі екеуіне еміпіп құлақ тіге қалыпты", – дейді Д.Досжан. Сөйтеді де қойшы Исаның жер бетіндегі тірлігін айтып кетеді. Оны нақа өлім туралы ойламаған, өліп көрмеген екі аяқты, жұмыр басты пенде дей келе "Ие, ие, құдірет ием, айта түсіңіз", – деп елбірлей түседі пендең. Әрі тыңдайық: "Ұзын сақалын тарамдай салалап, ақ таяғын алдына сұлата ұстаған құдіреті күшті жаратқан ие сөйлейді, сөйлегенде бүй дейді"? (Астағфиралла)

Сөйтеді де Д.Досжан өзінің жазып отырған кейіпкерлеріне жаратқан иеден сұрақтар қойғызып, бейбақ бейшаралардың күналарын азапты тергеуге салдырғысы келмегенін айтып, Құдай алдымен сырласып алмақ боп, күнәнаң ауыржеңілін қалай айыруға болады?..., жаратушы кім?... Ғазауат майданы деген не?... деген сауал қойғызып, соған жауап берген пенделерінің шыбын жандарын өздеріне қайтарып, тірілтіп қайта жібергізбек.

Міне, жазушының сауатсыздығы. Адам баласы қиямет-қайымға дейін тірілетін бе еді?

Сол сауалдарға жауап бермек болған Дүкенбайдың қойшысы Иса: "Жерге қайтып барсам аналар, ауылдағылар қаумалап ұстап алып, тағы да қойға салар-ау" деп шыж-быж болып, уайым жеп, қатты қапаланады. Құдайдың қойған сау-

алына мектеп бітірген олар, ондай сұрақтарды шемішкедей шағамыз, әйтсе де "жер бетіне қайыра жіберемін" сөзіңіз қиналтып отыр, оданда қасыңызда қалып, ішпей-жемей тоғайып, дәрет суыңызды жылытып, (?) жайнамазыңызды жайып, (?) қызмет қылсам сізге. (?) Қартайып, жасы келген кісіге қолын ұзартатын адам қажет қой, – дейді. (Астағфиралла)

Бұл не сонда? Жаратушының атына осынша мазақ айтып, оны дүмше молда сияқты қолына су құйғызып, қартайтып жайнамазын төсеткізетін пендемен теңегені ме? Бұ не сонда? Ары қарай ойық:

"Құдіреті күшті жаратқан ие аяқ астынан **ашуланып, (?)** қалшылдап, (?) ақ таяғын білемдеді, (?) сақалы селкілдеді. (?)

– Жә, саған қарап қалған салауат жоқ, әуелі әлгі сауалыма жауап беріңдер" – дейді. (?)

Оған Түркістан мектебінде оқыған Абдолла: "Дүниені жаратушы – бүкіл әлемдік тартылыс заңы, гравитациялық қозғалыс күші", – деп үн қатады. (?) Иса қойшы бұл сауалға шыр-пыр болып, ана жігітті сықпыртып алып, Мен айтсам: "Дүниені жаратушы – мына отырған құдіреті күшті жаратқан ие, Сіз боласыз, бас ием", – дейді. (?)

Д.Досжан өз жаратушысын кісіге де теңеп алады да, иығын селкілдеткізіп те қояды. Сөйтеді де шұбатылған жеңімен жасаураған жанарын сүрткізеді. Сөз алғызады. Оқиық:

"Сен қойшы, заманың түлкі болса тазы боп шал" деген қағиданы қатып ұстаған қу екенсің, (?) басшылардың алдын көп көріп, (?) әбден зәрезап болған күнәкәрімсің, (?) кім біледі. (?) Сауалыма дұрыстап жауап бере алмадыңдар. (?) Дүниені жаратушы ең әуелі сөз, – деді құдіреті күшті жаратқан ие. (?) – Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал дегенді естіген боларсыңдар; қай-қай тіршілік болмасын ең әуелі сөзден басталған; сөз болмаса жер үстін үнсіздік басады, тіршілік таусылады, адам баласы аң мен жабайының қам-қаракетіне ауысады. Сөзді жүйелеп сөйлей білген – дана; білмеген – шала әншейін; көкірегіне сөздің құдіреті сіңген адам ешқашан қарнының тойғанын, ұйықтағанын, ұрғашыны құшақтағанын місе тұтып жүре алмайды, өлмес өнерін түртіп оятады, жұртты ойлантады. Біле-білсеңдер ең әуелі мен де сөзден жаратылдым, (?) (Астағфиралла) мына мен пайда болғанда – дүние біткен құлақ тұнғандай дабырдүбір, (?) арсыл-гүрсіл, (?) бәлду-бәлду бірдемелер кілең;

(?) көзге шұқымасаңдар көрмейтіндер, (?) басынан ұрмасаң құлақ қақпайтындар, (?) бірін-бірі тыңдамайтындар, (?) тың үрғырлар тыпырлап, (?) топырлап, (?) жоскындап, (?) жоңкіліп бара жатады, (?) тап қазір есіме түсіре алмаймын, қарап тұрып қайран қаламын ғой. Содан дүниеге сөз келді, (?) сөзден мен пайда болдым, (?) дабыра басылды, (?) сөз кеще мен кеңкелесті, (?) дана мен шаланы елеп, (?) екшеп, (?) әркімді өз орнына қоя бастады; (?) құдіреті күшті Сөз мына дүниенің елек, елгезері десеңдер еш қателеспейсіңдер, кембағалдарым". (?)

Осы Дүкенбай әркімнің жазғандарынан идея ұрлайды деген өзі қатарлас жазушылардың ойы осы кезде еске орлады. "Жерге түскен жаратқан ие"-ні қағазға түсірерде ол әлемге жексұрын болып есімі жазылған үнді жазбагері Салман Руштидің кітабының идеясын ұрлап, қазақ прозасына жаңалық енгізбекші болған сияқты. Себебі, жазған-сызғандарындағы есімдердің мұсылман әлеміндегі, кітап түскен христиан халықтарындағы қасиетті есім. Мысалы, Абдолла Пайғамбарымыз Мұхаммад (С.F.С.)-тың әкесінің аты, ал қойшы Иса Құдайдың елшісі Исус Христостың Құранда айтылған аты. Ал зоотехник Білəл Пайғамбарымыздың ең бірінші сеніп тапсырған азаншысы. Араб әлеміндегі бірінші халиф Әбу Бәкір ас-Сыддық құлдықтан сатып алып құтқарып қалған эфиоп. Қысқаша айтқанда, басқа ұлт өкілінен ең алғашқылардың бірі болып Исламды қабылдаған жәннаттық мүмін. Тақырыбымыздан ауытқымай дәлел сөздерімізді әрі өрбітейік.

"Толып отырған ай үстінде аңырып отырған үшеудің қасына көзді ашып-жұмғандай болмай сәмбі талдай майысып сұлу періште оралды; өз ойына өзі шомып мүлгіп отырған құдіреті күшті жаратқан ие қақшаң еткізіп басын көтеріп алды, (?) қарсы алдына келіп қонған періштесін жаңа көргендей бағжая қарады, (?) "не тындырдың?" – деп ләм-мим сұрамады. Бәрін де алдын ала көріп келетін көріпкелдік қасиеті бар ма, (?) кім біледі, оң жағына-Абдоллаға бір, сол жағына – Исаға бір жаймен бұрылып қарады да, сақалын сауып (?) шұқшиып тымпи ойнап (?) отыра берді. Әлден уақытта оқыс ойдан оянғандай болып еңсесін көтеріп алып былай деді. "Бәрін өзім істеймін, пенделерім бір-бірінен көреді".

Бақсақ бақа екен демекші, Дүкенбайша жаратқан иенің көріпкелдігі де бар болып шыққан. Ол – ол ма, Дүкен-

байдың жаратқан иесі (Астағфиралла)...Қой, болмас, тектен-текке отыра берсем жер бетіндегі пенделерім күн көруден қалар, бір-бірінің өкше ізін аңдып, текетіресіп жүріп тозып бітер; сырттай қарасаң тамағы тоқ, көйлегі көк, әйтсе де араларына бүйі кіріп кеткендей тыншуы жоқ, баяғыда өткен һарон Рашид әміршіге ұқсап, (?) жамаулы шапан киейін, (?) басыма сәлде орайын, (?) сөйтейін де араларына еркін кіріп аралап қайтайын, (?) көрейін, (?) зерттейін, (?) ұғайын, (?) білейін..." (?) Осы оймен құдіреті күшті жаратқан ие орнынан көтерілді, (?) қосарлана тұрған екі серігіне былай деді:

– Сендер осында болыңдар, мен жерге түсіп (?) жұмыр басты пенделердің жай-күйін біліп қайтайын... осымен жер бетіне түскен Дүкенбайдың жаратушысы (Астағфиралла) Айдабол редактормен шүйіркелеседі, Қаратау мен Қызылқұм арасында жатқан үлкен ауданның (Жаңақорған) басшысы Сәмитке (1978–82 жж аудандық партия комитетінің 1 хатшысы болған коммунист – Далдабаев. А.С.) тіл қатады, аспаннан түскен құдіреті күшті жаратқан ие жер үстіндегі үлгілі, есті, шаруақор, өз қамын өзі жеген пенделерін көріп шын риза болады. Дүкенбайдың жаратқан иесі ақсақал болып мәшинеге (ақ "ВОЛГА") мінеді. Артқы орындыққа отырады. Аудан басшысы бір ретте артына қарап сөйлер болғанда риза болған жаратқан ие желге ұшып жоғалғандай үштікүйлі болады. Басшы шопырын олай да бұлай шапқылатып, қиырға сүзіле қарады.

Сонда Дүкенбай не айтпақшы болды? Коммунист Сәмитпен, ауылдастары қойшы, зоотехниктермен, зинақор ұжым директорымен өзінің жазғанындай жаратқан иемен (Астағфиралла) кездестіруі ме? Осындай да шығарма бола ма екен. Бұны Сайтанның ойына келмейтін әпендінің жазғаны дейміз бе? Әлде, бұл жазбагердің ойы бұзылған, ібіліс жолындағы пенде ме? Оның жауабын оқырмандар мен ниеті түзу адамдар еншісіне қалдырамыз.

Жаратқан иеміз былай деген: "Егер олардың оңғарылуына құштар болсаң да, Аллаһ адастырған біреуді оңғармайды. ("Нахл" сүресі, 37-аят)

Діннің апаты үшеу: Пасықтық, пасық ғалым (Алланың жолын бұзушы).

Зәлім патша (әкім). Шешім айтушы шала молда.

Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа саллалаһу алайһи уә сәлләмнің Хадистерінен.

Аллаһ Тағала айтады: "Олар Раббыларынан өздеріне келген ескертулерді тым ойнап тыңдайды. Олардың жүректері бос, қаңыраған". ("Әнбия" сүресі, 2-3-аяттар).

Аллаһ Тағала айтты: *"Негізінен біз ап-ашық үкімдерді әрі тура жолды кітапта баян еткеннен кейін жасырғандар, соларға Аллаһ лағнет етеді әрі барлық лағынет етушілерге лағынет етеді" ("Бақара", 159-аят).*

Пайғамбар (С.F.С.): *"Кім Аллаһ разылығы үшін алынатын білімді дүниеден бір үлес табу мақсатында алған болса, қиямет күні жаннаттың иісін де сезбейді" деген. Абу Дауд.*

Аллаһ Тағала: *"Негізінде айлакерлердің кесірі иесіне ғана болады" деген. ("Фатыр", 43-аят).*

Пайғамбар (С.F.С.): *"Айла мен алдау (иесін) тозаққа (кіргізеді) " деген. Байһақи.*

Соңына қоңырау ілмесе жүре алмайтын Д.Досжанның "Пайғамбардың өлімі" атты хикаятын оқығанда да жағаңызды ұстайсыз. (109)

Ә дегеннен ол: "Алла Тағала рамазан айында қасиетті Құранды түсірді, яғни сүрелерін пайғамбар ғалейкіссаламға аян етті, жаратқан иенің ырқынан туған ең кемел туынды – адамның өзін жаратты; көн кітапта (?) жазғандай милади 611 (?) жылы рамазанда пайғамбар ғалейкіссалам Алла Тағаламен тілдесу үшін жеті қат көкке көтерілді, тағының жанында (?) болып, жаратқан иемен тілдесті, (?) Адамның рухы мен тәнін үзбей жетілдіру үшін қажетті сауалдар (?) қойды", – деп жалған пәлсапа жетегінде кеткен.

Автордың басты кейіпкері Мырқы деген пенде нәпсі құмар. Тойымсыз, көрсе қызар. Сол пендеңізді суреттеген Д.Досжанның хикаятын оқысаңыз, "аһ" ұрасыз. Оқиық:..."Меккенің терістік шығысында динозавр (?) қаңқасына ұқсап ырсиған қызыл адырлы Арафа тауы. Қызыл болатыны – ыстық табадағы қуырдақша күн көзі жеп қойған. Қызыл болатыны, – дейді машайық софылар, (?) – кісінің көз жасынан, Арафа тауының тасына көз жасы тамған. Сәске түс, рамазан айының ортасы. (?) Кейіпкеріміз Мырқы қырат бауырында үймек тасқа ұқсап тапжылмастан отыр. Әзер - мәзер қыбырлап астына батқан тасты алып қарады. Сол баяғы күрең тас... Күнде сол бір орнынан шашырап көтерілді, біраздасын көкжиекке сіңіп өледі. Бәрі-бәрі баяғыша...

Осылай суреттеп алады да... "Дүние жалғанды басып-басып, діңкесі құрып, сіңірі тартылып, қай-қайдағыны есіне алып, Арафа тауының беткейінде бүргедей болып, жанары

боталап, жыла-а-а-ап мүсәпір жанды елестетіңіз! "...Мырқы Арафада сол отырған күй отырады. Сабан тыққан тұлып секілді. Мұншалық ет-сіңірден айырылған қазаққа өзге мінәжат етушілер айналып кеп, ажырайып тұрып қарайды. (?) Оған өзге елден келген қажылар бас шайқасады. (?) Таң қалысып жанынан өтеді. Мырқы енді Д. Досжанның хикаяты бойынша Қарқаралыға ат басын бұрады. Құнанбай қажы қаланың ең биік түсына мешіт салдырды. Хазірет атын естісе кірпідей жиырылатын Мырқының мешітке кіруге зауқы жоқ. Оны жандайшаптар келіп тұрып мешітке кірмей кету күпірлік болады деп ойбайлап жүріп көндіреді. Ол: "Әкемнің малын мола бүркітінше қылғытып, аруақтың артын құран қатымын шығармай, шаршы мата іздеген софылардан құтылмадық", – деп тілмен тырнады, тау құлағандай дастарқан жиегіне дүрс жығылды.

"Шырағым, оқ жарасы жазылады, тіл жарасы жазылмайды, текті әкеңе құран шығарамын деп уәде берген емеспін, дүниеде себепсіз ештеңе тумайды, әкең құран қатымы шықпаса оның дағы себебі болғаны, аяққа тікен де бүйрықпен кіреді, ұшқары сөйлеген көп өкінеді", – деді көмекейінен сөйлеп.

"Ойбой-о-ой, кітаптың сөзін айтып миымды кептірме, хазірет! Ислам тоқырады, төрімізді орыс алды, төрелер сатылды" деп ел ішінен теріс уағыз таратыпсың, ертең ғана үстіңнен донос түсіріп итжеккенге айдатып жіберем. Құнанбай қажыдан артық емессің, бір жарым жылға жетер-жетпесте ол соқырыңды болыстықтан омақастырғам"...

Сол мезетте Хазірет қатты ашуланып, Мырқыны "Нұрың бұзылып, ойың ластанған" деп мешіттен қуады. Сайтан сөзін айтып мешітті былғама дейді. Со жерде Мырқы дуаланған кісіге ұқсап омалып қалады да тілі күрмеліп, қолы тарбаңдайды. Таң сыз бере әйгілі тәуіп келеді. Ол кім десеңіз кәдімгі, жұрт білетін "Сары Әулие"! Сүмпіс, көк көз, сары жігіт амандық-саулық жоқ шұбалған сәлдесін шешіп, шапанын сыпырып, Мырзаны көз бар дейді. Құран ашқан Хазіреттің назарына іліккенсіз, етегін жел ашпаған әзіз сұлудың көз жасына (?) қалғансыз деп ем жасайды. Мырзаның жыншайтанын көріп, бұлақтың мұздай суымен жымысқыны қуады. Сөйткен Мырқы былтырдан бері жеті-сегіз қыздың абыройын ашыпты...

Ұрғашы көрсе жолдан таятын Мырқы ем-дом алып, сайтани мінезге салып арыз жазғызып, Хазіреті Науанды жан-

дарал атамандарына тұтқындатып жібереді. Беті жылтыр, бойсесі буылтық қыз-келіншек көрсе – отқа түскен көбелектей қалбақтап, өпектеп, не керек өліп-өшіп, сол от құшаққа жұтылып тынады. Жас сұлудың дөңгеленіп піскен алмасын құжырлатып, иіскеп-иіскеп мауқын басады. Енді бір қарасақ Мырқы тағыда бір сұлумен оратылып жатады. Қыз айтады: "Сүйегім қаусап қалыпты, түнімен қамырша иледің, жаным, бүгін сөз айтып жүрген жігітіммен ұшырасып, некеге тұруға арыз беріп қоямыз деген уәдеміз бар", – дейді сыбырлай тіл қатып.

Д.Досжан кейіпкерлері – осындай зинақорлар. Ары қарай тыңдаңыз...

Мырқының Науан Хазіреті мен Құнанбай қажы салдырған мешітінде кездестірдік. Енді ол біздің заманның жас қызымен тоятын қандырып дем алып жатыр...."Қыз жібектей жұмсақ. Ұлпа саусағымен әр жер, әр жерінен сипаған кезде терісінен магнит өрісі жүріп өткендей денесі шымыр-шымыр еткені. Қаны тулап шыға келгені. Бөденедей бөденді сұлуды бір көтеріп, жастыққа сылқ салып үстіне тау боп үйілген кезде қыз байғұс тұншығып өле жаздады.

– Кеудем қысылды, өлтіресің бе? – деді қыз сыңсып жылап.

– Түнімен құшаққа еш тоймай өлтіре жаздаған өзің! Әр жер, әр жерімді (?) Жалап (?) Шоғымды үрлеп маздатып...

– Күнтимесімнің (?) пердесін (?) тұңғыш ысырған (?) өзіңсің! Өзіңді өле-өлгенше аңсап өтемін, пірім, (?) – деді жас сұлу саулап аққан жасын еш тия алмай. Сұрау белгілерін қойған біз. НЕГЕ? Хикаят деп таңба тағылған "Пайғамбардың өлімі" осындай анайы жыныстық қатынаспен басталады. Мырқының да аты жетісіп тұрған жоқ. Сондай ұсқынсыз пендеге қазақ қыздары қойнына тығыла беретіні несі? деген ой келеді. Сөйтсек Құнанбай қажы тұсындағы "бөлекөр" нарық заманының да адамына айналыпты. Казинода кездестірген қыздың қарызын қолма-қол төлеген қыз байғұс Мырқының құшағына қыздығы алынбай еніпті. Қыз бұған (Мырқыға) қарап "бір ғажабы тән ләззаттың, құшып сүюің бұ заманның амалына келмейді, баяғы Абай заманының адамы секілдісіз," – дейді. Міне, күнтиместің пердесін асыртқан Мырқы қыздан ләззат тояты ескілік замандағыдай екендігін естіп отыр. Д.Досжанның бұл суреттеуі логикаға қайшы.

Осыдан біз хикаятты оқи отырып, Мырқы мырзаның екі ғасыр адамы екенін танидық. Жазбагер бұны былайша

түсіндіреді: ..."Сонда қалай? Мырқы – мырза қартаймайтын, самайына қылау түспейтін, жігітшілігі жыл санап үдеген, жүз жасаған адам ба, әлде екі ғасыр бойына қақшаңдаған сайтан ба деп таңқаласыз әрине. Кейіпкеріміз екі ғасырдың күнәсі мен күнәратын бойына жинаған, Алла Тағаласын кеш танығаң, екі ғасыр мінезін бойына қоса сіңірген метаформалық бейне. Өзгермелі образ. Латын Америкасында өліп қалған кісінің пәлен жылдан кейін қайта тіріліп өмір сүретін кереметін "зомби" деп атайды. Гималайдың қарлы асқарында, Тайланд елінде адам жаны бір кісіден келесі кісіге ауысып, бүгінгі монах ертең балықшы, ертеңгі балықшы бір заманда монарх болып басы қақшаңдап отырады деген "сенім" бар. Осы қазір "сенімге", "зомбиге" мойын бұрмай-ақ, Мырқы – мырзаның жан әлемі екі ғасырға өзгеріп, ауысып, құбылып тұрады.

Екі кейіпкер, яғни үлкен Мырқы, кіші Мырқы деп шығарманы ащы ішекше шұбалтып созуға болар еді, әйтсе де... Барша қимыл, барша ойды жалғыз кейіпкердің басына үйіріп,тұжырымдап әдеби шендестіруге әдейі жүгіндік" дейді жазбагер.

Сөйтіп, көне түрік бәтшісі Құсам Кәтибтің "Жұмжұма сұлтан" дастанындағы жұмақ жайын сөз етеді... үр қыздары құшақ ашады...

..."Шыбын жаным-ау, бір қылығыңнан бір қылығың асады, қытықсыз араласып, алаңсыз баурап алардай төсек өнерін қайдан үйреніп келгенсің?" – деп сұрады Мырқы екең ләззат бұлағына сүңгіп бара жатып. Өз үніне өзі таң қалады. "Жапон еліне істеп жүрген кәсіпкерлік фирма алты айға тәжірибе үйренуге, менеджерлік оқуға жіберген, – деп төсі тікшиген бикеш сыңқ күлді, – фирманың менеджерлік шаруасы шегініп тұра тұрсын, жапон әйелдерінің гейшалық (?) өнерін үйренейін деп бар ақшамды гейша мектебіне төледім, қытықсыз құштарлықты гейшалардан меңгердім... "Ой, пәлі-ай, тізені тескен алаша еден келесіде былқылдаған мамық мықынға алмасып, аялап, аһылап, уһлеп тербеткенде бар ғой – жаны ышқына шырқырап мамық мықыннан қатты алашаға, қатты алашадан мамық мықынға ырғып, шоршып ауысқанын өзі де білмеді.

Жанарынан жас сорғалап, сорпа боп терлеп, жұмақтың соңғы қақпасын ақырын аша бергенде бәденді бикеш "ah" деп аунап түсті. "Өлтіретін шығарсың, пірім!" – деді ентіге езіліп, – өле кетсем дұрыстап көмерсің!"

Мырқы жүрген жерде зина жасайды. Енді Қарағандыдан бірақ шығады. Онда да екі тәулік бойына әңгелек төсті, от құшақты сұлу бикештің қасында көз ілмейді. Ұйқыға кеткенде түс көреді. Көз алдында Науан хазірет жүр...

Д.Досжан өткен ғасырға қайта оралады.... "Баяғыда Шыңғыстаудың кереге жайғандай қабырғалы адырларын жайлап береке дарыған, бақ қонған байы, сөзі дәрі Құнанбайды қайтсек аға сұлтандықтан түсіреміз деп бәсекелес, бақталас адамдар соңына түсіп арыз сүйкектеткен. Арғын, найманның арасына елші шаптырған. Дүниенің бар пәлесін аға сұлтанның басына үйіп, орыс ұлығына сүйкімсіз етіп көрсетуге жанын салған. Сонда Қарқаралы тауының басында көз жасындай мөлдіреген Шайтанкөлге аяғын малып, бесті қымызға қанып қызара бөрткен Мырқы-мырза әлгі шолақ белсенділерге "қойыңдар - әй былыққа белшеден батпай!" – деудің орнына түкті сүлгіге сүртініп тұрып: "Құнанбайдың басы кететін бас қылмысы – алыс жамағайыны Қодарды "келінімен көңілдес болды" деп тас атып өлтіргені деп төндіре сөйлегені есінде. Кісі өлтірген кісі аға сұлтан болсын деген заң жоқ деп жер тепкілеп отырып арыз-шағым жаздырған. Сонда жаны таза періште жандар араға түсіп:

– Ау, туған келінімен көңілдес болу адамгершілік сызығына, шариғат шартына мүлде қисық іс, Құнекемнің қылығы дұрыс! – деген.

– Шариғатты адам ойлап тапқан, Қодардың жалғыз ұлын жалмап жап-жас келінін жесір қалдырған құдай ісі қисық. Ендеше ашынып, "ah" ұрған адам Алла ісіне тексеріс жасаған. Ғаріп келіннің көңілін аулаған, – деп адамды аздырғыш әзәзіл пері мына тұстан мөңкиді.

Бұл көкең айтады: аға сұлтан Құнанбай бір емес, Меккеге бес барса да жуылмайтын күнә жасаған, "шариғат шарты, адамгершілік сызығы" деп жүріп малмен мал болып миы ашыған Қодарды, жесір қалған жас келінін өлімге қиған, түйе өркешіне асып өлтірген.

– Періштелер шулайды: Құнекемнің ісі оң пиғылы таза, жаратқан иенің жүрегі таза пендесі!

Мырқы мырза: Құнанбайдың қолы қан, ойбай!

Періштелер: Пенде адасады, сол адасқан, нәпсіге ерген, күнәға батқан, ойы бұзылған күналарға жаза кескен иманы берік Құнанбай Алланың адал құлы.

Мырқы мырза: шуламандар, миымды ашытпаңдар. Өскенбай ұлы Құнанбай ұлы даланың тынышын кетірген,

орыс пен қазаққа жік салған, пиғылы теріс кісәпір адам. Кісәпір болмаса біліп, білмей істеген қуналарымды жуамын деп Мекеге сабылып бар малын шашып әуреге түсер ме еді. Бір көзі неге ағарып кеткен. Басбармағы неге шор боп біткен! Осының бәрін жіпке тізіп, хаттама етіп, Кенесары бүлігіне жанашыр болғанын, Батыс Сібір губернаторының түземдіктердің жері туралы приказын отқа жаққанын, Түркістандағы қожалар әулетіне "келе қалыңдар"! – деп ат шаптырғанын түгел қамтимын...

Міне, жазбагердің айтқандары. Хикаятта Құнанбай қажы туралы біраз құқылжытады. Құнанбайды осы күнге дейін "соқыр" білімсіз етіп көрсетуге құмармыз. Ал, оның діни сауаты болмаса, Меккеге мұсылмандарға арнап үй соқтыра ма? "Жас Алашта" журналист Назира Байырбектің "Түркі әлемінің ғұламасы" мақаласы жарияланды. (110) Сонда 1998 жылы Норвегияда Американың Орта Азияны зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен құрылтайда Халифа Алтай "Қазақ халқындағы шаманизм қалдықтары" деген тақырыпта баяндама жасағандығы айтылады. Сонда Ғұлама Ғалым Халифа Алтай: "Ия, бізде әлі де шаманизм қалдықтары бар. Мынау Көк Тәңірге табыну, Тәңіри деп жүргеніміз сол. Шаманизм мен Ислам ілімін шатастырып, осыдан келіп адасып жүргендер де бар. Мысалы, жеті шелпек тарту, өлгенге ас беру, қырқын, жылын өткізу т.б исламда жоқ қағидаларды халық өзі ойлап тапқан. Пайғамбарымыздың да жетісі, не қырқы жасалған жоқ. Кезінде Абайдың әкесі Құнанбайды Өскенбайдың асын бермеді деп кіналаған екен. Ол дұрыс емес. Құнанбай Ислам дінін жақсы ұстанған. Мұхаммедтен кейін Пайғамбар болған емес, болмайды да" деп жауап берді.

Сөйтіп, Мырқы-мырза,... "Қой, ә, өстіп малтып жүріп Шайтанкөлге батып аллау-акббар болармын деп, шошына шатқаяқтап, құлаштап жүзіп, жүрегі отша тулап әудем жердегі жағаға әзер ілікті".

... Қасында жүрген атшабарлары да.... Өсекші... өтірікші... ойнасқор... шуылдақ... нашақор... насыбайшы... қымызқор... зинақор... мінафық.... парасыз.... санасыз... ши бөрілер... ді қасымнан қалдырмай, әркімге айтақтап салып қойғаным, донос жаздырғаным, өсек, өтірікті желдей гулетіп жайғаным, тыныш отырған елдің түндігін желпілдетіп, төріне шығып текеметін тілгенім, отағасын боқтағаным, әйеліне түнемесі қол салғаным, қызын күнаға белшеден батырғаным, жетімді жылатып көз жасын қалғаным, сірә, текке

ұмытылар деймісің! Елдің жүрегінен жуып көңіліңнен кете қойса игі...

Міне, Д.Досжанның басты кейіпкерлері, оңған бірі жоқ. Солай бола тұра Меккеде қажылықта жүр. Оған қалай барды. Енді соған келейік. Сөйтсек...Әбден кедейленген (естеріңізде болар ол осы заманғы бизнесмен болатын) алты бөлмелі үйде жалғыз омалып жатыр. Үлкен үйдің екі бөлмесін жалдап тұрып жатқан кержақ орыс заңға қайшы жерден, Президент аңшылық жасайтын қорықтан балық аулаймын деп жүріп, басы істі болып шатылып, үш жылға сотталып кеткен... орыстың қатыны икемдей ме деп бұл кәдімгідей үмітті. Самогон ішіп, шынымен-ақ, қызыл көйлек киіп, "пейте хозяин...", "хозяин сам-царь, сам-бог", "хозяин что велитто свершится!.. деп бұны шыр айналады.... Орыс қатын көзінше тыржалаңаш шешінеді, төр іргедегі төсегіне барып жатып алды... Темір кереуеті белі үзіліп кетердей жаман шиқылдайды.. Бұл үстел жиегінен әзер тұрып, тізесі дірілдеген күйі ащы судан тартып жіберіп түпкі бөлмеге жылыстады...

21 ғасырдың Мырқысы осы! Сол уақытта үй есігі қағылады.Үршықша үйіріліп тұрған әдемі келіншек сәлемдесті. Бойы қысқа. Кіндігінен келеді. Үгітші Парламент сайлауымен жүр. Сөйлеседі. Ертесіне тағы келеді. Тар көйлек киіп алған. Төсі, бөксесі айрықша буылтықтанып көзін магнитше тартты. Арбап барады... Бизнес план жасапты. Кепілдікке қоятын жылжымайтын мүлік болуға тиіс. Осы үлкен үй соған сұранып тұр. Әзірше өзінің бір бөлмесінде Мырқыны тұрғызбақ... Не болса да сол қыздың айтқанына көне берді. 21 ғасырдың Мырқысы ЖШСның директоры болып шығады, келіншек экономист, есепші. Шоколад шығармақ. Цех ашпақ. Аядай бөлмеде екеу. Тығыншықтай келіншек денесі от боп, келешек ашылар ЖШС-нің директорының қойнына кіреді... Ауырып жүрген Мырқыға дәрігерлер Жаңақорған санаторийына емделуге бар депті....Мол ақша алады. Банктен. Не керек түрлі себеппен ақша құриды. Мырқы алты бөлмелі үй мен кейінгі отасқан әйелінен қалған бір бөлмелі пәтерден айырылып тынады. Аукционға түскен мүліктер осылай банк қарызын жабумен сатылады. Ол қаңғып қалады.

Қаңғып жүрген оны сәнді киінген, орта бойлы қағілез жігіт кездестіріп мән-жәйді сұрайды. Ол бұнымен тілдесіп, сөйлеседі. Қарап тұрма деп, жүргізушісіне қайтадан ашылған

Иман Жүсіп мешітіне жеткіз, – дейді.Тағы да ол Имамға бұ Мырқыны қарауыл қылып алсын, мен айтты деп ескерт, – дейді.

Мырқының қандай ұсқында екенін оқырмандар толық білсін деп Д.Досжанның осы тұста кульминациялық суреттеуінің мәтінін толық береміз. Оқиық:

– Үсті-басы ұсқынсыз, мәшинеңің ішін былғап жүрмесе.

– Жиіркенбе, сал, дереу мешітке жеткіз! Өзім аяңдап көшені аралап кеңсеге жаяу барамын.

– Имам соңынан ит қосып қуып жүрмесе.

– Тамағы, киімі, жатын орны – сол мешіттен болсын.

Бұл сөзді айтқан осынау үлкен аудан, іргелі қоныстың әкімі Дикан еді....

....Жүргізуші еңгезердей әулетті жігіт үй іргесінде жалпиып отырған бұл көкеңді тымақша сілкіп көтеріп, дедектетіп ала жөнелді. Жаңғақ құрлы көрмеді. Зырлағаннан зырлап отырып, көше басындағы, шағын ауылдың көрнекі, биіктеу тұсына орын тепкен мешітке кеп тұмсық тіреді. Тымақша жұлқып мәшинеден қайыра түсірді. Артқы отырғышқа оңбастай ғып кәк етіп кетті ме деп, мойынын қайырып, үңіліп кеп қарады. Аман секілді әйтеуір. Қолтығынан алып дедектетіп мешіт басқышымен көтерілді, ауыз үйге аяғын шешпеді, мінажат бөлмесінен бір-ақ шықты. Тәспісін теріп мүлгіп отырған имам дәп алдына дүрс етіп құлаған пәлені көріп шошып кетті, қапелімде тілі күрмелді "Әкет!... пәлекет!..." деген сөзді ыммен түсіндіріп қолын ербеңдетті. Алла Тағаланың аспаннан түсірген пәлекеті осы ма деп ойлады.

– Шошымаңыз, банкротқа ұшыраған кәсіпкер, – деп түсіндірді жүргізуші, – үйін, мүлкін түгел қаттап банк алыпты. Аштан өлгелі жатқан жерінен тауып алдық.

– Бұл бетбақты Алла Тағаланың үйіне неге әкелдің, қарттар үйіне апармай?

– Әкімнің бұйрығы осылай. Мешітке қарауыл етіп алсын, – деді.

Аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып бажылдаған, шәт-шәлекейі шыққан имам "әкім" деген сөзді естігенде жым басылды, желі кеткен баллонға ұқсады.

...Кітап ашып, құран аударып облыс орталығында көп оқығанның бірі болып діңкелеп көзіне көк шыбын үймелеп жүрген мұны әйгілі Мәшһүр Жүсіп мешітіне шақырды. Алматыға Әбсаттар қажыға ұсыныс хат жазып, (?) келісімін алды. Сәлдесі қоқырайып, есімі дабырайып, Сарыарқа

кіндігіндегі әйгілі мешітке ауа көшіп келді содан. Бір ай бұрын мешіт мәзіні үстінен домалақ арыз домалатты-ай. Айтпаған ғайбаты кем. "Жұма намазын жайнамазды басып тұрып оқыды... михрабты құбыламен шатастырды... садақаның өгізін жеп қойды.... ой-ой-и – и пәдәріңе нәлет-ай!" Ортше қаулаған ғайбатты әкім-бастық басты. "Қойыңдар-ай! Пендешілік қазақылық өсекті өрбіте бермей!" – деп әлгілерді саппа тыйды. Енді келіп, әкім-бастықтың бір ауыз сөзін жерге тастауға еш құдіреті жетпейді: жақсылық жасаған кісіні жүрегіңнің төрінде ұста, бір қайырға – мың мінәжат, әкімнің өкшесі қисық деген кісі оңбайды, деген уағыздар өз аузынан шыққан.

Не керек Д.Досжан имамды құбыжық етіп көрсеткен. Мырқыңыз әкімді көрсе ыржалақтап, сонадайдан алдынан жүгіреді. Аз уақыттың ішінде ақыл кіріп, әмиянның түбіне ақша жинай бастайды. Киімін жамап киеді. Бір тиынын жаратпайды. Әкімге бұйымтай айтады. Пайғамбардың басқан ізінен тәу етпек. (?) Әкім "неғыласыз оны", – деп айтып қала ма деп қапаланды.

– Мақұл ақшаңызды жинай беріңіз, бас муфтимен өзім сөйлесейін.

Не десек о дейік. Д.Досжанның кейіпкері Мырқы ақшасын мешіт муфтиінің намаз оқып, құбылаға бас қояр бұрышына, түкті кілемнің астына орап жасырып жүреді. Ақыры ақшасы жоғалады. Имам іс сапарда жүр. Мұны оның бибісі отын, суға жұмсайды... Ақша сұрағанша монша жақ, түсіп жеңілдеп алайық деп зекиді. Ана тайынша қысыр қалмақ. Келесі көшедегі Оңғарбайдың үйіне жетелеп жеткіз, қызыл бұқасы сүріп көрсін, аямасын... қанасын қандасын... апар... деп шақшадай басын шарадай етеді. Енді бірде: "Түнімен күттім ғой, қашарды өзің қашырып жүргеннен саумысың, тырапай асып құлапсың!

– Сілем қатып шаршаппын.

– Әдірам қал-ау, шаршамай жүретін кезің бар ма сенің. Арқамды ысып жібереме деп күтемін, самаурынға шоқ сала ма деп дәметемін...үшты-күйлі жоғалдың.

Дүкенбайша Мырқының жүрген жерінің бәрі "секс". Имамның да әйелі сау емес. Зинақор. Бұл мұсылмандардың атына кір келтіру емес пе?

Хикаятты әрі оқиық...

Үш жыл жинаған ақшасын жоғалтқан Мырқы туралы сөз баяғы әкімге жетеді.

Әкім адында ғана Алматыдағы елдің бас муфтиі Әбсаттар қажыға арнайы телефон соғып, ұзақ тілдесіп, пайғамбардың туған күніне жол алатын үлкен қажылық сапарда "ауданымыздан бір адамды қос құлдығың болайын!" деп тастабандап өтініп келісімін алған. Наурыз айының ортасында, қажылық сапарға жол алатындар, Алла бұйырса, Алматыда бас мешітте бас құрайтын болыпты.Әбсаттар қажы қайыра телефон шалып: "Әлгі кісіңіз аптаның ішінде тез жетсін", – деп хабар қылған.

Әкім не керек Мәшһүр Жүсіп мешітіне тартады. Имам алдынан шығып құрдай жорғалайды. Қарауылды шақыртады. Ол апта болды ауырып жатады. Дәрет су жылытатын аядай бөлменің бұрышында, жертөсекте Мырқының бұралқы итше бүктүсіп жатқанын көреді әкім. Алматыдан қажылыққа баратын хабарды жеткізеді. Мырқы мұнафықтардың ақшасын ұрлап алғанын айтады. Орнына имамды жазыңыз дейді. Сәл ойланған әкім, әкімдіктің атынан елге салмақ салсам да екі күн ішінде Меккеге бару, қайту қажылық қаражатын тауып берейін дейді...

Сонымен қаңғып жүрген, я үйі, я күйі жоқ пенде қажылыққа аттанады...

Д.Досжанның тапқаны, не қиялдаған ойы осы. Пайғамбарымыз Мұхаммедты (С.F.С.) мазақ қылған осы хикаяттың жауабын оқырмандардан күтеміз Оған дәлел ретінде Д.Досжанның "Пайғамбардың өлімі" хикаятын аяқтаған сөлемдердің мәтінін өз қалпында берейік. Оқиық:

..."Жер бетінде жақсы адамдар таусылған күні, адамдар бір-біріне жақсылық жасаудан, бір-біріне қол ұшын беруден, жүрек жылуын бөлісуден әбден жалығып туа жат бола бастаған кезде пайғамбар ғалейкіссаламның рухы өледі дейді. Қасиетті кітапта осылай жазылған. Пайғамбар рухының өлетін күні жақындады ма, қайдам, Мәшһүр Жүсіп мешітіне келушілер, садақа берушілер саны күн сайын азайып барады деп мешіт имамы сары уайымға салынып, маңдайын тоқпақтап біраз уағыз айтып-айтып, көк езу болып шаршаған соң қылжиып, әулие-әмбиелерді түгел қарғап, дүниені жұтатып сап, "yh, жан-ай!" – деп күңіріне күрсініп, бүгін де бибісінен бөлек жатты.

Саудия корольдігі орын тепкен, барша мұсылман қауымы мінәжат ететін Мекке қаласының иығындағы Арафа тауының қыр арқасында отқа күйген томардай сидиған қос тізесін

құшақтап ағыл-тегіл жылап отырған Мырқыны ешкім қайырылып келіп жұбатпады.

Көлеңкеше көлбеп жанынан ығысып өте берді... өтіп жатты... бір кезде күн қақтаған Мырқының жасы сарқылды. Бұған бір шекелей қарап өткен кісілердің мейірімі, рахымы түгі қырқылған тақыр тау беткейіндей түгесіліп бітіпті.

Рамазан айында, кешегі өткен пайғамбар заманында пенделерінің мұңы, зары шаршатқан Мұхаммед ғалейкіссалам жаратқан иеден бір пәс пұрсат сұрап, жеті қат көктің биігіне көтеріліп, әлемдік гармонияны жүйелеп шалдығып жүрген Алла Тағалаға тілдесіп қайтуға дәт қылыпты дейді. Пайғамбардың аузынан естідік деп машайық әулиелер көн кітапқа жазып кетіпті. Ұлы дүниеде дүркіреп үшқан Алла Тағаланың бет қаратпас нұрымен пайғамбар ғалейкіссалам, жобалап айтқанда, төмендегіше тілдесіпті дейді көн кітапта.

Алланың нұрына арбалып қалған пайғамбар алғашында озер деп тілге келіпті.

"Уай, жаратқан ие, жер бетінде көз жасы көлкіп ағып көл болуға айналды.

Пенделерің бір-біріне мейірімді, шапағаты, шындығы азайды. Мұң, зардан құлақ тұнады, жаббар ием, күнәһар пенделердің көз жасын қалай тиямыз?!"

Сонда жаратқан ие нұрымды шаша берсем пайғамбарым өртеніп өлер деп біраз сәулесін азонмен, біразын тозаңмен көлегейлепті, аспан әлемінің үнімен былай депті.

"Адамды өзіме ұқсатып жарық дүниеге келтіргенде жыласын деп жаратқам жоқ, үмбетім!"

"Көз жасы көл боп ағып еш тиылар емес қой, жаббар ием!

"Қайғылы, шерлі адамның нұры бұзылады, адамзаттың нұры бұзылмауын неге ойламайсың?"

"Аспандаған әулекілерінің бәсін төмендетемін, құдайын ұмытқандарды тәубасына келтіремін деп тегі шаршадым, өлшеніп берген күш-қуатым кеміп барады, неғыламыз, жаббар ием!"

"Ендеше пенделердің санасын, көкірек көзін ашатын аяттарымды аян беріп түсірем, ол кітап сенің машайықтарды іздестіретін, мінафиқтарды тәубасына түсіретін тат баспас алмас қылышым болады. Құран дегеннің сөзіне илан, пайғамбарым!"

"Жаббар ием, нұр дидарыңа басымды иемін, көз жұма кетсем көрімде тыныш жататын болдым".

"Жаратқан ие ешқашан барды бөліп бермейді, жоқты түгендемейді, адасқанның бетін түземейді, өлшеусізді өлшемейді, өлшеуліні артық-кем демейді, әйтсе де бәрін өзім істеймін, пенделер бірінен бірі көреді, үмбетім".

"Нұр дидарыңнан бөлісе жүр, жаббар ием, пенделердің көзін аш, көкірегін оят, қараңғыға қалдыра көрме! Пенделердің нұр дидарын бұзып алмауын ойластырайын".

Осыны айтып Мұхаммед ғалейкіссалам жеті қат көктің төрінен қауырсынға ұқсап төмендей-төмендей Меккеге жетіпті, Қағбаға аяғын тірепті дейді. Біздің баяндап отырғанымыз баяғы әулие машайықтар жазып қалдырған көн кітаптың сөзі.

Осымен шағын хикаятымыздың соңғы нүктесін қойып тәмамдауға да болар еді. Бір сөз қалып барады. Мұхаммед пайғамбар күні жетіп, бақи сапарға аттанар алдында қасында құрдай жорғалап қызмет жасап жүрген машайығына: "Кеудемді көтеріңдерші, Арафа тауына шығайыншы", – деп өтініш жасапты.

Әулиелер, машайықтар, софылар етегіне сүрініп жүріп Пайғамбар ғалейкісаламды сүйемелдеп түн ішінде Мекке тауының иығына шығарыпты. Аспан толы шүпірлеген мың миллион жұлдыз, бәзбірі ағып түсіп жатыр, бәзбірі жіп сәулесін соза түсіп үздіксіз шырақ болып жанады. Пайғамбар ғалейкіссалам ақтық күшін жинап, кеудесін оқыс көтеріп, өкпесінің сырылын шамалы басып оң қолын аңылжыған аспан әлеміне сілке шаншып (?) нұсқаған көрінеді. Ақтық демін ала бере үні күңірене шығыпты жарықтықтың.

Алла-о-о-и-й!!"

Аллаһтың елшісі Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (С.F.С.) өмірі мен жолдарынан мақұрым жазушының бұлай жазғанына жол болсын. Хикаятының басты кейіпкері Мырқының қандай пенде екеніне өзіміз оқып отырып көз жеткіздік. Сонда Пайғамбарымыздың (С.F.С.) бұл хикаятқа не қатыстылығы бар? Хикаяттың ең соңында өмірден өткені ғана баяндалады емес пе? Сол үшін хикаятты "Пайғамбардың өлімі" деп атаған ба? Соңында жазылған бес-алты сөйлемнің өзі дұрыс құрылмаған. Деректің бәрі бұрмаланған. Тіпті еш жерде айтылмаған, айтылуға тиіс емес сөздерді қосқан Д. Досжан бұл жауапсыздығын біздің айтып, оқырманға дұрыс түсінік беруіміз парызымыз. Басқа басқа, Аллаһтың елшісі Мұхаммед Пайғамбарымызды (С.F.С.) бұлай қорлатуға жол бермеу керек.

Д. Досжанның хикаятын түсініп көріңіз. Діннің не екенінен тіптен хабары жоқ. Жазған осы екен деп жай оқырманның өзін күлкіге қалдырар бұл хикаятын қалай түсінбек керек?

Д. Досжанның бұл жазғандарына да адам баласы илана қоймайды. Оның өтірігіне жауапты тарихи деректен береміз. Оның адам шошырлық шимайға толы хикаятындағы дінге қатысты тұстарына (негізі бәрі де дін тұрғысында мазақ етіп жазылған. А.С.) мына төмендегі мәтіндермен тойтарыс береміз.

Біріншіден, Аллаһ Тағала шаршамайды. Оған дәлел: "Аятул күрсү сүресі.

Бисмилләәһирғахмаанирғахиим

Аллаһ, одан басқа еш тәңір жоқ. Ол-Хай, Қайюм, Ол үйықтамайды да, қалғымайды да.

Көктердегі және жердегі барлық нәрселер Оған тән.

Кім Оның рұхсатынсыз құзырында шапағат ете алады?

Жаратқан мақұлықтарының алдында және артында не бар екенін толық біледі.

Олар болса, Оның қалағанынан басқа, ілмнен басқа ешбір нәрсені білмейді.

Оның күрсісі көктерді және жерді толық қамтиды.

Көктер мен жерді қорғау Оған ауыр емес, Ол-аса ұлы, өте жоғары.

(Бақара сүресі, 2: 255)

Екіншіден, Пайғамбарымыз Мұхаммад (С.Ғ.С.) кезінде машайық пен әулиелер болған жоқ. Олар көне кітап жазған жоқ.

Үшіншіден, Аллаһ тағаламен Мұса (Ғ.С.) ғана тікелей тілдескен.

Төртіншіден, азон, тозаңмен Жаратқан ие Пайғамбарымызды (С.Ғ.С.) көлегейлеген емес.

Бесіншіден, Мұхаммад (С.Ғ.С.) Аллаһ Тағалаға шаршадым деп айтқан жоқ. Қайта адасушыларға иман берсін деп тіледі.

Алтыншыдан, Пайғамбарымыз Мұхаммад (С.Ғ.С.) Жаббар иеге көрімде тыныш жататын болдым деп айтпаған, еш жерде ондай хадис жоқ.

Жетіншіден, Жаратқан ие мұсылман болсын не кәпір болсын, түрлі сынақпен сынайды. Пенделер өз-өзінен көреді деген азғынға ұшыраған ібілістің сөзі. Ол қияметке дейін адамдарды тура жолдан азғырмақ.

Сегізіншіден, Пайғамбарымыз (С.F.С.) көктен қауырсынға ұқсап ұшып, төмендегі Меккеге түсіп, Қағбаға аяқ тіреген емес.

Тоғызыншыдан, Мұхаммад (С.F.С.) өмірден қайтар алдында құрдай жорғалаған машайықтар болмаған, мұсылмандардың анасы, сүйікті әйелі, Әбу Бәкір ас Сыддықтың қызы Айша болды. Пайғамбарымыз (С.F.С.) көз жұмар алдында бетін ақ матамен жапқызды да Исаға табынғандай маған табынып кетпеңдер деп бұйырды.

Оныншыдан, сопылар ол кезде машайық сияқты болған емес. Ол бертін келе шыққан сөз. Олар түн ішінде Пайғамбарымызды (С.F.С.) Меккенің иығына шығарған жоқ.

Онбірінші, Мұхаммад (С.F.С.) аңылжыған қолын аспан әлеміне созған емес, кезінде ондай жағдай Александр Македонскийде (Ескендір Зұлқарнайын) болғандығы тарихта белгілі жайт.

Мектеп қабырғасында оқитын бала айтпайтын осыншама адам шатасатын сөйлем құраған Д. Досжанға айтар сөз жоқ! Тарихты білмейтіні былай тұрсын Пайғамбарымыздың атына осынша өтірік қосып жазуға бола ма? Білмейтін тақырыпты шамасы келмесе неге қозғайды?

Қажылыққа кімге бару парыз? Өзінің отбасы бар, байлығы бар... денсаулығы дұрыс, есі дұрыс, қарызы жоқ, адам бармақ. Д.Досжановтың кейіпкері барып тұрған қаңғыбас, өзінің басын алып жүре алмайтын пенде емес пе? Әкімнің жасаған жақсылығынан болайық? Не, Меккеге бару, келуге ақша тапса күнәдан қажылыққа жібертіп, қаңғып жүрген "жәлептің" күнасынан арылта ма екен? Түсініксіз прототиптер.

Данышпан Абай өзінің "Қара сөзінде": (отыз бесінші сөз) "Махшарға барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейттерді қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғиззат-құрмет алмақ үшін, қажы болмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды шейт болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола бір ғана құдай тағаланың ризалығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.

Дүние үшін болғандарға айтар дейді:

"Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниең харап болған, сонымен бірге қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ

түгіл, сұрау беріңдер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды,өмірлеріңді, бетіңе ахиретке ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?" – дейді.

Әне ниетімен орнын тауып,бір құдайдың разылығы үшін онер қылғандарға айтар дейді: "Сендер бір ғана менің разылығымды іздеп малдарыңды, өмірлеріңді сарып қылып едіңдер, мен разы болдым. Сіздерге лайықты құрметті орнымм бар, дайын, кіріңдер! һәм ол разылықтарыңнан басқа осы махшар ішінде, сендердің осы қылғаныңа өзі қылмаса да,іші еріп ынтық болған достарың табылса, шафағат қылыңдар!" деп айтар дейді.

Абай өзінің отыз жетінші сөзінде: "Кісіге біліміне қарай болыстық қыл: татымсызға қылған болыстық адамды бұзады" дейді. Соған қоса Абай: "Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң; Алланың сүйген құлының бірі боласың" деген.

"Қазақ әдебиеті" газеті (111) "Жазушылығын ойшылдықпен құнарландырған" атты академик Ғарифолла Есімнің Д. Досжан жайындағы мақаласын басты. Академик Ғ. Есім жазушының 2005 жылы Алматыдағы "Қасиет" баспасынан шыққан "Үш тағдыр" кітабына пікір білдіреді. Ғ. Есімнің "Пайғамбардың өлімі" атты Д. Досжанның хикаясына қатысты айтқандарына илана қою қиын. Біріншіден, кітаптағы оқиға "бомж" – "қаңғыбас" турасында өрбиді. Ол онымен қоймай бұзылған адам. Бұндай жын-сайтан араласқан кейіпкерлерге Пайғамбарымызды (С.Ғ.С.) кірістірмек түгілі жаман жағынан ойлаудың өзі күнә болады. Ал Д. Досжан болса әдеби жаңалық ашқандай осындай жаман жүрісті пенде туралы хикаятқа дінді араластырып "бүлдіріп" тынған. Қорыта айтқанда, бұл әңгіменің атының өзі ұшқарлықпен аталған. Шындығын айтқанда ол жарық көріп, басылатын хикаят емес. Енді Ғ. Есімнің осы әңгімеге қатысты сөзін келтірелік:

"Ия, солай да шығар. Мен күнә деген мәселеге келгенде, оны күнә мен кінә деп ажыратам. Күнә Жаратушы алдындағы – айып болса, кінә – адамдарға жасалатын қиянат. Орине, адамға қиянат жасау да күнәға бастайтын әрекет. Алайда, адамдар Алласына құлшылық етпестен бұрын, алдымен адамдарға адал болғаны жөн. Меккеге барып Мырқы сияқты күнәдан арылу қажет пе, әлде сол меккеге жеткенге

дейін адамдарға жақсылық жасау қажет пе екен? Кім білсін, мүмкін Меккеге барып, қажы атанғаннан дұрыс болар бәлкім, бірақ өмір ағысына қарамай мейлінше ар мен ұятты сақтау одан да биік іс пе деп ойлаймын, жазушыммен бірге, себебі, осы ой хикая өрісінен аңғарылып қалады. Жазушы Пайғамбардың өлімі туралы былай дейді: "Жер бетінде жақсы адамдар таусылған күні, адамдар бір-біріне жақсылық жасаудан, бір-біріне қол ұшын беруден, жүрек жылуын бөлісуден әбден жалығып, туа жат бола бастаған кезде пайғамбар ғалейһиссаламның рухы өледі дейді. Қасиетті кітапта осылай жазылған".

Хикаяны да осы ойға құрған жазушылығын ойшылдықпен құнарландырған қаламгер Дүкенбай Досжан. Бұл Ғ. Есімнің сөзі. Академик сөз соңында мынаны ескере кетіпті:

"Алғашқы шығармасынан бүгінге дейін қаламгер Дүкенбай Досжанның тыныш таппай, үнемі ізденіс, толғаныс үстінде келе жатқан бір кейіпкері бар, ол жазушының нақ өзі". Жазушы не туралы жазбасын, ол өзін-өзі жазумен болады. Жазушының жан қиналысы, оның шығармашылығының өзегі, қуаты. Осы тұрғыдан қарасақ, жазушының кемеліне келген шағында одан үлкен дүние күтіп едік, сол үміт ақталып, дүниеге "Ақ Орда" деген роман келді, бірақ ол туралы әңгіме алда"

Академиктің де, жазушының да философиялық көзқарастарына түсіну қиын. Д. Досжанның осы хикаятын ойшылдық, құнарлы деп отырған философ Ғ. Есімнің жазушының осы шығармасын қайта бір оқып шықса құба-құп болар еді. Д.Досжан өзін-өзі жазса онда оны Мырқының прототипі деп білеміз.

Себебі, еш жерде, ешқандай діни кітапта Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (С.Ғ.С.) рухы өледі деп жазылмаған. Ешқандай қасиетті кітапта бұлай айтылмаған. Аллаһтың елшісі, соңғы Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) өмірден осылай өтті ме? Жоқ, әрине! Жоғарыда Д.Досжанның сайқымазақ хикаятына қатысты оны теріске шығаратыні он бір (онбірі) фактіні келтірдім. Дау кеске бұл да аз. Ол ертең "қиялға" құрған едім деп ақталуға тырысуы да мүмкін. Ол бұл үшін ақтала алмайды. Тағы да тарихи шындық фактіге сүйенеміз. Онда да араб тілінен орыс тіліне діни ғылыми комиссияның сараптамасынан өткен басылымды алдыға тартамыз. Ислам дініне қатысты әрбір жазба тексеруден өткізілуі

тиіс. Әйтпесе дінсіз, иманы оянбаған пенделер бұрмалап әдейі халықты шатастырып, дауластырып қояды.

Аллаһ Тағала айтты: "Аллаһтың лағынеті өтірікшілерге болсын! Деп қарғасайық" "Әли Имран" сүресі, 61-аят.

Пайғамбар (С.F.С.): "...расында жалған бұзақылыққа жетелейді, ал бұзақылық тозаққа итермелейді. Әбдетте, адам жалған айтып жүре беруі кесірінен Аллаһтың қасында өтірікші (әрдайым жалған айтушы) деп жазылады" – деген.

Әдебиеттегі әдепсіздік

Туған жердің тарихын өз шығармаларында бұрмалап жазумен өмірін өткізіп жүрген, елдің ақсақалдарының теріс батасын алған, әбден рухани азғындаған – Дүкенбай Досжан қандай жолмен белгісіз Меккеге қазақтың бір топ зиялыларымен умраға барған. Сонда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қабірі жатқан қасиетті Мәдинадан қайтқанда, барған кісілердің барлығы құты-құты, мем-мес қылып зәмзәм суын алады. Ал көпір Д.Досжан болса тәкаппарлық танытып зәмзәм су алудан бас тартқан. (112) Тілшіге Д.Досжан Аллаһтың кітабы Қасиетті Құран-Кәрімде жазылған зәмзәм суының бір-ақ бар екенін біле тұра әдейі, Қаратаудағы құланшы бұлағының суынан артық емес деп жауап берген. Ал "Жан тәтті" кітабының шыққанын бірнеше басылым басты.

Бір өкінерлігі сол кітап ішіндегі "Пайғамбар өлімі" (Астағфируллаһ) Марат Әдібаев "Вознесение пророка" деген атпен орыс тіліне тәржімалаған. Шымкенттің "Қасиет" баспасында басылды деп көрсетілген кітапты аталмыш ұжымның хатшысынан сұрастырғанымда, директор Х.Көктәнді келген соң анықтап беремін дегенді. Алайда, баспа директоры ондай кітаптың емес, Д.Досжанның "Үш тағдыры" басылғанын жеткізген. Ол өзінде басылған Д.Досжанның "Жан тәтті" кітабын жасырып отыр. Алматы, Астана қалаларының ешбір кітапханаларына "Жан тәттінің" түспегені де белгілі болды. Содан қазақтың біртуар ұлдарының қазақ басылымдарындағы ("Жас Алаш", "Түркістан") ашық хаты арқылы сол азаматтардың қолындағы "Жан тәтті" кітабының "Кешірім" атты тарауын оқығында төбе шашыңды тік тұрғызатын жолдарға көзім түсті.

Міне, "Мұсылман әлеміне жабылған жала" осылай оқылды. Енді Д.Досжан Алматыға аяқ астынан келіп басылым

басшыларының редакцияларының табалдырығында тұрып: "Мен жазбағанды жазды, жазғанды жазбады" деп діндарлар шулап жатқан көрінеді, Бас муфти Әбсаттар қажымен сөйлестім, ол біздің жауабымыз сенің "Жас қазаққа" берген "Ашық хатың" болсын деген" мыс – дейді. Өмірі өтірік сөйлейтін Д.Досжанның осы сөзіне илануға бола ма? Жоқ әрине! Ол жайында Әбсаттар қажы Дербісәлі "Қазақ әдебиеті" газетінің N 41 санындағы "Жас Алаш", "Қазақ әдебиеті", "Түркістан", "Президент және Халық", "Заң газеті", "Қазақстан Заман", "Ана тілі", "Жас қазақ", газеттерінің оқырмандары мен жалпы мұсылман жамағатқа арнаған мақаласында (13.10.2006 ж.). Мен автордан: "барша мұсылмандардан және сүйікті Айша (р.а.) Анамыздың рухынан кешірім сұрағаныңыз шынайы болса, "Амал дәптері оң жағынан берілгендер" хикаятындағы аталмыш беттерді алып, жоясыз" деп талап еттім" дейді.

"Алтын Орда" газетінің 2006 жылғы 22–28 қыркүйегіндегі санында "Жақсы кітаптың дүшпаннан оқырманы көп болады", "Жан тәттінің" авторы осылай дейді деген мақала сұхбатта Д.Досжан: "Шығармамда аллегорияны, шендестіруді, әдемі бір суреттеу бояуларын қолданғаным рас, бірақ ол жерде ешқандай да зина туралы сөз жоқ" деп тағы да газет тілшісін, оқырмандарды алдап, өтірік жауап берген. Одан әрі ол (Д.Досжан): "Ал әдебиетті түсінбейтін кейбірулер кітаптың әр жерін жұлмалап, маған қарсы пікірлер айтуда. Мен ол пікірлермен келіспеймін" деп нақты жауап берген. Бұл – бұл ма Д.Досжан: "Бүгін менің кітабымнан сенсация жасағысы келетіндердің ертең де табылуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмас. Осыны ойлай келіп және орынсыз пікірталасты ушықтырғым келмегендіктен кітабымның кейінгі басылымдарында, оның аудармасында аллегорияны, әдемі бояуларды солғындату, болмаса алып тастап, басқаша түсінікпен көрсетемін бе деген ойым бар. Шыны келгенде менің бұл кітабымды жақсы қабылдап, оң пікірлерін білдіріп жатқандар аз емес. Өйткені жақсы шығарманың әр кез дүшпанынан оқырманы көп болады" деп ыңырана жауап беріпті. Міне, Д.Досжан әр басылымға әр қалай жауап беріп отырған. "Ақ Орда" газеті аңғарғандай күні ертең кітап толығымен жойылмай қалса (Д.Досжан өзінің "Жан тәтті" кітабын жанынан да жақсы көретіні сол өзі зина жоқ деген адам тілі бармайтын Айша (р.а.) анамызға жабылған жаласын ғана алып, басқаша суреттеуге қара ниеттеніп отыр. (А.С.) Әде-

биет деген әлемде шекара жоқ. Бүгін болмағанмен ертең "Жан тәттіні" қаламының уыты бар қаламгер өзге тілге аударып, ақырында Айша Анамызға (р.а.) жабылған жала күллі мұсылман қауымға жетсе не болмақ?

Отанға опасыздық пен сатқындық жасап отырған Д.Досжанды соншама қорғаштаушылардың атына қандай сын айтуға болады. Қазақстанды мұсылман әлемі алдында масқаралап, көз тігіп отырған жауларына күлкіге қалдырмақ ниеттегі Д.Досжанға Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті аралассып, кітабының 124–130-беттері ғана жыртылмай түгелімен БАҚ өкілдерін қатыстыра отырып жою қажет. Кітаптың барлық беттері оқуға тұрмайды.

Онда Құран аяттары орынды-орынсыз қолданыла берген. Зейін қойып оқыған адамдардың ол кітапты оқыса жаны түршігеді.

Бұған зерделі ойлы дін өкілдері мұқият қарап шығып, өз бағасын берері сөзсіз.

Д.Досжан айтқандай Айша Анамызға жала жабу 124-бет пен 130-бет аралығында емес, бүкіл арам оймен суреттелетін тұстары 121-бет пен 134-беттер. Тағы бір айтарымыз Д.Досжанның ешбір шығармасы қазақ әдебиетіне "сенсация" әкелген емес. Адам басын қатырып, түсініксіз шимаймен ортақол атанған қаламгер.

Белгілі жазушы Мұхтар Мағауин Д. Досжанның 1966 жылы шыққан "Жусан мен гүлдері" кітабын орынды сынаған. Д.Досжанның "Отырар" повесін "ұрлықпен" жазылған кітап деп бағалағандығын жазды. (Қазақ әдебиеті", "Ғайбат па, айбат па?" Қ.Құрманәлі). Бірақ, автор М.Мағауиннің орынды сынын жала деп көрсеткен.

"Оңтүстік Қазақстан" газетінің 2006 жылғы 3 қазанында дінтанушы Оразкүл Көбеева "Дүкенбай Досжан алжасқан ба, адасқан ба" атты мақаласын 1-ші бетке басыпты. Ол "Ақшалы миссионерлердің тапсырысымен Пайғамбардың өзі және оның әйелдері туралы түрлі өтірік уақиғаларды жазып жүргендер пайда бола бастады. Соның бірі, өкінішке орай, қазақ деген аты бар Дүкенбай Досжан деген жазушы. Ол "Жан тәтті" деген кітап жазып, сонда Пайғамбардың сүйікті әйелі Айша (Аллаһ разы болсын оған) туралы, айтуға ұят, өтірікті жазып, өсек таратты. Ол уақиғаны тарихтан алдым деуі мүмкін, бірақ ол адам сенгісіз еді. Уақиғаның болғаны рас. Ол кезде Айша анамыз әлі пәк, 15 жастағы қыз еді. Бірақ осы уақиғаға Аллаһ Тағаладан арнайы аяттар түскен.

Айшаның (Аллаһ разы болсын оған) пәктігіне, адалдығына Аллаһ куәлігін берген. 15 аятында: "Егер оны естіген сәтте "Бұны біздің айтуымызға болмайды. Алла сақтасын. Бұл бір ірі жала" деген болсаңдар еді" дейді. Осы сияқты 13-аят түскен.

Исламда өзің білмегенді айтуға тыйым салады. Себебі, Құран сөзін де, шариғатты да бұрмалап, тұспалдап айтуға болмайды. Исламға қастық жасап, дінді бұзбақ болғандардың іс-әрекеттері босқа кетеді. Себебі, Исламды Аллаһ өз қорғауына алды.

Дүкенбай Досжан мұны жазушы есебінде емес, шеттен шыққан бұзық адам ретінде жазып отыр. Дүкенбай бұл жазған дүниесімен өзін нағыз шайтанның досы етіп көрсетті. Жын ұрған, шайтан азғырған адам ғана осындай, адамды бұзық жолға жетелейтін уақиғаны жазып, адамдарды тура жолдан тайдырып, шайтан жолға салуға әрекеттенеді. Дүкенбай бұл дүниесін бүкіл мұсылман әйелдерін масқаралау үшін жазып отыр.

Дүкенбайдың жазасын Аллаһ берер! Ол, қазіргі қызмет жасап жүрген жеріне лайық адам емес демекпін. Мұсылмандардан, Хазіреті муфтиден кешірім сұрап түрлі газеттерге жариялап жүр. Бірақ оның бұл күнәсін адам пендесі кешіре алмайды".

Пайғамбарға, Аллаһ Тағаланың ең соңғы және сүйікті Елшісіне тіл тигізді. Д.Досжанды заң бұзарлығы үшін, қоғамға, ата-баба дініне іріткі салғаны үшін қатаң жазалау керек.

Д.Досжан өзінің "Дүние тіршілігі емтихан ғана" атты Хазіреті муфтийге жалдаған хатында: "Өз басым я ел-елде қызықтап сейіл құрған кезбе емеспін, я сәждеге бас қойып шариғатқа ұйыған имам емеспін, тірі сөзді ақ қағазға көркемдеп түсірген жазушы-суреткермін дей келе, Құрандағы ашық мағыналы және күңгірт мағыналы аяттардың әдібін сөгіп, кейіпкер мінезімен ұштастыра өріп, Пайғамбар Ғалейкіссалам уағызын көтере суреттеу еді" дейді. Яғни, ол сәждеге бас қоймаған мұсылман адам емес. Оның үстіне Қасиетті Құранға жанама ешқандай кейіпкер қажет емес. Дін туралы ешбір жазушының хикаяты қағазға түспеу керек. Ол көркем шығарма емес. Д.Досжан айтатындай аллегория деген атау ешбір қажетке жарамайды. Тағы бір айтарымыз Д.Досжан Меккеге умраға барып келген соң осы кітапты ("Жан тәтті". А.С.)

жаздым депті. Бұл да жалған сөз. Ол өзінің "Айғақ", "Жас қазақ үні" т.б. Басылымдардағы сұхбаттарында оған дейін дін жайында шығарма жазу ойымда бар деп мәлімдеген. Сондай-ақ ол: "Мекке-Медине сапарынан оралған соң қасиетті Құранның Нұралы Өсерұлы, Халифа Алтай, Уахап Қыдырханұлы жасаған қазақша мағынасын зер салып оқып шықтым" дейді.

Міне, оқып шығып, Д.Досжан қасиетті Құран – Кәрімдегі сүре, аяттарды бұрмалап жазып, Айша Анамызға (р.а.) жала жапты. Д.Досжанның көпір екендігін өзінің осы жазғандарынан көреміз. Ол Құранды зер сала оқып шығып, Айша Анамыз (р.а.) туралы оқиғаның мұнафиқтардың жаласы екенін біле тұра, Аллаһ Тағалаға қарсы келіп, жоқ ол олай емес, ол былай болған оқиға деп, өз кітабында оқиғаны көзбен көргендей өтірік жазған. Ал Құран-Кәрімді мойындамау мен Аллаһқа, оның соңғы елшісі Пайғамбарымыз Мұхаммедқа (с.ғ.с.) қарсы шығушыны көпір демей – кім дейміз?!

Айша Анамызға (р.а.) жала жапқан, мұнафиқ Ғабдолла Үбайұлы қайтыс болғанда, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) оның жаназасын шығаруға барады. Сол кезде Омар (р.а.) Аллаһтың елшісіне мұнафиқтың атына дұғаны жетпіс мәрте қайталап сұрасаң да Аллаһ оны кешпейді дейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаназаны оқиды. Осы оқиғадан кейін Омардың сөздерінің дәлелі ретінде Аллаһтың құдіретімен "Тәубе" сүресінің 80 аятында: "(Мұхаммед Ғ.С.) мұнафиқтар үшін жарылқануларын тілесең де, тілемесең де тіпті олар үшін жетпіс қайта жарылқануын тілесең де, Аллаһ, оларды әсте жарылқамайды. Бұл олардың Аллаһқа, Елшісіне қарсы болғандықтарынан. Аллаһ бұзақы халықты тура жолға салмайды", – деп мунафиқтарға кешірім жоқ екенін ескертеді.

Сондықтан – өсекші, өтірікші, жалақор мунафиқтарды адамдар кешкенімен Аллаһ Тағала кешпейді.

Мұхтар Мағауин "Қазақ әдебиеті" газетіне (N40, 6.10.2006 ж.) "Ғайбат пен Былық" атты мақала басты. Онда: "Бұл күндері өткен шақтағы жазушы Дүкенбай Досжанның абыройсыз "атақ-даңқы" дәуірлеп тұр. Тиесілі төлем, ақырғы нәтижесі және айқын. Фәнидегі қалған тіршілігі – азап, бақидағы барлық көрешегі – тозақ болмақ. Күмәнсіз Мұсылман әлемінің әулие бибісі Айша (р.а.) Анамызға қисынсыз

күйе жағуға тырысу, сол арқылы Пайғамбарымыз Мұхаммед салаллаһу ғалейһи уассәламның бетіне шіркеу салу ниеті, түптеп келгенде, қасиетті Кәләм-шарифтің өзіне күмән келтіру – бұдан өткен қылмыс болуы мүмкін бе?! Талайды көрген жасымызда мұсылманда, оның ішінде, қазақта, мұндай сұмдықты естімеп едік. Естідік", – деді.

М. Мағауин күйіне ашына жазған. Д. Досжанның өзіне жасаған қулығын әшкерелеген. Ол "Жан тәтті" кітабының рецензенті М. Мағауин, ал редакторы Тұрысбек Сәукетаев деп сыртынан былғанышқа толы шығармасын шығарып жіберген. Шындығында М. Мағауин де Т. Сәукетаев та ондай кітапты оқымаған. Бұл Д. Досжанның тағы да бір жасаған ұрлығы еді. Ешбір жазушы ешкімнің сыртынан пікір жазған "түгенше" деп өтірік кітап жазбайды. Ол үшін сотты болады. Ал Д. Досжан "Қазақ әдебиетінің" осы санындағы "Дүние тіршілігі емтихан ғана" деп "Түркістан" газетіндегі өзі кешірім сұраудың орнына "зинақорлықты" Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) кешкен мыс деп Айша Анамызға (р.а.) жала жапқан мақаласындағы Хазірет Муфтиге жазған ашық хатының атын қайталап берген. Оның кітабын оқымаған жоғарыдағы жазушылардың "аты-жөнін қойған мен", – деп мойындаған.

Ашынған М. Мағауин Д. Досжанның мұндай қылығын талай рет көрген. Сатирик-жазушы Ғаббас Қабышев та "Қазақ әдебиетінің" N39 санында (29.09.2006 ж.) "Өтірікті жазу – өзіңді өзің сыйламау" атты мақала басып, Д.Досжанның абыройын айрандай төкті. Д.Досжанның Ғ.Қабышевты өтірік айтумен бірнеше рет сазға отырғызған. Ғ.Қабышев соның бесеуін ғана басылымда жариялады. Оқысаңыз Д. Досжанның пендеуи тірлігіне ұяласыз. Тіптен Д.Досжан іштарлықтан "Жаңа кітаптар көрмесі" сөресіндегі Сафуан Шаймерденовтың, Кәдірбек Сегізбаевтың, Қабдеш Жұмаділовтердің... романдарын кітапхананың дәретханасына апарып жыртып түрған жерінен қолға түскендігін жазады. Ол оқиға "Қазақ әдебиет" газетіне шыққан. Д. Досжан сол жазуға болмайтын қылығын жазбаша түрде мойындаған. Оның бұл қылығын осы кітаптың авторы да оқыған болатын. Бәрі де рас жазылған. Күні кеше М.Бұлұтайға аяқ астынан жолығуға барғанымда, Б. Бұлұтай Д. Досжанмен телефон арқылы сөйлесіп жатыр екен. Телефон автоматта түр. Бәрі естіледі. М. Бұлұтай Д. Досжанға. "Бақтыбай Айнабеков адам ағзасы туралы менің мақаламды қаралайтын мақала

жариялапты. Ол кім? – деді. Д. Досжан со арада: "Бақтыбай деген өзі бір "бұзық" адам – деп сыртынан өз жерлесін сатып жіберді. Ал "Ғаббас "Қақбас" шал мен туралы бірдеңе жазыпты "Қазақ әдебиетіне" оны да көтерем – деп қосып қойды. Міне, Д.Досжан деген осы, әркімге әр түрлі сөйлеп, бірін-бірін ұрыстырып қоюға шебер.

М.Мағауин өзінің "Ғайбат пен Былық" атты мақаласында Д.Досжан туралы тағы да былай деп жазады: "Ал Дүкенбай Досжан ... бүгінгі сыңайына қарағанда, кешірім сұрамайды, кешірім сұрай қалған күннің өзінде күнәдан тазармайды, көрешегін мана сөз басында айттық. Алланның сотынан бұрын адамның соты тағы бар. Біз пақырыңызға келсек, кешірім сұраймыз, жасамаған күнәміз үшін емес, екі көзіміз соқыр болмай, міне, қырық жыл бойы Жазушылар одағы мен газет, журнал редакцияларынан Дүкенбайды көріп келе жатқанымызға, керек десеңіз, қол алысып амандасып жүргенімізге. Республика Президенті туралы және басқа да ортақол дүниелерін журнал бетіне жариялағанымызға. Тек жанашыр бауырларым нақтылап айтқан жалалы шығарманы емес" – дейді.

Шындығында Д.Досжанның "Ақ Орда" кітабы өте сәтсіз жазылған туынды. Оның үзіндісі алғаш рет "Жас Қазақ" газетінде "Айқабақ" деген атпен басылды. Сол тарауда Д.Досжан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың балалық шағын суреттер тұсында өрескел бұрмалауға барған. Ол Н.Назарбаевтың бала кезіндегі көріністі айта келе оны "арсаландап" жүгіріп келеді деп жазады. Бұл сөз өз орнын тауып тұрған жоқ. Оның мағынасын кез келген сауаты бар оқырман түсінеді. Сол сияқты Д.Досжан сол үзіндіде Елбасы Н.Назарбаевтың әкесі Әбіш Атамызды арақ ішкіш етіп суреттеген. Ол кісі орыс қонағымен үш бөтелке арақты сылқытып салады. Оларға жас Нұрсұлтан ашы суды құйып беріп отырады. Міне, осындай кітаптың жастарды тәрбиелеуге кері әсері болмай ма?

Бұған не дейміз ағайын. Бояушы, бояушы дегенге сақалын бояпты" демекші, Д.Досжан жатып алып, не болса соны жазатын әдетін қалай түсінеміз?!

Москвада басылған "Жизнеописание пророка, (да благословит его аллах и приветствует) кітабындағы (Перевод проверен научной комиссией Российского фонда "Ибрагим Бин Абдулазиз Аль Ибрагим") шынайы деректі келтіре кетелік. (113)

"Болеть он начал в конце сафара или начале рабиа аль-аваль одиннадцатого года и распорядился, чтобы Абу Бакр был имамом во время общей молитвы. Аиша трижды заговаривала с ним об этом. Дважды он говорил: "Велите Абу Бакру! Пусть он будет имамом во время молитвы!"

А на третий раз сказал: "Все вы (женщины) как обожательницы Юсефа!"

Он попросил разрешения у своих жен во время болезни находиться в доме Аиши, и они разрешили ему (их было девять). Ранним утром в понедельник, в день своей смерти, он вышел к людям, когда они молились – мусульмане едва пришли в себя от радости. Тогда он сделал знак, чтобы они не прекращали молиться и радостно улыбнулся. Он вернулся в покои Аиши и утром того же дня скончался! Он умер, положив голову на верхнюю часть груди Аиши, после того как Аллах соединил их в последнее мгновение его жизни через савак, конец которого она размягчила для него своими зубами, и он воспользовался им.

Мусульмане до такой степени были потрясены (его смертью), что Омар сказал: "Поистине, лицемеры утверждают, что посланник Аллаха, (да благославит АЛЛАХ и приветствует) скончался. Он не умер, а отправился к своему Господу, как Муса. И он вернется, как вернулся Муса, через сорок дней!" Когда Абу Бакр прослышал про это, он зашел к посланнику Аллаха, (да благославит АЛЛАХ и приветствует) накрытому плащом. Он приоткрыл его, поцеловал посланника, затем вышел к людям со словами: "Кто поклянался Мухаммаду (пусть знает) – Мухаммад умер. А тот кто поклонялся Аллаху (пусть знает) – Аллах жив и не умрет". Затем он произнес слова Всевышнего: *(И Мухаммад – только посланник, до которого были посланники. Что же, если он умрет или будет убит, вы повернетесь вспять?)*

("Семейство Имрана", аят 144)

Посланник, (да приветствует АЛЛАХ и приветствует) прожил 63 года, из них 40 лет до начала своей миссии и 23 года как пророк и посланник. Затем он скончался после того как донес (до людей) миссию, оправдал доверие, давал искренние советы своей общине, явил истинное усердие на пути Аллаха и поклонялся своему Господу, до самой своей смерти. И за его ислам и мусульман Аллах вознаградил его наилучшим образом, каким только Он вознаграждает пророка за его общину."

Айша мұсылмандардың анасы аталады. Ол – Әбу Бәкір Сыддықтың қызы. Сөзіміздің бұрмаланбауы үшін, жоғарыдағы кітаптан Айша анамыз туралы жазылған мәтінді келтіреміз.

Матери мусульман

Их девять: первая – Аиша бинт (дочь) Абу Бакра, вторая – Хафса бинт Омар, третья – Умм Хабиба бинт Абу Суфьян, четвертая – Умм Саляма бинт Абу Умайя бне аль-Мугира, пятая – Сауда бинт Замма, шестая – Зайнаб бинт Жахш, седьмая – Маймуна бинт аль-Харис бин Хузн, восьмая – Джувейрийя бинт аль-Харис бен Абу Дарар, девятая – Сафийя бинт Хуйай из Ахтаба.

Ранее посланника умерли две его жены: Хадиджа бинт Хувейлид – его первая жена, которой посланник сообщил радостную весть о доме из тростника раю, в котором нет ни шума ни болезней, и Зейнаб бинт Хузейма бен аль-Харис, которую называли "Мать обездоленных".

А двух женщин, к которым он не прикасался, звали Асма аль-Қандиййя и Омға аль-Килябийя.

Айша Бинт Абу Бакр ас-Сиддик

Посланник, (да благославит его Аллах и приветствует) заключил с ней брак в Мекке, когда она была семилетней девочкой. Но жить с ним она стала уже в Медине, когда ей было девять или десять лет. От других Матерей правоверных (да будет доволен ими АЛЛАХ) она отличалась следующим:

I. Из всех жен посланника АЛЛАХА только она была девственницей до его женитьбы на них, чем была горда.

2. Откровения ниспосылались посланнику, (да благославит его АЛЛАХ и приветстует), когда он был наедине с Аишей, чего не случалось, когда он был с другой женщиной.

3. С небес было ниспослано, что возводимая на нее хула безосновательна. Оттуда же были ниспосланы и аяты суры "Свет".

4. Сватал ее посланнику АЛЛАХА, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует), ангел, принесший ее изображение на шелковой ткани.

5. Посланник АЛЛАХА, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует), любил ее более других женщин, а ее отца – более других сподвижников, как об этом он сказал, отвечая на вопрос.

6. Как и ее отец она была сведуща в вопросах истории арабов, их жизни, поэзии, родословной, и дополнение к этому была умна.

7. Она хорошо разбиралась в вопросах религии, передела много собщений о поведении посланника, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует), в его доме и среди его жен. По многим вопросам к ней обаращались сподвижники, и она передела много хадисов.

8. Она была причиной ниспослания аята "ат-таяммум" ("очищение песком"), задержав отъезд посланника АЛЛАХА (да благославит АЛЛАХ и приветствует), и сподвижников, что было связано с поисками ее ожерелья, в безводной местности, при приближении время молитвы. И тогда был ниспослан аят об очищении песком.

9. Посланник АЛЛАХА, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует) знал, когда она довольна им, и давал ей понять об этом. Так, если она была довольна, то говорила "Клянусь Господом Мухаммада!", а если была не довольна, то говорила: "Клянусь Господом Ибрахима!"

10. Она хорошо знала, что любима, была с посланником Аллаха, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует), очень нежна и часто его сопровождала. Когда спросили Умму Саляму, (да будет доволен ею Аллах,) целовал ли ее посланник в рамадан, она ответила: "Нет". А когда ей сказали, что Аиша сказала, что он ее целовал, то она ответила: "Посланник, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует), не мог совладать с собой, если видел Аишу".

11. Посланник, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует), дал ей кунью Умм Абдаллах" ("Мать Абдаллаха" – имеется в виду Абдаллах бен аз-Зубейр), но у нее не было детей.

12. Калым за нее составил 400 дирхамов.

13. Посланник Аллаха, (да благолавит его АЛЛАХ и приветствует), сказал о ней:

"Аиша превосходит других женщин такой же степени, как сарид (похлебка) превосходит прочие блюда."

14. Посланник, (да благославит его АЛЛАХ и приветстует), скончался, положив голову на ее грудь, и Аллах со-

единил их через слюну (незадолго до смерти пророка, да благославит его АЛЛАХ и приветствует, Аиша разжевала зубочистку (мисвак) и передала ее ему) в последнее мгновение его жизни, как об этом уже говорилось.

Абу Бакр ас-Сиддик

1.Он был одним из знатных курайшитов. Был торговцем, знал родословную арабов и арабских племен, их историю и образ жизни.

2. Когда он возмужал, отец взял его к идолам, чтобы познакомить с ними и приучить поклоняться им. После того, как отец ушел, он направился к идолу со словами: "Я хочу есть – накорми же меня. Я – голый – так одень же меня" и когда тот не ответил, он обрушил на него удары, пока не разбил.

3. Он не употреблял вино и в те времена, когда ничего не знал об исламе, заботясь о своем рассудке и внешнем виде.

4. Он первым из мужчин принял ислам.

5. У него был хороший характер. Его любили сородичи, которым с ним было легко и приятно. Они приходили к нему, чтобы насладиться его знаниями, ведением торговли и общением с ним. Он начал призывать к Аллаху, к исламу – и через него ислам приняли: Усман бен Аффан, аз-Зубейр бен аль-Аввам, Абдаррахман бен Ауф, Саад бин Абу Ваккас, Талха бин Убайдулла, т.е. Пятеро из десяти человек, которым была сообщена радостная весть об ожидаемом их рае.

6. Он потратил значительные средств на освобождение ослабевших рабов – мусульман, среди которых наибольшие мучения пережил Биляль, да будет доволен им Аллах, так что Омар сказал: "Абу Бакр – наш господин. Он дал свободу нашему господину Билялю"

7. Во время переселения по дороге к пещере на горе Саур вместе посланником Аллаха, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует), он шел то впереди посланника, то сзади, затем то справа, то слева. Когда же посланник, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует) спросил его о том, чем это вызвно, он ответил: "Я боюсь, что враг появится перед тобой – поэтому я иду впереди тебя. Я боюсь, что он окажется сзади тебя – и я иду позади тебя." И еще он

сказал посланнику, что хотел бы, чтобы опасность и напасти обрушились на него, а не посланника Аллаха.

8. Он вошел пещеру раньше посланника, (да благословит его АЛЛАХ и приветстует), обследовал ее, заложил все дыры, кроме той, которую не нашел чем закрыть. Тогда он закрыл ее своей ногой – и его ужалил скорпион.

9. О нем Всевышний ниспослал такие слова:

"Вот изгнали его те, которые не уверовали, когда он был вторым из двоих. Вот оба они были в пещере, вот говорит он своему спутнику: "Не печалься, ведь Аллах с нами"

("Покаяние", аят 40).

10. Когда они переселялись, он взял с собой все свои средства, чтобы тратить их на пути Аллаха и Его посланника, ничего оставив своей семье.

11. Он был с посланником, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует), на протяжении всей его жизни, пока он не скончался, будучи довольным Абу Бакром. Он был для него и визирем, и советником, и сподвижником. Посланник обрадовал его вестью об ожидаемом его рае.

12. Он израсходовал все свои средства для оснащения войска для похода на Табук в тяжелые времена, сказав: "Я оставил для своей семьи Аллаха и Его посланника"

14. Посланник Аллаха, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует), любил его больше других сподвижников и женился на его дочери Аише.

15. Он был халифом после посланника Аллаха, (да благослит его АЛЛАХ и приветствует). Через него Аллах обьединил мусульман и предотвратил смуту, которая едва не впыхнула между мухаджирами и ансарами.

16. Он воевал с вероотступниками и невиданной решимостью противостоял им, проявив героизм, проницательность, здравомыслие, решительность, чем поразил сподвижников и мусульман.

Он повелел войску под командованием Усамы, которого посланник поставил во главе его незадолго до своей кончины, выступить в поход и не полдался на попытки сподвижников, и среди них Омара, отложить выступление войска или сменить командование им, поставив вместо Усамы другого. Его мнение в этом вопросе было верным, а результаты – поразительными.

17. Посланник, (да благословит его АЛЛАХ и приветствует), повелел, чтобы Абу Бакр был имамом во время

общей молитвы во время его болезни. Однажды Бильяль попрасил Омара быть имамом во время молитвы (поскольку Абу Бакр отсутствовал). Прослышав про это, посланник сказал "Этого не желают Аллах и мусульмане".

18. По совету Омара он собрал воедино Коран.

19. Посланник Аллаха, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует), сказал:

"Если бы я выбирал себе близкого друга, то выбрал бы Абу Бакра", – и приказал заделать все окна, выходящие на его мечеть, кроме окон Абу Бакра.

20. Он погребен с посланником Аллаха, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует), в его мечети.

21. Посланник, (да благославит его АЛЛАХ и приветствует) сказал:

"Аллах послал меня к вам, и вы сказали, что я солгал. А Абу Бакр сказал, что я говорю правду и поддержал ~~меня~~, предоставив в мое распоряжение ~~самого~~ себя и свои средства. Может быть вы ~~предоставите~~ мне самому решать о своем ~~сподвижнике~~?! (Он повторил это дважды).

Бұл арада не көреміз. Жазбагер Д. Досжанның тағы бір діни сауатсыздығын көреміз. Я, кітап оқымайды. Я, шындықты баяғы әдетінше етбеттеп жатып бұрмалап, өтірік жазып, оқырманды айдаладағы көзге көрінбес сағымға апарып, адастырып жібереді. Д. Досжанның шығармалары табиғи өмірден алынса бір сәрі. Ал енді кеп Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.F.С.) туралы жалған жазғандарын кешіре алмаймыз. Бұл дін. Сенімді келеке етуге болмайды. Білмес нәрсеге ұмтылма. Жоғарыдағы Д. Досжанның Пайғамбарымыздың (С.F.С.) өмірден өткенін бұлай суреттеуі ұятты нәрсе. Аллаһтың елшісі Мұхаммед (С.F.С.) ойына келгенде етпеттен жатып жазатын кейіпкер емес. "Пайғамбардың өлімі" дінге қарсы жасалған әрекет. Бомж бен әкімнің тірлігіне Пайғамбарымызды (С.F.С.) араластыруы мың жерден жазбагер болса да өте ауыр күнә. Бұл мұсылмандықтан безгендік, ғайбаттау болады.

Сондай-ақ, Аллаһтың елшісі ол жазғандай түнде емес, таңертең өмірмен қоштасты. Айша анамыздың үйінде көз жұмды. Бірақ, Д. Досжан жазғандай ол кезде машайық? сопы? әулиелер (?) болған жоқ!

Енді, Д.Досжанға өлім алдындағы соңғы сәтті өткізген Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (С.F.С.) сахабаларынан да дәлел келтіре кетейік.

Мұхаммед Пайғамбарымыздың қайын атасы, Айшаның әкесі, арабтың бірінші халифы, Әбу Бәкір ас-Сыддық жан тапсырғалы жатқанда, оның қызы Айша мына өлең жолдарын оқыды:

Бар байлықты төксең де,
Жастық шағың оралмайды.
Кеуде қатты сығылғанда,
Жан шығар сәт болар қайғы.

Мұны естіп, Әбу Бәкір бетін жапқан орамалды алып тастады, сосын былай деді: – "Бұл келіңкіремейді. Одан да мынаны оқығаның әлдеқайда жақсы: "Өлім есірі шындықты келтірді, одан қашушы едің". (Қаф 50: 19)

Мынау менің екі көйлегім. Оларды жуып қой, менің кебінім болсын. Өйткені жаңа бұйымдар өлгендерден гөрі тірілерге қажеттірек.

Бұдан шыншыл Әбу Бәкір ас-Сыддықтың өмірмен қоштасар сәтінде де қасиетті Құранның аяттарын қызы Айша оқығанын дұрыс көреді. Ал Айша анамыз Пайғамбарымыз Мұхаммад (С.Ғ.С.) Суннасына Әбу Хурайрадан кейін ең көп хадис қалдырған. Ол Пайғамбарымыздың басқа да әйелдерінің бәрін қосып есептегенде де білімі жағынан үстем тұрған. Өлеңді әкесін жұбату үшін айтқан.

Ал Әбу Бәкір ас- Сыддықтан кейін халиф болған Омар ибн әл Хаттаб жайында оның ұлы Абдуллаһ былай әңгімелейді.

"Омарға қастандықпен қанжар салынғаннан кейін, мен оның жанына барып, басын тіземе қойып отырдым. "Менің басымды жерге қой" деді ол. Маған жайсыз тимесін деген оймен айтқан шығар деп, мен оның айтқанын істедім. Сонда ол тағы былай деді: "Саған не болған? Менің басымды жерге қой. Егер шексіз Ұлы шексіз Құдіретті Аллаһ Тағала мені кешірмесе, маған да, менің анама да одан өткен қайғы жоқ.

Жаннаттықтан сүйіншіленген халиф Омардың өзі өмірден озарда Аллаһтың кешіруін тілеп отыр. Міне, Аллаһтың сүйікті құлының өлім алдындағы соңғы сәті осындай болған.

Пайғамбарымыздың (С.Ғ.С.) хадисшісі Әбу Хурайра туралы Хаммам былай деп айтты:

"Әбу Хурайраға өлім сәті жақындағанда, ол жылады. "О, Әбу Хурайра, сен неге жылайсың?" – деп сұрады одан адамдар. Ол былай деп жауап қатты: "Менің жиған сауабым

ат, алдымдағы кеңістіктің ұшы-қиыры жоқ орасан, ал мен оның жұмақта ма, әлде тозақта ма, қай жерде аяқталатынын білмеймін.

Бұл Пайғамбарымыздың (С.F.С.) қасынан бір елі қалмай жүрген сахабаның сөзі. Ол мұсылмандар үшін қаншама Мұхаммед (С.F.С.) туралы хадисты қалдырды. Қаншама сауапты іс істеді. Сонда да өлім алдында жиған сауабым аз деп көзіне жас алады.

Ал Мұсылмандар анасы Айша жайында Ибн Әбу Мулейка Зақуан ибн Имған айтқан мына әңгімені жеткізді:

"Айша анамыз бұ дүниемен қоштасқалы жатқанда, көңілін сұрауға ибн Аббас келді және ішке кіруге рұқсат сұрады. Мен соны айтқалы ішке кірдім. Оның бас жағында ағасы Абдурахманның ұлы Абдуллаһ отырды. Мен ибн Аббастың кіруге рұқсат сұрап тұрғанын білдірдім. Айша анамыз.

– Мені ибн Аббастан құтқар. Маған оның өзі де оның мақтаулары да керек емес. Сонда Абдуллаһ айтты:

"О, біздің анамыз, шын мәнінде, ибн Аббас сенің тақуа ұлдарыңның бірінен ғой. Ол сенімен қоштасқысы келеді әрі сен үшін дұға етпекші. Ол мақұлдады:

– Егер қаласаң, ішке кіре қойсын.

Ибн Аббас ішке еніп, жайғасып отырған соң былай деді:

– Қуана бер. Аллаһтың атымен ант етемін, қалай жаның денеңді тастап шығады, солай сен барлық ауыртпалықтар мен азаптарды ұмытасың да Мұхаммедпен және оның достарымен қауышасың.

Айша (ради Аллаһу анһа) айтты:

– Одан әрі не болады, ибн Аббас?

– Сен Аллаһтың елшісінің ең сүйікті әйелі болдың, ал ол тек ізгілікті сүйді. Сен түнде алқаңды жоғалтқанда, Аллаһтың елшісі оны іздеп таппақшы болды. Соның нәтижесінде адамдар сусыз қалып, Аллаһ Тағала: *"... Таза топыраққа таяммум соғып,дәрет алыңдар..." (Ниса 4: 43)* деген аят түсірілді.

Сен сөйтіп Аллаһ Тағаланың бұл қауымға осыншалықты жеңілдік түсіруіне себепші болдың. Одан соң аса Жоғары Аллаһ жеті қат көктің үстінен сені арам пиғылды адамдардың жаласынан ақтады. Күнімен,түнімен сенің пәктігің туралы аяттар оқылмайтын бірде - бір мешіт болмайды.

– Тыныштық бер, маған ибн Аббас. Аллаһтың атымен ант етемін, мен естен шығарылып, мәңгіге ұмыт болғанды қалар едім.

Қасиетті құранда аят түсуге себепші болған мұсылмандардың анасы Айша өзінің осындай дәрежеде болғанының өзінде мақтауды сүймейді. Мадақ пен мақтау тек Аллаһқа ғана лайық.

Д. Досжанға жауап мынау:

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (С.Ғ.С.) көптеген мұғжизалары болған. "Мұғжиза" деп Аллаһ Тағаланың әмірі бойынша Пайғамбарлар арқылы халыққа көрінетін әдеттен тыс, басқалардың қолынан келмейтін оқиғаларды айтады. Мұғжизалар Пайғамбардың еркінде емес. Аллаһ Тағала қаласа ғана болады. Сондай-ақ мұғжизалар заманының шарт жағдайына, елдің мәдениет деңгейіне орай болған. Айталық: Мұса ғ, с-ның дәуірінде сиқыршылар дамып, әсерлі болған. Сиқыршылар арқанды жыланға айналдырғанда, хазірет Мұсаның таяғы Аллаһ Тағаланың бұйрығымен айдаһар болып, жасама жыландарды жұтып жоқ еткен. Иса алайһиссаламның заманында дәрігерлік дамыса да, анадан тума соқыр мен алапесті жазуға дәрігерлердің шамасы келмейтін еді. Хазірет Иса ғ.с. осыларды Аллаһ Тағаланың әмірімен емдеген.

Ал Хазіреті Пайғамбарымыз Мұхаммед С.Ғ.С.-ның ең ірі әрі толық мұғжизасы "Құран Кәрім", өйткені сол дәуірде араб елінде сөзге өте шешен, аса ақын, дана адамдар болған. Солар Құранның әдеби көркемдігіне, ұғымының тым тереңдігіне, сөз байлығына, сондай-ақ сөз құрамының жеткіліктігіне таң қалып, "Бұл адам баласының сөзі емес" деп мойындаған. Негізінен Хазірет Пайғамбарымыз с.ғ.с.-ның аса көрнекті де орасан тамаша мұғжизасы міне, осы "Миғраж" оқиғасы. Миғраждың ұғымы – көтерілу, көкке шығу. Сондықтан біртұтас Ислам әлемі осы Миғраж түніне шектен тыс мән беріп, шынайы ықыласпен қарсы алады. Ережеп айының жиырма жетінші кешінде мұбарак Миғраж мерекесін өткізеді. Мұсылмандар үйлерге, мешіттерге жиналып, хазірет Пайғамбарымыз с.ғ.с. салауат айтып, Құран оқып, Аллаһ тағалаға жалбарына сиынып, Пайғамбарымыздың шапағатының нәсіп етілуін тілейді.Сондай-ақ Миғраж кешінің мәні, маңызына байланысты сөздер сөйлейді.

Бұл Миғраж мұғжизасы мезгіл, орын ұғымының тысында, адам баласының шекті сезімінің үстінде ұлы Аллаһ Тағала мен сүйген досы Мұхаммед (с.ғ.с.) -ның арасында болған ерекше зор құбылыс, бір айта қаларлық оқиға екендігі даусыз. Екі дүниенің басшысы хазірет Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с. Ережеп айының жиырма жетінші кешінде

Аллаһ Тағаланың қалауымен Жебрейіл ғ.с. алып келген пыраққа мініп, (пырақ-найзағай деген сөзден шыққан) Меккеден құдыстағы мешіт Ақсаға, ол жерден жеті қат көктен жоғары Сидратул Мунтаһа деген орынға, одан ары ғарыш Аллаһқа дейін қас қағымда барып, көп ғажайып нәрселер көріп қайтқан. Пырақтың басы адам суретті, есектен зор, қашырдан кішірек, ақ түсті қанатты, найзағайдай жүйрік, аса көркем бір көлік. Расул икрам Құддыстағы мешіт ақсада бұрын өткен бүкіл пайғамбарларға имам болып оқыған екі рікағат намазға Жебрейіл ғ.с. – Азан айтқан.

Ескерту: Құддыстағы бұл мешіт Ақсаны "Байтұл Мұқадас" (Қасиетті үй) деп атайды. Ол хазіреті Мұса мен Иса ғ.с.-ның арасындағы Пайғамбардың мекені болған. Сондайақ Иса ғ.с.-ның туған жері. Мешіт Ақсаны Сүлеймен ғ.с. перілерге салдыртқан. Яһудилер де, христиандрдар да оны қасиеттеп, жоғары бағалайды. Хазіреті Пайғамбарымыз Меккеге қоныс аударған кезде, намазды мешіт Ақса жаққа қарап оқыған. Кейін Аллаһ Тағаланың әмірі бойынша, Қағба жаққа қарап оқылатын болған. Сондықтан мұсылмандардың алғашқы құбыласы болған және Пайғамбарымыз с.ғ.с. Миғражға осы қасиетті мешіт арқылы шығартқан Аллаһ тағалаға сансыз шүкір. Ол жерде сахратолла, яғни Аллаһ тағаланың қасы – деп аталатын төбешік бар. Рауаят бойынша хазірет Пайғамбарымыз пыраққа сол жерде мінген. Бұл төбешіктің мешіт жағында бір қуыс жер бар.

Пайғамбарымыз с.ғ.с. сол мешіт Ақсадан Жебрейіл ғ.с. мен бірге көкке шыққанда, үмметінің қиямет күнгі жағдайы көрсетілген. Жетімнің малын жегендердің, халықтың арасын ашу үшін өсек тасығандардың, өсім жегендердің, намысын сатқан арсыз әйелдердің ауыр жағдайлары өте аянышты көрінген. Хазірет Пайғамбарымыз Аллаһ Тағалаға: "Оттахиятү лиллаһи уассалауату уаттаиибату", яғни "затық, денелік, және тілдік ғибадаттар Аллаһ Тағалаға лайық" деп сәлем берген.

Аллаһ Тағала: "Ассаллмағалайка әйиүһаннәбииү уарахматоллаһи уабаракатүһү", яғни "Әй,пайғамбар! Аллаһ Тағаланың сәлемі, мархаметі және берекеттері саған болсын", – деп сәлемін алған. Хазірет Пайғамбарымыз: "ассаламү ғалайна уағала ғибаділлаһиссалихин", яғни "Аллаһ Тағаланың игі құлдарына болсын" деп жауап қайтарғанда, бүкіл періштелер. Ашһаду ан ла иллалаһу уа ашһаду анна Мұхаммадан ғабдүһү уарасулүһү", яғни, "Аллаһ Тағаладан басқа ешбір тәңірі

жоқтығына куәлік беремін, әрі Мұхаммед С.Ғ.С.-ның Аллаһ Тағаланың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік береміз", – деп қоштады.

Аллаһ Тағала тарапынан күніне елу уақыт намаз өтеу әмірі болған. Бірақ хазірет Пайғамбарымыз: "Үмметіме ауыр келеді" деп қайта-қайта жалбарынып жүріп, бес уақытқа түсірген. Сондықтан күніне бес уақыт намаз оқыған кісі, елу уақыт оқығандай он есе сауапқа ие болды. Сол үшін хазірет Пайғамбар С.Ғ.С.: "Намаз – мұсылмандардың Миғражы" деген. Онымен қатар хазірет Пайғамбарымыз С.Ғ.С., Аллаһ Тағаладан күнәһар үмметтеріне қиямет күні, шапағат етуге рұхсат сұраған. Аллаһ Тағала шапағатқа лайық болғандарға рұхсат ететін болған. Осылайша хазірет Пайғамбарымыз С.Ғ.С.Аллаһ Тағаланың әмірімен лезде Миғраж мүғжизсын орындап, қайтып келіп таңертең оқиғаны айтқанда, Мекке көпірлері сенбеген. Тіпті Құддысқа да барған жоқ деп, белгілерін сұрағанда Аллаһ Тағала құдіретімен сол сәтте Бәйтүл Мұқадасты Расул Әкрәмнің көз алдына әкелгендіктен, соған қарап оларға бәрін айтып берген. (114)

Дүние жаралғаннан бері Құдай сөзін, көкте жазған құдай кітабын пайғамбарларға тасу Жәбірейіл періштенің мамандығы еді. Ол Адам-Атаға 12 рет, Мұсаға 400 рет, Исаға (Ғ.С.) 10 рет келсе, ал біздің Пайғамбарымызбен (С.Ғ.С.) 2400 мәрте жолығысқан екен.

"Құлйа айиуһәл кафирун. Лəə а буду ма та будуун. Уа лə антум а бидууна маа а буд. Уə лə әнə абидум маа абəдутум, уə ləə антум абидууна ма а абуд. Ləкум диинукум уа лииа диин"

"Әй көпірлер!" "сендердің табынғандарыңа табынбаймын", "Әрі сендер де менің құлшылық қылғаныма құлшылық қылмаңдар". "Сірə мен сендердің шоқынғандарыңа шоқынушы емеспін". "Сондай-ақ сендер де менің құлшылық қылғаныма құлшылық қылушы емессіңдер". "Сендердің діндерің өздеріңе", менің дінім өзіме" де. ("Кафирун" сүресі)

Аллаһ ілім туралы былай дейді: " (Мұхаммад) " оларға: "Білгендер мен білмегендер тең бола ма", – де. Шын мәнінде ақыл иелері ғана ғибрат ала алады". (Зумəр 39: 9)

Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) былай дейді: "Кім де кімнің бойынан үш қасиет табылса, ол иманның нәрі мен дәмін татқан саналады. Олар: Аллаһ пен оның пайғамбары бар дүниеден сүйікті көрінуі, ең жақын тұтқан досы

жалғыз Аллаһ болуы, егер біреумен қастасса тек Аллаһ үшін қастасуы және иманнан жаңылуын отқа тасталғандай сезінуі".

Д.Досжанның Бұдан да сорақы суреттемесін "Пайғамбар" әңгімесінен көреміз. (115)

Д.Досжан өзінің "Пайғамбар" атты әңгімесінде: ..."Құдіреті күшті жаратқан ие әуелі адамды саз балшықтын қолаяғын келістіріп жасап болып, маңайындағы әулие-әмбиелерге, (?) періште, перілерге (?) ібілістерге бұрылып сөйлепті. Ал үмбеттерім, (?) қазір мына пендеме "суф" деп үрлеп жан беремін, бұл айрықша қасиет иесі Адам деген болады, түр-тұлғасы, ойы, мінезі келешекте өзіме (?) ұқсайды, осы адамға қыбырлап жан біткен кезде бәрің қоғаша жапырылып аяғына жығылыңдар" депті дейді. Одан әрі ол:

... Бірақ ібіліс тегім (?) асыл содан аяғына жығылмапты. Бұл сөзді естіген құдіреті күшті жаратқан ие өзінен-өзі шімірігіп (?), тіксініп қалады. Қазір ібілісті аса таяғымен (?) үрып быт-шыт қылайын десе, ол да өзінің әуре (?) болып жаратқан пендесі (?). Маңайындағы әулие-әнбиелері, (?) періштелері не демекші. Жанынан түңіліп, маңайынан безіп (?) жоғалады-дағы. Жалғыздық –жаратқан иенің ең қорқатын (?) нәрсесі. Әрі ойланады, (?) бері ойланады, (?) сосын сойлейді" (?) деп Құдайды Д.Досжан келеке етеді.

Ол жаратқан иеге өз қолымды өзім кеспеймін (?) дегізіп те қояды.

Солай да солай жазбагер тартылыс заңы дей ме, тепетеңдік заңы дей ме біраз оқушыны шатастырып барып, баяғы әуенге көшеді.

Оқиық: "Жаратқан иенің жер бетіндегі елшілері – әулие-әнбиелер (?) гөй-гөйін салып шуласып жалбарына беріпті, күндердің күні әлігі шуыл әлемнің басқа бір қиырында (?) заң жасаумен шаршап (?) жүрген жаратқан иенің құлағына (?) жетіпті. Апырмау, депті, домалақ жердегі үмбеттерім осынша шуласып, неге атымды жиі атап жалбарынады?...Ырғақ пен келісімді бұзып шектен шығып кетпеді ме екен" дейді.

Не түсіндіңіз оқырман?!

Аллаһ Тағала былай дейді: *"Жаза немесе жарылқау әр адамның амалына қарай беріледі. Оған ешқандай әділетсздік жасалмайды". ("Жасия", 45 сүресі, 22-аят)*

Д.Досжан өзінің "Екі дүние есігі" жазбасындағы "Бейнетпен сырласуында": "Осы мен кіммін, – деген сауалға жүгіндім, – Бальзактің "Шегірен былғары" романындағы Рафаэль секілді өмірін қанағатсыздық қызуымен өртеп,

уақытын тындырған ісімен өлшеп-піскен бейшара болармын, сірә" деп жазыпты.

Расында да адам бір сәтке ойланып, өзінің өткен-кеткеніне ой жүгіртері хақ. Ағаттық басқан жолдарына тәубә келтіріп, оны енді қайталамасы да анық. Бұндайды қазақ "Аузы күйген, үріп ішеді" дейді. Олай етпесе ше: "Онда, өз обалы өзіне" деп реніш айтады.

Д.Досжанның "Алыптың азабы" (117) кітабын оқығандар некен-саяқ болар. Оқығандар болса, газетке оқырман хатында айтылғандай Д.Досжан атағын әлем таныған, қазақты ел ретінде танытқан "Абай жолын" жиырма жылдан астам зерттеп, өшпес кітап қалдырған Мұхтар Әуезовты "жаһаннамға" жіберер ме еді. Сенбесеңіз оқиық:

Ол былай деп жазады: ... "жаратқан ие шексіз әлемнің төрінде құлазығаннан (?) құлазып, (?) елеске, (?) сағымға, (?) нұрға айналып жердің бетін жеті рет (?) шолып шығыпты. Бір босағадан (?) қанды көріпті, келесі босағадан (?) жалаңаш тәнді көріпті..."дейді.

Ал керек болса! Жазбагердің бұ не сандырағы. Босағадан сығалайтын жаратушы бола ма? Исламда адам баласы жалаңаш дене түгілі әйел затына көз қырын салған көз зинасына жатады. Олай болса жаратушының өзі тыйым салғанына өзі жанарын тіге ме?

Ендігі қызық, қызық емес-ау намыстан, ұяттан өліп кетуге болатын жазбагер Д.Досжанның мына сөйлем құрасына назар салайық:

... "Біреуді-біреу түсініп болмайтын даңғаза, дала дабырасы мол сөз базарында момақан ғана кітап қолтықтаған жолаушыны шырамытсаңыз – ол пайғамбар. (?) Қапылыста қателік жасап, енді жөндеймін, бетімді туралыққа бағыттаймын деп қарадай тағдырымен алысып, азап көріп, қиналған, торыққан кісінің жанына жуықтап, қарадай жұртты ізгілікке, адамшылыққа икемдеп (?) шаршап қалжыраған (?) Мұхаммедті, Исаны, Қорқытты (?) (Астағфируллаһ) Дон-Кихотты (?) (Астағфируллаһ) – епетейсіз Дон Кихот (?) секілділерді көре қалсаңыз – пайғамбарлар әулеті (?) (Астағфируллаһ) сол.

Міне, жазбагердің тағы да бір адам жиіркенер лас пиғылы. О заманда бұ заман кітап қолтықтаған момақанды, қобызбен қайғыра зар илеген Қорқытты, тіршілік атаулыға сайқы-мазақ болған Дон Кихотты пайғамбар (Астағфируллаһ) деп кім айтыпты? Қай жерде жазылыпты? Дон Кихот-

ны Д.Досжан түсінеме? Ол өзінің солай аталғанын мақтанышпен түта ма? Енді біз Дон Кихот кім? Соны түсіндіре кетейік.

Дон Кихот – испан жазушысы М. Сервантестің "Ламанчтық айлакер идальго Дон Кихот" (1605-15) романының қаһарманы. Дон Кихот –дәулеті қайтқан ақкөңіл серінің бейнесі. Қарапайым адамдарға жаны ашып, бүйрегі бұрғанымен, ол шындыққа жанаспайтын серілік қиялдың шырмауында болады, зорлық-зомбылығы жоқ заман орнатуды арман етеді. Бірақ феодализмнің ыдырау дәуіріндегі нақты қоғамдық қатынастармен қақтығысқа түскенде, оның серілік бұлдыр арманы быт-шыт болып, күлкілі жағдайға ұшырайды. Нақты өмірден түсінігі жоқ, қиял құшағындағы Дон Кихоттың есімі қазақ арасындағы Қожанасырға жақындайды. Осыдан шыққан "донкихотшылық" деген бейнелі сөз қолдан келмес іске ұмтылар көзсіз даңғойлықты танытады. (118)

"Кімнің болса да жасаған амалдарына қарай дәрежелері болады. Істеген істерінің сауабы да,жазасы да толық беріледі. Ешқайсысы әділетсіздікке ұшырамайды". (Ахкаф 46: 19)

"Адам тек өзі істеген істерінің ғана нәтижесін көреді". (Тур 52: 31)

Әл Бухариден мына хадис жеткен, Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) былай деп ескертеді: "Аллаһ Тағала періштелеріне адамдардың тағдырына қатысты әмір беріп жатқанда, шайтан аспанға көтеріліп, тың тыңдайды. Сосын естігенін өзінен төмен шайтанға, ол басқасына айтады, сөйтіп, ең ақыры емшінің не көріпкелдің құлағына сыбырлайды. Балгер бұл шындыққа жүз өтірік қосады. Ақыры, ол жорамалдап айтқан бір шындық әңгіме елдің есінде қалады да, кейін расқа айналғанда, оны "керемет көріпкел,қасиетті жан" деп санайды.

Ақыры жоғарыда Д.Досжан деген жазбагердің жазғандарын сөз еттік екен тағы да бір-екі ауыз сөз айта кетелік. Оның "Екі дүние есігі" жазбаларындағы екі бөлімдегі бірінші "Бақи жалған", екіншісі – "Мына заман" шығармалары да оқырманды жалықтырып, шатастырумен болған. Біріншісіндегі "Жерге түскен жаратқан иесін" талдап айтып өттік. Енді сондағы алғысөз орнына жазылған жазбасында: "Адамның көзіне көрінбей бір иығында періште, келесі иығында ібіліс тұрады дейді. Періште ылғи құлағына сыбырлап: адамшылықтан аттама, жақсылық жаса, қиянатқа барма, ұятыңнан шықпа деп шаршайды. Ібіліс болса

керісінше: бес күн тіршілікте іш, же, сүй, құш, бәрін де көріп қалуға ұмтыл. Нәпсіге тию салма. Ертең-ақ көзің жұмылған күні бәрі адыра қалады, бәрі ұмытылады, күнә, иман деген бос сөз деп сыбырлап, тыныш жатқызбайды", әу бастан адамды адастырады депті.

Расында да сондай ма? Діни сауатты адам болсын, не мұсылман болсын адамның екі иығының бірінде ібіліс отыратындығына еш уақытта сенбейді. Әрі бұны жазған пендеге күле қарайды. Еш жерде олай айтылмаған. Және бұлай жазылмаған.

Д.Досжанның бұдан кейінгі жазбаларымен таныса отырып, түрлі тарихи кезеңдерге шолу жасай келе, оның "Жұмақтың сегіз есігін" ашамыз. Ол Қожа Ахмет ақынның хикметтеріне қатысты мәліметтерді айтады, жиырма бірінші ғасыр кейіпкерінің хикмет аудармасының жазғанына тоқталады. Қазақ тіліне сөйлеткеніне куә болады. Сөйтеді де Құл Қожа Ахмет Йассауиді жаһанамға (Астағфиралла) жібереді. Сенбесеңіз үзінді келтірейік:

"Тәржімәші ақын киіз үй жанында отырып ой бағады. Іштей тәубасына келіп таң қалады. Таң қалмай қайтсін: әлде Қожа Ахмет ақынның пайғамбар хадистерінен бастау алған хикметтерін жыл бойына қазақшаға сайратып аударғаннан әбден қажып шаршады, әлде өзі де сопының сары уайымына арбалып, кепиетін киіп қияли бола бастады, әйтеуір кеш батса болды көзіне керуен елестейтінді шығарды. Бұдан алтыжеті ғасыр бұрын шаңы сүйылып, қарасы батқан керуен тізбегінің ақ шаңға бөккен, ай сәулесіне шағылған суреті бұ көкеңді төңіректеп жүргені тегін болмады. А, құдая, деп іштей тәубалады ақын. Көрсеткен кереметіңе шүкір! Бұл да болса баяғы бір заманда сүйегі қурап, жаны жаһаннамға (Астағфиралла) кетіп үлгірген софы ақынның кепиет-қасиетінен ауысқан бірдеме шығар. Көндім, көрдім, иландым. Елес болса да елес болсын, сурет сұлба болса – оған да мейлі, жаратқан ие берген жанды шүберекке түйіп тығып ұстағанмен сақтап болмас".

Міне, 21 ғасыр ақынын төңіректеп жүрген софы Қожа Ахметтің жаны қайда?

"Қожа Ахмет жырлап өткен жұмақтың сегіз есігінің алтыншысында есік табалдырығынан аттаған адамның алдынан таңсәрі пердесі түрілер. Кісінің көзі дүниенің төрт бұрышын түгел шолып, жұмыр жер шырық айналған диірмендей дөңгеленер. Жүрегіңнен шам жағылғандай болды. Дәп осы

алтыншы есікті ашсам-ау деп Мұхаммед Пайғамбар арман-дап өтіпті деген аңыз бар. Пайғамбардың үні сыбызғыдай созылған, я сазға салып ән айтып отырғаны, я сөйлеп отыр-ғаны белгісіз ғажайып бір ақ өлең болушы еді деп жазады замандастары"...

Бұл да өтірік сөзге құрылған. Біздер әдетте Аллаһтың елшісін ауызға алғанда Мұхаммад Саллалаһу Алейһимуа Са-лам деп құрметтеп сөйлейміз. Екіншіден, Пайғамбар (С.Ғ.С.) жайындағы айтылған, не жазылған сөздер еш уақытта аңызға құрылмайды. Аллаһтың елшісі Құран мен Суннаға негіз-деледі.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С) былай деген:

"Кім Аллаһқа бір нәрсені теңестіріп (ширк жасаған күйі) қайтыс болса, ол тозаққа кіреді".

Дүкенбай осы жазбаларындағы "Түркістан – Құл Қожа Ахметтің бесігі" атты жұмысында (аты да қызық – жердің ішек-қарынын ақтарып, кедейлерді байларға қарсы қойған болыневиктердің көсемі В.Лениннің революция бесігі атан-ған Санкт-Петербургі сияқты) Д.Досжан Қожа Ахмет Йассауидің шыққан тегін бұрмалағысы да келеді. "Базбір жазушылар (Бақбергенов) иасылық Ахметтің тегі қожа емес, жергілікті қарадан, я қоңырат, я қыпшақ руынан шыққан; ал "қожа" деген анықтауыш есім – қажы деген сөздің бізге жеткен сұлбасы, өзгерген транскрипциясы деп жазады" дейді.

Енді Д.Досжанның жазбасындағы "Тоғыз тозаққа" көз салалық.

Ол бұл шығармасында адамның өлгеннен соңғы күнә-һарлығы үшін жаза тартатын тозақты Құл Қожа Ахметтің 58-ші хикметіндегі жұмақ пен тозақты айтыстыратынды-ғын тілге тиек ете отырып, оның хикметтерінің Кәтиб ақын дастанына бастау болғандығын, сол дастандағы басты кейіпкер Жұмжұма есімді сұлтан жайында не айтылды оқыр-мандар жазбагер Д.Досжанның "тоғыз тозағынан" түсінсе оқып алар. Сондағы түрлі адамдардың тозақтың тоғыз са-тысындағы көрінісін өздерінше пайымдар. Біз автордың тағы да жалған ойдың жетегінде кеткенін айтпақпыз. Ол Ғайса пайғамбардың (біздің түсінуімізше, Иса-Исус Христос бо-луы керек) мүсәпірлік кейпін алып, ел кездіреді. Әйтеуір шаршап, шалдығып, тау асып, қыр басып, дамылдап отырған-да, дөңбек тастың үстінде дөңкиіп жатқан әлдекімнің басын кореді. Әй кімсің! – деп Ғайса даусы шаңқ етеді. Әлгі бас тілі кесілген адамға ұқсап дөңбек тастың үстінде дөңкиіп

тұра береді. Солай болып тұрғанда Ғайса пайғамбардың шыңылтыр ащы даусы алапты көшіреді. Жаратқан иеден шүңірек көзді басқа тіл бітіруін өтінеді. Ал жаратқан ие: "Есімімді үш мәрте қайталап жырақтағы жер бетінен мазамды алған кім өзі, барыңдаршы, тілегін қабыл алшы, деп әлемдік ырғақтың кеңістігінде жүрген жаратқан ие төмендегі Жәбірейіл періштесіне жарлық жасайды. Алланың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. (?) Заматында айтқан үкімі орындалады. Дөңбек үстіндегі домаланған басқа тіл бітеді.

Пайғамбар ұмтылып барып әлгі үрейлі бастың қасына тақалды.

"Ей, құраған кісі басы, тірлігіңде сен ер ме едің, я әйел ме едің, құлсың ба, әлде қожасың ба?... Бек пе едің, сұлтан ба едің?...Жұртқа қадірлісің бе, әлде елге сыймас бетпақ па едің?"

Жаратқан иенің күшімен жансызға тіл бітеді. Өзінің құраған басын қинағандай не жөнің бар деп Иса пайғамбарға дүрсе қояды. Сөйтсе ол бай, елі тоқ, әмір болыпты. Аты Жұмжұма сұлтан екен. Оның осылай да осылай деген сөзін бөліп, құраған басқа Ғайса пайғамбар адам шошырлық халге неге жеткенін қоярда қоймай сұрайды. Оның сауалына жауап берген Жұмжұма бір кәнизекпен ойнас жасап қояды. Сары әңгелекше дөңгелеген мүсінді қызды... ар жағын білмей есінен танады. Сол мезетте қайыршы келеді, ол оған бұрылуға мұршам жоқ деп қызметші жігіттен уақыт табылмай қуып жібереді. Бар пәле осыдан басталыпты. Кісі наласы жібермепті әлгі сұлтан Жұмжұманы.

Біз неге осынша ұзын сонар мәтінді қағазға түсіріп отырмыз. Д.Досжанның бұл жазбасын оқымағандарға сәл де болса мәлімет беру. Жазба не жайында екенін аңғарту.

Біріншіден, Ғайса пайғамбар туралы айтқаны Дүкенбайдың долбайы. Екіншіден, Жәбірейл періште жайында айтқандарының қисынға келмейтіндігі.

Тоғыз тозақты оқып отырып, ондағы сұлтан Жұмжұманың төртінші есікті ашқан екі періштенің құдіретімен арғы жақтағы қарны өсіп қампайып, домаланған шыңыраудан шиқылдағандарды көреді. Әуелгіде оларды доңыз ба деп қалады. Сөйтсе маймыл пішін, я күліп, я ренжіп тұрғаны белгісіз Рым (Д.Досжанның шығармаларында **Рым – Рымғали Нұрғалиев, Қалағаң – Қалтай Мұхамеджанов, Сайманбаев – Қалдарбек Найманбаев, Әбсаттарқажы –Хазіреті Әбсаттар қажы Дербісәлі** сияқты елдің құрметіне бөленген айтулы

адаматтар түрлі кейіпкер ретінде жүре береді.) Олар Дүкенбайдың кітабын оқымауы мүмкін, болмаса оның атына ескерту айтар еді, әлде, "бәледен машайық қашыпты" демекші, айтуға дәт шыдамған, олардың қай шығармаға ілініп қалғанын осы кітапта айтамыз, әзірге оқырман сәл сабыр сақтап шыдас танытар. Ал төменде ғалым Рым туралы Д. Досжанның суреттеуінен үзінді береміз.

Ол шіркін көзі тірісінде кісінің астына сөзбен ши жүгіртіп бірін-біріне атыстырып, шабыстырып айдап салмаса ішкен асы бойға сіңбейтін пенде. Ғылымның соңына шам алып түстім деп, әр кітаптан көшірген ойын өз атынан шығарып аты дардай ғұлама атаныпты. Жоғары ұлықтан сыйлық алыпты. Кімсің – түгенше атанды. Ол сонысымен міне түтпайды, ішіне шынашақ айналмайтын бақай есеп қазымыр. Қызғаншақ. Адамдар арасына араздық отын тұтатуға шебер екен. Зиялы арасы тынышталып қалды. Сөйтсе әлгі пенде өліп қалыпты... Сол доңызға ұқсаған ғалыммен енді тозақта кездескен бейбақ бұ дүниеде не болып жатқанын сұрайды ғой. Сөйтеді де ол өзі кезінде арыз жазып үлгере алмай кеткен жазушысының не істеп жүргенін сұрайды. Оның аты Далабай. Жылда қалың бір кітабы жарық көреді. Соны естіген Рым о дүниенің доңызына айналса да күйінгенінен бармағын шайнайды

Енді қадірменді оқырман, бесінші тозақ отына өтеміз. Оның есігін ашамын деп періштелер жұдырығын ауыртады. Жанарлары жерде жүрген жолаушылардай көздері қызарады. Содан...Д. Досжанның жазбаларын оқи отырып, тамұқтың (тозақтың) масаларына жолығамыз. Еңіс толы қасынған, қышынған, екі иығын жұлып жеп жүрген жанкешті жандар бар екен. Денелері гүп болып ісінген, жараларынан қан сорғалап жатыр. "Уай, бұл пенделердің жазығы не?" деп басты кейіпкер көкең сұрақ қояды.Оған жауап беріледі. "Бұлар жарық дүниеде жүргенде көрінгенге бақталас болады, мысық тілеумен күнелтті; ешкімге жақсылық жасамады, қайта қарап жүрмей қанаттас қатарларына ор қазды; біреуді біреуге айдап салды; тоқетері: жүрген жеріне шөп шықпасын дейтін бақай есеп бақталас адамдар осылар..."

Одан әрі жазбаны оқи түсеміз, оқырмандар бұл жазбадан үзын сонар үзінді келтіріпті деп ренжи қоймас. Себебі, бұл академик Ғарифолла Есім айтқандай Д.Досжанның өз прототипі екеніне көзіңіз жетеді. Ондағы жазушы Тұрсынбай (Дүкенбай) екендігіне күмән қалмайды.

Оқиық: "Ah құдая, сырты сасық, іші пасық осынау бақталас, күндестердің ішіне қоса көрме деп іштей тәубалады. Жат өлкеден шығып кеткенше асықты. "Тұра тұр? – деді сол мезет үрейлі дауыс. Тұла бойын тыр-тыр қасып (Дүкенбайдың кейіпкерлері қышынып, қасынады да жүреді) жетіп келді бір мезет. Тыншып тағы тұра алмайды. "Танымай қалдың ба?" – деді түйеден түскендей етіп, тұла бойы қызылшақа жарақат, сау жері жоқ, осыншама азапқа қалай шыдап жүргені белгісіз. Сақал-шашы өсіп кеткен құбыжыққа ұқсайды. "Танымай тұрғаныңды түсінемін, менде қайбір түр-сипат қалды дейсің". Жарық дүниеде жүргенде аты шыққан әжептеуір жазушы едім, жұрт төбемді көргеннен қайырылып қол ұсынып амандасатын, есімім Түрсынбай мені құртқан іштарлық, көре алмаушылық мінез болды.

Әріптестерімнің үстінен үзбей арыз жаздым. Бірде өзіммен қатарлас, құрдас тарихшы әрі шежіреші жігіт үлкен еңбек жазып жоғары лауазымды сұлтанның құзырына бас иіп, әлгі еңбегін сыйға тартыпты деп естідім. Түнімен сан дөбекшіп ұйықтай алмадым. Әлгінің ақ көз бейнеткер екенін білемін. Қараптан-қарап жау тауып жүретінінде білемін. Өзі е жансебіл өлермен екен. Осыдан оншақты жыл бұрын жер бетіндегі не пәлені бір басына үйіп-төгіп жоғарыға арызды қарша боратқаным есімде. Біреуі болмаса келесі арызым үлкен ұлықтың (Ниеті қандай харам. А.С.) көзіне түсер деп ойлағам. Тіпті түскенде де әлгі шежіреші шепік құрдастың соңына шам алып түсіңдер, еңбегін еш қылыңдар... жолатпаңдар... шығармаңдар... жібермеңдер... деп жандайшап шауып кел, алыпкел, барыпкелдеріне жарлық беріпті. Әй, сонымен қатарлас, бақталас бәтшағардың күні қызарып батқан шығар деп ойлап жүргем. Енді міне, көрмейсің бе табанға салып қанша жаншыса да жоғалып кетпейтін, сағы сынбайтын нағыз жаны серінің өзі болып шықты. Тағы тер төгіпті, тіріліпті, тарих жазып бітіріпті. Қайбір қиратып тастады дейсің, жоғарыда, билікте отырған сұлтанның назарына ілікпек ниетпен-ақ тарады төңіректегені дағы. Ертесіне, ертесіне емес-ау, екі-үш күн өте өлгі бәсекелес, бақталас бейнеткордың қыруар қолжазбасын мысықтабан ұры жалдап зымзия қолды еттім. Қолыма түскен құрдастың қампиған қолжазбасын, мұрағаттық ширатпасын ошақты маздатып жағып отқа тастадым.

Өстіп жүріп күнәға белшеден баттым. Бақталастық мінезбен бір кісінің соңынан күңсітіп өсек өрбіттім, келесіні

аяғынан шалып оңбастай ғып омақастырдым, әне бір адуындаған шүй желкелерді жеңіл жүрісті шөп желкенің қойнына салып, білдірмей суретке басып, ерейген, серейген жалаңаш бейнелерін сол сүлейлердің отбасына жөнелттім. Ой хо-ой, деген! Әлгі лауазымды кісілердің үйіндегі түлкі жеңгейлер тәні ашылған бейнелерді көрген бойда-ақ ақырған аюға айналып шыға келді. Аю сілкілеген сүлей еркектер қашан оңған. Қызмет орнында беделі азайды, шаруасын жөндеп тындыра алмайтын сүлесоқ, барлы-жоқты күйге түсті, мойындарына қарап жүріп су кетті.

Шынын айтсам, өмірімнің ақырына қарай көңілімді қаракөлеңке басқандай біреуге бәле ойламасам жүре алмайтын болдым. Аузы-басым жыбырлап өсек тараттым. Біреудің сөзін он есе өсіріп келесіге жеткіздім. "Жақсы кісі" деген сөз аузымнан шықпайтын болды. "О, ол жүрген жеріне шөп шықпайтын адам!... ол нағыз кісі етін жейтін қаныпезердің өзі!..." Өстіп жүріп қалай құлдырап кеткенімді кеш аңғардым."

Жазбагер Д.Досжанның осы көріністерінен не ұқтық. Өз басынан өткен жер бетіндегі тірлігі одан көп жайды аңғартады. Яғни ол өз өмірінен алған оқиғаны қиялға құрып, тозақ тірлігін көрсетпекші болады. Кейіпкерлері де ғалым, тарихшы, жазушы. Осы төңіректе осыдан біраз жыл болған Д.Досжанның әріптестеріне жасаған қиянаты түседі. Ол жайында "Қазақ әдебиеті" жазды.

Д.Досжанның "Құдай деген адамдар мен әзәзіл" (Астағфиралла!) атты шығармасында да бақа-шаянға жем болған момын Айса шал жайында сыр шертеді екен. Сол Айсекең Д.Досжанша айтқанда жер ортасынан асса да, жүрек алқынтса да діндар адам емес көрінеді. Ораза тұтпайды, намаз оқымайды. Әйтсе де қарияларға қарсы сөз айтпайтын момын адам. Жас жерлесі Тойболдымен қабір қазады. Ауылға келеді. Сөйтсе, әлі молда келе қоймапты. Көлік жолда бұзылып, молда кеш келді. Жаназа уақыты өтіп кетеді. Қайтыс болған пенденің үйін ерте қазған Айсаларға молдекең өкініш білдіреді. Ертеңіне жерлейтін болады. Бірақ моланың ішінде біреу барып түнеу керек екен. Түнемесе бос қабірді жыншайтан кіріп ластап кетеді. Молда сол айтқаннан қайтпайды. Оған жуас Айса көніп қалады. Айса шал қабірге түседі. Төменге көз салады. Іші толған құрт-құмырысқа. Ертерек таң атқанын ойлайды. Құжынаған жәндіктер аласұрып шапқылап, секіріп, шоршып мұның салбыраған аяғына жабы-

суға қалады... Бір заматта алақаны зар қақсап ернеуден төмен салбырап сыпырылып түсіп бара жатады. Ақым ішіне ышқына топ ете түседі...Таңертең келген жұрт қабір ішінен Айса шалдың құр қаңқасын саудырытып жинап алады...Әйтеуір аман...

Сөйтіп, аман қалған Айсекең қабырды бірге қазған, бірақ жас болғасын онда үйықтауға дауаламаған Тойболдының кешіккенін уайымдап, іздеу салады. Оны Пысықай Күрмекбай дегеннің әскерге барып қазақшасын ұмытып "што" дегеннен басқасын білмейтін "старшын" атанған баласы үйлендірмек болып көндіреді. Ақ үрпек қыз дұрыс болмай шығады. Айсекең ақырында үй салайын деп жинастырып жүрген қаражатының біразын "қарағым, шырағым" деп жүріп шығарып салады. Зорлап алып келді деген қыз оларды сотқа беріп масқараларыңды шығарам деген соң Айса шал осы қадамға барады. Мас болып машина айдап кісі қаққан Күрмекбайдың старшыны "мені үш жылға өкімет соттады"десе: Айса шал сақалын саумалап: "Е, шырағым, басың жас қой әлі, аман болсаң әлі талай сотталарсың", – дейді.

Шалдың бұл айтқаны жарық дүниеге келгенің сотталғаның дегені екен. Осымен жазбагердің тағы бір шығармасын аяқтадық.

Автор Әзәзіл сөзінің мағынасын түсіне ме екен? Адам Ата мен Хауа Ана жаратылғаннан бері Құдайды осыншама мазақ қылған пенде бар ма екен? Шығарма атын "Құдай деген адамдар мен әзәзіл" деп неге атаған? Діни де, саяси да, адами тұрғыдан да бұл атау сауатсыздық қана емес, барып тұрған мәдениетсіздік. Ал осы "Әзәзіл" не мағына береді? Енді соған тоқталайық.

Құдайды қалайда жоқ деп айтқызуға тырысқан атеизм заманында шайтан әлемі мойындалмады. Осы себепті сорақылықтардың, сұмдықтар мен жексұрындықтардың түп-тамыры, шығу төркіні анықталмады. Шайтандардың алдап-арбауымен адамдардың едәуір бір бөлігі, әсіресе, басшы қызметте болғандар, қылмысқа, күнәға, асылыққа белшесінен батты. Тұтастай алғанда, шайтан әлемі дегеніміз – адам баласын азып-тозуға, қайғы-қасіретке жетелейтін, бірыңғай кесепат арам жолға түсіруге тырысатын зұлым рухтар,ізгілік атаулыға, Аллаһ Тағалаға қарама-қарсы тұрған құдіретті жауыз күш. Зұлым күштер жекелеген адамдарға, халыққа, тіпті, бүкіл адамзатқа қайтып, қалай қастандық жасайды? Мұны түсіну үшін шайтанның түрлерін ажырата білуіміз қажет.

Бүкіл шайтандардың түп атасы ібіліс. Ол нәсілі жағынан жын тектес, жердің ядросындағы жанып тұрған оттан пайда болған. Аллаһ Тағалаға шын мәнінде құлшылық етуінің нәтижесінде жеті қабат жер атынан жер үстіне шығады. Оның әрбір ісі періштелердің өзін таң қалдырады. Періштелердің қалауы бойынша жеті қат көкке көтеріледі. Оған ерекше сый ретінде үш жүз мың жылдық ғылым - білім беріледі. Бүкіл періштелерді оқытып, ұстаз атанады. Жеті қат көктің билігі Ібіліске көшеді. Бірақ ол дәрежесі өскен сайын ынсабынан айырылып қалады. Ғаламды Аллаһ Тағала сияқты жалғыз өзі билегісі келеді. Тіпті, өзінің жаратылушы екенін ұмытып кетеді.

Ібіліс ойлау қабілеті, ғылымы болғанымен ақылсыз еді. Осының салдарынан өр көкіректік, тәкаппарлық, өзімшілдік, мейірімсіздік, арсыздық, сабырсыздық, тағатсыздық сияқты тоғыз жүз тоқсан тоғыз кесапат қасиетті бойына жинақтайды. Ақырында Аллаһ Тағаланың әміріне мойын ұсынбайды. Адам атаға сәжде жасамай, мойнына лағынет қамыты ілінеді. Мәңгі-бақи қарғыс атқан шайтан атағына ие болады.

Ібіліс (періште кезіндегі аты – Әзәзіл). Дүкенбай Досжанның "Құдай деген адамдар мен Әзәзіл" деген шығармасындағы Әзәзіл осы ібілістің аты. Періштелік дәрежесінен айырылып, шайтан болғаннан кейін Аллаһ Тағаланың алдына келеді:

"Ей, Жаратушы Жаббар ие "ешкімнің еңбегін жемеймін" деп уәде етуші едің. Мен Сізге періштелеріңді үш жүз мың жыл бойы оқытып, қызмет еттім, Еңбекақымды бер", – дейді. "Ол дүниеде алсаң қайтеді?" "О дүниеде не болсам, ол болайын, осы дүниеде бер". "Олай болса не қалайсың?" "Үш тілегім бар:

Бірінші, қиямет қайым болғанша өлмейін. Екінші, адам сияқты ұрпағымды өсіру үшін азап-ақырет көрмейін. Мысалы, бір қолымды кесіп алып, шайтан етейін. Қолым қайтадан қалпына келетін болсын. Аяғымды кесіп алып, тағы бір шайтан етейін. Ол да бұрынғы қалпына түссін. Қай жерімді кессем де, орнына келсін. Осылайша қанша көбейтейін десем де рұқсат ет. Үшінші, адамның денесінде бір түйір қан болып жүгіріп жүрейін".

Аллаһ Тағала Ібілістің үш тілегін де қабыл етеді. Сол сәттен бастап Адам ата денесінде бір түйір қан формасында Ханнас шайтан пайда болады. Жер бетінде қанша адам бол-

са, сонша адамның бойында Құранның 114-сүресінде аты аталатын Ханнас шайтан өмір сүреді...

... Шайтан атаулының ішінде қауіптісі – осы Ханнас шайтан. Себебі ол өзінің барлық қастандықтарын адамның табиғи болмысына лайықтап, білдірмей, сездірмей жасайды. Мысалы, адамның ойлау қабілеті бар: түп-түзу ойдың арасына қиыстырып бұзақы ойды қыстырып, қосып жіберу Ханнас үшін түкке тұрмайды. Ал, ой иесі өзім ойлап тұрмын деп есептейді...

...Ханнас шайтанның басты қызметі – адамдарды қарғыс атқан Ібіліспен, жын шайтанмен, ақ шайтанмен, адам шайтанмен байланыстыру. Енді шайтандардың соңғы аталған түрлерімен таныстыралық.

Кейбір діни мәліметтерге қарағанда, адам – топырақтан, періштелер – нұрдан, жындар – от шоғынан пайда болған. Бір сипаттары бойынша адамға, бір сипаттары бойынша періштеге ұқсайтын халық жын деп аталады. Періштелердің мекені көкте болса, жындардың мекені – жерде: құрғақта да, суда да өмір сүре береді. Жындардың кеңістікте қозғалу жылдамдығы періштелерге ұқсайды. Періштелер пайғамбарларға, аса киелі адамдарға ғана көрінсе, жын кез келген пендеге көріне алады. Періштелер қиямет қайым болғанда ғана жан тапсырса, жындар адамдар сияқты туады, өнеді, өседі, өледі. Жындар періштелер сияқты қайратты: мысалы, бір жынға бір қаланы төңкеріп тастау түкке тұрмайды. Жындар адамдармен қатынас жасай алады: реті келгенде қыз береді, қыз алады.

Жындар, адамдар сияқты, бірнеше нәсілге, тұқым тұқымға бөлінеді. Қабілет дәрежесіне қарай түр түрге ажырайды. Аллаһ Тағаланы мойындап, мойындамағанына қарай мұсылман, көпір болып екіге айырылады. Бірде олай, бірде бұлай ауытқып, адасатындары бір төбе...

... Жындардың ішінен Ібіліс ілімін қабылдағандар жын шайтан деп аталады. Алайда, Ібіліс бүкіл көпір жындарды тұтасынан өз жағына шығара алмайды. Жындардың Аллаһ Тағалаға да, Ібіліске де бағынбайтын тайпалары болады. Мұндай жындар шайтан әлеміне сансыз түрде зиян жасау арқылы мұсылман әлеміне, аздап та болса, пайдасын тигізеді...

... Қарғыс атқан Ібіліс даярлап шығарған жын шайтандардың ең бір дүрсіген дәуірі – ежелгі грек заманы еді.Дәл осы кезеңде шайтани іліммен қаруланған үлкен шоғыр – аспан құдайы –Зевс, теңіз құдайы – Посейдон, өлгендердің

жанын билейтін құдай – Аид, жарық сәуле құдайы – Аполлон, мәңгі жас әйел құдай – Артемида, тағы басқа толып жатқан құдайлар, жарты құдайлар ойларына келгенін істеп бақты. Қарғыс атқан Ібіліс олардың санасына "құдайсыңдар" деген ұғымды мықтап екті...

... Кей жағдайда қарғыс атқан Ібіліс тырнағына Құранды жатқа білетін мұсылман жындар да ілігеді. Олар бірте-бірте айтқанына көніп, айдауына жүретін болады. Мұндай жындарды бақ дүние ғылымы (көне әдебиеттерде Ладуни ғылымы аталады.) ақ шайтандар деп атайды. Ақиқаттың ақ жолынан адасқан адамдарды одан әрі адастыруда ақ шайтандардың рөлі өте ерекше. Жаратушының, әулие - әнбиелердің атын жамылып, әрекет жасайтын ақ шайтандар қастандық жасауда Ханнас шайтаннан кейінгі екінші орынды иеленеді. Жын шайтандар мен ақ шайтандарға құранның 114-сүресінде жиннат деген атау берілген.

Кеңес үкіметі ыдыраганнан кейін ақ шайтандардың күні туды. Біреуді емші, біреуді сиқыршы, біреуді балгер етіп, халықтың назарын өзіне аударды. Халық қашан ислам дініне мойын ұсынғанша осылай бола тұрады. Мұсылман дінін жете меңгергендіктен, ақ шайтандар құранды бет перде етіп ұстайды, адамдарға изгілік жасаған болып, зұлымдықтарын араластырады. Бүкіл жақсылықтарын бір-ақ ісімен жоққа шығарады... Ақ шайтанға ие болған бақсы-балгерлер "мен өлі аруақтармен жүрегіммен сөйлесіп тұрмын", – деп алдайды. Шындығында барлық әңгімені ақ шайтандар айтып береді. Олар сауаты аз құдайшылдарды топ-тобымен әулиелердің басына апарады. Шариғатқа тура келмейтін істерді істетеді...

...Адамдардың әлсіздігін қарғыс атқан Ібіліс, Ханнас шайтан шебер пайдаланады. Оларды бірте-бірте көпір жолына түсіреді. Көпір болғандардың арасынан өз достарын қажымай-талмай іздестіріп, тауып алады. **Ібілістің айтқанынан шықпайтын, оның арамза, зұлым ниеттерін жүзеге асыратын адамдарды адам-шайтан деп атайды...**

...Қарғыс атқан Ібіліс өзінің бүкіл зұлматын адам шайтандардың көмегі арқасында да жүзеге асырады. Әр заманда өмір сүрген Шаддат, Нәмруд, Ферғаун, Булда, Кришна, Митра тағы басқалар патша дәрежесіне жеткен адам шайтандар. Бұлар жасаған ыландар тарихқа белгілі. Ібілістің зомбылауымен өзін құдаймын деп жариялаған адамдарға таңырқауға болмайды...

...Сонымен қарғыс атқан шайтан адамның ақыл-ой бойлай алмайтын зұлым құдірет-қуаты бар. Солардың барлығын қастандық жасауға жұмсайды. Ол ең алдымен жекелеген адамдарды алдап-арбайды. Одан асса белгілі бір топтарды, қауымдарды, ұлттарды жолдан шығарады. Тұтас мемлекетті қармағына түсірген кездері де тарихта аз емес. Шайтанға ілесудің соңы, ол дүниені былай қойғанда, бұл дүниенің өзінде талай апатқа, бүлікке әкеліп соққан...

... Қарғыс атқан ӘЗӘЗІЛ адамдармен тікелей байланысқа түсе алмайды. Оған Ханнас шайтан, жын шайтан, ақ шайтан "періште" рөлінде, адам шайтан "пайғамбар" рөлінде қызмет етеді. Ібіліс, Ханнас шайтан, жын шайтан, ақ шайтан, адам шайтан – бесеуі бас біріктіргенде адамдарды, ұлттарды, тіпті, адамзаттың үлкен бір бөлігін ақиқаттың ақ жолынан өзінің зұлымдыққа толы қара жолына салып, қан қақсатады. Жақсылықпен алдаусыратып, қайғы-қасіретке ұшыратады, биліке, байлыққа қызықтырып, ар-ұяттан жұрдай етеді. Нәпсіні қоздырып, сан алуан бәлеге ұрындырады, тағысын тағылар.

Оның есесіне шайтан әлеміне қарсы тұрар мүмкіндіктерді Аллаһ Тағала адамға үйіп-төгіп бере салған. Егер өзіне берілген орасан зор күштерді дұрыс пайдаланған болса, бірде-бір адам шайтан тырнағына ілінбес еді. Мұсылман болғысы келетіндер жатпай-тұрмай ізденіп, шайтандардың адамдарды қалай арбап-арбайтынын біліп алады, олардың ешқайсысын маңайына жолатпайды. Ислам әдебиетінде шайтаннан сақтану жолдары егжей-тегжейлі баяндалады... Жақсылық, ізгілік атаулы – Аллаһ Тағаладан, жамандық, зұлымдық, атаулы – қарғыс атқан Ібілістен, осы екі мүмкіндіктің бірін таңдау – адамнан... (119)

Аллаһқа қарсы келіп, тыйым салынғандарды орындамағандарды маймылға, шошқаға айналдырып жібергендігі туралы Құран-Кәрімде айтылады. Яһудейлердің сондай қарғысқа ұшырап, мақұлыққа айналғанын оқып, білуге болады. Ол туралы қасиетті Құранда: "Маймылға айналып кетіңдер!" деп қарғыс айттық" (7: 166) делінеді.

Аллаһ Тағала айтады: "Құран – даусыз шындық сөз. Ол – қалжың емес. Олар Құранды жоққа шығару үшін әр түрлі қулық-сұмдық жасайды. Мен сол сұмдықтардың тегін ойлаймын". ("Тариқ" сүресі, 86: 13–16-аяттар)

Д. Досжан дін десе діңкесі құриды..."Діндарға туған жер де, туысқан халық та қымбат емес, жиған дүниесі ар-

тық“... (“Жібек жолы”, 213 бет) дейді. Тағы да... Төр алдында үлкен піл сүйегінен істелген тақта отырған шахтардың шахы (Ибн Кефредеж Бограны айтып отыр – А.С.) қабағын шытынды, кеңесшілерінің мәнді сөз, тоқайласар бәтуә таппай құр шұрқырасқанына қынжылды. Бөстекі өңгімеге қарны ашты. “Біле білгенге Хорезм еліне қарақұлақ болып отырған қыпшақтар емес, шығыстағы Шыңғысхан емес пе. Қарыны тойғанға марқайып қарап жатпай, жымысқы иттерін жібереді кеп, ол иттері кілең мұсылман тағы. Мұсылман жұртының аруағын қорлап қорқыта ма-ау, күн сұрай ма-ау, төбені тесіп барады. Бұл атаңа нәлеттерден құтылатын күн бар ма, әлде көресіні елшіден көріп өтпек пе?! Шахтардың шахы жаман ашуланды, терісіне сыймай тырсылдап ызаға булықты, жанарын жалт еткізді, шуылдақ сөуріктер жым болып басылды“...

Жазушының жауы – мұсылман. Түсініп көр.

Не жазса да шатасып жазады. Жын түлені түрте ме, ылғи да қасиетті Құранды не Пайғамбарымыз (С.Ғ.С.) атына мазақ сөздерді теңеп жатады.

Сенбесеңіз жазбагердің “Қылует” атты шығармасына тағы бір көңіл аударайық. Шығарма былай басталады:

“...Былтыр қыста болған оқиға есіне оралды. Құрбыларының алдында жүректі, айбарлы көрінейін, көзге түсейн деген ой үш ұйықтаса есіне оралған емес. Мешіт шырақшысың шегір көз баласына ерегісіп істеді. Әлігі тығыншықтай тәштік миғұла балаларға мұғалімнен жасырып “ораза тұтайық, құдай жолына құлшылық етейік” деп үгіт жүргізіпті; онымен қоймай бәлен жыл бұрын сүйегі қурап қалған Қожа Ахмет Йасауидің аруағы “ораза тұтып, ауыз бекіткен баланы емтиханнан құлатпай, химия сабағында жылатпай желеп-жебеп өткізіп жібереді”, – деп құқылжытыпты. Содан қисық ауыз кереғар дау, қайшыласқан егес басталады да кетеді. Бұл айтады: “Қожа Ахмет Йасауидің қараңғы халықты жарыққа жетелеген “Даналық дастаннан” бөтен алып-жұлып әкетіп бара жатқан ештемесі жоқ, тақуалыққа шындап мойынсұнған ақын ғана, ақынның аңызы сол”, – деп. Шырақшының шегір көз баласы айтады, – әулие кісінің жаны өлмейді,қылует ішінде әлі күнге ұшып-қонып жүр дейді, Қақсап айтып тұрған “қылует” дегені – ілкі заманда Қожа Ахметтің “пайғамбар жасына жеттім, енді маған жарық дүниеде жүре беру күпірлік, жер астына тірідей жоғаламын”, деп өзі секілді жүздеген діндар адамдарға кет-

пенмен терең қазғызып жер атынан мекенжай салғызған көрінеді, қылует дегені – жер астындағы әулиенің үйі.

Заман өте сол мекенге түсіретін басқыш бұзылып, әлгі бөлмелердің төбесі ортасына түсіп, жермен жексен болуға айналған. Зәулім ғимараттың түстік батысында, көп қорымның ішінде өлі қала секілденіп шаңы шығып жататын. Жұрт жер астына түсіп аралап шығуға жүрексінетін. Құлағына қайдағы-жайдағы діни әңгімені сіңіріп өскен шырақшының баласы: "Үңгірге түсе алмайсың, түссең ауызыңды қисайтып кетеді", – деп қажап қоймады емес пе. "Химия, химия... кірмейді менің миыма" деген өлең жолын жазып жүрген де сол шегір көз. Өжендесіп болмаған соң, Бұл: "Түсемін", – деді, үйден ұзын арқан алғызды, бір ұшын беліне байлады. Басы бір қисаймасын, қисайса құламай тынбайтын қырсықтың сыңары ғой, тәуекелге бекіпті. "Әулиенің жаны қай жерде ұшып жүргенін көрейін", – депті. Үңірейген үңгір аузынан ішке кептеліп өтіп, тәй-тәй басып жер май құйған фонарьды көтере ұстап ілгері озды. Кепкен кесек, құмыра, көзе ыдысы күтір-күтір сынады, зәрені ұшырады. Тымырсық дымқыл ауа тынысты тарылтады. "Осынау бәлелі жерге қайтып қана аяқ бастым, шегір көзбен несіне дауластым" деп іштей үрейі ұшып, өкініп келеді, жалт бұрылып кері қашуға кеш болып қалды. Әлдебір сықырлауық есікті "есік" дейді-ау, киізбен қапталған, күлі шығып үгітіліп тұрған тоскауылды ішке қарай итеріп ашқан секілді, әлдебір қаракөлеңке бөлмеге енген секілді... фонарьды басына көтерді... О, сұмдық!... Арқасын жарға сүйеп, қаз қатар тізіліп, тізерлеп, осылай жүгініп отырған көп кісінің қаңқа сүйегін көрді!... Кейбірінің басында сәлдесі бар. Жер асты мекеніне тірідей түсіріп, үстіндегі лыпасын шешіп, арқасын жарға бергізіп, жарық дүниенің қызығынан бездіріп, о дүниенің қамына жүгіндіріп қойған қандай құдірет, нендей сенім десеңізші. Төбе құйқасы шымырлап, арқасына суық тер құйылып, жүрегі атқақтап аузына тығылып тізесі дірілдеп талып түсе жаздады. Тымырсық ауаға өле жаздап түншыққаны, сыртқа шығатын тесікті сипалап жүріп қалай тапқаны жадында жоқ, жарығы өшіп қалыпты, басымен жарды соғыпты, көз алдынан, нелер құбыжық кілкіп өтіпті. Іші бауырын қапсыра құшып, ал лоқсыпты, ал құсыпты. Беліндегі арқан әл болып, сыртта тұрған құрбылары саумалап әзер-мәзер жарық дүниеге тартып шығарыпты. Әйгеуір аман шықты дегені болмаса желігі, қан-сөлі, жаны, рухы қараңғы

қапастың ішінде қалып, жарық дүниеге саудыраған құр қаңқасын ап шығыпты.

"Ойбай, не көрдің?" – дейді әлгілер шуласа қаумалап.

"Әулиенің жаны қалықтап ұшып жүр ме екен?" екен дейді шегір көз бала қоймай тақымдап.

"Бәлелі жерге бекер түстің Абдолла"

"Қожекеңнің жаны жарғанатқа айналып құранын зуылатып оқып сұңқылдап отырған шығар-ау", – дейді шырақшы баласы тақылдап. Желідей жабысқан мына пәледен қайтсем құтыламын деп тәлтіректеп орнынан көтерілді, қан жұққан шекесін сүртті, тізесінің дірілін басты. "Арқасын жарға сүйеп отырған қаңқаларды көрдім" десе, құтылмайтын көп сөзге қалады. "Құран оқып отырған жарғанатты байқамадым, – деді ауа жетпегендей түншығып, тұтығып түрып, – әйтсе де басына сәлде ораған софылардың сүйегін өзер ажыраттым, шамым сөніп қалды", – деп шырақшының заржағынан өзер құтылғаны әлі есінде.

Д. Досжанды түсіндіңіз бе? Бұл, Исматулла деген жалған ағым "алқа зікіршілерінің" көсеміндей нағыз дін бұзар пенденің серігі сияқты. Сөзіміз дәлелді болу үшін оған да аз-кем тоқтала кетейік. "Шапағат нұр" журналының редакторы, Нұртай Ерназардан "Қылует" жайын түсіндіруді сұрадық. Ол: "Бізде, пәтуә шығаратын жалғыз мекеме ол – муфтият. Муфтият шығарған пәтуәні біз басшылыққа аламыз. Бұны неге айтып отырмын. Соңғы кездері "зікіршілер" деген шықты. Бұл зікіршілердің өз ерекшелігі біздің муфтияттың пәтуәсіне бағынбайды. Сөйте отырып, бұлар халықтың арасына бірлікті насихаттаймыз, – дейді. Егер де олар бірлікті уағыздайтын болса, үй ішінен үй тігіп, қайдағы бір төрт класты білімі жоқ Пәкстандықтың артынан жүргенше, Президенттің өзі осы жерге орналастырған, Президенттің өзі қолдап отырған Президенттің өзі жұмыстарын бақылап отырған муфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің пәтуәсіне неге көнбейді. Ол білікті адам болса, неге муфтиге көмекші болмайды? Үй ішінен үй тігіп, біздің елде жоқ, ата-бабаларымыздың ғибадат дәстүрінде жоқ нәрсе, "Алқа зікірі" деген не? Көптеген тарихи романдарды қарап шықтым. Сонау Сыпыра жыраудан бастап, бүгінге дейін "Жазушы" баспасынан "Жеті ғасыр жырлайды" деген екі томдық кітап шықты. Сол кітаптардың (екі томдық жинақ) ешқайсысында "алқа зікір" деген сөз жоқ. Софы Сматаев деген жазушыны білеміз, романист ретінде Мұхтар Мағауинді, Ілияс

Есенберлинді, Қажығали Мұхамедқалиевты білеміз. Бұлардың да бірде-біреуі зікіршілерді айтпаған. Неге кешегі М. Әуезовтің шығармаларында бұл ағым қағазға түспеген. Ол С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафиннің жазғандарында жоқ. Бұлардың бәрін неге тізімдеп айтып отырмыз. Ол – кешегі дініміздің көптеген заманында шығарма жазғандығында болып отыр. Данышпан Абайдың қара сөздерінен көргеніміз бар ма? Жоқ. Яғни, бұл "алқа зікірі" жалған ағым. Бұлар сол ғұламалардың (Абай, Шәкәрім) атын жамылып жүр. Йасауи де солай істеген дейді олар. Ол – белгісіз. Йасауи жолы қандай жол?!

Мен, Йасауидің кім, қандай адам болғанын білу үшін оның хикметтерін оқыдым. Зерттедім. Содан келіп, мен мынадай ойға келдім: "Бұл дәруіштің жолы. Дүниеден баз кешу". Бұл дәруіштің жолы дегеніміз бұ өмірден баз кешіп, өзімен-өзі зікір салып, өзімен-өзі жүру. Бұл халықтың бәрін алқа зікірге жыққан адам емес. Оның өлеңдерінен, "алқа зікір"-ді таппайсыз. Ондай жоқ! Ал, жалпы Йасауидің төңірегіндегі әңгімелердің барлығына келіспеймін. Бұл менің өзімнің жеке көзқарасым.

Бір замандарда Имам Ғазали, үлкен ғалым, сопы болған. Кейінірек ол өз басы сопылықтан қайтқан. Себебі өзінің дін өлшемінен (рамка) шығып кеткенін сезді. Кейін Ғазали айтты: "Сопылық – ол тақуалық. Тақуалық шариаттың аясында ғана болу керек" деп ескертті. "Яғни шариаттың аясынан шығып кету – ол адасушылық. "Анау айтты, мынау айтты дегенді қойыңдар. Имам Мәлік айтты деп неге айтпайсыңдар деп Имам Ағзам айтқан. Біз осындай неше түрлі әңгімелермен, дінді-ертегі аңызға айналдырып жібереміз. Бұл бізді шатастырады. Йасауи айналасындағы әңгімелердің барлығы рас болатын болса, онда Йасауи діннен шығып кетеді. Бұл өте қиын, әрі өте ауыр нәрсе. Біріншіден, Йасауи дейтін намазын Меккеге барып оқып келген, – дейді. Одан сол жайда бір шәкірті сұрапты. Йасауи сен, сенбейсің бе? Шәкірті сенбетінін білдіреді. Йасауи шәкіртіне онда көзіңді жұм, ашпа дейді. Арқасына мінгізіп зымырай жөнеледі. Бір кезде жарты жолға жетті-ау, деген оймен шәкірт бала көзін ашып қалады. Ұшып барады екен. Ол, қорқып кетіп, талдан жармаса құлай Йасауи арқасынан түсіп қалады. Йасауи болса Меккеге барып намаз оқып келеді. Қайтарда баланы ұмытпай, күтіп тұрған жерінен арқасына қондырып, қайта оралады. Міне, осыған адам баласы сене

ме? Сол сияқты Яссауидің қылуетке түскені дегені де бар. Мен бұған сенбеймін.

Егер ол қылуетке түскен болса, оның басқа себебі болған. Қылуеттің ішінде ағып тұрған су жоқ, дәретхана жоқ. Сонда ол тахаратты қайдан алады? Ол тамақтанбай ма? Ол сол қылуетте 63 жыл өмір сүреді. Ол далаға шықпай ма? Пайғамбарымыз 63 жас жасады, мен одан артық өмір сүрмеймін, бұл менің оған деген махаббатым депті. Пайғамбарға деген махаббат, Аллаһқа деген махаббаттан үлкен бе? Кіші ме? Аллаһқа деген махаббат әркезде де артық болады. Адамның ғұмыры – Аллаһтың берген нығметі. Аллаһтың берген нығыметін Пайғамбарға деген құрметіңмен жеңдіріп, жарық дүниені көрмеймін деп Аллаһтың нығметіне қарсылық қылуға бола ма? Ақида бойынша бұл дұрыс емес! Өйткені Аллаһтың нығыметінен бас тарту – бұл өзін-өзі өлтіргенмен бірдей. Менің ойымша, ол қылуетке түссе түскен шығар, бірақ онда күндіз дем алу үшін. Қылует деген сөздің екі түрлі мағынасы бар. Біреуі – жаңағы Йасауи түскен қылует. Ол тыныш жерде жатты. Екіншіден, ол жерге адамдар қалай түседі? Мен, күннің ыстық кездерінде деп айтар едім, Шілденің ортасындағы (қырық күн шілде бар) жеті күнді қазақ қылует дейді. Осы шілденің ыстығы кезінде жер асты үйіне демалуға жатады.

Міне, осындай жайды түсініп, тарихты терең білу арқылы шындықты халыққа жеткізуіміз керек. Йасауиді ертегіге айналдырудың қажеті жоқ. Ғылымға сүйенуіміз керек. Ғылыми тұрғыдан қарастыруымыз қажет. Ал діннің өзін ғылыми тұрғыдан түсіну үшін адамдар әрқалай ойланады. Олар Құранда айтылатын дүниенің жаратылысына байланысты түсінеді. Олай емес. Ол адамдардың назарын аудару үшін түсірілген шағын белгілері ғана. Дінді ғылыми тұрғыдан түсіну дегеніміз – Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) түсінгендей түсіну. Пайғамбарымыз (С.Ғ.С.) бізге дінді қалай түсіндірді, міне, солай түсіну. Одан бөлек, жаратылыс ғылымы сияқты қуып кететін болсақ, біздер адасып кетеміз!"

Н. Ерназардың бұл тұжырымына алып-қосарымыз жоқ.

Аллаһқа шүкір, Қазақстанның Елордасындағы "Астана – нұр" мешітінде әр жұма сайын өзін мүмін-мұсылман санайтын жамиғатпен жүздесіп тұрамыз. Солардың ішінде көрнекті жазушы, қазақтың бір туар азаматы, Шерхан Мұртаза да сәждеге бас қояды, Намазға тұрады, Құдайға құлшы-

лық етеді. Сол ағамыз өзінің "Өзімше, өз пікіріммен жүрген адаммын" атты Жас Алашқа берген бір сұхбатында (120) тілшінің: "Сіз 63 жасқа толғанда қандай күй кештіңіз?" – деген сауалына: "Пайғамбар жасына келгенде ме? Пайғамбар жасына толғанымда соншалықты толғанып, тебіренген ештемем жоқ. Мен жердің астына кіріп кететін Қожа Ахмет емеспін. Пайғамбар жасынан артық өмір сүру күнә ма?! Мен қайта тірі жүрсем екен, өлмесем екен деп тіледім. Кім өлгісі келеді?" – депті. Расында да, біздер жоғарыда айтқандай қылует орны ол жаздың шілдесінде болатын ыстық күндерде. Жер астынан Қожа Ахмет Йасауи далаға шықпапты деген қиялдан туған. Әсірелеген. Осы күнгі ешбір сопы дәл сол Қожа Ахмет Йасауи қылуетке түспеген. Қылует – салқындауға арнайы жасалған демалыс орны.

Д. Досжан білмесе неге дін мәселесіне қалам тартады? "Айғақ" газетіне берген сұхбатында дін туралы кітап жазам деп лепіре сөйлеуіне жол болсын? Діни кітапты діни сауатты адамдар жазуға тиісті. Жол-жөнекей иманы оянбаған, жүрегі мөрленген Д. Досжанның мұндай аса жауапты дін мәселесіне жазуына тыйым салынғаны дұрыс. Кеш қалсақ та, қалған оқырмандарды адастырмас үшін бұл іске Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының ақылдастар кеңесі (ҚМДБ на есік қаға жүріп, өзі сұранып, баяғыда жазған "Отырар", "Жібек жолы" кітаптарын алға тартып мүше болды ма, ол жағы бізге белгісіз, Д. Досжан "ақылдастар алқасына" мүше болған. Астағфирулла!) оның діни тақырыпқа жазған шығармаларына тыйым салуы керек. Дін мәселесінде солқылдақтық жараспайды. Және бұрын шыққан Жаратушы мен Пайғамбарымыз Мұхаммедті (С.Ғ.С.) келемеж еткен шығармалары кітап сөрелерінен алынып, комиссия арқылы тәркіленіп, жойылуы тиіс. Бұл әрбір ислам дінін ұстанатын мүмін-мұсылмандарға парыз етіліп, міндеттелуі қажет. Барлық мешіт, медреселерде осы келеңсіз оқиғаға қатысты үгіт-насихат жүргізіліп, діни сауатты, талантты, иманды жазушылардан Қазақстан Жазушылар одағы жанынан комиссия құрылып Д. Досжанның жазған шығармаларына (діни бағыттағы) әділ бағасын бергені де оң болар еді. Бұл қазақ деген ұлы халықтың дін жолындағы адалдығын ақтап алу үшін аса қажет. Бұдан былай оның дін ісіне, қазақ рутайпаларына қалам тартуына қатаң түрде тыйым салудың жолын қарастырып, бір ауыздан шешім қабылдануы қажет. Оның "қырық өтірігінің" тағы біріне алданып қалмай,

"қиялға беріліп жазып едім" деген алдарқарту сөзіне илаңып қалмағанымыз дұрыс. Бұның бәрі бір Аллаһ үшін, пайғамбарымыз Мұхаммед (С.F.С.) үшін жасалуы керек. Бұл біздің осы дүниедегі де, о дүниедегі де Ислам үшін жауапкершілігіміз болмақ!

Сосын, бұл қаламгердің жалынып жүріп алған атақсыйлықтарынан именбеуіміз керек. Жазбагердің атына жай оқырманның да сын айтуына құқығы барын, олардың намысына тиетін шығарма жазылса, заң органдары арқылы құқығын қорғай алатынын да білгеніміз дұрыс. Д. Досжанның, тағы да қайталап айтамыз, талантты жазушы-журналист Жанболат Аупбаев айтқандай, "Жібек Жолынан" өзгесі жоғары деңгейде жазылған шығарма емес. Әдебиетші, филология ғылымдарының докторы Аслан Жақсылықовтың айтуынша, Д.Досжанның жазғандарының көпшілігі әйгілі жазушылардың айтып қойған идеяларынан ұрланып жазылған дүниелер. Оны Д.Досжанның өзі де мойындаған сыңайлы. Қазақ радиосына 1999 жылы берген сұхбатында ол шетелдік жазушылардың өз президенттері жайында кітап жазғанын айтады. Сол сияқты "Жас Қазақ үні" газетінде "Кешегі сыншы – бүгінгі досым" атты сұхбатында өзінің алдағы жоспарында: "Бразилия жазушысы Паула Коэльо сынды шағын ғана шығармалар жазуға ұмтыламын. Бүкіл шеберлігімді салып, дін мен адамның арақатынасы туралы кітап жазу ойымда бар" деп жауап береді.(121)

Өздеріміз білетін сол Бразиялық қаламгер (қазақ жазушыларынан көркемдігі асып түсіп жатқан ештеңесі жоқ! А.С.) Қазақстанға келіп, аяқ астынан қазақтар туралы бірдеңе жазғаны бар. Енді соның идеясы Д. Досжанның санасына құйылып, соның ізін қумақшы екен. Мақұл, жазатын, сызатын пенде ғой. Оған да қарсылық жоқ бізде. Бірақ, дін туралы жазуына біз түбірімен қарсымыз. Халық та, біз де дін адамдарының намысына тиетін жазбаларының өзі де оның имани атаулыдан әлі де алыста жүргенін оқып та, көріп те жүрміз. Бұған қазақ жазушылары да қазақтың ары мен жанының тазалығы үшін ат салысады деген ойымыз бар. Д. Досжанның осы сұхбатында сынды қалай қабылдайтынын жайында тілші сұрағына: "Сынға піскен адаммын, Досжанның кітабы қашан шығады деп аңдып отырғандармен өмірім арпалысып келеді" деп айтады. Алайда біз осыны ескергеніміз жөн. Қазанда қайнап, пісе берген кез келген тағам не атала, не ботқа болып, дәмі кетеді.

М.ӘУЕЗОВТЫ ЖАһАННАМҒА ЖІБЕРУ

Д. Досжан "Пайғамбар" әңгімесінде М.Әуезовті жерге түсіріп, бір суретшімен жолықтырады. Оның нарық заманындағы күні қараң қалып, бала-шағасын асырау үшін жаланаш зинақорлықты (Дүкенбайдың бұ жерде айтпағы "натурщица болуы керек) кескіндеп жан бақпақ болып Пайғамбардан (Астағфиралла) сұрайды. Бұдан үрки қараған Пайғамбар (Астағфиралла) аяқ астынан бөкселерді келістіріп кескіндеп, базарға шығарып сатып, перштелеріне көрсем дегенінен ібіліс иектеді ме деп қауіп қылып, алдын-артын – абайлап қарады" деп жазады.

Одан әрі бұл жазбагер сұмдық сайтани қиялға барды. Тағы да адамдардың тағдырына қатысты Д.Досжанның "Пайғамбар" жазбасына көз саламыз.

Машинаға мінген Пайғамбар суретшімен әңгіме дүкен құрып келе жатады.

Сол мезетте: "Ал, ағатай, келіп жеттім, түсемін, – деді суретші аптығып, – жақсылығыңызды өле-өлгенше ұмытпаймын! – Жолың болсын, жігітім, – деді Пайғамбар жүзін жылытып. Суретшінің бұдан былай жолы болатынына нық сенді, өйткені кетіп бара жатқан жігіттің еңкіш жауырынының ортасынан нұр (Астағфиралла) көрінді, бұл нұр ақ тілеулі Пайғамбардың бейшараға ілесе кеткен асыл ниеті болатын", – дейді Д.Досжан.

Ия сөйтіп, Д.Досжанның Пайғамбары мәшине мініп, қала кезіп жүреді де қояды. Адасып жүріп мұражайға кіреді. Сөйтсе бұл мұражай қарауылдап жүрген тау халқына келетін, шетен қалпақ киген сақалды шырақшы болып шығады. Пайғамбар оның аузынан "жазушы" деген сөзді естіп, Сол иенің болмысын көз алдына келтіреді.

...Бұл қалам мен қағаз кәсіп еткен кемеңгердің өмір соқпағы бірде ойға түскендей, келесіде қырға шыққандай иір-қиыр шытыран...

Бейнеті қатты болды ма, саушылығы ерте сыр беріп, шашы сиреп, асқазаны бүріп ауырып, тап мынадай Пайғамбар жасына жеткенде – Ресей астанасының операция үстелінде пышақ үстінде демі үзілді. Жаны Жаһаннам (?) (Астағфиралла) төрінде, құрметті жерде (?) құс қауырсыны секілді елбіреп-желбіреп әлі ұшып жүр, бәлкім.

Міне, әдебиет сүйер қауым, Д.Досжан деген жазбагерің сөйтіп, классик жазушы Мұхтар Әуезовты Жаһаннамға

жібереді. Бұған не дейсіз! Жазбасының соңында Д.Досжанның ақылы жеткен пайымдауынша:

...тау-тасты жаяу кезіп титықтап жүрген Пайғамбар келбетінен Әуезовтің баяғы жердегі бейнесіне айналып үлгіріпті. Д.Досжан: "Дүниеде сіз бен біз білмейтін кереметтер көп, қадірменді оқырман" деп әңгімесін тауысады... (398)

Біз де Д.Досжанның әлі талай "кереметтеріне" кездесеміз деп ары қарай оқимыз.

Д.Досжанның өзінің сүйікті кейіпкерінің атында жазылған "Дон Кихот" атты әңгімесі бар. Сол әңгімеде ол өзін, жоғарыда айтқанымыздай, басты кейіпкер етіп Қалағаңды алады. (Біздің білуімізше қазақта бір-ақ Қалағаң бар. Ол Қалтай Мұхамеджанов. Ескерту: А.С.)

Сенбесеңіз сол әңгімеден үзінді оқимыз: ("Құм кітабы" 1996 жыл). (122)

"Кейінгі кезде жолдас-жора өзімді "Дон-Кихот" деп айтатын болдым. Күлгені – кекеткені емес, шыны сол, өзім де құлағым үйреніп шамдануды қойғам"... деп басталатын әңгіме тарқатыла келе оның жеті жыл бойы Сервантестің "Дон Кихотын" испан тілінен аударғанын, өзінің үлкен Министрліктің көпшілікке арнап шығаратын шағын журналында (Д.Досжан өзінің тілші болып қызмет атқарған "Денсаулық" журналын айтып отыр. А.С.) қызмет жасайтынын айтады. Сол журналдың бастығы бір емшіні бұған қатырып жазуды ұсынады. Ақ әулие (біздікінше "Сары Әулие". А.С.) Меккеге барып келіп әкесінің аруағының арқасында ішірткі жазып беретін емші болып шыға келген. Оның жолына кесекөлденең түрған халық медицина орталығының бас дәрігері іштүйнек болып ауруханаға түскен, ал Дон Кихоттың бастығы, әкімшілікке емес, ойнас келіншегіне кетеді. Соған ілінген бас кейіпкер Ақ емшіге сыбырлай сөйлеп, сырын ақтарады.

"... Маған қиянаты өткен бақталас, жүзі жылы қиянатшыл қара бар-ды, соны төсегінен тұрғызбастай ғып қарғап берсеңіз, жарықтығым"...

"Өзгенің қалай ойлайтынын қайтем, сырым да, шыным да сол. Таң бозынан тұрамын, жұрттың ең соңынан жатамын, айналдыратыным қағаз, еш бас көтермеймін, бір сөзбен айтсам, бейнетім қалың..."

Не керек, "Дон Кихотты" аударған журналист емес, оның үстіне "классикті" аударатындай Жазушылар одағына

мүшелікке де өтпеген біреу. Одақ қолжазбаны талқылайды. Бірақ арада дау шығып, арамшөптей кикілжің сөз араға еніп кетеді. Оның нілдей бұзылуы "Мінезі қандай өзінің" сөзінен басталады. "Қалағаңның сөзінің жаны бар (Қалағасы-әлгі жүзі жылы жазушы").

"Қалағаңды аудармашылыққа қосалқы автор етіп қоссақ нетеді" дейді одақтағылар. Бұл көкеңнің жаны ышқынып кетеді. Ол: ..."Мәртебелі алқа, жеті жылғы өмірім..."

Арада уақыт өтеді. Енді кешке үйіне әлгі жүзі жылы Қалағасы телефон шалады: "Қолжазбаның алғашқы тарауын үстінен қарап шықтым, шамалы ықшамдадым, баспаға апарып тастаймын, қосалқы аудармшы болатын болдым". Содан осыны естіген Дон Кихот Ақ әулиеге:

"Төбемнен тас түскендей есеңгіреп отырып қалдым, сонда қалай алқа төрағасы күллі қолжазбаны әлгі арамзаға арқалтып жіберген бе. Арқалатпаса "ықшамдадым", "баспаға тастаймын" деп көкімес еді. О, тоба. Ас батпай, аяғым-аяғыма жұқпай, әлгі жүзі жылыны Жазушылар одағынан іздеймін, жоқ, үйіне барамын, жоқ... қайда... Дон Кихотты айналдырамын деп жолдама алып, Ыстықкөлге кетті дейді-әй әйалы"

Бұдан өткен кісәпірлік болмас, сірә...Әулие-еке, аруағыңызды төндіріңіз, жынын қағып алыңыз, көрер көзге кісіге қиянат жасаған Жәһіл жанды аямаңыз, аяғын аспаннан келтіріңіз!.. деп жалынады Дон Кихотты аударған пенде.

Ол әлгіде ғана аңылжып түрған аспанды нөсер бұлты жайлап алыпты, емізіктеп тұр, күн гүр етсе, жауын сабалап өтетін. Бұл да болса әлгі әулиенің мінезінен жылдам, жүрісінен орайласа қалған нөсер болды-ау деп іштей тәубалай сенемін. Я діншіл, я рымшыл емеспін. Бар сенгенім – екі қолым бейнетім... дейді тағы да.

Содан не керек бір күні Қалағаң байқаусызда телефон құлағын өзі көтеріп қалады. Қолжабаны бұ пенде сұрайды ғой, баяғы. Ол бермейді. Қайтармайды. Дон Кихот айтады:

"Неткен қиянатшыл, арам адамсыз?! Сөйте қалайынай!", деп қалшылдап, дірілдеп, сүмек боп терлеп, тағы бір былапыт сөзді айтып, телефонды тастай салаған.

Не керек, жүзі жылы қараның жүрген жеріне шөп шықпайды. Аузымен жыбырлап өсек айтады. Бір үлкен жазу-

шының қолтығына кіріп ап, келесі үлкен жазушыға қарсы ақырзаманды төндіреді. Содан Ақ әулие қайта жолығады: "Ау, жарықтық әулие, танымай қалдыңыз ба,.. "Саушылық" журналынан (біздіңше "Денсаулық" журналы. А.С.), сіз туралы мақала жазғам, жылы сөз айтқам. Ау, жарықтық, кейін-ақ емделермін, еңбегімді пайдаланып, қарау ғып қайтарып бермей жүрген жүзі жылы жаушыны қарғап тәубасын есіне түсіртем деп едіңіз."

Одан түк шықпайды. Енді қолжазба авторы баспа басшысына барады. Ол: "Ой ақсақал-ай, ол сізді қатты науқас, қатерлі ауруға шалдыққан, асықпаймын, қолжазбаны үстінен қол тигізіп жөндеп шығамын, жөндеп шыққан кезге дейін сіз тырапай асып өледі, өлген соң аударманы өз атымнан шығарамын деп жүр ғой ол көкең", – дейді.

Д. Досжан бұл әңгімесін былай қорытады: "Ой, пәлі-ай. Кісіге қарадай өлім тілеу күнәнің ең ауыры, деседі. Өзгеге өлім тілеп өз құлқыны, қарақан басы Дон Кихоттай өлмес өнерге ие болып қалмақшы ма сонда. Жер бетінде адамзатпен қосыла жасасып келе жатқан адамгершілік үлгісі ар іздеушісі жарықтық испан идалгосының қасиеті мен екпиетінен қорықса нетеді."

"...Баяғыда қияли Әбдіраман өтіпті. Сол сияқты бұ пенде Дон Кихот атаулылардың ажырамас бір бөлігі боп тірлік кешіп келеді дейді шығармашылық ортада", – деп аяқтайды Д.Досжан.

Аллаһ Тағала былай дейді:

"Олар Аллаһтан басқа, өздері үшін жер мен көктен бір түйір ризыққа иелік ете алмайтын және еш нәрсеге шамалары келмейтін нәрсеге сыйынады". ("Нәхл" сүресі, 16–73-аяттар)

Ауруды жеңген Аюб па, Ысқақ па?

Д.Досжанның жоғарыда сөз еткен "Пайғамбар"жазбасында мынадай жолдар бар:

"Баяғыда, баяғыда дейді-ау, осыдан пәлен мың жыл бұрын өмір сүрген Ысқақ пайғамбарды көпірлер (?) қапылыста қолға түсіріп, аяғын кісендеп,терең зынданға салады.Зындан ішінде жатып жарықтық ашығады, тарығады. Жарасына шыбын қонып, құрт түсіп, жарақаты асқына бастайды. Денесіне енген құрт қанын сорып, әлденіп үлкейе келе, жерге құлап түседі екен. Сонда Ысқақ пайғамбар:

– Бұл байғұста не жазық бар, несібесін денемнен айыруға жартылған ғой, – деп әлгі домалап түскен жәндікті алып, жарақатына қайта өрмелетіп жібереді екен. Сол секілді біреудің несібсі біреуге жүрмейді. Кісіге жасаған қиянат із-түзсіз кетпейді."

Д. Досжан өзін де, оқырманды да шатастырып отыр.

Пайғамбарлар туралы өтірік айтуға, не сөйлеуге, не жазуға болмайды. Мен білмеймін. Әйтеуір осы Д. Досжанды оқысаңыз болғаны алдыңыздан әдеттегідей "қырық өтірігі" шығады да тұрады.

Осы жазбагердің Ысқақ Пайғамбар (Ғ.С) туралы жазғаны енді тым ұят. Тіптен бұл аңызға да, тарихи деректерге де бір табан жақындығы жоқ. Шынның жүзі мынадай:

"Аллаһтың Пайғамбары Ибраһим (Ғ.С.) өмірінің ақырына дейін пұттарға (тас құдайлар) табынған надан халықтың бос нәрсеге алданып, күнәһарлықпен күн кешкенін түсіндірді. Ол бір Аллаһқа табынып одан басқа Құдай жоқ екендігін түсіндіріп бақты. Оған иланғандар, мүминдер аз болған жоқ. Олар шын мәнінде мұсылмандар еді. Сондықтан да Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) Исламды Ибраһим (Ғ.С.) діні деген.

Ибраһим (Ғ.С.) өзінен тараған ұрпақтары да халықты Аллаһқа құлшылық етуге шақырса екен деп тіледі. Оның бұл тілегін Аллаһ Тағала қабыл етті. Оның ұлдары Исмайл мен Ысқақты да Пайғамбар етіп, игі жақсылар қатарына қосқан еді. Исқақ (Ғ.С.) Ибраһимнің (Ғ.С.) Сарадан туған ұлы болса, екінші әйелі Ажардан туған ұлы Исмайл (Ғ.С.) болатын. Ысқақтан исрайл (еврей) қауымы тарады. Ал Исмайл әкесімен бірге мұсылман жұрты қадір тұтатын қасиетті Қағбаны тұрғызған және одан өрбіген ұрпақтар арасында халық құрметіне бөленген жақсылар көп болды. Мұхаммад Пайғамбарымыздың (С.Ғ.С.) түпкі атасы Исмайылға (Ғ.С.) барып тірелетіндігі осы айтқанымызға дәлел. Арабтар мен еврйлердің туыстығы осылай бастау алған. Өскен соң Ысқақ (Ғ.С.) әкесінің туысы Битул ибн Наһурдың қызы Рифхатунға үйленеді. Көп жылдар бойы Рифхатун көтермеді. Сөйтіп жиырма жыл өткен соң егіз бала туады. Ысқақ (Ғ.С.) балаларының аттарын Ғис (арабтар Әлғис дейді) және Жақып (Иақуб, Яков) деп атады. Құран Кәрімде Ысқақтың (Ғ.С.) жақсылар қатарында болғандығы айтылады. Жақыптың (Ғ.С) Лаба деген ұрпағынан Мұса, Һарун, Ілияс, Әлясағ, Яхуда атты ұлынан өрбіген ұрпақтардан Дуіт, Сүлеймен, Закария,

Жақия, Иса Пайғамбарлар шыққан. Сондай-ақ, оның ұлы Жүсіп те, ұлы Бинямиинен туған немересі Жүніс те Пайғамбар болған".

Ал Д.Досжан жоғарыда жазған Ысқақ Пайғамбардың ауруды жеңгендігі жалған. Ондай жағдайға, яғни ауруы асқынып денесіне құрт түсіп, ол ауруды сабырлықпен жеңе білген ол Аюб пайғамбар болатын.

Сол Аюбтың шешесі Луттың (F.C.) қызы еді. Ол ұғымтал болып өсті. Бос сөз бен бекер ойынға, жаман іске жоламады. Жұмыстан қолы бос кезде бір Аллаһқа сыйынып, күндіз-түні құлшылық қылатын. Оның осындай мінезіне таңырқаған Хуран жұрты оны Аюб деп атап кетті. Аюб жетімжесірлер мен міскіндерге аса мейірбан, рахымды, өте кең пейілді жігіт болды. Оны әке-шешесі де қатты құрметтеді. Жақыптың (F.C.) қызы Лияға үйленді. Аюб (F.C.) қауымын тас құдайлардан бас тартып, бір Аллаһқа құлшылық қылуға шақырды. Оған көп байлық бітті. Бірақ, оның соңына көп жұрт ере қойған жоқ. – Саған берген құдай бізге де беріп жатыр. Сен күндіз-түні құлшылық қылсаң да байлығың бізден артық емес. Аллаһ құлшылық қылғандарды жарылқар болса, соңына ерген көп тобыр неге байып кетпейді? – деді.

Аллаһтың рахымына бөленген Аюб (F.C) өсіп, өнді. Құдай оны жақсы перзенттермен қуантты.

Пайғамбардың сөзіне нанбаған бұзық қауымның көзін жеткізу үшін Аллаһ Тағала оған ауыр кесел жіберді. Бұл ол үшін айқын сынау еді. Дерт меңдеп қатты қиналса да, Аюб (F.C.) әдеттегідей Құдайға құлшылық қыла берді. Бірте-бірте оның жүріп-тұруға шамасы келмей қалды. Тұла-бойын жара басып, денесі іріңдеп кетті. Жарасы жанына батқан шақта төсекте жата алмай бір орнында қалшиып отыратын болды. Оның жанына жан жуымай қойды. Тіпті, сау кезінде дастарқанынан дәм татып, үйіріліп үйінен шықпайтын ағайын-туыс, құрбы-құрдас, бала-шағасына дейін маңайынан безіп кетті. Жарасы жұғады деп қорықты. Сол кезде қасында жанашыр жалғыз серігі – әйелі ғана қалды. Оның құдайға құлшылық қылатын тілі мен жүрегінен басқа жерін түгелдей жара басты. Денесі быжынап құрттап кетті. Мұны Аллаһтың бұйрығы деп ұққан Аюб (F.C.) денесінен домалап түскен құртты "несібеңді же" деп орнына салып қоятын. Жұрт "енді бұл шіріп өледі, кеселі жұғады" деп ауылдан аулақ жерге апарғызып тастады. Оған әйелі ғана барып тұрды.

Сонда да ол бір Аллаһтан үміт үзбей ертелі-кеш құлшылық қылумен болды. Сегіз жылға созылған науқас оның сабырын тауыса алмады. – Ей, Тәңірім! Шайтан маған жәбір-жапа қиындық көрсетіп жүр. Сенің рахымың мол еді ғой, менің басыма түскен бәлені алып кет, – деп жалбарынды. – Аяғыңмен жерді теп, – деді Аллаһ тағала.

Аюб (Ғ.С.) аяғымен жер тепкенде түп-тұнық бұлақ атқылап шықты. Бұл жуынуға да, ішуге де жарайтын су еді. Сегіз жыл ауырған Пайғамбарды шипалы бұлақтың суы сергітті. Біраз күнде барлық дертінен құлан-таза айықты.

Кім болса да дін, тарих, шежіре, жалпы өмір туралы жазғанда шындыққа сүйенеді. Ал, Д. Досжанның бұл жазғандары оның қаншалықты сауатты екенін айқын көрсетіп тұр.

Кісі қиянаты болсын, тарихи деректер болсын, әдебиет саласында болсын бәрі де жеке адамның ар-ожданына қатысты. Әдебиет ардың ісі деп аталатыны да сол себепті. Ол турасында белгілі жазушы, энциклопедист ғалым, ары таза біртуар қазақ Мұхтар Құл-Мұхаммед "Егемен Қазақстан" газетінде тамаша айтты. Ол "Әдебиет – ардың ісі" атты мақаласында қазақ прозасы жайында мынадай баға берген еді: (бұ жерде әңгіме ақын-жазушылар жайында қозғалғандықтан Мұхтар Құл-Мұхаммедтің прозаға қатысты айтқанын алып отырмыз). (123)

... – Сөз жоқ, оның шыңы – Мұхтар Әуезов.

Қазақ прозасы поэзияға қарағанда кенжелеу дамыды. 20–30-жылдардағы қазақ прозасы қалыптасу қамында болды. Шағын, орта проза жанрлары игерілгенімен, роман сияқты күрделі жанрдың талабына жауап бererлік туындылар жазылмады десек те болғандай. Ж. Аймауытов, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, С. Мұқановтардың бұл кезеңдерде жазылған, жарық көрген туындылары "роман" деп айдар таққанымен, күрделі жанр жүгін түгел арқалаған туындылар деуге келмейтін еді. Дегенмен, олар сол кезеңде жарық көрген тундыларымен қазақ прозасының өсуіне өзіндік үлес қосты.

Шағын, орта, үлкен прозада еуропалық, әлемдік биіктегі мінсіз туындыларды дүниеге әкелген дарын ұлы Мұқаң болды. "Абай жолы" – Мұқаңнан кейінгі қазақ прозасы үшін жаңа биіктік өлшемі ретінде қалып қойды.

Ғабең (Ғабит Мүсірепов) "алыптар тобы" деп атаған топтың бәрі бірдей бүгінгі уақыт сынына төтеп бере алмады, ал келер ұрпақ оларды әлі де екшей түсуі мүмкін. Бірақ

Бұл топтағы дара дарын, қара сөздің хас шебері Ғабең прозасы сөз ұстаған қазақ баласы үшін ұстахана болып қалары даусыз. Мен үшін Ғабеңнің бас-аяғы жұп-жұмыр, әбден ширатып, шыныктырған шығармасы "Ұлпан" сияқты көрінеді. Романның алғашқы екі тарауындағы Есеней – Ғабеңнің өзі болса, Ұлпан – оның қалыңдығы Рая. Сондықтан өзі сері де сергек жазушы бұл романға бар суреткерлік шеберлігін салған.

Алыптар тобының ізін баса әдебиетке келген Әбдіжәміл, Тахауи, Сафуан, Ілияс, Шерхан, Әзілхан ағаларымыз "алдыңғы толқын – ағалар" мен "кейінгі толқын-інілер" арасын жалғастырған алтын көпір әдебиетінің тегеурінді тұлғалары болды.

Совет қоғамында орын алған 60-жылдар жылымығынан оң қазақ әдебиеті аламан бәйгесіне алысқа шабар арғымақтар тобы қосылды. Бұл топты ерекшелейтін бірнеше қасиет бар.

Біріншісі – теориялық білімінің кемелдігі мен кәсіби даярлықтың молдығы; екіншісі – өздеріне дейінгі ұлттық прозаның бар жанрында әлемдік талаптарға жауап беретін өзық туындылардың жарық көруі; үшіншісі – сол тұстағы совет қоғамының өміріндегі сілкініс, серпіліс, жаңалық лебі. Осылардың бәрі Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Қ. Ысқақов, С. Жүнісов, Ә. Тарази, С. Мұратбеков, Д. Исабеков, О. Бөкей сияқты үркердей жарқыраған топтың творчествосынан табылатын қасиеттер.

Бір өкініштісі, ең талантты туындылары Совет Одағы атты алып империяның темір шымылдығы ішінде жазылған осы топтың таңдаулы шығармаларының берісі Қазақстан, арысы Кеңес Одағы шеңберінде қалып қойды. Иә, олардың ішінде кешегі социалистік жүйе құрамындағы бірқатар Шығыс Еуропа халықтары тілдеріне аударылып басылғандары да болды. Бірақ, саясат үшін шағын тиражбен басылған бұл басылымдар қазақ прозасының даңқын әлемді былай қойып, еуропалық биікке көтере алмады. Оның үстіне қазақ прозасының сол тұстан бергі әлемдегі ең үстем тіл – ағылшын тіліне аударылуы некен-саяқ құбылыс еді. Темірді қызған кезде соғар заманда, бүгінгі тілмен айтқанда, қазақ әдебиетінің бағын ашар промоутерлер болмады.

Егер күні ертең осы топтың таңдаулы өкілдері Олжас Сүлейменов пен Әбіш Кекілбаевқа Нобель сыйлығын беріп жатса, мен оған еш таңданбас едім, қайта керісінше, әбден

кемеліне жеткен сый ретінде қабылдар едім" деп толғанады.

Осы арада Қадыр Мырза Әлінің өз шығармаларының біраз тілге аударылғанын айта кеткен де жөн. Ақын өзінің сұхбатында ол қалай жасалғандығын былай түйіндеп береді:

"Аудармада менің өзім сәл-пәл кешігіп қалдым. Аударма қазір тоқырап түр. Бұрын Мәскеуде жоспарға кіргізетінбіз. Бір қызығы, сол жылдары Мәскеу интернационал деген ұранмен Одақтас республикалардан бір-екі адамды таңдап алып, солардың кітаптарын аямай шығарды. Ұлттық саясат осылай болады деп ойлады. Ал кейінірек олардың ұйымдастырған адамы емес, орысша өз бетімен жазатындар көбейді. Бір ғана Литвадан екі мықты ақын шықты. Құттай қана қалмақтан Давид Кугильдинов шықты, башқұрттардан Мұстай Кәрім шықты, құйтақандай болғар халқынан Қайсын Кулиев шықты. Шыңғыс сияқты, Олжас сияқты азаматтар шықты. Сөйтіп орыс тілінде ұлттық әдебиетті қалыптастырды", – дейді. (124)

Осындай терең ой-пікірдің еш кемістігі жоқ. Мұхтар Құл-Мұхаммед, шынымызды айтсақ, оқырман халықтың 90 пайыздық толғамымен астасып жатыр. Біздің тағы бір ескерте кетеріміз – энциклопедист ойшылдың Д. Досжан жайында тіс жармауы. Яғни, сол қаламгердің орта буын жазушылар қатарынан көріне алмауы рейтингінің төмендігін көрсетеді. Өзін-өзі дәріптейтін Д. Досжан бұ арада ірі жазушылар арасында спорт тілімен айтқанда "аутсайдер" күйінде қалған.

Д. Досжан өзінің Шымкенттен шығатын "Айғақ" газетіне берген сұхбатында атақты ақын Қадыр Мырза Әлиді кекесін мінезбен оның "Иірімі" мен "Жазмышы" нашар туынды. Ол "КӘК" еткенді ғана жазған", – дейді.

Ал бұл турасында ғалым Мұхтар Құл-Мұхаммед тағы да қара қылды қақ жарып, өзінің интелектісін көрсетеді. Оқимыз:

... "Мен "Иірім" ғана емес, "Жазмышты" да қызыға оқып шықтым.

Әрине, Қадыр ондағы оқиғаларды ойдан шығарған жоқ, бәрі де бұрын айтылған, жазылған жайттар. Ал соның бәрін бір кітапқа тоғыстру үшін Қадырдің өзі өмір бойы жинаған, керек кітаптарынан дерек іздеп, маржан сүзгенін қалай бағаламауға болады.

Қадыр стилінің лаконизмі де көпке үлгі. (Әсіресе, Д. Досжанға – А.С.) Осы жақында ғана газетте "Евгений

Онегиннің" Қуандық ақын жасаған аудармасы жөнінде жазыпты. Ұзақ талдап жатпай, бұл жөнінде түпкілікті пікірді белгілі пушкинтанушы айтып қойған деп кітап авторын атап қана өте шыққан. Бұл да мәдениеттілік белгісі", – деп жазыпты.

Мұхтар Құл-Мұхаммедтің осы сөзін Д.Досжанға қарата айтсақ та, жарасымды. Оның "қырық өтірігіне" қоса іштарлығы қабаттаса жүретіндігі жұртқа аян.

Қазақта біртуар азамат, академик, халық қаһарманы, әлемге әйгілі дәрігер – Мұхтар Әлиев айтқандай Д. Досжанның тілі ауыр келеді. Біз айтар едік, тіптен түсініксіз сөйлемдер өріп жүр деп. Қаламгер болса да, атақты ақын Қадыр Мырза Әлидің "КӘК" еткенді жазады дегенінше, Мұхтар Құл-Мұхаммед айтқандай Қадыр Мырза Әлі стилінің нақтылығын үйренгені жөн болар еді.

Қадыр Мырза Әлі өзінің сол кітаптары жайында былай деп толғанады: ..."Иірімге" ренжігендер көп болды. Оның бәрі бекер. Оның ішінде біреуі де өтірік емес. Оны мен Мағауинге, Қабдешке, Ғаббасқа жазған хаттарымда да айттым. Өзім көрсем, өзім куә болсам, өз құлағыммен естісем, неге өтірік болады. Ол жігіттер шындықты көтере алмады. Өйткені бұлардың бәрі де кезінде мемуар жазған адамдар. Олар "Иірім" сияқты оқыла қоймады. Ал "Иірімді" оқу үшін кезекке тұрған адамдар бар. Тіпті, маған телефон шалып, бірден: "Оқып жатырмыз" дейді. Нені оқып жатқанын бірден түсінесің. "Жазмышты" да, "Иірімді" де жазамын деп ойлаған жоқпын. "Жазмышты" жазған себебім, мен кітапты көп оқитын адаммын. Кітапты оқып отырып өзіме ұнаған кейбір тұстарды сызып отырам. Сол сөздер есіме түскенде, әлгі кітапты аша салам да, сызған жерлерімді қайта қараймын. Сөйтіп, сызған жерлерімді қайта оқып отырсам, сұмдық материалдар! Әуелі әлігі сызған дүниелерімнің бәрін блокнотқа жазып, картотека жасадым. Картотека бойынша, он екі-он үш тақырыпшаларға бөліп шықтым. Қарасам, дайын кітап. Отыз-қырық жыл оқыған кітаптарымнан үш айда бір кітап жазып шықтым. Ойламаған кітап. Тіпті кішкентай энциклопедия десек те болады. Сол кітапты оқыған соң, оқырмандар өтініш жасай бастады. "Мынаның бәрі шетелдік материалдар. Неге қазақтарды жазбайсыз?" деген соң, ойлана бастадым. Ең алдымен Сәбит Мұқановтың "Есею жылдарынан" Иса Байзақов туралы жазғанын алдым. Бізде күнделік жазылмаған. Мұқағалидың кішкене

ғана күнделігі бар, 60 жылдығында шықты. Содан пайдаландым. Қазақ неге күнделік жазбаған. Жазғысы келген. Күнделік жазатын жылдар біздің қазақстанда өте қиын кезең болды. Өйткені "Көпен келіп кетті" деп жазсам, мені сол тайды да, Көпенді шақырып алып: "Екеуің не әңгіме айттыңдар?" деп тергеуге алады. Сәбит Мұқанов та, Ғабит Мүсірепов те, Мұхтар Әуезов те күнделік жазбаған"...

Д.Досжан өзінің "Поэзия гладиаторлары" атты жазбасында атақты қос ақын Олжас Сүлейменов пен Мұқағали Мақатаев жайларында сыр ақтарады. Жазба күнделіктен құрастырылып жазылған. Ертеректе ол М.Мақатаевпен (1963) танысып, проза бөлімін басқаратын ақын туралы өзінің көргендерін тізіп жүріпті. Ол жайында біраз нәрсені жасырмай сыр ақтарыпты.

Д.Досжан былай жазады: "Қалтасына да қомақы ақша салып жүре алмады. (Мұқағали туралы айтып отыр – А.С.) Қаламақы алатын болса "бала-шағаның несібесі бұл, оны жаратып бүйірім шықпас" деп ілесе келген жеңгейдің қолына ұстатып жіберетін, өзі көбіне тақұл-тұқыл жүретін. Осы күні жас, жасамыс ақындар" өлең жолыма қаламақыны кем қойыпсың" деп баспа басылым басшысымен айтысып, өкпелесіп жатады. Ол кезде Мұқағали баспа басшысының қойғанын алатын, аз, көп деген сөзді ауызға алмайтын. Бірде шапқа түртіп, (?) бүйірін қыздырып көрдік. "Дастаныңыз пәленшенің жазғанынан өлсе, өлімтігі (?) артық, ол кісі сізден екі есе көп қойғызып алыпты, ал сіз әлгі сондай дастанның әр жолына бір сом елу тиынға қол қойыпсыз, бұл әділдік емес, шартты бұзыңыз, дауды бастаңыз, үлкен үйге барам деп қорқытыңыз" – дейміз баяғы.Үргөппе сөзбен жел береміз, желпіндіреміз. Сонда маңдайы жарқырап, үлкен жолдың жиегіне шөккен нар секілденіп, маңқиып отырып-отырып айтқаны ғой. Күнделігіме түсіп қалыпты"

Міне, пейілі кең, алып ақынды, аққөңіл даладай жазиралы көңілді М.Мақатаевтың әріптестері арасына ши жүгіртіп, қырқыстырып жүргеннің есімдері де белгілі болғандай. Біздер мұны ойдан шығарып, жазбагер Д.Досжанға пәлекет іздеп отырған жоқпыз. Өзінің "Поэзия гладиаторлары" атты күнделікке құрылған дерек көзінен алғанын ғана айтып отырмыз.

Өленде жолы болмаған Дүкенбай, міне, бытбай-шытбайлармен жазбагер атанды. Осы күнделікке құрылған жазбасында ол:

"60-шы жылдардың басында өлең-сөзге бейіл бұрып, біраз өлең, дастан жаздым. Тұңғыш кітабым өлеңдер жинағы еді. Қарап жүрмей "Асан қайғы", "Бүгінгі күн" деген дастандарым комсомол Орталық Комитетінде талқыланып үлкен дауға, кереғар айтысқа қалғаным бар. Бір күні "Жұлдызға" келгенімде "оқиыншы" деп соларымды сұратып алды. Оқып шықты. Ертесіне төбеден түскендей етіп пікірін айтты.

– Талқылауда кімнің не айтқанын естігенім жоқ, – деді салалы саусақтарын тарақ етіп шашын көсіп-көсіп, –дүниеде поэтикалық ой, қара сөзге тән ой деген болады. Мына "Бүгінгі күнде" прозаның ойы басым, ауыр оқылады. Жолдастардың "арамыздан абстракционист шықты" деп байбалам салып жүргені сол пәлені сезгеннен, – дейді үлкен ақын.

Лапылдап, қызуланып түрған көңілім су сепкендей басылды. Қолжазбамды алып, бүктей салып, кетуге айналдым. "Ақ өлеңнің құпиясын бұл кісі де түсінбеді. Незвалды, Неруданы (Неру болуы керек. А.С) оқымаған ғой"деп іштей өкпелеп барамын. Ақын ойымды қабағымнан оқып түсінді ғой деймін.

– Ай, бас жазбаған ақындай неге қитығасың! Ақылымды тыңдасаң: әлемдік түсінісу, сыйласу дегенді қайтесің, махаббатты жаз, ол мәңгілік тозбайтын тақырып", – дейді.

Д.Досжан өзінің осы "Поэзия гладиаторында" алғашқы шығармасының да үлкен жазушы Қалихан Ысқақтың қарап шыққанын айта кетіпті.

"Әлі есімде "Лениншіл жастағы" Қалихан Ысқақ ағамыз төбемізді көргеннен қолын сермелеп түрып кетеді, айтқаны әлі есімде: "Ерінбеген етікші, жалықпаған жазушы болады, жалықпайтын бала екенсің, үйге келші, әңгімеңді қол тигізіп жөндеп көрелік", – дегені. Үйіне әдейі іздеп барып ем, "Диірменші" деген әңгімемді үстінен қарап берді. "Жұлдызға" аяңдап бас сұғамын баяғы. Мұқағали ағамыз түсін жылытып қабылдайды. "Хикаятыңды оқып шықтым, ұнады, ұсынамын", – деді. Ол кісінің қолына тигені Фараби өміріне жазылған шағын, 70 беттік хикаят болатын. Әр тараудың басында бәдәуидің бәйіті етіп берген "Хға,әйе! Пірлер бізді жебеген!" деген қара өлең болатын, соларыңды азайта түс, мына түстағы түсініп болмайтын шұбалыңқы сөйлемдерді түзет деп ақылын айтты. Ішім жылып қалды. Бірінші рет редакциядан жылы сөз естігенім осы болар. Құлақшынымды баса киіп, балағымды сүйретіп шығып бара жатыр едім,

дауыстап тоқтатып алды. "Әй, бала, кіріре тұршы. Пәтеріміздің қожайыны сапырылысып тынбайды екенсіңдер, жарықты көп жағады екенсіңдер деп жүгімізді сыртқа лақтырып қуғалы жатыр, үй жалдап тұрады екенсің, маңайыңнан бізге де пәтер іздеп көршші", – деді. Мақұл деп екі күн сандалып, қазіргі "Саяхат" автостанциясының маңынан пәтер іздегенім есімнен кетпейді. Қыс айында пәтер табу қайда. Оның үстіне бала-шағалы отбасы көшіп келеді дегенді естігенде, сөйлескен үй иесінің қабағы түсіп кетеді, қақпасын жапқанша асығады. Сол кезде Мұқағали ағамыз бен Лашын жеңгеміз пәтерден пәтерге көшіп жүрді"...

Дүкенбайдың кімнің қайда, кіммен болып, не істегеніне дейін жазатынын несіне жасырамыз. Сенбесеңіз оқиық: "Күнтізбеге түскен сөйлемді теремін, мінезі, жүріс-тұрысы, сөз саптасы басқа ақындардан ерекшелеу, қалың бұлттың арасын сөгіп жарқ ете қалатын көктемгі найзағай секілді сыптығыр ақынмен Одақ үйінде, көшеде жыл ұшырасып сәлемдесіп жүрдік. Бір күні естідік: ойбай, не білгенің бар, Олжас әдебиетіміздің корийфейі Ғабит Мүсіреповтің (қазақ әдебетінің классигі Ғ.Мүсірепов өзінің ең соңғы десе де болады, 1982 жылы Жазушылар одағында жасаған баяндамасында Д.Досжанның шығармаларын қатты сынға алған еді, біздер оны оқырмандардың өздерінің қажет болса, оқып алуларының еншісіне қалдырдық – А.С.) жекеменшік "Волга"мәшинесін сатып алыпты, ызғытып міниіп жүр. Бір күні, қай жерде екені есімде қалмапты, Мұқағали ағамыз ұшраса кетіп, Олжас екеуі әлгі аппақ жүйрікті көсілте міниіп, қаланың сырт жағына (?) қыздармен қосылып (?),сейіл құрып қайтқанын жырдай қылып айтып берді. Өспірім (?) қыздарды тауып (?), икемге (?) көндірген де, сейіл-серуеннің дәм-тұзын мол етіп көтерген де Олжас болды деп Мұқағали ағамыз жырдай қылып айтып берді", – деп жазады Дүкенбай Досжан.

Әрине, біреудің тірлігін біреу жасап бермейді. Ақын да пенде. Адам таңдап өмір сүрмейді. Сүмірейіп, мүләйімсіп жүргендерге билік басында отырса қол ұшын беруге әзір тұрады. Творчество ортасы солай қалыптасқан. Әсіресе, атақты ақын Олжас Сүлейменов сондай біртуар жан. Оның желтоқсан оқиғасында болған жастардың біріне өз қызының пәтерін бергенін де білеміз. Өз таланты арқасында қазақты шет елге танытты. Тек өлең, поэма жазып танытпады. Дипломатия, мәдени, байланыстар арқылы да танытты. Осын-

дай азаматтың кез келген қазаққа, оның ішінде ақын-жазушыларға көмегі аз болған жоқ. Оның белгілі ақын Марфуға Айтқожинаға, Дүкенбай Досжанға жазған алғысөздері жазушылар ортасына бесенеден белгілі. Ол кісі де алғысөзді жаза салмасы айқын. Д.Досжанның сөз жоқ тәуір шығармасы "Жібек жолы" романы. Ол "Шелковый путь" деген атпен орысша басылды. Соның да соңғы сөзін ақиық ақын жазды. Д.Досжанның айтуынша, Олжас көп ойланып, көп толғанған:

"Жазды деп айта салу ауызға жеңіл әрине. Мақаланы жазу үстінде Олжекең біраз мазаланды, еңбектенді. Мәскеудің "Россия" қонақ үйінің оңаша бөлмесінде жатып, қолжазбаны оқыды, кітап шығару төралқасының мүшелері Л. Аннинский, С. Баруздинмен пікірлесті, редактор Полонскаямен шай үстінде шүйіркелесті. "Слово о писателе" деген соңғы сөз әлгідей машақат ізденістен дүниеге келген еді".

Ия, Д. Досжан 90-жылдың басында өзінің абайсызда жіберген кемшілігі үшін бәсекелес, бақталас бишікештер шуылдасып соңына түскенін айтады.Сол кезде де Олжас Сүлейменов бұ жерде үлкен азаматтық танытып, көметеседі. Аяғаны болар, бәлкім. 1986 жылдың ызғарлы оқиғасын білеміз. Д. Досжанның жазғандарының идеяларның бәрі ұрланған. Мысал алар болсақ, 1986 жылдың салқыны жылып, жастар есін жиып, желтоқсан жайында ашық айтыла бастағанда ол сол трагедия туралы "Алаң" романын қағазға түсірді.

Ал оның жазғанына дейін желтоқсан оқиғасының куәгері – режиссер Қалдыбай Әбенов "Аллажар" атты тамаша деректі көркем фильм түсірді. Оның фильмі Д. Досжанның "Құм кітабы" қатар келіп, әттеген-ай, екеуі екі саладан түссе де, кітаптың орнына сыйлыққа лайықты "Аллажар" сүрінді.

1997 жылы М. Әуезовтің 100 жылдығына орай "Алыптың азабын" жазады. Осы 2005 жылы Қазақстанға Бразилия жазушысы Пауло Коэльо келгеніне жұрт хабардар. Енді Дүкенбай келіп бразилиялық сынды шағын ғана шығармалар жазбақ ойы бар. Мақұл. Ал біздер жоғарыда айтқанымыздай, Д.Досжан бүкіл шеберлігін салып, дін мен адамның арақатынасы туралы кітап жазбақ та екен. Қазақта "Сенген қойым, сен болсаң"деген сөз бар. Оның дін, адам туралы қаншалықты білетіні туралы жоғарыда айттық. Бұл не сонда? Жазбагер ойына келгенін қағазға түсіре береді ме? Д. Досжан "Жас қазақ үні" газетіне Шымкенттен шығатын "Айғақ" басылымына берген сұхбаттарында "Жібек жолы"

тарихи романыны өзінің он үш томдығының төртінші томына енгендігін және біраз өзгертулерге барғанын қайталаумен болды. Әркезде тарихи фактілерді бұрмалауға апаратын жазбагердің мақұл деп сонысына да көз жүгіртіп шықтық.. Оның бұрынғы әдеті қалмапты. Тарих тағы да таразыланбастан бұрмалауға түскен. Ол жайында төменде әңгіме қылатын боламыз.

Олжас Сүлейменов ол кезде Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы болатын. Ол күнтүн демей съезге дайындалып жатады. Айтар әңгіме көп. Ақын поэзиядан алшақтап кетті. Халықтың қамы, қалайда Қазақстанға жабыла бастаған қара дақты күйеден қазақ ұлтын аман алып шығу: оған да өте сезімтал ақыл-парасат керек. Солай болды да. Алысып, жұлысып, Олжас Сүлейменов ұлттың мүддесін сақтап қалды. Біраз мен деген зымиян зиялылар бұғып қалды. Қазақстанға Мәскеуден келген жаңа басшының жандайшаптарына айналды. Өз ұлтынан жиренгендері де болды.

Жоғарыдағыдай аумалы-төкпелі жылдарда Жазушылар съезі өтерден сәл бұрынырақ Д.Досжан кітабын қолтықтап М.Әуезов туралы романының қолжазбасы "Мұхтар жолын" атақты ақынға апарады. Сөйлеседі. Өзінің айтуынша:

"Жақсы нәрсені жорта көрмегенсіп, әлжуаз, жасық шығарманы жер көкке сыйғызбай мақтайды. Оқырманды адастырады. Осыдан, әлігіндей жалпақ шешейлерден сақ болыңыз деп айтқым келіп он оқталдым да, өзімді-өзім тоқтатып, әй қосақ арасында ақылшы болып неғыламын, өзі де түсінеді ғой деп сөзімнің аяғын үндемей тындым", – дейді...

Олжас Сүлейменов әйгілі ақын. Ол әркімнің өсек өтірігін тыңдай бермейтін адал адам. Оған сөз жоқ өтірікті қиыстырып жіберетін Дүкенбайдың бу арада батылы жетпеген. Қалайда Олжас Сүлейменовтен кітабына бір сөз болса да пікір жаздырып алу. Олжасқа Дүкенбай Мұхтар Әуезовті алға салғасын әрине жібіп, көндігіп қалады. Дүкенбай айтады:

"Әдебиеттің мың бір түні қашан таусылған, әргі-бергіден тартып біраз әңгімелестік. Олжекең қалт кідіріп, сағатына қарады. Жаңа бітірген романыңа ақ жол тілеймін, мұны жазғанда қаламақыға қарқ боламын, әлде атағыма атақ қосармын демеген шығарсың, оқырманың мол болғанына жетпейді түбінде деді", – деп айтады.

Бұ арада да біз Д.Досжанның ауыр жылдарда, қарбалас сәтте атақты ақынның қызу жұмыс үстіндегі тірлігін ескермей кітап құшақтап, М.Әуезов туралы жаздым, білсін, көрсін деген ниетін байқаймыз. Мақұл Дүкенбайды қазақ жастарының тағдыры, көрген азабы қызықтырмады. Араға жылдар салып, із суығанда, қуғын-сүргін басылғанда мұрағаттағы іс қағаздарымен жұмыс істеп, кітапты шығарады. Мұрағат демекші Дүкенбайдың бұл бір бұғып қалғаны емес. 1987 жылы Олжас халыққа қырық жыл зардап әкелген Семей полигонын жабуға батыл кіріскенде, "Оу, маған үй әперуге көмектесті, кітаптарыма бір емес үш дүркін алғы сөз, пікірін жазды, қазақтың ғасырда бір туар ақынының қасында болайын. Дос, туыс деген басқа іс түскенде көрінбес пе?" деп те жанынан табылмады. Басын ел үшін, қазақ үшін, Қазақстан халықтары үшін КГБ-сы бар, әскери генералдары бар Мәскеу басшыларынан именбей Бауыржан арыстандай айбаттанып, күреске шыққанда "сарышұнақтай" ін паналап кеткен Дүкенбайдың азаматтық достығы қайда? деген сұрақ алдыңнан шығады. Өзінің айтуынша, шығарған кітабына алғысөз жаздыру ғана болғаны ма? Оқиық:

"Тілдесіп, сәлемдесіп қайтайыншы деп (әйгілі ақын бұ кезде өзінің жанын қиардай, ауыр кезеңде халық үшін ұлық істерді, және өз миссиясын атқарып болған кез. – А.С) бел будым. Дипломатқа кейінгі кезде шыққан кітаптарды сықап салып, (?) тағы бірер тәуір шарап, (?) бір буда гүл (?) алып қазіргі Қонаев пен Бөгенбай батыр көшелерінің қиылысындағы таныс үйге бет түзедім. Алдында ғана көмекшісі осы қалада, әйтсе де жан баласын қабылдамайды, шаршаулы деген. Сөзінің жаны бар. Өйткені Ақмолаға барып, көп халық қатынасқан орасан зор митингі өткізгенін радио хабарынан естігем...

...Бұрынғы жазып алған нөмірге телефон шалғанмен түк шықпайды, бос ауаны қармағанмен бірдей. Жалғыз төте жол: ат тізгінін туралап үйіне бұру.

Тәуекел етіп, зіл дипломатты салақтатып, (?)

Апақ-сапақта

Жансыздың мысық табан (?) жүрісіне сап

Төртінші қабаттағы таныс есіктің қоңырауын басайын

Ақын зайыбы Маргарита Владимировна есік ашты.

Бұрын бірер жерде көрседағы танымады ма, аңтарылып тұрып қалды. Сәлемдесіп, ауызүйге еніп, жалма-жан торсылдатып аяқ киімімді шеше бастадым. Келіншек шегін-

шектеп барып, арғы жағында тордағы жолбарыстай гүр-гүр етіп отырған Олжекеңе "к тебе" деді, үй иесі әлдекіммен телефон арқылы сөйлесіп жатыр. Зілдей дипломатты жалмажан ашып, (?) ішіндегі кітаптарды, (?) сыңғыр-сылдыр етіп құлақ қасыған шөлмектерді (?) шығарып жатырмын... (?)

... Білген орысшамды дестелеп еңкейіп, (?) дипломатты қотарып жатырмын баяғы. Үй иесі түрегеліп кеп төбемнен қарап тұр, кітапты алуын алды, әлгі қылқи мойын шөлмектерді көріп реңі бұзылып ошырайды. "Не-на-до!" деді салқындау қоңыр дауыспен. Жөнсіз тұқшыңдауды кілт доғарып, белімді жаздым. Жан қалтамнан орамал алып терімді сүрттім. Олжекең оң жақ бөлмеге жапсарлас кабинетіне бастап енді. Орындықты нұсқады. Өзі жұмсақ креслоға қарсыласып жайғасты. Екі томдық кітабымды аударып-төңкеріп біразырақ қарап отырды. Бұйра толқын шашы сиреп, маңдайын ұсақ әжім өрмек сызып, бет жүзі бұлтиып әрі толысқан, әрі тоза бастаған секілді. Көптен көрмегесін бе, сөзді неден бастарымды білмей сасулымын... (?)

Невада-Семей қозғалысын құрып, туған жердің түндігін желпілдетіп жүрген ақын шеруіне араласа алмадым. (?) Оның да өзіндік себебі болды. (?) Желтоқсан қырғыны туралы деректі, хроникалық (?) роман (?) жазамын деп архив ақтарып, (?) Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің құжаттарымен танысып, (?) қаракөлеңке, сыз подвалда екі жылға жуық (?) уақытымды өткердім. Уақыт бейне уыстағы құм секілді. Қатты қысқан сайын тезірек сусиды...Несін айтасың, арқалы ақын депутат болыпты, беделді мінбеде келістіріп сөз сөйлепті деген хабар дүңкілдеп естіліп жатты. (?) Сабалақ бұлт арылмаған аспан асты дым бүрке түскен кезі болатын. Ағаштар бүр жарып тіріле бастаған", – деп жазады Дүкенбай.

Біз білетін ардақты ақын кімге болса да қол ұшын беріп келеді. Ол үшін алғыс жаудырып, Аллаһтан Олжастың тілеуін тілеушілер сан-мың. Дүкенбайдың да Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің архивіне кіру рұхсатын Қазақстан Жазушылар атынан ұсыныс хатпен алып берген Олжас Сүлейменов. Осындай ақкөңіл де дана, данышпан ақынның беделін кезінде тәуір жазылған тарихи роман "Жібек жолы" арқылы танысуға себеп болған, одан кейін де жазбагер Дүкенбайға көмегін аямаған жанның жанынан қиын-қыстау кезінде табылмаған пендені кім? деп түсінеміз. Жер үстінде ел тағдыры шешіліп жатқанда, адал азаматтар халқы үшін күресіп жүргенде "Желтоқсан" туралы кітап жазуға жер ас-

тына түсіп архив ақтарған Дүкенбайдың пысықайлығына таң қалмасқа болмайды. Бәрін біліп, көріп, радиодан естіп жүрген жазбагердің бұл да бір қулығы болар.Сол оқиға кезінде баспасөз арқылы өкімет билігіне бір сөз айта алдыма екен бұ пенде?

Дайын асқа тік қасық деп бар тірлік жеңіспен аяқталғасын, ел сабырсығасын, болған оқиғаның ортасында болмағасын қандай тартымды туынды туар дейсің. Оны талай жазушылар дәлелдеген. Шындығына келер болсақ, желтоқсан оқиғасына қатысқан, өзі де талай азап көрген, "Аллажар" атты тамаша деректі фильм түсірген талантты режиссер Қалдыбай Әбенов деген қазақ азаматы 1996 жылы Д.Досжанмен қатар Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанда, берілмей қалды. Сол азаматтың талантты туындысына "Құм кітабы" (авторы Д.Досжан) емес сол екі жарым сағаттық деректі фильм лайықты еді.

Сыйлық демекші Д.Досжанның соны аларда аса көрнекті ақынның үйіне күнде телефон шалып, комиссия мүшесі екенсіз ғой, маған дауыс беріңізші деп әбден мезі еткенін, бір басқосқандағы кездесуде айтқан еді.

Сондай-ақ, 1997 жылдың жазында Алматыдағы Жоғарғы Кеңес залында әйгілі жазушымыз Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығын өткізудің жоспарына сәйкес сол кездегі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Иманғали Тасмағамбетов мәжіліс өткізді. Басты мәселе талқылана келе, әңгіме арқауы М.Әуезовтің шығармашылығы мен ол жайында жазылып жатқан кітаптарға ауысты. Бас қосуда қазақ әдебиетінің көзі тірі классигі Әбдіжәміл Нұрпейісов, көрнекті әдебиетші, академик Зейнолла Қабдоловтар болды. Жоғарыдағы мәселе талқыланғанда З.Қабдолов ағамыз орнынан тұрып:

...– Мына кітапты көрдіңіздер, ішінде іліп алар бірдеңе болсашы, жоқ қой, жоқ! – деп зар иледі. – Дауыс бер дедіңіздер, бердік, сыйлық алды, сонда не ұттық? – деп Дүкенбай Досжанның жазған кітабын қатты сынға алған еді. Шындығында М.Әуезовтің шәкірті, әдебиеттің аса білгірі З.Қабдоловтың әдебиетке жаны ашып шырылдап, дабыл қағуында шындық жатыр еді...

"Егемен Қазақстанға" атақты қазақ журналисі Жанболат Ауыпбай Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылар тұста Д.Досжанның жазбалары жайында мақала ұсынды. Көңіл жықпастықтан болар, бірақ, оның алдында ғана Ж.Ауыпбайдан

Д.Досжан жайында Қазақ радиосы басшылығының тапсырмасымен хабарға сұхбат беруді өтінгенде:

Бұл – Дүкенбайдың тәуір шығармасы "Жібек жолы" болды. Қалғандары дәм-тұзсыз тағам сияқты мекемедегі шаң қапқан папка сияқты қолжазбалар. Сонда да болса ол туралы бірді-екілі әңгіме айтып кетейін деген сөзін үнтаспаға түсірген едік.

Міне, осымен азды-көп сөз жазылды. Атақты "Жүз жылдық жалғыздықтың" авторы Габриэль Гарсиа Маркес:

"Жазғанымның бәрі шындық екені шындық, қай-қайсы болсын өмірден алынған дүниелер, әйтпесе күнде бәрі құр қиял болмақ, ал қиял дегенің – Уолт Дисней. Ол мені еш қызықтырмайды. Егер шығармаларымнан титтей де болса ойдан шығарылған нәрсе табылса, мен қатты ұялар едім. Еш кітабымда ойдан шығарылған ештеңе жоқ", – деген екен. ("Мен испан поэзиясына борыштармын", "Жас қазақ", 2-желтоқсан, 2005 ж. Мануэль Парейраға берген сұхбат, орыс тілінен ықшамдап аударған Ботагөз Жұмабекова) Енді, әңгіме өзегін басқа арна арқылы өрбітелік.

Аллаһ Тағала айтады: "О, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар да шыншылдармен бірге болыңдар!"

Аллаһ Тағала тағыда былай дейді: "Сендерден кімдекім өз дінінен безіп, көпір болып өлсе,оның ізгі амалдары бұ дүниеде де, Қияметте де түкке тұрмайды. Ондайлардың орны – тозақ, сонда олар мәңгі қалады". (2: 217)

"Кейбіреулер Аллаһ туралы ешбір дәлелсіз дау айтысады. Қасарысып шайтанның соңынан ереді." (Хаж 22: 3)

Осы орайда Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының діни – уағыз, оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі Әбдімүтәліп Дәуренбековтің "Айқын" газетінде (125) "Дін туралы дін адамы айтуы керек" атты сұхбатын басшылыққа алған орынды екенін айта кеткеніміз де артық болмайды. Журналистің "Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы исламды уағыздауда шарасыз, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілетін діни хабарлар кемшін" деген сауалына ол: "Рас. Барлық мәселе мәдениет, ақпарат және спорт министірлігіне қатысты болып тұр. Біз жақында министрлікке діни хабарларды жүргізуге мүмкіндік жасауын сұрап, хат жаздық. Өйткені, жекеменшік, коммерциялық БАҚ-тарды былай қойғанда, мемлекеттік газеттер мен телеарналар ислам дінін уағыздайтын, халыққа түсіндіретін хабарлар жүргізуге құлықты болмай отыр. Ал жекелеген

телеарналарда ашқан кейбір діни хабарларға біздің көңіліміз толмайды. Өйткені, діни хабарды дін адамы жүргізуі керек. Жазушының да машина жөндеуіне болады. Егер ол көлігін дұрыс жөндемесе өзі ғана зардап шегеді, яғни, жаяу қалуы мүмкін. Ал дінді толық білмейтін адам өзінің қате айтқан сөзімен миллиондаған адамды шатастырып, оларды Алланың хақ жолынан адастыруы, сөйтіп аса ауыр күнәға батыруы да ғажап емес. "Ақиқат сыйы" деген хабарды жүргізетін Саят Ыбыраевтың техника ғылымдарының докторы екені белгілі. Ал жүргізген хабарында дінде айтылмаған нәрселерді айтып, ислам туралы түсінікті басқа бағытқа алып кетіп бара жатыр. Исламның негізін аттап кетіп, кейінгі бір күмәнді тарихты айтады. Пайғамбарын танымай, адамдар қалай жаратқан иесін біледі? Жаратқан иесін танымайтын адам қалай мұсылманға уағыз айтады? Біздің бәріміз түптің түбінде Алланың алдына барамыз және жасаған ісіміз үшін жауап береміз".

Екі сөзінің бірі сопылық ағым туралы айтып, қайдағы дүниеде болмаған хикаяларды айтудан жалықпайтын С. Ыбыраев, ОРТ телеарнасынан "Орталық Азия" ("Центральная Азия") бағдарламасынан түспей әрбір сөзін "Ислам догмасы" деп бастайтын мүшірік Әуезхан Қодар, Ислам дініне өлердей қас, мұсылман болмағанына қуанатын (Астағфиралла!) өзін Наполеон санайтын (профессор Алдан Айымбетов Дидар Амантай әлде Амантай Дидар деп шатастырып ала беретінін айтады) Дидар Амантай, әрбір шығармасында басты кейіпкерлерін жаһанамға (Қожа Ахмет Йасауи, Мұхтар Әуезов т.б.) жіберіп отыратын, дінімізді мазақ, келемеж ететін Дүкенбай Досжан сияқтылар Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.F.С.) кезінде де болған. Қазақтың кей ретте "Көзсәп" деген сөзді жексұрын адамдарға қарата айтатыны бар. Аллаһ Тағаладан Пайғамбарымыз Мұхаммедке (С.F.С.) уахи келіп Ислам діні тараған кездің өзінде жалған Пайғамбар пайда болыпты. Аллаһтың елшісіне көзі тірісінде қарсы шыққан. Оның аты Мүсейлима Каззап болған. Аллаһтың елшісі Мұхаммед (С.F.С) жалған пайғамбарға ашық хат жолдаған. Онда:

"Биссмиллаһир раһманир раһим.
Аллаһтың елшісі Мұхаммедтен жалған
Мусейлимаға. Хақ дінге табынушыларға
Сәлем. Бұдан кейін жердің жүзі Аллаһтікі
екенін біліп қой. Оны өз құлдарының

ішінен қалағанына өзі сыйлайды. Оңды тағдыр мойынсынушылардікі. Сен және саған ергендер тәуба қылсаңдар, Аллаһ сені және саған қосылып тәуба қылғандарды кешіреді".

Бұл хаттан кейін Кәззаптың тағдыры не болғанын білесіздер. Міне, мұсылман қазақ арасында жалған дінді қолдан жасағысы келетіндер де шыққан. Олардың қазақтың Тәңір деген қасиетті сөзін Тәңіршілдік дегенге айырбастап жаңа ағым жасағысы келеді. Мысалы, Дидар Амантай өзінің "Кітаптар мен гүлдер" атты шағын жазбасында (оны қазақ прозасына жаңа құбылыс әкелгендей тәп-тәуір сыншы ағамыз Зейнолла Серікқалиев, Әлия Бөпежанова жер көкке сыйғызбай мақтайды) исламды (қазақ әдебиетінің "жаңа классигі" Ислам дінін мұсылман діні қате жазған, оның "классик" сауатсыз жазбагер екенін осыдан-ақ көруге болады) мойынсұнбағанын аса зор мақтаныш санап, тәңіршілдікті насихаттайды. Яғни, мүшіріктің жолын үгіттеуші. Соны білдей сыншыларымыз "соны" жаңалық қып қабылдап күллі оқырманға теріс ағымды дәріптеушіні мақтағандарын қалай түсінеміз?

Айтпақшы қазақтар қатты құрметтейтін Герольд Бельгер ағамыз да Дидар Амантайды мақтауды теріс көрмепті. Д.Амантай "Дала мен Қала" газетіне "Құдайдың еркесі – проза" атты (126) (Астағфирулла! Қалай-қалай ат қояды?!) мақаласында: "Құдай кітабын беріп жібермес бұрын сеніп тапсыратын ұлдарын жинаған. Құдай да сөзге сүйеніп, ойын анықтаған, кітап әдебиеттің екінші есімі болып қалыптасқан, сөйтіп көктен ғаламды көріп отырған Құдай кітап жазыпты. Қолына кітап алмай тұрып жазушы осындай жайларды бір мезет есіне алған жөн", – дейді.

Міне, қазақ прозасының "Наполеоны" Д.Амантай дегеннің шимайы. Қандай астамшылдық! Қолына қалам алмай тұрып, жазушы Құдай сияқты күй (Астағфирулла!) кешу керек екен. Биттің қабығындай "роман" кітап шығарған Д.Амантай осылай деп сайрайды. Сыншы Әлия Бөпежановаңың айтуынша оның төрт кітабы жарық көрген. "Қазақ әдебиеті" газетінде (9.09. 2005) Әлия Бөпежанова "Гүлдер мен кітаптар" – мәдениет құбылысы десе, Дидар Амантайдың жаңа романы туралы жазушы-драматург Дулат Исабеков соңғы бір сұхбатының едәуір бөлігін сұхбат алушының қалауымен Дидар Амантайға арнап, оның шығармашылы-

ғына, "Гүлдер мен кітаптарға" сын айтады ("Ақжол Қазақстан", 2 09 05) "... оны роман деп айтатын болсақ, онда бүкіл дүние романға деген көзқарасын өзгерту керек,... оны роман деп айтуға болмайды" деп шорт кеседі. Біз Д. Исабековтың сұхбатын оқи алмадық. Оның есесіне Д.Амантайдың аты аталған шығармасын көз салып, қарап шықтық. Оның біздер о баста не айтатынын алғашқы жолдардан-ақ аңғарған болатынбыз. Ә.Бөпежанова да сол автордың қияли философиясынан ары аса алмапты. Кітап дінге қатысты болғасын айтып отырмыз. Ондай кітапты ілімі күшті, ниеті түзу, көкірегі ояу, әрі діни сауатты адам жазуға керек. Өмірдің өз арнасымен ағып жеткен тірлікті кері әкете алмайды. Мақтауға тұрарлық кітапты мақтау керек-ақ. Ондай терең жазылған кітаптар жетерлік. Сыншы: "...Адамзаттың пайда болуы, тарихи ғұмыры туралы небір аңыз-эфсаналар да жеткілікті. Автор осының түркілік болмысын нұсқалауға ұмтылады. Түркілер арасындағы алғашқы күнә, алғашқы өлім т.б... Бұл, бір есептен, сонау түп тарихтан тартатын жадыны ояту, жаңғырту әрекеттері... Тәңірі мен Түркі ұғымы арасына теңдік белгісін қоюға бейіл. Дидар романы - "Тәңірінің баласы түркіні жоқтап күңіренген жетім қоңырау", – деп түйіндейді ойын. Міне, Ә. Бөпежанова да қатты қателесіп түркіні тәңірдің (Құдай) баласы деген.

Д. Амантай "... кейде маған кітап Хэмингуэйдің келбеті болып көрінеді. Кітап дегеніміз Толстой. Париждің "Сомбат" газетінің редакция бөлмесінде отырған Камю. Қолында өшіп қалған темекі, жанарында – Сартр да түсіне алмаған мұң" – дейді де, Д.Амантай 1981 жылы Нобельді алған Элиас Канетти күнделігіне былай деп түртіп қойыпты: "Больше всего тебе хотелось бы – какая скромность! – бессмертия, чтобы читать". Бұдан кейін ол Хорхе Луис Борхес бүй деген, Марсель Прусттың пайымы мынау, Феллини адамның "внутрна" кіру керек депті, бұ дүниеге лайықсыз туған Ленин сана жайлы: "сознание есть обьективная реальность, данная нам в ошущениях", – депті. Мұнда құдірет жоқ. Ленин салған жол мен үшін аласа. Тек Малларме ғана дұрыс тұжырған. Ол құдайдың да (Астағфиралла!) көңіліне қарамапты. "Мир создан, чтобы войти в книгу ", – дейді. Ары кеттік. Д. Амантай (осындайда талдың басына өрмелейтін шут Амантай қажы еске түседі, бұл Д. Амантай әр жазушының бастарын бір шалып әлі өрмелеп келеді, қызығы алда) енді Ш.Айтматовқа келеді. Ол туралы жарытып ештеңе айт-

пайды. Одан Хайдеттер, мұны қойып Мандельштамды маңалайды, содан Парижге өтіп Фиджеральдтың, Дос Пассостың, Хэмингуейдің, Томас Элиоттың аттарын атап, сонда болыпты дейді. Бәрі де француздардың астанасына бас тірейді екен. Біз қайда барамыз деп Д.Амантай сауал тастайды. Қайда бара жатқанын өзінен сұраймыз. Ол әлі келе жатыр. Оған Ібіліс Париж сәннен қалған деп сыбырлайды. Кеттік. Ол саудасы дамыған Ню Йоркке барайын десе аштан қатады екенсіз. Алматы – шайырдың емес, ақшаның шаһары. Сол Ібіліске "оттапсың" дейін десең, сөз айтар қасиетті кітап жетіспейді. Д. Амантай солай дейді.

Д.Амантай айтады: "Әдебиетті Құдай жіберген. Жаратқан иеміз өлең жазып отырмын деп ойлаған, ішінде драматургтер бәріне тең етіп бөліп беретін рөлдер бар, бірақ түгел – қателесіпті..." Әрі кеттік... Д.Амантай: "Болмыстың, Құдайдың, Поэзияның анықтамасы бір-біріне ұқсас. Әсіресе "өзіне-өзі тең болуы", содан кейін "біреу болуы". Бірақ, соларды түсіндіретін Проза... Құдайдың Әлемінде, Адамды да жаратқаны рас болса, даму барысын межелеп берген де Сол. Адамзаттың жаратылыс пен өзін бейнелеп түсіну құралының біреуі – әдебиет, оның кенжесі проза, онда проза – Құдайдың еркесі. Оны межелеп берген Жасаған Иеміздің өзі", – дейді.

Д.Амантай жазады: **"Бейімбет** –... Әлемдік даңқы бар "Жәмилә" (Шыңғыс Аитматовтың шығармасын нұсқап отыр) "Шұғаның белгісіне" кездескенде, дағарадай атағы барлығына қысылатындай көрінеді... **Әуезов**... "Абай жолы", әсіресе эпопеяның бірінші кітабы. Француз жолдасым қазақты білгім келеді десе, "Абай жолын" ұсынар едім, "Көшпенділерді" көрсетпес едім". **Ғабит Мүсірепов** тағы басқалар...

Ал Әлия Бөпежанова Д.Амантайға арналған жоғарыдағы мақаласында төрт шеңберді алып, талдап мақтағанында шек жоқ. Оның екінші шеңберіндегі мақтауында: "Ықылым заманда. Бірінші бөлімдегі "Мұса", "Ғайса", "Мұхамбет", "Заратуштра", "Дао, Будда, Құнфыдзы", "Сопы" тарауларында діндердің келіп барлау жасауы, орныгуға ұмтылуы. Өткен күн, өткен кезең, өткен дәуірлер тарихын біздер қолжазбалар мен кітаптардан оқып – білеміз. Қағаз бетіне түспеген небір тарих тағы бар. Сондықтан да адамзаттың рухани айналымға түскен тарихының өзі кей тұстарда күмәнді. Адамзаттың пайда болуы, тарихи ғұмыры туралы небір аңыз – эфсаналар да жеткілікті. Автор осының түркілік болмысын

түсқалауға ұмтылады. Түркілер арасындағы алғашқы күнә. Алғашқы өлім т.б... Бұл бір есептен, сонау түп – тарихтан тартатын жадыны ояту, жаңғырту әрекеттері... Тәңірі мен Түркі ұғымы арасына теңдік белгісін қоюға бейіл Дидар романы – "Тәңірінің баласы түркіні жоқтап күңірінген жетім қоңырау".

Осыдан бірер жыл бұрын бір топ жастардың журналистика саласында тапсырылатын сыйлықтар тізімінде Д.Амантай да болғаны есімізде. Сонда оған тіліші сұрақ қойды. Енді немен айналыспақшысыз деп. Орысша. Сонда, Д.Амантай "пишу "О Тенгрианство" деп лепіре сөйлеген-ді. Әлі әдеби ортада буыны қатпаған, қайталап айтамыз, ешкімге таныс емес "биттің қабығындай" кітап шығарғандардың бірден Тәңір туралы кітап жазамын дегені несі деп қойғанбыз. Ол үшін терең білім тұрмақ, мықты теолог болу керек емес пе? Осындай жалған патриотты әдебиетшілерді соншама үлкен басылымда мақтаудың қажеті қанша? Оның мұсылманшылықты мойындамай "Тәңіршілдікті" ("Шаманизм") дәріптеген жазбасын соншалықты ұтымды шыққан қазақ прозасындағы құбылыс деп баға беруге бола ма? Роман деген рухани күшті көтеруге жарамайтын жазбадан сыншы не ұтты?

Көрнекті жазушы Дулат Исабековтің Д.Амантайға қарата айтқан сыны өте орынды. Көркем, кестелі шығарма бұлай жазылмайды. Өзінің кім екенін білмейтін Д. Амантай соған қарамай классикалық туынды, қазақ тарихының алтын қазынасы саналатын "Көшпенділерді" артына қарамай шет елдіктерге көрсеткісі келмейтінін қайтерсің. Өзі осы тарихи трилогияның бетін ашты ма екен? Әшейін, сырттан өзара гайбаттасатын қаламгерлердің сөзін қағып алып, өз тізіміне кіргізіп отыр ма? Қалай дегенде де І. Есенберлиннің "Көшпенділері" орыс тұрмақ, шет елдің "мен" деген жазушыларынан оқ бойы озық туынды. Ресейліктер мақтайтын жазушы Искандердің өзі оның қолына су құюға жарамайды. Оны күні кеше "Номад" ("Көшпенді") боевигін түсіргенде, ұрымжылап, ұрлап көшіріп жазғанның куәсі болдық. Ендеше, Д.Амантайдың тісі батпайтын тарихқа сын айтуы жарамсыз, әрі әбестік!

Ілияс Есенберлиннің "Көшпенділерін" шетелдіктерге көрсетуге ұялатын Д.Амантайдың кім екенін жоғарыда айттық. Оған мынаны қоса кетсек артық болмайды. И. Есенберлин өзінің трилогиясында ислам дінінің артықшылығын

ашып, тамаша суреттеген. Оның Берке ханның мұсылмандығын дәріптеуінің өзі неге тұрады? Шыңғысхан ұрпақтарының барлығы да Исламды қабылдағаны, әрине, Д. Амантайға жақпайды. Оған оның өкпесі қара қазандай. Іш құса боп, өліп кетердей қызғаныш бар. Жап-жас балада осынша қызғаныш болып, мұсылман еместігін дәріптеп жазба жазғанына қынжыласын.

Сенбесеңіз "Гүлдер мен кітаптар" романынан (127) қысқаша үзінді келтірейік.

"– Ісләмде (?) зорлық жоқ, – деді дәруіш төрге жайғасып болып.

– Жебрей (?) мен крістианда (?) ше? – деп сауал тастады Еңгүдей.

– Біз найза жұмсап келген дұшпанға семсер сілтеп жауап қайырамыз, бірақ қылыш үстінде серт жүрмейді.

– Сақара талай дәруішті көрді, дегенмен Бұлда, Мұса, Иса неліктен ісләмға теріс?

– Жалпы Алла Тағала адамзатқа он сегіз мың пайғамбар жіберген, есте түгел қалған жоқ. Мұса мен Иса туралы нақты мәлімет бар, мұсылман қауым екеуін де Мұхаммед ғалік (?) саллам тәрізді Алланың елшісі деп таниды.

– "Көне өсиет" барда "Жаңа өсиет" дүниеге келді, сонда Құран Кәрім неге қажет болды? (?)

– Алла Тағала жұрт бұзылып, ел адасқанда жер бетіне елшісін жібереді. Бірақ елші көктен түспейді, Жаратқан Ие оны адамдар арасынан таңдап алады да, қасиетті жазбаларын табыстап, ерекше міндетін жүктейді. "Бейнет пен азапты да көтере алатын, өзім жаратқан пендемнің мойнына ғана артамын" депті Алла Тағала.

– Сауалыма жауап таппадым, – деді Еңгүдей.

– Ісләмде Алла мен пенде арасын бөліп тұрған ешқандай Мәсіх жоқ, крістианда Құдай ұлы Иса бар, Жаратқанға қол созып емес, Иса Мәсіхке қарап шоқынады крістиандар.

– Мұсылмандар ше?

– Тек Алладан ғана сұрайды.

– Тәңірдің сіз айтқан Алладан не айырмашылығы бар?

– Екеуі бір.

– Неге?

– Құдай біреу, бірақ оған баратын жол көп.

– Парызы қанша?

– Бесеу.

– Аз ба, көп пе?

– Ниет еткенге аз, адасқанға көп.

– Дұрыс.

– Мәртебелі тақсыр, егер бежінер сауалыңыз күтер болса, мен бесін намазын оқып келсем деп едім.

– Жақсы.

Дәруіш бір ай жатты. Түздіктер жұлдызды түндер тоқтамай көне қиссалар шертті. Құтұ, Үкен, Батачы, Бөрү, Бұқа, Чылбы бабалардың ерлік істері мадақталды, жаугершілік жылдары көрсеткен батырлықтары ұзақ жырланды. Жиналған жұрт жыршылардың хикаяларына сүйсініп қауқылдасқанда, киіз үйді көтеріп тастап отырды. Дастан дастанға ұласып, апталап созылып алды. Айбарлы жауынгер халық ісләмді ұқты, бірақ қабылдаған жоқ. Батығай, Сембекі, Бөкітей рулары сүмбіле туа қадірлі қонақты сыйсыяпатпен шығысқа қарай аттандырып салды. Содан өздері тік тұрып басқа жаққа көшіп кетті."

Осылай дала жұртына одан соң крістиан, кедошим келеді. Өз өсиеттерін айтады...

... Бұны жазып отырған басты кейіпкер Алишер қолжазбаның толық нұсқасына дайын жатқан келесі Заратуштра, Дао, Будда, Құнфұдзы және Сопы тарауларын қосты...

Автор арқылы осылай дала тайпаларының діннің қайсысын қалайтыны тарқатылады. Тәңір өсиетіне ереді. Мақұл, ерте замандағы түркілердің жағдайы солай болсын. Түркі тайпаларының көп рулары XII ғасырға дейін мұсылман болмағандығын Махмуд Қашқари да жазады. Ислам дінінің өкілдері араб тұқымының да түркі жерінде қоныстанып қалғанын орта ғасырлық ғалым М. Қашқари өзінің "Түркі тілінің сөздігінде" айтады. Біздің бұ арада кім мұсылмандыққа ерте бой ұрды не кеш қабылдады емес, Д. Амантайдың ислам дінінің атауларын бұрмалап, қате жазуын сынға ала аламыз. Тек ислам ғана емес, христиан т.б. аттарды ауыл "кемпірлеріндей" бұзып айтуы кітаптың қаншалықты сауатты жазылғанын көрсетіп тұр. Д.Амантай "Кітаптар мен Гүлдер" атты жазбасында он сегіз мың Пайғамбар бар деп жазған. Бұл қате!

Он сегіз мың ғалам, жиырма төрт мың Пайғамбар бар. Ислам дінінде Аллаһ тағаланың, Мұхаммад (С.Ғ.С.) есімдерін бұрмалап жазуға жол берілмейді. Әрине Аллаһты Алла деп ауызекі айтып жүргендер бар. Ал Д. Амантай сияқты Аллаһтың қасиетті есімін Аллақ (128) (автор аталмыш жазбасын "Жас қазақ" газетін жариялаған, араға екі жыл салып,

осы басылымға қайта ұсынған) деп бұрмалап жазуы дінсіздіктің белгісі. Осы басылымда ол "Аллақтың елшісі", "Аллақ тағала" деп Аллаһ атын дұрыс жазбаған. Мазақ қылған. "Ақ жол Қазақстан" газетіндегі романнан үзіндісінде Пайғамбарымыз Мұхаммад (С.F.С.) аты Мұхамбет деп берілген. Бұл да дұрыс емес. Исламда Пайғамбарлардың аттары ғана емес жай адам есімдерін көркем етіп айтуды бұйырады. Мазақ қылуға рұқсат бермейді. Өмірге келген сәбиге жақсы есім қоюды қалайды. Ол әкесіне міндеттеледі. Осы автор исламнан басқа христиан атауын крістиан деп жазуы да ұтымды шығып тұрған жоқ. Қай заманда да әр елдің өз атауы сол күйінде аталу дәстүрі сақталған. Бір ғана мысал: Әбу Наср әл-Фараби 850 жылдары түрік даласында Отырарда (Фараб) туып өсті. Оның сол кездегі аты да, заты да солай жазылып, солай сақталған. Орта ғасырлық орыс (Русь) кнәздіктерінің де есімдері өз атымен аталды. "Гүлдер мен кітаптардағы" басқа да адам миы сақтай алмайтын есімдерді оқырманға тізбелеп бермей-ақ қоялық. Осының өзі жеткілікті.

Төменде ғалымдардың "Көшпенділер" кітабына тоқталмас бұрын, профессор, философ Алдан Әйімбетовтың жалғыз өзі шығаратын "Казахская правда" газетіндегі (129) ("Катитесь колбаской по малой спасской!" мақаласына көңіл көзі тоярлық. Ол кісі жалған философ Әуезхан Қодарды, Мұрат Әуезовті сынға ала отырып, Дидар Амантайдың өзін "гений" санайтынына таң қалған күйде мынаны айтады:

... "Еще один эрудит из числа претендующих на место в тесном ряду казахстанской творческой элиты начал раздражать меня. Кто он? Я сам толком не знаю. Но у него звучное имя – Дидар Амантай или Амантай Дидар. Еще одна отличительная черта его бросается в глаза: он держится особняком, в позе уставшего гения или разочарованного в человечестве пророка.

Но я вспомнил время, когда (если память не изменяет) этот молодой еще человек, не лишенный юношеского максимализма, просил у меня, тогда еще не очень старого бунтаря, аудиенции. Мы встретились у речки Весновки на Аль-Фараби. Он пришел со своим товарищем по имени Абылай, журналистом из "Жас Алаша", впоследствии помощником акима Алматы Храпунова.

Я так и не понял, чем занят мой молодой друг – философией, журналистикой или готовит себя в замену поста-

ревшим нашим народным писателям и поэтам. Вскоре я потерял его из виду и даже забыл о нем, и никогда не вспомнил, если бы не одно обстоятельство. Однажды позвонил мне знакомый по КазГУ в бытность его руководителем общества "Семи муз" Бахтажар Мекишев и сказал,что в журнале "Ақ желкен" меня вознесли до небес. Оказалась, действительно так. Некий Амантай Дидар (Дидар Амантай) пишет: "Алдан Аимбетов для казахов является тем же, кем для русских был Петр I, для турков Мустафа Кемаль, для евреев Теодор Гернель". Ну, малость перехватил молодой впечатлительный человек, сказал я про себя и даже сконфузился, хотя к этому времени я уже обретал небывалую популярность в качестве издателя "Казахской правды". Был обласкан народными писателями – Абдижамил Нурпейсовым и ныне покойным Калтаем Мухамеджановым. И не без их содействия удостоился аудиенции Президента Назарбаева, тепло принявшего меня... То что Мурат Ауезов перестал спорить с Президентом Назарбаевым, приветствую. Противостояние президенту – бесполезная и бесперспективная затея. А вот его преданность миллионеру Джорджу Соросу и команде (чуть не сказал шайке) последнего, стремящимся под видом гражданского общества не допустить строительство казахского государства – это уже нечто весьма существенное и опасное для нации. Кстати, симптомы этого недуга, естественно, клинически, проявляются и в статьях Ауезхана... Дидар как я заметил, даже внешне изменился, и его манера держаться на людях заставляет меня огорчаться. Он рановато заматерел. В последний раз я его видел в Атырау на юбилее Махамбета. Он в наполеоновской позе, чуть ли руки не скрестив на груди, стоял особняком и брезгливо взирал на "серую толпу". Впрочем, недалеко от меня и не замечая меня. Я, с его легкой руки ставший казахским Петром Великим, Мустафой Кемалем, и Теодаром Гернелем, сам подошел к нему, попросил помочь мне старому при посадке на самолет. На мою просьбу он среагировал суховато и не стал себя утруждать любезностями. Если бы он был женщиной, я мог бы подумать, что у нее преждевременно начались месячные и проявил бы понимание. Не могу я судить (из – за отсутствия у себя таланта), каким Дидар стал писателем, но как доктор философии не нынешней лженауки, а времен ВАКа СССР, беру на себя смелость заявить, что в этой области наш герой не стал казахстан-

ским Ильенковым, даже Абдималиком Нысанбаевым. Был весьма удивлен, узнав, что он стал генеральным директором газеты "Начнем с понедельника", к которой у меня стойкая аллергия. Это связано с печальным для меня случаем, когда "бывший" ее главный редактор Рамазан Есергепов вкупе с неким Иссой Саей неоднократно доносили Генеральной прокуратуре на меня, будто я оскорбил нашего президента. Вследствие этого я стал уголовно подследственным, а "Казахская правда" была закрыта. Отсюда и моя реакция на факт замещения Дидаром доносчика Есергепова на посту генерального директора издания "Начнем с понедельника". Не могу понять, как он оказался там, купили ему этот пост или купился сам. Ведь Дидар в своем недавнем интервью "Навигатору" доложился как о чуть ли не в подростковом возрасте объявившемся писателе, таланте, яркой звезде... ...Он дает повод для критиков злословить в свой адрес. "Читал и стихи и прозу Амантая, – пишет один, – провинциализм, трескотия и маргинальные понты".

Не буду я судить о творчестве ни Кодара, ни Амантая, они для меня "терраинкогнита". О них я по-есенински по поводу Маркса скажу: "Капитал – ни в какую погоду я не читал". Для меня критерием оценки любого бьющего себя в грудь "гения" является его отношения к казахскому вопросу. А в этом вопросе они, вскормленные соросовскими грантами, вряд ли скажут правду..." деп жазады Алдан Әйімбетов.

Ал, сол әуесқой жазбагер Д. Амантай шет елдіктерге көрсетуге ұялатын "Көшпенділер" туралы белгілі әдебиетші, филология ғылымдарының докторы, профессор Құныпия Алпысбаев не дейді?

Ол: "Көшпенділер" трилогиясы – партиялық идиологияның қылышынан қан тамып түрған уақытта дүниеге келген шығарма. Ол кезде мұндай шығарманы жазбақ түрмақ, қазақ халқының ертеректе өмір сүрген, кейінгіге мол мұра қалдырған, елім деп еңіреген, ел үшін, жер үшін мерт болған батырларының, хандарының, шешендерінің атын атаудың өзі, олар жөнінде әңгіме қозғаудың өзі қиын еді, қауіпті еді. Ал Ілияс Есенберлиннің осының бәрін біле тұрып, қазақ халқының өткен тарихын бейнелейтін, тарихтан мол мағлұмат беретін бір кітап емес, бірнеше роман жазып, оқырманға ұсынуы жай ерлік қана емес, талантты жазушының саяси жеңісі еді.

Қазақ халқының бес ғасырға жуық тарихының (XV–XIX) көркем хроникасы осылай жасалды. Сол арқылы І. Есенберлин өзінің қаламгерлік үлкен арман-міндетін, қазақ халқына өзін қайта таныту, жас ұрпаққа өткен ата-бабалары жөнінде мағлұмат беру мақсатын орындап шықты. (130)

Көрнекті жазушы І. Есенберлин туралы, қазақ әдебиетінің белгілі тұлғалары не деген. Енді соған назар аударалық. (131)

...Мен осы өмірімде ештеңеден қорықпайтын екі адам көрдім, біріншісі – Ілияс Есенберлин еді, әрине, Ілияс ағаны қолдаған бабалар рухы, ұлы іс жолындағы іргелі мақсат пен шынайы перзенттік парыз болатын. МұхтарМағауин.

...Егер Ілияс Есенберлин сәл ары таман, осы ғасырдың бас кезінде өмір сүрсе, сөз жоқ, алаш қозғалысының жуан ортасында жүрер еді. Кейде ол менің көзіме кешегі Ахмет пен Әлиханның, Міржақып пен Магжанның сарқыты болып көрінетін. Өз ұлтын жан-тәнімен сүйген Ілекең тәуелсіздік таңын көре алмай арманда кетті. Алайда, біздің азат заманымыздың әр сәтінде Кенесары секілді құрбандардың киелі қаны болғанындай, Ілияс Есенберлиннің де қалам ізі жатыр. (1995 ж)

Бекежан Тілегенов мынаны айтады: (132) "Бұл мақала Есенберлин туралы естелік емес, ірі жазушы туралы, оның өміріндегі ең қиын кезеңдері, оның драмасы туралы ой толғау ғана. Бірақ сонда да Ілекеңнің соңғы күндерінен бір елес болып қалған үзіктерді еске сала кеткім келеді. Ілекеңнің өмірінің соңғы жылдарында, творчестволық жолында елеулі екі оқиға болды. Бірі – оның ең құнды, ұлы туындыларының бірі, әдебиеттегі теңдесі жоқ ерлігі – "Көшпенділер" трилогиясы сол кездегі одақтық көлемдегі бағалаудың ең жоғарғы сатысы – Лениндік сыйлыққа ұсынылды. Осыған біз қуануымыз керек еді.. Бірақ біз қуанбадық. Қайта оған деген өшпенділік одан сайын өрши түсті. Бір күні Ілекең қалың былғары папкасын қолтықтап маған келді.

Бұл Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен – Москва мен Ленинградтан, Сібір қалаларынан, басқа туысқан республикалардан "Көшпенділер" трилогиясын мақтап, Лениндік сыйлық комитетіне жіберген рецензиялар, қолдау пікірлер, жеке адамдардың шынайы ниеті екен. Қазақстаннан бар жоғы екі-үш облыстық газетте жарияланған шағын ғана рецензия-

лар жүр. Бірде-бір республикалық ресми баспасөз орындары, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік мекемелер, ғылыми орталар қолдау жасамаған. Қайта бірнеше ғылыми мекемелері, жеке лауазымды адамдар, жазушылар, ғалымдар – тегіс Ілекеңнің романын жарыса жамандап, оған мұндай сыйлық беруге болмайтынын жазыпты. Негізгі тағылған кінә – саяси айып: ол орыстарға қарсы, бүгінгі достығымызға шек келтіреді. Кітап зиянды, оған сыйлық бермек түгіл, басып шығарудың өзі кешірілмес қателік деп жазылған. Бұл пікірді, бұл айыпты Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің идиология бөлімі де қолдады, оған сыйлық беруге үзілді-кесілді қарсы болды. Ілекең сөйтіп сыйлық ала алмады.

Ілекең осыған қатты қайғырды. Уайымға салынды, өз ортасына өкпесін айтты.

– Бүкіл Одақ, туысқан республикалар жан-жақтан қолдап, қол ұшын беріп жатқанда, өз ішіміздің осындай іштарлық білдіруі жаныма қатты батады, – деп күрсініп, реніш білдірді."

Осындай алып жазушының да тағдырына кінәлі сол кездің солақай саясатының ықпалында кеткен ғалымдар, жазушылар, партия қызметкерлері. ҚСӘ-да сондай, мұрнына тарихтың исі бармайтын сол жылдардағы идиология қызметкерлері тарапынан бұрмаланып, жазылғанын көреміз. Сондай, "қараулық" "іштарлық", "бұрмалаушылық", "пайдақұмарлық", "атаққұмарлық" үшін бәрін де сатып жіберетін, тарихи шындықты мойындағысы келмейтіндер әлі де арамызда жүр. Шындықты жанынан артық санайтын қайран І. Есенберлиннің классикалық екінші туындысы "Алтын Орда" трилогиясы да іштарлықтан жарық көруі кешіктірілді. Ол "Алтын Орда" трилогиясының жарық көргенін білмей, бұ дүниеден озды.

"Жас Алаш" басылымы белгілі ғалым, талантты журналист Дихан Қамзабекұлының "Біз дінге керекпіз бе, жоқ дін бізге керек пе?..." деген мақала басты. (133) Онда, қазақ қоғамының дін ұстануы қандай? Қазақ дініне берік пе? сияқты өзекті мәселені көтерген. "Имандылыққа үйыған ауылда өскеннен кейін бе, әне бір жылдары мақамды Құран аяты емес – үрмелі музыка әуенімен, кебінмен емес – ағаш табытпен Кеңсайға жерленіп жатқан ақын-жазушылардың, ғалымдардың ақтық сапарын көріп, жүрегіміз мұздайтын. Бұл атеизм қарауылы өкшелеген жылдар еді ғой. Кейін ше?"

– деп сауал тастайды ол. Оған өзінің зерттеу еңбегінің сарынымен нақты жауап та береді.

Д. Қамзабек "...Үстіміздегі жылы көзі тірісінде-ақ тарих оқулықтарына енген үлкен зерттеуші қайтыс болды. Бұл кісінің де сойы қазақ-тын. Жерлеуде молда болған жоқ. Құран да оқылмады. Қаралы митинг орыс кладбищесінде өтті...." депті. Бұған таң қаламыз ба? Әрине жоқ. Өзге дінге өтіп, өзгенің жыртығын жыртқан жазбагерлер арамызда жоқ емес, бар!

Бұл жайында тағы да Д. Қамзабектен толықтыра түсеміз. "...біз қазақ қоғамының діндарлығы көрсеткішін жоғарыдағы атеизммен суарылған Жаһилдікпен ғана байланыстырып қоюдан аулақпыз. Дәл бүгін елдігімізге қауіпті дерт – дәстүрсіздік, дінсіздік һам ағармағандарды адастыру. Кезінде мемлекет қаржысымен (кеңестік Қазақстанның) оқып-тоқыған бірсыпыра адам қазір сол мемлекеттен өрбіп шыққан тәуелсіз Қазақстанның елдік-имандылық тұтастығына іріткі салуын жалғастырып келеді. Олар "қазаққа болысамын" деп ұлт бәйтерегіне өрмелеп шығады да, "тәңіршілдік" деп, "бурханизм" деп, "ахмадия" деп, (Д. Қамзабек бұ арада олардың атын атамай кетіпті, олар жайында Республикалық басылымдарда талай рет айтылып, жазылды да. Мысалы, "тәңіршілдікті" жұртқа таңбақ болған жоғарыда сөз етілген А.Дидар – Д.Амантай, аудармашы Әуезхан Қодар, "бурханизм" дініне өткен мәдениет танушы Мұрат Әуезов, "ахмадия" ағымына кіріп кеткен Роллан Сейсенбаевтарды жасырудың қажеті жоқ. Олардың халық арасын іріткі салып, адасып жүргендерін кезінде ғұлама ғалым Халифа Алтайдан бастап, жас журналистерге дейін айтқан болатын – А.С.) тарихи өзекпен жалғасқан, жапырақ жайған бұтақтарды кесе бастайды. Бұл жазғандардың қайшылығы кесіп жатырмын деп ойламайды, әлемдік таным бұтағымен будандастырып жатырмын деп ойлайды. Қателігін бетіне бассаң, олар сізге 37-жылдың авторлығын бере салуы кәдік..." Д. Қамзабек осы мақаласында қазы, ақын, оқымысты Ғұмар Қараштың дін мәселесіндегі еңбегіне айрықша тоқталады. Оның 1910 жылы баспа бетін көрген "Ойға келген пікірлерім" атты еңбегінің бар екендігін жазады. Ғ.Қараштың..."дін адамдарға мұдуар емес, адам дінге мұқтаж, адамдарды дін ғана дүниеге мәлім етеді" деп жазады.

Ия, Д. Қамзабек айтқандай, жоғарыдағы дәйексөзден қазақ дінге мойынұсынбады немесе дінді керек етпеді деген

ұғым тумауы тиіс. Әңгіме ел ішінде байқалған надандық, дінсіздік нышаны жөнінде болып тұр. Бір есте ұстар жәйт: бұл шақта дінбұзарлық әрекет-пиғыл христиан миссионерлерінің жетегіне ергендер мен молда деген атқа малданған дүмшелер тарапынан байқалған. Автор айтпасқа болмайтын шындықтың да бет-пердесін жыртқан.... "Бәлкім тағдыры, бәлкім өз қалауы, шіркеуге бүйдаланғанның бірі – Әліби Жангелдин (Иван Степнов) еді. Ол туралы XX ғасыр басындағы баспасөзде аз жазылмаған. Оның болмысын Әлихан Бөкейханов "дін өзгертуі қулық биенің сауынынан да жиі" деп сипаттаса, Мұстафа Шоқай: "Оның миссионерлік жұмыспен Ресейдің іші-сыртын, христиан дінінің қасиетті тұрақтарын жаяу кезген кезі де болатын. Орыс басылымдарында оның фотосуреті де басылған" деп еске түсірген. Соңғы қайраткерге Ә. Жангелдин 1918 жылдың басында "Мұсылмандыққа қайта оралдым" деп айтқан да ұқсайды. Әлібидің исламға һам өз милләтіне кім боп қайтқанын мына бір ғана дерек көрсетеді: 1918 жылы ол ұлтты имандылыққа үйытқан, елге "көз, құлақ һәм тіл" болған "Қазақ" газетін күшпен жапты...

Патша охранкасына ұлт қайраткерлерін сатқан, кейін Ә. Жангелдиннің қандыкөйлек серігі болған Мұхамедияр Тұңғашиннің де отаншылдыққа һам дінге жат ұстанымы Алаш зиялылары тарапынан қатты сыналған...

Әлбетте, Құран сөзін білгеннің бәрі иманды емес. Айталық, атеист те Ұлы Кітап сөзін аудармадан оқып білуі мүмкін. Құран-Кәрімнің "авторлығын" (?) Мұхаммедке таңатын "богослов" та өз пиғылына пайдалану үшін (сынауға, кері түсіндіруге, т.б.) оқып білуі ғажап емес. Ал, енді, Алла сөзін құр жаттау мен қасаң түсіндіруге айналдырған дүмше әлгілерден жүз есе зиян.

Арамза "ұстаз", өкінішке қарай, қазір де арамызда жүр. Олар пиғылы жаман жүрттан тапсырма алғандай халыққа көп тарайтын басылымда "Дініңді өзгертсең өзгерт, бірақ мәдениетіңді өзгертпе!" деп ұран тастайды. Немесе "Абай танымы ислам діні шеңберіне сыймайды, әлемдік асуларға ұласады" деп жұмбақтайды. Сонда бұл не деген сөз? Әлбетте, ислам – "кертартпа", "тар" деген сөз. Арғы жағынан "дінсіз боп жүре бер", яки "шеңбері кең дінге кір" деген ой қылтияды...

Сонымен, біз дінге керекпіз бе, дін бізге керек пе?

Қазақ жерінде, ұятымызға қарай, байқалып қалатын

дәстүрсіздік, дінсіздік жолын қош көрсек, діннің бізге қажеті шамалы. Кері сөйлесек, бізде дәстүр жоқ екен, дін жоқ екен, "аясы кең, төрі биік асуларға" бас ұрайық. Сонда не болар екен? Болатын жай анық: бордай тозамыз. "Аясы кең, төрі биік асу" кешікпей бізден мыңдаған жылдар қайнасып-бітіскен ислами дәстүрден безінуді, ағарудың арқасында тілімізге енген есепсіз араб-парсы сөздерінен арылуды, ой-сананы түбірінен қайта құруды талап етеді. Бізге, елдігімізге керегі осы ма? Құдай қор қылып қойса қайтейік, төңіршілдер, бурханшылар – жалпы мәжуси пікірдегілер өздерінің не бүлдіріп жүргенін де түсінбейді-ау! Жоғарыдағыны байыптасақ, дін бізге керек екен. Дін болғанда – хақтың діні!

Д. Қамзабектің жанайқайын осыдан-ақ түсінуге болады. Сыртқа көзінді бадырайтып қойып, өз ұлтына қастандық жасап, дінін сатып, аянбай қызмет етіп жүрген шала сауатты, имансыз жазбагелердің елдің ертеңіне қандай қауіп төндіріп тұрғандарын саналы қазақ, қазақстандық азаматтар тойтарыс беріп отырғандары жөн.

Төңірлікті қазаққа тықпалауын қоймайтын авторға айтарымыз: "Ислам діні – хақ дін. Аллаһ Тағала: "Қияметте ислам дінінен басқа діндегілерді қабыл етпеймін", – деген. Адам атамыздан бастап Мұхаммад (С.Ғ.С) пайғамбарға дейінгі аралықтағы барлық пайғамбарлар Ислам иелері болған, яғни олардың діндері – исламның өзі. Барлық пайғамбарлардың келген мақсаты – Аллаһтың бірлігіне шақыру. Аллаһ Тағала періштелерге ақыл берді, нәпсі берген жоқ; жан-жануарларға, хайуанаттарға нәпсі берді, ақыл берген жоқ; ал инсандарға, яки адамдарға ақылды да берді, нәпсіні де берді. Егер біз ақылмен жүретін болсақ, онда біз нәпсімізді тәрбиелейміз, оған бағынып кетпейміз. Олай болмаған жағдайда адам өзінің адами қасиеттерінен айырылып қалуға мүмкін.

Ал жан жұтқыншаққа келген кезде, сол уақытта қарап қаласыңдар. Негізінде өліп бара жатқан адамға Біз жақынырақпыз, сендер оларды (періштелерді) көрмейсіңдер. Сендер өздеріңді Бізге тәуелді емеспіз деп есептейтін болсаңдар,егер шын айтсаңдар, онда неге оның жанын қайтарып бермейсіңдер?... ("Уақиға", 56: 83–87-аяттар).

Аллаһ Тағала: "Соқыр мен көруші тең емес. Қараңғылықтар мен жарық тең емес. Көлеңке мен ыстық тең емес. Тірілер мен өліктер тең емес. Рас, Аллаһ кімді қаласа естір-

теді. Сен қабірдегілерге естірте алмайсың. Сен бір ескертуші ғанасың", – дейді. ("Фатыр" сүресі, 19–23-аяттар).

Аллаһ Тағала былай деген: "Жер бетіндегі әрбір тірі жәндік, қос қанатымен ұшатын құстар да сендер сияқты қауымдар. Біз кітапта ештемені қалыс қалдырмадық. Соңынан олар Раббысының алдына жиналады. ("Аграф" сүресі, 38)

Алла – біреу, Құран – шыншыл таза дін.
Мұнафықтың көтермейді мазағын.
Көзбен көріп, Қолмен ұстап тозағын
Сенбегендер тартады ертең азабын!

Нұртай Ерназар, (134)

* * *

Аллаһ Тағала былай дейді: "Өздері жаратынды болған,еш нәрсені өздері жарата алмайтын нәрселерді Құдайға теңеуге болама екен? ("Әграф", 7: 191)

Расулуллаһ, (С.F.С) Қиямет күніндегі және Қияметке дейінгі болатын кейбір белгілерден хабар берді. Әбу Һурайра, (ради Аллау анһу) риуаят қылған хадисте айтылады:

"Байна нафтахайни арбаун", ягни екі рет сүр үрленеді. Бірінші үрлеумен адамдардың барлығы өледі. Екінші үрлеумен қатты дауыспен тіріледі. Осы екі үрлеудің арасының жағдайын бір Аллаһ біледі.... Адам өлгеннен кейін бүкіл денесі топыраққа көміліп, араласып кетеді. Барлық денесі шіріп кетеді. Құйымшақтың ақырғы қысымында бір дән болады. Сол дән шірімейді. Бұл араб тілінде "мух" деп аталады. Сонымен адам баласын екінші мәрте сол жерден жаратады. Қиямет күні Аллаһ Тағала аспаннан адамдарды тірілтетін жаңбыр жаудырады. Тура өсімдіктер өніп шыққандай адамдар алдыңғы қалпына қайтады. Демек, адамдар екі жаратылыста болады. Бірінші жаратылыс бір тамшы судан болса, екінші жаратылыс құйымшақтың ақырғы қысымындағы дәннен жаратылады. Қазіргі заманда құйымшақтың ақырғы қысымындағы дәннің шірімеуін ғалымдар дәлелдеуде.Мұсылмандар Қиямет күні адам баласының осы дәннен жаратылатынын 1400 жыл бұрын білген. Әрине, ол уақытта бұл нәрсені иман қуаттаған.Өмірдегі болған кедергілердің бірде біреуі сол заттың жоқ болып кетуіне себеп бола алмайды. (Сейіт Нұраханұлы, "Мұсылман" журналы, 1-2, 2005 ж.)

Аллаһ Тағала былай деген:

"Соқыр мен көруші тең емес, Қараңғылықтар мен жарық тең емес, Көлеңке мен ыстық тең емес. ("Фатыр" сүресі, 19–23 аяттар).

Аллаһ Тағала:

"Олар Раббыларынан өздеріне келген ескертулерді тым ойнап тыңдайды. Олардың жүректері бос, қаңыраған",- дейді.

ҚҰРАНҒА ЕЛІКТЕУ

Александр Пушкин

Тіксінді кенет пайғамбар,
Көпірді сезіп таянған:
Сенбейді дінге мұндайлар,
Алланы қайтсін аяр жан.

Құранды саған түсірдім,
Қабылдай қоймас хайуандар;
Әуелі ептеп түсіндір,
Зорлама бірақ, пайғамбар!

...Еркімде менің өлтірсем,
Махшарда қайта жан берсем;
Қарық қып байлық келтірсем,
Тарыққан кезде дәм берсем.

Бердім ғой жеміс-миуасын,
Құрма мен зәйтүн, нан бердім;
Күтсін деп жәймен шаруасын,
Егінжай,төбе, бау бердім.

Көк қақырап көрдің үнінен,
Келгенде ақыр замана
Қашады аға іниден,
Қарамас ана балаға.

Зәресі қалмай адамдар
Алдымен сонда жиыла
Со кезде көпір адамдар
Өздері-ақ отқа жағылар.

(Тәржімелеген Қуандық Шаңғытбаев)

Екінші бөлім

ЙАСАУИДІҢ ИМАМЫ ҺИСАМИДДИН ТУРАЛЫ

Аллаһ Тағала қасиетті құранда өсекке тыйым салады: *"(Мұхаммед) әрбір көп ант ішкен ынжықтарға бой ұсынба, өте айыптағыш, өсек тасығышқа да, жақсылыққа тыйым салушы, шектен шығушы күнәһарға да, сотқар, сондай -ақ тексізге де". ("Қалам" сүресі, 10-12 аяттар)*

Жапалақ ұшпас жасыл тау,
Жақсылардың өзі өлсе де сөзі сау.
Ойлап түрсам жаманның
Жаландаған өз басына тілі жау
Дүбір-дүбір шу көрген
Түлкішек түлкің жетер басыңа-ай,
Түлкідей құйрық тастаған
Жаман фиғылың жетер басыңа-ай.

Шалкиіз жырау (1465-1560)

Біреудің атасына тиіспек түгілі, біреудің атасы туралы сөз қозғаудың өзі ойланып сөйлеуді қажет етеді. Алайда, Д. Досжан әлі күнге өзінің жаңылыс басқан жолымен келеді. Ол әрбір сөзі мен жазбаларында Һисамиддин – Сунақатаны (орыс басылымдарында Хисамиддин) қыпшақ руынан шыққан деп елді шатастырып жүр.

Осы арада біздер Йасауидің имамы болған Һисамиддиннің (Сунақ-Ата) ұрпақтарының қылуетте бірінші орында неге отырғандығын да айта кеткенді дұрыс санаймыз. Бұл жайда Әмір қожа Мәжитов: "Біздің Йасауи бабамыз өзінің имамы Сунақ-Атаға ризашылығын білдіріп, ендігі уақытта Сенің ұрпақтарың қылуетте бірінші болып отыруына рұхсат еттім." деп өзінің жүрекжарды пікірін білдіреді. Сол рас сөз. Яғни, мұсылмандар бас қосып, Құран Кәрімді тәпсірлеп, өзара пәтуа шығарар орын болған. Сонда Қожа Ахмет Йасауидің имамы Сунақ-Ата (Һисамидин) жоғарыда отырып, шариғат заңдарын айтатын болған. Міне, сол себептен имамның орны төрде сақталған", – дейді. (135)

Бұл арада біреудің жолын біреу тартып алайын деп жатқан жоқ. Қылуетте Һисамиддин (Сунақ-Ата) ұрпақтарының отыруының мәнісі мынада. Біріншіден, Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тарайтын Сунақ-Ата (Һисамиддин) ұрпақтарын Омар мен Әлидің ұрпақтары жасы үлкен деп сыйлауынан имамды құрметпен алдыңғы орынға шығаруынан деп түсінген

дұрыс. (халифтікті Әбу Бәкір, Омар, содан соң Оспан, бұдан кейін Әзірет Әлі басқарған) Бұл тарихи шындық. Оны Қазақстанның халық ақыны Манап Көкенов те өзінің айтысында Оңтүстік қазақстандық ақын қыз Набираға айтқан болатын. Ол да бұл жайтты ойдан құрап айтқан жоқ. Елдегі тарихи факті ретінде өзінің бір айтысында қарсыласына қолданған.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін Манап Көкеновтың Республикалық "Мәдениет" газетінің тілшісіне берген сұхбатынан үзінді келтірейік. (136)

– Манап аға, Сыр елі тұнған шежіре ғой. Әрине, әрбір адамға өз туған жері қасиетті саналады. Осы Жаңақорған топырағында көне шаһарлардың, мешіттердің, медреселердің, қорған төбелердің орындары көптеп кездеседі. Солардың бірі дін жолындағы әулие-әнбиелер – Қорасан ата (Әбжәлел баб), Сунақ ата (Һиссамиддин), Қара сопы, Айқожа (Ақ тас), тағы басқа сол сияқты ата-бабалардың қалдырған кесенелері осы күнге дейін сақталып келген орын-белгілері бар. Осындай ірі діни тұлғаларды әулие тұтып, дінге сенушілер тәубе етеді ғой. Ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен тарихи шындықты бұрмалап рухтардың атына тіпті, көзі тірі ақсақалдардың атына тіл тигізіп, жала жауып үйренген, бүгінде "үштік" атанып жүрген жергілікті тұрғындар Б. Айсынов, Қ. Тұрсынов, жазушы Д. Досжандардың негізсіз қисыны жоқ теориясына көз қарасыңыз қалай? Д. Досжановтың газетке жазуға болмайтын "қылық" жасап жүргендігі көпшілікке белгілі, енді оның тыныш жатқан құда-құдандалас елдің арасына ши жүгіртіп, рушылдықты ушықтыруын қалай бағалайсыз?

– Мен бұны маған келген облыстас бір жас жігіттің әңгімесінен бастайын. Келді де: – "Мен айтыс ақынымын. Мәке, сізді қожа не аруақ деп келіп отырғаным жоқ. Қазақстанның халық ақыны деп келген жайым бар. Көне, батаңызды беріңіз", – деді. Мен айтыс ақындарын тани білетінмін. Олардың ішінде өзімнен бата алғандары да қазір айтыс өнеріне қатысып жүр. Биылғы мектеп түлегі, қазір Шымкенттегі Әл-Фараби атындағы педагогикалық институтына оқуға түскен Әнуар Дүйсенбиевтің атын атасам да бұған дәлел болар. Жаңағы айтыс ақынымын деп келген жігіттің бойында ақындық белгі байқалмады. Өтірік өрге баспайды. Оған да, өзіме де қиянат жасағым келмеді. Желтоқсанда Қызылордада өтетін ақындар айтысына шақыр-

дым. Әр нәрсенің өз танымы болады. Дін де солай, тарих та солай, шежіре де солай. Өсек-өтірік, қызыл сөзбен халықты адал жолдан алып кете алмайсың. Халық әділдікке, шындыққа, парасаттылыққа жүгінеді.

Мен 1928 жылы туғанмын. Көргенді көрдім, білмегенді білмедім деген дұрыс. Жоғарыдағы үшеуіне айтарым: халықты дүрліктіріп, оларды әуре-сарсаңға түсірмеуі керек. Бұны басқарушы, шулы қаланы шулатып жүрген – Дүкенбай Досжан. Оның қырық өтірігі аудандық кеңестің бюросында қаралды да. "Өзің ішкен құдығыңа түкірме" дейді халық даналығы. Тағы қосып айтар болсам, оның Қожа, Сунақ шежіресін өрлеп, өрбітіп жазуға моральдік құқы жоқ. Өзінің "Жібек жолында" да жазғандары бар. Онда Сунақ жайында дұрыс пікір қорытқан. Енді кеп өз жазғандарына өзі қарсы дау айтады.

Рас, Сунақ X ғасырда (араб саманиттерінің дәуірі), Сығанақ XII ғасырда (Қараханид дәуірі) болған тарихи қалалар. 1701 жылғы Ремезевтың "Сібірдің сызба кітабында" (географиялық нұсқа), көптеген орыс-араб зерттеушілерінің бұл жайлы дерегі анық көрсетіледі. Лерх, Бартольд, Якубовский т.б өздерінің тарихи зерттеу еңбектерінде: "Сағанак определяется остатками бывшей крепости Сунак кургана" (Сунак ата, град Сунак) деп атап көрсеткен. Сондай -ақ атақты түрколог Ғұбайдолла Айдаров та Сунақ атауының бұрмаланып көрсетілгендігін дәлелдеп берген. Белгілі арабтанушы Әбсаттар Дербісалиев те Сунақ қаласының Сығанаққа өзгеріп кеткенін, кейін жергілікті тұрғындар Сунақ ата деп, өз атауымен қайта атап жүргендігін жазады.

Мен Сунақатаның атын өзгертуіне қарсымын. Сунақ ата мың-миллион жыл өмір сүреді. Сунақ ата (hиссамиддин) кезінде Қожа Ахмет Йасауидің (1103–1166 жж) имамы болған. Орта Азиядағы ғұлама Ташталдәниден кейінгі алламa (ғұлама) атағына да ие болған кісі. Оның толық аты-жөні Аллама Үмей Сахиби Нахая ас-Сунақи, кейде ас-Сығнақи деп те аталады. Бұл Қожа Ахмет Йасауидің Ясы қаласында туып, Ясы қаласының атын алғанындай Сығанақ, Сунақ қаласынан екенін білдіретін hиссамиддиннің қосымша аты. Жаңақорғандық Сейфолла Мырзаевта араб халифы Әбу Бәкір Сыздыққа баратын Қожа – Сунақ шежіресі бар. Онда он алты атадан кейін Сунақ ата шығады. Сунақ атаның ұрпақтары Жаңақорған, Түркістан, Төменарық т.б. Қазақстанның жерінде өмір сүріп жатыр.

Жоғарыдағы шежірені мен Сәмәдінқызы Бибі Рабадан 1978 жылы алғанмын. Шежірені Сәмәдіннің ағасы Құдайқұл қажы ұзақ жылдар бойы көзінің қарашығындай сақтап келген. Бұдан 500 жыл бұрын Самарқанд, Қытай қағазына түсірілген.

Менің 19 жасымдағы жігіт кезім. Мырзашөлде (Жетісай ауданы) Нәбира атты келіншекпен айтысқа түсіп қалдым. Ол жылдары келіншектің, яғни Нәбираның жасы 33-тер шамасында еді. Ә, дегеннен намазды, бес парызды тұқыртып сұрай бастады. Мен жауап бердім. Содан ол төмендегі жолдарды айтып, ру жағына көшіп кетті. Сонда оның айтқаны мынадай дәлел еді.

Нәбира:

О, қайным көріп тұрмын формыңды,
Сүймеймін Қожа ғой деп қорынуды.
Айтыс деген бір міндет екеумізге,
Өзіңе арман қылғам жолығуды.
Бұл жерден кете алмайсың ақын қайным,
Жеңгеңе сылтау етіп, оны, мұны.
Шынымен Қожа болсаң хлует жайда,
Сунаққа неге бердің орныңды, – деді.

Мен:

Жеңеше, бұл Қожаның дәулеті көп,
Жеңгеге де айтатын нәубеті көп.
Былайынша жасы үлкен Сунақ ата,
Сыйлаймын жақсының бір әулеті деп.
Сунаққа хлует жайда орын береміз,
Әбу Бәкір рухтың әулеті деп.
Қожа-Сунақ деп ешкім ажыратпаған,
Болмас сөзді айтпашы әулекі боп.
Жөнсіз бе, жақсы атаны сыйлағаным,
Жөнді ме, туыстықты қинағаның.
Қожа-Сунақ ажыратар арабіным боп,
Қай жақтан материал жинап алдың.
Аруаққа арсыздықпен тіл тигізсең,
Сені де бір делбеге үйғарамын, –

деп айтысты сол жерде доғарған едім. Мұндағы айтайын дегенім, ел аузынан жиналған тарихи шежіреде қалдырылған шындық сөзі еді. Әр кезде көңілі таза, ғылыми тұжы-

рымы адал адамның ғана халықпен бірге бола алатындығын ескеріп отырғанымыз жөн. Осыны ұмытпайық!

Әмір қожа Мәжитов те еш қызғанышсыз қазақ тарихына қатысты шындық деректі келтірген. Әмір қожа Жаңақорғандағы бірқатар азаматтардың әңгімесін өз құлағымен естіп, өзінің де пікірін газет бетіне жариялаған. Ол Қожатайұлы Жанайдың өзімен, яғни қожалармен туыстығын жазады:

"...Жанай ақсақалды да өте жақсы білемін. Бірнеше жылдар колхоз басқармасының бастығы, бригадир, меңгерушілігі секілді қызметтер атқарған кісі. Кейін елінің қадірменді қарияларының біріне айналып, құрметті пенсияға шықты. 1974–1975 жылдары дүние салды... күнделікті өмір тынысына ілесіп отыратын ескіден де, жаңадан да хабары бар, барынша түзу, бетің бар, жүзің бар демей әңгімені ашық айтатын, ойында ешқандай арамдық жоқ арбадай салдырап әңгіме базарын қыздырып отыратын. Ол кісінің әңгімелерін мен де талай рет естідім. Бір жағы нағашы апамызды алып отырған соң жезделігі де бар еді... Ол біздер жүзге қосылмаймыз. Өздеріңмен бірге қазақ даласына ислам дінінің негізін қалушы қожалармен бірге келген өкілдеріненбіз. Түп негізіміз Арабиядан шыққан. Тарихи да көне көз қариялардың да шежіресі Әбу Бәкір Сыддыққа (Арабтың бірінші халифы) апарады. Осында Әзіреті Сұлтанға имамдық қызмет атқрған hисамиддиннің (сунақтың) ұрпағы боламыз. Сол бабамыздың адал қызметіне риза болған қожа Ахмет Йасауи бабамыз: "аға, қызметіңізге рахмет. Алладан қайтсын. Кейін егер "қылует" жайда сіздің ұрпағыңыз менің ұрпағымнан (қожалардан) бұрын өтемін десе, ұрықсат еттім"-деген екен. Өйткені hисамиддиннің Әзірет Сұлтаннан (Қожа Ахмет Йасауи) жасы үлкен екен дейді. Міне, сол hисамиддиннің (сунақтың) ұлы Сүлеймен Мауланадан Әмір Шайқы, онан Қайғақ – Нұрбай атты балалары туылған дейтін. Зиаддин Мауланадан Бессары - Аташ тарайды. Ал Әбіл Азиз Шайқыдан Қалмырза – Тоқпандар тараған. Ал сиық сунақтар жоғары ата Құл Қожалардан (Ахмет Шәмші қожа) бөлінген. Сөздің түп төркініне тоқталар болсақ Сунақ руынан Шайқы, Маулана, Сахаба (Сахиб) т.б араб халқының діни адамдарына берілетін атақ-дәрежелері бар кісілер көп шыққан.

Сунақ руы Сығанақ (алғашқы аты – Сунаққорған) қаласының тұрғындры болғанымен де әлі күнге дейін жаңақор-

ғандық, түркістандақ, бабайқорғандық т.б болып аталады. VII–VIII ғасырлардан белгілі, бүгіндері қазақ қауымының бір бұтағы Сунақтардың атауы көне тарихи кітаптарда жиі үшырасады. Біздің заманымыздың X ғасырында Сунақ қаласы қағазға түскен. Үйқастың бәрі өлең емес. Сол сияқты сунақ руының атына сөзді сөзге қуып бұл осыдан шыққан, бұл басқа атадан тараған деп дәуегейлік жасаушыларға ренжімеске шараң қалмайды. Бұған дер кезінде тыйым салынған жөн," – дейді Әмір қожа Мәжитов. (137)

Осыдан бірер жыл бұрын Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, белгілі айтыскер ақын Әбілқайыр Сыздықов пен айтыстың тарланы Оразалы Досбосынов Алматыдағы Республика сарайында айтысқа түсті. Екеуінің де ұтымды шыққан өлең шумақтары көрермендер тарапынан жоғары бағаланды.

Оразалының Әбілқайырға жауабы:

Айтылды әкімімнің есімі көп,
Өтетін Ораздың да көпірі көп,
Мен саған жақсы жауап қайтарайын,
Ары қарай айтар сөздің нөпірі көп.
Бұл айтқан сөздеріңді естісе екен,
Әкімдер ақындарын көсілді деп,
Бірақта құлағы бар болғанымен
Бұл күнгі әкімдердің тесігі жоқ.
Жақсы бір істі бастаймын деп,
Неге шетелден аспаймын деп,
Нұрғисаев әкімің,
Көтеріп жүр көкке баспай көп,
Арал аймағын мынау кешегі,
Экологиялық аймақтан,
Сыздырып мүлде тастаймын деп.
Жаңалық айтып жүр ол да
Әй, Нұрғисаев әкімің,
Бұл жағын саған айтайын,
Алып тастаса егерде,
Халық алатын жеңілдік,
Аз маз көрер тегіндік,
Қайда кетеді Әбеке сен де
Менің жөнімді ұқ,
Депутат болып тұрған оң,
Құр боп сөйлей берместен,
Дәлелді қып, сенім қып,

Жарты сағат саған беріп тұр
Жүрсін оған да тегін қып.
Айналайын Әбеке,
Тілекке тілек қосылсын,
Кеудеге жүрек бекінсін,
Жал құйрығың жетілсін,
Бәйбішең бір ұл туып,
Мойнына кезек секірсін,
Араб пен қазақ арасын,
Жалғаған алтын көпірсің.
Артық,кем сөзім боп жатса,
Фәни жалғаннан бақиға,
Сыйластықпен Аллаһ кешірсін...
Садақты аңдыған сарбаздай
Сарғайып қарап отырсың,
Түлпарлар өлді екен деп,
Есектер қашан өкірсін,
Ұлы жібек жолында,
Ат жалы, түйе қомында,
Құрмалай құдамсың
Құдайласқан досымсың.
Таның келте болмайды,
Кеңесіп ішсең алқакен,
Ойың келте болмайды,
Ақыл сай келсе арқамен,
Әбеке, саған мен бүгін,
Былайша сөзді айтар ем,
Арабқа жауын болсаңыз,
Мұхаммедтің үмметі,
Қазақ деген халықтың
Даласындай дарқан ем... –

деп айтысты.

Бұдан берен ақын Оразалы Досбосыновтың ақ ниетті, шыншыл, тарихты да, шежірені де жақсы білетіндігін көреміз. Ал Жастар сыйлығының лауреаты, дарынды айтыскер ақын Әбілқайыр Сыздықов – Һиссамиддиннің (Сунақата) ұрпағы.

Ақыры Қожа әулетін сөз еткен соң мынаған да тоқтала кеткенді жөн санадық. Біздің халықтың, тек бізде емес адам баласының көпшілігі ақын, жазушы, академик, ғалым, тарихшы десе, бәрін білетіндей сезінеді. Ал Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) залым ғалымдар болатынын ескерткен. Қасиетті Құранда да ақындардың өздері істемегенді, жаса-

ғандай әсірелеп, қосып айтатындығы айтылады. Соны көп ретте ескере бермейміз. Академик Ғарифолла Есімнің есімі ғалымдар ортасында белгілі. Абайдың философиясы туралы сүбелі еңбек жазған. Әлі де жазу үстінде. Сол ғалым ағамыздың **"Егемен Қазақстанда"** Қожалар туралы мақала жариялады. Онықі факті емес, философиялық қиялдан туындаған. Ол біраз ағайындардың ашу ызасын туғызды. Солардың бірі Қожа руының өкілі Сейітомар Саттарұлы "Жас Қазақ үні" газетіне "Ала қойды бөле қырқу философиясы" атты қарсы мақала жариялап академик ағамызға біраз дәлелдерді алдыға тартады.(138)

Сейітомар Саттарұлы былай дейді: "Еліміздегі ең үлкен газеттегі мақаласында Ғарифолла мырза Америка ашып, "туысқандық" деген тың бір жаңа термин ойлап тауыпты. Алаша хан болғалы, қазақ-қазақ болған, туыс-туған болып көшіп-қонып, 7 атаға дейінгі жерді аршып алмай, әңгіменің, сұхбаттың мәнін келтірмейтін қазақ тек кеңестік дәуірде өмірге келіп, кеңестен қалған дүниемен бірге жекешелендіріліп кеткенге ұқсайды... ...Жоқ, Ғарифолла мырза, тіпті олай емес. Қазақ ата-атаға бөлініп қазақ болған, ата-атаға арнап сәлем жолдаған, ата-ата деп өз ұранын айтып жауға шапқан, ата жолын алға тартып дауға түскен, ата-атаға бөлініп көшіп-қонып, жайлау, күзеу, қыстауды ата-атаға бөлініп пайдаланған. Туысқандық философиясын қазақтан артық білетін, қазақтан артық қадірлейтін, қазақтан артық ұстанатын халық бар дегенге сене қою қиын...

...Ал қожалар шежіресіне келетін болсақ қазақ тарихында 35-40 атаға дейінгі жерді жүйелеп, нақтылап отыратын тек қожалар шежіресі ғана екенін мойындау керек. Жүйелі сөзге тоқтау адамдық қасиеті. Жаратушыға шын берілген адам еш уақытта өзін қожамын деп көтермейді. Құл деп жерге ұрып, топырақ сыпатына кіріп, әркім сені басып өтсін деп разы болады. Ал енді төңірегіндегі қауым қолдап қожа десе, бұл басқа әңгіме. Себебі, қазақ арасында Орта Азияда Мұхаммед (С.Ғ.С.) Пайғамбардың 3 (үш) халифасының әулеті бар. **Бірінші Әбу Бәкір Сыддықтан тарайтын Сунақ, Шәмші, Қылауыз, Сыйық болып төртке бөлінеді.**

Екінші хазірет: Омардан тарайтын "Қырық Садақ" Қожалар, бұлардан Әбдікәрімов Исатай болды. Үшінші хазірет: Әлидің бірінші әйелі Фатимадан Хасан, Хүсейін атты екі бала. Атақты Өзбек ханның пірі болған Сайд-Ата.

Бұл әулеттен Мәделікожа мен Майлықожа өтті. Тегі Ғарифолла айтып отырған жай саясатқа еліктеп, қожаны шетке қағу әр заманда белгі беріп тұрған көрінеді. Елді орыс алардың алдында Қоқанға қарап қалған оңтүстікте Мәделі қожа жалалы болып, Қоқан хандығына жауапқа тартылғанда әйгілі қоңырат Қанай датқаға:

Датқа-еке осы жерде туып едім,
Саған келген жауларды қуып едім.
Шаңырағыңды шайқалтпай ұстайтұғын,
Сен кереге болсаң, мен уық едім,

деп, халықты кереге, ханды шаңырақ, шаңырақ пен керегені қосатын уық, шалқайтпай ұстайтын шариғат – заң екенін, ал шариғатты қолға ұстап отырған қожа екенін айтады.

Орта Азияны орыс алған соң, Ақбұлақ Бадамда отырған 92 үй қожаны екіге бөліп, сайлау бермеген (100 үйге толмаса старшын (би) сайлауға құқығы болмаған) және Бадам өзенінің жағасындағы қожалардың егістік жерін мұжыққа сатып жіберген.

Қожа менен төреге,
Болмады заман келістер,
25 үй мұжықтың,
Қолында қалды егіс жер.
Сырдан қаздық арықты,
Азықтан халық тарықты.
Сөйтпесек қожа не істер,

деп Майлықожаның Сейітжаппар төреге жазған хаты бар. Кеңес Одағы орнаған соң ескіліктің көзі, кертартпа саясат деп және зобалаң туғызып еді. Төртінші нәубеті қожалар мен төрелерге, Ғарифолла бастады.

Ғарифолла айтып отырған Құл Қожа Ахмет Йасауи хазіреті Әлидің екінші әйелі Ханафия анамыздан тарайтын Абд-әр – Рахманның Қорасанатa мен Ысқақ баб ұрпағы. Қорасанатаның қазақ арасындағы беделіне, орнына ешкім де таласа қоймас. Себебі: Құл Қожа Ахмет Йасауи: – Бабам Қорасан, келдім арасан, – деп сыйынғаны тарихтан мәлім. Қазақ арасында Ысқақ бабты – Баб Ата дейді. Құл Қожа Ахмет Йасауи Баб Атаның 13 ұрпағы Сарфи ад-Дин үрүнк қойлақидің "насыбнамасын" 1992 жылы Түркістан

қаласында белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметов алғы сөз жазып, Орта Азияға ғана емес Еуропаға мәлім Әшірбек Момынов пен Зікірия Жандарбек аударған. Мен сол басылымға редактор болғанмын. (Түркістан, 1992 Сарфи ад-Дин үрүнк қойлақи – Насабнама. Мұра) Мекемтас аға болып қанша шежіре жиналды, барлығында ата-бабамызды қожа десе, неге мен қожа емеспін деп ала жіпті кері тартуым керек. Сонда мен кім боламын? Атам жоқ – түгім жоқ, егемендік алдым – біттім. Космополит, дінсіз, арсыз, ұятсыз, атаусыз боламын деп жар салуым керек пе? Олай емес арабтар келген шағы, жоғарыдағы шежіре бойынша хижраның 150 жылы болса, 770 жылдары болды. Яғни, қазақ хандығы, қазақ мемлекеті бой көтергенінен 450-500 жылдай бұрын. Демек, қазақ деген атқа Арғын – Адай, Үйсін – Қаңлының қатысы қаншалықты болса, Қожаның соншалықты қатысы бар.

Бұл жердегі Ғарифоллаға жақпай тұрған қожа-төре деген сөз. 10 ғасыр бойы қалыптасқан ұғым ғой, қайтесің көнесің де".

С. Саттарұлы Ғ. Есімге ренішін осылай білдіреді

Аллаһ Тағала айтты: *"Расында Аллаһ өзін жоғары санағандарды жақсы көрмейді". "Нахл" 23-аят.*

Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.): *"Кімнің жүрегінде тозаң түйірінің салмағындай тәкаппарлық болса, жаннатқа кірмейді", – деген Муслим.*

Әбу Дардтан, (ради Аллаһу анһу) риуаят етілді. Аллаһтың елшісі, (С.Ғ.С.) айтты: "Кімде-кім бауырының намысын қорғаса,онда Қиямет күні Аллаһ оның бетін тозақ отынан қорғайды." (Ахмад)

Д. Досжанның ұрынбайтын, соқтықпайтын жері жоқ. Бәрін мен білемдіге салады. Ақыл-парасаты мол ауылдың көне көз қариялары мен Шығыс халықтарының, Ресей, Араб, Орталық Азия ғалымдарының жазып қалдырған шындық дерек көздерін көзін жұмып тұрып бұрмалаумен келеді. Әрбір азамат өзі туған жерінің тарихына, өнеріне, әдебиетіне бұлай іштарлықпен қарамас болар. Жоғарыда Д. Досжанның шығармашылығына біраз тоқталдық. Ендігі кезекті сөз халықтың, ел-жұрттың ашу ызасын тудырған,намысына тиетін жазбагердің тарихи деректер бұрмаланған кітабы жайында айтылмақ.

Д.Досжанның 1990 жылы Алматыдағы "Жазушы" баспасынан екі томдық таңдамалы шығармалары жарық көрді. Оған "Жібек жолы" (тарихи роман) мен "Тілегімді бере гөр", "Жолбарыстың сүрлеуі" атты повестері енген. Кітап аттарына адам қызығарлық. Бірақ сауатты оқырман ол кітапты оқып шыққанда көптеген келеңсіз жайларға ұрынады. Кейбір кейіпкерлердің келемежге айналғанын көріп, көңіліңді су сепкендей басасың. Әрине кітап авторының қандай да бір кейіпкерді алып, оны қалай суреттеуіне ешкімнің араласу құқы жоқ болар. Десек те қайбір жазушы болмасын, оның кейіпкерінің тікелей аты-жөні өзгертіліп алынады. Ал тарихи дерек көздерінен пайдаланыла алынған есім не жер атаулары бұрмаланбағаны дұрыс болады. Ол солай да. Бірақ.... Д.Досжан сондай жауапты тақырыпты көтерер түста, көпе-көрінеу өтірік жазуға, не іштарлықтан солай болды екен деген арам ниетпен бұрмалауға құмар. Ол сөйтіп отырып көзі ашық, көңілі ояу оқырманның намысын қорлауға дейін барады. Біздер, оның мысалын "Жібек жолы" романынан үзінділер келтіре отырып, айтып кетпекпіз. Оқиық:

"...Тақ сықыр ете түсті.Хисамелдин ақын селк етіп ойын бөлді. Әмірші де жырақты шарлап кеткен қиялын үзіп, түрікпен (?) кілемнің үстінде малдас құрып күбірлеп "Хикаяларын" оқыған, жас болса да есімі жұрт аузына ерте іліне бастаған сығанақтық ақын Хисамеддинге тігілді." (Д.Досжанов, "Жібек жолы", екі томдық таңдамалы шығармалар, Алматы, "Жазушы" 1990 ж.) Тағы да оқиық:

"Тақ сықырлап кетті. Иланшы Қадырхан алысты шарлаған ойын келте үзіп, қыпшақ кілемінің үстіндегі "Хикаялар" дастанының иесі жас болса да есімі жұрт аузына ерте тараған сығанақтық қыпшақ ақыны Хисамеддинге тігілді. (Д.Досжан. Таңдамалы шығармалар, т.4; – Алматы: "Білім", 2002. – 432 бет). Ары қарай оқиық:

Бір шындық бар: дүниеде өлмейтін – келістіріп қиыстырған ақын сөзі мен адамға істеген жақсылық екен.

– Ділмар бала, құлағым сенде.

Мұнысы "көн кітаптың қалған жағын оқи түс, тыңдауға әзірмін" дегені еді. Хисамелдин Отырар әміршісін емеурінінен ұқты, қос тізесінде зіл болып жатқан жалпақ кітаптың ақ ешкінің терісінен жасаған сақтиян парағын жұмсақ алақанымен сипап, өлгіде үзілген түстан әрі қарай жалғап,

қоңыр мақаммен шежірелей жөнелді. Үні мұншама мұңды, әуенді болар ма. Көрде жатқан өлікті тірілтіп оятардай құдіретті қоңыр ырғақ бірде жақындап, бірде қашықтап құлаққа айтып болмас әуен құяды. (Д. Досжанов, екі томдық таңдамалы шығармалар, Алматы, "Жазушы", 1990 ж)

– Құлағым сенде, ділмар бала!

Бұл оның "көн кітаптың қалған жағын оқи түс, тыңдауға өзірмін" деген қалпытұғын. Хисамиддин әміршіні жылдам ұқты, тізесінде зіл боп жатқан жалпақ кітаптың сақтиян бетін алақанымен асықпай сипап қойып, әлгіде тоқтаған жерінен әрі қарай жалғап қоңыр дауыспен оқып кетті. Үні мақамды, сазды шықты, бейне бәдіктің көне қобызындай кейде қашықтап, кейде жақындап кеп құлаққа жағымды сарын құяды. (Д. Досжан, таңдамалы шығармалар, Т.4; – Алматы: "Білім", 2002. – 432 бет).

Жазушының "Жібек жолына" неге осынша салыстыруларды алға тартып отырмыз. Біріншіден, автор өзінің қай басылымда болса да берген сұхбаттарында өзінің 13-томдық ("Білім" баспасы, Алматы, 2002 ж) таңдамалы шығармаларының ішіндегі сөзсіз сәтті жазылған осы туындысына біраз өзгертулер ("Айғақ" газеті, т.б) енгізгендігін айтумен болғандығында. Оған әрине, оқырман қызығушылық танытады.Алып, ашып бұрын оқып шыққан шығармасына қайта көз салады. Не өзгертіп, не қосты екен дейді. Үміт күтеді. Тәуелсіз Қазақстанда бұрын айтылуға тиіс емес тарихи деректер ғасырлар қойнауынан қаймағы бұзылмай қайта қалқып шықты. Міне, солардың да өз септігі болған шығар, жақсы бір шығарма осындай шындық көздермен толықса, көнеки деген ой да мазалағаны рас. Сөйтсек, Д.Досжан бұрынғы тарихи шындықты бұрмалаумен қоймай, елдің санасында сайрап жатқан тарихи деректерді түбірмен қотарып, өз шығармасын жақсылық атаулыдан жұрдай еткен.

Ұлық Қазақ халқының құрамы түрлі ұлыс, ру, тайпалардан тұратыны белгілі. Ондай бірігу барлық халықтарда болған. Бірақ, сол ұлы халықты топтайтын ру,тайпалардың жерге қоныстануы, мәдениеті, қол өнері, шаруашылығы сияқты ерекшеліктері болған. Соның ішінде тілдік диалекті мен тұрмыс салтында да аздаған болса да айырмашылықтар сезіледі. Тіптен, әр өңірді жайлаған ұлттың ішіндегі рулардың менталитеті бір-бірінен көп болмаса да өзгешеліктері бар. Оны бүгінде жасырудың еш қажеті жоқ.Бірі қала соқ-

ты. Бірі мал бақты. Енді бірі дін таратты. Ендігі бірі би болды. Міне, осының бәрі қазақта болды. Қазақ қазақ болғалы қай заманда да өзара бақталастыққа бармаған. Бірін-бірі жауламаған. Қайта күш біріктіріп, жауға қарсы шығып өз отанын бірге қорғасқан. Бір-бірімен ежелден туыс, құдажекжат, қыз беріп, қыз алысып ішек бауырдай араласып кеткен халық.

Қазақ арасында туыс емес бірде-бір отбасы жоқ десек те болады. Оған көптеп дәлел келтірудің өзі артық.Осылай болса да ара- арасында ішкі қызғаныштан, көре алмаушылықтан, өзім білемінге салып, басқалардың шын ниетті ізгілікті пайым-парасатын тыңдауға құлқы жоқ, туыстар арасына ши жүгіртіп, өзінің жандайшап інілеріне жалған ақылшы боп, ел-елді дүрліктіріп жататын пенделер де өкінішке орай бар арамызда. Оларды халық арасында беделі бар, билік сөзі өтімді, жастарға үлгі ауыл ақсақалдары қаншама ескеркенімен, ауру қалса да әдет қалмайдының кесірінен сол баяғы қыңыр сүрлеумен адасып келе жатқан пенденің бірі Д.Досжан. Осыдан тура 15 жыл бұрын Қызылорда облысы, Жаңақорған аудандық қазақ тілі бөлімінің "Мирас" газетінде кешірім сұраған ол енді келіп, өзінің "Жібек жолы" романындағы басты кейіпкердің бірі өзі жазған Сығанақтық Хисамиддинді "Қыпшақ ақыны" деп 1973 жылы "Жібек жолында" қате жазған дерегін қайталаған. Біздер қыпшақ ру, тайпасына ешқандай да өкпеміз жоқ. Олардың қазақ халқының қалыптасуына сіңірген еңбегіне бір кітап емес мың кітап аздық етеді. Еліміздің тарихындағы Дешті Қыпшақтың өз орны бар. Қаншама атақты адамдар шықты бұл қыпшақ жұртынан.

Хисамиддин сығанақтық тума. Бұл рас. Бірақ ол барлық ескі көне жазбаларда да, бүгінде де Сунақ-Ата аталады. Жоғарыда айтқанымыздай, қыпшақ ағайындар Сунақ-Ата-ны еш заманда біздікі, біздің арғы атамыз деп айтпаған. Олай айту мүмкін де емес. Көрші отырып, өз атасынан көз жазып, Хисамиддинді сунақтарға бере салу шындыққа үйлесе ме?

Қыпшақтар мен Сунаққожалардың да құда-құдандалас екенін ұмытпайық. Жаңақорғанға қанаттас жатқан ауданның бірі Шиелі (Қызылорда облысы) қыпшақтар ең көп қоныстанған жер. Атақты ақын Мұқағали Мақатаев қаһарлы Грозныйға теңеген көрнекті ақын Әбділдә Тәжібаев осы

елдің ұрпағы. Кезінде енші бөлінбеген бір әкенің ұлындай қаз қатар өмір сүрген кездері де болған. Ортақ жауға Шиелі мен Жаңақорған тұсында қарсы тұрған.

"Яссы шаһарының қасында Мысырдан келген қожалар туған елдерінің үлгісімен Сунақ, Жүйнек, қазақ жерінде алғашқы қорғасын қорытылған, тай еті түгелімен сыятын қырық құлағы бар мысқазан құйылған, дін кіндігі Қарнақ тұрғызылған. (139)

Белгілі ақын, жазушы Әбіраш Жәмішев өзінің "Аңыз түбі ақиқат" атты мақаласында (140): ... "Айта берсек, Сыр бойында таусылмас тарих бар, заманалар шаңы басып қалған шежіре мол, шабуылдар қасіреті қан жуттырған қалалар да көп. Саусақтың саласындай қатарласа, жамырай жарыса ағып жатқан өзен-дариялар ше? Қазір солар қайда? Бір ғана Сырдария қалыпты. Бұның өзі де арындап құяр Аралына жете алмай, тұралатар тосқауылдарға ұшырап, сілелеп жатыр. Қалаларды құртқан, дарияларды дәрменнен айырған, арналарды құрғатқан ерсіліқарсылы тынбаған жойқын жорықтар. Әсіресе монғолдар шапқыншылығы бәрін де әп-сәтте тып-типыл ғып жіберген. Отырар алты ай бойғы айқастан күйреп бітті. Сунақ-Қорған (Сунақ-Ата) он күнде ойрандалды. Жент қаласы тоғыз күн бойы тоналды, күмбездеп соққан көк мешіт пен әсем медресе, кітап толы имараттар орнында үйілген күл ғана қалды. Ал Жанкент болса, бұрынғы жаугершілік жарақатынан жазылмай жатқан қалпында топырақ кебін жамылды"... деп жазды.

Әбіраш Жәмішев тек қана бұл мақаласында Сунақ қаласын атамайды (141) Ол: ...Орта Азияға, соның ішінде Мауараннаһрға қазіргі қазақ даласына арабтардың ислам дінінің қай кезде келгендігі жайындағы әңгіменің де ұштығы қылаң ете береді. Академик Б. Ғафуров "Тәжіктер" деген кітабында VII ғасырдың бас кезінде-ақ "Басра мен Көфе шаһарларынан миссионерлік мақсатта 50 мың үйдің осылай қарай әдейі жіберілгенін" айтады. (306–307 беттер). Ал, Сунақтар туралы кейінгі жылдардың өзінде қазақ баспасөзінде бірнеше материал жарияланды. Соның бірі – "Халық кеңесі" газетінің 1991 жылғы наурыз айының 19-ы күнгі нөмірінде жарияланған "Сунақтар кім?" деген материал. Мұнда Сунақтардың қазақ жеріне VII ғасырдың алғашқы жартысында келгені, Сунақ қаласының содан бері мұсылмандар мекені екені ту-

ралы нақпа-нақ айтылған. Демек, кейбіреулердің Сунақ "XII ғасырдан бастап ислам дінін қабыл етті"дейтіні жай сөз. Ал, Исфиджаб пен Фараб өңіріне ислам һижраның 225-жылында (Исаша – 839–40) келген, бұл жерлердің осылай аталуы да содан бері.

Осы автордың мына сөзіне де құлақ түруге болады: "Әбу Мүсілімнің қытай императорына қарсы күресте де үлкен рөл атқарғанын, 751 жыл Талас өзенінің бойында, қазіргі Жамбыл қаласының маңында болған шайқаста қытай империясының әскері быт-шыт болып күйрегенін бүгінгі ұрпаққа бұлжытпай айтып беру де тарихшылар үлесіндегі іс емес пе?

Әрине, Ә. Жәмішев тарихи деректерге сүйеніп жазып отыр. Ақ ниеттен, адалдықтан, ел тарихының жанашыры ретінде.

І. Есенберлинннің "Соңғы жылдар жазбаларынан" (142) мына жазғандары Д. Досжанға қарата айтылғанға ұқсайды. І. Есенберлин "Қызғаншақ пен адам" деген қысқаша түйіндемесінде: "Қызғаншақтық – кең дүниені тар ететін кесел. Өз мінезінен өзі құса болған қайғыдан жаман қайғы жоқ. Ол адамды іштен жегідей жейді. Бір кездегі денелі салмақты жас жігіт, енді күжірейген, қас қабағы түнерген, ашулы кісіге айналады". Сол сияқты көрнекті жазушы "Жазушының қоғамдағы рөлі туралы": "Бұл жерде, әрине, барлық мән жазушының өзінде. Оның бәрі осы өмірде не көрді, ол жайлы не біледі, адамдар туралы ойында не сақталды, қандай үрейден қажыған, оның адамгершілігі қандай, әдептілігі, азаматтық позициясы қандай болса, оның шығармасы да сондай болады", – дейді. (9 март, 1978 ж.)

Қазақстанның Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовпен әңгімеде Көпен Әмірбек мынадай сауал тастады. (143)

Сұрақ: – Сервантестің "жалған ақша жасағандар секілді, жалған тарих жазушыларды да дарға асу керек" деген түбірлі пікірін пір тұтасыз. Шындыққа жанаспайтын "шежіресымақ" шығармалардың бірсыпырасын мерзімдік баспасөз бетінде әшкереледіңіз. "Тарихты тартпақтамай, өмір шындығын бұрмаламай дәл көрсету жағынан,кімнің алдында болсын жүзім жарық, арым таза" дейсіз. "Тарих – үстіне не құйсаң да божып тұра беретін сабадағы іркіт емес екенін" айтасыз. Қандидаттық, докторлық диссертация ғылыми дә-

лел мен дәйекке сүйеніп жазылатыны белгілі. Ал өзіңіздің тарихи романдарыңыздағы кейбір деректер бұрын-соңды ғылыми еңбектерде екшеленбеген. Сонда сіз ешкім естімеген тарихи жәйттерді қайдан аласыз? Әлде, жазушының қиялы ма? Мысалы, сіз суреттеген Сыпатай батырдың Кенесарыны "сатып" кету сарыны елге екіұдай пікір туғызды. Басқасы басқа, дәл бір осы дәйекті суреттегенде не нәрсеге сүйендіңіз?

Жауап: – Тарихи шығарма қиялдан тумайды. Кітаптың шекесіне "тарихи роман" деп қойған соң, тарихи жүлге мен тарихи деректердің ізімен жүріп отыру керек. "Дарабоздағы" Қабанбай батыр туралы деректің бәрін мұрағаттан, тарихи жырлардан, ел аузындағы аңыздан алдым. Жай әшейін фантазияның жемісі емес. Тарихтың бір жерінен саңылау ашылса, жарық түссе, көркемдеп, кестелеп ары қарай өзің алып кетесің.

Білген жаман екен. Тарихи роман жазам деп көп нәрсені ақтардым, көп нәрсені оқыдым, көп нәрсеге көзім жетті. Не анық, не анық емес? Неменесі өтірік, неменесі шындық? Соның бәрін тарих биігінен таразылайсың да, дауға еріксіз араласып кетесің. Тарихта да жағымсыз образдар бар. "Ойбай, анау Пәленбайдың атасы екен, мынау Түгенбайдың көкесі екен, біреуіне тиіп кетпесін" деп тарихи шындықты бұрмаласақ, одан не ұтамыз?

Атасы жоқ адам бола ма? Бәрі де біреудің атасы. Мысалы, Мемлекеттік сыйлық алған "Тағдыр" романымдағы Ысқақ деген жағымсыз кейіпкер менің жақын ағайыным. Оның Демежанға қастық қылғаны өтірік пе? Бәрі де шындық. Сонда деймін-ау, соны туысым екен деп бүркемелеуім керек пе?

Сол сияқты тарихта мүлт кеткен жерлер көп. Мысалы, Сыпатай батырдың Кенесарымен одақтасқаны рас. "Біз сені қолдаймыз!" деп пәленбай мың қол жинап, емексітіп, дәметтіріп, жеме-жемге келгенде Сыпатайдың сырт беріп кеткені тағы рас. Оны сатқындық десең – ауыр. Опасыздық.

Орыстар Кенесарының басына үш мың теңге күміс тіккен. Үш мың күміс сол заманда үш мың қойдың құнымен пара-пар. Үш мың күмістің екі мыңын қырғыз, бір мыңын қазақ алған. Кенесарының басын қоржынға салып, салт атпен шапқылап, Қапалдағы орыс әкімдеріне апарып

берген. Орыстар ол кезде Алматыға жетпеген ғой. Кенесарының басын кімдердің апарып бергені орыс мұрағаттарында жазулы.

Жырау Жамбыл ел қорғаны Сұраншы мен Саурықты қалай дәріптеген? Сыпатайды қалай жерлеген? Өтірік болса өйте ме? Тарихтағы ақиқатты аршып алу оңай емес.

Атам өлсе – өлсін, ақиқат өлмесін. Менің девизім осы...

Қ. Жұмаділов айтқандай тарих фантазиядан тұрмайды, қиялдан жасалмайды, ақиқи дерек көздерінен айқындалады. Нақты шындықпен суреттеледі. Жазылады!

Шындығында, біздер Мұхтар Әуезовтің шығармасынан Әуезов биігін көреміз, Шыңғыс Айтматовтан Айтматов ақылын көреміз. Олжас Сүлейменовтен Сүлейменов шыңын көреміз, Мұхтар Мағауиннен Мағауин маңғаздығын көреміз, Мұхтар Шахановтан Шаханов шындығын көреміз. Дүкенбай Досжаннан қандай төбе көреміз? Бұның себебі соңғы қаламгердің қызғаныш ауруына шалдыққандығы. Болған өмірді, тарихты, қала берді көзі көрген нәрсені жазушы қиялына беріліп кетіппін деп жалған, өтірік жазуында. Оның көркем шығармасын былай қойғанда, тарихи деректерді бұрмалауы, Құдай мен пайғамбарларға тіл тигізуі, сын айтқандарға өзін Дон Кихотпын деп ақталуға тырысуын қалай түсіндіруге болады? Дон Кихоттық емес, дүмшелік. Дүмше Дүкенбай демеске шараң жоқ.

Ол өзінің кітап жазуға қалай келгендігін "Әдебиет айдыны" газетінде (07. 04. 2005 ж) тәптіштеп жазады. "Жазмыштың жазуы" атты мақаласында ол "Лениншіл жас" басылымына дамыл бермей, күн құрғатпай материал жібереді. Ақыры соңында өзі сол редакцияға келеді. Оқимыз: ... "Есік алдында ербиіп тұрған маған қарап:

– Әй, бала, неғып тұрсың? – деді.

– Өлең әкеліп едім сіздерге, – деп күмілжимін.

– Фамилияң кім?

– Досжанов, елден келдім, оқуға түскелі.

– Кім-кім дедің, қайталашы аты-жөніңді!

– Досжанов.

Осы мезет әлгі көзілдіріктінің екі езуі екі құлағына жылжып жүре берді, көзілдірігін түзеді, маңайында шұқшиып отырған жораларына саңқ етіп дауыстап жіберді.

– Әй, қараңдар! Апта сайын өлең жіберіп зықымызды

шығаратын, **шимайдың, шатпақтың королі** келіп тұр. Өз аяғымен! Ойпырмайдың шаршамайтыны-ай!..

... – Әй, бала, сені көтеріп алып бара жатқан қай ақындық! Өзіңе де, жүртқа да маза бермейсің! Қандай сойқан шабыт желпілдетіп әкетіп бар жатқан?! Әкел бермен өлеңіңді, ана көше бұрышындағы сыраханаға бар да ішірет ал! Қазір түскі үзіліске шығамыз да, сыраханада отырып өлеңіңді талқылаймыз!...

Кейінше білдім, әлгі көзілдірікті қара газеттің поэзия бөлімінің меңгерушісі Бекен Әбдіразақов, ал ана көрші үстелдегі жылтыр жалпақ бас боз бала – Қалихан Ысқақов, епетейсіз сорайған ұзынтыра Жүсіп Қадыров екен..."

Д. Досжанның жастайынан жүртқа маза бермейтін әдеті қалыптасқанын осыдан көреміз. *Шимай мен шатпақтың былығы* әлі күнге жалғасып келеді. Жастық шақ пен қазіргі жас айырмашылығы жер мен көктей. Солай болса да Д. Досжанның іштен туа біткен іштарлығы жазылмас дертке айналған. Оның жазуларынан ылғи да бір бұрмалаушылықты көреміз.

Д. Досжан өзінің "Жібек жолы" романында сунақтар жайында аз айтпайды. Ол сол кітапты жазар алдында осы қазақ құрамындағы Сунақ тайпасын зерттемеді деп айта алмаймыз. Зерттеген. Бірақ іш қызғаныштан шындықты бүркемелеп келген. Ол өзінің "Жібек жолы" кітабында (144): Сунақтар салған Сығанақ шаһарының күншығыс бетіндегі әйгілі орын көк кешенге жиналған ақсақалдар...деп анық жазғаны бар. Өзі де Жаңақорған ауданына қарасты Құланшы қыстауында туған. Алайда, өзінің кіндік қаны тамған жерінен жеріліп, Түркістанға жақын жерде, Түркістанда тудым деп жалған ақпарат таратып, жарыққа шыққан кітаптарында солай көрсетуден бір жалықпаған емес. Өткен замандарда Жаңақорған топырағында Әбжәліл баб, Сунақ-Ата (Һисамиддин) т.б ғұламалар өтсе, күні бүгіндер біздің ғана емес, қазақ ұлтының мақтанышына айналған, аты әлемге әйгілі дәрігер, Халық Қаһарманы Мұхтар Әлиев, атақты академиктер Сұлтан Сартаев, Альфред Илялетдинов, Мемлекет қайраткерлері, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңес Президиумының төрағасы болған Исатай Әбдікәрімов, Қазақстанның халық ақыны Манап Көкенов, Қызылорда облысының құрметті азаматы, әйгілі балалар ақыны Адырбек Сопыбеков, тамаша жазушы – журналист Айдархан Бибасаров, Ке-

ңес Одағының Батыры Әнуар Әбутәліпов, Отан соғысының екі рет Даңқ орденінің иегері, танкісі Берлиндегі Бранденбург қақпасы алдындағы постаментте тұрған Айтмағамбет Нақыпов т.б қаншама Еңбек ерлері шыққан қасиетті Жаңақорған топырағынан жиренетіндей Д.Досжан кімнен артық?!

"Сыр бойы" газетінің арнаулы тілшілері Әділхан Айтмағамбетұлы мен Жолдасбек Ақсақалұлы бірінші бетке "Ниеті түзу адамға Алланың нұры жауар" (Сунақ Ата кесенесінің ашылу рәсіміне арналған салтаннаттан) атты мақала жариялады. (145) Онда: "Ежелгі Сунақ даласы күңіреніп өткен тарихымыздың өнегелі істері қайта жаңғырып, халқымыздың бірлігі мен ынтымағы тағы бір жаңа қырынан танылып жатқандай әсерде боласыз. Нарықтың қыспағында келген халқымыз қаншама таршылық болса да ата-баба рухы үшін өздерінің жиған-тергендерін зиярат етуге келгенде таршылық жасап жатқан жоқ. Қоғам қайраткері С.Сартаев өз атынан 100 мың сом, өзбекстандық ағайындар 53 мың сом және 25 шапан, Сунақаталық М. Әсенов 100 мың сомнан қаржы аударғандар жекелеген азаматтар мыңдаған сом қаржылай және заттай көрсетіп жатқан көмектері аз емес" деп жазды.

"Шапағат нұр" журналында Зәкария Тілеуқабыл "Дүние және ақырет бақыты неде"? атты мақаласында: "Раббымыздың біздерге бағындырған нығметтерін адам баласы тек қана еңбегімен пайдалана алады. Мұсылмандарға еңбек маңыздылығын, оның ішінде адал табыс табудың сондай қажет екендігін біздерге Пайғамбарымыз да мына хадистері арқылы хабарлады:

"Халал еңбек ету әр мұсылманға парыз". "Халал табыс табу үшін шыққан адам Жиһадта жүрген кісі тәрізді. Міне бұл хадистер еңбек етудің, оның ішінде адал еңбектің дініміздегі орнын көрсетуге жеткілікті. (146)

Оқырмандарға Д. Досжанның "Жібек жолындағы" Сунақ қаласына қатысты мәтінін келтіре кетейік:

... "Сығанақ та қыпшақтың ескі қаласы. "Туман жазбалары" дейтін көне шежіреде шаһар оныншы ғасырда Сунақ деп аталыпты. Бұл "суы нақ" қоналқы деген ұғымынан шыққан көрінеді. Бертін келе, он бірінші ғасырда бұл қала туралы кезбелер көбірек жазады. Махмуд Қашғаридің "Түркі тілдерінің сөздігі" деген еңбегінде "Сугнак гуздар еліндегі қала" деген түсініктеме бар. Кейіннен өзі білетін араб тарих-

шылары сол Сығанақ пен Отырарды салыстыра дәріптейтінді шығарды. Расында, Сығанақ олардың ұғымынша "қос өзеннің арғы жағындағы (Мавераннахра) елдің тағдырын білдіріп тұратын бірден-бір темірқазық жұлдызы іспетті еді. Шаһарды елшілер мен жаушылар: Дәшті қыпшақтың" екінші шаңырағы, Ұлы Жібек жолының алтын қақпасы деп санады"...

Д.Досжанның алғашқыда ниеті дұрыс болып, кейіннен нілдей бұзылады. Өз жазғандарына қайта-қайта қарсы шығып жүр. Ең басты байқайтынымыз Сунақ атауының "бұрыс" жазылуына себепкер болған М. Қашғари сияқты. Себебі қаланы ол біле тұра түркі тіліне икемдеп, Сугнак деп жазып жіберген. Соны алдыға тартатын жоғарыдағы авторлар дау айта бастады. Біздердің жазуымызда Сунақ та, Сығанақ та тарихта болған қалалар деп жүрміз. Ал жоғарыдағылар бір ғана тоқтамды қалайтын сияқты. Бұл қате пікір. Оның дұрыс еместігі тарихи деректермен дәлелденді.

Д.Досжанның "Жібек жолында" Сығанақты салған Сунақтар, Сығанақтың ежелгі тұрғындары деген жолдарын жасырып қалып отыр. Біздер айтар едік: Тарихта екі атау да болған. Оған ешқандай талас тумауы керек. Ремезовтың картасында Суна(К) мен Сығнақ қатар түскен. Екеуі де жапсарлас қалалар болған. Жаңақорғанның да түрлі –Дінқорған, Ордакент, Шымқорған сияқты атаумен аталғаны халыққа белгілі болған. Сол сияқты жоғарыдағы екі қала да заман ағымына қарай аталғандығын жасырудың қажеті жоқ. Картадан көргендеріңіздей Сунақ атауы Суна (к) болып та жазылған. Сунақтардың Сунна жолын ұстанғанының өзі осы атаудан көрініп тұр. Кейін Сунақ атауының өзгеріске ұшырауына байланысты Сунақтан шыққан атақты адамдары мен алламалары (ғұламалар) Сығнақи деген аттармен жүртшылыққа кеңінен мәлім болған. Оны өздеріңіз де жоғарыдағы Сунақтардың ата тек кестесінен көрдіңіздер.

Д.Досжан неге тарихи шындықты бұрмалайды? Оған тағы да дәлел ретінде "Жібек жолынан" бірнеше жолдарды келтіре кетелік.

... "Мына момақан мінез монтаны бала Хисамеддин. Інжу өзенінің төменгі сағасында жатқан іргелі Сығанақ қаласының тумасы. Ақ шаңдақ көшесінде жалаң аяқ жүгіріп өсті, құжынаған қан базарында шәугіммен бұлақ суын сатты, көне медреседе масадай мазасыз молдадан сабақ алды, өзге құрбылары күні бойы ит қуып, асық ойнаса, бұл қара көлеңке құжыра түкпірінде бүгіліп кітапқа шұшиды. Келе-

келе ғұламалар құзырына бас иді. Сауатын ашып, дүниеге көкірек көзімен қарауға үйренісімен-ақ "шұқыншақ ақын" аталып, қағаз бетін қауырсынмен шиқылдатып жыр жазды. Келе-келе "аузына Қорқыт абыз түкірген жыршы аталды. Бір жарым мүшелге шыққан мына жасында әлі сүтке тоймаған торпақтай денесі шағын, сүйегі қата қоймаған. Үкінің жүніндей түбіт мұртқа ұстара тимепті. Маңдайы дөңес, мұрны имек, беті үш бұрышты сопақша, ілуде болмаса, кісі жүзіне тіктеп қарамайды. Қазір де тұғырына қонған ителгіше имиіп бейне жонын күнге беріп, жемсауын толтырып мүлгіп-қалғыған түз тағысы бала бүркітке келетіндей ғой. Сәлдесінің ұшымен самайынан сорғалап аққан терді тағы сүртті. Әмірші ішінен түлен түрткен адамша мырс етіп күліп жіберді, дүр сілкінгендей қопарыла қозғалып, қос алақанын шарт ұрды.

Астыңа сәйгүлік мінгізіп, қолыңа сұңқар қондырамын. Осы Отырарда, Күмбез Сарайда қал, көн кітапты тамам-дайсың әлі!

Ақын баланың бетіне ду етіп қызыл бояу жүгірді, жанарын тізесінің басынан көтерді. Мойынсұнғаны – мұның райына жығылғаны деп ойлаған жоқ, сыңар шекелеп басын қисайтып ойланып қалыпты; мұндай да дәті мықты, төзімі темір адам болады екен-ау деп қайран қалған әмірші..."

Д.Досжанның бұл суреттеуінен Хисамиддиннің түрінің, бет әлпетінің, мұрнының имектігі бәрі қорыта айтқанда Сунақ пішініне келеді. Сунақтардың этногенезі мен шығу тегін зерттеген ғалымдар осындай пікірде болған. Олардың өмір сүріп жатқан қазіргі кездегі ұрпақтары да осындай үш бұрышты сопақша, араб бейнелі боп келетіні баршаға белгілі. Ол жайында көрнекті ақын Сырбай Мәуленов:

Сығанақтың ұрпағы,
Жақсыдан қалған жұрнақтар,
Сұлу келген пішімі,
Мұнда бар сұлу, Сунақтар –

деп бір кезде жырлаған.

Сунақ тарихына қатысты шындықты аса көрнекті ақын, біртуар қазақ қызы Фариза Оңғарсынованың мына өлең жолдарынан да біле аламыз:

Сунақтың жері жұмақ тал-бағы,
Перзенті періштедей, дара бәрі
Жаны мен тәні таза мұндай ұрпақ.
Тек қана құштарлықтан жаралады.

Сейіліп көңілдегі көп күдігім,
Менің де шаттанатын жетті күнім.
Осында көргендеймін, даламыздың
Ертегі, сұлулығын, тектілігін!

Осы ретте айта кететін бір жайт – жазушы Дүкенбай Досжановтың "Жібек Жолы" романының кейіпкері Хисамиддин ақын да осы Сығанақта туып, сонда ғұмыр кешкен. Д. Досжанның ол жайлы баяндайтын тұсына көз жүгіртсек: "Осы Хисамиддин Інжудің (Сырдарияның) төменгі сағасына орын тепкен Сығанақ шаһарының тумасы.....Ғұламалар құзырына бас иген. Араб қарпін үйренісімен қауырсын қаламмен қағаз бетін шықылдатып жыр жазды, бүгінде ел аузына есімі ілінген. Қазір бір жарым мүшел жаста, сүтке тоймаған денесі балғын, сүйегі қата қоймаған әлі... Бұл хижраша алты жүз он төртінші жылдың раби-ахир айы, қазақша сиыр жылының көкек айы, жаңаша, күн календары бойынша мың екі жүз он жетінші жылдың сәуір айы..." деген жолдарды оқимыз.

Бірақ біз сөз еткен сығанақтық ғалым Дүкенбай Досжанов романындағы ақын Хисамиддиннен тоқсан жылдан кейін дүниеден өткен.

Ас-Сығынақидің Халебте қайтыс болып, сонда жерленгенімен Түркістан-Отырар жамағатының аңыз, әңгімелерінде (Мысырды билеген сұлтан Бейбарысты да туған жеріне қайтып оралып, ата жұртында көз жұмған дейтіні сияқты) сығанақтықтар ас-Сығанақиды осы ғасырдың басына дейін Сығанақта қайтыс болып, осында жерлеген деп санайтыны жайлы А.Ю. Якубовский де дұрыс айтқан (147)

Әбсаттар Дербісалиев өзінің осы кітабында Хусам-ад-Дин ас-Сығынақи, Дәруіш Әли ас-Сығынақи, Молла имам ас-Сығынақи, Қамал ад-Дин ас-Сығынақи, Шайдай шайқы Сығнақи сияқты әлем мәдениетінің алтын қорына үлес қоспаса да, халқының тарихында елеулі із қалдырған Сығынақ перзенттері аз емес. Оларды тауып, шығармаларын ғасырлар шаңынан арылтып, жарқыратып көрсету, бүгінгі ұрпақпен қайта қауыштыру – үлкен парыз, – деп жазады.

Енді, бұ есімдер кім? Қай атаның балалары деген Ә. Дербісалиевтың айтқанындай сауалға жауапты Сунақтардың ата-тегінен іздестіріп көрелік. Бұл аттарға байланысты Ақсақ Темірдің хатынан да оқып біле аламыз.

СУНАҚТАРДЫҢ ТҮПКІ ШЫҒУ ТЕГІ

Сунақтар Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тарайды. Әбу Бәкір ас-Сыддық (аса әділ) деген атқа ие болған. Мұсылмандар қауымының бірінші халифы. Мұхаммедтің (С.F.С.) әйелі Айшаның әкесі. Меккелік белгілі көпес отбасынан шыққан. Айша бүкіл мұсылмандар халқының анасы саналған.

Әбу Бәкір ас-Сыддықтың руы Таим. Мұхаммедпен (С.F.С.) тайпалас. Курайш (Құрайшын) тайпасынан.

Әбу Бәкір ас-Сыддық (573–634) ..... Бұдан:
Әбділла Сұлтан Мұхаммад ..... Бұдан:
Әзірет-Ақсұлтан ..... Бұдан:
Сұлтан Қасым ..... Бұдан:
Сұлтан Кәһап ..... Бұдан:
Сұлтан Мәуліт ..... Бұдан:
Мүлки-ша ..... Бұдан:
Шабур-Мәлік ..... Бұдан:
Сүлеймен-Мәлік ..... Бұдан:
Мансұр-Мәлік ..... Бұдан:
Піржан-Мәлік ..... Бұдан:
Әбділ-Мәлік ..... Бұдан:
Қайсар-Мәлік ..... Бұдан:
Қаюм-Мәлік ..... Бұдан:
Әбділла-Мәлік ..... Бұдан:

Һисамиддин (Сунақ-Ата) (1132–1199)




Мавлуд Шайх
Урен Шайх
Азизхан Шайх
Заманында ғұлама әрі ірі Шайх еді
Абдулла Шайх
Дарвишали Шайх Сығанақи
Әмір Темір көреген кезінде өмір сүрген (1336–1405 жылдары)
Бузрук Шайх
Сүйіндік Шайх-лақап аты Муйзади Ата баһадүр
Бұл кісі батыр болған. Жаңабекпен екеуі қаршы, құзар, қаракөл соғыстарын бастайды. Самарқандпен соғыспай оны алады.
Хужум Малик Сығанақи-Хаварнок Шайх
Шайдо Шайх
Абдулло Шайх
Сайд Ахмад Куши
Мавлоно Бурхан Шайх Сығанақи-Күйіндік Ата
Мавлоно Мухаммад Шайх Сығанақи
Мавлоно Азизхан Шайх
Абдусаттар Шайх
Абдуғаффар Шайх
Абдусамит Шайх Сығанақи
Улми Муслимай
Малик Шах Хожа-Сығанақи мәртебелі
Абдуразақ Хожа
Абдулақат Хожа-лақап аты Баба Салық Ата
Абдулқадир Шайх
Абдусамад Шайх


Абдулғани Шайх
Баенкулхан мәртебелі
Қадирберді Хожа
Абулжаббар Шайх
Нурулла Шайх (Аташхан, Темірхан)
Нуралыхан Шайх
Абулазиз Шайх
Аташхан Азиз
Темирхан
Әмір Шахмурадтың (1785–1800 жылдары) кезінде өмір сүрген
Алихан мәртебелі (біздің шежіреде Әлібай делінген)
Хожахан мәртебелі (біздің шежіреде Бұлан делінген)
Найманхан мәртебелі (біздің шежіреде Найман делінген)
Девонахан мәртебелі (біздің шежіреде Дуана делінген)
Бабахон мәртебелі (біздің шежіреде Баба делінген)
Алихан жақсы ниетті адам еді. Расул (С.F.С.) айтқан екен, діншілердің жақсы ниеттері олардың жақсы жақтарының белгісі еді.
2 шумақ өлең:
Құдайым сен ниеттерімді алдын ала білесің
Жақсы ниеттерімнің орындалуына мүмкіндік жарат.
Бұл үрпақтар Әмір Хайдар заманында өмір сүрген (1800-1826 жылдары) басқарған.
Өтехан мәртебелі (біздің шежіреде Өте делінген)
қыздары: Марваридай, Фатимаой
Доруламан Шайх (бізде Дархан)
Бөкен Шайх (бізде Бөкен)
Халқон Шайх (бізде Құланшы)
Құлмұхаммед Азиз мәртебелі (бізде Құланбай)
Құдайқұл Шайх мәртебелі (бізде Құдайқұл)
Бұлар Насуроллахан өмірдің (1826–1860 жылдары) кезінде өмір сүрген.
* * * (бізде Төребай)
қыздары: * * *, Тиллаой
Құдайқұлдан 6 ұл, 3 қыз деп көрсеткен
Біздің шежіреде 1 ұлы бар деп көрсеткен
Құдайқұл мәртебелі, әділ және құдайға құлшылық еткен адам болып, әмір Насірулла заманында жасаған. 2-шумақ өлең:
Сені таныған адам лауазымды не қылсын,
Перзент пен әйел және байлықты не қылсын.
Бұл кісі сол кездегі әмірмен өмірінің ақырына дейін дос болып қалуға анттасқан еді. Бұл 1826–1860 жылдар аралығында болған.


Янгихон Софы (бізде Жаңабай)
Абдусамад Шайх
Аймухаммад
Мухаммад Али
Эрмухаммедхан
Құлжанхан
қыздары: Биби Айша, Биби Муслима, Ұлжа
Умархон (біздің шежіреде Омар)
Усмахон (біздің шежіреде Оспан)
Бакирхон (біздің шежіреде Бәкір)
Назархон (біздің шежіреде Назар)
Тәшімхон (біздің шежіреде Тәшім)
Шілтехон (біздің шежіреде Шілтен)
Әйімхан (біздің шежіреде Әйімбет)
Дурмахан
Құлмахан
қыздары: Әйгерім, Гүлсім, *********
Умарханнан (Омардан) 4 ұл, 6 қыз тарайды
Домулла Гүлмұхаммад Маликхан (бізде Гүлімбет)
Тағай, *****, ******
қыздары: Әйгерім, Айпан, ****

Гүлімбет шамамен 1885–1890 жылдары мұсылман дінін оқып білім алу үшін Бұхарадағы медреседен жоғары мағлұмат алып, Қызылорда, Ақтөбе облысы көлеміндегі елді мекендегі халыққа, мұсылман дінін уағыздап, әділ шешім қабылдап отырған. Басқа діннің құлы болған күнәһар қателікке жол қойған бишара пенделерді мұсылмандық жолға салған. Жағдайы төмен кемтарларға үнемі көмек беріп келген. Өзі дүниеге қызықпайтын құдайдың ақ жолына түскен, Мұхаммед пайғамбардың артына қалдырған хадистері мен өсиеттерін елге ерінбей жеткізген пенде еді. Оған сол кездегі мұсылман қауымы осындай еңбегіне риза болып "Гүлімбет" деген есіміне Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.F.С.)-нің Мұхаммед деген атын қосып "Домулла Гүлмұхаммед" деп ел арасында атап кеткен. Қажы Абжаппар ұлы Мәнсүр молланың (96-жасында марқұм болған) әңгімесінен естіген едік.

Һисамиддин (Сунақ-Ата) баба туралы Ташкенттен табылған 1785–1885 жыл аралығында бірнеше әмірлердің өздерінің мөрін басып куәландырылған парсы тілінде жазылған шежіресіне сүйенсек мына төмендегідей құнды мәліметтердің куәсі боласыздар:

Хазірет Сұлтан ул-орифин Қожа Ахмет Йасауи

ұлы – Абдурасл Хожа, лақап аты Ибраһим

Бірінші қызы – Жәмила Хушноч

Екінші қызы – Хушноч Ойим – лақап аты Гауһар ана

Хазірет Сұлтан ул-орифин Қожа Ахмет Йасауидің екі қызының күйеулері

↓

Хазірет Али Аббос – Жамила Хошночқа үйленген

Һусамиддин Сығанақидың ұлы – Сүлеймен-Мәулене (Абу Сулаймон Вали Хожа-лақап аты Али Хожа Ата) Қожа Ахмет Йасауидің қызы – Хушноч Ойимға (Гауһар ана) үйленген.

Мавлоно Зияддин Хожа Сығанақи (әл-Хусейн бин Әли Хожа бин Хусамиддин)

Бұл шежіре Хазірет патша Бұхар әмірі Насрулланың (1826–1860) қатысуымен өз заманының ғұламалары мен лауазымды адамдары, Имамдармен мөр иеленушілердің кеңестерін есепке алып жаздырып, өзі бекіткен.

Жоғарыда парсы тілінен аударылған шежіреге, енді С.Құдияровтың шежіресі және одан қалып қойған адамдарға қосып, жалғасы етіп мына төмендегі азаматтарын енгізуді жөн көрдік. Оның себебі: біздің жеті атамыз, Һисамиддин (Сунақ-Ата) бабадан бізге дейінгі ата-бабаларымыздың ұрпағынан тарайтындығымыз анық дәлелденіп көрсетілген.

Енді біздің атамыздан (Жаңабайдан) тараған ұрпақтардың шежіресі:

Софы Жаңабайдың

Бірінші ұлының ұрпақтары

- Омархан – 4 ұл, 6 қыз болған
- Домулла Гүлмұхаммад Малихан
- Тағай, **, 2 ұлының аты көрсетілмеген
- қыздары: Әйгерім, Айпан, **** 4 аты көрсетілмеген
- Абдулахан-одан: Нихаммеддин Нәсір, қыздары: Гүлістан, Айымратша
- Абілхан – ұрпақ жоқ
- Мәлік – одан Қадірберген
- Сейфуллахан – одан Ораз, қыздары: Гүлжан Гүлістан.
- қыздары: Зүбайра, Масумә
- Нәсіреддин-Нәсір – ұлдары: Эмиль, Валихан, Әлихан, қыздары: Гүлнәр, Айгүл

Софы Жаңабайдың

Екінші ұлы

- Оспан – одан: Тұрсыматәләм, Момыхан
- Кейінгі ұрпақтар С.Құдияровтың шежіресінде

Тұрсыматәләм Түркістан мен Алматы аралығындағы елдерге мұсылмандықты тарату жұмыстарымен айналысқан және құнды еңбектер жазған. Гүлмұхаммедпен замандас туысқан

Үшінші ұлы

- Әйімбет



Қарақожаұлы Шаһизындадан тарағандар 6 ұл, 4 қыз

1. Сүйіндік 1963 ж.т. – одан: Расул, Олжас Фараби, Әділет, қызы: Эльмира
2. Жақсылық 1968 ж.т. – одан қызы: Жайна
3. Амандық 1970 ж.т. – одан: Рамазан, Саламат, қыздары: Фариза, Нұрайым
4. Бейбіт 1972 ж.т. – одан: Исамеддин, Сұлтанмұрат
5. Орман 1975 ж.т. – одан: Нұрулла, қызы: Назерке
6. Нұржан 1976 ж.т. – одан қыздары: Гүлнұр, Аружан, Үлжан.
7. 4 қызы: Ботагөз, Камира, Бақтыгүл, Рысты

Қарақожаұлы Файзулладан тарағандар 4 ұл, 2 қыз

1. Ораз 1966 ж.т. – одан: Шыңғысхан, Абылайхан, Уәлихан, қызы: Еркемай
2. Әбдіғани 1971 ж.т. – одан: Азамат, Азат, Әрсен
3. Нұрғали 1973 ж.т. – одан: Алмат, қыздары: Қарлығаш, Азиза
4. Ерғали 1979 ж.т. – одан Арлан
5. 2 қызы: Гүлмира, Ғазиза

Қарақожаұлы Қуандықтан тарағандар 2 ұл, 3 қыз

1. Нұрман 1975 ж.т. – одан ұлы Әділ, қызы: Аяна
2. Ержан 1978 ж.т.
3. 3 қызы: Аягөз, Айгүл, Балжан

Қуандық көп жылдар Жаңақорған аудандық дәріхананың басшысы қызметін атқарып, ауданды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп отырған. ҚР денсаулық ісінің үздігі

Қарақожаұлы Ниятолладан тарағандар 1 ұл, 2 қыз

1. Нұрлан 1973 ж.т. – одан Асыл, қызы: Закира
2. 2 қызы: Ардақ, Айғаныс

Ниятолла – ғалым, агроном, ауданда а/ш-на басшылық жасаған. "Түгіскен" тұқым шаруашылығын басқарып облыс шаруашылықтарын күріш дақылының "Маржан" сортымен қамтамасыз етіп отырған.

Һисамиддин (Сунақата) (1132–1199)



АТАШ АТАЛАРЫ



Зиядин Мәулене → Мәуліт Шайық → Сайд-Әмәт Көшкі → Саражан Шайық → Сүйіндіката → Сұлтан → Бақыр → Баянбай → Найманбай → Тәңіркұл → Қадыркұл → Құдайқұл → Нұрмахаммет.



СИЫҚ АТАЛАРЫ



Әбіл Әзиз → Әзизан Шайық (Дәрушәлі) → Көксиық →
→ Абзал Шайық → .... → Абдол Шайық
→ Шайым Шайық
→ Дана Шайық → Адна Шайық



БЕССАРЫ АТАЛАРЫ



Зиядин Мәулене → Мәулет Шайық → Сайд-Әмәт
Көшки → Саражан Шайық → Сүйіндіката
Сұлтан → Бақыр → Баянбай → Найманбай
Төңіркұл → Қадыркұл → Құдайқұл →
Нұрмахаммет



ҚАЙҒАҚТЫҚ АТАЛАРЫ



Зиядин Мәулене → Мәулет Шайық →
1. Бүзірік Қожа
2. Сүйіндіката → Ұжыммәлік → Шайдажы Шайық →
Сейдахмет Көшкі → Брян Шайық → Мәһәммәт Шайық →
Мамут Шайық → Әбділлә Шайық →
1. Махмұтхан
2. Мұрат Шайық → Қиғақ Шайық

ҚАЛМЫРЗА-ТОҚПАН АТАЛАРЫ

1. Сунақата

2. Сулеймен Мәулене

3. Әбіл Әзиз 3. Әһмат ата Қарашки 3. Зиядин Мәулене

Әһмат ата Карашки → Әбдірахман → Жаубасар →
Құдайке → Қосай → Тоқтамыс → Байбол →
Атанша → Жұлдыз → Қадыр → Сәдуақас →
Олжабай → Сайтмаһаммат

Сайтмаһаматтан

Құрбанбай Андабай

Андабайдан

Айтмаһамбет Қалмаһанбет

Нұрмаһамбет

Айтмаһамбеттен

18. Қалмырза 18. Тайман
********** **********

НҰРБАЙ АТАЛАРЫ

1. Сунақата

2. Сулеймен Мәулене

3. Әбіл Әзиз 3. Әһмат ата Қарашки 3. Зиядин Мәулене

Зиядин Мәулене _____ Мәуліт-Шайық

Сүйіндіката Бүзірік Қожа

Сүйіндіката → Ұжыммәлік → Шайдажы Шайық
→ Сейдахмет Көшкі → Брян Шайық →
→ Маһаммат Шайық → Мамұт Шайық →
→ Әбділла Шайық

Әбділла Шайық

Мұрат Шайық Махмұтхан

Махмұтханнан → Мақсұтхан → Әбділахан → Әбділла →
→ Әзизхан → Әбдуәліхан → Әбдішүкір →
→ Бердішүкір

20. Нұрбай

Осындай хронологиялық тәртіппен Сунақтардың Сиық, Бессары мен Аташ, Қайғақтық, Қалмырза – Тоқпан аталарының кез келген ұрпағын таратып беруге болады. Ол Скендір Құдияровтың "Сунақ шежіресі" атты кітабының "Әбу Бәкір Сыддықтан Сунақатаға Сунақатадан бізге дейін" атты тарауында толық берілген. (148) Біздің қолымыздағы кітап ондай ауқымды таратылған барлық аталардың шежіресін толық беруге міндет етпегендіктен тек "көрмес түйені де көрместерге" дәлел үшін ғана жоғарыдағы Аташхан (Аташ) аталарын ғана хронологиялық тәртіппен көрсетіп отырмыз. Тарихты бұрмалаушы жалақорларға бұл аз болса осы жолдың авторы Шайх-Асан Құрайшын ас-Сунна (Асан Сарқұлов) аталарын шежіре бойынша тарқатып берелік.

Һиссамиддиннің (Сунақ Ата) Араб халифы Әбу Бәкір ас-Сыддықтан кейін он алты атадан қосылатынын жоғарыдағы тәртіптен көрдіңіздер. Енді одан бергі Қалмырза – Тоқпан аталарына дейінгі және одан кейінгі үрпақты таныстырайық.

Сунақ-Ата (Һисамиддин) одан Сүлеймен Мәулене, одан Әбіл Азиз, одан Аһмат Ата Карашки, одан Қосай, одан Тоқтамыс, одан Байбол би, одан Атанша, одан Жүлдыз, одан Қадыр, одан Садуақас, одан Сайтмаһаммат, одан Құрбанбай мен Андабай, Андабайдан Айтмаһаммет, Нұрмаһаммет, Қалмаһаммет, Айтмаһамметтен Қалмырза, одан Тоқпан, Орынбай, Қонақбай, Елкелді, Байтелі, Тоқпаннан Сасықбай, Жақсыбай, Нысанбай, Сарыбай, Асқар, Сансызбай, Қаражан, Жүніс, Жүсіп, Нысанбайдан Шыңғыс, Тыным, Наурызәлі, Әлеусе, Ишан, Шыңғыстан Сарқұл, Мыңбай, Сарқұлдан Тәжи, Жанзақ, Тәжібай, Ісмат, Досмат, Қалмет, Исабек, Қалметтен Кенжебек, Кенжебектен Құрбанай (Құрбаш), Асан-Шайық, Есен, Еркін, Құрбанайдан Ахан, Дастан, Есеннен Ассамаддин, Мұхаммад, Абдул-Ахад, Ибраһим, Шайх-Асаннан Абдуллаһ ас-Суннаһ, Еркіннен Әбіл, Али.

Көзі ашық, көкірегі ояу, шындықты сүйер адамға осының өзі жеткілікті ғой деп ойлаймыз. Ешбір ру не тайпа шығу тегін аспаннан алмайды, ойдан шығармайды. Осы күнге дейін Аллаһ Тағаланы танымайтын соңғы Пайғамбарымыз Мұхаммад (С.Ғ.С.) мойындамайтын, мұсылман еместігін мақтан тұтатын (Д. Досжан, Х. Тұрсын, Б. Айсынов, Ә. Әбіласанов, Байбота Серікбай Қошым Ноғай) Қожа, Сунақтардың арабтан тарайтынын көрер көзге бұрмалап жазып әлек болуда. Д.Досжан Қызылорда облыстық "Ленин жолы" газетіне жариялаған "Қоңыраулы керуен жолдың үстіндеміз" атты мақаласының шу шығаратындай жолдары бар. (149) Ол өзінің сол мақаласында Сыр бойына қатысты біраз деректерді алдыға тартқансымақ болады. Бірақ өзі "бәзбір" деп менсінбей атап отырған автор Жамил Ержанов тарихи фактілерді бұлақтан көзін ашып, басылымдарда айтып қойған болатын. Ол тарихи шындықты бұрмалаған жоқ. Басқа ру, тайпалардың не жекелеген адамдардың атына ешқандай тіл тигізген де жоқ. Тек қана Сунақ қаласына қатысты деректерді келтірді. Ж. Ержановтың жазғандарының бәрі, тағы да қайталап айтамыз, барлығы да шындық, бұлтармас фактілер еді.

Оның айтып, жазып отырғандары да тарих деректе үлкен ғылымның құжаттарынның барлығында тайға таңба басқан-

дай етіп жазылған. Бірақ өкінішке қарай, бұл құжаттар толық зерттеліп, халыққа, ел-жұртқа айтылмай жасырылып келген. Заман солай болған. Міне, сол тарихи фактілерді қуана-қуана жұртшылыққа таныстырудың орнына "іштарлықтан" "есірліктен", "кесірліктен" шындықты жасырып, өз халқына, өзінің туған жеріне, құда-құдандалас бауырларына, тіптен... айтпаған сөздері, жазбаған басылымдары қалмаған "ұят" қылық жасаушыларға еңбектеген баладан, еңкейген көріге дейін реніш білдірді. Тіптен, сол "жазғыш" ағайындардың бірі Сунақ руын жамандап, тұмсығының алдындағы тарихи фактілерді (Бартольд, Лерх, Якубовский, Смирнов т.б.жазып қалдырған) көзі тұманданып, көрмегенсіп, білмегенсіп, білгенін айтса Сунақтардың аты озып кетеді деген "арамдықтан" бұрмалап жазып шыққан. Бұлардың бәрі кезінде өшкере болды да. Алайда олар түрлі газет, журнал беттерінде қалып қойған соң, Сунақ руына теріс пікір тудырушылардың "теріс" әрекеттерін халық білсін, ұлы қазақ тарихы бұрмаланбасын, шындық айтылсын деп қолға қалам алдым.

Әрбір қазақстандық патриот өзінің тарихын білуді туған жерден бастауы шындық. Туған жерден, туған елден, артық бұл дүниеде ештеңе жоқ. Өзінің туған Отанын сүймейтін адамдарды "сатқын" деген ең ауыр жазаға бұйырған. Біз өз елімізді, отанымызды, халқымызды сүю үшін, шыншыл патриот болуымыз керек. Сол себептен де өзіміздің халыққа жетпей жатқан жәдігерлерімізді ғасырлыр қойнауларынан аршып алып, болашақ ұрпаққа табыстауымыз керек. Ә. Жәмішев, Ж. Ержанов, М.Тынышпаев, Бүркітбай Аяған, Манап Көкенов, Әмір қожа Мәжитов, тағы басқаларының Сунақтар туралы, Сунақ қаласының тарихы жайында айтқандарын халық жадында сақтау қажет. Ол турасында алғашқы тарихи еңбектерінде Д. Досжан да өзінің "Жібек жолында" Сығанақты ертеректе парсылық Туман жазбаларында (Сунах) деп жазғандығын мойындаған. Жоғарыда айтқанымыздай, Сығанақты салған Сунақтар деген деректер келтірген.

Ал кейінгі кезде Д.Досжан өз жазған шындық көз деректерінен "айнып" қалып, жұртты адастырмақ ниетте дүркін-дүркін мақалалар жазды. Ол жоғарыдағы мақаласында былай дейді: ... "XX ғасырдың басында арнайы зерттеу жүргізген академик А.Ю. Якубовский "қаланың шығыс бетінде үлкенді-кішілі екі сарайдың қалдығы көрініп жата-

тын, егер кіші сарайды әйгілі Хисамиддин Сығанақидің қабірі дейтін болсақ, батыс беттегі үлкен сарайды Ханака қонақ үйі деп қарағанымыз жөн" деп болжам айтады. Қолымызда сақталған Убайдуллаханның шежіре дәптері бар. Убайдуллахан 1544–1634 жылдары өмір сүрген. Сол дәптерде мынадай деректер бар:

"Осы кіші күмбезді сарайда әл-Сығнақи ақын (Д. Досжан араб тілін білмегендіктен ас-Сығнақиды әл-Сығнақи деп жазған – А.С.) жерленген. Жергілікті халық ақынды әулие тұтып, басына құрбандық шалған, садақа берген... бертін келе ол әулиенің атын Сунақата деп атап кетті".

Мінекей, XIV ғасырда өмір сүріп, әдебиет әлеміне "Дастандар" атты (Д. Досжан бұл жерде де қате жазып отыр. Өзінің "Жібек жолы" кітабында" "Хикая" жазды деп сайраған.

Ал шын мәнінде ол ақынның аты Әл Хусейн бин Әли Қожа-Ата бин Хусамиддин, лақап аты – Хусамиддин ("Діннің қылышы") Қожа Ахмет Йасауидің имамы Һисамиддиннің (Сунақата) баласы Әбу Сүлеймен Мәуленнің ұлы. Ол бабасы Сунақата-Һисамиддинен 110 жылдай кейін өмір сүрген, "Нихая" мен "Хидоя" кітаптарына ол талдау жасаған – А.С.).

..."Жыр кітабын қалдырған үлкен ақынның жылдар өте Хисамиддин есімі ұмытылып, жергілікті егінші қауым "Сунақата"деп кеткені мәлім болды" "...Сынғақ", "Сығанақ", "Сунақата" ұғымдарының түп тамыры бір. Осы арада айта кететін тағы бір жайт: Сырдария бойын мекендеген халықтың ішінде қазақтың "сунақ" деп аталатын руы бар. Базбір авторлар осы сунақ руын қожадан шыққан, араб миссионерлері болады" деп дәлелдегісі келеді. Бұл тарихты білмеуден туған жаңсақ ұғым. Сунақ руы – сиық, аташ, қайғақтық, қалмырза – тоқпан және бессары деген бес атадан құралады. Аташ-Сығанақ қаласының зергер, қолөнерші, ұста отырықшыларының бізге жеткен бір бұтағы, қайғақтық – Сығанақ маңындағы жер атын иемденген диқаншылар әулеті, қалмырза – тоқпан – кіші жүздің Әлім руынан отырықшыға айналған бір тармағы, сиық-қыпшақтан үзілген отырықшылар, ал бессары руы қалмырзадан тараған түсі сары, орысқа ұқсаған бес ұлының аты болады. Қорыта айтқанда, Сунақтар – Сығанақ қаласынан тараған, қала қирап, бүлініп өлі орынға айналған кезде іргедегі Сырдарияның жағасына барып орнаған отырықшы қалалықтар. Бір сөзбен айтқанда: бес ғасырдық тарихы бар үлкен қаладан шыққан

қазақ отырықшылары, құрама ру-ұлыстары" деп Д.Досжан ойына келгенін бұрмалай салған.

Д. Досжан тағы да фактіні бұрмалап, өтірік жазып отыр. "Жібек жолы" кітабындағы 81-ші бетінде ол: "Сунақтар салған Сығанақ шаһарының күншығыс бетіндегі әйгілі орын Көккешенге жиналған ақсақалдар әуелі Жалаңаш әулиені тыңдады" деп жазғанын есінен шығарып алған А.С.). Д.Досжан Сунақтардың Сығанақты салғанын әлдеқашан мойындап қойған. Бірақ бүгін келіп, екі сөйлеп отыр.

Д.Досжанның бұл жазғандары да шылғи өтірік. Әрі ру арасына, туған-туыстар ішіне ши жүгірту ғана. Аташ (Аташхан) Сунақатаның ұлы Сүлеймен Мәулененің үшінші ұлынан тарайды. Қайғақтық (Қиғақ Шайық) Мәулене Сүлейменнің екінші ұлы.

Ал көзір Д. Досжанға екі-ақ дәлелмен "өтірік" жазғанын мойнына қоюға тура келеді.

1. Хисамиддин аты ұмытылып, Сунақата аталып кетті дегені барып тұрған жалған сөз. Бүгінгі күні оның аты тек қана Сунақ руларында кездеседі. Һисамилдин, Асамалдин, Хусамилдин аттарын әлі күнге құрмет тұтып, өздерінің кейінгі ұрпақтарын баба атын сақтап қалу үшін солай атап келеді. Тіптен, ғұлама бабалары жазған "Һидая" атты кітаптың атымен аталған Ідая деген (қазақша осылай жазылып жүр) атақты батыр ағалары дүниеден өткен. Ол кезінде Мұстафа Шоқайды қанішер қызыл болыневиктерден қорғап, аман алып қалған. Ол жайында Әбу Тұрсынбаев "Батыр ұрпағы" атты кітап та жазды. (150) Бұл туралы кітап барысында толыққанды айтатын боламыз.

Біздің жоғарыдағы орыстардың академик зерттеуші, тарихшы ғалым авторларының (Бартольд, Якубовский, Лерх, Смирнов т.б) жазбаларының бәрінде Аллама Үмей Һисамиддин (орыс тілінде Хисамиддин) Ниһая Сунақ – Ата деп жазған. Тарихи факт бұрмаланбаған. Аздап, Һисамиддиннің (Сунақата) ұлы Мәулене Сүлейменнің баласы (үшінші ұлы) Зиалдин Шейхпен шатастыратыны бар. Қалай болғанда да олар да Сунақ руының ұрпақтары. Бұларды бір адам деуі сол уақытта өмір сүрген Обейдоллах ханның вакуфтық құжаттарына байланысты туындаған. Оны орыс зерттеушілері аттарының ұқсастығына орай солай жазып жіберген. Десек те олар бәрібір бұл екі есімді де Сунақ-Ата деп тарихи шежіреге дұрыс түсірген.Тағы бір ескертетін мәселе. Есі дұрыс адам, не ел-жұрт мың жерден әулие, ақын болса да

басқа атаның кісісін мынау біздің бабамыз не атамыз болсын деп иелік ете алмайды. Халық еш уақытта олай етпейді, еш уақытта ондай жағдайға жібермейді, еш уақытта өтірік сөйлемейді, олай жасайтын болса кім болса да "көлеңсі" кететін болған. Тарихты жасайтын халық. Мысалы, осы жолдардың авторы Асан Сарқұловты Дүкенбай Досжанның (Астағфиралла) баласы десе кім сенеді? Ел-жұрт Кенжебектің баласы екенін туғаннан біледі емес пе? Құжатта да солай жазылып тұрған жоқ па?

Ал Д.Досжанның өзі жазғандай, "... дүмше жазғыштар ойдан тарих жасап, Жаңақорғанның ілгергі аты Сунаққорған болған,оны сунақ руы салған дегенін естігенде күлкіңіз келеді. Қаланы, ескі орынды ру салмайды, халық салады".. деуі де дұрыс емес. (Д. Досжан бұл жерде де қателеседі. Әрі өтірік жазып отыр) Оның меңзеп отырғаны Ж.Ержановтың "Сунаққорған", "Сунақтар кім?" атты орталық басылымдарда жарияланған мақалалары. Онда Жаміл Ержанов өз мақаласында Жаңақорғанның ілгерідегі атауы Сунаққорған болған деп көрсетпеген. Тек Сунақ қаласы мен Сунақтар туралы әңгіме қозғаған. Ж.Ержанов оның бәрін тарихи дерек-көздерден алған.

Тарихи деректер де Ж. Ержановтың жазғандарындай Сунақ атауы Сығанақтан (әлде Сығанақ, әлде Сағанақ, әлде Сұғнақ) 1, 5 ғасыр бұрын жазылғанын бүкпесіз дәлелдейді. Рас, Сунақтың арғы аталары өз ныспысына қоғамның өзгеруіне қарай, әр хандық қаланы әрқалай атауына орай, Сығнақи деген атауды қосып отырған. Сенбесеңіз тарих көздеріне жүгінелік.

1867 жылы П. Лерх "Археологическая поездка в Туркестанский край" атты еңбегінде Сунақ-Қорған шаһарын нақты атап көрсеткен. Ол былай дейді:

..."Мъстоположеніе Саганака (У Рашидъ-эддина, Абулъгазы и Мирхонди сиғнақ, у Абдррезакка Самаркандскаго и Хондемира сиғнақ, у Масъуди Османова сыйғнақ и сыйғнақ, въ Шейбаніадъ сибғнақ, на монетах сиғнақ; въ Туркестанъ слышалъ и произношеніе Саганакъ) опредъляется остатками "бывшей кръпости Сунакъ-курганъ", значущимися, на картъ Оренбургского штаба, на юговостокъ отъ Джунека, въ 42 верстахъ прямого разстоянія отъ него и въ 18 верстахъ отъ берега Сыръ-Дарьи.

Сунақ руы Сунна-ақ Сунна жолын тұтынушы халықтар деген діни, әрі Пайғамбарымыз Мұхаммадтың (С.F.С.)

үмметі екенін айғақтайтын атау. Сол себептен болмас нәрседен үрки бермей, қаланы өз атауымен атаған орынды. Ал картадағы, әрі кейінгі ғасырлардағы (XII) қағазға түскен қала атын да есте ұстаған дұрыс. Бұл екі қаланың жапсарлас болғанын да халыққа түсіндіру қажет. Сунақ атауының бұрмалануы содан кеп шыққан. Орыстың атақты географы Ремезовтың картасында ол анық түскен. Біріншісі Суна (к), екіншісі Сығанақ деп жазылған. Міне, Д.Досжан. Х. Тұрсынов т.б. жергілікті жердің тумалары осы шындық көз деректерін жасырып қалып, жұртты шатастырмақшы болған. Сунақ (Ислам дінін тарату орталығы) мұсылман шаһары болса, Сығнақ (түркі тілдес тайпалардың бас қосқан қаласы) әкімшілік орнына қызмет еткен. Біріншісінің олай болды дейтін себебіміз Сунақтардың ұлы аталарының барлығы да Ислам жолында ғұмыр бойы еңбек еткен.Олардың Мәулана, Малик, Қожа, Домолла аталуы сондықтан. Тіптен, ең соңғы софы атанған Сунақтың Қалмырза-Тоқпан ата ұрпағы ғұлама ұстаз Мәмбет Сопы 1968 жылы 100-ге жақындаған жасында халық алдында абыроймен өмірден озған. Ал, сол атаның тағы бір ғұламасы Әшім Молланы жергілікті жұрт жақсы ниетпен "діннің апаты" келе жатыр деп құрметтейтін болған. Ол кісі қари дәрежесіне жеткен. Өте білімдар, ілімі күшті болғандықтан солай аталып ел ішіне таралып кеткен. Сондарына өлмес мұра қалдырған.

Ал Сығанақ қаласының дәуірлеген кезі қазақ хандарының оны әкімшілік орталыққа айналдыруы болды. Ол тұрасында хандардың жарлықтары бар.

Енді бұл сөздерді де тарихи дерекпен бекіте түсеміз.

Шаһизында Қарақожаевтың "Сунақ-Ата –һисамиддин" атты шежіре кітабында (151) жарияланған үкімет тарапынан қолдауға ие болып, һисамиддиннің (Сунақата) немересі әл Хусейн бин Әли Хожа Хусамиддин (Сунақата – һисамиддиннің ұлы Әбу Сүлеймен Вали Хожа –Али Қожа Атаның баласынан туған) дін жайында жазған кітаптарының Мысыр, Түркия, Пакистан т.б. жерлерде сабақ ретінде оқылатыны айтылады. Ш. Қарақожаев сол кездегі ҚР Премьер министрі Иманғали Тасмағанбетовке, ҚР Сыртқы істер министрі Е. Ыдырысовқа, сол жылдары ҚР Сыртқы істерінің бірінші вице-министрі болған бүгінде ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Нұртай Әбіқаевқа, вице-министр Дулат Қуанышевқа, Қ.Р Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрілігінің Мәдениет комитеті төрағасының орынбаса-

ры В. Кузембаевтарға ұлы бабаларының жазған еңбектерінің табылуына көмек бергендері үшін өзінің үлкен алғысын білдірген.

ҚР бірінші вице-министрі Н. Әбікаевтың "Сунақ-Ата" қоғамдық қорының Президенті Ш.Қарқожаевқа жолдаған хатында:

"Мысырдағы ұлттық мұражайындағы қолжазбалардың барлығы микрофильмдерге түсірілген және каталогтарды компьютерге енгізген. Компьютердегі деректерге сүйенсек, ғұламаның толық есімі – әл Хусейн бин Әли бин Хажжаж бин Әли, лақап аты – Хусамилдин ("Діннің қылышы"). Сонымен қатар ғұлама өз заманында "ас Сығнақи" деген де атпен танымал болған" деп жазады. Сунақтан шыққан осы ғұламаның атына жазылған үкімет хаттарын да суреттен қараңыз.

Хазірет Сұлтан Һисамиддин (Сунақ Ата) құлдардың қорғаушысы, дінге берілгендер муфтиі, сол заманның ақ жүрек имамы және өз ортасының құрметтісі болған. Ол Сұлтан Орифиннің (Қожа Ахмет Йасауидің) кеңестеріне қатысуға лайық болған. Сунақ Ата (Һисамиддин) сыртқы және ішкі ілімдерді (сыртқы ілімдер оқу-ұғу жолымен игеретін ілімдер, сондай-ақ ішкі ілімдер тек Аллаһ Тағала тарапынан берілетін ілім) толық дәрежеде игеріп, ғылыми шешімдер айтуда өз заманының ғалымдарынан жоғары еді және негізінен шариғат заңдары туралы іліммен шұғылданған. (152)

Осы кітапта Һисамиддиннің (Сунақ Ата) Сохиби нихоя кітабын Қожа Ахмет Йасауидің имамы болып тұрған кезінде жазғандығы айтылады. Оның Қожа Ахмет Йасауимен туыскандық байланысы бар еді. Һисамилдиннің және Хазірет Хаким Атаға әке тарапынан туыс болады. Хаким Ата (Қожа Ахмет Йасауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғани) Жүніс Хан заманында өмір сүрген. Ол әділдік жағында болады. Әдепті хан атанған.

Мынадай төрт жолды өлең шумағы бар:

Қайырылымдылық қазынасынан сақылық ерекшеліктерін көрсетесің.
Сенің дәулетіңде бірде-бір пенде кедей болмайды.
Аяғының астындағы шапағаттылық теңізі толқындаса,
Қылмыстар жолы жабылып, олар жер астына кіріп кетер.

Қарлық арығы, оның қазіргі аты Бұлдырық арығы және Көктас бұлағынан келетін Меш арығынан екі жүп жер (екі

жүп жер дегенде екі жүп өгізбен бір маусымда жер жыртып егін егу мүмкін болған жер көлемі түсінділеді. Орта Азияда бір жүп жер шамамен 6-7 гектарға тең болады) сумен бірге Сұлтан Һисамиддиннің (Сунақ Ата) әулетіне тиісті болып, басынан ақырына дейін егіншілікпен шұғылданған, бірде-бір адам олардың жерлеріне тиіспеген және кедергі жасамаған.

Сунақ-Атаның (толық аты Хазірет Сұлтан Һисамиддин Сахиби Нихая) бір ұлы және бір қызы болды. Ұлының аты Абу Сүлеймен Вали Хожа, қызының аты Бибі Мүслима.

Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Йасауидің бір ұл, екі қызы бар еді. Ұлының аты Абдурасл хожа. Бірінші қызының аты Жамила Хушноч және екіншісінің аты Хушноч Айым. Аты аталған мырза Сүлеймен Вали рахатулла алайхи және лахап аты Али Хожа Ата болған, Хазірет Аббас екеуі Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Йасауиге күйеу еді. Мырза Абу Сүлеймен Вали Хожадан үш ұл болып, біріншісінің аты Абдуазиз Хожа Мавлави Сиғнақи, екіншісінікі Маулана Зиамелдин Хожа Сиғнақи және үшіншісінікі Ахмад Ата Қархуки.

Міне, Сунақтардың шежіресі осылай тарқатыла береді.

Сунақтардың басқа да аталары Қожа Ахмет Йасауидің мешітінің хатшысы болып қызмет атқарған. Соның бірі Дарвишали шайх Сиғнақи (Әмір Темір Көреген (1336–1405) кезінде өмір сүрген) еді. Және бұдан кейін де бұл жұмыс оның Салиқ әулеттері ("Салих" сөзін арабінадан аударғандағы мағынасы – әулиелер руы – род святых екендігін еске саламыз. А.С.) тарапынан қабыл алынып, әрқашан олардың қолында болуын қалаған.

Мынаны да ескерткен. Қарабұлақтан келетін Қаратас және Санирдобұлақ және.... Көктас бұлағынан келетін Меш және Қызылқия және бұлардан басқа тағы да Бұлдырық, Асаршық Жилмахақ арықтыры Сығанақтықтар (Сунақтықтар.А.С.) ұйымдастығына қарасты және бұларды алмастыру немесе өзгерту мүмкін емес.

Әлдеқалай, егер бұлар алмастырылса немесе өзгертілсе ол Аллаһ Тағаланың, періштелердің және адамдардың лағынатына душар болып, өмірлік азап шегіп және қарғысқа ұшырасын делінген.

Бұның өзі Сунақтардың дін жолында болғандығын айғақтайды.

Сунаққорғанның бұрын жаудан қорғанғандығын айғақтайтын да дерек көздері бар. Сағанақ бір емес бірнеше түрде құбылып айтылып келеді.. Сондықтан да ең алғаш атала-

тын Сунақ қаласын әр кезеңде билік құрған басшылырдың араб тілінен хабары болмағандықтан өз ыңғайларына қарай бейімдеп алып отырған. Солай болғанның өзінде бұл атаулардың қазақ тілінде де, орыс тілінде де, араб тілінде де еш мағынасы жоқ.

Қазақтар ежелден тайпа-ру болып жердің өз меншігіне ие болып отырған. Оған мысалды Жаңақорған ауданындағы рулардың әр совхоз, әр шаруашылық пен елді мекендерде шоғыр-шоғыр болып отырғанын көруге болады ("Бірлік", "Қожакент", "Талап" сохоздары мен "Қосүйенкі" "Қыраш" т.б елді мекендер осыны айғақтайды).

Д. Досжан тағы да "...әуелі Сунақ руының ата-тегін, этностық құрамын зерттеп білмей жатып, оларға қорған, қала салғызу қисынсыздау болар. Шын тарихқа, көне қолжазбаға жүгінсеңіз: Жаңақорғанның бұрынғы аты Шымқорған, қоқан билеген тұстағы аты Шепқорған, Орысхан тұсындағы аты Құмсаба, одан әріде Сығанақ қаласының қол ұстайтын бекініс серігі ғана. Убайдуллаханның шежіресінен, Шареф ед-дин әл-Әзди кітабынан, Ибн Халдун деректеріне "Сунаққорған" деген елді мекенді ешқашан ұшыратқан емеспіз..." дейді.

Бұл да суайттың сөзі. Сунақ қаласын Убайдуллахан (XV–XVII ғ.ғ.) Шареф ед-Дин әл Әзди, ибн Халдун жаза бермесі де белгілі. Олардан басқа Әбілқасым Фирдауси, Парсы географы Туман, Саманидтер дәуірі тұсындағы жазбаларда Сунақ атауының кездесетінін естен шығармаған абзал. Өзінің атақты "Түркі тілдерінің сөздігінде" Махмуд Қашқари Суғнақ деп қағазға түсіріпті. Сол кездегі түркі тілдес жұрттың "F" әрпі арқылы сөз сөйлейтінін ескерсек (Мысалы, М. Қашқаридың кітабынан алсақ түсінікті болады: "Суулағ", "Тугар"," "Соғдақ", "Қуғрмаш", "Қағуун","Қызғул" т.б) М. Қашқари қағазға түсірген Сугнақ атауы "F" әріпінсіз СУНАҚ болып шығады. Сол сияқты Тугар – Туар, Қуғрмаш-Қуырмаш, Қағуун-Қауын, Қызғул-Қызыл сөзін анықтап тұр.

Сонда да болса XV ғасырда өзінің атақты туындысын дүниеге әкелген ғұлама Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының "Шипагерлік баян" атты кітабынан сол кезеңдерде де "F" әріпінің түркі тілдес руларда көп қолданатынын оқып, оның растығына көзіміз жетеді. Онда мысалы, қазақ қазғақ болып қағазға түскен. Кейбір парақшаларының жоғалып кетуіне қарамастан тұтастай берілген кітаптан қазақ сөзінің

қазғақ болып жазылғандығын 60! рет кездестірдік. Сонымен қатар Созақ атауы да Созғақ болып айтылған. Әрі солай жазылған. Тектелгіде – (Ө.Тілеқабыл бойынша А.С.) – Шежіреде мынадай мәтінді мысал үшін келтіреміз. ("Шипагерлік баянды" араб қарпінен көшіргендер К.Елемес, Д.Мәсімхан) оқиық:

"...Қазғақ Созғақ күнбиге әшкере қарсы шыққан. Сол кезде Созғақ күнбиге елі наразы болған. Өйткені құлақтан қиқу кетпей, малын даулап алуға шамасы жетпей, ел іші алажаңқаланып, ынтымақ жойылыпты.

Ыза кернеген халық Созғақ күнбиді балағаттап, бетпе-бет қарсы шыққан. Шыдамы таусылған еліне Қазғақ:

Созғақ күнби созылғы тапқы. Би теңсіз, қол жеңсіз.

Ел мақылдауық ілескі.

Қазғақ қол бастағы жол жетелгі. Қан аққылауық су. Шабысқы, алысқы, алым, шалым. Әлек. Соңғылық Қазғақ Созғақ күнбиді қайта қайырылғысыздық күн түрмастаулықтағандық Қазғақты күнби дегізулік. Ел қуанғы. Қазғақ иелік төр шығар аға отырғылықтаулықтады. Тақ орнау тапқы. Ел ойнақы шаттан, оразды қуанғы жиырландырғы. Ұшан-ұшсыз ел аталғы Қазғақ жиналғысы дегінгелік. "Қазақ" нәсіп игі басталғы көзгі. Қазақ толық ел делінгелік мәндеме сөйлемелік. Сырт көзгілі сұраулық. Олайы, таанымас. Сөйлемелік таралғысы ел қазақ, мақтан Қазақ. Басталғы аяндаулық. Қазақ аталғылық тапқылығы ғалам естілігі. Білгі, көзгі, мақтан..." (153)

Осының өзі ертедегі түркі тілдес халықтар арасындағы сөз говорында (XII–XV ғасыр аралығында, мүмкін беріде – А.С.) "Ғ" әріпінің маңызды орын алғандығын айғақтайды. Бұдан сөзді сөзге қуып, үйқас ойнатудың еш қажеті жоқ.

Сол сияқты Сунақтың Сугнак болып жазылып кетуінен Сұғнақ (Сығанақ) атауына қатысы жоқ екендігін осы арада қадап тұрып айтуымыз керек.

Ал қияли ойдың жетегінде жүретін Д. Досжанның Сунақ туралы жазғандарының ешбірі қисынға келмейтінін, Сунақ (Сунна-ақ) шежіресі түбірімен жоққа шығарады. Қазақстанның халық ақыны Манап қожа Көкенов айтқандай: "Д.Досжанның Қожа - Сунақ руын өрлеп, өрбітіп жазуға моральдік хақысы жоқ!" Ешкімге арамдық абырой әперген емес! Олай болса туылғаннан құйрығына қоңырау ілінген Д. Досжан өз ата-тегінің қайдан шыққанын зерттеп білгені дұрыс болады. Тіптен баласы Ардақ Досжан да Сунақ атауы

кездескен сөзді жазбалардан, кітаптардан алып тастағанды дағдыға айналдыра бастаған сияқты.

Жас жазушы Серік Байхоновтың кітабын (Серік Байхонов. "Жалғасым менің – жалғасым менің" Повесть пен әңгімелер, Алматы, "Жалын" баспасы –1977 ж) орыс тіліне аударғанда Дүкенбай Досжановтың баласы Ардақ Досжанов та (Байхонов. С. "Самый жаркий сезон": Повести и рассказы. Пер. С каз Досжанова А. –Алма Ата: Жалын, 1990 г.) кімнің сөзіне ергенін білмейміз, әйтеуір С. Байхоновтың кітабының қазақшасындағы Сунақ-Ата атауын алып тастаған. Сенбесеңіз оқимыз:

Қазақшасында: ... "Қайран әке! Сезген екенсің ғой, білген ғой бәрін де. Сүлде төбе Сунақ атаның басында емес пе еді ата-бабаң? Солардың аруағы сені өзіне шақырмады дейсің бе? Соның бәрін талақ қып темір жолдың, үлкен жолдың бойына мәңгі орын теуіпсің. Поезд дүрсілін тыңдап жатайын дедің бе? Әрі-бері өткен жан есіне алып, бата оқысын дедің бе? Әйтеуір осынау үлкен өмірді қимағаның, одан алыстағың келмегені хақ".. (40 бет.)

Орысшасында:.. "Отец! Ты знал, ты чувствовал, что тебя ждет. Разве прах твоих предков не на холмах.....???..... Сулде? Разве духи усопших не звали тебя к себе? Почему ты выбрал именно это место? Или тебе нравится перестук колес? Может, ты хотел, чтобы каждый прохожий, увидев твою могилу, молился за твою душу?...Наверно, тебе просто было трудно расстаться с миром, и ты решил оставить прах возле большой жизни. (223-бет).

Жас жазушының өзінің ұсынысы болмаған болуы да мүмкін. 1992 жылы Сунақ Атаның (Һисамиддин) кесенесінің ашылу салтанаты болып оған 42 мыңға жуық адам қатысты. Сонда түсірілген көрініс ті түркістандық азаматтар "Қазақстан" телевидениесіне өткізеді. Эфирден берілуі тиіс хабардың кешігуін білуімді өтінген ауыл ақсақалдарының өтінішін жеткізу мақсатында сол кезде Бас редактор болып отырған Серік Байқоновқа жолығуыма тура келді. Ол: "Менің әкем сонда жерленген, сол үшін беремін" деп өзінің "қыңырлығын" танытқан-ды...

С. Байхоновтың "Жалғасым менің – жалғасым менің" шығармасынан оқығанымды өзіне де айтқанмын. Сол кітаптың орысшасы қолыма түсті де, аударған адамның кім екені қызықтырды. Өзім жас жазушылар мен ақындарға көп көңіл бөлемін. Аударманың сәтті шыққаны қазақ жазушы-

сын орыс оқырмандарына кеңірек танытуға жол ашып жатады. Әсіресе, соңғы жылдарда тамаша аударылған шығарма Оралхан Бөкейдікі болды. Оның "Поющие барханы" кітабының өзі классик орыс жазушыларынан бірде кем емес. Яғни керемет аударылған.

Сөйтіп С.Байхоновтың орыс тіліндегі аудармасын қарап шықтым. Сонда жоғарыдағы қулықты көзім шалып қалды. Міне, осыны қағазға түсіру ойыма келді. Сунақатаның С. Байхоновтың кітабында болуы не болмауы ешкімге пайда да, зиян да әкелмейді. Бірақ "әдебиет ардың ісі" дегенді есте ұстап, ұмытпағанымыз дұрыс. Ал оқырмандар болса шындықты шыр айналып іздейді. Оқырманды бір алдасаң, сені еш уақытта кешірмейді.

Күні кеше "Қазақ әдебиетінде" ("Ақтамбердінің тарихын бұрмалаудың қажеті қанша?.. филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбекұлына ашық хат жарияланды. 2.12.2005 ж.) көпшіліктің реніш тудырған ашық хаты жарияланды. Онда Ақтамберді батыр-жыраудың бұрмаланып қазақтың басқа атасының атына кетіп қалғаны айтылады. "Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел қайдан алсын тауып кемеңгерді" деп Ілияс Жансүгіров айтқандай, бүгінгі артындағы ұрпақтары, өз аталарымыз туралы жазылған деректерді біле тұра, ата-тек тарихымызды қалайша бұрмалатуымыз керек деген орынды сұрақ туындайды. М. Жолдасбековтың атына былай деп жазады Қаракерей Сыбан (Сыбанқұл) табының ұрпақтары, бүгінгі ақсақалдары, Аягөз қаласының тұрғындары:

"... Сіздің, 1998 жылы наурыз айында "Егемен Қазақстан" газетіне, батыр, жырау атамыз Сарыұлы Ақтамберді жайлы жазылған мақалаңызды және ұлтымыздың рухани мұрасы туралы тұнған сырға, терең ой-толғанысына құрылған "Шың мен шыңырау" атты кітабыңызды 2003 жылғы газетке шыққан мақаладан біліп, биыл ғана қолымызға тиіп, мұқият оқып шықтық. Ауылға бұрынғыдай жаңа кітаптар тез жете ме?! Ең алғашқы мақалаңыз бен кітаптағы бабамыз Ақтамберді туралы жазған дерексіз ойыңызға таңданып: "Бұл қалай болғаны, жеті атадан бүгінгі балаға дейін жадымызда сақталып келген Қаракерей Сыбан руынан, Жоңғар басқыншылығына қарсы бес қарумен және қаламымен атойлап шыққан Сарыұлы Ақтамберді бабамыздан тапай тал түсте айырылғанымыз ба?" деп, аң-таң болдық.

Қызылорда, Сыр бойында Нар Найманның ұрпақтары

Ақсопы мен Белгібай, Сүгірше бабаларымыз (XV ғ.), Төлегетай (XVI ғ.), Ақтайлақ атамыз 1742 жылы туған ғой.

1675 жылы Сыр бойында туып, 1768 жылы Шыңғыстаудың бөктеріндегі Құндызды қоста 94 жасқа келіп қайтыс болғанына үш ғасырдан астам, руы (ата-тегі) Сыбан табы болып келіп, егемендік өз қолымызға тиген осы тәуелсіз заманымызда, Үйсіннің Ошақты руынан ойламаған жерден бола қалғаны несі десіп, артын бақтық. Бұл жерде ойлап қалмаңыз: "Руға бөлініп, жік түсірулерін ауыл қазақтары-ақ қоймайды екен", – деп. Қайта қаладағы әдебиетші-тарихшы оқымыстыларда болмаса, ондай ой біздерде мүлде жоқ. Ақиқатына жетейік, айқындалар – әділдік шын мәнінде терең ойдың алқасы ғой, – деген оймен шыдамдылық көрсетіп, "Ақиқатым – тарих, ақтаушым ел-жұртым", – деп байсалдылық танытып біраз жүріп, уақыт өткізіп алыппыз..." дейді.

Хат иелері жауап күткенімен, оны ала алмаған. Содан шыдамның да шегі бар деп өздерінің шындықты жазуға құқығы барын пайдаланып, бұрмаланған фактіні тарихи дәлелмен жазып шыққан. Хатта: "...Біз де заман ағымын бір адамдай білеміз. Мүмкін әлде кімдер, мүмкін Сіз де Мырзеке, ауыл интеллигенциясын елінің рухани тарихын білмейтін, парасат биігіне шықпаған, ұсақтанған, "ынжық, әдебиет, мәдениеттен хабары жоқ ұлдары не бітіріп, не білер" – дедіңіз бе? Әлде өзіңіз ұйтқы болып "Елтұтқа" кітабына (оқу құралы) біле тұра, Ақтамберді атамыздың ата-тегін өзгертіп жазғаныңыз (басқа редакциялық алқа мүшелері Сізге сенген болар) ертеңгі келешекке, өзіңіздің жаңа әдеби оқу құралына енгізгендегі алғы шартына мұрындық болсын дегеніңіз бе? Әлде, көзді жұмып жіберіп, тәуекелге белді буып, кім біліп қояр дегендей "жуандыққа" басқаныңыз ба? Қанша ғылым докторы, зерттеуші болсаңыз да, бәз біреулерден атақ-дәреженіз не жасыңыз үлкен болса да, бірақ көптен үлкен, көреген-білгір бола алмайсыз, Мырзеке!

"Өнбейтін даудың ізін өспейтін жігіт қуар" деген ойды қазақтың бір үлкен жүректі азаматы Сізге қарсы айтуға ар-ұятымыз да жібермейді. Ашынғаннан айтып жатырмыз".

Халықтан үлкен ешкім жоқ. Бұл бір ғана Ақтамберді жыраудың төңірегінде айтылған ащы да шындық сөз осы. Ал ауылдың "хлюпикилері" мен "придатоктары" "цинизмге" барып Сунақ руының аталарын ғана емес Сунақ сөзінің өзіне "попрек" жасаған "пауперлерге" не айтуға болады? Олар туралы осы кітапта ашық айтылады. Ал қазір ауылдың

бір топ ақсақалдары мен елдің аса құрметті азаматтарының хатын төменде толық мәтінімен ұсынамыз.

Сунақ руына жала жауып, халық ызасын келтіргені соңша, Д.Досжан бастаған "қараулықтарға" ауыл ақсақалдары да тарихи деректерді зерттей отырып, бұрынғы өздерінің шыққан тегінің арабтан екендігін дәлелдеген хатты қажетті орындарға жібермек те болған. Жергілікті тұрғындар оларды жауапқа тарту керектігі мәселесін көтерген. Арыз - шағымға қол қойып, мәтінін жазғандар ауылдың бетке тұтар ақсақалдары болған. Сол себептен хаттың жазылу стилін бұзбастан толық беруді жөн көрдік.

"Қазақ әдебиеті" газетінің редколлегиясына, Қазақ Республикасының Бас прокуроры Тұяқбаев жолдасқа.

Біздердің көне көз қарттардың қолымызға қалам алуымызға басты себеп, 21ақпан 1992 жыл N 8 санды "Қазақ әдебиеті" газетінде жарияланғн Бекмырза Арынғазиевтың "Менің естігенім..." деген мақаласы Сунақтардың шығу тегі жайында қисынсыз, мүлдем шындыққа жатпайтын деректер келтіріп, ұшқары пікір айтуында болып отыр. Бұл негізсіз, жете талданбаған мақаланың жарық көруі ел арасында өкпе-наз тудырып отыр. Осыған орай, Біздер тарихты бұрмаламай, ата-тегіміз Сунақтардың шығу тегін негізі нанымды материалдармен Сіздердің назарларыңызға айтуды жөн көрдік.

"Алматы ақшамы" газетінде (29 қыркүйек 1989 жыл) Ж. Ержанов жолдастың "Сунаққорған" мақаласына қарсы 11 сәуір 1990 жылы осы газетке шыққан авторлар (Б. Айсынов, Х. Тұрсынов) және "Мирас" газетінде (14 қараша 1990 жыл) шыққан "Сығанақ және Сунақтар" авторының (Д.Досжанов) полемикалық мақалалары жарияланды. Сунақтардың шығу тегі жайында үш автор: біреуі Айсынов Сунақтардың шығу тегі "ауадан" шығып тарап кеткен, яғни халықтардың ауыз екі тілінде солай айтылады деп өзінше қорытындыға келсе, екіншісі – Тұрсынов Сунақ атауы "Суы нақ" не сарттардың Сарыит дегендей "Сұғанақ" деген сөзден шығуы мүмкін деп өсек сөздерге бұрын соңды еш жерде, еш қашанда айтылмаған өз сөзін арсыздықпен жапсыра салған. Үшіншісі Досжан болса Қалмырзаның баласы Орынбайдан әкесі Қалмырзаны тудырады. Қалмырзаның екінші әйелінен бес бала өрбіген, бесеуі де сары орысқа ұқсас болғандықтан жұрт оларды "Бессары" деп атаған, Аташ болса, яғни "аташ" сөзі қолөнерші деген парсы сөзінің құрамдасы десе, Қайғақтық

Шорнақ Атаның баласы екеніне қарамастан жер атынан шыққан қазақ ұлысының аты, ал Қалмырза – Тоқпан атасын шежірелеп шыққан кезде кіші жүздің Әлім - Шөмекей руларына барып тіреледі, базбір дерек дейді. Одан әрі Досжанов Һисамиддин (Сунақ Ата) ақын қыпшақтан шыққан деп топшылаймыз дейді. Бұл ешбір шындыққа жатпайтын, бір ру елдің ар-намысына тиіп, тіптен ақылға сыймайтын бөспе бүлдіргі сөздермен бекер арам терге түскен. Тағы да Досжанов 10 сәуір 1991 жылы "Қоңыраулы керуен жолдың үстінде" деген облыстық "Ленин жолы" газетіне жазған мақаласында ел намысына тиетін баяғы бөспе өтірік сөздерді қайталаумен болады. Енді Досжан дүмше тарихшылар ойдан тарих жасап, Жаңақорғанның ілгері аты Сунаққорған болған, оны Сунақ руы салған дегенді естігенімде күлкің келеді, қаланы ескі орынды ру салмайды, халық салады, әуелі Сунақ руының ата-тегін, этностық құрамын зерттеп білмей жатып қорған салуы қисынсыздау болар деп өзін бір дүниені қолдан жасаған күдірет санайды.

Ау, Досжанов, ру – халықтан тұрады емес пе? Ру болмаса халық қайдан болмақшы.Осыған ақылың жетпейді-ау "данышпаным". Ал Сунақ руы өз ата-тегін, әрбір атасының атымен атай біледі. Оны шатастырып айтып жүрген "дүмше" тарихшы сен өзің боласың.

Иван Грозный мен алғашқы Романовтардың патшалығындағы географиялық картасында "Үлкен чертеж" деген кітабында қала "Сунақград" деп аталып көрсетілген. Бұл Жаңақорғаннан 40 шақырым жердегі "Сығанақ" қаласы. Персиялық Туман қол жазбасында "Сунақ" қаласы деп ашық жазылған. Ал Жаңақорған болса ол басқаша. Сен өзің білмейсің, ал білгендерді көре алмайтын, ішіңе тырнақ іштар өте нашар жансың-ау. Жоғарыдағы авторлардың бір-біріне сүйеніп жазғандары шындыққа жанаспайтын деректерінің түпкі негізіне қайшы келулеріне байланысты, сілтеулері де тіптен шындыққа келмейді.

Айталық көне ғасырларда, қазіргі қазақ даласында баспаханалардың болмауына байланысты көптеген сөздер тек қана ауыз екі таралған. Олардың кейбіреулері ізсіз жоғалып кетсе, кейбіреулері баспаға жеткенше қысқарып не деформациялық түрге айналып жұмбақ болып үлгерген.Тіпті кешегі күнге дейін қазақтың қырғыз аталуы да осындай жағдайға байланысты. Бұл шындықтың жазылуы жоғарыдағы авторларға, әсіресе Досжановқа оның

жездесі Бекмырза Арынғазиевқа жауап бере отырып тарихи шындықты ашу.

Сунақтардың шығу тегі – Әбу Бәкір. Әбу Бәкір бірінші халиф. Мұхаммед пайғамбардың әйелі Айшаның әкесі. Әбу Бәкір белгілі көпес семьясынан шыққан. Руы таиым. Мұхаммедпен тайпалас, курейіш (курайшит) тайпасынан. Мұхаммед Пайғамбар Алланың адамға жіберген елшісі, Пайғамбарлардың мөрі саналса, Әбу Бәкір Алланың елшісінің орынбасары, мұрагері саналған. Әбу Бәкірдің аты құранда да жазылған. Қожа Сунақ бір адам деуі де осы айтылғандар бойынша Қожа Сунақтың шығу тегі бір, әрі рулар да тайпалас. Ал Досжан басқа авторлар да бұған керағар пікір айтып, өздерінше данасынады. Бұған не дерсің?

Әбу Бәкір мен Һисамиддин (Сунақатаға) дейін 16 ата:

Бұдан кейін керағар авторлардың қандай дәлелдері болмақшы?

Бірнеше ауыл ақсақалдарында (Бикеев, Камалов, Мырзаев т.б.) арапша жазылған сирек кездесетін қолжазбалар, Сунақтардың шежіресі, Сунақатада өткен діни-әкімшілік орындрының, хандар мен билердің түпнұсқа бұйрықтарымен тарихи мәліметтері 40-қа жуық. 1978 жылға дейін түгел сақталып келген, халық ақыны Манап Көкенов Әлкей Марғұланға алып берген. Бұл мәліметтер бойынша Сунаққорғанның түрған жерінде, Сунақатада (монғолдар алғаннан кейін, кейбір кезеңдерде Ақорда деп те аталған) он хандық өткен. Әбілхайыр хан да соңғы кездері осы жерде түрған.

Сунақатада су болмай шөлде қалғаннан кейін, Сунақ халқы қазіргі Жаңақорғанға жақын жерде Борықты көлінің маңына Дінқорған салған. Қоқан ханы Дінқорғанды алғаннан кейін, одан 4-5 шақырымдай жерден Шепқорған салған. Стихиялық апаттан кейін олар жиналып жаңадан қорған салған. (осы күнгі Жаңақорған. Бұл қорғанды халық Жаңақорған деп атаған. Жоғарыдағы авторлардың қорғанды Сунақтар салған жоқ деуі шындыққа жатпайтын құр бос сөздер.

Жаңақорғандағы қорғанды Сунақтардың салғанына 1247-жылы жазылған діни әкімшілік құжатты дәлел –құжатқа қол қойылып мөрмен қуаландырылған. Қорғанды салдырған Сасықбай ұрпақтары қазіргі кезде 4-5 мыңнан астамы Жаңақорған ауданында өмір сүреді.

Сирек кездесетін діни-әкімшілік мөрі бар документтерде Сунақ аталуы ең бірінші рет 660 жылы көрсетілген.

Сунақтардың түпкі тарихи шығу тегі Қазақстан территориясындағы Сунаққорған регионына көне ғасырларда келген. Алғаш келген халықтар көрсетілген кезеңге байланысты, өз өмірлерін, ұрпақтарын сақтау үшін қорған салуға мәжбүр болған. Сол қорған өткен мақалада көрсетілген "Сунаққорған" қорғанға су тартылып, егін егіліп, сауда жұмысы көбейе бастайды. Саудаға байланысты біртіндеп көп жылдардың ішінде көшпелі халықтардан, көбінесе қыпшақтардан тұрақты ел пайда бола бастайды. Осыны пайдаланып шежіре етіп Д. Досжан Қалмырза – Тоқпанды кіші жүздің шөмекей руына, ал Һисамилдин ақын қыпшақ руынан шыққан, сиық атаны да қыпшақтардың бір ру тармағы десе, Досжанның жездесі Арынғазиев қарақалпақ деп ұялмай-қызармай жөнсіз пікір айтады.

Жоғарыда айтылғандай, Жаңақорған қорғанын Сунақтар салды. Ол кезде тіпті кешегі 1950 жылдарға дейін поселкеде 90 процент Сунақтар мекендеді. Кейіннен поселкеге түрлі рулар келіп қоныстанды. Қазіргі поселке халқы 23-мыңнан астам. Енді осы отырықшы халықты кімдер деп айдар тағамыз? Авторлардың түрлі баспасөз беттерінде шындыққа мың қайнаса сорпасы қосылмайтын бір ру елдің ар-намысына тиіп жалған пікірлер айтулары ешқандай тәрбиелі этикаға жатпайды әрі дұрыс емес. Сунақтардың шығу тегі туралы мақаланың мақсаты қазақтың тарихын, шындықпен кеңейту, байыта түсу. Қазақ халқының кеше ғана емес, көне ғасырлардан оқып, көзіміздің ашылғанын, ой-пікіріміздің кең екенін ұрпақтарымызға айтып кеңейтіп көрсету. Қазақ халқы өз алдына мемлекеттік статус алып отыр. Сондықтан толық комплексті реалитация қазақ халқының мәдени және идеялық рухын көтерумен бірге жастарды да тәрбиелеуге тиіс. Өз мәдениеті мен тарихын сыйламаған, білмеген халық басқа елдердің тарихымен мәдениетін біліп те, сыйлап та, түсініп те жарытпайды, адамгершілігі де мол болмаса керек.

Жоғарыдағы фактілермен мәліметтерге сүйене отырып, төмендегі негізгі қорытындыға келуге болады.

1. Ж. Ержанов жолдастың 29 сентябрь 1989 жылы "Алматы ақшамына" жазған "Сунаққорған" атты мақаланы және 28 қыркүйек 1990 жылы "Қазақ әдебиеті" газетіндегі "Сунақтардың шығу тегі" атты мақаласы ғылыми негізгі, көне документтерге сүйеніп өте нанымды жызылған. Кейінгі ұрпаққа тәрбиелік маңызы өте зор еңбек, әрі Сунақ руының ата-тегін, ата-бабаларын нақтылай аттарын толық атап

көрсеткен. Ержанов жолдас бұл еңбегін жай айтумен ғана емес, төмендегі білімді ғалымдардың оқу құралдарын пайдаланған;

1. Э.Г. Филимонов. Ислам в СССР 1983 г стр.3, 2. Х.З. Ақиазаров. Ислам дінінің таралу ерекшеліктері. Алматы.1986 б-11,14

3. Л.И. Климович Книга о Коране М. 1988 г 19, 41, 58

4. Е.Т. Смирнов Дервишизм в Туркестане, Ташкент 1898 г стр 4

5. Л.И. Медведко. Именем Аллаха. М, 1988 стр 23-27

6. Н.А. Иванов. Ислам. Алматы. "Казахстан" 1988 стр 31, 98, 119, 134

7. Б.С. Тасымов. Араб тілі Алматы. 1988 б, 7

8. О.Т. Болынаков история халифата М, 1989 г с-34, 45, 71, 190

9. К. Маркс, Ф.Энгельс. "Дін туралы". Алматы. 1956 ж б-255

10. Арабша жазылған "Хасасіл Әнбия" мен "Мәснәуи Шәриф"

11. Ел арасындағы сирек кездесетін қолжазбалар.

12. Ә. Қоңыратбаев. "Шайбанинама" 1975 ж. дастанда Хорезмдік Нүрсейіт (1466 жылы өлген баласы Мұхаммед Салық (1455–1535) жазған.

Осыған қарағанда автор көптеген құнды материалдарды тауып, нақты дәлелдерге сүйеніп, Сунақ руының шығу тегін сенімді түрде жазған.

2. Ержанов мақаласында басқа руларға тіл тигізіп я болмаса олар туралы бірде-бір намысқа тиетін сөз айтылмаған. Тек қана Сунақтардың шығу тарихын ғана кейінгі ұрпақтар ата-тегін білсін деген.

3. Атақты Шығыс классигі Әбілқасым Фирдауси (924–1020 жылдары өмір сүрген) жазған Шаһнама (Рүстем-Дастан кітабының 474-бетінде) Тұран патшасы Аржасып баласы Қаһарманға жауға аттанар алдында:

Сунақтың табыларсың қаласынан,
Жай алып, бір су саласынан.
Қош, енді, жолың болсын жүре бер деп
Айырылып қалды Аржасып баласынан, –

деген.

Бұл мәліметтерге қарағанда, Сунақ руының шығу тегі Шығыс елдерінде бұрыннан белгілі екенін дәлелдейді.

4. Халық ақыны Манап Көкенов "Мәдениет" газетінің N 2 санында 1992 ж. "Ақынды аялайды туған халқы" деген мақалада ақын көргенді көрдім, білмегенді білмедім деген дұрыс. Менің Б. Айсынов, Х. Түрсынов, Д.Досжанов үшеуіне айтарым халықты дүрліктіріп, оларды әуре-сарсаңға салмасын!

1701 жылғы Ремезовтың "Сібірдің сызба кітабында", көптеген орыс, араб зерттеушілерінде бұл тарих анық көрсетілген. Лерх, Бартольд, Якубовский т.б өздерінің тарихи зерттеу еңбектерінде: "Саганак определяется остатками бывшей крепости Сунак кургана деп атап көрсеткен. Сондай-ақ, атақты, әлемге танымал түрколог, филология ғылымының докторы Ғұбайдолла Айдаров та Сунақ атауының бұрмаланып көрсетілгенін дәлелдеп берген. Белгілі араб танушы Әбсаттар Дербісалиев те Сунақ қаласының Сығанаққа өзгеріп кеткенін атап көрсетеді.

5. Досжанов үнемі өсек-өтірікке бой ұрған адам десек, қателеспейміз. Оған дәлел: Гүлнар Мыржақыпқызы Дулатованың "Жедел хат" деген "Алаш" газетінде жарияланған мақаласында "Міржақып Дулатов" деген тарауының журналдың 64-бетіндегі соңғы жолдарында менің басымда болмағанды болды деп, айтпағанымда айтқызып, өтірікті үйіп-төгіп ел-жұрттың алдында ұятқа қалдыруына қалай шыдарсың дейді. Екіншіден, "Зауал" кітабында кейіпкерлердің керағар көрсеткенін соғыс ардагері Сапарбаев жолдас көпшілік алдында шығып сөйлеп, Досжановты өте әділ сынаған болатын, үшіншіден, 1992 жылы ақпан айында аудандық кеңестің төрағасының орынбасары Ж. Ахатаев жолдас Досжанның ауданға келуін пайдаланып, Сунақ руының ар-намысына тиетін негізсіз өтірік мақала жазып жүргені жайлы көнекөз ауыл ақсақалдарымен кездестіргенде шығып сөйлеген соғыс, еңбек ардагерлері М. Сапарбаев, Т. Жүзбаев, Е. Жақудаев, С. Мырзаев т.б. азаматтар Досжанның өтірігін бетіне шызғыра басты. Оны өзі толық мойындап қариялардан кешірім сұрап газет арқылы кешірім сұраймын деп уәде етті. Бір айта кететін жай, Жүзбаев жолдас сіз қандай шежірені пайдаланып жүрсіз дегенде, мен қиялы Абдраманнан есіттім деді. Жүзбаев сіз сонда нешеде едіңіз дегенде 5-6 жаста едім дейді. Осыдан түсініп көріңіз Досжан 5-6 жастан бастап айналысқан. Абдраман Сырда тұрса ол кезде Досжанов 100 шақырым қашықта Ынтымақ-Талдысуда тұрған. Қоңсы-

да болған емес.Төртіншіден, енді Досжанов газет бетінен кешірім сұрау орнына шала сауатты мектепте ағаш ұстадан сабақ беретін туған жездесі Арынғазиевқа мақала жаздырып өз сөзін арсыздықпен Арынғазиев айтты деп "Қазақ әдебиеті" газетінде "Менің естігенім"... деген мақаланы газетке жария етуін қалай түсінуге болады?

Адам да мұншалықты ар-ұяттан жұрдай болады екенау. Жақында Арынғазиевтың туыстары Шымкент қаласында тұратын Бекмырзаға барып жолыққанда, басын көтеруге жарамай жер шұқылай берген. Демек мақаланы Досжанов жазды деуге күмән келтіруге болмайды. Өйткені сөзі де, әні де Досжановтікі.

Жоғарыда атап көрсетілген нақты дәлелдерге сүйене отырып "Менің естігенім"... деген мақала авторы Арынғазиевтың келтірген дәлелдері ешбір шындыққа келмейді. Оған дәлел ол жас кезінде көнекөз қариялардан есіткен едім дейді. Ол 5-6 жасар кезде Абдраман қиялдың бұл дүниеде жоқ болатын. Оның үстіне ол кісінің есі де дұрыс болмайтын, Дәрбішев болса біз ол кісіні жақсы білеміз. Ол кісі шежіре туралы айтыпты дегенді естіген емеспіз. Өлген кісілерден естіп едім деуінің өзі нағыз арсыздық емес пе? Арынғазиев сен өзің жеті атаңды білмей тұрып Сунақ руының бес атасын бет алды анау-мынау деп қайның Досжановтың бөспе шындыққа жатпайтын өтірік жазған мақаласын мен жаздым деуіңе жол болсын. Қайғақтық Қарақалпақ емес! Әбу Бәкір Сыддыққа өзімен 18 атамен барады. Бессары, Аташ болса Әбу Бәкір Сыддыққа 30 атамен барады. Қалмырза – Тоқпан Әбу Бәкір Сыддыққа 23 атамен барады. Сонда сен кімнің шотын шауып отырсың? Сенің өз басыңда билігің де жоқ, біреудің жетегінде кетіп, елден безіп жүргеніңе неше заман болды? Жақсы кісі өз елінде жүріп ол үшін барлық білім күш жігерін жұмсап езіліп жұмыс істейді. Сен бір қызмет бабында жүрсең сөз басқа. Бекмырза сен нағыз Досжанов сияқты ар-ұяттан жұрдай болған елден кеткен, біреудің жетегінде жүрген адамсың. Сен айтқан Абдрахман емес Абдраман қиял, яғни есі кірмелі, шықпалы адам болған. Қазір үкіметіміз деформацияланған, социализммен тоқырау заманына байланысты екенін көрсетіп, тарихты керек деген шешімге келіп отырғаны бәрімізге белгілі.

Қазіргі қазақ халқының жастарының өз бетінше қандай мәселе болса да шеше алатындығы, даналығы, парасаттылығы, білімі, мәдениеті, ғылымға деген құштарлығы еш-

қандай елдің жастарынан кем емес. Сондықтан қазіргі жастары осы қайта құру кезеңінде, кемістіктердің бәрін де жөндеп, жөндеуге болмайтындарын келешекте ескере отырып, әдебиетімізді, ана тілімізді, тарихымызды, дәстүрімізді, салт-санамызды, әдет-ғұрпымызды тағы басқа ішкі бай күнімізді келешек жастарға қаймағын бұзбай жеткізу аға ұрпақтарын қасиетті де абыройында, инабаттыққа, имандылықта, көргендікте міндетті деген толық сенімдеміз.

Бір емес бірнеше рет өзінің қателігін мойындап кешірім сұрап, сөзінде тұрмай қайта өзі тасада тұрып енді жездесінің атынан Сунақ руының шығу тегі туралы шындыққа жатпайтын бүкіл Сунақ руының ар-намысына тиетін негізсіз мақала жазып, ол азаматтарын қорлағаны үшін Қазақстан Республикасының Бас прокурорынан Досжановты қылмысты жауапқа тартуды сұраймыз.

Соғыс және еңбек ардагерлері: Т. Біләлов, Т. Жүзбаев, Е. Жакудаев, С. Сапарбаев, С. Мырзаев, И. Тұрсыматов, Үпенов, Срымов, Сарқұлов, Тілеукеев, Асанов, Көккөзов т.б.

Бұл хат жазылғанымен, керекті орынға жетпеген. Д.Досжанның оғаш пікірлері қатты сынға алынып, аудандық қазақ тілі қоғамының бөлімшесі шығаратын "Мирас" газетінде ол кешірім сұраған соң, ауыл ақсақалдары осындай шешім шығарған.

..."Менің естігенімді..." Д.Досжанның туған күйеу баласы Б. Арынғазиевтың жазбағанын сөз саптасынан (стиль) байқаймыз. Оқимыз:

"...Ендеше тыңдаңыз. Жас кезімде сунақтардың арғы-бергі шежіресін бес саусағындай білетін көнекөз қарияларды көп тыңдаған едім. Баз бірінде айтқан әңгімесін күнделігіме жазып алғанмын...

Сунақ руының қожаға қосылмайтын тағы бір үлкен дәлелі бар. Қожалар ғасырлар бойына сунақты қараға санаған, сөйтіп оларға қыздарын бермей келген...

...Арғы-бергі тарихты біраз білемін, шежіре жинап жүремін..."

Бұл жазылғандардың бәрі бір стиль – Д. Досжандыкі. Сөз саптасы айғақтап тұр. Бәрі жалған!

Сөзімізді тағы да Д. Досжанның өз шығармасы арқылы дәлелдейміз. Оның "Дала гладиаторлары" (Алматы, "Қайнар" 2000 ж.) кітабының "Көсем әке, аруана туралы жыр" атты әңгімесінде: "... Қырықзалыдан (кейде қырықзәлі деп жіңішке айтылып жүр) төрт бала дүниеге

келеді. Олар: Абыз, Көбек, Жәдік, Сыбан... Көбектен дүниеге Ерназар есімді ұл келеді. Ерназардан Шіркінбай батыр туған... Шіркінбайдың кіндігінен Тілес тарайды... Тілестен Көбей тарайды.

Көбейден Байтүгел туады. Байтүгелден Жүсіп туады. Жүсіп біздің атамыз болады. Ірі денелі, шікіл сары, көзі сілеусіннің көзіндей шоқ боп жанып тұратын адам екен. Жүрт алдын кесіп өтпейтін адам болған. Сонысына қаратып ел ол кісіні Сары деп кеткен. Сарыдан төрт ұл тараған: олар – Досжан, Ералы, Бейсенбай, Сәрсен...” деп жазады.

Міне, осы өз атасының сары балаларын қиял қуып отырып, Сунақтың Қалмарза-Тоқпан атасынан тарайтын, дәл айтқанда – Қалмырзаның Тоқпан, Орынбай балуан, Қонақбай, Елкелді, Пілді шыққан Байтеліге сарылығын жабыстырып, Қалмырзаның баласы Орынбайдан әкесі Қалмырзыны тудырып, оның екінші әйелінен орысқа ұқсап бес сары бала туыпты, олар сөйтіп “бессары” аталыпты деп өтірік жазып жіберген. Яғни, пенделікке барып өзінің шікіл сары атасынан тараған төрт сары баланы Қалмырзаның баласы Орынбайдан әкесі Қалмырзаны дүниеге әкеліп өрескел жалған ой айтқан. Сунактардың тарихи шежіресінде Қалмырзадан туған жоғарыдағы бес ұлдың біреуі де сары болмағандығы айтылған. Әрі Сунактағы Нұрмағамбеттің ұлдары Бессары мен Аташ (Аташхан) аталарының бір екенін баса айтқымыз келеді. Яғни, Сунақтың Қалмырза-Тоқпаны ұлы атасы Һисамиддиннің (Сунақ Ата) баласы Сүлеймен Мәуленеден туған екінші ұл Әһмат Ата Карашкиден тараса, Аташ пен Бессары аталары Һисамилдиннің (СунақАта) баласы Сүлеймен Мәулененің үшінші ұлы Зияддин Мәуленеден он үш атадан соң Нұрмағамбеттен туады. Аташ-Бессары бір атаның баласы!

Д. Досжанға “жалған сөйлеген, жарға жығылады” деген осы дегіміз келеді.

Осы Д. Досжан әйтеуір бұрмалап жазуға шебер екенін көрдіңіздер. Жоғарыдағы ауыл ақсақалдарының ашына жазған хатына оқырман түсіністікпен қарайды деп сенеміз. Жаңақорған ауданының тұрғыны облысқа белгілі режиссер, драматург, өнер адамы Әмір қожа Мәжитов те өз ренішін газет арқылы білдіріпті.

Құрметті редакция! (“Мәдениет” газеті, “Даукерлік пе, немесе сәуегейлік пе”? N 12–13 1992 ж) менің қолыма қалам

алуыма мәжбүр еткен үстіміздегі жылғы "Қазақ әдебиеті" газетінің N 8 санында шыққан Шымкенттік мұғалім Бекмырза Арынғазиевтің "Менің естігенім..." атты мақаласы болды.

Рас, Б. Арынғазиевтің сунақ руынан екенін білеміз. Өйткені ол алдымен Қызылордаға, сонан соң Шымкентке көшіп кеткенге дейін бізбен бірге Жаңақорған ауданы орталығында "Лесная" атты көшеде бірге көрші тұрғанбыз. Көпшілікке куәгер етіп көлденең тартып отырған ақсақалдардың барлығында өз көзіммен көрген едім. Бір дастарқан басынан талай рет дәм татып, баталарын алған қариялары-мыз еді. Сунақ ағайындар жөнінде айтып отыратын әңгімелерін мен де естігенмін. Мәселені әу бастан бастасақ, "Абдрахман қиял" – деп отырған қарияны елдің бәрі Әбдірахман демей "Әбдіраман қиял" – деп атайтын.Ол кісі жалғыз ілікті, кепірі де аурушаң, барынша кедей, жоқ-жұқана, ақыл есі кірерлі-шығарлы, кейде түзу сөйлесе, кейде ауытқып сөйлеп (қияли) балалар мен бірге ойнап кетіп, кез келген жерге қонып-түстеніп жүре беретін кісі еді. Көбінесе өзімен-өзі сөйлесіп кететін. Ол кісі 1948 жылдары "N 26 рзъезд" деген жерде бұрынғы "Жалаңаш" немесе Сунақ ағайындардың шоғырланған жері болғандықтан "қайғақ" деп те аталатын, қазір аудандағы үлкен шаруашылықтардың бірі "Арнаулы мал бордақылау" бірлестігі" орналасқан жерде дүние салды. Мен ол кезде 13-14 жастағы бала едім. Бізбен көрші тұрды. Кепесінің орны әлі жатыр. Сол кісі көңілденген шақтарында: – кел күресесің бе? – деп, біздермен ойнап кететін. Біз ол кісінің сондай қылықтарын балалықпен қызық көріп, көңілін жықпай кезек-кезек күресіп, шетімізден өтірік жығылушы едік. Сонда ол балаша мәз болып: – әне, көрдіңдер ме? Менің балуан болғаныма ешкім сенбейді, тек өкпесі құрғыр болмаса, – деп ентігіп қалушы еді, жарықтық.

Ал ол кезде ол кісі, тарихи шежіре айту былай тұрсын, қара басының кім екендігін білмейтін. Арынғазиевтің содан естідім деуінің ешқандай қисыны келмейді. Оның үстіне олар Әбдірахман қиял ақсақалмен бірге тұрмайтын.

2. Қожатайұлы Жанай ақсақалды да жақсы білем. Бірнеше жылдар колхоз басқармасының бастығы, бригадир, ферма меңгерушілігі секілді қызметтер атқарған кісі. Кейін елдің қадірменді қарияларының біріне айналып, құрметті пенсияға шықты. 1974–75 жылдары дүние салды. Асып бара



Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының орталық саябағында орнатылған Һисамиддин (Сунақ-Ата) ескерткіші.



Сунақ-Ата мешіті. XII ғасыр.



Сунақ-Ата мазары (кесенесі).



Қ.А. Йасауидің күйеу баласы Сунақ-Атаның (Һисамиддин) ұлы Сүлеймен Мәуленең (Әбу Сүлеймен Уәли Хожа-Али Хожа Ата) мазары. Ол кезінде 11 медресе ұстаған.



Һисамиддин (Сунақ-Ата) ұрпағы Бабай-Батыр кесенесі.



Сунақ-Атаның (Һисамиддин) ұлы Сүлеймен Мәуленең (Али Қожа Ата) әйелі, Қожа Ахмед Йасауидің қызы – Хушноч Оийымның (Лақап аты Гауһар ана) мазары.



Һисамиддиннің (Сунақ-Ата) атасы Мәулене Мансұр Мәлік (Әбу Бәкір ас-Сыддықтың 9-шы ұрпағы) кесенесі.



Ḥисамиддин Сығнақи кітабының мұқабалары.





Парсы тілінде жазылған Сунақ шежіресінің (1785–1885 жылдар аралығын қамтығаң) мөр басылған беттерінің көшірмелері (екінші беті 3 мөр басылған). Барлығы 6 мөр басылып қуәландырылған құжат).



Һисамиддиннің (Сунақ-Ата) “Нихая” кітабының мұқабасы, көшірмесі.



Әл Хусейн бин Әли Қожа Ата бин Хисамиддиннің (Хусамиддин Сығнақидың “Һисамиддин Сығнақи Рисалла-и Манақби Ахмед -и Яссауи” атты кітабынан алынған мұқабасы, көшірмесі).



ҚР Премьер-Министрі И.Тасмағамбетовтың Сыртқы істер министрі Е.Ыдырысовқа берген тапсырмасы. 2002 ж.



Премьер-Министр И.Тасмағамбетовке “Сунақ ата” қоры президенті Ш.Қарақожаевтың Хисамиддин бабасы туралы жолдаған хаты. 2002 ж.



Мәскеу қаласындағы Ресей мемлекеттік кітапханасында сақталған Ремезовтың картасы. Онда: Суна(к) және С қалаларының қатар орналасқаны көрсетілген. 1701 жыл.

жатқан сауаты болмағанымен, күнделікті өмір тынысына ілісіп отыратын ескіден де, жаңадан да хабары бар, барынша түзу, бетің бар, жүзің бар демей әңгімені ашық айтатын, ойында ешқандай арамдық жоқ арбадай салдырап әңгіме базарын қыздырып отыратын. Ол кісінің әңгімелерін мен де талай рет естідім. Бір жағы нағашы апамызды алып отырған соң жезделігі де бар еді. Сонда ол кісінің сунақтар жайлы айтатыны Арынғазиев айтқандай емес еді. Бірде ол кісінің сунақтар тарихы жайлы айтқандары есімде сақталыпты:

– Біздер жүзге қосылмаймыз. Өздеріңізбен бірге қазақ даласына ислам дінінің негізін қалаушы қожалармен бірге келген өкілдері боламыз. Түп тегіміз Арабиядан шыққан. Тарихи да, көне көз қариялардың да шежіресі Әбу Бәкір Сылдыққа (Арабтың бірінші халифы) апарады. Осында Әзіреті Сұлтанға әрі сопы, әрі көмекші ретінде қызмет атқарған. Һисамиддиннің (Сунақтың) ұрпағы боламыз. Сол бабамыздың адал қызметіне риза болған Қожа Ахмет Йасауи бабамыз: "Аға, қызметіңізге рахмет, Алладан қайтсын. Кейін егер "қылует" жайда Сіздің ұрпағыңыз менің ұрпағымнан (қожалардан) бұрын өтем десе, ұрықсат еттім", – деген екен. Міне, сол Һисамиддиннің (Сунақтың) бірінші ұлы Сүлеймен Мауланадан Әмір Шайқы, онан Қайғақ, Нұрбай атты балалары туылған дейтін. Ал Һисамиддиннің екінші ұлы Зиалдин Мауланадан Бессары, Аташ тарайды. Үлкен Әбіл Азиз Шайқыдан Қалмырза – Тоқпандар тараған. Кіші ұл Қожалардан (Ахмет Шәмші Қожа) бөлінген. Сунақ руынан Шайқы, Маулана, Сахаба (Сахиб) т.б. араб халқының діни адамдарына берілген атақ дәрежелері бар кісілер көп шыққан.

Сунақ руы атауы Сығанақ қаласынан шыққан деу де бекер сөз. Ертеректе Сығанақ (алғашқы аты – Сунаққорған) қаласының тұрғындары болғанымен де әлі күнге дейін жаңақорғандық, түркістандақ, бабайқорғандық, т.б. Сунақтар сығанақтық не сұғнақтықпыз деп өздерін атамаған. Яғни бұл қаланың атын қабылдамаған деген ұғым туады. VII–VIII ғасырлардан белгілі, бүгіндері қазақ қауымының бір бұтағы Сунақтардың атауы көне тарихи кітаптарда жиі ұшырасады. Біздің заманымыздың X ғасырында Сунақ қаласы қағазға түскен. Ұйқастың бәрі өлең емес. Сол сияқты Сунақ руының атына сөзді, сөзге қуып бұл осыдан шыққан, бұл басқа атадан тараған деп дәуегөйлік жасаушыларға ренжімеске шараң қалмайды. Бұған дер кезінде тыйым са-

лынған жөн. Б. Арынғазиевтың мақаласында айтылғандарға сүйенсек, сунақ ағайындардың шыққан тегі, руы жоқ дегенге меңзейді. Шала сауаттылығымен онсыз да шала орыс болып, азайып қалған ағайындар арасына алауыздық туғызып, от тастап отырғанын сезбейді.

3. Дәрбішев Патшабаймен де арамызда үй жоқ көрші едік. Ол кісі 1988 жыл қайтыс болды. Әр түрлі іске құштарлығы мол, жаны құмар жан болатын.Ептеп домбыра да тартып, өлең жазатын. Азын-аулақ мекемеаралық, колхозаралық айтыстарға да қатысып тұратын. Автор айтқандай тәуіпшілгі де болатын. Ол кісінің де Сунақтардың шығуы жайлы сөз қозғағанын естігенім жоқ. Ал оның есесіне Сунақ (кейде Сағанақ, Сығнақ т.б атаумен атала береді) шаһарын мекендеген һисамиддин (Сунақ Ата) әулеті сол кездері Сейхун (Сырдария) дариясынан су алуға сол кездегі Хорасан шаһарының әкімі Әбді Жалил бабтан ұрықсат алған екен. Сол арна кейінірек кеңи-кеңи қыр бойынан дарияның Сыр бойына ауысып кеткен дейді. Сулы жерге ел көп шоғырланатын әдеті емес пе, көпшілік жұрт егіншілікті енді үйреніп жатқан тұс қой. Сол елдің имамы һисамиддин бабамыз диқаншылыққа да аса көңіл бөліп отырса керек. Соны білген ел-жұрт егін саламыз деп һисамиддин имамның төңірегіне топтасқан дейтін.

Ал Бекмырза Арынғазиевтің айтып отырғандарында шындық жоқ. Негіз жоқ. Сондықтан Б. Арынғазиев газет арқылы, болмаса ауылға келіп, негізсіз айтқан сөздері үшін ағайындарынан кешірім сұрауы керек.

Ал мақалада көрсетілген сөз төркініне қарасаң, бұл дәл қазіргі қиын кезде қазақтың басын қосу емес, қайта жікжікке бөлу, ру арасына, ағайын арасына от тастау болып саналады. Сөзімізді Арынғазиевтың өзі келтірген Майқы бидің сөзімен бастап, өз сөзіммен аяқтағым келеді:

"Ел азайын десе – бөлінеді, тозайын десе, шыққан төбесі тау көрінеді", – депсіз, аға, – Шыққан төбең тау көрінсе тау көрінсін, бірақ туған ауылың, өз бауырың жау көрінбесін, Беке!

Сунақтардың көптеген аталарында қожа атауы кездеседі. Бұл бір. Ол кездегі аталардың әйелдерінің кімнен болғанын ешкім шежіреге түсірмеген. Қазақта тек қана еркек кіндік ұрпақ жалғастырушы саналғандықтан ол есепке алынбаған. Сунақтардың қожадан қыз алмады деуі бекер сөз. Шежіреде Сунақ Атаның (һисамиддин) баласы Сүлеймен Маулене (ла-

қаб аты Али Қожа) Қожа Ахмет Йасауидің кіші қызы Хошпос Айымды (Гауһар ана) алғаны жазылып, таңбаланып қағазға түскен.Одан бері тарихта талай өзгерістер өтті. Қожалар қыз бермеу салтын қатаң ұстағаны рас. Сунақтар олай етпеген. Қазақ руларымен кең көлемде қарым-қатынас жасап, қыз беріп, құда-құдандалас болып отырған. Бұл үрдіс осы кезге дейін сақталып келеді. Екіншіден, Сунақтар қожалар сияқты, мысалы, қылауыз қожа қылауыз қожадан, дуана қожа дуана қожадан, қырықсадақ қожа қырықсадақ қожадан, сейіт қожа сейіт қожадан, түркімен қожа түркімен қожадан қыз ала беретіндей, сыйық сунақтар сиық сунақтан, қалмырза-тоқпан сунақтар қалмырза-тоқпан сунақтан, қайғақтық сунақтар қайғақтық сунақтан, бессары сунақтар бессары сунақтан, аташ сунақтар аташ сунақтан қыз алып құда-құдандалас бола беретіндігі де қожа сунақтың бір екендігін дәлелдейді. Қожалар бұрынғы кезде де, қазір де қараға да, ханға да қыз бермеу дәстүрін қатаң сақтаған. Жарты әлемді бағындырған Шыңғысхан ұрпақтары Төре ақсүйек саналады. Қожалар олардың осындай билікте болғанына қарамастан Төрегеде, Ақсақ Темірге де, Шыңғысханға да қыз бермеген. Жаңақорғанда тұратын түркі тілдес мұсылман түрік ағайындар Қожаға да, Сунаққа да, Қоңыратқа да, жалпы Қазаққа да қыз бермейді. Ол да өз салт-дәстүрі. Қазақтың кейбір руларында да өзіндік ерекшеліктер бар. Бұдан біреуі артық, біреуі кем деген ұғым тумауы керек. Қазақта кіші жүзде Жақайым деген ру бар, олар да өзгеге қыз бермейді. Бұл да солай қалыптасқан дәстүр.

Тағы бір жалған жазып, сунақты қаралаған "деляға" – Х. Тұрсынов. Өзінің мақаласында (154) тіптен арсыздыққа барған. Ол:..Ел ішінде Сунақ атауын рудың шаруашылық ерекшелігінен туындатып, "суы нақ" (Д. Досжанның "Жібек жолы" романынан алып отыр – А.С.) деп түсіндірсе, енді бірде кемсіту мақсатында өзбек халқындағы "сарт" (сары ит) деген мазмұндас "сұғанақ" деген сөзге келіп тіреледі"... деп бөседі. Сонымен қатар ол Сунақтардың Сауд Аравиясынан ауып келгендігін, олардың этностық тұтастығын халық шежіресі де жоққа шығарады. Сунақ ішіндегі алшындар кейінгі кезде өздерін кіші жүзге қосып жүр, ал шежіре аташты найманның көкжарлысына, сиықтарды қожаларға, бессарыны қыпшаққа апарып қосады. Осы деректердің өзі-ақ Жығнақ – Сығнақ – Сунақ болжамын дәлелдейтіндей дейді. Ол тағы да былай депті: "1416 жылы Сырдарияның төменгі

бойын иемдену үшін Дешті қыпшақ билеушілері мен Темірдің немересі Ұлықбек арасындағы күрестің барысында Сығанақ қыпшақтардың астанасына айналды. Өзбек билеушілері қаладан кеткенімен оларға ере келген халық егін егіп, саудасын жасап, жергілікті халыққа сіңісіп кетеді. Сунақтардың жеке ру болып қалыптасуы туралы осындай болжам жасауға болады"

Х.Тұрсыновтікі өзі айтқандай "постулат" немесе болжам ғана. Ал ТАРИХ басқаша сөйлейді. Бірден айталық. Сунна атауы Ислам діні келгенде белгілі болған. Оны Мұхаммадтың (С.F.С.) жолы деп қабылдаймыз. Дінді таратқан әділ бірінші халиф Әбу Бәкір ас Сыддықтың (аса шыншыл) ұрпақтары Сунақтар тарих бетіне Х ғасырда қағазға түсу арқылы сол замандарда дінді таратуда зор рөл атқару арқылы халыққа танылған. Оған куә тағы да қайталап айтамыз Сунақтардың сол замандардан бергі өмір сүрген аталарының бірі де қалмай шежіреге түскендігі. Олардың ұрпақтарының Қазақстанда да өмір сүріп жатқандығы.

Х.Тұрсынов сөз жоқ іштарлықтан жоғарыдағы мақаланы жазған. Бәрі жала! Осындай ойдан құраған асыра сілтеуші "фантазия" авторлардың халықты шатастырып, тарихи фактілерді бұрмалап жазып жүргендерін әшкерелеп, олардың "Сунақата" совхозының және оған қарайлас, іргелес жатқан "Төменарық" совхозы атарын өзгеру жөніндегі ұсыныстарын (сол арам пиғылды мақала етіп ұсынған "хлюпик" – Б. Айсынов), Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінің студенті Нұрлан Әділбеков жаңсақтық деп атады.(155) Олардың тарихи фактілерді бұрмалап "Сунақ", "Сунақата" атауларын атамай, тек "Сығанақ" ("Сағанақ") атты ескі күйреген қаланы алдыға тартулары шындық атаулыдан алыс жатқандығын айғақтайтын қарсы мақала ұсынды. Жас тарихшы Н. Әділбеков: ... "Жоғарыдағы мақалаларда "Төменарық" және "Сунақата" совхоздарының, ауылдық Советтерінің, елді мекен, селоларының тағы басқа атаулары дұрыс емес деген пікірді көлденең қояды. Жалпы, алғанда ауданның басқа елді мекендеріне қарағанда бұл елді мекендер "Төменарық" пен "Сунақата" бір-бірімен тарихы жағынан да ара қашықтығы жағынан да жақын әрі тығыз байланыста.

Жергілікті тұрғындардың алдында ауыл аты қалай, қайдан шықты деген сұрақ туа қалса бұл мәселелердің бәрін ескеріп, оның тарихи аты өзгерісі, болжамдар да ауызға алы-

нады деген ойдамыз. (Автор А.Ю. Якубовскийдің "Төменарық" атауының аталуының ертеректе болғанын айтады, әрі жоғарыдағылардың сол атауды "Тұмәнарық" деп өзгерту керек деген пікірлерінің дұрыс емес екендігін дәлелдеп жазады. А.С.). Егер аудан көлемінде бұрын осы елді мекенді дәл "Тұмәнарық" деп аталғанын көрген, не естіген адам жоқ екенін (әлде бар ма?) ескерсек және "Төменарық" атауының қалыптасқанына да бірталай уақыт өткенін алға қоя отырып, "Төменарық" деген атауды өзгертудің реті жоқ, деп ойлаймыз.

...Біз Сунақата атауының тарихи атау екенін жоғарыда атап кеттік. Енді А.Кастаньенің хабарын бақыласақ: "құлпытасты мавзолейдің ең үлкені қорғаннан Оңтүстікке қарай бір шақырым қашықтықта орналасқан және ол жергілікті шырақшының айтуына қарағанда Сунақ руынан шыққан Сунақ-Ата есімімен аты өйгілі Үмей Хисамиддин ұрпағының құлпытастары секілді.

Зерттеушілердің арасында орта ғасырлық тарихи қаланың атауы жөнінде белгілі бір вариант қабылданбағандықтан және қазіргі уақытта Қазақстан ғылыми, мәдениеті мен әдебиеті саласында "Сунақата" атауының өз орны бар екенін және оның жайдан-жай қойыла (Жаңа шаруашылық құрылмастан бұрын, ол жерде "Сунақата" атты сай да болған) салмағанын ескерсек аталмыш Сунақата варианты өзгертілмеуі тиіс. "Сығанақ" (егер осылай атау мүмкін болса) заманындағы ірі қаланың бірі – Отырар (қазіргі кезде жеке аудан орталығы атын алып отыр. А.С) Шәуілдірдегі музейді қоспағанның өзінде республикалық, болашақ одақтық маңызы бар музей-қорыққа айналған...

Жас тарихшының дәлелі орынды. Оның өткен ғасырдағы жер атауларының ертеректе қағазға түскенін оқығаны көрініп тұр.

Сунақ-Атаның атын өзгертуге жанталасып жүрген Д. Досжан, Х. Тұрсынов, Б. Айсыновтардың ниеті қалайда Сунақтар отырған елді-мекендер мен совхоз аттарын басқаша атау. Себебі олардың айтып отырған Төменарық совхозының басым бөлігіне Сунақ руы орналасқан. Олардың арами ішкі есебі сол. Әйтпесе, Жаңақорған ауданының халқына жаны ашып жүрген Д. Досжанды көрген де, естіген де жан жоқ. Қайта сол пенде жазушылықпен айналысқалы бері тату тәтті өмір сүріп жатқан ағайындардың арасына от түсіп, реніш туа бастағаны қай заман. Тіпті ашынғандар ішінен

Д. Досжанды "есекке теріс мінгізіп" жібереміз дегендер де болған. Ауыл ақсақалдары сабырға шақырып, Д.Досжанның Жаңақорғандықтардан кешірім сұрағаны да аудандық қазақ тіл бөлімінің "Мирас" газетінде басылды. Оның мәтінін төменде толық береміз.Оған ел арасына іріткі салмауы туралы ескертсе де кешірім берілген соң сөзінен айнып қалып, қайтадан сол баяғы "әуеніне" салады. Ол ел алдындағы жауапкершілігін жасы алпыс тартса да сезінбей келеді.

Өзін қазақ жазушыларының ішінде ең көп оқылатын жазушымын, жазғанымды әріптестерім аңдып отырады, тарихи тақырыпты қотарған өзім деп сөйлейтін Д. Досжан ұлт үшін жасаған ерлігін көрген жан бар ма? Архив ақтарып, оларды көрер-көзге бұрмалап жазғаннан басқа бітіргені жоқ.

Д.Досжанның Х.Түрсыновтың аузына "запыранын" түкіргендігі көрініп тұр. Екеуінің де жазғандары өтірік әрі жалған сөздер. Х.Түрсынов айтатындай оған мына бір ғана дәлелмен аузына құм құямыз. Сунақтарда алшын жоқ. Тарихты да шежірені де білмейтіні осыдан-ақ байқалмай ма?

Қазақстанда сонау ғасырлардан өзбек те, ұйғыр да, тәжік те (әсіресе Оңтүстік облысындағы Түркістан, Сайрам, Шымкет қалаларында) тұрып өмір сүріп жатыр. Олардың ешқайсы да қазақтың ру құрамына кірмеген. Х. Түрсынов ел ішінде Сунақтардың шығу тегін былай депті деуі "өсек" сөздер. Өзінің іштарлығынан ойлап тапқан жаласы. Бір қызығы Сунақтар сол автордың шыққан тегі туралы әңгіме айтпаса да Көтеншіден тарайтын олардың (алты ата) өзара жезде-күйеу бала деп бір-бірін кемсітіп айтып жататын сөздерін естігенде қастарында тұруға ұяласың. Солардың ішінде бір атсын ауыл адамдары "көтікүлді" деп те атап кеткен. Олардың мұндай өзара айтыс-тартысын теріп, термелеп, жинап жазып жатқан біз жоқ. Ондай "кемсітуден" аулақпыз. Ол біздің міндетке жатпайды. Олар өздерін қалай кемсітеді, қалай мазақ қылады, соны есіне алып Х. Түрсынов Сунақтарға жапқысы келген. Сунақтар басқа өзгелерден қыз алып, құда-құдандалас болып тұрса да "күйеу бала", "жезде" деп ешкімді айтпайды кемсітіп басқаларша ойнамайды. Қайсысы болса да құрметпен қарап, бірін оң, бірін сол жағына отырғызып, құда күткендей сыйлайды.

Х. Түрсынов Сунақтардың тарихын да, шежіресін де білмейді. Сунақтарда алшын деген ру аталары атымен жоқ. Жоғарыда айтқандай Сунақтар өзге ру-тайпаларды кемсітпей

қайта олармен тығыз қарым-қатынаста болған. Жаңақорғанда көше-көше бойлай аталас туыстар тұрады. Ол барлық қазақ руларында солай қалыптасқан. Мысалы, аудан орталығындағы "коммунизм", "қазақ", "сырдария" көшелерінде (қазір аттары өзгерген – А.С.) Сунақтардың біраз бөлігі қоныстанған. Олармен қатар қожалар, бір-екі үйден түрік (Итизовтар) қазақ руларынан тарақты (Сайпировтар), алшын (Әуелбековтер), арғын (Қойшиевтар), найман (Қаюповтар) тұрады. Той, өлім-жітімді бұлар өте аз болғандықтан Сунақтардың Қалмырза – Тоқпан, Қайғақтық (осы көшелерде басым тұрады) аталарына қосылып, бір кісідей атқарып жатады. Сунақтар еш уақытта біз мындаймыз, біз ондаймыз деп даурықпаған. Сунақтар өзбектер болса олардың бұл руға жолауы мүмкін бе еді? Өзбекке жақындасқан қазақ үш күннен соң кім екенін ұмытып кетер еді. Сол ағайын туыстар Сунақтармен қанша жылдардан бері қарым-қатынас жасаса да өздерін сунақ қатарына, не атасына қосқан емес. Х. Түрсыновтың жалған айтқанындай олардың Сунақтардан шығатын, не қосылатын аталары жоқ. Қайта Сунақтар кендігіне имани мінездеріне байланысты сол аз ғана топты өз қамқорлығына алып отырған. Сол наймандардың ата-бабалары Сунақтардың Қалмырза – Тоқпан аталарының қамқорлығына риза болып, олардың құрметіне Қаюповтар отбасы күні кешегі 1940 жылдары туған балаларының аттарының бірін Қалмырза, екіншісін Тоқпан деп атаған. Олардан тараған ұрпақтар өздерін ешқашан Сунақпыз деп атамаған. Себебі, олардың Сунақтардан шыққан аталарының жоқтығы шежіреде де, тарихта да жазылған.

Осындай бір-бірімен қамқорлықта болған, туыс аталған ағайындар арасына жік салып, "жинақ" "жатақ", "сарт" (сары ит) деп Сунақтарды да алшын, найман, қожа, қыпшақтарды қорлауға Х. Түрсыновтың қандай моральдік құқы бар? Осылардан жиналып "Жығнақ", "Сығнақ", "Сунақ" аталыпты деуіне не жорық? Сөз саптасының өзі бәле іздеуден басталатын автордың атына не айтуға болады? Біресе "жинақ" біресе, "жатақ", біресе "сығнақ", біресе "сұғнақ" деп бір тоқтамға келмей "көтікүлденуінің" өзі оның тұрақсыздығын, жылпостығын, құйрығы жер иіскемейтінін, аузын басса арты сөйлейтінін, айдай етіп анықтап, әрі өзінің ұятсыз түрінің бет-пердесін ашып тұр.

Оған тағы да айтарымыз, халықты "бір күндік" мақтанышқа (онда да отбасы мен құрдастары алдында көрдіңдер

ме сунақтарды қатырдым деген сыңайда) бола "былапыт" сөзбен тарих жасауға болмайды. Тірі Сунақ елі мен өлі Сығанақ қаласын салыстырудың өзі ұят. Сунақ бедуиндерінің халықпен өмір көшінде кетіп бара жатқанын "көре" алмай Сығанақ сияқты қиранды қаланың қосында қалып қойған иттей шәуілдеп керуен көшін қаншама үргенімен қазақта айтылатын: "Керуен көшеді, ит үреді" кебін киген абырой оған жақсы атақ та емес! Одан да "ертеректе тарихи деректерде (шындығында солай!) Сунақ аталыпты, кейін Сығанақ атауы жазбаларда түрлі атаумен ұшырасады. Бұлардың барлығы ұлы қазақ халқының тарихы мен шежіресі" деп дұрыс ұғымға келсе болмас па еді? Құрметке бөленбес пе еді!?

Қазақ тарихында екі атаудың қосарлана берілуін неге ескермеген?

Сығанақ, Сунақ – Қазақстандағы ортағасырлық қала орны. Сырдария өзенінің бойындағы Төменарық ауылынан 10 шақырым жерде орналасқан.

Ертедегі Сығанақ Қыпшақ мемлекетінің сауда және саяси орталығы болған. Сығанақ Ақ Орданың орталығы болған. XV ғасырдың 80 жылдары қаланы қазақ ханы Бұрындық иеленген. XV–XVIII ғасырларда қала бұрынғысынша сауда орталығына айналған. Сығанақ XVIII ғасырға дейін жеткен. Қаланың қазіргі орны Сунақ ата деп аталады. (156)

Сунақтардың аталарында кездесетін Сахиб (Сахиби Аллама Үмей Һисамиддин Сунақ Ата), Сұлтан (Әбділла Сұлтан Мухаммад, Сұлтан Кәһап, Сұлтан Мәуліт), Саиид (Сайд Аһмад Куши), Мәлік (Мансұр Мәлік – Һисамиддин Сунақатаның алтыншы атасы, зираты Сунақ – Сығнақ қаласында, Шабур Мәлік), Шайх (Абдул Азиз Шайық, Шайдо Шайх, Бузрук Шайх, Сүйіндік Шайх- лақап аты Муйзади Ата Баһадұр бұл кісі батыр болған. Жаңабекпен екеуі Қаршы, Құзар Қаракөл соғыстарын бастайды. Самарқандпен соғыспай оны алады.), Маулана (Сүлеймен Мәулене), Доммолла (Домулла Гүлмұхаммад Маликхан – Гүлімбет), Қожа (Ахмад Қожа Қархуки, Абу Сүлеймен Вали Қожа – Али Қожа Ата, әл-Хусейн бин Әли Қожа Хусамилдин, (бұл Қожа атын барлас руынан шыққан Көреген Ақсақ Темір де ала алмаған.), Софы (Мәмбет Сопы), Мәртебелі (Құлмұхаммед Азиз мәртебелі, Құдайқұл Шайх мәртебелі), Бек (Сасықбай Бек), Болыс (Асқар болыс), БИ (Елтияр би), Қазақстанның діни басқармасының қаулысымен (1982 ж.) Жаңақорған ауданының има-

мы болған Сунақтың Яссауиі Мырзаханов (XII ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмед Яссуан емес – А.С.) т.б атаулардың өзі ақсүйек тұқымын білдіріп тұрған жоқ па?!

Жоғарыдағы жалақорлардың "сарт-сары иттеріне", Ақсақ Темір ала алмаған осындай құрметті атауларды кім береді? Самарқандық сарттарға қарсы соғысқан Сунақтардың атасы Сүйіндік Шайх-Музади Ата мен Жаңабектің сартқа қандай қатысы бар? Қазақ жері мен дін үшін күрескен қаншама Сунақтардың аттары әлі де тарих қойнауында жатқанын "өтірікші" тарихшылар біле ме? Көшеде арақ ішіп алып, діннен безген не есалаң-қиялилардан сұрадым, шежіре жаздым деп (мұрны суланып жүрген кезінде, мектеп табалдырығын аттамаған төрт жасына дейін тілі шықпаған, әріп танымайтын бес-алты жастағы Дүкенбай баланың) бүкіл Қазақстан халқына жалған ақпар ұсынып, дүрліктірудің қажеті қанша? Олардың бұл әулие адамдарды қорлайтын сөздері басылымда жарияланып кеткен соң, әттеген-ай, елдің сыйлы азаматтарының атын қорладымау деп ой түймеген пендені кім дейміз? Сол "жала" жапқандардың қайсысының шекесі қызыпты? Бірі жастай Сырдың суына арақ ішіп батып өлсе, енді бірінің "нақ-нақ" авторының отбасы ойран болғанын "Егемен Қазақстаннан" оқып, біліп те жатсақ, бірі Дон-Кихот атын арқаланып жүрген жоқ па? "Аруаққа (рух деп түсінген дұрыс. А.С.) арсыздықпен тіл тигізсең, сені де бір делбеге ұйғарамын" деп Қазақстанның Халық ақыны Манап қожа Көкенов айтқандай, қылует жайда бірінші орында отырған Сунаққожалардың рухы бәрібір дінсіздердің мысын басып тұрады. Тарихты жазатын да, білетін де (өздеріңіз бұлардың шындықтан алыс жазатынын оқыдыңыздар) тек Д.Досжан, Х. Тұрсынов, Б. Айсынов, Ә. Әбіласанов, Байбота Серікбай Қошым Ноғайлар ма? Осы аталғандарды жаңадан Қазақстанда дүниеге келген "Дүкенбай жолы" атындағы өтірік және жала жабу мен жалған жазу "академиясының" толық мүшелері дейміз бе?

Ақсақ Темір (1336–1405) Қожа Ахмет Йасауидің қасиетті қабірі үстіне зәулім және сәулетті күмбезді ғимарат салдырды. Содан соң аты аталған ұлы Әмір вакуф бөлгізді және біреулер жоғарыда арнайы бөлінген жер, су көздері және басқа мүліктерге жаман ниетпен зұлымдық қылса, ондай жағдайда ол қиямет күнінде бұл жаман ісі үшін шерменде болады деп ескерту жасады.

Осы атағы жарты әлемді дүркіреткен Ақсақ Темір көреген мырза Дарвишали Шайх Сығнақиді мырза Қожа Ахмет Йасауи кудисса сираху мешітінің хатшылығына лайық көріп, оны хатшылық лауазымға бекітеді. Және осыдан кейін бұл жұмыс оның Солиқ әулеттері (әулиелі ру) тарапынан қабыл алынып, әрқашан олардың қолында болсын деп жарлық етеді. Ал Сунақтардың шежіресінде Дарвишали Шайх Сығнақи Сунақ Атаның (hисамиддин) Әбу Бәкір Сыддықтан кейінгі 21-ші ұрпағы болып келеді. Одан екі ұл туады. Бүзірік шайх және Сүйіндік шайх (лақап аты Муйзади Ата Баhадүр). Сүйіндік Шайх батырлығымен да ерекше көзге түседі. Жаңабекпен екеуі Қаршы Құзар, Қаракөл соғыстарын бастайды. Самарқанды соғыспай алады.

Бұл жылдарда Қаршы мен Самарқандқа қарсы ұрыс жүгізген Сунақтан шыққандар еді. Ақсақ Темір Қожа Ахмет Йасауи мешітінің хатшылығына Даурішали Шайхты отырғызып қана қоймады. Қарабұлақтан келетін Қаратас және Санирдо бұлақ және... Көктас бұлағынан келетін Меш және Қызылқия және бұдан да басқа Бұлдырық, Асаршоқ, Жилмақих арықтары Сығнақилар (Сунақтар) үйымдастығына қарасты және бұларды өзгертсе ол Аллаh Тағаланың, періштелердің және адамдардың лағынатына душар болып, өмірлік азап шегіп және қарғысқа ұшырасын деген. (157)

Осы деректердің өзі Сунақтардың шежіресін нақты айтып тұр.

Өз тарихымызды бұрмалап "боқтан өзгені" жазғанша, Өзбек – сарттардан "ит" (Көтенші – "придаток" – Хасірет Тұрсыновты "жаласы" бойынша солай аталуға лайық десек – А.С.) болса да үйренетін кез келді. Олардың күні кеше Ақсақ Темірдің 660 жылдығын әлемдік деңгейде тойлап, өзбек жасап алды. Одан соң түркі халықтарына ортақ, оның ішінде әсіресе қазаққа жақын Алпамыс батырды тағы да өзбектер 1999 жылы ЮНЕСКО көлемінде "өзбектің ұлттық эпосы – "Алпамыштың" 1000 жылдық мерейтойын тойлады. Ал Әзірбайжандар болса, 1996 жылы "Дәдәм Қорқыт" кітабының 1300 жылдығын тойлап өтті. Қорқыттың моласы бізде, тойлайтын теңіздің арғы бетіндегілер.

Сунақтардың ұлы атасы Әбу Бәкір ас-Сыддықтың он алтыншы ұрпағы Хазіреті Сұлтан hисамиддин Сунақата аты аталып, жабулы қазан ашылып, тарихи шежіре шыға қалғаны сол еді, халық әулие санайтын киесі күшті атамызға жан-жақтан "шала сауаттылар" жалалы мақала жазып, ха-

лықтың ашу-ызасын туғызды. Сол ағайындар болған Сунақ қаласына таңы айырылғанша "бәле" іздеді.

Тарихи сабақтастық барлық ұлтпен байланысты екенін жұрт біледі. Алайда, пышақтың жүзіндей ғана тарихымызды ана ұлтымыздың "мәңгүрттері" жоққа шығарғысы келіп жанталасқаннан не ұтады? Осындай іштарлықтан қашан құтыламыз? Болмаса қайдағы Шумер – Сүмер – Су бер – Сұ бір, сонау Ирак (бұрынғы аты Мессопатамия – А.С.) елінің тарихында не шаруа бар? Ол туралы жай ұқсас сөздердің түркі халықтарында да бар екенін Олжас Сүлейменов өзінің "Аз и Я" кітабында айтты емес пе? Енді ешкімның жерден "сөз ойнатқанмен", орыс тілінде Олжастай етіп жаза алмайды.

Атақты жазушы Габриэль Гарсиа Маркестің "жазғанымның бәрі шындық екені шындық, қай-қайсысы болсын өмірден алынған дүниелер, өйтпеген күнде бәрі құр қиял болмақ, ал қиял дегенің – Уолд Дисней" дегені еске түседі. Жоғарыдағы "жалған патриоттар" осы Уолд Дисней болып елестейді бізге. Дисней, Дисни Уолт (5.12.1901, Америка, Чикаго 15 12 1966, Бербанк)...Дисней фильмдерінің кейіпкерлері – тышқанның баласы Микки, үйректің балапаны Дональд, Ақшақар, Бэмби және басқалар. (158) "Ұлттық энциклопедия, 3-том. Фактіні бұрмалаушылыр сол елдің тумалары. Яғни, Д.Досжанның аталастары.

Сунақ қаласына 2004 жылы екінші археологиялық зерттеу жұмысы жүргізілді. Сәйден Жолдасбаев (Түркістандағы Қ.А. Йасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті археология және этнология кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор). "Егемен Қазақстан" газетіне "Құпия мешіт" атты мақала жазып, ол да тарихи деректерді келтіреді. Оңтүстік-шығыс жағындағы қала ішіне кіретін қақпаның алдыңғы жағынан 120 метрдей жерден үлкен мешіттің орны табылады. Оған С.Жолдасбаев біраз шолу жасайды. Ол Ерзен ханның діндарлығын жазады. Оның Отырар, Сауран, Женд, Баршынкент қалаларында мешіт, медреселер салғанын тілге тиек етеді. Сәйден Жолдасбаев басты бір мәселе Сунақ Ата мешіті XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап әулиелі жерге айналып, сағаналық қызмет атқарған" дегені жазады.. Мешіт әлі зерттелуде.

Қазақстан тарихында былай деп жазылған: "VII ғасырдың басында арабтардың әскери күші Орта Азияны түгелдей бағындырып алды. Орта Азияға дейін арабтар Сирия,

Палестина, Египет, Византия, терістік Африка, Закавказье т. б жерлерді жаулап алса, осы ғасырдың аяғына дейін Қытай шекараларынан Францияның оңтүстігіне дейінгі территория бағынып, ислам діні салтанат құрып үлгірген. Арабтардың осыншама жеңістерге жетуіне ислам дінінің бейбіт жолмен де тарағаны, бұл жолда ислам миссионерлерінің қайраткерлігі де себеп болғаны, дін уағыздарының қысқа, қарапайымдылығы, сол кездегі адамдарға түсінікті болуы да көмек болса керек. Құранда дінді зорлықпен тарауға рұқсат берілмеген. Исламның бірінші мақсаты – жаңа халықтарды өз дініне барынша бейбітшілікпен тарату болған. Исламның суниттер мен шейіттерге (алғашқы үш халиф пен суннаны мойындамайтын түрлі ағымдар мен топтардың жалпы аты) бөлінуі өз ағымдарын насихаттаудағы бәсекелестікті күшейте түсті. Сондықтан екі ағым да ислам миссионерлерін сауда керуендерімен, соғыс жолының алдын ала мыңдаған шақырым қашықтықтарға дейін жіберіп отырған. Алғашқы үш халифтың (Әбу Бәкір 575–634, Омар – 581–664, Осман – 578–656) 2 жыл ішіндегі басқару уақыттарында сунна жолдарының миссионерлерін күшейтіңкіреп, үдетіңкіреп жіберу мүмкіншіліктері болған. Орта Азия мен Қазақстанның сунна жолындағы ислам дінін ұстауы, олардың арабтарға тез берілуі де осы жағдайға байланысты болуы ықтимал. Оның үстіне, бұл арадағы халықтардың көшпелі өмірі мен жалпы түрмысы арабатардың көшпелі халықтарына ұқсас болуы да олардың насихат жұмысын табысты етуі даусыз.

Сунаққорған керуен жолының үстінде болған. 751 жылы Тараз қаласының маңынан бастап, терістік және Шығыс Қазақстанға арабтар сауда керуендерімен бірге мұсылман миссионерлерін жіберіп отырды. Олар Енисей жағалауларына дейін барды. (Сунаққорған аймағы арқылы). Осындай жолмен араб елдерінен келіп жатқан ишан, молдалар көшпелі дала халықтарын аралап, құран мен сунна жолдарын, шариғат заңдарын тарата бастаған. Мұсылмандардың идеялық ұраны "Құдай – бір, пайғамбар хақ, сунна-ақ" деп жариялап, пұтқа, отқа, тағы басқаларға табынушылардың арасына насихат жұмысын жүргізген. Айта кету керек, ұранда "Құдай – біреу" емес, "Құдай – бір" деген. Құдайды "әйтеуір біреу" деп айтуды күнә деп білген. "Хақ" дегені "ақиқат, рас" деген сөздердің түсініктерін береді. Дуаналардың үй- үйді аралап, "хақ" не "ақ" деп ақтап жүруі осы сөздерден алынған (мен – мұсылманмын, құдай үшін көмектес деген ма-

ғылада). Сунақ "сунна-ақ" деген сөзден шыққан. (Құранның қай сөзі болса да "механикалық қосынды" емес. Бұл – өте ауыр және қиын мемлекеттік идиология жұмыстарын іске асырып, қазіргі 800 миллионнан астам мұсылмандардың ата-бабаларын, аналарын ислам дініне кіргізген құран. Құран да, суннаның жолдары да ауызша таратылған. Сунна тек VIII–IX ғасырларда қағазға түсірілген.)

Ислам діні жергілікті халықтардың экономикасы мен мәдениетінің дамуына әсер етті. Ауыл шаруашылық өнімдерінің және сауда орындарының өсуіне, сауданың онан әрі дамуына себеп болды. Осының негізінде қалалар көбейіп, мәдени ықпалы күшейе түсті. Мешіттер мен медреселер салып, халықтың сауатын ашты. Ал қазақ тіліне енген араб сөздері шамамен он бес мыңға жуық. Алгебра, астрономия ғылымдары жөніндегі түсініктер мен "Мың бір түн" сияқты көптеген шығармалар сол кездегі халықтар арасына тарала бастады". (159)

Кезінде қазақ әдебиетінің көркем қазынасын байытуға қомақты үлес қосқан жазушы І. Есенберлин әр түрлі жанрларға құлаш ұрды. Қыруар өлең, он дастан, екі повесть, он жеті роман туғызған І. Есенберлин Украин ақыны Владимир Сосюраның "Украйнаны сүйемін" деген жыры үшін таяқ жейтін заманда, жергілікті жарамсақ идиолог ұлттық киелі аспап-домбыраны ғайбаттаған уақыттарда Ілияс ақын "күндей күліп, құстай желпініп", "Домбыра", "Күй", "Қобыз күйін тыңдашы" деген өлеңдерін туғызып, қазағының мәдени мұрасын насихаттаған жоқ па? Ол кездің өлшемінде ауызға алудың өзі күпірлік саналатын тосын тақырыпқа бару автордың тәуекелшіл мінезінің бір батыр көрінісі де еді. "Домбыра" кейін қазақ халқының сандуғашы Роза Бағлановаңың ғажайып дауысы арқылы ел-жұртымыздың сүйіп тыңдайтын әніне айналып, жер шарының түкпір-түкпіріне шырқалғаны тарихи шындық еді. (160)

Ал қазақ ұлтына ауыр тиген 1986 қанды оқиғаны есепке алмағанда бейбіт заман саналатын (1961–1985, 1987–2006) жылдарда Д. Досжанның архивті сүзгілеп, ондағы тарихи фактілерді бұрмалап жазғаннан басқа "ерлігін" кім көріпті? Өзінің кітабына алғысөз жаздырып алып, кейіннен "Семей-Невада" қозғалысын құрған Олжас Сүлейменовке уақытында бірге бола алмадым жер астына түсіп кетіп, шығуға мұршам келмеді, кітап жаздым дегенін қалай түсіндіре аламыз? Керек болса, сол О. Сүлейменов Д.Досжанға пәтер де алуға

қол ұшын берген. Тек өзінің қара басын күйттеп, елді шулатып жүрген пендеңізге не айтуға болады? Күні кеше (әлем таныған Олжас Сүлейменов 2006 жылдың 18 мамырында 70 жасқа толды – А.С.) үлкен деңгейде мерекелік кеші аталып өтілген атақты ақынның атына маған осынша жақсылық жасаған ірі тұлға еді деп бір жылы лебіз білдірмеген Д.Досжанға не дейміз?

Сунақ – жалпы дамыған ел. Араб халифы Әбу Бәкір Сыддықтың ұрпақтары ішінен ел басқарған хан, сұлтан, би-болыстар да көп шыққан. VI–XIX ғасыр аралығындағы аталарды айтпағанның өзінде, бізге Кеңес кезеңінде өмір сүрген, әзірше жеткен деректер бойынша сұлтан Хантұрсынды, батыр Сасықбайды, би Елтияр Мырзекені, болыс Асқарды білеміз. Қазақтың жақсы қасиеттерімен қатар, көре алмаушылық, аяқтан тарту, бықсытып жағымсыз сөз айту, қызғанушылық әрекеттері де баршылық. "Қазақтың жауы қазақ" – деп босқа айтпаған сияқты. Әр кезеңде талас-тартыс болып отырғаны белгілі. Болыс Асқар Еспенбетұлының (1860–1922) өмір сүрген заманында қазақ халқының болыс-билері жылына бір рет бас қосып, дауды, тағы басқа мәселелерді кезектесіп, басқарып шешіп отырған. Осындай жиынның бірін басқару кезегі Сунақ Асқар болысқа тиіпті. Жиналғандардың ішінен біреуі Сунаққа тіл тигізіп, ол кім еді, әншейін жинақ емес пе, бұларға "сөз не тең" – деп көкірегін қағып, менсінбеген кейіппен кекетіп, мұқатпақшы болыпты. Төрдегі Асқар жүресінен тізерлеп отырып, қолына қамшысын қысып ұстап, ызалы бүркіттей қомданып, "Әй сен, деп, әлгіні өткір сөзбен өмір бойы ұмытпайтындай етіп, желігін басыпты. Отырған зиялы ел ағалары әлігінің айтқанына ұялыс тауып" – адамнан осындай ит сияқтылар да туады екен", – деп сүйреп далаға шығарып жіберіпті. Асқар аузынан шыққан сөз оқша зымырап ел аузына тарап кеткен. Біз бұл арада айтылған өткір сөзді "ұяттау" естілгендіктен жаза алмадық. Қазірге дейін Сунақтың үлкен қариялары-ның көбісі Асқар сөзін айтып бере алатыны белгілі. (161)

С. Құдияров бұ жерде де сыпайылық танытып отыр. Ұлағатты ұстаз емес пе. Ал Асқар болыстың айтқанын сол аймақтағы халық түрмақ еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін бәрі біледі. Сунаққа бұрыннан жала жауып, "жинақ" деуші "зытқырлар" ертеде де болған. Жоғарыдағы авторлар солардың ізбасарлары. Ел арасын іріткі салушылар.

Жой да, қатты да айтқанға мойынсұнғысы келмейтін тәкаппарлар. Тек сөз қуып, сөз ойнату. Жаңағы С. Құдияровтың айтуға ұятты деген сөздері осындайларға бағытталған. Бұл шындықты біздер де білеміз.

Он алты қанатты киіз үйде әр рудан би-болыстар бас қосады. Сондағы кезек С. Құдияров айтқандай Сунақ Асқар болысқа тиеді. Сунақты "жинақ" дейтін әлгі біреу жиынды бұзып, осы сөзді қайта-қайта қозғай берсе керек. Сонда Асқар би: "Әй, көргенсіздің тұқымы, қоймадың ғой, Сунақ деген қо...ақ аузыңа былай...да.. былай...да деп жүрелей отырған күйі асатаяғымен (кейде қамшы деп айтылады, біздіңше асатаяқ. Себебі, Сунақтардың арғы аталары асатаяқ ұстаған. Сондай асатаяқтың бірі Сунақ Аббас имамда күні кешегі 1981 жылға дейін болған.) иегіне олай да бұлай да тартып жібереді. Оған қатты намыстанған би-болыстар "ит" неме деп әлгіні өздері басындағы қалпағын теріс кигізіп, тамағын қылғындырған бойы кеуде тұстан тартып, сүйреген бойда "құйрығынан" теуіп, он алты қанатты үйден далаға "атып" жіберген. Содан осы сөз мәңгілік мақал болып, ел аузында жатталып қалды.

Сунақ ішінен өнерлі, өнегелі, білімді адамдар көп шыққан. Күші басым палуандар да тарихтан орын алған. Ташкент шаһарында өзбек байы бір жыл бұрын пілмен күресетін адам іздеп жар салады. Күш жағынан озық туған Байтелі Қалмырзаұлы тәуекелге бел байлаған, әуелі ойына жиғаны мол, тереңінен ойлап, ақылмен болжап біле беретін, 105-тегі кемпір анаға келіп ойын білдірген. Кемпір ана – "Адамның күші аяғында, белінде, қолында болады. Сендегі күш осының қайсысында?" – деп сұрапты. Сонда Байтелі: "Жас сексеуілді бұрап суын шығарып, дәмін татамын әжетайым", – депті. "Күшің қолыңда екен. Пілдің күші ұзын тұмсығында, орап алса сені жеңеді. Пілмен жақындасып айқасқанда ептілікпен піл тұмсығын қолыңа түсір. Сексеуілді бұрағандай бұрай бер, жанына батқан піл шыңғырады, жіберме. Одан сайын бұрай бер, сексеуілдің суы шыққандай, піл шыдай алмай құлап түседі", – деп ақылын айтыпты. Кемпір ананың айтқанын дәл орындап, Ташкент шаһарындағы үлкен базарда пілмен алысып жеңген екен. Бірақ көз тиіп Байтелі жастай көз жұмыпты. Осы Қалмырза атаның баласы Орынбай да ерен күш болған деп әңгімелейді. Балшыққа батқан өгізді мүйізінен ұстап тартқанда, қос мүйізді жұлып алған дседі. Ал Сасықбайдың (қоқандаған қоқандықтардың мы-

сын басып, қырғыздардың манаптарының өзін идірген, заңды түрде "БЕК" атанған) ерлігі, батылдығы туралы аңыз-әңгіме бір төбе. Қырғыз хандығы Сасықбайдың ерлігіне риза болып, батырға қырғыздың сұлу қызын олжа етіпті. Сасықбай сол қызды еліне әкеліп, інісі Жақсыбайға қосыпты. Сол қырғыздың қызынан туған Істекеден тараған ұрпақтар Жаңақорғанда өсіп-өніп отырғаны белгілі. (162)

Жоғарыда Д. Досжанның қияли Абдраманнан естідім деген шежіре де қисынға келмейді. Ол кезде Д.Досжан ақсақалдар алдында жасым 5-6 шамасында дейді. Біздің қолымызда шыққан жылы белгісіз "Дүкенбай Досжан" буклеті жатыр. (Компания ТОО "УМЕ", буклеты, проспекты, фирменный знак, календари, рекламные плакаты. Тел. (46–63–55) Осы буклетте былай деп жазылған:

"... Мінезі түйық, сыншыларын оқымайды, көпшілік орта, теледидардан сырт жүреді. Шығармаларын жерде жатып жазады...

... тоқсандағы шешесінің айтуынша (2004 ж. 11 желтоқсанда 101 жасында дүниеден озған – А.С.) 4 жасына дейін мылқау бала аталған. Ыстық күн астында сағаттар бойы жалаңбас ойға шомылғанды ұнатады... Мылқау зат. 1. Құлағы естімейтін, сөйлеу қабілетінен айырылған кісі; тіл - аузы жоқ адам. Қорада село халқы үндемес деп атайтын Айқыз үйінен пана тапқан, табиғат аяусыз жазалаған мылқау адам отырған (Аялы жандар).Осы ауылдың қонағы бір мылқау келіншек бар-ды (Ә.Әбішев, Найзағай). Ақанның серігі – мылқау баласы Ыбан ғана (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). 2. Ауыс. Еш нәрсені түсінгісі келмейтін, үндемес адам. Айналаның бәрі мылқау, ешкім бір-бірімен сөйлесіп, шүйіркелеспейді (Б.Момышұлы, Жауынгер.).Сүюде жоғалтсам сенімін, Мен онда сорлымын, мен онда өлімін. Қадірін, бағасын ұқпасам өлеңнің, Мен мүлдем мылқаумын, мен онда кереңмін (А. Бақтыгереева, Қуаныш).

Қазір жүз жасты еңсерген анасы Дүкенбайды төрт жасқа дейін мылқау деп атағаны шындық болса, араға бір-екі жыл салып, қияли Абдраманнан Сунақтардың шежіресін тыңдап, жазып, қағазға түсіріп, Орынбай батырды әкесі Қалмырзадан туғызса, ыстық күн астында сағаттар бойы жалаңбас (шындығы тақырбас, қазақтың кейбір рулары балаларға шаш қойдырмаған) отырса күн өтіп кетсе, әрине, бас ауырып шатасады. Бұны көріп отырып Д. Досжанды "вундеркинд" десең көргені мен жазғандарынан жаңылыс-

қапын көріп, олай деп айтуға ауыз бармайды екен. Бала кезден қияли болып, өскен Д. Досжанның өтірігіне әбден мезі болған халық оның уәдеден де тайқып кететініне де көз жеткізгені қашан. Жаңақорған аудандық кеңестің жиналысында ақсақалдардан кешірім сұраған Д. Досжан араға тура 10 жыл салып, өзінің 13 томдық жинағындағы 4 томындағы "Жібек жолындағы" ("Білім", Алматы. 2002 ж.) басты кейіпкер Хисамилдинді (барлық тарихи деректерде Сунақ руынан екені жазылған, ол Д. Досжанның ауыл ақсақалдары алдында, аудандық "Қазақ тілі" қоғамының жанынан шығатын "Мирас" газетінде кешірім де сұраған, енді сол уәдесінен қайтадан айнып кетіп отыр – А.С.) қыпшақ деп ел-жұрт арасына іріткіні қайта салып отыр. Яғни, 1973 жылы шыққан "Жібек жолы" романындағы деректі қайталаған. Қазақта "ауру қалса да, әдет қалмайды" деген мақал осындай тура жолдан адасқандарға қарайта айтылған болса керек.

... "Қыш қиюшыны – қышкер деседі, – дейді Иланшы Қадырхан білгенін баяндап, – қышкерлер атам заманнан үлкен өзеннің бойын жайлаған іргелі ру, руды "сунақ" деп атайды. Сунақтар ілгері кезде Інжу өгіздің оң жағасына орнаған Сығанақ қаласынан тараған ел көрінеді. Кетпенін жерге салса буы бұрқырап иен байлық ілесе шығатын шетінен дихан, топырақты тәуіптей танитын егінші келеді. Сунақтардың біразы жаз айында дария жағасында саз кешіп, балшық илеп, сексеуіл өртеп, қыш құюға бейім... Осылайша қызыл күрең саңғыраған Сығанақ, Отырар қышы дүниеге келеді. Әлгі қыш енді суға езіліп, соққыға сынып, ызағалға мүжілмейді, кәдуілгі Қаратау тасына парапар қасат мүлік қалыптан шығады екен"...

...Сунақ қышкерлер өз бұйымының мықтылығын қылышпен шауып сынар болар; қылыш сынынан өткен шегедей тас шемен қыштан қаланған, нешеме алақаны алтын зергердің қолымен өрілген Күмбез сарайдың мына заңғар алып нұсқасына қараған көз қарығады, биігіне қарасаң басыңнан сәлдең түседі...

..."Со заманда Отырарды Шәміл деген дихан жайлапты... Сол Шәміл Хорезм бегінен: "Інжу өзенінен бір арық су бер", – деп сұрайды – мыс. Әуелгіде бек көнбеген. Көп жалынады, жалықпай жағдай айтады. Бек бабамыз ақыры аяушылық етіп көнген дейді. Құлақ арықты Інжуден жырып алар түс биік қырат екен. Сол қыраттан өтсе арғы жағы

суды өзі алып кететін тартпа ой болған. Мұны бек бабамыз білмеген. Дихан Шәміл соңынан көп сунағын ертіп келіп арық қазады. Ай қазады, жыл қазады.Ақыры ат шаптырымдай алапат қыратты қырқып өтеді. Су өлгі қыраттан асқан соң-ақ құлдырап, құлап, кедергінің күллісін орып әкетеді. Хорезм бегі санын соғып, бармағын шайнайды. Халық жинап қанша арпалысып күш қылса да судың алдын бөгей алмайды. Енді он-он бес жыл өткен соң Інжу бұрынғы арнасын мүлдем өзгертіп жібереді. Барлық өзен суы Хорезм жерін тастап, Отырарға қарай кетеді, көне арнада ұйық қана қалған..."

Автор осы су келген Отырардың халқының қанша түтін екендігін тілге тиек ете келе,... "Әр шаһарда қырық оқ халық мекендейді десек; әрине, шах ием, тоғай арасында торғайдай тозып күнелтіп жүрген қаңғыбас қыпшақтарды есепке алмайды, оларға су салығын салмайды...ге-ге, сөйтті... қырық оқты қырық қалаға көбейтіп, одан шыққан халық санына өлгі су шығынын салып кеп жіберсек, бадырайып шыға келеді. Қырық жеті оқ алтын динар немесе он жеті керуен астық болады!"... (163)

Д.Досжан кітабының осы ескі нұсқасында қыпшақтардың тоғай кезіп, сандалып жүргенін айтады. Қыпшақтар салық төлеуге де дәрменсіз екен. Ал, кейінгі "Жібек жолындағы" өзгертуінде басқаша сайрапты. Оқиық:

... "Ал інжу бойының сол жағасындағы қарасирақ дихандарға көңіл бөлмейді, олжа түспес, құр қантөгіс жортуыл десіп, оларға жоламайды. Көз құртын жейтін Сығанақ пен Сауран арасын жайлаған қыпшақ пен қоңыраттың бай ауылдары..." (164)

Автор біраз араға жылдар салып өз ойы мен пікірінен айныған. Алдыңғы басылымдағы оң қанатта отырған бай отырықшы жұрт, кедей боп, қаңғып жүрген қыпшақтарға қоңыраттар қосылып бай ауылға айналған. Біздер, екі іргелі тайпаның ешқайсысына қарсылығымыз жоқ. Ол кезде де бай, кедей, оқыған, сауаты ашылмаған қаншама ру тайпалары болды. Автордың отырықшыларды жаңа өзгертуінде сол жағалауға шығарып жіберіп, екі тарихи қала ортасына жаңағы екі ірі тайпаны жайлатып қойғаны таңдандырды. Ол жылдарда қазақтың сол қасиетті дархан даласында басқа да қаншама ұлыстар мен ру тайпалар мекендемеді.

Енді мынаған назар аударамыз: "...Сунақтар салған Сығанақ шаһарының күншығыс бетіндегі әйгілі орын Көк кешенге (Осы кездегі Көккесене ымыраты Д.Досжан) жинал-

ған ақсақалдар әуелі Жалаңаш әулиені тыңдады. Сонда Жалаңаш сөзін "жұртым, халқым" деп бастады, суға кетіп бара жатқан балықшыдай қарманды, "жұртымды ойлап түн үйқымды төрт бөлемін, тамағыма ас өтпейді" деп, көңіл босатты. "Жетінші атам пайғамбарды көзімен көріп, соңына еріп сahаба болған кісі. Содан Арыстан баб туыпты, содан Сиқым, Қиқым әулиелер тараған. Жын-перімен жолдас болған білімді-білікті жандар екен, көріпкел атаныпты. Осылардан тараған "Жауырыншы" атамыз көрінеді, болжап білгенін, көзіне елестегенін, түсіне кіргенін жұртына баяндайды; батырын қатерлі жолдан қорғады, қатынын құрсақ көтергіш кір етек етті."... (165)

Әйтеуір, ойына не келсе соны жазатын автордың дін мәселесіне келгенде қара бүйідей шүйілігеді. Осы кітаптың ("Жібек жолы") 213-бетінде: ... "Діндарға туған жер де, тұысқан халық та қымбат емес, жиған дүниесі артық"... деп соғады.

Иман жүзді діндар ата-бабаларымыздың қайсысы дүниені артық санапты? Қайта олардың барлығы да (Майқы би, Асан қайғы, Қорқыт Ата, Бұқар жырау, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Абылай хан, Әбілхайыр хан, Кенесары, Абай, Жамбыл, Махамбет, Мағжан, Мұхтар Әуезов т.б) ел, жер, халық деп жырлап өткен жоқ па?

Қазақтардың мұсылмандықты онша қабылдай қоймады дегендердің барлығы ойдан шығарылып,айтыла салған ауыз екі әңгіме. Ұлтым деп жан пида еткен жандардың барлығы да өмірден мұсылман болып өткен. Қазақстанда Ислам діні VII–VIII ғасырда орнаған. Дінге қарсылық көрсететіндердің өздері мұны әлдеқашан мойындап қойған. Солардың бірі Д. Досжан. Оның тағы да "Жібек Жолы" романына жүгінеміз:

..."Тоғызыншы ғасырдан бастап, Дәшті-Қыпшақтың түстік жағы, дәлірек ойласа, Отырар мен оның қол астына қарайтын қырықтан астам қалалар Хорезмнің жұрымында жатты. Інжу үгіз бойындағы дихан халық та солай жапырылды. Бұған басты себепкер болған мұсылман діні еді. Араб қолбасшылры Отырар мен Испиджабты жаңаша (григориан, яғни күн календары бойынша) 840 жылы, Таразды 893 жылы, Сығанақты 843 жылы жаулап алды. Көп ұзамай әлгі шahардың халқы көтеріліске шығып, апиын жұтқан арабтарды кейін қуды. Бас бостандығын жеңіп алды. Бірақ арабтар бос кеткен жоқ, дінін таратып; со-

ңына сahаба, бабч, ата, деген дін ұстар ұяластарын қалдырды. Түлкіге салған түтін секілді дінмен ел санасын улады. (166)

..."Сығанақ та қыпшақтың ежелгі қаласы. "Туман жазбалары"дейтін көне шежіреде шahар онынші ғасырда Сунақ деп аталыпты. Бұл "суы нақ" қоналқы деген ұғымнан шыққан көрінеді. Бертін келе, он бірінші ғасырда бұл қала туралы кезбелер көбірек жазады. Махмуд Қашғаридің "Түркі тілдерінің сөздігі" деген еңбегінде "Сугнак гуздар еліндегі қала" деген түсініктеме бар. Кейіннен өзі білетін араб тарихшылары сол Сығанақ пен Отырарды салыстыра дәріптейтінді шығарды. Расында,Сығанақ олардың ұғымынша "қос өзеннің арғы жағындағы (Мавераннахра) елдің тағдырын білдіріп тұратын бірден-бір темірқазық жұлдызы іспетті еді. Шahарды елшілер мен жаушылар: "Дәшті қыпшақтың" екінші шаңырағы,Ұлы Жібек жолының алтын қақпасы деп санады."... (167)

Жоғарыда Сунақ атауына ұқсас бірнеше ат аталды.

Сунақтардан ұлтымыздың маңдай алды азаматтары да өсіп, шыққанын да айта кеткен орынды болады. Солардың бірі Ұлы Отан соғысында елді қорғауда аса батырлық танытқан, танкісі Германия астанасы Берлин қаласындағы Рейхстахқа кірер бағыттағы Бранденбургтің алдындағы тұғырда тұрғандығын біреу білсе, біреу білмейді. Ұлы Отан соғысында қайсар ерлік танытып, тірі қалған батырлардың екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтін бақ сол Айтмағамбет Нақыпов ағамызға бұйырған. (Осы Бранденбург қақпасы алдында 2006 жылғы 24 сәуірі күні футболдан әлем чемпионы, әрі Германия құрамасын әлем чемпионы жасаған немістің атақты қорғаушысы, команда капитаны болған Франц Беккенбауэр осы елде өтетін кезекті біріншіліктің ойындарында ойналатын алтын жалатылған доптың рәсімін өткізу салтанатына қатысты – А.С.). Оның бұл ерлігін Рахымжан Қошқарбаев, Нүркен Әбдіров, Сұлтан Баймағамбетовтердің ерлігімен қатар атауға боларлық. Қалай болғанда да оның бұл өміріндегі қазақ үшін Аллаһтың берген үлкен сыйы. А. Нақыпов ағамыздың осы тарихи ерлігі де кезінде марапаттала қоймады. Екі рет "ДАҢҚ" орденін алған батырға үшіншісін үкімет тарапынан сол кездегі Кеңес Одағының Орталық Комитетіне ұсыныс жасалмады. Немесе жергілікті басшылықтың "немқұрайлығы" салдарынан дәріптелмей қалды.

Кейде басқа ұлттың "иненің жасуындай" ерлігін мадақтап аспанға айды шығарып жатқанын көреміз де, осындай қасиет біздің ұлтта болса ғой, қаншама ұлы істерді дүние жүзіне паш етер едік деп ой түйеміз. Ештен кеш жақсы. Қазақтың басынан не заман өтпеді. Аллаһқа шүкір. Тәуелсіз елміз. Ендігі кезек өз тарихымызды, мәдениетімізді, әдебиетімізді, өнерімізді өз байыбымен шет елге таныта білу. Бұл іс орындалады. Ол үшін Үкімет тарапынан аса ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Соның бір айғағы "Мәдени мұра" бағдарламасының іске асырылып жатқандығы. Ендігі оңгіме арқауын сөзіміздің дәлелді екенін растау үшін Айтмамбет Нақыпов туралы жазылған тарихи деректерді оқырман назарына ұсынайық.

...Арада жылдар жылжып өтіп жатты. 1 Май күні кешкілік Қазақ телевизиясынан Берлин қаласындағы атақты Бранденбург қақпасы маңында Совет халқының неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғысқандағы Ұлы Жеңісінің символы ретінде тұғыр үстіне ескерткішке қойылған сериялық нөмірі 242526 "34-ші" маркалы танкінің оқтаушысы, бүгінде Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мал жайылымдарын суландыру құрылыс бөлімінде аға мастер болып істейтін Айтманбет Нақыпов отты жылдардан естелік айтып майдандас достарын алдын ала келе жатқан төл мерекелерімен құттықтаған еді.

Телехабар алдын ала жазғандықтан да үйінде отырып жауынгердің өзі де көрді. Көріп отырып көзінің алды тұманданып қалың ойға берілді.

Оның да реті бар. Айтмамбет үшін әр жылдың осы күні әрі ауыр, әрі қуанышты. Ауырлығы – жауынгер жолдасы Сержант Минаметдиновтың соғыстың соңғы күндері айтқан сол бір сөзі расқа айналып, Берлинге дейін аман-сау жетіп, жеңіс күніне небәрі 8 күн қалғанда танк экипажындағы 5 адамнан жалғыз Айтмамбет қана аман қалды. Арыстандай айбатты қандай жігіттер еді десейші. Бірақ соғыста еңсе көтертпес мұндай қайғылы қасірет пен өкініш кімдердің басына тап болмады десейші. Соғыстың аты – соғыс..... Қарулас достар дастарқан басында отырып қырық жыл бұрын өздері қатысқан қырғын соғысты еске түсірісті..... Сол елеңдесудің әсері ме, әлде достық көңіл махаббаты ма, отырғандар ішінде жасы үлкені Нәрзілдә Қалилаев сөз иіні келгенде тебірене отырып:

– Отан үшін отқа түскен барлық азаматтың ерлігі ұмытылмайды. Жылдар өткен сайын олардың есімі бұрынғыдан да ел жүрегіне жақындай түседі. Ал Айтмамбет, Бранденбург қақпасы алдындағы тұғырда сенің, қарапайым қазақ жігіті танкісінің тұруы – бұл миллиондардың біріне ғана бұйыратын бақыт. Тұғыр үстіндегі ол танк бейне тыныштық символындай бүгінде әлем мінбесінен соғысқа лағынет айтып, елді бейбітшілікке шақырып тұрған жоқ па? Ол тұғыр – мәңгілік тұғыр. Тұғыр үстіндегі сол танкінің тірі қалған жалғыз экипаж мүшесі сен де ел аузындасың, досым, – деді.

... Ол өз жерлесі, Берлинге дейін өзімен бірге соғыста болған аға лейтенант, үш бірдей жауынгерлік орденнің иегері Үрзімат Мәдиев еді. Айтманбетке танкісінің Берлиндегі Бранденбург қақпасы маңындағы тұғырға қойылғандығы туралы қуанышты хабарды алғаш жеткізіп, сүйінші сұраған да осы болатын. Таңертең мұның кеңсеге жұмысқа келіп отырғаны сол еді, есік айқара ашылды да, арғы жағынан алпамсадай денесімен, дауысы арыстандай гүрілдеген Үрзімат Мәдиев көрінді. Қуаныштан екі жағасы екі жағына кеткен. Осы қалпында N3 жылжымалы құрылыс мекемесінің бастығы деуге де нанғысыз. Батыр бала көңілді болады деген рас қой.

– Әй, Айтманбет, менің Бранденбургтегі музейде тұрған суретімді әркімге мақтаныш тұта әңгіме етуші едің. Нағыз әңгіме өзіңде екен ғой. Міне, мынаған құлақ сал, – деді де ол қолындағы газетін оқи жөнелді.

"...Берлинде осыдан 20 жылдан көбірек уақыт бұрын фашистік жыртқыштар апанына алғаш басып кірген "Отыз төрттік" нөмірлі танк тұғыр (постамент) үстінде тұр. Оның сериялы нөмірі 242526. Бұл машинаның оқтаушысы өзіміздің жерлесіміз Айтманбет Нақыпов еді. Қазір ол кісі Қызылорда облысы Жаңақорған ауданындағы жайылымдарды суландыру участогінің технигі..."

Жауынгер жеткізген бұл жаңалық 1968 жылы 31 қаңтар күні жарық көрген "Казахстанкая правда" газетінде жарияланған "Экипаж мүшесі" деген шағын хабар еді.

Сол Үрзімат алпыс жасқа да толмастан қайтыс болды. Соғыс қажытты ғой әркімді-ақ. Әне, соның салдары, содан басталған кесел еді. Сол Үрзімат:

– Әй, Айтманбет, мен сырқатымнан айыққан соң екеуміз Берлинге барып қайтпасақ болмайды. Менің Бран-

денбург музейінде тұрған суретімді "Огонек" журналындағы "іздеу хаттан" көрсек, сенің танкіңнің тұғырда тұрғанын газеттен оқып білдік. Жалпы неміс достардың біз екеумізге жасап жатқан қамқорлығы аз болып жатқан жоқ. "Ізетке-ізет" демекші, кешегі қан майданда қырғыннан өз қолымыздан азаттық алып берген Берлинді бүгінгі бейбіт өмірде де бір көру – екеумізге парыз. Екеуміз жолға дайындалайық, – деп жүріп, мақсатына жете алмаған күйі ол да қайтыс болды.

Досының осы әңгімесі есіне оралғанда қарт танкист берік бір шешімге келді. Ол шешім Бүкілодақтық соғыс ардагерлері советімен келісе отырып, Берлинге барып қайту. Тұғырда тұрған танкісін өз көзімен көру. Сонымен бірге Бранденбург музейінде сақталған жан досы Үрзіматтың да суретін көру..." (168)

* * *

Сунақтар Ислам дінін таратуда зор рөл атқарып отырған. Оған дәлел Һисамиддиннің (Сунақ Ата) ұлы Әбу Сүлеймен Мауленеден (Абу Сүлеймен Вали Қожа- Али Қожа Ата) туған үш баланың (Абіл Азиз Хожа Мавлави Сығнақи, Ахмад Хожа Қархуки, әл-Хусейн бин Әли Хожа Хажжаж бин Хусамиддин ("Нихая"мен "Хидоя" кітабына талдау жасаған ғалым) үшіншісі ислам дінінің фикһ (шариат) мәселесін шешуде мұсылман әлемінде үлкен беделге ие болған. Таяу Шығыстық атақты тарихшы, белгілі тәпсірші Джалал ад-Дин Әбу-л-Фадл Абд ар-Рахман ас-Сүйути (1445–1505) кезінде оған үлкен баға беріп кеткен. Ол турасында Ш. Қарақожаевтың "Сунақ Ата" (Һисамиддин) танымдық-ғұмырнамалық кітабында кеңірек айтылады.

Сол кітапта белгілі журналист-жазушы (16 кітаптың авторы) Өмірзақ Жолымбетовтың Республикалық қазақ радиосынан "Біздің радио шежіре" бағдарламасы бойынша дайындаған "Сунақ-Ата" – (Һисамиддин) атты хабарынан үзінді келтіреміз:

...Кемеңгерлер жасаған рухани дүниелер күллі адамзат үрпағының талай буындарының кәдесіне асып, болашаққа жеткендерінің мұрты шағылмай әлі де талай заманаларға көшін тартып барады...

... Өзінің кемеңгерлік ісімен қазақ халқының аузында аңызға айналып, есімі бүгінгі үрпақтарына шындығы мен

аңызы араласа жеткен ұлы бабаларымыздың бірі - Һисамиддин (Сунақ-Ата)...

Көзі тірісінде Сунақ-Ата атты лақап есімге ие болған Һисамиддин – Мәлік өзінің 67 жылдық ғұмырында не тындырып, нені атқарды? – дей келе автор бұл сауалдың жауабына бұрылмас бұрын оның шыққан ата-тегіне тоқталып өтеді. Ө. Жолымбетов Һисамиддиннің Ислам тарихындағы бірінші әділ халифа Әбу Бәкір Сыддықтың 16-шы ұрпағы екендігін дәп басқан. Сөйтеді де ол өзіне сауал тастайды. Ал ендеше, – дейді ол:

– Сунақ-Атаның түбі Араб болды ғой, – дер оқушым! Бұл сұрақ та орынды. Бала кезімізде біздің жерден жеті жұрт өтіпті деген сөздерді көне қариялардан жиі естітінбіз. Кейін осы сөзді ой көзіне салып бақсақ, осы жеті жұртта ұзын-сонар тарих, үлкен мазмұн жатыр екен дейді, – ол. Бұл неғылған, қандай жұрттар. Адам Ата, Хауа Анадан кейін жерімізде кімдердің болғанын қайдам, әйтеуір өз тарихында қазақ жерінен сақтар мен ғұндардың, қарақытайлардың, қимақтардың, моғолдар мен жоңғарлардың өткендігін білеміз. Әрбір қазақтың ағзасында осы халықтардың қаны бар. Тіпті жеке адамдар түгілі үлкен тайпалар, рулар өздерін әлгі іргелі жұрттарға барып тірейді. Сом алтынның сынығы тәрізді сол көне дәуірлердегі халықтардан қалған қасиетті кесекпіз, жұрағатпыз дейді. Бұл бір ғана халықтың басынан өткен жағдаят еместігін саралай келе автор жер бетіндегі қай нәсілді алып қарасақ та дамудың, қалыптасудың, осындай сатылары басынан кешіргендігін байыппен атап кетеді. Ол: француздар ұлт болып ұю, қалыптасу жолында түп-тұқияндарының гаал, роман, герман, франктен, италяндардың герман, әтрус, араб тағы басқа көптеген тайпалардан құралғандығын, қытай халқының өзі де сол жолға жетуінде өздеріне манжур, манғұл, түркі тектес тайпаларды миллиондап сіңдіргенін, басқа үндіс, неміс, орыс халықтарының да осындай жағдайларды бастарынан кешіргенін, американдар ағзасында жер бетін мекендеген барлық нәсілдер өкілдерінің қаны барын жасырмайды... – дейді.

Пайғамбардың бірінші досы оның жанында бірге жүріп, Исламды бірінші болып қабылдаған ислам әлеміндегі бірінші әділ халифа Әбу Бәкірдің ұрпақтары қазақ жеріне қалай келді.

Мұхаммед Пайғамбар көз жұмар алдында өзінің орнын басатын жеті адамның есімін айтып намазын шығаруды Әбу

Бәкірге тапсырады. 631 жылы Мәдинеде ұйымдастырылған үшінші қажылыққа (хиджраға) халықты бастап апарғаны болмаса, Әбу Бәкір бұрын үлкен саяси қайраткер ретінде көзге түспеген. Оның Пайғамбардың намазын шығаруының өзі Мұхаммедтен қалған биліктің тізгінін қолға алғандығын меңзеген еді. Ансар тайпасының өкілдері бұған үзілді-кесілді қарсы шықты. Сонда Әбу Бәкір өзінің биліктен бас тартатынын мәлімдеп, бұл орынға Омар мен Оспанның біреуінің лайық екендігін айтты. Иі жұмсақ, мейірімді, әрі әділ Әбу Бәкірден гөрі ділі қатты әлгі екеуінің бірі халифа болып кетер деп қауіптенген ансарлар амалсыздан Әбу Бәкірге дауыс берді. Әбу Бәкір қызы Айшаны Пайғамбарға үшінші әйелдікке бергеннен кейін оның ең жақын адамына айналған болатын.

Мінезі биязы, білімдар, тақуа халифа исламды нығайтудағы әділ саясатымен көзге түсіп, ас-Сыддық (аса әділ) деген атқа ие болды. Мұсылманшылдық жаңа ғана қалыптаса бастаған осы бір аласапыран, алабұртқан шақта алғыр саясаткер Әбу Бәкір ислам дүниесінің майда ағымдарға бытырап, олардың оқшауланауына жол бермей, өзінің төңірегіне беделді саяси және әскери қайраткерлерді топтастырып, солардың арқасында Пайғамбардың жасыл туын көтеріп, исламның ықпалы жүретін жерлерді кеңейтті, тұтастығын нығайтты.

Ол билік жүргізген екі жылдан сәл ғана астам уақыт ішінде бүкіл араб тайпалары бір мемлекетке бірігіп, Сирия мен Ирак исламға мойын ұсынды. Әбу Бәкір исламға өз жанынан еш нәрсе қоспаса да мұсылмандарға Мұхаммед Пайғамбардың өмірі мен істерін үлгі ете отырып, оның айтқан өсиеттерін бұлжытпай орындап отыруды бірінші парыз ретінде талап етті. Осылайша ол исламдағы Сунна ағымының негізін қалаушы болып шықты, – дейді автор. Шындығында әділ де парасатты бірінші халиф Әбу Бәкір ас-Сыддықтың өзі басқарған тұсында мұсылмандарды жікжіктен сақтауы ұлылықтың белгісі еді.

"Біздің радио шежіре" айдарынан берілген радиохабардағы Сунақ-Ата (Һисамиддин) міне, осындай ұлы халифтың ұрпағы болатын. Һисамиддиннің (Сунақ-Ата) ұлы бабасынан кейін 634 жылы халифаттың басына Омар әл-Хаттаб әл-Фарух келді. Исламның бесіктегі дәуірінің аса ірі қайраткерлерінің бірі оның тұсында мемлекетті басқару ісі жүйеленіп, әкімшілік-құқықтық, алым-салық жүйелері

құрылды. Ислам әлемінің қанаты Батыста, Африка құрлығының Солтүстігі арқылы сонау Пиреней түбегіне, Шығыста-Орта Азияға дейін жетті. Омардан соң Оспан Аффан халифаның тағына отырды. Ол Мұхаммед Пайғамбардың ең алғашқы жолын қуушылардың және бірінші сахабаларының әл асхабтың бірі болатын. Оспанның тұсында ислам діні өзінің ықпал жасайтын аймағын одан әрі кеңейте түсті. Құранның біртұтас түпкілікті тексті жасалды. Құран оқылып, мұсылманшылықтың шарттары орындала бастады. Ислам әлемі жіктеліп, жаңа ағымдар, сенімдер пайда болды. Осылайша Исламның жіктелуі салдарынан Оспанның өзі қастандықтың құрбаны болды да, оның тағына 656 жылы Әзірет Әлі отырды.

Міне, Мұхаммед Пайғамбардан кейінгі төрт халифалар осылар. Автор бұдан соң мұсылмандардың бірнеше ағымдарға бөлініп кеткендігіне тоқталады. Бұны біздің де басты назарда ұстауымыздың себебі бар. Көпшілік қауым ислам дініндегі ағымдардың неліктен пайда болғандығын ескеріп отырғандығы да жөн. Авторға тағы да қайта оралалық:

...Оспанның тұсында ислам дінінде шейіттер мен сунаттар, харижиттер мен мутализиттер, муржиттер ағымдары айқындалған болатын. Кейін олардың өздері бірнеше салаларға бөлініп отырды. Міне, мемлекеттің басына қай діни ағымның өкілдерінің келуіне байланысты басқа ілімді жақтаушылардың құдаланып отырғандығы белгілі. Осыған байланысты биліктен шеттетілген ағымның өкілдері ислам жеткен алыс өлкелерге барып орнығуы заңды құбылыс. Осылайша құдаланудың қатарына сунаттар ағымының негізін салушы Әбу Бәкірдің ұрпақтары да ілікті. Әрине оның ұрпақтарының басқа жерлерде де болуы ықтимал. Сондықтан біздер, – дейді жазушы Өмірзақ Жолымбетов тек қана қазақ халқының құрамына сіңген сунаттар жайында әңгіме етіп отырмыз.

Не де болса Оңтүстік Қазақстанға арабтар 751 жылғы Талас бойындағы шайқастан кейін орналаса бастады. Ислам өзінің ықпалы жүрген барлық жерге тек қана күшпен енбеген, араб әскерлерін басқарған Пайғамбар мен оның ізбасарлары, сахабалардың қолында алдымен Құдай сөзі Құран болды. Биссмиллә... Биссмилләһир рахманир рахим! Яғни, мейірімді де қайырымды Аллаһтың атымен деген тіркес талайлардың бастарын игізіп, санасын оятты.

Соз жоқ, сол заманда арабтар мәдениеті мен әдебиеті рухани жан дүниелерінің байлығы жағынан өздері күшпен де, діни ықпалмен де иліктіріп алған халықтардан көш ілгері тұрған болатын. Қаншама күшті сан жағынан көп болса да мәдениеті төмен дәрекі халық өздерінен жоғары халықты ешқашан ұстап тұра алмайды. Кешегі құдіретті КСРО-ның ыдырауының бір себебінің өзі де осында жатыр.

Міне, Исламды рухани сенім етіп ұстаған Сейхундарияның жағалауына келген арабтармен бірге Құрандарын көтеріп алғашқы төрт халифаның біреуі Әбу Бәкірдің ұрпақтары да жетті!

Арабтар келісімен мешіттер, медреселер салып, кітапханалар ұйымдастырып, өнер мен білімнің де нұрын ала келді.

Бабамыз Әбу насыр әл Фараби араб тілін үйреніп, Сунна жолын қуушы Әбу Бәкірдің ұрпақтары алғаш рет ашқан Отырар кітапханасынан сусындап үлкен білім алып, сол замандағы ғылымның барлық саласына осы кітапхана арқылы жас шағында-ақ хабардар болған еді.

Түркі халықтарының тілінде оның ішінде қазақ тілінде "АҚ" жұрнағы бар. Азамат-ақ, жігіт-ақ, тұлпар-ақ екен деген таңдану, әсерлеу кезінде соны пайдаланамыз.

Әбу Бәкірдің ұрпақтары да халифа өзі тірісінде негізін қалаған Суннадан айнымаған. Міне, осыдан шыққан Сунна-ақ арабіна Әһлі Сунна сунналық адамдар кейін қазақта Сунаққа айналып кеткен деп деп ой қорытады автор.

Һисамиддин (Сунақ Ата) Отырар кітапханасын басқарған соңғы ғұлама. Ол өлген соң 20 жылдан кейін Қайыр ханның тұсында Отырар қаласы жермен-жексен болып, дүние жүзіндегі ең бай осындағы кітапхана өртеніп кетеді. Заманында Александрия кітапханасымен қатар деп есептелетін осы бір ғажайып білім ордасының байлығына таң қалмауға болмайды. Алдымен Александрия кітапханасы да, Отырар кітапханасы да бір сенімдегі діндес, тілдес, ділдес, ұрандас мемлекеттердікі араб мәдениетінің, өркениетінің жемісі еді.

Автор Отырарда Батыс пен Шығыстың рухани байлығының тоғысуының заңды құбылысына тоқталады да, әрбір оңгімесінің басында Аллаһу Акбар, Аллаһу Акбар! – арабінасы, Аллаһ ең ұлы, Аллаһ құдіретті деп айтатын Әбу Бәкір халифаның ұрпақтары Батыс пен Шығысқа, теріскей мен түстікке аттанған керуен басыларына барған елдерінен кітаптар әкеліп отыруды тапсырған, – дейді.

Расында автордың айтуынша, әсіресе кітапхананың аса баюы Сунна ілімінің түркі тайпаларында күшейуі Һисамиддиннің тұсына дәл келсек керек. Бұл кезде астанасы Үргеніш болған Хорезм шахтары мемлекетінің мұсылман әлемінде бірінші орынға шыққан Мұхаммед Хорезм шахтың басқа ислам мемлекеттері билеушілерінің бірде-бірін менсінбей, өзін-өзі Аллаһтың сүйген ұлымын деп жариялаған кезі болатын.

Һисамиддин-Сунақ атаның IX ғасырда өмір сүрген ұлы бабасы Шабур Мәліктен бастап өзінің әкесі Абдолла Мәлікке дейінгі сегіз атасының есіміне Мәлік сөзі жалғасады. Мұның мәні мынада: Олар – Шафиит, Ханафит, Мәліктік, Ханбалит дейтін төрт мәзхап. Бұл мәзхаптардың бір-бірінен сәл айырмашылықтары бола тұрса да, бәрі әбден қалыптасқан мазмұндас хадис жинақтарына негізделген. Міне, Сунна жолын қуушылардың ең үлкен мәзхаптарының бірі Мәлікшілер 715–795 жылдардың арасында өмір сүрген исламның үлкен ғұламасы Мәлік Анастың есімімен байланысты шыққан.

Мәлік Анас негізінен ұстаздық қызметпен айналысқан. Оның мемлекет және құрылысы жайлы көптеген өсиеттері бар. Соның ішінде халифа тек қана Құрайыш руынан болуға тиіс деген теориясы қазақ қауымына да ауысып қазақ хандары ордалар мен ұлыстардың билеушілері төре тұқымынан Шыңғыс ханның ұрпағынан сайланатын болған. Енді Сунна ілімінің басқа ағымдары жайында: Олардың барлығы да Мұхаммед Пайғамбардың айтқан сөздерін, жарлықтарын, ойларын өнеге етіп, діни тәрбие жұмыстарын жүргізеді. Һисамилдин-Сунақ Атаның ұрпақтары нәрді сонау тарих қойнауынан, тереңінен алған жапырақ жайған алып бәйтерекке ұқсас. Ғұлама ақын Қожа Ахмет Йасауидің есімін ұранға айналдырған Сунақтар бұрын Жаңақорған, Түркістан, Ташкент маңын жайлайтын. Қазір қан араласып қазақ елінің шартарапына өркен берді. Өздерін қазақпыз, оның ішіндегі қазақтың сунағымыз, – дейді.

Көзі тірісінде Сунна-ны насихаттаушы, Сунна жолын қуушылардың атасы атанған Сунақ-Ата (Һисамиддин – Мәлік) Сыр бойына білім шамшырағын жаққан ұлы ғұламалардың бірі. Ол кісі сонымен қатар кітаптарды көне түркі тілдеріне аударып, артына даналы ойлар, ұлағатты сөздер де қалдырған адам.

Бала кезімізден Сунақ-Ата бабамыз үй депті, бүй депті деген сөздерді естуші едік. Сол естігендеріміз осы кітаптың

үзінділері болуға тиіс. Осы үзінділердің ел арасында әлі күнге дейін болуы ықтимал. Көреген әулиенің "Нихая" атты екі томдық кітабы болғандығын Түркістан өлкесінің тарихын зерттеген орыс ғалымдарының еңбектерінен кездестірдік. Бұл кітап Санкт-Петербург, Мәскеу, Түркия, Египет, Еуропа елдерінің кітапханаларынан табылып қалуы да мүмкін. Кешегі коммунистік сенімге иланып тегі Төре, Қожа, Сунақ болған инабатты қазақ азаматтары құдаланған жылдары бұл сөздердің көбісі ұмытылды немесе басқа билер мен шешендердің аузына апарып телінді. Артына:

Жақсыға шарапатым тиер,
Шапағатым тиген көгеріп өсіп өнер.
Жаманға кесапатым тиер,
Кесапатым тиген кесір болар,
Кесір болмаса есір болар, –

деген ұлағатты сөз қалдырған адамның рухани дүниесінің биіктігіне, қасиеттілігіне күмәнденуға бола ма. Тарих пен уақыт дауылына талай ғасырлар бойы төтеп беріп, бүгінгі үрпаққа жеткен кемеңгер адамның Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы кесенесін оның намысшыл үрпақтары қайта түрғызып, болашаққа табыстады.

Өздерінің бүгінгі күні қазақтанған қазақ халқының ұлы болғанын мақтан тұттып Сунақтармен бірге осы ескерткішті қалпына келтіруге Қоңырат, Қыпшақ, Қаңлы, Дулат, Әлім тағы басқа да бабаларымыздың үрпақтары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып атсалысты. Көнеден қалған кемеңгердің алдында бас ию деген сөздің мәнісі осы, – дейді қазақ радиосынан берілген "Біздің радио шежіре" бағдарламасынан Сунақ-Ата (Һисамиддин) атты хабарда белгілі журналист-жазушы Өмірзақ Жолымбетов.

Имам, ғұлама, медресе басшысы Сунақ-Атаның (Һисамиддин) жақсыға шарапаты тиіп өсіп-өнгендері қаншама! Ал кесапаты тигендер ше? Олардың абыройсыз қалғандары да бар. Оны осы кітап барысында оқып білдіңіздер. Кесір не мағына береді. Имам неге олай айтты?

Кесір 1. Залал, зиян, зардап. Бірдің кесірі мыңға (Мақал). 2.Қырсық, қыңыр, кежір, тәкаппар, -сөз, -мінез. Кесір болды (қылды, жасады, келтірді) – кедергі жасады, зиянын тигізді. Кесір тиді – зиянын тигізді,кедергі болды. Кесірі үрды-қаһарына ұшырады. **Кесірлен** 1. Тәкаппарлану, кесапаттану, менменсу. Ханымыз кесірленіп құдырмаған (Ай-

тыс). 2. Қиқарлану, қырсығу, кежірлену. Ауырса тамақ ішпей кесірлене түсетін (Р.Тоқтаров). **Кесірлік** 1.Тәкаппарлық, кесапаттық. Кесірлігін ат тартып жүре алмайды (Мұхамеджанов). 2.Зияндылық, зардаптылық, кертартпалық. Іс емес пе мұның бәрі кесірлік (Исабеков).

Есір 1. Тентек, есірік, қияңқы. **Есір II** 1. Екілену, асып тасу, дандайсу. 2. Есірсоқтану, аласұру, құтырыну, қағыну. Есіріп келген дүшпанды төрт жылда жеңдік (Бөкеев).3. Елту, есеңгіреу, мас болу. Наша денеге сіңгеннен кейін адам тез есіреді (Оразақов). (Қазақ тілінің сөздігі. Алматы: 1999 жыл)

Сунақтарға жала жауып, ел арасына іріткі салып жүрген авторлардың бойынан осының бәрін көруге болады. Сунақ-Ата да ел тыныштығын алған, жалған сөйлеген, екіленген адамдарға кесапатым тиер, болмаса кесір не есір болар дегені осындайларға қарата айтылған.

Сығнақта (Сунақта) туылып, Сириядағы ежелгі ірі рухани ордада, яғни Халабта қызмет еткен бабаларымыз да көп болған. Ә. Дербісәлінің жазуынша, соның бірі Хусам ад-Дин әл-Хусейн бин Хаджджадж ас-Сығнақи болған. Ол Хусам ад-Дин әл-Ахсикасидің "Китаб әл-мунтахаб фи усул ад-Дин" – "Дін негізі жайлы таңдаулы кітап" және Бұрһан ад-Дин әл-Маррғинанидің "әлһидаясына" – "Бастшылыққа" түсіндірме жазған. Оның әуелгі еңбегі Париж бен Каир кітапханаларының қолжазба қорында тұр. (Каир медреселерін басқарған Отырар имамы: Ортағасырлық отырарлық ғұлама Қауам ад-Дин әл-Итқани әл-Фараби ат-Түркістани жайлы).

А. Жолдасовтың халықаралық "Қазақстанның ғылыми әлемі" журналында "Білімнің әлемдік санадағы алғашқы ғылыми қадамының бастауы мен жалғасы" атты еңбегі жарияланды. Сонда біз жоғарыда сөз еткен ғұлама бабамыз әл Хасан (кейде Хусейн) ибн Әли ибн Хажжаж ас-Сығнақи жайында қызықты деректер келтіреді. (әңгіме етіліп отырған ғалым Сунақатаның-һисамиддиннің үшінші ұлы Мәулене Зиалдиннің баласы Хусейн ибн Әли ибн Хажжаж ас-Сығнақи жайында А.С.). Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.F.С.) Ислам дінін бастауымен Құран аяттары түсе бастады. Құран аяттарын сахабаларына айтатын. Ал олар иләһи (Аллаһ) сөзін өзге сөздермен араласып кетуінен сақтанып, жазып алып отырған. Расуліміз (С.F.С.): "Менен кім Құраннан басқасын жазған болса, өшіріп тастасын", – деп әмір еткен. (Имам Мүсілім рауят еткен). Мұхаммад Пайғамбарымыздың

(С.Ғ.С.) жанында отыратын хатшылар (оларды ресми түрде котиб әл-уахи деп атаған) саны 44-ке жеткендігі айтылады. Расуліміз (С.Ғ.С.) көзі тірісінде Құран Кәрімді кітап етіп жаздыра алмағанымен сахабалар өте көп жағдайда аяттарды жаттап алған болатын. Кейбір қарилар толығымен жаттап алғандар да болды. Құран кітап болып жазылмағандығы уахи әлі тоқтамаған болатын. Қай аят қай орында жазылу керектігі уахимен білдіріліп отырған. Мұхаммадтың (С.Ғ.С.) дүние салуы Араб елінде бірқатар тайпалардың бүлік шығаруына алып келді. Олардың ең күштісі Мүсәйлама Кәззаб болды. Сол алаяқтың соңына 40 мың жауынгер еріп шығуы сол кезде үлкен қауіп деп есептелді, бұл әскер Мәдинеңің түгел халқынан да басым түсетін еді. Сол бүлікшілермен Яммама шайқасында 70 қари шейіт болды. Бұл жағдай Құран аяттарына алаңдаушылық тудырып, Халиф Хазіреті Әбу Бәкір Сыддық Құран аяттарын жинауға топ құрды. Топтың басшылығына өзі қари,өзі Расуліміздің хатшысы болған өте сауатты Сәбит Әл-Банани р.а. басшы етіп тағайындады. Бұл топ өз жұмысына өте жоғары жауапкершілікпен қарап, комиссия құрды. Олар аяттарды ауызекі емес, екі кісінің куәлігімен жазбаша қабылдады. Жазбалар Расуліміз хатқа түскені шарт болды, кейінгі дәуірде жазылғандар қабылданбайды. Міне, осынша сақтық шараларынан кейін оны сан мың адамның алдында тыңдатты. Соншама жаннан ешкім "мына жерінде мына түрлі ақау бар, пәлендей аят қалып қойыпты" деген емес.

Құран Кәрімнің аяттарын қағазға түсіріп, кітап халіне келтірген соң жұрттың назары хадиске ауа бастады. Уақыт өткен сайын пайғамбарымыздың хадистерін-өсиеттері, кейбір шарғи істерге берген кеңестері, даулы жұмыстарға берген тореліктері мен Ол кісінің тұрмыс тәрізін тіркеген дерек көздері болған сахабалар өмірден озып жатыр еді. Кей жағдайда Расуліміздің кейбір сөздерін нақты жат білмеушілік те орын алды. Сахабалар Пайғамбарымыздың хадисіне зәредей жалған сөз қосылып кетуінен қатты сақтанатын, қорқатын еді. Өйткені, пайғамбарымыздың (С.Ғ.С.):

"Кім Менің атымнан біле тұра жалған сөйлесе, тамұқтан орын әзірлей берсін!" деген хадисін Абдулла ибн Әмір р.а. арқылы Имам Бухари риуаят еткен.

...Кей сахабалар хадистің мәтіндерін нақтылау үшін ұзақ сапарларға да шыға берген. Арада қаншама шақырым жолдарды артында қалдырып, қандай қымбатқа түссе де

Расліміздің бір ауыз сөзін оқиғаның тірі куәгерлерінің өз ауыздарынан естіп, ретін тауып, сақтап қалуға мән берген. Мысалы, Әбу Аюб Ансари р.а.бір хадистің мәтінін нақтылау үшін Мәдинеден Мысырда уәли болып тұрған Уқба ибн Амирдің алдына сапар шегіп барды. Себебі ол хадисті естігендерден өзі мен Уқбадан басқа ешкім қалған жоқ еді. Олардың ішінде Хазіреті Анас р.а. сынды сахабалар хадистерді құшақ-құшақ етіп жаздырып қойғандары да болды.

Қандай да хадис осындай ыждағаттылықпен жазылып алынған. Ешбір сөз бұрмалаушылыққа ұшырамаған. Ешкім жалған сөйлемеген. Жалғаншылардың айтқандары қатаң тексеріліп, оған үкім шығарылып отырған.

Тарихшылар мынадай оқиғаны айтады: "Бір яһуди (еврей, Мәдиненің сыртындағы Хайбар деп аталатын жердің тұрғыны) мұсылмандарға бір құжат көрсетті. Құжатта Хайбар жеріндегілерден салық алынбауы туралы Пайғамбарымыздан нұсқау бар екен. Құжатта Хазіреті Әлидің куәлігі бар. Жұрт құжаттың анық-қанығын білу үшін танымал ғалым Әбу Бәкір Әл-Хатыбқа жүгінеді. Құжатты қарап шыққан ол "жалған" деген сөз айтады.

– Қалайша? –дейді яһуди.

– Бұл жерде Мағауияның да куәлігі жұр, ол Мекке ашылған соң мұсылман болған, ал мына оқиғаның болған кезі (Хайбар ғазауаты) жетінші һижра. Мұнда Саад ибн Убаданың куәлігі бар, ол Бәни Курайза оқиғасынан екі жыл бұрын қайтыс болып кеткен, ол Хайбар оқиғасын көрген емес.

Жұрт осыдан кейін кеуделерін кере тыныс алған. (169)

Осындай яһуди сияқты пенделер біздің арамызда да бар. Өтірік біреуден сұраған болып, (сұраған адамы білместіктен, не біреуге қызғаныштан, басқаша информатор болып жалған, негізі жоқ, қисынсыз нәрсе айта салуы мүмкін, ондай жағдайлар біздің тұсымызда аз кездеспейді) өз жұмысында пайдаланып, бір қауым жұрттың қарсылығына тап болып жатады. Ал ертеректе осындай болып па еді?

А. Жолдасов өзінің біз мысалға алып отырған еңбегінде мынадай қызық фактіні келтіреді.

"Сұлтан Бейбарыс мемлекеттік жұмыстармен айналыса жүріп елдің жағдайын ойластыруға кісісін тағайындап, оған былай деп тапсырма берген:

"Егер әр түні бір ерекше соны хабарды біліп, маған жеткізе алатын болсаң немесе әр күні бір жаңалықты алып

келе алатын болсаң, күн мен түннің мезгіліне қарама, маған тіке келе бер".

Осы еңбектің есесіне даңқты жерлесіміздің қазасына Мысыр мен Шамның арабтары түгел қайғырып жылаған. Тарихшы Әл-Макризи Сұлтан Бейбарыс туралы:

"Исламның ең қайырлы патшалығынан еді", – деп жазды.

Мұсылман иелікерінде ғылымға мән берудің күшейгені сонша, бұл жұмысты халифтар өздері бастап, үнемі ғұламаларды маңайына жинап отыруды үрдіске айналдырған. Осындай шаралар негізінде Багдад қаласындағы "Бәйтул – хикмә" (Даналық үйі) дүниеге келген. Халиф Һарун Рашид тұсында византияның императоры Никифор: "сен мұсылмандардың бізден алған нәрселерін қайтар, сосын әр жылы мынадай мөлшерде салық төлейсің. Олай етпесең, мен сенің тобеңнен сор қайнатуға бұйрық беремін", – деп хат жазған. Бұған ашуланған Һарун Рашид Византияның қылықтарына сәйкес әскер тартып барып, бірқатар бекіністерін алып, Никифорды тізе бүктірді. Соның жазасы үшін оған "Византияның кітапханаларын ашып бересің. Мен оны алып қайтуға кісі жіберемін" деп, келісім алып, оның құрамында Әл-Жахизді жіберген.

Осы деректерді оқып отырып біздің кейбір "білгіштердің" "арабтар біздің кітаптарымызды, жазба дүниелерімізді ортеп жіберді" деп даурығатындарына күлкің келеді! Олар келмей тұрғанда бізде қандай кітапхана болды екен? Қайта олар алып кетіп, монғолдарға өртетпей сақтап қалған болар ма еді, кім білген? (170)

Д.Досжанның да жазғандарында ("Жібек жолы" романы) Хисамеддин бабамыз Қайырхан тұсында монғол шапқыншылығынан Отырар кітапханасындағы құнды кітаптарды жер асты жолымен құтқарып қалатындығы айтылады. Ол оны ойдан шығарған жоқ. Халықтың жадында сақталған деректі келтіріп отыр. Енді осыған қатысты нақты сөзді келтіре кетейік.

А.Жолдасов өзінің жоғарыдағы мақаласында: "Орта Азия мен өзге де мұсылмандық өлкелерде ғылым қуған орталардың өзіндік үрдістері,тәртіптері мен жол-жоралғылары болған. Қазіргі таңда ғалымдардың атағына (ғылым кандидаты, доктор) қарай мән берілетіні секілді осыдан 6, 7 ғасыр бұрын ғалымдар өздерінің шәкірттеріне білім мен рұхсатын да беретін жағдайлары болады екен. Олай

дейтініміз, Әл-Хусейн ибн Әли ибн Хажжаж ибн Әли Сығнақи (лақабы Хисамуддин) көрнекті имам, фақиһ (шарғи ғалымдар бойынша жетілген, шариғаттанушы ғалым) Орта Азия мен оған көршілес жатқан елдерде бір кезде "Әл һидая" кітабы өте кеңінен мәлім болған. Біздің осы Сығнақи бабамыз осы кітапқа түсініктеме жазып "һижри 700 жылы, рабиғул-әууәл айының аяғында бітірдім", – дейді. Бұл кісінің ұстазы Хафизуддин Мухаммед ибн Мухаммед ибн Наср шәкіртінің білігіне разы болып,жастай пәтуә жұмыстарына араластырған. Сығнақи Алеппо қаласының қазиы қази әл-құзат (қазилардың қазиі, яғни қазіргі кездегі муфти) Насруддин Мухаммед ибн қази Кәмалуддин Әбу Хафс Умар ибн әл-Әдим ибн Әби Жарадамен кездескендігін айтып, сосын ол былай дейді:

"Мен оған бір нұсқа "Әл-һидая"ның шархын-түсініктемесін жазып бердім. Кейін оған бұл кітапты елге риуаят етіп жүргізуге және барлық жинақтарым мен ерекше жазған кітаптарымды нақыл етіп айтуына, оған қоса ұстаздардан менің риуаят етуге құқығы болған барлық нақылдарды айтуына рұқсат еттім. Бұл оқиға 711 һижраның ережеп айының басында", – дейді.

Ал "Әл-Бағина", "Мифтах әс-Саада", "Әл-Фауанд" кітаптары Сығнақи туралы былай деп жазады: "Ғұлама Әл-Ләкнауи айтады: "Әл -Хасан ибн Али ибн Хажжаж ибн Әли Сығнақидің келіп шығу тегі сығнақ, ол түркістан жағындағы бір жер.

Имам Суюти, Әт-Тәмими мен Қажы Халифа былай дейді: "Әл-һидая кітабына жазылған шарх (түсініктеме) – "Ән-Ниһая" Әл-Хусейн ибн Әли ибн Хажжаж ибн Әли Сығнақидікі".

Осы фактілердің өзі Сунақтардың ішінен шыққан ғұламалардың Ислам діні үшін еткен ұлық еңбектерін көрсетпей ме?

А. Жолдасов осы еңбегінде: "кітаптың кей жерлерінде тарихтың бұрмаланып кеткенін көрсететін ишаралар да бар, мысалы, "Қыз Жібек пен Төлеген" қиссасындағы Бекежан жұрт ойлағандай жаман кейіпкер емес, ол қол бастаған және ел қорғаған батыр. Төлегенді өлтірген басқа адам. Олай болса, тарихты біздің бабалар емес, соңғы мына біздер көбірек бұрмалайды екенбіз. Бұрынғылар білім мен ғылымның заңды жалғасымен жүріп келген, зәредей қиянаттан қорыққан", – дейді.

Ал біздің жазбагерлер кейбір араб, парсы, монғол, түрік сөздерін тізеге басып, тым қазақиландырып жібереді. Немесе қасарысып, "айтқан, айтқанымнан қайтпан" деп, ғылыми негізсіз болса да қасарысып қарсы тұрып алады. Бірақ, қанша бұрмалап, қанша қараулық жасалса да шындықты тарих өз қойнауынан алып шығады.

Бұны айтып отырғанымыз, Сығанақтық (Сунақтық) Әл Хасан ибн Әли Хажжаж ибн Әли Сығнақидің өмірі мен тарихын бұрмалаушы Д. Досжан. Ол оны (лақаб аты Хисамелдин) өз кітабында ("Жібек жолы") алғашқы басылымында Сығнақтық деп алады. Сунақтар шежіресінде Әл-Хусейн бин Әли Хожа бин Хусамиддин (Ш. Қарақожаев "Сунақ Ата" (Һисамиддин) атты кітабында осылай аталады), ал белгілі арабтанушы ғалым, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас муфти Әбсаттар қажы Дербісәлі К. Брокелманның біздің бабамыздың атын әл-Хусейн бин Әли бин Хаджадж ас-Сығнақи деп жазады, – дейді. Ә. Дербісәлі А.Ю. Якубовский оның әл-Хусейн атты есімінің алдына Хусам ад-дин деген тағы бір ныспысын қоса көрсеткен. Соған қарағанда оның өз аты-Хусам ад-Дин әл-Хусейн. Әкесінің ныспысы – Әли. Бабасының аты – Хаджаджж. Сығанақи деген сөз оның Сығанақтық екенін білдіреді, – деп жазады. Бұл деректер Әбсаттар Дербісәлінің "Қазақ даласының жұлдыздары" кітабынан алынды. Ә. Дербісәлі бұл атауды (Сығнақ) анықтай түседі. Йақұт әл-Хамауи ар-Руми Сығанақты "Сунах" дейді де, оны "Фараб қаласының маңында, Сейхун өзенінің жанында деп біршама дұрыс көрсеткен деп айтады. Ә. Дербісәлі: "Қала X-XIII ғасырларда шынында да Сунақ (Сунах) деп аталса керек. Соңынан ол Сығанақ болып өзгеріп кеткенімен, соңғы ғасырларда жергілікті халық оны Сунақ, Сунақата (Сунақи ата) деп бастапқыдай қайта атап кеткен секілді", – деп ағынан жарылады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Әбсаттар қажы өзінің "Даланың дана жұлдыздары" атты ғылыми еңбегінде қазақ жерінде туып, соңына өшпес мұра қалдырған ғұламалардың тағы да тарих бетіне шыққанын жазады. Ол Сунақ атауының X ғасырда емес, IX ғасырда тарихи деректерде кездескенін шегелеп түрып айтты. Тіптен өзіміз жоғарыда айтқан Отырар мұсылмандарының шафиғий мазхабында болғанын нақтылап та береді. Сунақтардан шыққан ғұламалардың тіптен

көп болғанын қуана жазады. Ол өзінің ел алдындағы, тарих алдындағы, ғылым алдындағы адалдығын осы еңбектері арқылы анық көрсетеді. Ислам дінінің шариғат жолының адалдығына имандай сенеді.

..."Ия, осындай ұлан-ғайыр жерді көз қарашығындай сақтаған аталар түгелдей көшпелі де болған жоқ, қазіргі Оңтүстік Қазақстан атырабын мекен еткен бөлігі отырықшылықпен айналысты. Бірақ, Орта Азияның VIII ғасырдан бастап бірте-бірте ислам дінін қабылдауына байланысты бабалар өмір тіршілігі өзгерді. Ежелгі Шаш (Ташкент), Самарқан, Бұхара, Термез, Мерв, Отырар, Исфиджаб-Сайрам шаһарлары діни – рухани, үлкенді-кішілі оқу, білім орталықтарына айнала бастады. Өйткені ислам негізінен қала мәдениеті еді. Сондықтан да қалалар мен шаһарлар, кенттерде мешіттер салынып, олардың жанынан медреселер бой түзді. Жергілікті жұртты жаңа дін ғана емес, сондай-ақ ислам мәдениеті де құшағына алды.

Мұсылман шығысының дін ислам қайраткерлері, ғалымдары мен шежіреші – тарихшылары, саяхатшыларының мұнда келіп-кетіп тұруы сипат алды. Олар осы аймақтың тарихы, этнографиясы, географиясы және мәдениет ошақтарының тіршілік-тынысын хатқа түсірді. Әсіресе, Әбу-л Аббас әл-Балазури (?–892), Ибн Хордадбек (820–913), әл-Истахри (850–934), Ибн Хаукал (X ғасыр), әл-Масуди (X ғасыр), әл-Мақанси (X ғ.) Кудама ибн Жағфар (X ғ.), әл-Идриси (1100–1165), Әбу Сәд Самани (1113–1167), Ибн әл-Асир (1160–1234) Йақұт ар-Руми (1179–1229) Ибн Батутта (1304–1377), әл-Бакуи (XIV–XV ғ.) және тағы басқалар бай деректер қалдырды.

Дей тұрғанымен уақыт өте келе еліміз бен жерімізден аталмыш ғұламалар ғана емес, сондай-ақ ғасырлар парағының арасында қалып қойған өзге де ойпаздар бар деген ой ізденістерімізді жалғастыра беруге жетеледі. Әрине қазақ жеріндегі білім ошақтарынан тек ғалымдар ғана емес, бар өмірін Ислам дініне қызмет етуге жұмсаған, шығармаларын дін Ислам ғылымына арнаған даналар да шыққан. Қолымызға сөйтіп бірте-бірте олар туралы да деректер түсе бастады. Әбу Сәд ас-Самани – Мервтік белгілі ғалымдар әулетінен шыққан оқымысты. Саманилердің Мервте қоры жағынан теңдесі жоқ оннан астам атақты кітапханалары болған. Мұнда мұсылман Шығысының (Машриқ) түкпір-түпірінен білім іздегендер келіп тұратын. Осы

кітапханада Йақұт әл-Хамауи ар-Руми де үш жыл болып "Мұъджам әл-Булдан" – "Елдер жайлы сөздікке" материал жинаған.

Хорасан мен Мауреннаһр, Ирак пен Сирия, Хиджаздың талай қалаларын аралаған Әбу Сәд тарих, филология, фикһ (мұсылман құқығы) және қасиетті хадистерге байланысты елуден астам еңбектер жазған. Бірақ біздің заманымызға олардың көпшілігі ("Китаб әл-Ансабтан" – "Шығу тек шежіресі (жайлы) кітаптан" басқасы) жетпеген.

Әбу Сәд ас-Самани сөйтіп аталмыш кітабында: "Әл-Фараби, Шаштың (Ташкенттің) жоғарғы жағындағы Баласағұннан алыс емес Фараб қаласына қатысты нисба (шығу тек). Оның тұрғындары (Имам) Шафиғи мазһабын ұстанады. Осы нисбамен "Диуан әл-адабтың" – "Әдеби жинақтың" авторы Әбу Ибраһим Исхак ибн Ибраһим әл-Фараби белгілі болды. Ол араб тілі лексикасының білгірі еді, оның еңбегі барлық елдерде мәлім.

Әл-Бараби Бараб деп те аталатын нисбаға қатысты. Оны сондай-ақ Фараб деп те атайды. Бұл аймақ (нахия) Сайхун (Сырдария) өзенінің арғы жағында, Шығыста. Одан Имам және араб тілі лексикасының білгірі Әбу Закария Йахия ибн әл-Адаб әл-Бараби шыққан. Одан бараб пен Мауреннаһрдың көптеген тұрғындары тағылым алды. Ол "әл-Масадир фи-л-луға" – "Тіл негізі жайлы" атты еңбек түзді.

(Әбу Закария әл-Фараби) Әбу Абд ар-Рахман Абдолла ибн Убайдулла ибн Шурайх әл-Бұхариден хадис риуаят етті. Ал одан (Әбу Закариядан) Исфиджабта (Сайрамда) әл-Хасан ибн Мансур әл-Мұқри хадис риуаят еткен", – дейді.

Сөйтіп ғалымның туған жеріне қатысты Йақұт пен Бабани шатастырған мәселені Таяу Шығыстық емес, Орта Азиялық Әбу Сәд ас-Самани ашып берді.

Осы жерде айта кетерлік бір жайт: Отырарлық тілшіні Йақұт әл-Хамауи ар-Руми өзінің үшінші бір "Иршад әл-ариб ила мағфират әл-әдиб" – "Ғалымдарды даналар жайлы деректермен таныстыру" атты шығармасында да "әл- Бараби" деп емес, "Йахия ибн Ахмед Әбу Закария әл-Фараби" деп көрсете отырып, оны: "Лексикографияның тамаша білгірлерінің бірі. Одан Фараб пен Мәуреннаһрдың бір топ адамдары тағылым алған", – дейді. Ары қарай ол жайлы "Мұджам әл-булданда" айтылған мәліметтерін қайталаған.

Ия, отырарлық ғалымның тіл ғылымы ғана емес, сондай-ақ хазіреті Мұхаммед (с.а.ғ.с.) Пайғамбарымыздың ха-

дис шәріптерімен де айналысқанын көрдік. Осы тұста және ары қарай да хазіреті Мұхаммед (с.а.ғ.с.) пайғамбарымыздың айтқан сөздері мен амалдары жайлы әңгімелер. Ол мұсылман ұммасының өмір-тіршілігінің сан түрлі жағын қамтыған. Сол себепті де мұсылман құқығы қайнар бұлағы жағынан келгенде,хадис шәріптер қасиетті Құраннан кейінгі орында тұрған. Хадис жинау біз сөз етіп отырған IX–XIII ғасырларда да ең сауапты іс саналған.

Хадис шәріптер, жалпы, Мұсылман Шығысы (Машрик) мен Батысында (Мағриб) VII ғасыр ортасынан-ақ жинала бастаған. Әлемде Алла елшісі (с.а.ғ.с.) хадистерінің атақты алты жинағы бар. Олар:

1. "Әл-Джами ас-Сахих" – "Ақиқат жинақ" немесе "Ас-Сахих" – "Ақиқат" деп аталатын имам әл-Бұқари (Мұхаммед бин Исмаил Әбу Абдоллах әл-Джүфи – 810–870) жинаған хадистер.

2. Имам Муслим (әл-Имам Әбу-л Хусейн: Муслим бин худжадж ибн Муслим бин Уайд бин Кушан – 821–875) жинаған хадистерден тұратын "Әл-Джами ас-Сахих" – "Ақиқат жинақ".

3. Әбу Дауд Саджистанидің (Сүлайман бин ал Ашьас бин Исқақ бин Башир бин Шалдад бин Амр бин Умған әл-Азди – 817–889) "Китаб ас - Суннан" – "Сунниалар жайлы кітап" атты хадистер жинағы.

4. Мұхаммед ат-Термизидің (әл-Имам әл-Хафиз Абд Иса бин Сура бин Муса бин Даххак ас-Салми ?–892) жинаған хадистерден тұратын "Әл-Джами әл-Кабир" – "Үлкен жинақ".

5. Ан-Насаидің (Әбу Абд ар Рахман: Ахмад бин Әли бин Шұғайб бин Әли бин Сунан бин Бахр бин Динар-830–915) "Китаб ас-Сунан" – Сунналар жайлы кітап" атты хадистер жинағы.

6. Ибн Маджаның (Әбу Абдалла Мухаммед бин Йазид бин ар-Раббәи Маджджа әл-Қазуини 824–886) "Китаб ас-Суннан" – Сунналар жайлы кітап" атты хадистер жинағы.

Хадистер жинауда Орта Азиялық дін қайраткерлерінің еңбектері де ерекше. Олар жинаған хадистер де ақиқат, шыншыл әрі шынайы деп есептеледі.

Сөйтіп, сөз етіп отырған ғасырларда Имам әл-Бұхари сияқты Отырар, Исфиджабта да хадис жинаушылар аз болмаған. Арабтың тарихшы, шежірешілері Орта Азиялық сондай хадис жинаушы парасат иелері жайлы деректерді өз жи-

шақтарына құрметпен кіргізіп отырғанының себебі де сондықтан.

Орта Азияда хадисшілер ішінде Әбу Абд ар-Рахман Абдолла бин Убайдулла ибн Шурайх әл-Бұхаридің атақ дәрежесі мен беделі жоғары болған. Отырарлық Әбу Закария Йахия, сондықтан да осы кісінің айтуы бойынша,хадистер жазып ала берген. Соңыра өзі де сайрамдық Әбу Әли әл-Хасан ибн Мансур ибн Абдолла ибн ахмад әл-муалдиб әл-Мұқри әл-Иефиджабиге жинаған хадистерінен риуаят еткен.

Отырарлық зиялылыр да Бұхара мен Самарқандтық хадисшілердің кем түспеген. Фарабтық сондай хадисшілердің бірі – Әбу-л-Фадл Сиддиқ ибн Саид ас-Сунахи Әл-Фараби еді. Ғалымның өз атғы – Әбу-Фадл Сиддик. Әкесінің нысныеы Саид. Ас-Сунахи-Сунақтық дегенді білдіреді. Бірақ бір қызығы бұл ғалымды Әбу Сәд ас-Самани тек Сунахи емес, сондай-ақ Әл-Фараби деп те көрсеткен. "Ас-Сунахи, мауренаһрдегі Сейхунның арғы жағындағы Фараб атты қала (балда) маңындағы елдімекенге қатысты нисба. Осындай нисбамен (Сунахи деген атпен) көптеген адамдар белгілі болған. Солардың бірі Сунах елдімекенінен шыққан – Әбу-л-Фадл Сиддиқ ибн Саид ас-Сунахи Әл-Фараби", – дейді де, ол артынша: "Сунах-Иифиджаб шаһарларының бірі. Әбу Санд әл-Идриси осылай дейді" деп өз дерегін толықтырып қояды.

Әбу Сәд ас-Самани сілтеме жасап отырған Әбу Сәд әл-Идрисиге сенуге болады.

Әбу Сәд Абд ар-Рахман ибн Мұхаммед әл-астрабади әл-Идриси (?–1015) Самарқанда күн кешкен Орта Азиялық белгілі ғалым. Оның "Тарих-и Астарабад" – "астрабад тарихы", "Тарих-и Насаф" – "Насаф тарихы" атты еңбектері бар. Ол жүз мың хадис білген деседі.

Хамдаллаһ ибн Әбу Бәкір ибн Ахмед ибн Насыр әс-Мүстауфи әл-Қазуини (1280–1350) "Нузхат әл-кулуб" – "Жүрек қуанышы" атты еңбегінде Сунақты Мауреннаһр өлкесіндегі Отырар, Шаш, Иефиджаб, Тараз секілді қалалар қатарына жатқызады, яғни ол Сунақты бөлек қала ретінде көрсеткен.

Ия, Сунақ (Сунах, Сығнақ) Сырдария бойындағы шаһар. Әбу-л-Фадл осы Сунақта туылғанымен, өмірі мен қызметінің көпшілік бөлігін Фарабта – Отырарда өткізгендіктен, Әбу Сәд ас-Самани оның нысбысына әл-Фараби деген созді қосып жазды ма, ол жағы беймәлім бізге.

Сонымен Әбу Саъд ас-Самани Әбу-л-Фадл Силдиқ ибн Санд ас-Сунахидің Самарқанға барып Марылық имам, белгілі хадисші Мұхаммед әл-Маруази (X ғ.) еңбектерін зерделегенін айтады. Сунақ-Фарабтық жерлесіміз сонан соң Бұхараға қоныс аударып, сонда бұхарлық өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары – Саъд ибн Шазууайх әл-Бұхари, Хамиб ибн Сahл әл-Бұхари, Әбу Әли Салих ибн Мұхаммед әл-Бағдади әл-Хафиз, Наср ибн Ахмад әл-Хафиз және басқалардан хадистер жазып алған. Содан Фарабқа-Отырарға қайтып оралып hижраның 350\ 961 жылы қайтыс болады.

Бұхарада, Отырар перзентіне хадис айтқандар ішінде Бағдаттық ғалымдардың да болуына қарағанда Мауреннahр халқының Таяу және Орта Шығыс жұртымен байланыс тұрақты болса керек.

Ал Әбу Абдалла Мұхаммед ибн Насыр әл-Маруази болса X ғасырда өмір сүрген Мервтік дін ислам қайраткері, хадистанушы, өмірінің бірқатар жылдарын Самарқанда өткізіп, бірнеше кітаптар жазған, оннан астам шәкірттері болған ойпаз еді.

Әбу-л-Фадл Силдиқ ас-Сунахи әл-Фараби – Отырарлық Исмаил әл-Жауhари мен Исхақ әл-Фарабидің замандасы тұстасы. Олар бірін-бірі білген болулары мүмкін. Өз замандарының алымдары кезінде Фараб қаласында Силдиқ ибн Саиид ас-Сунақи, Исфиджабта Ахмад әл-Хазама әл-Маруазиден хадис жазып алатын болған.

Міне, ғұлама ғалым, Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының Төрағасы, Бас муфти Әбсаттар қажы Дербісәлі өзінің зерттеуінде қазақ даласындағы дін, шариғат туралы хадис жинаған, ол жайында жазған ғалымдардың біразымен халықты таныстырды. Сунна жолын ұстанушы бабаларымыздың еңбектері де ауыз толтырып айталық екен. IX–XIV ғасыр аралығында өмір сүрген фикh (шариғат) ғұламалары қазақ даласында ислам дінінің қанат жайуына көп еңбек сіңірген. Орта Азияны былай қойғанда, қазіргі қазақ жерінде болған қалалар мен кенттерден тек аталмыш бірнеше ғасырлар ішінде 55 данышпан шыққанының өзі, аталарымыздың ислам діні ғана емес, сондай-ақ мәдениетін, өркениетін де байытқанын, оның өсіп, өркендеуіне, кемелденуіне үлес қосқанын көреміз.

Қазақтың адал перзенті, мүмин-мұсылман, Бас муфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің Әбу-л-Фадл Сиддиқ ас-Сунахи әл-Фараби туралы жазған еңбегінің біз үшін теңдесі жоқ

тарихи дерек екендігін айта кетуіміз керек. Сунақ (Сунах) қаласының да Сунақтан тағы бір ғұламаның есімі ел тарихына қосылған тың дерек. IX ғасырда әйгілі болған ғұламаның сөз жоқ Сунақ екені айдай анық болып тұр. Оның Сиддиқ дегені өзінің ұлы атасы Әбу Бәкір ас-Сыддықты меңзесе, Саиид атауы ақсүйек тұқымынан, ал-Сунах дегені Сунақ руынан екенін айғақтайды. Тырнақ астынан кір іздеп, Сунақ руына айтпағаны қалмаған (Д. Досжан, Х.Түрсынов, Б. Айсынов, Б.С. Қошым Ноғай, Ә. Әбіласан т.б. теріс пиғылды мұсылман еместердің аузына құм құйылуы осыдан-ақ көрініп тұр.). Ежелгі Сунақ тұрғындары (Сунақтар) дін тартпады дегендері де бос сөз болып шықты. Сиддиқ ибн Саиид ас Сунақи бар өмірін Ислам дініне арнаған. Осындай діндар Сунақтардың аз болмағанын олардың ата-тек шежіресінен де көреміз. Олардың есімдерінің қасына Маулана, Саиид, Сахиби, Шайх, Қожа атауларының қатар қосарлана жазылуы да бұл сөздерімізді бұлтартпай айғақтайды.

Ал, Сунақтар мен қожалардың арасындағы салт-дәстүрдегі айырмашылық көп емес. Сунақтардың шығу тегі Әбу Бәкір ас-Сыддық. Қожалар өздерін Омар мен Әліден таратады. Сунақтар Сунна жолында қызмет атқарғаны тарихтан белгілі. Ол турасында бұл кітапта аз айтылған жоқ.

Қалай болғанда да әр кезде аумалы-төкпелі заман болып тұрған. Қаланың аты түрлі мағынада аталып, түрлі жағдайда өзгеріп отырған. Бұндай жағдаятты біздің уақытта да көріп жүрміз. Бір Ақмола қаласы Целиноград, Астана болып қайта өзгерді емес пе? Ал Қызылорданың аты да 70 жылдың ішінде, Ақмешіт, Перовск, болып қайта атауларға не болды емес пе? Сонда туып өскен туған қазақ жұртының құжаттарда көрсетілген аты-жөндері солай жазылғанмен тайпасы өзгеріп кетпесі белгілі емес пе? Қазірде де кім қай жерде туылса сол жердің төлқұжатын алады, алайда қазақ салтында бар өз ата-тегі өзгерусіз қалады ғой. Біздің біліуімізше, Орта ғасырдағы ғалымдар өздерінің ру, не тайпа атын емес көп ретте туған елдің қала атын алып отырған. Оған бірнеше мысал келтіруге де болады: Отырар топырағында туылған Әбу Насыр әл-Фараби, Фадл Мухаммад ас Сунахи әл-Фараби, Әбу Ибраһим Исхақ әл-Фараби, Яссы (Түркістан) қаласында дүниеге келген Қожа Ахмет Йасауи, Шейх Ахмет Сығнақ (Сунақ) шаһарында туған Шайқы баба Сығнақи, Хусам ад-Дин әл-Хусейн ас-Сығнақи, Тараз (Та-

лас) қаласының тумыстары – Махмұт бин Әли ат-Тарази, Шамс Тарази т.б бұдан біздің таласып, тартысатын түгіміз жоқ. Жоғарыда айтқан тарихи қала Сунақ та, Сығнақ та Суфнақ та қағазға түскен. Оны біреулер амалдап бұрып та көрсеткен, ал бірі басқа тілді жұрттың түсініксіз тілдің айтылуымен солай жазылып кеткен. Тарихи деректерде Сунақтардың көптеген аталарының Сығнақи деп аталып келгенін де көреміз.

Сунақ сөзінің түп төркіні Суннадан шыққан. Сунна жайында көптеген басылымдарда айтылады. Соның бірі "Знание" кітабында (Акмолинская мечеть независимый институт арабского языка и основ ислама, 1998 жылдың N2) былай анықтама беріледі:

... "Посланник Аллаha (да благославит его Аллаh и да приветствует) сказал: "Я оставил вам то, что если будете следовать за ним, никогда не заблудитесь – эта Книга Аллаha и моя сунна" (Сунна – это слова, дела и одобрения Пророка (да благославит его Аллаh и да приветствует). Хадис и Сунна в одном значении). В этом хадисе Пророк (да благославит его Аллаh и да приветствует) сообщил нам два источника, за которыми кто последует, окажется на верном пути, ведущем к Великому Счастью, болыной радости, к благой жизни на этом и другом Свете. Ими являются Куран и Сунна Пророка (да благославит его Аллаh и да приветствует), то есть внедрение и использование этих источников как в духовной, идиологическоқ сфере, так и в бытовой и социальной жизни и так далее. Известно, что у всех ученных мусульман непорочная Сунна является вторым источником после Курана для законодательства; исламский народ единогласно согласился на это начиная с времен Пророка (да благославит его Аллаh и да приветствует) и по нынешнее время. И смысл явления Сунны вторым источником для законодательства в том что она является обязательством следования и исполнения – и Сунна в месте с этим как Куран равана, но однако враги Ислама и вместе с ними некоторые люди, которые изображают Ислам ложно и клеветнически, не радует их то,что Суннаh – источник Шариата, и они не перестают внушать сомнения в Суннаh и стараются искажать ее, как это случалось и раныне, замышляя хитрость против Ислама, чтобы покончить с ним, как покончили с другими религиями, искажая их. Из числа их заманчивых фалынивих слов, например: Нам необходимо

ограничиваться только Кураном... И стараются докозать свои фалшивые гнусные слова выдуманным хадисом, который приписывают Пророку (да благославить Аллаh и да приветствует), чтобы оклеветать его. В этом выдуманном переделанном хадисе говорится: "Если дойдет до вас от меня хадис, то сопаставьте Его с Кураном, и то, что соответствует – берите, а то, что противоречит Ему – оставьте". Критики и специалисты Хадиса утверждают (они знатнее и точны в науке хадисов): "Поистине, этот хадис-ложь и подделка под Пророка (да благославит его Аллаh и да приветствует), и свидетельствует о том что он – ложь и подделка среди остальных достоверных хадисов наше сопатавление этого хадиса с Кураном, которые доказало что это – ложь и вранье, потому, что Аллаh потребовал, чтобы мы подчинялись ему в каждом деле, которое нам повелевал, и предостерегались от того, что он запрещал: "И то, что дал вам Посланник, то берите, и то, что он запретил Вам, от того удержитесь". Значит Куран опревергает этот хадис, и что интересно в этом деле, и даже скажем из свидетельств величия Курана и из недосягаемости Пророка (да благославит его Аллаh и да приветствует) то, что он (да благославит его Аллаh и да приветствует), что настанет такое время когда появится люди, которые будут говорит: "Вам хватит Курана...", т..е. ограничится только Кураном, а Суннаh – отбросить в сторону, как лишнее. Это глубокое заблуждение. Кроме этого, этот хадис указывает на истинность Пророка (да благославит его Аллаh и да приветствует). И то, что действительно появилась группа в прошлых веках, которая и по ныне призывает к этой гнусности, то есть ограничению только Кураном и их цель разрушить половину вероустава. Можно даже сказать разрушить религию полностью, что если оставить хадисы и тем самым сделать Куран малопонятым можно будет сказать уверенно: "Исламу – конец". Рассказывает Абдуллаh ибн аль Мубарак, что один человек пришел к сподвижнику Пророка и спросил его об одной вещи, и он ответил ему. После этого сказал человек: "Отвечайте только по Корану". И сказал Посланник Аллаhа: "Поистине, ты человек глупый, где ты видишь в Куране, что полуденная молитва – в четыре ракаата, и она не читается вслух, – и пересчитал ему другие молитвы и также закят и т.д. – то, что выражено вкраце в Куране, подробно изложила непорочная Суннаh". Потом сказал Ему: "Видел ли ты это в Куране изло-

женным и истолкованным?" Куран выражает что то неопределенным, а Суннаh его подробно излагает. (171)

Жалпы, жоғарыдағы жазғыштардың Исламға қатысты атауларға қарсылықтары сөз саптасынан көрініп жатады. Оған бір дәлел Суннаны айттық. Қандай да бір тілдің екінші тілде аталуында фонетикалық өзгерістерге ұшырайтындығы шындық. Мысалы, Аллаh сөзі қазақта Алла деп аталады. Осындай көптеген мысал келтірейік. Жабираиль (Жәбірейіл), Азрайль (Әзірейіл), Микаэл (Меқайыл), Исрайль (Ысрапыл), Нух (Нұх, Нұқ, Ной), Ибраһим (Ибрайым, Ибрагим, Авраам), Муса (Мұса, Мосей), Сулейман (Сүлеймен, Соломон), Якуб (Жақып, Йағқүп), Юсуф (Жүсіп), Лұқман (Лұқпан), Идрис (Ыдырыс, Ідіріс), Иляс (Иличс,! лияс, Илья), Аюб (Айуб, Айүп), Иса (Иусус, Ғайса, Ғиса, Айса), Хашим (Һашим, Әшім), Абдуллаh (Абдулла, Әбділла, Әбділда, Абдолла), Мұхаммад (Мұхаммед, Мохаммад, Мухаммед, Магомед, Мұхамбет, Махамбет) Хасан (Һасан, Асан, Қасан) сол сияқты Мәдина (ал-Мадина, ал-Мунаууpa, Мадинат ан- наби), Сунна (Суннаh, Сунна ақ, Сунақ), Хожа (Ходжа, Хаджа, Қожа), Сайд (Сайид, Саит, Сейіт) т.б

Сунақ атауының түбірін іздеп, бұ ондай, бұ мұндай деп "жаңалық" ашпақшыларға тыйым салу қажет. Сөздер тек түбірден құралмайды. Оның өз атаулары болады. Олардың бірі араб, орыс, түрк, парсы тілдерінен енсе, сол тілдердің этимологиялық мағынасы дұрыс болғанда ғана халық қабылдайды. Сол сөздерді еш халық білмейтін, жадынан үшты-күйлі жоқ болған, тек тіл мамандарына қатысты "Шумер" ден іздестіру де ақылға сыймайды. Өзін Египет пен Шумер перғауыны Осирис ("ветер зада") санайтын Әбілхан Әбіласовтың "фразерство" (сөзуарлық) жасағандай, не көне Түркі тілдерінен іздеу барып түрған "цинизмге" (арсыздыққа) жатады. Бұндай жәһіл (білімсіз, оқымаған) жазғыштардың халық арасына от салуы осындайдан шығады. Бұндайларды, яғни шындықты мойындамаған, Аллаһқа сенбеген, дін адамдарына Сунақ-Атаға (Һисамиддин) қарсылық танытушыларды, жалпы мұсылман еместерді көпір дейді. Немесе мардуд (діннен безген, қайғылы адам, біреудің жақсылығынан іші күйетін пәндә) деп атаған. Ислам дамыған кезде де, қазір де мажуси (отқа табынушы, сиқыршы, шоқынушы) жүрты арада жүре береді. Одан басқа қатты айтқанда, малғұндар (қарғалған, қарғыс атқан) да жүрттың

шіпен шығып жатады. Сол үшін де Аллаһ ондай "мұнафиқтармен" күресуді адамдардың өзіне міндеттеген.

Сунақ Атаны (Һисамиддин) өздерінше мазақ қылғысы келгендердің тағдыры талайы талақ болып жатқанын да білеміз. Б. Айсынов деген "атеист" біреу "Сыр бойындағы сырлы қала" (172) "... орыс зерттеушісі Е. Смирнов "древности на среднем и нижнем течений р. Сыр-Дарии" деген шығармасында сунақтардың өздері "Сунақ" деген әулиенің ұрпақтарымыз деп есептейтіндігін айтқан. (Түркістан өлкесінің әуесқой археологтары үйірмесінің 1887 жылғы 17 ақпандағы протоколының қосымшасында, 8-бет) Ал, бұл "әулиені" Хусам ад-дин Сығнақи атайды дейді А.Ю. Якубовский аталған еңбегінде. Ол академик Әлкей Марғұланның айтуынша 1407 жылы өлген (Ә. Марғұлан, "Ежелгі жыр, аңыздар", 198-бет) деп жазған" дейді де, Һисамиддин Сығнақи Сығанақтан шыққандықтан солай жазылса керек. Ал оны ұрпақтары жоғарыда айтылғандай, әулие атандырып, кейін ол Сунақатаға айналған. Бұған дәлел ретінде атақты күрішші Ыбырай Жақаевтың "Өмір жолдарындағы" мына бір жолдарын келтірсек жеткілікті: "Шиелі каналын қазу үстінде мен істеген участоктің өкпе тұсында "Сунақата" деген ескі қорғанның жұрты бар-тұғын. Бұл бір көшесіндегі адамы өзендей аққан, шаһарының даңқы жер жаһанға тараған Сығанақ қаласының орны. Осы Сығанақта Суғнақ деген әулие өмір сүріпті, ол үлкен мешіт ұстап, онда балалар оқытса керек. Суғнақ әулие өлген соң діндарлар оған заңғар биік мазар тұрғызып, әулиенің аруағына сенген мұсылмандар "шипасы тиеді" деп, мазар басына түнеп кетіп жүретін болған. Мен көрген кезде Сығанақтың тек жұрты жатқан-ды... Суғнах әулие де ұмыт болып, ондағы мазардың жұртына ел түнемек түгілі бұл маңайға жолауға қорқатын болған... Осы ескі қорғанның орны Сунақата аталып кетіпті" деп жазады.

Астағфиралла! Б.Айсынов шындықты жасырып, коммунистерге жағынып, "бұғып" қалып отыр. Ы. Жақаевтың (әдеби жазған О. Бодықов) "Өмір жолдарында" осылай жазылған ба? Біріншіден мақала авторы кітапта жазылған Суғнақ сөзін әдейі бұрмалап Суғнақ деп жазған. Яғни "Г" әрпін "F"-ға алмастырып жіберген. Сунақ атауы міне, осындай бұрмалау фактілерінен, сауатсыз жазудан деформацияланып қағазға түскен. Қожа сөзі де, Қыпшақ атауы да дұрыс жазылмауынан 9 (тоғыз!) түрлі жазылып келді. Ал

Ы.Жақаевтың кітабынан Сунақ-Ата жайында не жазылды соны жұрт оқысын, шындықты білсін деп мәтінін толық ұсынамыз:

"...1929 жылы Қарғалыда болған сол жиналысқа, әрине, мен де бардым. Ақсақалдар бас қосқан сұхбаттың, үш-төрт адам бөлек кететін қысыр кеңестің талайын көрген едім. Мына секілді жаңа сипаттағы кедейлер жиынын тұңғыш көруім.

Адамдар қара құрым. Дәл ортасында омыраулап Боранбай жүр. Сол тұстары сырықтай ұзын, сылыңғыр арық Оразымбетов Қойшыбй да жүр. Боқайдың Сыздығының жирен мұрты одан сайын едірейіп, ашуланған мысық секілді шап бергісі келіп, әркімге бір жұғысады.

Жиналыс өтетін жер ығы-жығы. Жыртық шекпендерін сүйретіп, көне тымақтарын қонжита киген кедейлер лепіре сөйлейді.

– Заман өзіміздікі!

– Жойылсын бай-құлақ!

– Жасасын Ленин!

Бәрінің айтатыны осы. Айтқанда да екпіндей сөйлеп, даурыға дауыстап, даланы бастарына көтерді. Теңдікке жеткізген, жаңа өмір берген Совет жандарындай көреді, оған деген ыстық ықыластарын қалай білдірудің ретін таппай, "жасасынға" басып жүргендері сол, қақ ортада Боранбай. Басқалары бір рет "жасасын" десе ол екі рет айтады. Осы топта кім селқос жүр, дегендей барша жұртты бақылауға алған. "Жасасынды" айтпаған адаммен қандасудан тайынатын емес..."

Осындай ұрандатуды күні кешеге дейін алып келген кімдер? Ары қарай оқып, Сунақата жайында не деді. Кітап ол туралы шындықты жаза алды ма? Оқиық:

"... Шиелі каналын қазу үстінде мен істеген участоктың өкпе тұсында "Сунақ-Ата" деген ескі қорғанның жұрты бар-тұғын. Бұл – бір кездері көшесіндегі адамы өзендей аққан, шаһарының даңқы жер-жаһанға тараған Сығанақ қалсының орны.

Осы қалада Сугнах деген әулие өмір сүріпті, ол үлкен мешіт үстап, онда балалар оқытса керек. Сугнах әулие өлген соң діндарлар оған заңғар биік мазар тұрғызып, әулиенің аруағына сенген мұсылмандар "шипасы тиеді" деп, мазар басына түнеп кетіп жүретін болған.

Мен көрген кезде Сығанақтың тек жұрты жатқанды... Күйдірген кірпіштің сынықтары, бір кездегі биік дуалдардың жапырайған нұсқасы... Маңайында ел жоқ, тек сексеуіл өскен жапан дала... Түнде қасқырлар ұлиды, күндіз жел гүлейді... Сугнак әулие де ұмыт болып, ондағы мазардың жұртына ел түнемек түгілі, бұл маңайға жолауға қорқатын болған... Осы ескі қорғанның орны Сунақ-Ата аталып кетіпті.

Осы жұртқа, өзім канал қазған жерге елу жылдын кейін келсем, оқтай түзу көшелері бар, электр шамдары самаладай жарқыраған мекенжай орнапты. Бұл – жаңадан ұйымдастырылған "Сунақ-Ата" совхозы. Жаңақорған аудандық партия комитетінің сол тұстағы бірінші секретары Ғафур Мұхамеджанов маған:

– Ыбеке, совхозымызға жаңа ат қойсақ қалай қарайсыз? – деді.

– Ескі ат ұнай ма?

– Сунақ деген жалған әулиенің аты болса керек... Ескіліктің исі аңқып тұр...

– Ол әулиенің шын аты – Сугнах. Ол кісі діндар болса да, балалардың "тілін сындырып" дегендей, олардың сауатын ашқан адам. Содан соң... ел аузында қалыптасқан жер аты – тарих емес пе? Одан бекер үркесіңдер, – дедім мен.

Ғафур білімді, есті жігіт. "Сунақ-Ата" деген сөзден коне заманның ескірген табы сезіліп тұрса да, жер, ел тарихын сыйласа керек, совхоздың "Сунақ-Ата" атын сақтап қалды".

Оқырмандардың өздері-ақ, осы жоғарыдағы диалогтан оңгіме төркінін түсінген болар. Бұ жерде ең алдымен Ленинге берілген партия қызметкері мен диқаншының өзара тарихты қозғауы О. Бодыковтың жазуында берілген. Білімді ел құрметтісі Ғ. Мұхамеджанов Сунақ жұртын білетін азамат. Оның аузынан "жалған" әулие деген сөз шығуы мүмкін емес. Олай болғанда да ол әлдекімнің ықпалында кеткен болу керек. Ал Ы. Жақаевтың да Сунақ руын білмей қалуы күдікті. Сонымен қоса ол кісі Сунақ атауын тіптен дұрыс атамаған. "Сугнах" деп ауызға салған. "Сугнах", "Жалған", "Ескіліктің исі аңқып тұр" "Әулие" т.б десе де бұның білімдар, медресе ашып, балалардың тілін сындарғандығын мойындап отыр. Қалай дегенде де сол кездегі кейбір өкіметке қызмет еткендер сайтан Лениннің соңынан ерген тобырдың соңғы тұяқтары еді. Құдайдың емес қолтығына "папка" ұстаған коммунистердің құлы еді.

Кітапты жазған О. Бодықов. Дінге сенбейтін коммунистік идиологияның құрбаны. Себебі жоғарыда ол "діндарлар", "мұсылмандар" деп өзін Ислам дінінен қашқақтатып ұстаған. Яғни, атеист адам екенін ашық білдіріп тұр. Сунақ атауын О. Бодықов Ы. Жақаевтың айтуымен бұрмалап жазған. Атақты күрішшінің халық алдындағы еңбегі ұшан-теңіз. Біз онымен мақтанамыз. Бірақ Ыбырай Жақаев тарихшы болмаған. Осы айтылғандардың қаншалықты рас-өтірігін елжұрт сараптай жатар.

Ал Қазақ КСР оқу ісінің озаты, ұстаз Іскендр Құдияров кітабында былай делінеді: (173)

..."1992 жылғы қазан айының аяғында баба асына Алматыдан келген Сунақата ұрпағы Оразбай немересі Рахымжан Үсейінұлы топ ортасында – "Аруағыңнан айналайын Сунақата бабам, асыңыз қабыл болсын! Жаныңыз жаннатта, топырағыңыз торқа болсын" деп алды да, "Менің туған нағашым Нұржан немересі Сәрсен Бүйрашұлы айтып еді, айтып берейін" деп, ойында жүрген деректі әңгімесін бастады:

Әйелім Тоты тарақты руынан, атақты дала академигі атанған Ыбырай Жақайұлының жақын қарындасы болатын. Ертеде Ібекең Сунақата маңына қосымен көшіп келіп, күріш екпекші болады. Жаңақорғаннан Тоты, балаларым Оңғар, Бибіханды алып біз де көшіп келіп, жартылай ұрмадан үй істеп кірдік. Әдепкіде Ібекең күйеу балам деп, ішке тартып, оны-мұны, есік, терезе беріп, қамқорлыққа алды. Ібекең күріш егуге жер даярлап, дихангершілікке кірісті. Бірақ істері өнбеді, механизмдері бұзылып сына берді, сына берді.Сонда мен Ібекеңе қарап, бұл жерге келгелі байқағаным сіздің еш нәрсемен ісіңіз жоқ. Байқаңыз бұл жер киелі жер. Сунақатаның аяғы тиіп, топырағын басып, өсіп-өнген жері. Сіз келгелі баба аруағына мезет жасап, дұға оқып, құран бағыштамадыңыз. Аяқ асты еттіңіз-ау деп едім. Сол солақ екен, ісі өнбей күйініп жүрген Ыбекең қытығына тиген сөзге шыдамай "Сөзің де, өзің де..." деп бергендерін, есік, терезесін бұзып алып, бір түнде көшіп кетті", – деген еді.

Аруақты сыйламау, қасарысып сөз айту, мазаққа айналдыру "атеиспін деп "жазғыш журналистердің" тонды теріс айналдырып кигені сияқты бұра тартып жазғандарын да оқыдық. 30 жыл Еуропа, Азиядағы өркениетті елдер философтарының шығармаларын оқып қорытындыға келген

Шокорім Құдайбердіұлының "Үш анық" (Три истины) деген кітабын оқыған әлгі жазушылар бұдан былай тәубәға келіп, Алладан күпірлік істерін кешіруді мінәжат ететін шығар" деп жазады С.Құдияров.

Рахымжан Үсейінұлына тоқталсақ ол кезінде Москва қаласындағы сауда-қаржы институтын бітіріп, Алматыда бірқатар ірі шаруашылықтарда қымет атқарған. Саудада адал, қызметте абыройлы жан.

* * *

Әбілхан Әбіласовтың "Сығанақ" кітабы сын көтермейді. Тек бұрмалаумен қағазды босқа шығын жасаған. Авторлық құқықты табан асты еткен. Оқырмандарға СУНАҚ руын жазу арқылы "сенсация" іздеген. Бірақ, шындық, әрқашанда шындық! Өтіріктің құйрығы "бір тұтам" демекші, өзінің жазғаны өзіне абырой әпермеген.

Ол "Сығанақ" кітабын іле-шала шығарып, көптеген қулыққа барған. Сол теріс пиғылда жазылған кітапшаны қолдаушы "Ана тілі" газеті мақтап, мадақтап, өзара келісу арқылы "жалған" сыйлық та берген.

Ол өзінің сол кітапшасында Каллаурдың зерттеуін өзінше теріс аударып шыққан: "Каллаурға (А.Ю. Якубовский сілтеме жасап отыр – А.С.) сол шырақшының әкесі (? сұрау белгісін қойған біз – А.С.) "бұл Аллама –Умей ("Ә.Ә. дұрысы ғұлама дейді. Ол бұрынғы сунақ атаға қатысты басылымда онсыз да солай берілген – А.С.) Сахиби Нихаяның (Ә.Ә. Һисамиддиннің атын әдейі қалдырып кеткен, орысша Хисамутдин А.С. А, Ю. Якубовскийдің "Развалины Сығнака (Сугнака) кітабының 148 бетінде: ...Шырақшы Молла Кош-Мухаммед Татыбаев, который уверял Каллаура, что это здание мазар над могилой "Алла Умей Хисамутдина Сахиби–Нихая, по прозванию Сунак-Ата деп жазылған А.С.) жатқан жеріне орнатылған мазар-ғимарат дегенді айтады дей келе тағы да деректі бұрмалайды.

Ол: "... Каллаур осы сөзді және Абдулла ханның хижраның 1006 жылы (1558) жазған нышанында бұл есімнің Аба л Хасан Зия ад Дин шәйх Сығанақи (дұрыс оқылуы – хазіреті ғұлама Абу л хасан Зиа ад Дин шәйх Сығанақи – Ә.Ә.), ал Убайдулла ханның хижраның 1044 жылғы (1634 ж) нышанында – Абу-л-Хасан Зиа-ад-Дин Сахиби Нихая Сығанақи (дұрыс оқылуы – Хазіреті ғұлама Абу-л-Хасан

252-22

Зиа-ад-Дин Сахиби Ниһая Сығанақи — Ә.Ә.) болып жүргенін, Хусам ад Дин Сахиби Нихая Сығанақи болса 1310 жылы Халеб шәһарында қайтыс болғанын тілге тиек ете отырып, Сығанақты зерттеген кісілер мұнда ешбір қасиетті кісінің мазары жоқ, болмаған деген пікір жобаларын байқатады" дейді.

Ол тағы да: "Якубовский ғана, бұлардың ішіндегі дұрысы осы Хусам ад-Дин Сахиби Нихая Сығанақи болуы керек, бірақ оның мұндағы мазары жөніндегі әңгімені аңыз ретінде ғана қабылдауымыз қажет дегенді айтады. Бір кездері оның мұнда мәйіті сақталғанын теріске шығаруға да айрықша негіз жоқ дейді. Егер кіші жай Хусам ад-Дин Сығанақи мәйіті орнындағы мазар – ғимарат болса, онда, үлкен жайды (батыс бөлігін) "ханака", яғни шәйх пен "софылар" тұрған және қасиетті әулиеге зиярат етіп, шәйх уағыздарына үюға келгендер тоқтайтын орын болған деп танығын жөн деген пікірді мегзейді.

Бұл бір қарағанда көңілге қонатын сияқты. Өйткені ғимаратты Хусам ад Дин көзі тірісінде салдыруы да мүмкін. Сондықтан оның мәйіті болмаған күнде де сол кісінің атымен аталуы ғажап емес" депті. Тағы бір назар аудартатын жайтдейді де Ә.Әбіласан, Абдулла ханның Хасан Зиа-ад-Дин шәйх Сығнақи есімі. Біздің пайымдауымызша, Хусам ад дин Сығнақи бұл ғимаратты соған арнап салдырған болуы да мүмкін. Өйткені көне түркідегі аса құрметтелетін тайпа көсемдері – "Аталар" және оған байланысты қасиетті орындар негізінен XIV ғасырдан арғы заманды мегзейді. Шәһардың "қасиетті Сығанақ" аты және осы төңіректерде көбірек тараған Абулхасан, Зиаддин, шәйх, Сахиб дегенге ұқсас есімдер де, сондай-ақ сағанадағы мәйіт оюдың көне ерекшеліктері де осы пікіріміздің шындыққа жақын екенін растай түсетін секілді.

Бұл он оқ көсемі (Он оқ – I–VIII ғасырлар арасындағы түркі ру-тайпалары одағының аты. Көне түркі тілінде он тайпа деген ұғымды береді.) Сүһ батыр жайлы әңгімені еске салады. Сәулетті мазар-ғимараттардың ертеде тек батырлық пен ерліктің рухани үлгісіне айналған қауым басшыларына ғана қойылып отырғаны да әңгімені осы арнаға әкеп саяды? Ал ғұлама ақынға, дін саясаты қайраткеріне арнап түркіде алғаш рет Темір ғана Ахмет Йасауи бейіті орнына сәулетті ғимарат салдырған. Бәлкім, Әмір Хусам ад-Дин Сығанақи үлгісін алған да болуы да. Қасиетті ата-аруақпен бірге өз

атының қоса аталатыны әлемнің жарты патшасын ойландырмай қалмағаны ұғынықты жайт болса керек. Ол мұны Сығанақ мешітінен әлдеқайда зор етіп салуды көксегені белгілі. Бірақ көзі тірісінде көре алмай, ізбасарлары Әмір арманының белгілі бір бөлігін ғана жүзеге асырған... Ел ішінде Сығнақи Йасауидің ұстазы болған екен деген де бұлдыр аңыз-әңгімелер бар "... дейді. (8, 9, 10-беттер)

Автор бұ жерде де қиялға бой алдырған.

Біріншіден, Ә. Әбіласан Каллаур жазған фактіні, Сунақ-Атаның шырақшысы айтқан шындықты атағысы келмейді.

Екінішіден, Сунақ-Атаның (Һисамиддиннің) немересі Хасан Зиа ад Диннің атына жазылған вакуфтық құжатты түсінбей оқыған.

Үшіншіден, Сунақатаны XI ғасырдың аяғына тілдің ерекшелігіне байланысты арабқа да, түркіге де, қазаққа да жат емес "АТА" атауымен атағанда түрған ештеңе жоқ. Әйтпесе Сунақатаның бір өзіне арабтар таңған атаудың өзі жеткілікті. Оны сол "қыңыр" автордың өзі де оқып отырып жүртты жаңылыстырғысы келеді. Тағы да айтамыз. Сунақатаның толық аты жөні Алла-Умей Хисамутдин Сахиби-Нихая (Һисамиддин, Асамидин, Асамаддин, Талламан Сакнакия, Сунақ-Ата) екіншісінің толық аты Қожа Хазірет Алламa Абу-л-Хасан Зиа-ад-дин Шейх Сығнаки (Абу-л-Хасан Зиа-ад-дин Сахиби Нихая Сығнаки).

Алла-Умей-Құдай дінін қорғаушы, Талламан Сакнакия-Сокнак ғалымы деген мағынада. Сунақ қаласын Сокнак Сакнак деп те атаған. Орысша Сахиби деп отырғаны Сәһәбә деген сөз, яғни Мұхаммед Пайғамбардың жолын шын ниетімен ұстаушы, Аллама-Шейх Ілімді Шейх, ал Нихая деп отырғаны – ақыр заман ("конец") – ол дүниесі бар деген сөздердің ұғымында. Алла Умей; Талламан, Аллама, Әзірет, Сопы, Сахиби, Нихая, Шейх деген сөздер дін жолында еңбегі бар адамдарға берілетін атақтар, не Сәһеба Сахиби деп ислам дінінің жолында қайтыс болған; осы дінді өмір бойы таза ұстаған адамдардың молаларын да атаған (174)

Ә. Әбіласан кейде Каллаурдың жазғандарына өз жанынан қосып жіберетін әдеті де бар. Мысалы, ол Вакф сөзін (діни құжат атауы А.С.) діни орындарға мұраға берілген жер, мүлік, мал, зат деп түсінген (өзінің "Сығанақ" кітабында, 127 бет) Сонымен қатар "жалған" жазылған Бұлғар-

Шаар шаһарымен (біздің заманымыздағы IV–V ғ.ғ қала) байланысы барын байқататын секілді дейді. Оның айтып отырғаны С.Г. Кляштрный мен А.А. Колесниковтың жазғандары. ("Восточный Туркестан глазами русских путешественников. Алма Ата, "Наука", 1988, 16 бет.)

Онда Сунақтар туралы бір ауыз сөз жоқ. Сенімді болу үшін Ә. Әбіласанның өзі көшіріп жазған мәтінді оқимыз:

"В IV–V в.в. н.э. Поволже, Западном Казахстане консолидировались так называемые огузские племена, из них самые крупные – булгары. Они говорили на одном из очень архаичных тюркских языков. По отдельным словам и грамматическим формам, сохранившимся в письменных памятниках, отразивших язык волжских и дунайских булгар (до славянизации последних), установлено, что язык приаральских и волжских булгар был предшественником современного чувашского языка и это его элементы сохранились также в языках татар Поволжья, гагаузов, кумыков и некоторых других тюркоязычных народностей."

Ә.Әбіласан М. Қашқари картасында белгіленген "Булғар" шәһары мен түркі булғар руы туралы деректер және Сығанақ тұрғындарының тілдерінде диалектілік болса да бір айырмашылықтардың барлығы жөніндегі мәліметтің ұшырасуы, сондай-ақ шырақшы әңгімесі сунақтардың осы айтылған көне түркі тайпасымен (ру немесе одақ болуы да мүмкін) белгілі бір дәрежеде байланысы барлығын байқататын секілді. Осымен қатар авар тіліндегі "сулак" сөзінің "жинақ" (все вместе) мағынасын беретіні де ой салдырады. Назар аударатыны тағы бір жәйт бар. Тарихи деректер бойынша, 1495 жылы Іле Алатауы баурайында өзбек және қазақ хандықтарының әскерлері шайқасқа түсіп, қазақтар ойсырай жеңіледі де, амалсыз жасалған шарт бойынша Сырдария бойындағы шәһарлар өзбектер қолына өтеді. Бұл жерлерге өзбек одағындағы біраз тайпалар көшіп келіп қоныстанады..." дейді.

Ә.Әбіласан не жазғанын өзі білмейді. Оқырманды шатастырумен жазылған кітапты оқуға ұяласың.

Біріншіден, Сулак атауының аудармасы Все вместе (орысша) сөзін "жанақ" деп шала сауатты аударған. Все вместе сөзін 3 жасар бала біледі. Ол "барлығымыз біргеміз" деп аударылады.

Булғар мен Авар деген кімдер? Құдайға шүкір, бұл халықтар тарих бетінен әл де өше қойған жоқ. Біріншісі –

Еділ бойын мекендесе, екіншісі – бүгінде Кавказ жұртын құрап отыр. Бұлардың тағы да айтамыз, Арабтың бірінші халифы Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тарайтын Сунна жолын таратушы Сунақтарға еш қатысы жоқ.

Солай нақты айтылса да Ә.Әбіласан сияқты "придаток-ка" жауапты бұлтарсыз дереккөзбен беруге тура келеді.

Жоғарыда ол жазғандай IV–V ғасырларда өмір сүрген Оғыз булғарлары сөз болады. Ә.Әбіласан соны Сунаққа телігісі келеді. Адамда шамалы ар-ұят болуы керек. Біріншіден, Сунақтар араб тұқымы. Олар IV–V ғасырларда емес Араб халифы билік құрған VII ғасырда тарих бетіне шыққан. Картада олар X ғасырдан бастап кездеседі.

Екіншіден, Еділ булғарларының өмір сүру кезеңі ірі мемлекет есебінде XI ғасырға дейін жалғасады да, оның ескі жұрты осы күндері Татарстан Республикасының Биляр қыстағы маңында тұрып жатыр. Биляр кезінде Еділ Булғариясының астанасы болған. X ғасырда негізі қаланған Биляр орыс жылнамаларында Ұлы қала деп аталған. 1236 жылы Батудың Русь пен Шығыс Еуропаға жорығы кезінде қиратылып, ол бұрынғы саяси экономикалық мәнінен айырылды.

Еділ Булғариясы X–XIII ғасырларда Еділ өзенінің орта ағысы мен Кама өзенінің аралығында болған булғар мемлекеті. Еділ Булғариясы X–XI ғасырларда Хазар қағанатымен күрес жүргізіп, Киев Русімен, Бұхарамен, Бағдатпен байланыс орнатты. Еділ Булғариясы 922 жылы ислам дінін мемлекеттік дін етіп жариялады. (175)

Яғни, Сунақтар таратқан Ислам дінінде болған Булғарлар Сунақ қаласы маңында X ғасырда болмаған. Өмір сүрмеген. Олардың өзіндік мемлекеті болған.

Тарихи дерек бойынша екі халық екі жақта бір кездері тіршілік жасаған.

Ал енді Авар жұрты туралы айтамыз.

Авар қағандығы – Орталық Азияда (IV ғасырдың соңы) және Шығыс Еуропада (VI ғасырдың соңы) өмір сүрген, түркі тілдес тайпалар мемлекеті. Мемлекетті қаған басқарды. Авар қағандығы VII ғасырға дейін өмір сүрді. Аварлардың төл жазуы, дамыған мәдениеті мен өнері болған. (176)

Бұдан не көреміз. Сунақтардан бұрын өмір сүрген (IV ғасыр) булғар мен аварлардың тарихы не дейді? Бұл екі халықтың Сунақтардан (VII ғасыр) ертеректе мемлекет болғандығы жалған жазушыларға айдың анығындай факт емес пе?

Сунақтарды біресе өзбектен, біресе ирактан, біресе парсыдан, біресе бұлғардан, біресе қыпшақтан, біресе авардан біресе түріктен таратқысы келетін, әрі біресе... біресе... біресе... деп сандырақтайтын тағы да қайталап айтамыз бұл Ә. Әбіласанға Сунақ руы кім болғаны? Оның атына осынша "жала" жабатын Ә. Әбіласан кім? Ал осы Әбілхан Әбіласанның (өзі жазған "Сығанақ" жазбасының мұқабасының соңғы бетінде жыртиып, беті жылтырап суретке де түскен) өзі қайдан шыққан? Оны оқырмандарға енді таныстырудың реті келді. Сабыр... Сабыр.. оқырман... Ол жайында келесі жолдардан толық танысатын боласыздар.

Бір кездері атақты шығыстанушы араб тілінің маманы Бартольд те Алып Қыранда баласынан туғызып жаңылысқаны бар. Ол Қожа Ахмет Йасауиді түрік деп те жазған тұстары бар.

Бір кездері Сунақ атауын Сұнақ деп Әнуарбек Қоңыратбаев та жазған болатын. Оқырмандардың есіне сала кететін бір жәйт ғалым адамдардың бәрі ағынан жарылған адал деп қабылдау мүлде қате пікір. Ол жайында хадсите де айтылады. Ең жаманы – залым патша, өтірік жазатын ғалым делінген.

Осы Ә.Әбіласанның "болуы мүмкін", "мегзейді", "секілді", "ойлаймыз" "аңыз әңгімелер"т.б. бар дегенінің өзі "уловкіге" (құлық, сұмдық) жатады. Айтқандарының бәрі "придаток" (қарашы).

Ол сөйтеді де енді Жаңақорған ауданына қарасты сунақтар көп шоғырланған Төменарық совхозының атына тиісіп, "Түмен" он мың оқ мәндес екен деп соған соқтығады. Ол бір кездері Сунақтарды қара́лап жазған Б. Айсынов пен Х. Тұрсыновтарды қайталайды. Бәрінің ойы да, істеген тірлігі де, жазғандары да арам. Әйтпесе, қазақта да түркі тілдерінде де атам заманнан "төмен", "арық" деген сөздердің бар екенін білмей қалды емес, біледі. Білгенде қандай! Сөйтеді де жұртқа жаман ойларын тастайды. Арандатуға барады. Бірақ, олардың ол істеріне кезінде тойтарыс берілді. Ә.Әбіласан үшін қазіргі қазақ атауларының бәрі "қытай" не "кәріс", не "ұйғыр" не "көне түрк" болуы шарт екен. Ол С. Ремезовтың "Сібір өзендерінің тұңғыш атлас картасын" сөзге тиек етіп су аттарын "ұйғыр" не "түрк" тіліне реформалайды.

Оқыңыз қызық: .. "Үш чертежде Чулым, Кия, ЯЯ, Иня, Чумыш (Шөміш,) өзендері және олардың көптеген

салалары көрсетілген. Солардан Том (Тоң), (?) өзенінің салалары - Мрассу (Мирас су), (?) Кондомой (Қоңды май), (?) Бель (Бел су), (?) Тутутс (Ту тұс — қазір Тутуяс), (?) Абы, Уса, Бунгур (картада аты жазылмаса да оның бастау сағасындағы Бунгер деревнясы көрсетілген), Четь (Шет) (?) озенінің салалары – Үлкен Толгум (толқын), (?) Кіші Толгум (қазір Тонгул), Кия ("Қия, кие" сөзіне ұқсастығы байқалады) (?) өзенінің сол жаға арналары Қожат (Қожух), Алчидат (Алчедат), Чибыл (Чебула), Банн (Баным), (?) Берикюл (Берикул сияқты атаулардың арғы тегі түркі екені сезіледі – дейді. (?)

Ә.Әбіласан енді су жағалап болып, Бұхар шаһарына тұмсық сұғады. Соғды деген атауды да ұмытпаған. Сөйтеді де Субах (?) деген шаһар тауып алады да оны Сунаққа қыстырғысы келеді. Ол былай дейді: .. "деректерде Субах шаһары мен Фараб елді мекенінің де Бұхара маңында екені айтылады. Бәлкім, фарабтықтармен бірге немесе беріде субахтықтардың да Түркістанға қоныс аударып келуі. Мұндай жағдайда Субах/Сунақ ру аты емес, Бұхара жақтағы шәһар аты болады да, өздерін тұрған жері атымен атайтын қауымдарға тән атау болып шығады. Бұл жайт түркілерден гөрі иран қауымы тармақтарына жақын екені белгілі. Әйтсе де мұның осылай болғанына ешбір дәйекті дәлел жоқ және Субахтың Сунақпен еш қатысы болмауы да әбден мүмкін. Керісінше Сығанақтық (сунақтық) түркі қауымның шәһар атымен айтатындар арасына барған соң, "сунақтықпыз", "сунақ оқтықпыз", (?) "сунақпыз" деп кеткен болулары да ықтимал".

Қазіргі қазақ емес, ежелгі түркі жұрты түсінбейтін "сунақ оқтыпыз" (?) деген не сөз? Бұның тағы да айтамыз Сунаққа не қатысы бар?

Ә.Әбіласанның "хлюпик" екені осы жазғандарынан байқалады. Бұл – бұл ма, ол енді салпаңдап ("салдафон") енді Сунақты кавказ халқының ішіндегі жоғарыда айтқандай, авардың сулак деген сөзіне апарып телиді. Сунаққа ешқандай қатысы жоқ сулак атауының не мағына беретінін өзі де білмейді.

Ә.Әбіласанның Сунақтарды "бұлғар" руымен сабақтастыруға болатын сияқты...белгілі бір дәрежеде байланысы барлығын байқататын секілді...он оқ ауызша айтылуында өзгерген нұсқасы ма деп ойлаймыз... дегендерінің сұлу Сунақ атауына іштен туған қызғаныш белгілері. Былайша айт-

қанда Ә. Әбіласан Шыңғыс Айтматовтың шығармасындағы "су жағалай жүгірген тарғыл төбетке" ұқсайды.

Өзінің "Сығанақ" жазбасында Соғды туралы да айтады. Оны да Сунақтарға қатысты еткісі келеді. Тағы да айтамыз, біріншіден, Сунақтар қазақтар. Арабтың алғашқы халифы Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тарайды. Ұраны Қожа Ахмет Йасауи. Екіншіден, тарихи шежіре де, Сунақ атауы да біздің ғасырымыздың VII ғасырынан белгілі. X ғасырда қағаз бетіне түскен. Хлеует жайда бірінші отырған. Сондықтан олардың Соғдыға да, Субах шаһарына да, Сулақ сөзіне де ешбір қатысы жоқ! Соғды (Согдиана) кімдер болған. Енді сол арқылы Ә.Әбіласанға жауап беріп, көзін ашайық.

Тарихта бұлтармас дәлел ретінде жазылған Александр Македонскийдің (Ескендір Зұлқарнайынның) Орта Азияға келгені айтылады. Орасан зор Парсы мемлекетінің әскерін талқандаған Александр Македонский шығысқа қарай бет алды. Б.з.б. 330 жылы Эмудариядан өтіп, Соғды елінің астанасы ежелгі Самарқан қаласын басып алды. Соғдылықтар көтеріліске шықты. Бірақ грек-македондықтардың саны көп, күші басым болғандықтан тауға шегінді.Адам баруы қиын, жартасты тауға бекінген олар,ерлікпен шайқасты...Дарияның арғы бетіндегі көшпелі сақтар топталып, өзеннен өтіп көмекке келуге дайын тұрды. Осы кезде бүкіл Соғды және Бактрия жерлерінде көтеріліс басталды... Көтерілістің басты орталығы ежелгі Самарқанд болды... Ол көтерілісті Спитамен есімді ержүрек қолбасшы басқарды... Мұнда Александрдың қалдырған әскери бөліміне соққы берді... Тіпті гректер мен македондықтардың өздерін таңғалдырған мынадай оқиға болды. Өлім жазасына кесілген 30 соғдылық ақсүйек ажалды ерлік рухына толы әуезді әнмен қарсы алды...Ал Спитамен болса, жауға бір күн де тыным бермеді. Жарты әлемді дірілдетіп, қарсы келгендерді аяусыздықпен жазалап, қатыгездігімен әйгілі болған, бүкіл әлемді жаулап алуды көксеген Александрға бірнеше рет тойтарыс берген соғдылықтар, бактриялықтар, сақтар болды... Ақыры бүкіл әлемді бағындырмақ болған Александр кері қайтуға мәжбүр болды. (176)

Сунақтар мен Соғды арасында қанашама ғасыр жатыр. "С" әріпінен басталған сөздердің бәрін Сунаққа жатқызатын Ә.Әбіласанға Спитамен Сунақ-Ата (Һисамиддин) емес екенін тағы да көзіне шұқып тұрып айтамыз! Екі аралықта 1900 жыл, яғни 19 ғасыр жатыр!

Согдиана мен Соғды атаулары кейінгі ғасырларда да кездеседі. Арабтардың Талас бойындағы Қытай әскерін жеңуі үлкен рөл ойнады. VII ғасырда Согдина бірнеше княздықтарға бөлініп кетеді. Соғды қарамағына Бұхара, Самарқанд, т.б. қалалар енген. Ал бұл қалаларда сол кезде де бү күнде де Сунақтар өмір сүрмеген.

Тарихта Согдак деген де атау кездеседі. Оның да Сунаққа қатыстылығының жоқтығын мына дерек көзі анық дәлелейді: "...Среднюю Азию голубые тюрки называли Согдак; Сыр-Дарья именуется Йенчу, Жемчужная река, а проход Бузгала Темир Капыг – Железные ворота..." (246) (Л.Н.Гумилев. "Древние тюрки" Товарищество "Клышников-Комаров и К. Москва. 1993.342 стр) Көріп отырғанымыздай бұл қазіргі өзбек, тәжік, қырғыз, түркімендердің орналасқан жері Орта Азияның сол кездегі атауы Согдак деп аталған. Ол кезде Күлтегін 26 жаста болған.

"Сыганақ" кітабын жазған Әбілхан Әбіласан ақырында не айтқанын өзі білмей миы шатасады да, Аллаһтың елшісі Пайғамбарымыз Мұхаммадтың (С.F.С) жолын берік ұстанған, әрі оған қайын атасы болып келетін Арабтың бірінші халифы Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тарайтын Сунна жолындағы Сунақ руын өзі жапқан "жаладан" өзі арашалап алады.

Бұл да Инша Аллаһ, Аллаһтың құдіреті деп сенеміз. Алтынды қаншама былғаса да ол күндей жарқырап тұратыны сияқты Сунақ атауы да Сунна жолында қиямет заманға дейін өмір сүреді. Ал енді "боқтан өзгені" тергіштеген "энтимолог" – Әбілхан Әбіласанның Сунақты қалай арашалап алғанын сөзбе сөз өз кітабынан, өзінің жазғанынан келтіреміз. Оқырмандардың да оған күмәні қалмас үшін. Оқиық:

Қалай десек те "Сыганақ" – алғашқы буыны түркі тілдерінде Су – Сыг, Суг, Сұг болып жарыса қолданыла беретін "Су" немесе кісі есімі деп отырған Суқ, Сүһ сөзінен, екінші буыны он ок// нок//нақ сөзінен шыққан деп пайымдауға болады. Сыганақтың жазбаша, ауызша деректерде Сығнақ,Сұғнақ, Суғдақ, Сунақ секілді қосымша жанама атгары осыдан келіп шықса керек.

Сығнақтың қайдан шыққаннын анықтаған Ә.Әбіласанға ескертеміз: Барлық ғұламалардың, ғалымдардың, көне көз қариялардың, кешегі ағалардың біреуі де Сунақ атауын Сығнақтан шықты деп айтпаған да, жазбаған. Сыганақ атауы сұқтан, суғтан, сығтан екінші буыны он оқтан, ноқтан, нақтан бірігіп шықса шыққан шығар, оған Сунақ атауының еш

қатысы жоқ! Тағы да Ә. Әбіласанға да солардың "фундаторларына" да айтарымыз Арабтың бірінші халифы Әбу Бәкір ас- Сылдықтан бүгінгі 47-ші ұрпағы саналатын Сунақ ұрпақтарының Сығнақ, не Сағанақ не Суфнақ не Сұғнақ не Сынғақ не Зунақ не Сығанаққа еш қатысы жоқ. Олар Сунна ақ діни жолында жүрген қауым. Сунақ атауы тағы да айтамыз Сығнақ қаласы атауынан бір жарым ғасыр бұрын қағазға, кітапқа, түскен. Тарихта солай жазылған. Яғни, Сунақ атауы Сығнақтан бұрын мәлім болған. Сунақтар өздерін Сунна жолындамыз деуі де тарихи бұлтармас шындық. Ата-бабаларының есімдерінің де барлығы арабша болуы, сонымен қатар оған Маулана, Шайх (Шейх), Мәлік, Хожа, Сахиб т.б қосылып отыруының өзі осыны бұлтарпай айғақтайды. Ал Сунақтар Сығанақты салды деп ең алғаш кітап жазған, кейіннен қандай "түлен" түрткенін бір сайтан біледі өз сөзінен айнып, деректі шатастырып жүрген Дүкенбай Досжан. Оның "Жібек жолы" романын оқыңыз. Сонда Сунақтар салған Сығнақ шаһары деп анық жазылған.

Тағы бір ескертетін жайт: Сунақтар Сығанақты біз салдық деп еш жерде айтқан емес. Жаңақорғанға қатысты айтылған сөз. Ал расында да Жаңақорғанды салдырған Сунақтан шыққан Сасықбай бек болатын. Тағы да ескертер нәрсе тілді "бұзып", "сындырып" айту мен жазуды доғару керек. Ә. Әбіласан жазған жазбаларда ол мыңдап кездеседі. Тіптен қазіргі қазақ ұғымына қайшы сөздерден аяқ алып жүргісіз. Әр заманда тілдік өзгерістер болатыны рас. Бірақ, бүгінде қолданыстан шығып қалаған "архаизм" сөздерді тықпалаудың қажеті шамалы. Мысалы, Ә.Әбіласан Шайх (Шейх) сөзін шәйх, Сунна атауын сүннә деп бұрмалап қарабайыр етіп жазған. Ә.Әбіласанның діннен ешқандай сауаты жоқтығын тағы да мынадан көреміз. Ол өзінің "Сығанақ" атты кітабында: "Сығанақ атауының түбірі көне түркі тілі екені, оның "Сунақпен" де, олар ұстанды делінген "Сүннә" діни ағымымен де еш қатысы жоқ екендігі дәлелденген", – деп жазады. Сунақ сөзінің Сығанаққа еш қатысы жоқтығын өзі де, тарихи дерек те, шежіре де, жоққа шығарса, Сунақтарды қаралау үшін Сығанақ атты кітапша жазу қажет пе еді?

Бұ жерде "Сүннә" деген сөздің өзі қате. Исламда Сунна (арабша – Суннаһ) деген ғана сөз бар. Екіншіден, ол діни ағым емес, Пайғамбарымыз Мұхаммад (С.Ғ.С.) жүрген тура жолы Сунна деп аталады. Сунақтардың ұлы атасы Әбу Бәкір ас-Сыддық осы Сунна жолын бұлтартпай таза ұстау-

дың онегесін көрсеткен. Еш уақытта Пайғамбарымыздың (С.Ғ.С) көрсеткен жолынан аутқымаған өздігінен еш нәрсе қоспаған. Сол үшін оған ас-Сыддық атын қоса берген.

Ә.Әбіласанның Бартольдтан орыс тіліне аударылған текстті қазақшаға алба-жұлба қып аударған "нышандардағы" ("Сыңғанақ" кітапшасы, 121–124, беттер) есімдердің бәрі өз заманында туған жерінің ныспысын көрсетуге қатысты Сығнаки (Сығанақ емес!) деп аталған Сунақтардың ата-бабалары.

Ақсақ Темір Қожа Ахмет Йасауидің мешіті мен жерге қатысты жарғысында аталатын, өзі Қожа Ахмет Йасауи мешіті хатшылығына қалап алған адамы Дауришали Шайх Сунақтардың үлкен атасы. Сол сияқты сол жарлықта кездесетін Шайдо Шайх та Сунақ руынан.

Ақсақ Темір өзінің жарлығында қияметке дейін жоғары дәрежеде аталған Шайхтардың ұрпақтары Қожа Ахмед Яссауидің мешітінің хатшысы (имамы) болсын деп нақты атап көрсеткен. Олардың жоғарыда отырып, сый-сыяпат көрсетілуі де ұмыт қалдырмаған. Сөзіміздің бұлтартпас дәлел ретінде Ә. Әбіласанның В. Бартольдтің арабшасының орысша нұсқасынан аударған "нышанының" (төрт нышан) соңғы екеуін оқырмандарға ұсынамыз.

Үшінші нышан

(мазмұны)

Мәңгілік ғұмыр иесі! Абу-л-ғазы Абдолла хан баһадүр сұлтан сөзіміз.

Қазіргі шақта, ия бұл ұлы сейдтерге, қасиетті шәйхтарға, (дұрысы – Шейхтарға. А.С.) адамзат ұрпағының имамдарына, құдай сөзін жеткізуші жоғары мәртебелі ғұламаларға, құрметті әмірлерге, ұлы арбабтарға, мыңбегілерге, жүзбегілерге, мірхазарларға, ранййаттарға һәм жәмиғат қауымға,барша аймақ рабаттарында, қышлақтарында тұратын жұртқа, көшпенді халыққа, лауазым иелеріне, арабтарға, түріктерге, қазақтар мен қарақалпақтарға мәлім болсын, жоғары парасатымен, шариатты терең білуімен айрықша көзге түскен Мәулеп (дұрысы – Мәулене А.С.) Камал ад-Дин садр әл-ислам шәйх, (дұрысы – Шейх. А.С.) біздің көшпенді қауымдастарымыз зиян келтіріп жатқандығы жөнінде шағым жеткізді.

Осының негізінде біз қазірден бастап мынаны мәлімдейміз: "Хисарчұқтан өзге, Тоқтамыс бұлағы, Қанаш бұлағы,

Келте Шалғия арығы, Жөлек арығы, Мыңбұлақ арығы Сығнақ түрғындарының мүлкі болып табылады, ал жоғарыда аталған Хисарчұқ бұлағы Алланың назары ауған Ғұлама Абу -л-Хасан Зийа-ад-Дин шәйх (дұрысы – Шейх. А.С.) Сығнақи мазарының мүлкі деп танылады. Аталмыш елді мекенжайлар түрғындарына жоғарыда көрсетілген орындар қарайды, ал Хисарчук бұлағына иелік қатыстылығы жоқ және ешкім оған нұқсан келтірмесі". Хижраның 1006 жылы, жұмада ас сани айы".

Төртінші нышан

(мазмұны)

Абулғазы Ұбайдолла хан баһадүр сұлтан, сөзіміз.

Қазіргі шақта Сығнақ уалаятында, ия бұл сейдтерге, құдай сөзін жеткізуші ұлы ғұламаларға, ғалымдарға, жоғары мәртебелі әмірлерге, қадірменді қазиларға, шәйхтар мен ойшылдарға, сондай-ақ қасиетті арабтарға, барша ұлы кіші кәдхүдалар мен ранйиаттарға, қожаға һәм шәрікке мәлім болсын, біз Жүнайід шәйх (дұрысы – Шейх. А.С.) әл исламның Хисарчук бұлағын Алла Тағаланың назары ауған, игі қасиеттердің арқасүйер панасы – Хазіреті ғұлама Абу-л-Хасан Зийа-ад-Дин шәйх Сахиб и "Ниһая" Сығнақи мырза мазары мүлкі етіп беру туралы бұрынғы тақсырдың ақ баталы нышанын алға тартуы себепті біз оны және Ғұлама Сығнақи шәйх (дұрысы – Шейх. А.С.) ұрпақтары қоғамын қайырымды хандықтың қорғауына әрі өз қамқорлығымызға алдық, өйткені олар ұрпақтан ұрпаққа,ғасырдан ғасырға дейін құдай сөзін насихаттаушылар болып келеді. Осымен бірге мынаны мәлімдейміз: "Олар алдағы уақытта да біздің иелігімізде тыныштық, бақыт орнауына бата беруші қасиетті кісілер ретінде танылсын, ешкім оларға, олардың аталған мүлкіне тиіспесін, пайдалануына нұқсан келтірмесін. Және де оларды тархандардың тарханы деп білсін: және қандай жағыдайда да өзге тархандармен тең әрі қаржы қаражат, мал и жиһад, алық, салық мәрдікәрлік, қоналқа мен жамалқа салықтарынан босатылған деп танылсын. Бұл нышанды көрген соң оларға той, салтанат, жиындарда сый табақ тартып, құрметтесін, парваначы жыл сайын жаңа нышан талап етпейтін болсын. Бұл ақ баталы нышан 1044 жылы ашур айында жазылды".

Бұл құжаттарға таң қалатын ештеңе жоқ. Үшінші нышанда басқа ру, тайпа, ұлыстарды айтпағанның өзінде араб-

тар сөзі кездеседі. Яғни сол ғасырда арабтар да Сунақ қаласында болғандығын растайды.

Ал төртінші нышанда айтылып отырған Хазіреті ғұлама Абу-л-Хасан Зийа-ад-Дин Шейх Сахиб Нихая (әл Хусейн бин Әли Хожа Хусамиддин) Сунақтардың шежіресінде араб халифы Абу Бәкір ас-Сыддықтан бері 18 атасы саналады. Сахиб және Нихая атаулары оның Һисамиддиннің (Сунақ-Ата) немересі екенін көрсетеді. Оның "Нихая" мен "Хидоя" кітабына талдау жасағандығы жазылған. (177)

Ал С. Құдияров оның атын қысқаша Зияддин Мәулене деп берген. (178) Сунақтардың ұлттық шежіресінде бұл ғұлама Сунақ Атаның (Һисамиддин, орысша Хисамиддин) баласы Мәулене Сүлейменнен (Әбу Сүлеймен Вали Хожа-Али Хожа Ата) туған үшінші ұлы.

Бұны А.Ю. Якубовскийде дұрыс анықтаған. Ол өзінің "Развалины Сыгнака (Сугнака) " атты кітабының 148-бетінде:

"Шыракшы молла Кош – Мухаммед Татыбаев, который до него был чиракчи, уверял Каллаура, что это здание мазар над могилой "Алла Умей Хисамутдина Сахиби – Нихая, по прозванию Сунак Ата". В.В. Каллаур тогда этому не поверил. Однако, в вакуфном документе, данном Абдуллах-ханом в 1006–1598 г., упоминается мазар Абул Хасан Зиа ад Дина Шейха Сыгнаки; в документе же, данном Обейдуллах ханом в 1044–1634, то же лицо называется Абу-л-Хасан Зиа ад Дином Сахиби Нихая Сыгнаки! Несомненно, что это и есть Хусам ад Дин Сахиби Нихая Сыгнаки, о котором говорит В.А. Каллаур со слов чиракчи. Однако, если можно говорить о его могиле в Сыгнаке, то только как легендарной, ибо Хусам ад Дин Сыгнаки умер в 1310 г. в г. Халебе. Хотя в склепе и не сохранилось гробницы, однако, нет особенных оснований отрицать, что она здесь была. И если малое помещение является мазаром над легендарной могилой Хусам ад Дина Сыгнаки, то болыное (западное) помещение нужно поминать, как "ханака" т.е. Место, где жил шейх и "монахи" и где останавливались странники, пришедшие поклонится гробнице святого и послушать поучения шейха.

В.В. Каллаур сенеді ме, жоқ па, бұ жерде ол маңызды рол ойнамайды. Оның бір ғана шырақшыдан сұрап, не шежіре білмейтін қырғыздардан анықтағысы келгені де қате. А.Ю. Якубовский вакуфтық құжаттарға сүйене отырып, сөз жоқ бұл Хусам-ад-Дин Сахиби Нихая Сыгнақидікі дейді. Алай-

да оның зираты Сығнақта деп ойласақ, аты аңызға айналған Хусам-ад-Дин Сығнаки Халебте қайтыс болған деп жазады. Солай болған күнде де оған күмән келтірмейді. Әулиенің басына барып тәу етушілерді еске салады.

Бұ жерде де зираттың болу-болмауына тартыс таластың қажеті шамалы. Абу-л-Хасан Зиа-ад-Дин Сахиби Нихая шырақшы айтқандай Хусам ад-Дин Сахиби Нихая екеуі бір адам. Сунақ шежіресінде де солай жазылған. Ол кісі (Әбу л Хасан Зиа ад Дин Сахиби Нихая лақап аты – Хусейн Хусам ад Дин Сахиби Нихая) Сунақ Атаның (hисамиддин) жоғарыда айтқандай немересі.

Қорыта айтқанда, Сунақтар – Қазақтар. VII ғасырдың соңын ала Қазақстан жеріне аяқ басқан дін өкілдері. Сауд Аравиясының құрайшын тайпасының Тайм руынан. Оған куә Әбу Бәкір ас-Сыддықтан бері hисамиддинен (Сунақ Ата) туған Мәулене Сүлейменнің баласы әл Хусейн Әли Хожа бин Хусамиддиннің ("Діннің қылышы") шариғат жолындағы жазған еңбектері.

Ел-жұртпен ойнауға болмайды. Ә.Әбіласанға тарихтан гөрі Андрей Петрович Семенов-Тянь-Шанский – белгілі орыс саяхатшысы және ғалым Петр Петрович Семенов-Тянь-Шанскийдің баласы сияқты насекомдарды, солардың ішінде әсіресе қоңыздарды жүйелеп топтастырғаны сияқты энтимолог болғаны дұрыс. Ә.Әбіласан өзінің шыққан тегі "Көтенші" түбірін әлемдегі 5652 тілдің барлығынан мағынасы бір айтылуы басқа синоним сөздерді табуына болады. Ал Сунақ руын зерттеуге бұдан бұрын да моральдік хақысы болмаған, бұдан кейін де хақысы болуға тиіс емес! Оның орнына әркім өзінің шыққан жерін білгені дұрыс. Ешкім біреудің әкесін түгендеп бермесі тағы да анық. Ә. Әбіласанға бұдан былай энтимолог ретінде өзінің шыққан тегін зерттегені өзіне де, жұртқа да қызығырақ, әрі пайдалырақ болары сөзсіз.

Осы автордың В.В. Бартольдтың 1902 жылы Орта Азияға келген сапарында Ташкентегі Сырдария облыстық басқармасынан көне тарихи-географиялық документтер сақталған N 197 іс қағаздары (дело) ішінен Сығанақ шаһарына қатысы бар төрт бірдей хан жарлығын табатындығын жазады да, сондағы ғыжыраның (?) 803 жылы (1400–1401) берілген Әмір Темір жарлығы. Екіншісі – ғыжыраның 950 немесе 955 жылы жазылған хан Абд-ар-Рахимдікі, үшіншісі – (1598 жыл) Абдолла хандікі де, ғыжыраның 1044 мұхарама айында (1634

июнь–июль) жазылған төртіншісі – Ұбайдолла хандікін айта келіп тағы да бұрмалауға көшеді. Ә. Әбіласанов әдейі бұрмалайды не сауатсыз аударған нышандары оқырмандарын ұятқа қалдырған.

В.В.Бартольд Константинопольден Сығанақтық ақынның өлең жолдарын А.Ю Якубовскийге әкеп береді. Ол бұл өлең жолдарын өзінің "Развалины Сығнака (Сугнака) " кітапшасында пайдаланады. Соны Ә.Әбіласан орысша түсінбек түрмақ, өлең жолдарын тіптен қате, мағынасыз аударған. Өте сәтсіз, әрі бұрмаланған түрде! Ал жазбагер Дүкенбай Досжан тіптен ары кетіп, халықты шатастырмақ түрмақ, арсыздыққа барған. Салыстырамыз:

В.В. Бартольдта:

"В прошлом страна эта была свободной от забот,
Местопребыванием людей знания она была.
Родом из нее был автор сочинения "Нихая"
Происходил из нее толкователь трудных мест "Хидая"
Если бы нам долю пришлось еще прожить,
Мы и второй раз стали бы сыгнакцами".

Ә. Әбіласанның аударғаны:

Көрген кісі пейіш екен дер еді, (?)
Құтты білік ұя салған жер еді. (?)
"Нихаяны" жазды мұнда бір бауыр, (?)
"Хидаяны" ұқтырды ері өрелі. (?)
Шыққан мұнан ғұлама да дана көп, (?)
Атады жұрт қасиетті қала деп. (?)
Қайта туу нәсіп болса, дүние-ай, (?)
Қайтып осы Сығанақты қалар ек. (?)

А. Сарқұловтың түсіндірмесі:

Бұл жолдарда пейіш деген сөз атымен жоқ!
Бұл арада көне түркі тілі қолданған!
Бауыр атаулы атымен кездеспейді!
Ер өрелі де орыс мәтінінде жоқ!
Орыс текстінде ғұлама, дана сөздері жоқ!
Қасиетті қаланы қосып отыр!
Жобасы бар.

Сығнақтық емес Сығнақтықтар деп жазылған!

Ә.Әбіласановтың бұл сауатсыздығы оқырманды тағы да (қаншама рет!) шатастырып отыр.

Белгілі арабтанушы ғалым, Қазақстан Мұсылмандары

Діни Басқармасының Төрағасы, Бас муфти Әбсаттар қажы Дербісәлі ол аударманы (179) былай берген:

"Бұрын бұл қамсыз ел еді.
"Ниһаяны" құрастырған,
"Һидаяны" зерлеген
Ғұламалар мекені.
Тағдыр жазса тағы да
Сығнақтық болар ек
Сәби өмір бой көтерсе кезең".

Арабтанушы, Қазақстан халқын имандылыққа үйіріп отырған адал да парасатты ғұлама, муфти, доктор Әбсаттар қажы Дербісәліге ме, әлде ортақол журналист, сөзуар, ғылымға қатысы жоқ, "энтимолог" Әбілхан Әбіласанға ма, жұрт қайсысына сенеді? Әрине, шындықты жазатын Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Төрағасы, Бас муфтий Әбсаттар қажы Дербісәліге сенеді!

Енді, Д. Досжанның төмендегі сандырағына жол болсын?

Өздеріңіз оқығандай, А.Ю. Якубовский бұл өлең жолдарын өзінің "Сығнақ қаласының жұқаналары" атты еңбегінде эпиграф етіп алған. (180)

А.Ю. Якубовскийдің осы эпиграфын Д. Досжан көрер көзге бұрмалап, тарихқа қиянат жасайды. Ол өзінің "Даналық үйі" қажет (181) атты мақаласында: "Ерте заманда Отырар кітапханасын бір пәс көзге түсіру үшін XX ғасыр басында Каир кітапханасынан орыс ғұламасы А.Ю. Якубовский тауып, жазып алған Хисамеддин ақынның төмендегі өлең жолдары былай:

Мұнда көп жазған ақын туған,
Мұнда "Негіздерді" талдаған ғалым тұрған,
Төңірім екінші рет қиғандай,
Отырарда көз жұмар ек қиналмай.
Ен даланы мекендеген еркін ерке ел едік,
Жұртымызда жеті қаттың ілімін жебедік,
Дәшті қыпшақ кеңесінен көтереді күн көзін
Тамылжыған нұрға малып Отырардың күмбезін, –

деп жазады.

(А.Ю. Якубовский "Развлины Сығнака", М, 1927 г. стр.140)

Ал, керек болса! А.Ю. Якубовский "Если бы нам долю пришлось еще прожить, Мы и второй раз стали бы сығнакцами" деп жазса, Д. Досжан өздеріңіз оқығандай, "Төңірім

екінші рет қиғандай, Отырарда көз жұмар ек қиналмай" деп жалғандыққа бой алдырып, бұл мәтінмен ғалымдарды да, жұртты да қатты алдағанмен қоймай, фактіні бұрмалауға барған.

Ол – ол ма, енді мынаған көз салсаңыз жағаңызды ұстайсыз. Д.Досжанның осы өлең жолдарын іштарлықтың өзі туған жеріне қимайтынына да қайран қаласыз. Әбден ұяттан жұрдай болған Д. Досжан халықты "білгішсымақ" болып шатастырып-ақ бітті. Айтатыны да, жазатыны да шыли өтірік. Осындайда оның қалай жер басып жүргенін түсіну қиын. Ар-ұяттан осынша безінген, баз кешкен әй, қайдам қазақ жазушысы бар ма екен? Енді оның "қырық өтірігін" "Тарихы терең Түркістан" мақаласынан оқимыз. (182)

Ен далада мекендеген еркін, ерке ел едік,
Жұртымызды жеті қаттың ілімімен жебедік.
Мұнда "Даналықты" жазған ақын туған
Болса тәңірім өмір қиғандай
Түркістанда көз жұмар ек қиналмай.

Д.Досжанды көрдіңіздер ме, қалай, қалай бұрмалайды! А.Ю. Якубовскийдің бір Сығнақтық сөзін нешеме құбылтып, бұрмалап отыр. Алдында, "Тәңірім екінші рет қиғандай, Отырарда көз жұмар ек қиналмай" деп сайраса, енді келіп: "Болса тәңірім өмір қиғандай, Түркістанда көз жұмар ек қиналмай" деп өтірікті бұрқыратады!

Д. Досжан осы өлең жолдарын өзінің "Жібек жолы" романында Сығанақтық ақынның аузына салады. (183) Оқиық:

... "Ғаббас көреген биік шартақ үстінде етпетінен жатып кон кітапты оқуға кірісті; ай сүттей жарық, терістіктен майда самал есті, лықылдай дөң үстіндегі маса мен шіркейді ылдиға қуды. Жауһар қорғанының көне сүлдері алыстан қарауытады, жебе ататын ойық оқпандары ай сәулесімен бадырая түскен. Көрегеннің қолындағы Хисамуддин ақынның тақауда жазып тамамдаған "Хикаялар" атты дастаны еді, жас ақын үстазына әкеліп сыйға тартты.

Қарт оқымысты ай жарығының астында ақынның алтыр қиялынан туған толғауды шөліркей оқыды. Бір байқаған жас ақынның жыр жолдарында тілмен айтып жеткізе алмайтын

Сіре мұң жатты.
Сол мұң жырдың айрықша алтын қабаты секілді еді.

Сөздің суреті көрінді.
Мұнда көн кітап жазған ақын туған,
Мұнда "Негіздерді" талдаған ғалым тұрған.
Болса тәңірім екінші өмір қиғандай,
Сығынақта көз жұмар ек қиналмай.

Бұдан не байқауға болады. Осы "Болса тәңірім екінші өмір қиғандай, Сығнақта көз жұмар ек қиналмай" өлең жолдарын Д. Досжан екі емес үш түрлі жазғанын көреміз.Ол неге тарихқа қиянат жасағанын қоймай, ел жұртты неге алдай береді"? Жасы үлкен кісі болса да, қазақ тарихының "аталасын" шығарып болған Д. Досжанға "жетесізге жеті айтсаң да жеткіліксіз" мақалын айтуға тура келеді. Оған "ауру қалса да әдет қалмайды" мақалды да қарата айтқан дұрыс болар еді.

Осы орайда тамаша талантты сатирик, ақын Балапан Базардың (Базарбек Түкібай) "Өтіріктің өрісі" атты мысалын келтіре кеткен жөн.

Естідің бе,
Өтірік өліпті.
Өліпті?
Иә, біреулер көріпті.
Көргенде де біреулер апарып
Жерге көміпті.
Кім көріпті?
Суайт пен жалған.
Е-е, онда тірі қалған...

* * *

Естідің бе,
Өтірік тірі екен.
Тірі екен?!
Иә, жер басып әлі жүр екен.
Өткендегі сөз құр екен.
Өлмей талып қалыпты.
Қалай?
Қулық пен сұмдық
Ажалға ара түсіп
Алып қалыпты.

* * *

Естідің бе,
Өтірік өз қатесін ұғыпты.

Сөйтіп, шындыққа
Түрмыска шығыпты.
Шын ба?
Шын.
Е-е, шықса шыққан шығар күні үшін.

* * *

Ойбай, өтірік әлі тимепті,
Енді тигелі жүр екен.
Е-е, онда өтірік өйтіп-бүйтіп
Шындықтың киімін кигелі жүр екен...

Осы мысалдан-ақ өтіріктің достары кім екенін көреміз. Олар жайында жоғарыда айтылды.

Әр кезде шындықты жалтаратын Д.Досжан әліпті "А" деп танымайтын "5-6 жасында" Сунақтардың шежіресін жазғанын жоғарыда айттық. Ал аты әлемге әйгілі 15 жасында ауылдық кеңестің төрағасы қызметін атқарған Шыңғыс Айтматов өзінің "Стемление к идеалу – вот что руководит людьми в любое время" атты сұхбатында "ММ" тілшісінің Чингиз Торекулович, а что сохранилось в памяти об отце? Деген сұрағына: "Тогда мне было всего 9 лет, и многое забылось... Хотя один эпизод запомнился навсегда.

Отец часто водил меня за руку в кинотеатр. И, помню, как-то мы смотрели фильм о любви, где крепостную девушку продают на сторону и она прощается со своим возлюбленным. Я настолько проникся сценой разлуки, что стал плакать прямо во время киносеанса. Тогда отец взял меня за ухо, вывел из зала и сказал – так делать нельзя, всегда нужно думать об окружающих. Через некоторое время, он по-доброму посмеявшись, пожурил меня за мою впечатлительность", – деп жауап айтады. (184)

Дүкенбайдың әкесі Досжан да кезінде: "Балам қадірлі сөздің қасиетін кетірме. Оның киесі қатты болады", – деп те ескерткен. Алайда оны тыңдаған Д.Досжан болмады.

"Жүйелі сөз-иесін, жүйесіз сөз-киесін табады" демейтін бе еді дана халық. Әсіресе, Дүкенбайға сөз киесінің ауыр болатынын естен шығармағаны абзал болар еді.

Әлемге әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың ("Жалын" түсаукесер дана. 2003 ж) "Атақ-даңқтан безінуге, қашуға болмас. Алайда атақ-даңқ үшін барлық жақсы қасиеттерді баса көктеп, өзге дүниенің бәрін ұмытып, өңмендеген дұрыс емес. Әр нәрсе өз ретімен еңбегіне, ерлігіне байланысты өзі

келеді. Ал жолы болу, болмау – ол басқа мәселе. Екіншіден, атақ-даңқты шаң жұқтырмай, жел қақтырмай алып жүру де ақылға салмақ. Бұған салқынқандылықпен қарай алмаса, адамгершілікті жоғалтып алу оп-оңай" дегенін қайта-қайта еске салған дұрыс.

С. Жолдасбаевтың құрастыруымен шыққан "Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы" (185) кітабында бұрынғы Сунақтарға қатысты материалдың қатар аталатынын ескермеген, тек қана Сығанақ қаласының атына қатысты деректі көрсеткен. Сөйтіп мектеп оқушыларының білімін тежемек болған. Және қате жазған. Оқиық:

Болса тәңірім екінші өмір қиғандай,
Сығанақта көз жұмар ек қиналмай.

(Ғисаметдин әл-Сығанақи, XII ғасыр)

С. Жолдасбаев Хисамиддинді тағы бір вариантпен Ғисамеддин деп бұрмалап атын жазған. Араб тілінің грамматикасы ескерілмеген. Арабша еш уақытта әл-Сығанақи деп жазылмайды. Ас-Сығанақи деп дұрыс жазу керек еді.Араб тілінде қойылатын артикльді ескермеген. Мысалы, әл-Тарази емес, ат-Тарази сияқты.

Білікті ғалым, Жамил Ержанов "Сунақтардың этногенезі мен Сунақ қаласының тарихы" атты кітабында жоғарыдағы өлең жолдарын дәл әрі сауатты, әрі ақындарша аударған.

Жоғарыдағы автордай "өтірік" сөз қоспаған. Ол... кейбіреулердің "Сунақ" деген сөз "Сығанақ" деген сөзден шыққан деп жорамалдауы, не В.В. Бартольдтің сөзді "Сығнак" деп оқуына сүйене отырып, қаланы "Сунақ қаласы емес" тек қана "Сығнақ қаласы деп" атаған дұрыс болуы мүмкін деп басқа фактілердің бәрін ысырып тастауы (бұл жайында төменіректе айтылады) тіпті дұрыс емес, керісінше түсінікте. Біз, бұл қолжазбадағы "Сығнақ" деген сөздің орнына "Сунақ" деген сөзді қойсақ қолжазба мына түсінікте шындық мағынада айтылады деп нақты факті келтіреді:

Өткенде ел болды ол
Емін-еркін бейқамсыз,
Мекені білім болды сол
Келген жері халқтың
Шықты автор сол жерден
Шығарманы "Нихая",
Түсінік беруші шықты одан
Қиын жерін "Хидая"

Егер бізге тағдырым
Өмір сүру берсе тағы да
Екінші рет Сунақтықтар,
Болар едік біз және.

(Қолжазба, Константинополь кітапханасы. N 3431, б. 180).

Автор "Сыгнак" деген сөз орысша аудармасынан. Біз бұл сөзді өзіміздің айтуымызға ыңғайлап "Сығнақ" деп алдық. "Сыгнак", "Сығнақ" деген сөздер орыс тілінде де, қазақ тілінде де жоқ мағынасыз сөздер. "Өткенде ел болды ол ... дейді өлеңде, Сунақ деген ел бар, ал "Сыгнақ", "Сығнақ" деген елдер жоқ.

Екіншіден, "Шықты автор сол жерден шығарманың "Нихая", түсінік беруші шықты одан қиын жерін "Хидая" – дейді өлеңде".

"Нихаяның" авторы Сунақ-Ата (А. Кастанье. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Оренбург, 1910. С. 205). Ол Сунақатаның өзі Сунақ руынан (бұл да сонда, с. 190) және оқымысты, ғалым (сонда, с. 205) екендігі тарихта белгілі.

"Хидаяны" түсіндіру үшін суннаның жолдарын білетін оқымысты адам болу керек. Жоғарыдағы айтылған дәлелдерді былай қойғанда, өлеңнің мағынасының өзі-ақ "Сығнақ" емес Сунақ қаласы екендігін дәлелдеп тұр", – дейді.

Ж. Ержанов шындығында адам сөзін айтып отыр.

Жамил Ержанов өзінің "Сунақтардың этногенезі және Сунақ қаласының тарихы" атты кітабында көптеген белгісіз мәліметтерді ашқан. Кейбір авторлардың қасақана айтпай не жанамалай тілге тиек еткен тұстарын өз кітабында айшықты баяндайды. Және аударманы өте сәтті беріп отырады. Адалдығына Аллаһ разы болсын! Енді оқырмандардың қызығушылығын арттырғандығынан Ж. Ержановтан ұзақ болса да сол мәтіндерді осы кітапқа да түсіреміз.

Сунақ немесе Сокнак қаласы, оның опат болу және қираған орны жйындағы мақаланың аудармасы

Сокнақ қаласының опатқа ұшырау себебі мынадай:

Шыңғысхан шығыс елдерімен өлкелерін жаулап алғаннан кейін, Үргенш, Иран патшаларына, Хорезмдегі Мұхаммед шахқа бейбітшілікте, достықта өмір сүрейік, өз елдерімізде озара сауда қатынас байланысы дамиды (дәлірек: көпес-

тер тұрақты түрде бірінен басқасына көліктер арқылы қатынасып тұруына мүмкіншіліктері болған болар еді), екі патшалықта және олардың халықтары да жайбарақат өмір сүрер еді деген ұсыныстарын елшілері арқылы жіберген. Бұл ұсыныстарды Хорезмшах қабылдағаннан кейін және елшілер қайтып келгесін бірнеше уақыт өткеннен соң кейбір бүлікшілердің кеңесі бойынша Хорезмшах өзінің уәдесінде тұрмай, оның жазба түрде берген бұйрығы бойынша Отырардың әмірі Табир-хан Шыңғысханның Отырарда жол-жөнекей жүрген қол астына қарайтын 150 азамат мұсылман көпестерін және оның елшісін ұстап алып оларды өлтірген, ал мүліктерін тәркілеген. Бұл оқиға жайындағы хабар Шыңғысханның құлағына жетісімен, ол Хорезмшахқа ашуланып, көп әскер жинап және оларды оның патшалығына жіберген. Өзінің балалары Укатайды және Чигтайды (Джегетайды) Отырарды, ал жақсы (катта) баласы Джучиді Отырар және Сокнак қалаларының айналасындағы провинцияларын жаулап алып өздеріне бағындыруға жіберген; уәзір Мангу Буканы бес мың адаммен Фенакент және Хожжент қалаларына аттандырған. Шыңғысхан өзінің баласы Тулихан мен Бұхараны қоршап қамауға алу үшін Нур-Ата жаққа беттеген.

Джучихан Сокнаққа дейін жеткен кезде, оның тұрғындары алдын ала соғысуға дайын болған. Джучи қалаға бейбітшілік келісім жүргізу үшін өзінің өкілі ретінде Хасан қажы деген құрметті мұсылманды жіберген. Бірақ, ондағы баши бузуктар (дәл: бассыз әскери қолдар және тәртіпсіздер) байғұсты, бұл жұмыстарымен жақсылық қызмет көрсеткен сияқты, өлтіріпті. Бұны Джучихан білген кезде қатты ашуланады, қаланы қоршауға алып оны түгелдей жермен –жексен еткенше қамауда ұстап соғысты бастаңдар деген өз әскеріне бұйрық берді. Екі күндік соғыстан кейін қала қолдарында болды. Бұдан кейін Джучиді мадақтап жазған өлең (парсы тілінде) аударылмаған.

Осылай бір адам үшін, ол көрілерді де, жастарды да, мейірімсіздерді де және қайырымдыларды да кек алу үшін барлық Сокнак азаматтарын түгелдей жансыздандарды, барлық құрылыстарды қиратып талқандады, барлық қашумен тірі қалғандарды өлген өкілі Хасан қажының мұрагерлерінің билігіне берді. Бұдан кейін Джучихан Узджянь қаласына жөнелді.

Жоғарыда айтылған оқиға Гиджрадан 616 жыл өткенде болды. Содан бері Сокнак қираған түрде. Оның орнында

күйдірілген қыштардан, түйір-түйір түрлі заттардан және сағ балшықтан жасаған құмыралардан басқа өткен қала жайында ешқандай белгі жоқ. Бірақ, осы жерде жатқан "Нихая" ("Конец") деген кітаптың авторының – қасиетті әулиенің, Талламан – Сакнакия (яғни Сокнақтың ғалымының бейіті ұрпақтарының атақты, даңқты орны болып саналады. Бұл кісіге әр уақытта құдайдың рахымы түссін.

Текст араб шрифтасымен қырғыз тілінде жазылған".

Аударған Фахретдинов. Ризаэддин ұлы Абдрахман (А. Кастанье. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Оренбург. 1910 г. с.203)

Абдул-Гази Бағадур-ханның шығармасынан Джучи-ханның Джендыға, Узгентке, Сағанакка, Яснашқа жасаған жорықтары туралы әңгіменің аудармасы. (мақаланың жоғарырақта жазылған жалпы аты "Сунақ қаласы жайындағы мәліметтер" А. Кастанье Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Оренбург, 1910 г. с.192–193)

Автор бұдан соң Шыңғысхан жорығының мақсаттарын толық жазып шығады. Одан кейін қайтадан Сунақ қаласының өмір сүру мерзімін көрсетеді.

Сонымен Сунақ қаласының тарихының бірінші жартысы (VII ғасырдан 1219 жылдың қараша-желтоқсан айларына дейін) монғолдар апатымен аяқталған. Отырар 1220 жылдың ақпанында ғана берілген. Тарихтағы деректерді фундаментальді зерттеген нәтижелерге сүйенсек, бірінші көрсетілген уақыт дұрыс.

Реті келген кезін пайдалана отырып айтсақ, қазақтың қаһарман екі қаласы (Отырар, Сунақ) қаласының халықтары өздерінен он есе көп сарбаз дұшпандарына тізе бүкпей қасықтай қаны тамғанша өз отандарын қорғап түгелдей ерлікпен қаза тапты. (Тарихи деректер бойынша сол кезде монғолдарға ешкімде (қытай, индия, иран, россия, еуропа) Отырар сияқты 6 ай, не армиясыз Сунақ қаласының жай тұрғындары сияқты 7 күннен аса жанталасқан қаһарманды қарсылық көрсетпеген) осы отаны үшін құрбан болған, ержүрек ата-бабаларына ұрпақтары алғыспен, аянышпен, риясыздықпен, құрметпен қарауы тиіс.

Ж. Ержановтың бұл айтылғандарына құлақ асуға тиіспіз. Әйтпесе, "жалған тарихшылар" екі қаланың ерлігін, жұртын, мадақтаудың орнына ол сөз андақ, бұл сөз мандақ деп "сандалып" жүр. Өз ұл тарихын қорлап, ұят, тіптен арсыздыққа барып жүр.

Көрсетілген апаттан кейін мүлде бүтіндей қираған Сунақ қаласы толық жүз жыл бойы не өмір сүрмеген, не кішкентай ғана қыстаққа дейінгі күйге келтірілген. (186) Дәлірек айтсақ бұл уақыт 1219 жылдан 1328 жылға дейін (109 жылға) созылған.

XIII ғасырдың екінші жартысында (1254 ж.), сол ғасырдағы армян тарихшысы Киракостың шығармасында Сенгах деген ат бір-ақ рет кездеседі.

Сунақ қаласының тарихының екінші жартысы 1328 жылдан, кейбір тарихи мәліметтер бойынша XIX ғасырдың 20–40 жылдарына дейін жеткен десе, археологиялық зерттеу нәтижесінде табылған заттардың VI–XVIII ғасырларға жататындығы дәлелденген. (187)

Автор бұл кітабында Батый ханнан бергі Сунақ халасында өткен хандықтарға да кеңнен тоқталады. Біздің кітап ондай көлемді көтермегендіктен қысқаша жазып отыруды мақсат еттік.

Хронологиялық мұсылмандар династиясының таблицасында Ақ-Орда хандарының аттары келесі жүйемен келтірілген: Орда-Ежен, Сартақ, Коничи, Байан, Сасы Бұқа (Бұға), Ерзен, Мүбәрәк, Чимтай, Ұрұс-хан, Койричак, Барақ (188)

Сунақ қаласының Ақ-Орда астанасы болуына байланысты бұлардың Ерзеннен бастап төртеуінің хандығы осы қалада өтсе, қалғандарынікі не Сауранда не Ақ-Ордамен Алтын Орданы қоса билеулеріне байланысты Батыйдың ставкісінде, не сол жақтағы басқа жерде өткен. Осы хандардың жас шағындағы, не есейген кездегі өмірі Сунақ және Сауран қалаларына байланысты болғандарының бәрі де Ислам дініне кіріп, медреседе оқығандар. Хандары да ақсүйектері де мұсылман болған.

Түрлі жағдайларға байланысты уақытша Сунақ қаласына, осы қалада тұрып не тұрмай-ақ, әкімшілік жүргізген хандарды, әмірлер мен шахтарды т.б. есептемегенде, қаланың бірінші дәуірінде өткен үш қыпшақ хандарынан басқа, екінші дәірінде жеті хандық өткен. Оларды хронологиялық оқиға уақытысына байланысты айтсақ: Ерзен, Мүбәрак, Ұрұс-хан, Тоқтамыс, Барақ, Әбілқайыр, Мұрындық (Бурундук).

Автор XIV ғасырдың басынан бастап Сырдария бойындағы қалалар мен және Жетісудағы жер жайылымдары үшін Орда-Еженнің ұрпақтарымен шағатайлықтардың күрестерін жазады.

Ақ Орда хандары тек қана өз аттарынан теңге соқтырған. Ерзеннің баласы Мүбәрак қожа ханның "Сигнак" та соғылған бес теңгесінің үшеуінде хижраның 728 жылы түр, біреуінде жылы өшірілген және біреуінде тек қана 9 деген цифр түр. А.К. Макаров бұны хиджраның 729 жылы деп санаған. Ақ Орда хандарының Оңтүстік Қазақстанды астанасы Сығнақ етіп орталыққа айналдырғаны Хорезм мен Орта Азияның тұрақты отырықшы аудандармен байланыстарын кеңейтуге мүмкіншілік туғызды.

XIV ғасырдағы көптеген теңгелердің саны Сығанақ не Сунақ қаласында басылған. Эрмитаждың коллекциясында Үрүс-ханның атымен Сығнақта соқтырған он бір теңге бар. Бұлардың ішіндегі ең ерте таңба жазу белгісі хижраның 772 жылы. Хиджраның 773 жылы соғылған "Сығнак" теңгесінің біреуінде "Жаңа Сығнақтың чеканы" деп жазылған. "Жаңа" деген созді не бір кварталдың аты, не басқа бізге әлі белгісіз жағдай деген мағынада түсіну керек екендігіне күмән келтіруге болмайды. (189)

Дала хандарынан Шайбани тұқымдарынан некрополі (өжелден өліктерді жерлеуге арналған Сунақ-қорғандағы ғимараттар комплексі) Сигнак маңайында орналасқан. Мұхаммед Шайбани билік құрғанға дейін бірнеше ұрыс болды.

Солардың бірі – Хақназар хан (1533–1580) ноғайлармен, өзбектермен көп соғысуға тура келді.

Сонымен, Сунақ қаласында, Сунақтардың қолжазбаларында көрсеткеніндей, XII ғасырдың екінші жартысынан XVI ғасырдың II-ші жылына дейін он хандық өтті. Олар: Алып Қара – Ұран, Қыран, Алып Дерек, Ерзен, Мүбәрак – қожа, Ұрүс – хан, Тоқтамыс, Әбілқайыр және Мұрындық ("Бурундук"). Бұлардың кездерінде қала Қыпшақ, Ақ Орда, Қазақ хандықтарының астанасы болды. Сунақ қаласының тарихы бұдан соңғы уақыттарда қазақ (Кіші жүз) хандықтарының тарихтарымен бұлардың қол астындағы халықтарының тарихына байланысты болды. Дегенмен бұлардан бұрын, ретіне байланысты бір-екі мәселеге тоқтай кеткенімізді жөн көріп отырмыз.

Ол мәселелер біріншіден Қазақ Совет энциклопедиясында Сунақтар жайында әлі толық зерттеу жұмысы жүргізілмегендігін ескерткенімен, ілгеріде вакуфтік құжаттарды тексерген кездегі Зиалдин Шайықты, оған жер беруіне байланысты, әулие осы адам. Өйткені осыған жер берілген деп, оны Сунақ-Ата деп болжау қателік бойынша Сунақтарды Зиалдиннен тараған деген ұғым берген. Осы туралы және

жоғарыда көрсетілген N3431 кітапханадағы қолжазбадан В.В. Бартолдтің көшірмесі бойынша Сунақ қаласын Сығнак деп көрсетуі жайында кейбір жекелеген автордың біреуі жоғарыдағы айтылғандарға сүйене отырып Зиаддинді Сунақтар өздеріне Сунақ-Ата етіп алған, Сунақ Ата деген адам жоқ, Сунақ деген қала да жоқ, Сунақ деген сөз Сығанақ деген қаланың атынан шыққан болу керек деп жорамалдаса, екіншісі ықылым заманнан қаланы Сығнақ деп атап келе жатқаны Бартольдтің көрсетілген қолжазбалардың көшірмесінен белгілі. Сондықтан, Сунақ деген сөз жығнақ Сығнақ Сунақ дегеннен шығып аталған болу керек деген, өз сөзімен айтсақ механикалық қосындылар тұжырымына келген.

Бұл жерде Бартольдтің беделін ерекше көрсетіп, осыған сүйеніп жаздым дегенге келген. Шын мәнісінде бұлардың екеу де атауға да, сынауға тұрмайтын мақалалар. Бірақ олар, баспаға байланысты жұмыс орындарын пайдаланып, әсіресе біріншісі, бірнеше рет мақаласын жергілікті жердің баспаларына қайталап жазып, тарихты бұрмалап, жерлестеріне теріс пікір тудырғысы келген. Жергілікті халық бұлардан баспа жүзінде кешірім сұрауларын талап етті, өтіріктерін ашып қарсы мақалалар да жазды (190) Осы айтылған себептерге байланысты, бұларға қысқаша фактілер арқылы жауап бере кеткенді жөн көріп отырмыз.

Қала ең бірінші рет Хиджырамен есептегенде 372 жылы, яғни біздің қазіргі есеп бойынша 982 жылдың 26 маусымынан 983 жылдың 14-ші шілдесіне дейін "Худуд ал-алам" ("Әлемнің шегі") деген парсы тілінде жазылған қолжазбада "Сунах қаласы" деп өте анық жазылған. Бұл қолжазба Туманскийдің таратуы арқылы бүкіл әлемге де белгілі. Орыс тілінде ең бірінші рет қала XVI ғасырдың ортасында құрастырылған "Книга большего чертежа" деген кітапта "град Сунак" деп көрсетілген ("Книга болынего чертежа", 1846, с.74). Бұл жайында В.В. Бартольд өз еңбектерінде бірнеше рет ескерткен де (З.В.О. XV, с.309). Сондықтан В.В. Бартольд өз шығармаларында "г. Сығнак" деген сөзден кейін жүздеген жерлерде жақшаның ішінде не "Сунақ Ата" не "Сунақ Қорған" деп көрсеткен. Б.Д. Греков, А.Ю. Якубовский ("Золотая Орда и ее падение" М., 1950, с. 305) ең бірінші арабіна түпнұсқада қаланы "Сунақ қаласы" деп атағаны анықтаған. Сунақ қаласы тағы басқа да көптеген баспа жүзінде және құжаттарда

айтылады. 1902 жылдан шамалы ертрек және осы жылдардан бастап орыс тілінде Сағанақ, Сугнак, сығнак деген аттар да пайда болды. Айта кетсек қазақ тілінде Сығнақ, Сугнақ т.б осы сияқты сөздер жоқ, олар орысша Сығнак, Сугнак деп қате жазылып бұрмаланғаннан шыққан. Біз ескі (Қадыми және Жәдит) жазуларында "А" деген бір әріптің өзі әріптің асты-үстіне қоятын белгілермен, тоғыз түрде айтылып, "Сунақ", деген сөздің орнына "Сувнак", "Сугнак", "Суннак", "Сагнак", "Сығнак", "Сығнақ" деп транскрипциясын бұрмалап дұрыс жазбауы жайында да айттық. (191)

Осы ескі араб алфавитімен жазылған "Сунақ шаһары" деген сөзді Алматыдағы Пушкин кітапханасының сирек кездесетін кітаптар бөлмесінде отырып, арабша оқып отырған екі кісіге осы Сунақ шаһарын оқып беруді өтіндім. Біріншісі, жас қыз," Сунақ шаһары деп оқылады аға" деп дәл айтты, ал екіншісі бұны "Сыхнах деп оқу керек" деп Сунақ қаласына тағы бір ат қосып берді. "Сүрінбейтін тұяқ жоқ" дейді қазақ. Біз жоғарыда көрсеткендей сол Бартольдтің өзі, қыпшақ хандарына байланысты, атасы мен немересін бір адам деп шатастырған жерлері де бар. С.М. Ахинжановтың зерттеуі бойынша В.В. Бартольдтің Алып Қара-Ұран мен Алып Деректі бір адам деп ғылымда бекітілген болжауы тарихи фактілерге дұрыс келмейді. Автордың ғылыми еңбегі анықталынып отыр. (192) В.В. Бартольдтің шығармаларында Қожа Ахмет Йасауиді түрік деп санайды. Бұл пікір де қателік. Көптеген мұсылман кітаптарында Қожа Ахмед Әзірет-Әлі халифтың он алты атадан кейінгі ұрпағы. Әзірет-Әлінің әйелі Мұхаммед Пайғамбардың қызы Фатима. Әзірет-Әлі мен Әбу Бәкір бір уақытта өмір сүрген. Сунақата Әбу Бәкірден он алты атадан кейін. Араб ғалымдарының сол кездегі жағдайға байланысты бір атаға 30 жылдан уақыт болғенін есептесек, Қожа Ахмет Йасауимен Сунақатаның бір уақытта өмір сүріп, Сунақатаның Қожа Ахмед Яссауиге имам болғанын да растайды.

Бар-жоғы екі сағаттай Сунақ қаласының қираған орнында болып, вакуфтық құжатта жер Зиадин Шайхқа берілінген, сондықтан бұл жерде әулие, Сунақ Ата емес, Зиадин Шайх болуы мүмкін деген бір чиновниктің жорамалына сүйеніп, осы арада ғасырлар бойы тұрған өз халқына қарсы топырақ шашу қандай этикаға жатады деп санаймыз. "Вестник воспитания" деген журналда: "Орта Азия мен

Қазақстандағы халықтардың сауатсыздығын жою үшін 4600 жыл керек деп жазған (193)

Осыны жазған чиновниктің айтуы бойынша біздің сауатымызды ашу үшін 4600 жыл өткен жоқ қой. Сунақ қаласының орны, әлі де болса орнын көрсетіп тұрған Сунаққорған, Сунақ Атаның мазары, Сунақ Ата совхозы, Сунақ деген сол аймақта тұратын ел, олардың не ру, не тайпасы ретінде таңбасының жоқтығы, жүзге жатпауы, ұрандарының "Қожа Ахмед Яссауи" екендігі, басқаларының бәрін санамағанның өзінде де, ауызаштырмайтын фактілер емес пе.

Екінші автордың "Сығнақ"деп ықылым заманнан айтып келе жатыр деуі де дұрыс емес. Константинопольде жүріп қолжазбаны жазған адам Сунақ қаласын Сырдарияның бойындағы ең шеткі қала, Қыпшақ даласында Гаваньға ұқсап тұр деп, басқа төменгі қалалардың өмір сүрмегендігін ерекше көрсетіп жазған. Жоғарыда біз "XVI–XVII ғасырларда Қазақстан территорияларындағы қалалардың, бәрінен бұрын сырдария аймағындағы, өмір сүруі жалғастырылып жатты, жекелеген біреулері кеңейтілуде де "деген ұғымдарды ғылыми еңбектерге сүйене отырып жаздық. Демек, қолжазбаны жазған адам ықылым заманнан емес, осы кешегі ғасырларда ғана болған. Оның үстіне, көрсетілген автордың, осы қолжазбадан В.В. Бартольд қаланы "Сығнақ" деп оқыған, сондықтан қала тек қана осылай аталады деген ең басты дәлел ретінде айтылған болжауы да сынауға тұрмайды. Бұл жайында тек қана сол қолжазбаны аударған Бартольдтің аудармасының мағынасына мән берсек те жетіп жатыр.

Қолжазбада "Сығнақ" жайында жаза отырып, "Өткенде ол болды ел" дейді автор. "Сунақ" деген сөздің қазіргі уақытта тарихта 17 қателескен аттары бар: "Сығнақ", "Зунак", "Сокнак", "Синак", "Сенгах" т.б. Еш уақытта Сунаққорған регионында Сығнак, Зунак, Сокнак, Синак, Сенгах деген ел болған емес, болғанда жоқ, керісінше, бұл жерде VII ғасырдан күні бүгінге дейін тек қана Сунақ деген ел тұрады, ол елдің Сунаққорған деген қорғанының орны және Сунақ Ата деген әулиесінің мазары бар. Қолжазбаның мағынасына байланысты басқа да пікірлерімізді біз жоғарыда айттық.

1902 жылы Сунақ қаласы жайындағы құжаттарды оқығанда бірінші рет "Сығнак" деп оқыған Бартольд болды. Көрсетілген қолжазбаны да оқыған сол кісі. Н.А. Левшиннің еңбегінде (194) "Город Сунак" қазіргі "город Сағанак" деп көрсеткен.

Демек, "Сунақ қаласынан" кейін "сағанақ" деген аттың пайда болуы XVIII ғасырдың аяғында, не XIX ғасырдың бас жағында болса керек. "Сағанақтан" соң "Сығнақ" ең соңында ойдан шығарған "Сығанақ" аттары тарихта белгілі. Көне ғасырдағы сирек кездесетін қолжазба құжаттарда, сонан кейінгі шығармаларда "Сунақ" деген ат VII–VIII ғасырлардан және X ғасырдан бастап кездеседі.

Сондықтан екі автордың да "Сунақ" деген сөз "Сығнақ" не "Сығанақ" деген сөздерден шыққан деп қорытынды үғым беруі дұрыс емес, шындыққа жатпайды. Жергілікті халықтың бұлардан баспасөз арқылы кешірім сұрасын деп талап етуі осы жағдайларға байланысты. Шындық еш уақытта өлмейді, ізсіз жоғалып кетпейді, оны тот баспайды, ол өз сотында бетің бар, жүзің бар демей, уақытқа байланыссыз жазасын тартқызатын не тартқызбайтын, тіптен болмаған күнде де, арың, ұятың, адамгершілігің арқылы өзіңді қаралап не ақтап шығатын адам арасындағы, адамды бұзбай адам етіп үстайтын, жазылмаған заң. Сондықтан шындыққа тұрып, оны сыйлап, одан ұялу да, қорқу да керек емес пе.

Осы бірінші мәселенің ішінде тағы бір айта кететін нәрсе, ол 1978 жылға дейін сақталынып келген Сунақ қаласы, Сунақтарға жер бөлу, ақсақ Темірдің Сунақтарға Әбу Бәкір халифтың ұрпағы ретінде ақырзаманға дейін Қожа Ахмет Ясауидің мавзолейінде идеялық жұмыспен имамдық міндетін жүктеу жайындағы құжаты, тағы басқа да көптеген тарихи деректер таратылып кеткен. Алушылар Алматы мен Москвадан болған, және жоғалып та кеткен құжаттар да аз болмаған.

"Қолда барда алтынның қадірі жоқ" дейді қазақ.

Бастарына қызыл қалпақ киіп, оларын қоқайтыңқырап және сопайтыңқырап жүріп, жергілікті газетке мақалаларының атын бастарындағы қалпақтарындай "Сығанақ" деп үлкен әріптермен жазып, астына сол қалпақтың астындағы білімі мен мәдениетіндей "және Сунақтар" деп құмырсқаның инидей етіп өздерін-өздері дәріптеумен әурелену үшін ғана жазғанша, жоғарыдағы екі автор өз аудандарына жаны ашыған тарихшылар болса, неге осындай деректерді мұрнының астынан талатпай өздері жинап, кітапханадан ғана қоректеніп, бір-бірінің қатесін көшіріп жазып жүретін тарихшылардың қателіктеріне коррекция бермеген. Бұл, әркімнің айтқан болжауларын уәж етіп өз халқымен дауласудың орнына қарағанда әлдеқайда маңызды да абыройлы еңбек емес пе. (195)

Түрлі жағдайлармен тарихи шындыққа тура келмейтін қателіктер болып жатады. Оларды анықтағаннан кейін жөндеген жөн. Осы ниетпен бір тамшы болса да, соның бірін арнайы айта кетпекшіміз.

Соғыс кезінде ат үстінде жүріп жазған кейбір экери адамдардың болжау деректеріне сүйене отырып, оған өз жорамалдарын қоса жазған авторлардың жоғарыдағы және Ақ мешіт, Сауран, Созақ сияқты тағы басқа да бекініс қорғандарды Қоқандықтар салды деуі де тарихи дөрекі қателіктер. Бұл жерлер Қоқанд хандығының қоластында 1850 жылдан 1861 жылдың аяқ жағына дейін ғана болған. Шын мағынасын айтсақ, Мауараннахрдың территориясын арабтар жаулап алудың алдындағы "Ислам энциклопедиясында" Ақ Мешіт – Сырдариядағы бекіністің аты деп көрсетілген (196)(В.В. Бартольд. Сочинения. Том III, М., 1965 с. 311–312); Жаңақорғандағы бекініс қорғанда 1247 жылы жергілікті Сунақтардың түрғаны жайында (197) Жөлектегі бекіністі қыпшақтар, тағы басқа қорғандардың ертеде түрлі кезеңдерде салынғаны XIII–XIV ғасырладағы тарихи деректерде де айтылған. (198)

Қазақ хандығының иелігіне Сунақ қаласының алаңсыз біржолата өтуі 1598 жылы Тәукеханның мұрагері Есімханнан басталды. XV–XVIII ғасырларда Бурундуктан (Мұрындақтан, астанасы Сунақ қаласы болған) басқа, қазақ хандарының астанасы негізінде Түркістан қаласы болған. Дегенмен, көптеген себептерге байланысты, Сунақ қаласы сауда орталығына айналған. Қалада көп елдердің көпестері тұрақты орын алып көптеген қымбат товарлардың қоймаларын ұстаған. Қала сырдарияның орта және төменгі ағымдарындағы ең ірі қала болып, қазақ хандығында мәдени, саяси және экономика жағынан күрделі, өте маңызды орын алған. Оның үстіне Қаратаудың терістік баурайларымен және Сырдарияның аңғары арқылы Россияны Орта Азия және Қазақстанмен қосатын жаңадан ашылған керуен жолдары қаланы гүлдендіре түсті. Қаланың осы экономикалық бай гүлденген кезеңі соғыссыз уақыттарда, XVIII ғасырдың бірінші жартысына жуық түгелдей сақталынып келді.

Екінші (кіші) Әбілқайырдың уақытысындағы жоңғарлардың шабуылынан кейін, біраз уақыт сауда азайғанмен, қала бұрынғы қалпына жақындаған. Бірақ одан ары қарай қаланың рөлі біртіндеп төмендей бастады. Оның негізгі

себептері: жоңғаралардың шабуылынан кейінгі жалпы елдің экономикаларының төмендеуі; өзара айтыс, тартыс соғыстар, Россияның колониялық процестері, хандардың қысқартылып орыс чиновниктерінің пайда бола бастауы, Қоқанд хандығының жаулап алуы, техниканың көбейе бастауына байланысты керуеншілер мен олардың жолдарының қысқара бастауы, дүние жүзін топан су алғаннан кейінгі ғасырлар бойы біртіндеп (эволюциялық) құрғақ жердің көбею экологиялық процесі: тау суларының азайуы, Сырдарияның суы азайып жаңа саламен ағып қаладан қашықтауы т.б. Қала 1820-1840 жылдары қыстаққа айналып көп ұзамай майы тауысылған шамдай болып сөнген. Қаланың орнында тек Сунақ Атаның басында бір ғана шырақшы қалған. Шырақшыдан басқа кей кездерде керуеншілер, кейбір көшіп-қонып жүрген ауылдармен жол жүріп келе жатқан жолаушылар сияқты шырақшының құдығынан су ішіп, малдарын су арып, оның басында түнеп кетіп жүрген кездейсоқ адамдар ғана болған.

Жоғарыда көрсетілген бір Сунақ қаласының он алтыға жуық аттарының ішінде "Сунақ" деген сөзге талас тудырып жүрген негізінде үш-ақ ат бар, олар "Сагнак", "Сугнак" және "Сығнак".

1832 жылы А. Левшин өзінің Санкт-Петербургтен шыққан Қырғыз-қазақтар не қырғыз-қайсақтар жайындағы еңбегінде "город Сунак" қазіргі "город Сағанақ" деп көрсеткен (199) Шындығында да "Сунақ қаласы" деп аталуы әлдекайда ертеректердегі замандардан белгілі: "Сунақ" деген ат кейбір жергілікті халықтардың арасында сақталынған құжаттарда VII ғасырды екінші жартысында не VIII ғасырдың бас жағында кездесе бастаса, "Сунақ қаласы" деп аталуы Әбілқасымның (934–1020) Рүстем дастанында "Сунақтың табыларсың қаласынан "деп, ал 982 жылғы маусымның 26 жұлдызынан 983 жылғы маусымның 14-ші жұлдызына дейін (хиджра бойынша 372 жылы) жазылған "Худуд ал-Алам" деген қолжазбада "Сунах қаласы" деп өте анық жазылған. XI ғасырдың ішінде Махмуд Қашғаридің еңбегінде Сунақ қаласын "Сугнак" қаласы деп көрсеткен. А.Ю. Якубовскийдің айтуы бойынша "... по всей вероятности данная транскрипция отразила народное пропроизношение и в таком виде попало в литературное произведение" (200) ("... бұл транскрипция барлық мүмкіншілігінше халық айтуын қайталап және осы түрде әдеби шығармаларға кірген"). Ол

(Якубовский) ең бірінші рет орыс тілінде, XVI ғасырдың орта шамасынан зерттеген мәліметтер бойынша, 1701 жылғы шығарылған Ремезовтың атласындағы Сунақ қаласын Сунақ және Сығнақ деп екі транскрипцияда берілгені жайында айта келіп былай деген: "Біріншісі Махмуд Қашғаридің (Сугнак деген) транскрипциясына жақын, екіншісі В.В. Бартольдтің бұрынғы 1902 жылы вакуфтік документтерді оқып анықтаған транскрипциясына (Сығнак деген) сәйкес келеді. Осыған орай қаланың ескі "Сағанак" деп аталуы мүлде біржолата жойылады (201)

Осы темаға байланысты екінші мәселе, ол Сунақ қаласында өмірінің жас шағы мен соңғы кездерде өмір сүріп, кейбір мерзімді уақыттарда ғана осы қалада болып тұрған Һисамилдин (Сунақ Ата) мен Сунақатадан біраз ғасырдан кейін осы қалада тұрақты өмір сүрген Зиадинді (Зиа ад Динді) бір адам болу керек деген болжам жайында. Біріншісінің толық аты – Алла-Умей Хисамутдин Сахиби-Нихая (Һысамиддин, Асамиддин, Асамаддин, Талламан Сакнакия, Сунақ Ата), екіншісінің толық аты Қожа Хазірет Аллама Абу-л Хасан Зиа-ад-Дин шейх Сығнаки (Абу-л-Хасан Зиа-ад-Дин Сахиби Нихая Сығнаки).

Алла-Умей – Құдай дінін қорғаушы, Талламан Сакнакия – Сокнак Ғалымы деген мағынада. Сунақ қаласын Сокнак, Сакнак деп те атаған. Орысша Сахиби деп отырғаны Сәһәба деген сөз, яғни Мұхаммед Пайғамбардың жолын шын ниетімен ұстаушы, Аллама шейх –ілімді шейх, ал Нихая деп отырғаны – ақыр заман ("Конец") – ол дүниесі бар деген сөздердің ұғымында. Алла – Үмей, Талламан, Аллама, Әзрет, Сопы, Сахиби, Нихая, Шейх деген сөздер дін жолында еңбегі бар адамдарға берілетін атақтар, не Сәһәба (Сахиби) деп Ислам дінінің жолында қайтыс болған, осы дінді өмір бойы таза ұстаған адамдардың молаларында атаған. Мысалы, Жаңақорғанның терістік-батыс жағындағы көлдің жағасында құмның ішінде орналасқан молаларды ерте заманда құмсәһәба (Осы құмның ішінде жатқандар ислам жолында құрбан болып, екі өмірдің есіктерін бірдей ашқан жеңімпаздар деген ұғымда Ас-Сыддық аса әділ сияқты атақ) деп атаған. Соңырақ бұл молаларды Құм саба деп атап кеткен. Сығнаки – Сығнақ қаласынан деген сөз. Сонда біріншісі екіншісіне тек қана Сахиби, Нихая деген атақтарымен және Сығнаки деп тұрған қаласы арқылы ғана ұқсас.

Егерде Алматы қаласында осыдан көптеген жылдар бұрын ғылымға еңбегі сіңген, доктор, профессор, академик Ива-

жоқ өмір сүрген болса, қазір осы Алматыда ғылымға еңбегі сіңген, доктор, профессор, академик Сидоров өмір сүріп жатса атақтарына қарап екеуі бір адам деп жорамалдап, ұялуға жататын, өліп те, тіріліп те кете беретін әулие деп қорытынды шығаруымыз тек қана сауатсыздыққа жатады. Оның үстіне біріншісі ғылыми еңбегі бар ғалым, екіншісі шейх. Біріншісі Қожа Ахмет Йасауидің кезінде (1105–1166) сол кісінің имамы болып қызмет атқарған. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йасауи мавзолейінің ауласының ішінде Сунақатамен бірге түрған Сунақтардың кварталының (мәһәлләсінің) қираған қалдықтарын күні бүгінге дейін жүздестіруге болады. Екіншісі 1598 жылдың қаңтарында Абдулла ханнан вакуфтық жер алғанда документте "Шейх Зия ад Дин Сығнаки" деп көрсетуіне байланысты белгілі. В.В. Бартольд те өз уақытысында Сунақатадағы әулиені Зия ад дин деп атамай Хусам ад дин (Һысамиддин) деп атайтын шығармаларында еске сала кеткен. (202)

Ретіне байланысты айта кетейік. Қожа Ахмет Йасауидің шығу тегі төртінші халиф Әзірет Әліден. Әзірет Әлінің әйелі Мұхаммед Пайғамбардың қызы Фатима болған. Әзірет Әлімен бірінші халиф Әбу Бәкір бір уақытта өмір сүрген. Қожа Ахмет те Сунақата да сол халифтардан 15-16 аталардан кейінгі ұрпақтар. Мұсылмандардың есебі бойынша бір атаның арасын 30 жыл деп санаған. Қожа Ахмет те, Сунақата да араб, түрік, парсы тілдерінде сөйлей де, жаза да, білген. Қожа Ахмет еңбектерін түрік тілінде жазғандықтан тарихта оні де ол кісіні түрік ретінде санайды. Ертеректе арабша жазылған деректермен салыстырғанда бұл түсініктеріміз тарихи қателікке жатады.

Сунақата, өмірінің көпшілігі Түркістанда өтуіне байланысты, Сунақ қаласына келгеннен кейін ата бабаларының мешіт, медреселерінде, ілгеріде өзі бастап беріп кеткен, халық ағарту жұмысымен қайта айналысқан. Сондықтан Сунақ қаласының маңайында ешқандай вакуфтық жері болмаған. Сунақ қаласында Сунақатаның ата бабалары мен оның ұрпақтары түрған. Ұрпақтарының ішінде Зиа ад дин деген аттар да, шейхтары да болған, әсресе Тоқпандардан. Өзінің ата бабалары мен ұрпақтарының молалары Сунаққорғанның оңтүстік жағында бір км жердей жерде. VII ғасырдың ішінен бастап бір жерде орналасқан. Сунақатаның өз моласы барлық уақытта бекініс қорғанның оңтүстік шығыс бұрышына жақын жерде. Қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай мавзолейінің

ішіне Түркістан мешіті арқылы Меккеден қара жібек туды арабіна жазумен әкеліп бас жағына іліп түсіріп қойған. Қаладан ел түгелдей кеткеннен бастап кешегі күнге дейін басында шырақшы болған. Зиа ад дин Сунақатаның ұрпақтарынан болса моласы Сунақатаны ұрпақтары жатқан жерде болу керек. Зиа ад динді Сунақатамен шатастыруының негізгі себебі жоғарыда көрсетілген вакуфтік документтегі кейбір діни атақтарының ұқсастығы мен ханның атынан оған вакуфтік құжаттың берілуі. Осы ілгерідегі жорамалдарға байланысты қазақ энциклопедисында "жергілікті халықтың ұғымы бойынша Сунақ Ата Қожа Зиа ад дин "деуі ақты қара, қараны ақ дегенмен барабар. Халықтың ұғымы жайында да, Сунақ Ата мен Зиа ад дин жайында да біз жоғарыда айттық. Жергілікті халықта еш уақытта бұндай ұғым болған емес. Халық орнында халықтан барып сұрауына да болады.

Түркістан үйірмесінің археология әуесқойларының мүшесі Перовскийдің уездік бастығы мырза В.А. Каллаур өзінің баяндамасы үшін шейх Зиад динға берген вакуфтік документ бойынша мазарын ашып (археологиялық факт ретінде) көруге келгенде шырақшы Қошмұхаммад бұл жерде өзінің Сунақатаның басында отырғанын айтады. Олар келген жағдайын түсіндіріп моласының орнын сұрағанда, шырақшы мазары осы деп мешіттің кіші үйін көрсетеді. Бұл шырақшының өзінің қорғап отырған тек бір ғана қасиетті әулиесінің сүйегіне қол тигізіп қорламас үшін, мұсылмандардың заңы бойынша өлген адамның моласына тиюге, не өлген адам жайында жамансөз айтуға рұқсат болмауына байланысты амалсыз, шарасыз әрекеті екені даусыз. Мырза В.А. Каллаур ешқандай әулиенің моласын таба алмай, тек мешіттің құрылсын, бөлмелерін жазып алады да қайтып кетеді. Осы жағдайға сүйене отырып Якубовскийдің Сунақатаны легендаға жататын легендарлы қасиетті әулие болу керек деген версиясы да дұрыс емес. Сунақатаның моласы сол күйінде өзгеріссіз жатыр, қайтадан тіріліп басқа жаққа кетіп қалыпты деген дерек болған емес. Дегенмен, А.Ю. Якубовский шамалы төменіректе Хисамулдиннің моласының Сығнақта екенін мойындамаудың негізі жоқ деп көрсеткен. Оның үтіне жоғарыдағы айтылғандарға осы уақытқа дейінгі қалдықтары сақталынған Сунаққорған, Сунақатаның мавзолейі, Сунақ қаласының бұзылған орны, жергілікті Сунақ деген ел, бұл елдің жүзге жатпауы, ру не тайпа ретінде таңбасының болмауы, ұранының Қожа Ахмет Йасауи екендігі де факт

ретінде қосымша толық дәлел бола алатындығын біз жоғарыда айтқанбыз. (203)

Ислам дінін таратушы араб миссионерлерінің Қазақстан территориясына біртіндеп келіп көбейе бастауы VII ғасырдың екінші жартысынан. Бұның даму процесі бірнеше ғасырға созылған. Кейбір авторлардың қазақ территорияларына осы миссионерлердің келуі VI, VIII, X–XI, не XIX ғасырлардың кезеңдерін айтып отыр. Түркістан регионына алғаш келген араб миссионерлері сол кездегі жаугершілікке байланысты Жаңақорған ауданында өздеріне қорған соққан.

Қорғанды соңырақ Сунаққорған атап кеткен. Сунақ деген сөз – Сунна жолын ұстаушы алғаш келген араб миссионерлерінің ислам дінін тарату кезеңіндегі "Сунна ақ" деген ұрандарындағы сөзден шыққан. Араб миссионерлері келу кезеңдерінде бір ұранмен келіп, бір адам болып саналған; Қожа Сунақ болып бөлінбеген. Бөлінгеннен кейін де жаңа ұраны (Қожа Ахмет Йасауи) бір және Қожа Сунақ бір адам деп саналған.Кешегі Отан соғысына дейін және соғыстан кейінгі жылдары да, намаз оқитын қариялардың молдау кездерінде бұл жазылмаған деректер халық арасында әлі де кеңдеу тарап белгілі болған.Түрлі жағдайларға байланысты Сунақтардан мұсылман елдеріне өтіп кеткен жағдайлары да болған. Қазіргі уақытта Сунақтардың басым көпшілігі Қызылорда облысының Жаңақорған ауданы мен оның орталығы Жаңақорғанда тұрады. Сунақтар Сунақатадан тарған Қайғақ, Бессары, Аташ, Қалмырза-Тоқпан аталарына және Сунақатадан жоғары қосылатын Сиық атаға жатады. (281)

Сонымен Сунақтар – қазіргі қазақтар. Жүзге жатпайды, олардың өз алдына ру не тайпа ретінде таңбасы жоқ, ұраны Қожа Ахмет Йасауи. Түпкі шығу тегі Әбу Бәкір халифтың ұрпақтарынан. Олар Сауд Аравиясының Мекке және Мадина қалаларынан, Құрейштер тайпасының Тайм руынан.

* * *

Аллаһ Тағала айтты: *"Аллаһтың лағынеті өтірікшілерге болсын! Деп қарғасайық"*

"Әл Имран" сүресі, 61-аят.

Пайғамбар (С.Ғ.С.): *"... расында жалған бұзақылыққа жетелейді, ал бұзақылық тозаққа итермелейді. Әлбетте, адам жалған айтып жүре беруі кесірінен Аллаһтың қасында отірікші (әрдайым жалған айтушы) деп жазылады" деген.*

Әл-Бухари мен Муслим.

ИСЛАМ ҚҰРАН МЕН СУННА КІТАПТАРЫН БАСШЫЛЫҚҚА АЛАДЫ

Сунна мен Сунақ сөздерінің мағынасын түсінбейтін, біржақты қаралаудан басқа әрекеті жоқ авторларға әлемге әйгілі мұсылмандардың теолог ғалымы Маулана Саийид Абуль Ала Маудидидің Суннах атауына қатысты айтқанын естеріне салайық.

Осы авторды "Ислам мәдениеті" сериясымен шыққан "К вопросу об одежде" атты кітапшасының орысша нұсқасын толық береміз. Бұл еңбек 1929 жылы Азам Гархтың "Ма ариф" журналында алғаш рет басылып шығып, мұсылмандардың қолына тиеді. 1940 жылы "Тарджуманул Куран" журналында қайта теріліп,басылып шықты. Өзінің "Тафхесмат" (2 том) кітабына да енген. Содан орысша аудармаға түседі. Автор өзінің бұл еңбегінде мұсылмандардың киім киюіне қатысты біраз мәселелерді көтереді. Расында, Ислам алғаш күш алып тарала бастағанда киім кию үлгісіне үлкен мән берген. Қалай болса солай алба-жұлбасы шықпай жинақы жүруге мүміндерге талап қойылған. Киім етек-жеңі кең, еркін қимылдауға мүмкіндік туғызатындай,мол пішінді болған. Сонымен қатар мұсылмандардың киім киісі бұтқа табынушылар мен көпұдайшылдықтардағы қолданылатын түрлі рәсімдерден ада келетін. Мұсылмандар киімге басқа діндегілер сияқты крест іліп, сурет салу тәрізді тұрпайы дәстүрлерден аулақ болды. Бұдан басқа да этикалық талаптарымен қатар мәдени реформаларда да Ислам діні мұсылмандарды мұсылман еместерден ажыратуға байланысты, басқа да қажетті әрекеттерді жүзеге асырып отырған.

Ислам қозғалысы Арабияда басталған тұста Пайғамбармен (салла Аллаһу алейһи уа саллам) бірге басқа да мұсылмандар кәдімгідей қарапайым араб ұлттық киімдерін киген. Алайда Пайғамбар (С.F.С.) мұсылмандардың мұсылман еместерден сыртқы бейнесінің де айырмашылығы болуын қалады. Ол ерекшелік сол кезеңде айрықша рөл атқарды. Сол кезден бастап "Суннах" атауының мұсылмандардың алғашқы жылдарында атала бастағанын байқаймыз.

Яғни, Суннах (қазақша Сунаһ не Сунақ) Ислам дінінің алғашқы шыққан күнінен бері қолданысқа түскен. Әсіресе, Мұхаммед (С.F.С.) серігі Әбу Бәкір тұсында Сунна-ға зор мән берілді. Бұдан Суннах сөзінің (атауының) Араб халқында Мұхаммед (С.F.С.) тұсында қалыптасқандығын ай-

тақтайды. Расында Суннах атауы тек қана Араб, Қазақ, Орта Азия халықтары арасында ғана тарамай Кіші Азия мен Пәкістан, Ауғанстан, Қашмир жерлерінде де кеңінен белгілі болған. Оған сол жердегі халықтардың киім киюінің үлгісі Сунна (Суннизм) жолын ұстанушылардан болған. Бұны ғұлама исламтанушы Маулана (бұл атау қазақ ішіндегі сұнақ руының ата-бабаларында өте жиі кездеседі, яғни Ислам діні өкілі деген мағынаны береді.) Санйид Абуль Ала Маудидидің кітапшасындағы Суннах атауына жасаған сілтемесінің өзі де нақтылай түседі. Дін таратушылардың Араб тұқымының ішінен шығып, киім кию үлгілерін қалыптастыруы, әрине басқа да халықтарға көп әсерін тигізді. Арабтардан шыққан дін уағыздаушыларын Маулана, Санд, Қожа, Сунақ, деп атауларының өзі басқа ұлттар үшін заңдылық болған. Енді осы атақты ғұлама Маулана Санйид Абуль Ала Маудидидің кітапшасындағы мұсылмандардың киім кию үлгісіне қатысты ("К вопросу об одежде") жазғанын сөзі бұрмаланбай нақты жету үшін орыс мәтінінде береміз:

... Абу Давуд, Тирмидхи и Мустадрих сдержали следующую традицию: "Шапки с тюрбанами – это то, что отличает нас от сторонников многобожия". Эта традиция приведа некоторых к мнению, что ношение шапок с тюрбанами является "Суннах" и, таким образом, составляет постоянный закон, который мусульмане обязаны соблюдать повсеместно.

Но это не так. "Сунах" – это такое положение, когда мусульмане, живущие в среде в основном немусульманской нации, должны как-то отличаться одеждой.

Бұл киім киістің үлгісі күні кешегі 1917 қазан революциясына дейін сунақтықтарда сақталып келген.

"Түркістанның археологиялық әуесқой кружогының мүше-хатшы, Е.Т. Смирнов 1886 жылғы 11желтоқсан мен 1987 жылдың 11желтоқсан аралығында жұмыс істеген Түркістанның археологиялық әуесқой кружогының (Ташкент, 1887) 1887 жылғы 17 ақпандағы протоколына қосымша ретінде тіркелген "Сырдарияның орта және төменгі ағыстарының ескі көздері" (7бет) есебінде:

... Шиелі арығының бойы мен Сунақ маңында тығыз орналасқан отырықшы халықтың іздері қалған, мұнда көптеген күйдірілген кірпіштен түрғызылған ғимараттардың түрлі түсті әшекеймен нақышталған, қырғыздарда бұл жайында

көптеген аңыздар айтылады, соның бір тамашасы ертеде Сыр өзені көк ырым арқылы ағып өтетін, бір патша болған, оның маңайына қоныстанушылар келіп, бақшалар өсіріп, наубайханалар ашқан. Сунақтың айналасына Сунаққожалар, Сунақтар атты жартылай отырықшы тайпалар орын тепкен, олардың этнографиясына қатысты тұрмыстары зерттелмеген. Сунақтардың түр сипаты, әсіресе, тұрмыс-салты, тілі жергілікті түркілерге ұқсамайды, Ырым бойындағы қыстақтар мен Сағанақта бұрын тұрған отырықшылардың үзіндісі екенін меңзейді.

Сунақ-Атаны 1867 жылы ориенталист Лерх келіп көріп, 1219 жылы Жошы алған Сағанақ қаласы деп мойындағанымен, оның айналасы және қиратынды жерлері атүсті қаралғандықтан ол жайында нақты суреттеу жоқ, қойын кітабымдағы жазбамнан (1887) мынаны келтіремін "Соның жанындағы қырғыздардың (қыпшақ және қоңырат) сөздеріне қарағанда Сунақтар сарт болуы мүмкін, оған дәлел олардың сыртқы түрлерінің ерекшелігі (бет әлпеті) салт дәстүрі (әйелдері өзгелерден беттерін көрсетпей жасырады) аракідік тілдерінде өзгешеліктер бар. Сунақтар өздерін әулие Сунақтың ұрпағымыз деп санайды, оның мазары Сунақ-Қорған қаласының қирандыларының қасында (Сунақ-Ата қирандылар осы себебті шыққан) ". Көк-Ырым (кок – зеленый, аръ - земля) жазығын көк жер деп аударуға болады, "гүлденген жер" деген мағынада... дейді.

Біріншіден Е.Т. Смирновтың жазуында Лерх өзінен жиырма жыл бұрын келіп көріп кеткен Сағанақ қаласын шала-пұла қарағандығы айтылады. Екіншіден, Смирнов Сунақтарды да қыпшақ пен қоңыраттарды да дұрыс атамай отыр. Сунаққорғаның маңайындағы қыпшақ пен қоңыраттардың (Лерх бұл қазақ тайпа-руларын кемсітіп қырғыздар деген. А.С.) Айтуынша деп жазғанына қарағанда ол да жолда іліккен адамдардың айтқандарын жаза салған. Үшіншіден, Сунақтардың өздері әулие Сунақтың тұқымымз деп айтқан. Төртіншіден, сол жазғандарында Сунақ, Сунақ-Ата, Сунақ-Қорған қалаларының аттары Сунаққожа атауымен қоса есептегенде он бір рет кездеседі. Бесіншіден, Сунақтардың этногенезінің, тілінің, салт-дәстүрінің ерекшелігіне қоса әйелдердің бетін бүркеніп жүруі де тыс қалмағандығы да айтылады. Жетіншіден, Сол кезде Сунақтардың өздері әулиенің ұрпағымыз деп ең үлкен ұлы аталарының есімін айтпай (Һисамиддиннің – Сунақатаның Әбу Бәкір Сыд-

лықтан кейінгі тоғызыншы атасы Мансұр Мәліктің де зираты сол жерде екенін естен шығарған), яғни ұмыт қалдырған. Бірақ Сунаққожалар атауы дұрыс берілген.

Осыларды ескермей, не тарихты не шежірені не орысша білмейтін Сунаққорған маңайындағылар ойына келгенін айтпағанда не айтады? Осыны үстірт оқып қалған "жазғыштар" жерден жеті қоян тапқандай қуана-қуана басылымдарға жазып жіберген. Тіптен, "придаток" – Әбілхан Әбіласан деген "Сығанақ" атты кітабында шырақшы Қошмұхаммед Тәтібаевты өзінің руын толыққанды айтып бере алмады деп жазғырады. Ол кісі өзінің Сунақ Атаның (Һисамиддин) ұрпағы болғанымен ұлы атасы Әбу Бәкір Сыддық түгілі Һисамиддиннің (Сунақ-Ата) өзінен үлкен алтыншы атасы Мансұр Мәліктің сол жерде жатқанын де ұмытқанын жоғарыда айттық. Қошмұхаммед Тәтібаевтың (1886–1933) өмір дерегі төмендегідей: (204)

Қошанның (Қошмұхаммед) немересі Әнуар Мәженов былай дейді:

"Олар: ел-жұрт ағайын-туыстардың расында аңызға айналған Тәтібайдың 5-ұлының 4-ші ұлы Қошанды 1906 жылы ағайындары Сунақ Ата бабасының басына қарауыл етіп иелік жасауды тапсырады. Бір қызығы ол кісі "бисмилдан" басқа сөз білмеген екен. Әулиелер ұйықтағанда түсінде "Сен Меккеге қажылыққа барып қайт" деп аян беріп тыныштын ала берген соң 1902 жылы ақпан айында Қошан Ата жолға жарты қап құрт, қажетті киімдерін алып Мекеге қарай жаяу шығып кетеді. Кетерде Сунақ Ата әулиенің ішіне үш қап құнды кітаптарды тығып кеткен. (Ол кітаптарды сауаты болмағандықтан оқи алмай жүретін). Сол кеткеннен ол Меккеден 1909 жылдың қараша айында елге оралды. Сол Мәженов Әнуардың анасы Ұлбибі (ол кісінің) қайнағасының әулие Сунақ Ата кесенесі жақтан келе жатқанын көреді. "Ата келгеніңізде үйге кіріп бізді қуантып, содан соң бармадыңыз ба?", – деп сұрағанда Қошан: "Шырағым-ай мына әулиенің айналасында жатқандардың рухы ортаға алып, Сунақ-ата бабаның басына ертіп барып маған құран оқытып бағыштатты, сонда намаз оқып келемін", деген екен. "Ата намаз бен құран оқуды қашан үйрендіңіз, бұрын білмейтін едіңіз ғой" деп сұрағанда "Қошан Ата Меккеге барып келгенше рухтар түнде құран сүрелері мен намазды түсімде үйретіп оқытты", деген екен...

Осы Қошан атаның үрпағы Жаңа Ауылда тұратын Файзулла Ахметов те ауылына сыйлы.

Қошан ата Меккеден сауаттанып келгеннен кейін, кетерде тығып кеткен үш қап кітаптарын енді оқиын десе жоқ болып шығады. Ол кітаптарды кім алғанын білмей жылап жүріп іздегенімен, таба алмайды. Бір күні түсінде ақ адам "балам көп әбіржіме алған адам өзі келеді де, алдым деп мойындайды, бірақ саған бермейді, сен онда Меккеден әкелген кітапты пайдаланып оның қолына ұстат, сонда ол жазасын тартатын болады", деп аян береді.

Сонымен ол кітаптарды алғанын мойындағанымен кітаптарды қайтып бергісі келмейді. Сол кезде Меккеден әкелген кітабын әлгі кісінің қолына ұстатып тұрып, "Саған Құдайдан зауал келсін" дейді. Ол кісі қайтып бара жатып үйіне жетпей, жолда қайтыс болады, оның әйелі күйеуінің бір жағдайға ұшырайтынын сезіп, күйеуі алып келген үш қап кітапты қайтадан Сунақ Атаға жеткізіп береді. Әйелі үйіне қайтып келе жатып, жол да күйеуінің өлгенінің үстінен шығады. Үйіне келсе, үйінің өртеніп кеткенін көреді.

Қошан атаның Мекеден алып келген қасиетті сол кітабы Жаңақорған қонысының түрғыны Мәженов Әнуардың үйінде әлі сақтаулы. Ол кітапты бүгінге дейін ешкім де оқи алмай, қандай қасиеті бар кітап екені анықталмай келеді.Қошан ата әулиелі адам болған. Ол кісі бабаға ниет етіп келе жатқан адамдардың қай жақтан, қандай оймен келе жатқанын, олардың санына дейін, әкеле жатқан садақаларына дейін күні ілгері біліп, отбасына келе жатқан зиярат жасаушыларды күтіп алуға дайындықпен ескертеді екен.

Қошан ата әулие болған. Зиярат етуге келген адамдарға берген бәтесі қабыл болған. Біреу кеуіліне орынсыз тиіп, нала етсе, наласы қате кетпеген. Ол кісі баба басына 27 жыл шырақшы болды. Мазары Сунақ Ата кесенесінің тау беткейінде 2 метр жерде жерленген.

Қошан Ата Сунақ Атаға зиярат етіп келген адамдардың қандай өтініш айтса да орындап отырған.

Ия, Сунақ Атаның әулиелігі жайында айтылар әңгіме көп. Ḥисамиддиннің (Сунақ Ата) басында шырақшылар үзілмеген. Бәрі де Сунақтардың бес атасының ішінен кезегімен беріліп отырады. Соңғы жылдары шырақшы Әбжәлел Реметұлы (1885–1975), Нәметұлы Махмуд (1900–1984), Әжәлелұлы Құдретұлла (1928–1994), қазір Құдретұланың жоғары білімді баласы Бақытжан баба басында шырақшы болып отыр.

Өкс жолын қуған деген осы. Бір айта кетерлігі Құдретұлла Өбжелұлы мынаны өсиет еткен: "Құдайдың құлы, Пайғамбардың үмметі, Һисамиддиннің ұрпағы, ислам дінін ұстаған, мұсылмандыққа шын берілген иманды пенделеріне әулие баба көрінеді" деген.

Ал, Сунақтардың шежіресінде бұрынғы заманның муфтилері, әкімдері, патшаларының бұл қасиетті құжат немесе аталған тарих беттері көне және ежелгі шежіреден қосылмай немесе кемейтірілмей, ешбір өзгеріссіз көшіріліп алынды. Бұл қасиетті жазудың көнелігі және ақиқаттығына күмән келтіру мүмкін емес. Бұл қасиетті көшірмеге көңілдері ауған мырзалардн өтініш сол, бірер себепсіз және құжатсыз қаралаудан, жазғырудан аулақ болсын, жала өсек айтудан тілдерін тыйсын. Әрбір өзін сыйлаған игі адам бұл көшірменің ақиқаттығын және ескілігін түсініп, әр түрлі алып қашпа өсек-аяңдардан ұзақ болсын, – деп жазылған. (205)

Сунақтардың аталары жөнінде мына деректі де айта кеткен дұрыс. Жоғарыдағы жалған жазатын авторлар Жаңақорғандағы Құмсаһабаны Оңтүстік Қазақстан облысындағы (Шымкент) тарихта, археологиялық қазба жұмыстарымен дәлелденген Құмкент деп "тисе терекке, тимесе бұтаққа" деп соғып жібереді. Бұл да провакация. Олардың бар мақсаты Исламға қатысы Сыр бойындағы (әсіресе, Жаңақорған ауданы аймағы) сөздерді тарих бетінде қалдырмау. Бұрмалап, сөз қуып әкеліп, тарихи негізсіз, халықтың арасына іріткі салу. Мұсылмандарға қарсы тегерінді шабуылдар, жала жабулар, сөз тасулар әр заманда да болған.Өз тарихынан жиренген, шындықты мойындамайтын мунафиқтар жетіп артылады. Бұтқа табынуын мақтаныш тұтатын осы авторлардың тағы бір өтірік сөздеріне мына деректі өз көзімен көрген осы жолдардың авторы жетіседі. 2005 жылғы кезекті сәбек демалысында Жаңақорған жанындағы Құсаһабаға (ол жерде ешқандай қаланың ізі жоқ) жол түсіп соққанда сондағы зираттардың бірінде мұсылманша жерленген, араб шығыс үлгісінде тұрғызылған кесенеде "Қалмырза бабамызға Сунақтар әулетінен, "Құмсаһаба" деген жазуды оқыдық. Кезінде БЕК атанған Сунақтардың бір атасы Қалмырза (Қыдыр жолыққан Тоқпанның әкесі Қалмырза) міне, осы Құмсаһабда (Саһабалар бейіті) жерленген.

Осы жолдардың авторы (Шайх-Асан Құрайшын ас-Сунна – Асан Сарқұлов) Сунақтардың шығу тегін жаңылмастан ұлы атасы Әбу Бәкір ас-Сыддықтан бері Һисамиддинге дейін

(Сунақ Ата) одан өз баласы Абдуллаһ ас Сунаһқа дейінгі 47 атасын айтып, тарқатып беретін болса, сырттан тон пішіп андақ-мандақ дегендерге есі дұрыс адам сене ме екен?

Сунақтардың һисамиддиннен (Сунақ Ата) басқа оның баласы Әбу Сүлеймен Мәуленеден (Али Хожа Ата) туған сондай ірі ғұлама бабасы Әл Хусейн бин Әли Хожа Хусамилдин (лақап аты Хусамиддин "Діннің Қылышы") туралы да үлкен кітап жазуға болады. Қазақстанның жері Сейхундария бойына 751 жылдары келген Сунақтардың ұлы бабасы Сұлтан Кәһап болса одан кейін туған Шабур Мәліктің тарихи тұлғасы бір төбе.

Жақында ("Әл Фараби мен сұлтан Бейбарыс 1000 жылдан кейін елге оралды", (206) ғалымның зираты жатқан Дамаск қаласына Қазақстанның бас муфтиі Әбсаттар қажы Дербісәлі бастаған Қазақстанның оқымыстылары мен тарихшы-фарабишілерден тұратын үлкен делегация аттанып, Әл-Фараби туып біраз жылдар мекендеген Отырар мен Оқсыз топырағын да ала кеткен. 17 наурыз күні Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданына қазақ халқының екі атақты бабалары – ортағасырлық философ Әл-Фараби мен Мысырдағы мәмлүктер сұлтандары үрпақтарының негізін қалаушы атақты қолбасшы өз Захер Бейбарыс әл Бундуктаридің зираттары басынан алынған топырақ сандыққа салынып, саланатты жеткізілуіне орай бас қосу болды. Әл-Фараби екінші мұғалім – "муаллим ассана" атағын Бағдатта алған. Аристотельден кейін оны екініш мұғалім санағанымен, ол Сирияда жоғары бағаланып Аристотельден де биік саналады. Бұндай деректі Әбсаттар қажы Дербісәлі келтірді. Расында да қаншама мен деген ғұламалардың тісі батпаған Аристотель философиясын арабіна талдап, ұғынықты етіп түсіндіріп берген әл-Фараби еді. Содан кейін ғана Еуропалықтар әл-Фарабидің арабіна жазғандарын өз тілдеріне аударып, Аристотельді түсінетін болған.

Бұны неге айтып отырмыз. Жаңағы Сунақтардың ұлы атасы әл Хусейн бин Әли Хожа бин Хусамиддиннің барлығы 6052 беттен тұратын ("Ан Ниһая фи шархи л һидая" – "Дұрыс жолмен жүруді түсіндірудің соңы", "Әл Уафи шарх әл мунтахаб усули мәзһаб" – діни ағымдағы таңдамалы ілімдерді толық түсіндіру", "Ан Нажах фи тасфир" – грамматика, морфологияға қатысты еңбектер", "Рисала и һисамиддин Сығнақи и Маноқиби Ахмед Иассуаи" – һисамиддин Сығнақи мен Ахмет Йасауи өмір жолы туралы" т.б)

араб тіліндегі қолжазбалары араб тілінен қазақшаға аударғанда 18156 бет болатын еңбегі неге тұрады.

Осыларды Мысыр, Ливан, Түрік, Өзбек, Иран елдерінен алдырып халыққа ұсынудың орнына адам түсінбейтін "отірікті" тергіштеген ғалымсымақтардың атына халықтың айтар назы көп. Бұндай тарихи деректерді бұрмалап жазғындарға тыйым салынуы қажет. Арабтың әліпін "А" деп білмейтіндерге" бір елдің атына жала жапқаны үшін мәселе қарағанды да ойластырған жөн. Әйтпесе олар ертең тағы да "придаток" жасап, жұртты адастыруы мүмкін. Бұлардың "фразерстволарына" ешкім құлақ аспайды да. Шындық – өркезде шындық күйінде қалады. "Цинизмге" барғандарды қолдаушы "фундаторлар" да болуы мүмкін. Бірақ олардың "уловкалары" бәрібір іске аспайды.

Осы орайда мынаны да айта кетсек, ағаттығы жоқ болар деп ойлаймыз. Біздердің тарихымыз пышақтың жүзіндей ғана жазылған, ал қағазға түспегені том-том дейміз. Сондай ақтаңдақ тарих бетін толтыру мақсатына жоғарыда айтқан Сунақ қаласы мен Сунақтар да қосылса керек. Ал, басқа ауызша айтылып, шын тарих болып қалыптасқан қаншама дерек көздеріміз бар. Бір-бірін дәйексіз сынағанша соларды жинап, теріп халыққа ұсыну біздің бүгінгі парызымыз.

Ия, қандай да бір этнос, ұлт туралы сөз болғанда оның атауларына тоқталмай өту мүмкін емес. Солардың бірі "Қазақ этнонимикасын айқындау халқымыздың тарихын зерттеудің аса қажетті мәселесі болып табылады. Қазақ этнонимикасы туралы тікелей және жол-жөнекей қалам тартқан авторлардың өзі жүзге келіп жығылады, – деп жазады "Қазақ" атауы туралы "Көне болжамдарға жаңа көзқарас" атты мақаласында Зардыхан Қинаят жазды (207)

Біздің ойымызша, – дейді ол: "қазақ" атауы мәселесінің осы күнге дейін тиянақты шешімін таппай келу сыры төмендегі методологиялық екі түрлі қателікте жатыр ма деп ойлаймыз. Біріншісі, бір топ зерттеушілер халықтырдың тарихы мен орналасу жағрафиясына соншалықты мән бермей "қазақ" атауының тегін тек терминологиялық сәйкестіктерден дайын жауап іздеп келгендігінде сияқты. Бұл төңірегінде құруар еңбектер жазылғанымен,олар ғылыми нәтиже бере қоймды. Екіншісі, Ақ Орданың басты мұрагерлерінің бірі Орыс ханның ұрпағы Жәнібек пен Керей Әбілқайырға қарсы күресін жалғастыру үшін сол кезде Моғолстан билігінде

болған Шу бойына қоныс аударып, 1465–1466 жылы Қозыбасында Қазақ хандығының шаңырағын қайта көтерумен байланысты қазақ (қашақ немесе қазақылық) атауы пайда болды делінетін кесім-пішім. Оның бастауында орта ғасырлық Моғолстан тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулати тұрды. Ол былай деп жазды: "Ол күндері Әбілқайыр хан дүйім Дешті қыпшақты билеп тұрған еді. Ол Жошы әулетінің сұлтандарына тыныштық бермегендіктен Жәнібе хан және Керей хан одан бөлініп Моғолстанға барды. Есен Бұға хан оларды жылы қабылдап, елінің батысы Шу бойындағы Қозыбасын берді. Онда мұнда жайбарқат тұрғанда Әбілқайыр хан өліп, ел арасынан үлкен жік шығып, халқының көпшілігі Жәнібек, Керейге қарай бет бұрды. Жәнібек, Керей қауымының саны екі жүз мыңға жетіп, олар осы тұстан бастап "өзбек-қазақ" атана бастады", – дейді.

Бұл тұжырымды орыс және кейбір қазақ тарихшылары сол күйінде өзгеріссіз қабылдап, "қазақ" атауы "қашақ", "қазақылықтан" шықты делінетін формула пайда болды. Шығыстанушы В.В. Григорьев және басқалар қазақтарды: "Азия даласында қашып жүрген әр түрлі түркі тайпаларының жиынтығы" деп таныса, А.Н. Чулошников: "XV ғасырдан бұрын өзіндік қазақ топтары болды деп жар салудан еш нәтиже шықпайды"... "Егер қазақтар X–XI ғасырлардан бері қазақ халқын құрап келе жатқаны рас болса, ол тек кездейсоқтықтан", – деп әсіре менмендікке салынды...

... Ресейдің қазақтарға байланысты дипломатиялық және әскери-барлау әректі XVI ғасырдың басында басталды. Иван Грозныйдың ноғайларға аттандырған елшісі Даниил Губин 1534 жылы былай деп жазды: "Ұлы мәртебелім, қазақтар (қазақтар –З.Қ.) біршама қуатты делінеді. Ташкен олармен соғысып көріпті, Ташкен билеушілерінің айтуына қарағанда, олар қазақтармен (қазақтар) екі дүркін соғысып, екі жолындада жеңіліске ұшыраған көрінеді". Осы кезеңнен бастап орыстардың біздің қазақтарға деген қадамы қаншама жиіленіп, біздің жұрт орыстарға: "Біз қазақ деген халық боламыз" дегенді қаншама ескерткенімен орыстың XVI–XVII ғасыр деректемелерінде бізді "киргиз", ал тіптен мейірімі түскенде "киргиз-қайсақ"деп атаудан танбады.

Орыстар үшін "қайсақ" атауы қытай деректемелерінен алынып, қазақтарды қырғыздардан ажырату үшін қолданылды. Бірақ орыс тарихи әдебиеті "қайсақ" атауының шығу көзін таба алмады. Жоғарыда айтып өткеніміздей бірі бұл

атауды Алаш хан әулетінен шыққан Қалша батыр туралы аңыздан таратса, екіншісі "қайсақ" ат-атауы қытайлар "қазақ" атауына тілі келмей бұрмаланғанынан шықты делінетін А. Левшиннің пікірі. Дегенмен, XVIII және XIX ғасырдың басындағы орыс тарихы әдебиетінде "қайсақ" немесе "киргиз-қайсак" атауы басымдылық танытта бастады.

Орыс және қазақ арасындағы дипломатиялық және әскери жіті қатынастар XVIII ғасырдың 20-30 жылдарынан басталды. Осы уақытта Руссия патшасының Әбілхайыр хан, Абылай хан, Нияз Сұлтан және басқаларға жолдаған ресми хаттарында біздің халықты "қырғыз-қайсақ" ордалары" немесе хан, сұлтандары деп атады. Әсілі қырғыз болмағанда "қайсақ" атауы біздің тарихымыздың пешенесіне жат ұғым емес еді. Сөйтіп біздің "қырғыз-қайсақ "атауымыз орыстың ресми деректерінде 1870 жылдарға дейін жалғасты. XIX ғасырдың орта шенінде орыстар Сібірді жаулап алғаннан кейін біздің халықты "киргиз-қазақ" атандыру үрдісі пайда болды.

Тек 1925 жылы сәуірде шақырылған Қазақ АССР Кеңесінің V съезінде Алаш азаматтары бұрынғы жалған "қырғыз" есімін өзіндік қазақ атымен алмастыруға қол жеткізіп, ұлтымыздың төл қайсақ (қазақ) ат-атауы арыпталып алғаш рет өмірге келген еді. Ол қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан "көшпенді" мағынасындағы топонимикалық қыпшақ – сақтары (қай-сақ) атауының тілдік реформациялардан өтіп, бүгінге жеткен нұсқасы. Бұл атаудың ең аз дегенде 9-10 ғасырлық тарихы бар".

... "Ал таптық (құлдық) қоғам шыққаннан бері қарай даланы қала басқарды, өйткені елді бақарушы мемлекеттік органдардың бәрі қалада орналасты, қала материалдық және рухани мәдениеттің орталығына айналды; сондықтан болар, арабтар мәдениет ұғымын (қала, қалалық деген ұғымды білдіретін) "Сакафа" деген сөзбен атапты. Сол себепті де қазақтар екі-үш ғасыр бойы Ұлы жүз хандығының орталығы болған, қазірге дейін Төле бидің мавзолейі тұрған Ташкент қаласы мен облысының жерінен Совет өкіметі тұсында айырылып қалды, өзбектерге берген, сөйтіп миллионнан астам қазағын "өзбектендіріп" алуға мәжбүр болды. Қазір сол өзбек ұлтын құрап отырған, бұрынғы қазақ рулары болған қаңлылар, қыпшақтар, қоңыраттар мен наймндар, қатағандар, барластар т.б. өзбек тілінде сөйлеп, өзбек тілінде ойлайды"... (208)

Қазіргі қазақ тілінің ұлттық, мемлекеттік тіл мәртебесіне жетуіне зиянын тигізіп отырған теріс бағыт пуризм деп аталатын тілдік құбылыстың етек алуы. Бұл құбылыстың не себепті етек алып отырғанын түсіндіру үшін оның қоғамдық мәні неде екенін қысқаша болса да ашып көрсету қажет.

Пуризм (ертедегі латын тілінің "пирис" – таза, тазалау дегенді білдіретін сөзінен шыққан термин) тіл білімі ғылымында ана тілді басқа тілдерден ауысқан кірме сөздерден тазалау қажет деген бағытты білдіреді. Елдің,халықтың нақты тарихи жағдайларына байланысты бұл бағыт прогресивтік және регрессивтік болуы, кейдке тіпті керітартпа қоғамдық құбылыс сипатында болуы мүмкін.

..."Бас-көзіне қарамай, кірме сөздердің бәріне қарсы тұру, ана тілінің сөздік қорын байытуды іштей, туынды сөздер жасау жолымен ғана іске асыруды мойындау шегіне жеткен пуризм, регрессивтік әрекет деп бағалануы тиіс, өйткені мұндай пуризм, сайып келгенде, халықаралық, ұлтаралық мәдени байланысты, олай болса, тіларалық байланысты да жоққа шығаратын керітартпа саясатқа алып келетіні сөзсіз. Ал күнделікті өмірдегі сөйлеу тілінде, газет-журналдар мен радио-теледидар хабарларында шетелдік сөздерді бас-көзіне қарамай орынды қолдана берушілікке әрине қарсы болу қажет. Мәселен, қазақша телехабарларда, күнделікті тұрмыстық әңгіме, сөздерде "так", "конечно" "подумаешь", "звонить қылу" сияқты жүздеген орыстың "дежурный" сөздері араластыра айтылып жатады...

...Ал ретіне қарай, қажеттілігіне қарай қолданылатын кірме сөздерге, интерноцианализмге қарсы болу, тағы да қайталайық, тіл дамуының ішкі-сыртқы заңдылықтар диалектикасына қайшы келетін регрессивтік әрекет болып табылады, өйткені тіл дамуының екі жолы бар екендігі, оның бірі ұлттық тілідің ішкі лексикалық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, туынды сөздер жасау болса, екіншісі басқа тілдердің лексикалық атауларын қабылдаудың нәтижесі болып табылатын кірме сөздерді пайдалану жолы. Барлық тіл атаулыға тән бұл екі даму жолының диалектикалық бірлігі әрине қазақ тіліне де тән заңдылық екенін арнайы дәлелдеп жату артық қой дейміз." (209)

... "Термин жасауда, Ә. Қайдаровтың пікірінше, қазақ тілінің "қойнау-қойнауларында көненің көзіндей сақталып, мағынасы күңгіртеніп, ұмыт болған, қолданыстан қалып,

шаң басып жатқан көнерген сөздерді тірілтіп", жаңартып пайдалану керек екен. Оның ішінде қазақ елінің түкпір-түкпірлерінде қолданылған диалектілерді, архаизмдерді пайдалану керек дейді академик. Осыны басшылыққа алды ма, кім біледі, әйтуір "Ана тілі" газетінің бетінде оқтын-оқтын көнерген сөздердің, жергілікті диалектердің тізімі беріліп, оларды қазақтың ұлттық тіліне енгізу керектігі ескертіледі.

Мәселен, "Ана тілінің" 2003 жылғы қарашаның 27-сі күнгі санында ұмытылған сөздер қатарында "дәйіс", "шартық", "шепік", "сарық басу","пісенттеу" сияқты бірқатар мүлдем түсініксіз сөздері берілсе, ал 2004 жылғы 4 наурыздағы санында Атырау облысының Жылой ауданынан "Ақитақи", "Азалдан", "Алғаулы", "Адина" т.б. көптеген түсініксіз сөздер берілген. Мұндай сөздер басқа сандарында да беріліп жатады. Бұл сияқты феодалдық бытыраңқылық дәуірде туған жергілікті диалектті білдіретін сөздерді қайта жандандырудың қазіргі ұлттық қазақ тілін дамытуда қандай пайдасы бар? Олардың біртұтас ұлттық мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін қалыптастыруда, дамытуда ешқандай пайдасы жоқ, бірақ зияны көп. Өйткені ұлттық тілдің қалыптасуы үшін бүкіл халыққа түсінікті біртұтас әдеби тіл нормасын қалыптастырудың маңызы ерекше зор екендігін тіл мамандары әлдеқашан дәлелдеген. Ал феодализм тұсындағы территориялық тұтастықтың болмауы ауызша сөйлеу тілінде халықтың барлығына бірдей түсініксіз алуан түрлі диалектілерді тудырады.

Терминология жасау ісінде қазіргі қазақ тілі мамандарының кейбіреулері тарапынан сөзді білдіруші ұғымның ғылыми мазмұнының дәлдігіне көңіл аудармай, тілдердің туыстық белгісіне баса назар аударушылық орын алып отыр"... (210)

Ә.Әбіласовтың (Таңба, ұғым, әріп. "Ана тілі" газеті, 24 I.XII.1992 ж.) қожалар мен сунақтарға да қисынсыз берген жеке-жеке жорамал ру таңбалары және олардың "көмегі" мен "оқуға болатын жорамал сөздерді" кесте арқылы өтіріктығы аралас "метис" түрде беруі де бұлар жайындағы шындыққа жатпайды. (211)

"Бұл жөніндегі нақты деректерге тоқталайық. Мақалада көрсетілген бірінші кестемен қатар, басқа екінші кестеде автор түрік таңбаларын, олардың руникасын дыбыстық мәндерімен қоса көрсете берген. Кестелердің қандай авторға

жататыны белгісіз. Тек мақаланың бас жағында жалпы сілтеме ретінде Әбу Райхан Бирунидің "Ежелгі халықтардың хронологиясы" деген еңбегі аталса, таңбалар мен ұрандар жайында негізінен М. Тынышбаев аталған. Екінші кесте Бирунидің еңбегінен десек, бірінші кестені бұл кісінің жазуы мүмкін емес. Себебі: Бирунидің өмір сүрген уақыты 973–1050 жылдары, ал бірінші кестеде көрсетілген "қазақ" этнонимасының пайда болуы XIV–XV ғасырларда болса, осы кестеде көрсетілген үш жүздің пайда болуы XVI ғасырдың екінші жартысында және бұл кестеде жүзге жатпайтын Қожа, Сунақтар, Төрелер Кіші жүзге жатқызылған.

Бірінші кестені М. Тынышбаев жазбаған. Бұл кестеде оның өз кестесіндегі ұрандары жоқ. Ру таңбалары да бірдей емес (Сары Үйсін, Садыр, Терістаңбалы, Кердері, Қожа) және Тынышбаев сунақтарды бөлек көрсетпей, оларды тек қожалармен бірге қосып ұраны Қожа Ахмет деп көтсеткен. Тынышбаевта бірінші кестеде көрсетілген "түбірлі көне атаулар", олардың "мәні", көне түрік жазба әріптері, "таңба"-әріптер арқылы оқуға болатын" сөздердің біреуі де жоқ. Тынышбаев көрсеткен ру таңбалары көптеген жерде көне түрік "таңба" әріптерімен (Дулат, Албан, Суан, Сары Үйсін, Тілік, Садыр, Терістаңбалы, Қоңырат, Маңғытай, Саңғыл, Қаракесек, Қаракете, Кердері, Рамадан) сәйкес емес. Демек бірінші кесте көне ғасырларда жазылған кесте емес, оны жорамалдап ойдан шығарған осы мақаланың авторы. Әу дегеннен автор көне түрік таңбасы мен ежелгі Шумер жазуы арасында байланыс бар деп ескертеді. Автордың жазуы бойынша: "... "Су" дегенде келетін екпін түспейтін (жуан), "с" тармақты өзен пішінінде бейнеленген... дөңгелек күн бейнелі (Нұр сәулелі) Ұмай-ана белгісіне ұқсас таңба...". Ал "... Шумерлердің де түрікшедегідей толқынды қос сызық салып, оны су деп, балық суретін – ха, хуа (балық) деп (түрікшеде – "б"), етік сұлбасын – ра, ду, гін (жүру), губ (тұру), тұм (әкелу) деп... оқуы олардың тілі шын мәнінде де түрік тіліне жақын болғанын аңғартады. Етік сұлбасы бейнесіндегі жүріс мәні "ду", "гін" деген дыбыстармен айтылса, қазақта "жүгін", "жүгініп отыр" дейді. Бұл сөздердің түбірі дугін екені айқын сезілмей ме?"

Автордың басқа да "БСЭ" ден көптеген сөздіктер мен жекелеген авторлардан көшіріп жазып алғандарын өз ойы арқылы керісінше түсінікпен қабылдауына байланысты оның өз болжамдары шындыққа жатпайтын, қорытындысы нәти-

жеті бос сөздер. Алдымен "А"-ны айтып сонан соң "Б"-ны, сонан соң "А"-ны айтқан. Көне түрік таңбасы VI–VIII ғасырларда пайда болса, Шумерлерде бұл таңба біздің эрамыздан 4 мың жыл бұрын пайда болған. Сондықтан, автор айтқандай Шумерлердің тілі түрік тіліне ұқсас емес, керісінше-түрік тілі Шумерлердің тіліне ұқсас. Дәлірек айтсақ, автордың осы тілдердің кейбір болжамды ұқсастықтарына байланысты көне түрік таңбасы да Шумерлермен бір кезде пайда болған деп қате қорытындыға келуі және осыған байланысты көне түрік жазба әріптерін екі тілдегі "таңба" әріптер арқылы оқуы, оның үстіне уақытқа байланысты қарағанның өзінде де, дұрыс шешім бермейді. Мысалы, автордың өз айтуы бойынша: "Шумерлермен іргелес Парсы шығанағындағы көне Элам жұртының атауы да Эл-Ум – Іл Ум, яғни Ұмай ана елі деген мағына берсе керек". "Элам жұртының тілі де, жазуы да, мәдениеті де сол Шумерлермен, аккадтармен, бабылдықтармен (әр түрлі аталғанымен бәрінің түп атасы, төркіні бір) қатар шыққан, қатар дамыған. Өнер туындылары да ажырағыссыздай бірлікте". Ал енді осы Ұмай елі (Эл-Ум) жұртының жар, су аттарына назар салсақ: ... Карун (өзен Ук - өр - Ум - Өр ұмайдың жойқын суы) ". Осы аталғандарға байланысты "Сунақ" деген сөздің түбірлі көне атауына жорамалдап "Су жинақ" деген түрік сөзін берсе, сунақтың ру таңбасы ретінде "с" тармақты өзен пішінінде бейнеленген түрік таңбасы мен көне түрік жазба әрпі ретінде осы таңбаның басқы әрпін берген. Сөйтіп дәл осы көне түрік жазба әрпін жоғарыда айтылған Элам жұртының, яғни Шумерлердің "тамға" – әрпі арқылы оқуға болатын Ук (жойқын су) сөздері жазылған.

Түріктердің Сунақ қаласына да, сунақтарға да қатысы жоғы жайында археологиялық және тарихи дәлелдер арқылы жоғарыда айтылды. Біздің эрамыздан 3-4 мың жыл өмір сүрген Элам жұртының сунақтарға еш қатысы жоқ. Себебі, сунақтардың келуі де, сунақ деген аттың берілуі де, Сунақ қаласының пайда бола бастауы да біздің жыл санауымыздан кейінгі VII ғасырда. Кестеде қожалардың түбірлі көне атын қажы деп көрсеткен. Бұл екі сөздің екі түрлі мағына беретіні кімге болса да белгілі. Олардың ру таңбасы ретінде көне түрік жазба әрпін алып, осы "таңба" әріп арқылы оқуға болатын сөз ретінде "йассы" деп көрсеткен. Қожалар еш уақытта да тек бір ғана "йассы" қаласында тұрмаған, қала-

ны ұран ретінде пайдаланбаған. Қожа – Сунақтардың ұраны, "Қожа Ахмет Йасауи" XI–XII ғасырларда Қожа Ахмет Йассы қаласында тұруына байланысты пайда болған.

Қожалар өз миссиясына және жүзге жатпауына байланысты барлық жүздерде де, қазақтардан басқа елдерде де болған. Бұлардан басқа автордың бірінші кестедегі көрсеткен мәліметтеріне күдік тудыратын бір жәйт, ол Қыз Жібек пен Төлегеннің киносына арнап 6 сыныптың оқу құралынан таңбалар мен көне жазулардың тасқа түсірілуіне байланысты оқиға. Бұл тасты кездейсоқ тауып алған біраз адамдар ғылымда жаңалық аштық деп, тастағы ғылымға белгілі таңба, жазуларға қарама-қайшы жорамал қорытындылар жасап, бұл жағдайды 1970 жылдардың аяқ кезінде "Комсомольская правда" газеті жариялағаны жұртшылыққа белгілі. Мұндай жағдайда мың адам мың түрлі пікір айтуы мүмкін, ал шындық біреу ғана. Оның үстіне автордың жоғарыдағы теріс түсінігіне байланысты "Еуроцентризм" мен арабтарға тіл тигізе қіналауы да дұрыс емес. Германияда, скандинавтықтарда руналар біздің эрамыздың екінші ғасырынан белгілі, ал түріктерде V–VIII ғасырдан". (212)

Ж. Ержановтың алдындағы біздің де жазғандарымызда Ә.Әбіласовтың "Уолд Диснейін" сынға алған болатынбыз. Оның айтқан "дүбәра" пайымдары ешбір ғылыми негізге келмейді. Тек қана қазақтың ру, тайпаларын мазақ етіп, жазып шыққан. Намысына тиген бар азаматтар бұған ғылыми түрде өз жауаптарын да берер.

Ислам дінін тарату да оңайға түскен жоқ. Сауд арабтарының өз арасында да бұл дінге қарсы миллиондаған дұшпандары болды Осы, және "Дін үшін соғыс" та өздеріне қараған халықтардың исламға қарсы партиялары ислам дінін таратушы Мұхаммед пайғамбардың туған-туысқандары мен қыздарынан тараған ұрпақтарын өз ара жік-жікке бөліп, бір-біріне қарсы қоюға тырысса (Қожа – Сунақ бір адам деулеріне де осы кезеңдердің әсері болса керек), бұлардың ақсүйек дәрежесінде болуына байланысты өздерін осы ұрпақтарданбыз деушілер де көбейген. Ислам дінін таратушы осы миссионерлер, өз араларында жік пайда болып дінді тарату-ды нашарлатпау мақсатымен және бұл ұрпақтарға басқаларды қоспай өздерін таза ұстау үшін, белгілі діни адамдарынан, қазіргі түсінік бойынша комиссия құрып, сол комиссияның рұхсаты бойынша бірінші рет "Хасасіл Әмбия" атты ұлы кітап жазылған. Бұл кітаптың жалғасы ретінде екінші

рет екі томдық кітапты он бір адамнан тұратын жаңа ғана айтылғандай комиссияның шешімімен Һысамалдин (Сунақ-Ата) жазған. Көтеріліп отырған тақырыптың тарихи маңызына байланысты осы кітаптардан жазылып алынған бірнеше үзінді бере кетейік.

Бірінші рет жазылған кітапта Адам – Атадан Мұхаммед Пайғамбарға дейін 51 атадан тұратыны көрсетілген. Мұнда "Адам – Ата мен Нұх арасы он бір ата" деп, бұлардың арасындағы адамдар топан суға кеткені айтылған. "Нұх галейһімүссәламның үш баласын айтамыз: 1.Әһм, 2. Япыс, 3. Сам"деп, қорыта келгенде былай деген: "Адам –Ата мен Идрис арасы алты ата, Идрис пен Самның арасы алты ата, Сам мен Ібраһим арасы он ата, Ібраһим иен Иляс арасы он ата, Иляс пен Кәһп арасы он ата, Кәһп пен Мұхаммед арасы тоғыз ата".

Ал екінші кітаптың бірінші томында "Бісміллаһірраxманір-Рахим... Ұлық Пайғамбар – 28, Ұлық пір – 26... бірінші пір Мұхаммад ғаләйһімүссаәлам – атасы Әділла, екінші пір – атасы Кәһап, үшінші пір Омар – атасы Қытап, төртінші пір Осман-атасы Аппан, бесінші пір Әзрет Әли – атасы Әбуталып" десе екінші шежіре томында Әбу Бәкірден тараған Һысамиддиннің өз бұтағы жайында "Әбу Бәкі ден Һысамиддинге дейін 1 батаны біртіндеп айтамыз: 1. Әбу Бәкір Сыддық, 2. Сұлтан Мұхаммад, 3. Әзірет Ақсұлтан, 4. Сұлтан Қасым, 5. Сұлтан Кәһп, 6. Сұлтан Мәуліт Шайық, 7. Мулки-ша, 8. Шабурмәлік, 9. Сулейманмәлік, 10. Мансурмәлік, 11. Піржанмәлік, 12.Әбділмәлік, 13. Қайсармәлік, 14.Қаюммәлік, 15.Әбділламәлік, 16. Һисамиддин (Сунақ-Ата) " деп көрсеткен. Негізінен өз кітабымыздың бас жағындағы сунақтардың қолжазбаларынан алынып көрсеткен атауларымызбен бірдей,тек Мұхаммадтың алдында Әбдіалла жоқ және бірнеше жерде Сайд деген сөздің орнына Сұлтан деп жазылған. Мұхаммад пен Әбу Бәкірдің шығу тегі Курейш тайпасынан. Сонда сунақтардың шығу тегі жайында жазылған бірінші рет шыққан кітапқа 16 ғасырдан аса уақыт өтсе, екінші рет жазылған кітаптың шығуына 9 ғасырдан аса уақыт өткен. (213)

Ел арасында да Сунақтардың Әбу Бәкір Сыддықтан тарайтыны айтылатын. Үлкен ақсақалдар түрлі себептермен бас қосқанда өткен тарих та қозғалып, салиқалы әңгімелер түйілетін. Әр жиында болмаса да біздер жастар сол үлкен кісілердің жүрекжарды айтқан әңгімелерін тыңдайтынбыз.

Ақсақалдарға құрмет көрсететінбіз. Сондай ақсақалдардың бірі Аббас молда еді. Ол кісі Жаңақорған орталығындағы "Сырдария" көшесінің бас жағында тұрды. Үйі орталықтан өтетін халық атап кеткен көл (канал) жағасында болатын. Бау бақшада небір өсімдік өсетін. Жүзім, алма, өрік, нан жиде т.б. Сол Беркімбаев Аббасты сырқаттанған адамдар "дем" салдыруға шақыратын. Оның халық арасында "Хойменi" аты болатын. Аббастың бет әлпеті, пішіні Иранның рухани көсемі Аятолла Хойменiге аумай келетін. Қожа-молдалар ортасында құран оқып, төрде сабырлы, баяу әңгіме айтқанда үйып тыңдайтынбыз. Ол кісі сонау Иса пайғамбарымыздың өмірі туралы, басқа да әулие кісілерді түсінікті етіп айтып отыратын. Арасында басқа да әңгімелер де сөз етілетін. Сода сол кісінің өз аузынан Сунақтардың Әбу Бәкірден тарайтынын естеген кездер де болды. Ауыл ақсақалдары Бәдірқожа, Сәрсенқожа, Арын сияқты елге сыйлы ақсақалдар да ол кісіні қоштап сөйлеп отыратын. Осының бәрі шындығында қазақ тарихы екенін біз білсекші. Бірақ, қаншалықты өздерінің шығу тегін Әбу Бәкір Сыддықтан таратса да Сунақтар еш уақытта кеуде соғып, мақтанып, не масаттанған емес. Себебі, ақсүйектік ерекшілік қанында сақталған.

Енді сол қазіргі сунақтар жөнінде 1992 жылдың қазанында Сунақ-Ата кесенесінің ашылу рәсіміне арналған салтанатты тойына байланысты баспа жүзінде жарық көрген деректен (Ә.Әйтмағамбетұлы, Ж. Ақсақалұлы. Ниеті түзу адамға Алланың нұры жауар. "Сыр бойы" газеті, 5 қараша, 1992 ж.) бір-екі үзінді бере кетейік дейді Ж.Ержанов өзінің кітабында: (214)

"... Сунақ бабаның (Һисамиддин) рухына тағзым етуге оның ондаған мың ұрпақтары бүгінде облыс емес, республика, қала берді көрші мемлекеттердің түкпір-түкпірінен бас иіп, зиарат ету үшін осында жиналып жатыр. Ас беру рәсіміне облыстың Арал, Жалағаш, тағы басқа аудандарынан, Өзбекстаннан, Шымкент облысынан, Қарақалпақстаннан, көрші Түркістан ауданынан арнайы делегациялар құрамында мыңдаған адамдар келді. Облыстың қадірменді бір топ ардагерлері арнаулы көлікпен келіп әулиеге құрмет етті. Ағылған машиналар мен адамдар легінде шек жоқ". "31 қазан. Күн шуағы молынан төгіп тұр. Ұрпақтардың аруақтарға арналған ыстық ықыласы мен ниеті, ата-баба аруағының өз ұрпақтарының бүгінгі жасап жатқан мұсылманшы-

лық рәсіміне деген ризашылығымен табысқандай әсер алады. Қасиетті құран сөзі күңіреніп естіледі".

Баяғы өткен заманда бір мұсылман:
Ақыр заман алдында
Құрамалы үйің болады,
Толқымалы биің болады,
Едірейген ұлың болады,
Бедірейген қызың болады,
Кекірейген келінің болады,
Ақырайған әйелің болады,
Босағадан биік тауың болмайды,
Туысқаннан артық жауың болмайды,
Тана, торпаққа жүк артылады,
Ар, ұяттан жұрдай болып,
Қарап тұрған жігітке қыз артылады, –

деген екен. (215)

..."Дәл осындай бір заманда осыншама халықтың осы тойға жиналуы; олардың кесене ішіне кіруге рұхсат бергеннен кейін таудың тасқын суындай ағыла кіріп Сунақ-Ата-ның бейітін қаптаған ақ мәрмәрді құшақтап сүйіп, жылап, тағы ақ орамалдарымен, қолдарымен мәрмәрдің үстіндегі тозаңдарды сүртіп, маңдайларына, беттеріне, мойындарына жағып жатуы; әулиені аяқ-асты етпей басқа қанатындағы тепкішектер арқылы айналып өтіңдер деген кезде, есіктің кіре беріс жерін қылышпен кескендей, адамдар 90 градус бұрылып, айтқан жағымен өте беруі; кесененің айналасында ауруларды ем болсын деп орамалдарына түйіп алған топырақтарының нәтижесінде соғыс кезіндегі солдаттардың жанталасып қазған окоптарындай көптеген терең-терең шұқырлардың пайда болуы – бұл әулиенің халыққы жоғарыда айтылған шығу тегі белгілі екендігіне дәлел. Тек ұрпақтан-ұрпаққа берілуі арқылы бұл жағдайдың көне ғасырлардан күні бүгінге дейін баспа жүзіндегі дерексіз жетуі халықтың шындықты білгені де, айтқаны да. Халық айтса қате айтпайды.

"Тарихта жазылған дерек бойынша Сунақ-Ата қайтыс болғаннан кейін, Меккеден алып келген қара жібектен жасалған арабіна жазулары мен қасиетті туды мазарының басына түсіріп, іліп қойған. Бұл кісінің "Нихая" деген кітаптың авторы және қасиетті әулие екендігі, бейіті ұрпақтарының аяқты, даңқты орны болып саналатыны жайында ертерек-

терде баспа жүзіндегі деректерде жазылған. Сол кездерде халықтың ұғымы бойынша Қожа Ахмет Йасауидің алғашқы кесенесі кіші Мекке ретінде болса, Сунақ-Атанаы кесенесі кіші Мәдина ретінде саналған. Сондықтан, тарихи деректер бойынша, Сунақ-Атаның басына қажылыққа келушілер, күн сайын топ-топ болып үзілмей сыйынушылар, намаз оқитындар, тағы басқа да мұсылманшылық ниеттерімен көптеген адамдар келіп тұрған. Қожа Ахмет Йасауйдің имамы болған Сунақ-Ата, халық арасында осындай қасиетті әулие атағында болғандықтан, бұл кісінің мазарының айналасына, төңірегіне атақты дала адамдарымен қатар, Сунақ қаласының хандарын, кейбір өзбек хандарын, тағы басқа да белгілі адамдарды жерлеген. Осы себептерге байланысты бұл маңайдағы мазарлар түгелдей Сунақ-Ата некрополь кешені деп аталған. Осы кешенде жерленгендерден тарихта аты қалғандар: Ерзен хан, Шайбан хан мен оның тұқымдары, басына Көк Кесене кесенесі салынған Әбілқайыр хан және Сунақ-Атаның өзі". (216)

Ислам дінінің алғашқы кезде екі туы болған екен: біреуінде күн, екіншісінде бүркіт салынған. Қазақстан мемлекетінің Күн мен Қыран салынған туы, шын мәнісінде қазіргі бүкіл мұсылман халқының да туы болып саналады. Сондықтан ата-бабалары мұсылмандардың Сунна жолын таратқан, бес атадан тараған сунақтар, бес саусақтай бірігіп үлкен бір жұдырыққа айналып бүкіл Қазақстандағы мұсылмандармен және басқа да азаматтармен бірге осы ту астында өз Отанын қорғауға белсене атсалысуға, бейбітшілік кезде бір-біріне жұмыла көмектесіп, өздері сияқты басқа да ту астындағылармен ауызбіршілікте, ынтымақтастықта, достықта, сыйласу жағынан интернационалдық рухта өмір сүруге тиіс.

* * *

Жоғарыда Ислам теологі Маулана Саийид Абуль Ала Маудидидің Суннах мұсылмандарының киім киісінің ерекшелігінің себебін айттық. Енді осы жерде Сунақ әйелдерінің де өзгелерден бетін тұмшалауы сол революцияға дейін де, бүгіндері де байқалады. Соңғы кездері қызығушылық танытқан "Нұр" Медиа Холдинг журналистерінің зерттеуі бойынша Жаңақорғандағы Сунақтардың 77, 7 проценті араб тектес болып шыққан.

Сунақтардың әйелдерінің киімі мен мінез-құлқы мұсылмандарша дамып келеді. Киімнің ішкі (өмірлік көзқарас пен тәртіп) және сыртқы (киім) хиджабы болған. Киім әйелдің беті мен саусақтарынан басқа жерін міндетті түрде жауып тұрған. Мойын, иық, сырға тағылған құлақ кісі көзінен таса болған. Еркектер сұқтанатындай тым әдемі киім киметен. Иранның чадоры сияқты болмаған. Ислам әйелдерінің киімі Исламға иланбаған әйелдердің киіміне ұқсас болмаған.

Пайғамбар (С.Ғ.С.) заманында өмір сүрген әйелдер үйден шығарда жилбаб (үстіне ілетін плащ) пен химар (бас киім) киген де. Шафиғилер (Х ғасырда Отырарлықтар осы мазхабта болған) мен Ханбалилер әйелдер беті мен саусақтарын да жабатын болған. Ал, Мәлік мазһабындағы (Сунақтар VII ғасыр мен XI ғасыр аралығында осы мазһапта болғандығы тарихи құжаттардан белгілі) әйелдер бет пен саусақты жаппаған. Бүгінгі Ханафилер де сол Мәлік мазһабын ұстанады. Ягни, арасында ешбір айырмашылық жоқ.

"Хиджаб" тек сырт киімге қатысты пікірді білдірмейді. Мұсылман әйелдерінің жүріс-тұрысы кешегі кеңес заманына дейін жақсы болғаны белгілі. Бүгінгі заман ағымына еріп кеткендері де бар. Ол үшін көп тәрбие жұмысы қажет. Мұсылмандарға қарапайымдылық, ұялшақтық, ұяңдық жарасады. Пайғамбарымыз (С.Ғ.С.) оны сенімнің бір бөлігі деп атаған.бүгінгі мұсылман әйелдері хиджап киетініне не кимейтініне қарамастан, ислам қағидаларына лайықты киім киіп, жүріп-тұрса нұр үстіне нұр емес пе.

Сунақтардың бүгінгі тұрмыс-тіршілігі де көп ретте жергілікті жұртшылықтан ерекшеленіп тұрады. Әсіресе, отбасында, үй тұрмысында, бақша мен ауланы ұстауында айырмашылықтар бар. Бақуатты тұру мен үйді таза ұстаулары да басқаға үлгі.

Адамзат баласының бір ерекшелгі қоғам құрып бірге өмір сүруі және әлеуметтік қатынас жасауы. Аллаһ Тағала адамзатты осылай өмір сүруге жартқан. Құран Кәрімде: *"Ей, адамзат! Сендерді біз әуеліде бір еркек, бір әйелден (Адам Ата, Хауа Ана), бір ата, бір анадан жаратып, орбіттік. Өзара қарым-қатынас жасауларың үшін көптеген ұлт, ұлыс етіп көбейттік" ("Хужурат" сүресі, 13-аят), делінген.*

Ал қоғамда әр азаматтың басты міндеті қоршаған ортада бірілік пен ынтымақты сақтап, бөлінушілікке, бүлікке

ел тыныштығын бұзатын жәйттерге жол бермеу. Мұсылман кісінің қоғамнан бөлініп, ел ішіне іріткі салуы үлкен күнә екенін Аллаһ Тағала: *"Бүлік жасау (фитнә) – кісі өлтіруден де ауыр қылмыс" ("Бақара" сүресі, 217-аят), – деп білдірген.*

Өзін шынайы мұсылман санайтын адам Аллаһтың сүйікті құлы болуын қаласа, туыстарын және танымайтын адамдарды да ғайбаттап, өсектеуден сақтануы керек. Өйткені өзгені сыртынан жамандап, бетіне тура айта алмайтын адамдар екіжүзді, сатқын деп есептеледі. Мұндай жиіркенішті қылықтар көпшілік арасына от тастап, дау-дамайға итермелейді. Қоғамның іштей іруіне алып келеді. Бұны шайтани іс-қылық деп санайды.

1992 жылдың жаз айында дарынды режиссер Қалила Омаров Алматыда жолығып қалды. Ол халыққа деректі фильмдерімен енді танылa бастаған кезі еді. Өзінің аңғал да ақкөңіл мінезімен маған: "Асеке, кеше "Қазақстан телевидениесі мен радиосы корпорациясында" Сунақтарға жала жабылған мақаланы таратып жүрген жігітті көрдім. Ұяттау сөздерді де басыпты. Соған өзі қуанатын да сияқты" деді. Оның бұл айтқандарын естіген мен: "Білемін, Байботаның жазғандары. Өзінің тақпақ жазатыны бар. Жалпақ бас, қасқа ма?" – дедім. – Ия, өзі де бір ұсқынсыз "тәшқара" екен. – Қалеке, онда дайындала бер, ендігі кезек Қожалардыкі. Бұлардың сөз саптасының қарқынына қарағанда ниет-пиғылының түрі жаман. Сунақ, Қожа емес, Аллаһ Тағала кешірсін екеумізді, бұлар Құдайға да қарсы айбат шабатын түрі бар" дедім де: "Жазса жазсын сол тасқара, ертең арты... ашылып, болады ол масқара!" – дедім.

Сол айтылған сөз қапе-қатесіз тура шықты. Көп ұзамай Серікбай Байбота Қошым Ноғай "Қожаның қожасы кім?", "Құдайдың құдіретті есімі кім?", "Отыз тістен шыққан сөз"... "Адам Ата мен Хауа Ана қай тілде сөйлескен" сияқты мақалаларды газет беттеріне жариялады.

Ең алдымен Байбота Серікбай Қошым Ноғайдың Қожаман Құдай атына қатысты мақаласы және Сунақ атына жапқан жалалы сөздері төбе шашыңды тік тұрғызады. Жоғарыдағы аты аталғандар бір бірінің ауыздарына түкіріп қойғандай Сунақ ағайындарға айтпаған сөздері қалмаған. Олардың бұл мақалаларын оқыған қазақта ғасырда біртуар ақынымыз Фариза Оңғарсынова: "Аналардан осындай да арсыз пенделер туылады екен, бұлардың не жазғаны? Адамда ар-

ұят дегендер болушы еді", – деп реніш білдірсе де, кейіннен жазылған Ж. Ержановтың, Ә. Жәмішевтердің мақалалары коңілімді демдеді деген еді.

Алайда, олардың пәтуә сөзге тұратын ақылы болды дейсіз бе? Сунақ та үлкен бір қауым ел екенін, сол жазғандармен құда-құдандалас екенін, бір ауылдың шаңырағында туып өскендіктерін, ата, аналарға ауыр сөз тиетіндіктерін, өздерінің де қыз өсіріп отырғандықтарын бір мезет "сайтани" қылықтарымен ұмытып, бір күндік "жалған атақ" үшін небір күйтырқы істерге барған. Өздерінің жазғандары күні ертең алдарынан шығатынын ұмытқан. "Нақ" журнағына қатысты (Х. Махмудов пен Ғ. Мұсабаевтың "Қазақша –орысша сөздігі А., 1987) "қызойнақ", "қозыойнақ", "құланойнақ" "тырнақ", "жинақ","журнақ" деген сөздерді Сунаққа апарып телігісі келген. Сол сияқты Мойнақ, Шорнақ, Қарнақ атауларына да қатыстылығын жазған.

Бұл ой Байбота Серікбай Қошым Ноғайға неге келді екен? Қазақта: "кім не ойласа, ол соның өзі" деген қанатты сөз қалыптасқан. Бұндай "нақ" журнағы бар сөз Байбота Серікбай Қошым Ноғайдың өзі Есіркеп Кәрібайұлының жазбалары бойынша құрастырып, толықтырған "Қоңырат шежіресі" ұраны "Алатау" таңбасы "П" "босаға" атты кітапта кездесетінін айтқымыз келеді. (217)

Бұ арада автордың барлық аталарын тізіп шығу біздің міндетімізге жатпайды. Бірақ Сунақ атына жала жапқан "нақ" журнағына қатысты сөздің өзінің шыққан тегін де бірнеше жерде кездесетінін ел-жұрт тарихи дерек арқылы білсін деген ой. Бұны оқып отырған ниеті түзу ағайындар түсінеді деп ойлаймын, әрі өз басым олардан кешірім сұрай отырып, амалдың жоғынан: – Д. Досжан, Х. Тұрсынов, Б. Айсынов, Ә. Әбіласан, Байбота Серікбай Қошым Ноғайларға ғана қатысты айтылған сөз деп ұғатындықтарына сенемін.

Жоғарыдағы авторларға олардың көтеншіден тарайтынын айта отырып, бұл сөздің түбірі мен журнағын анықтап, беделді басылымдарға басатын болса құптайтындығымды да ескертемін.

Кеңес кезінде "Тюркология" журналы басылатын. Қазір оны Қазақстан қолға алып Қожа Ахмет Йасауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті шығарып келеді. Сол журнал арқылы дүние жүзі түрколотарының басын қосып Көтенші атауының түбірі мен журнағына қатысты конфе-

ренция өткізсе қатысуға мен әзірмін. Ал оған дейін басқаға күле қарайтын жоғарыдағылардың кімнен тарайтынына азмаз тоқталғанды жөн көрдім. Көтенші, (бұл Д. Досжанның шыққан түп атасы, мұрағаттар деректерін зерттеп, ол жайында әфсананы халыққа ұсынады деп үміттенеміз) Жетіммалай (Қоңыршұнақ), Қырғызәлі (Дүкенбай Досжанның жазуынша Қырықзалы, кітабын қараңыз), Сасық, Жартыбас, Көтей, (бұл атаулардың қайдан шыққанын сартты сары иттен таратып жаңалық ашқан "ғалым" Хазірет Түрсыновтың еншісіне қалдырамыз.) Бақтыкөт, (бұл атаудың жұрнағы ескі түркі тілінде де М. Қашғаридің "Түбі бір түркі тілі", Диуани луғат ит-турк кітабында Алматы, "Ана тілі" 1993 ж. анық көрсетілген, сондықтан "шүмерші Тигр өзенін Тәң-йір сөзінен шығаратын, өзін Египет – Шумер перғауыны Осирис (Олжас Сүлейменовтің "Қыш кітабында" Осирис – "ветер зада") санайтын Әбілхан Әбіласан толық зерттеп, "сенсациялық жаңалық" ұсынады деген сенімдеміз.) Манақ (бұл атаудың қайдан пайда болғанын қазаққа жаңа сөз тауып беруші "нақ-нақ" – "бақ-бақ" авторы Байбота Серікбай Қошым Ноғайдың өзіне қалдырдық.

Б.С. Қошым Ноғай – "Жынойнақ" сөзі жұрнақ арқылы қабысады, сол сияқты Х. Махмудов пен Ғ. Мұсабаевтың "Қазақша-орысша сөздігінде" (А., 1987) "ойнақ" деген сөзге: "открытое место, где происходят развлечения; Қызойнақ место развлечения молодежи; Қозыойнақ место где развятся ягнята, Құланойнақ место стоянки куланов", – деп түсінік беріледі. Бізге ұғынықты болып тұрғандай, мұндағы " – "нақ" ("-ақ") деген жұрнақ бұл күндері бұлыңғыр тартса да, өзінің байырғы "мекен", "орын", "қоныс", "жер", деген тәрізді мағынасын көмескі болса да аңғартып тұр. "Ойнақ" ("ойын-нақ") – ойын өткізетін жер, ойнайтын орын, ойнайтын мекен екенін ұғынамыз. Сонымен қатар "ойнақ" ("ойын – нақ") – соғыс алаңы, ұрыс алаңы. Мысалы: "Толып жатқан қалмаққа Тарғын салды ойынды" ("Ер Тарғын") "Ойын" мұнда "соғыс", "ұрыс" деген мағынада қолданылып тұр. Махмұт Қашғари өзінің әйгілі "Диуанында" "ойнағу иір-ойнайтын жер, қызойнақ", "түнәк"-түнек, түрме, зындан" деп жазады. Бұл сөздерден де біз әңгіме етіп отырған "-нақ"-тың әр түрлі айтылуынан хабар алғандаймыз, – деп жазады. (218)

Сунаққа өзі құлап жатып күлгенін, ол өзі біле ме екен? Сунақты сонша мазақ қылатын Б.С.Қошым Ноғай кім?

Ошің арғы атасын бүркеншік атпен алған Ноғай не мағына береді? Біреуді сынау үшін, өзіңнің барлық жағың арың да таза болу керек емес пе? Мұңкүп жүріп, сүрінгенге күлгенді не дейміз? Енді Б.С.Қошым Ноғайдың қайдан шыққанын талдап көрелік.

Бұл арада ноғайдың сартпен әдет-ғұрпының ұқсастығын да айта кеткен орынды. Оны "Көшпелі болған жұрттың шаруасы бар, Сарт, ноғай жан сақтайды саудасы бар" атты қазақ мақалы бұлтартқысыз дәлелдейді. (219)

Бұ жерде "нақ" – "нақ" авторы өзінің ұзақ аталатын Байбота Серікбай Қошым Ноғай атауындағы Қошым сөзінің де түп-төркінінің шығу тегін ашып алғаны дұрыс болар еді. Олай етпесе, оның бұл олқылығын біз толтырамыз. Ескі және жаңа түркі сөздіктерінде Қошым топонимі Қосын мағынасын беретіндігі дау тудырмайды. Буын-буынға жіктегенде былай қуалап алып, түп негізін табамыз: Қошым, -Қосын, -Қос-ін, яғни "ін", "тесік", "үңгір" "қалта тесігі", "қос тесік" т.б. деп топшылаймыз.

Осы "Қоңырат шежіресінің" авторының Ноғай атадан тарайтынын көріп отырмыз. Ноғай қалмақ даласында да кездеседі. Ноғайды Естекпен (Башқорт) аталас санайтын шежіре көздері де бар. "Ана тілі" шежіре кітабының "Қазақ шежіресінде" (220) Ноғай руы туралы былай жазады: ..." Ноғайлылар XVII ғасырда Ноғай ұлысының соңғы Ордасы Астархан хандығы құлаған соң қазақ жеріне келген...

Біз сөз етіп отырған қазақтың Құрама (Жинақ) тайпасының ноғайлылары қазіргі уақытта Қиуа, Ташкент мандарын мекендейді.

"Ноғайцы – народность, насчитывающая более 50 тысяч человек, до 1957 года проживала компактно на территории Ставрополья. Затем, когда несколько районов края Никита Хрущев передал Дагестану и Чечено – Ингушетии, часть ногайских сел и аулов оказалась за пределами региона... На Ставрополье ногайцы сегодня проживают главным образом в Нефтекумском районе. Их общая численность превышает 13 тысяч человек, – деп жазады (221).

Осы "Қазақ шежіресінде" Қазақ қырғызәлілері – Қырғыз халқының солты тайпасының бір бөлігі делінеді. Олар XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ жеріне келген. Бертін келе қырғыз солтылары қазақ тайпаларымен араласып кетті. Қырғыз-солты сол кезден бастап қазақтың қырғызәлі руы (Дүкенбай Досжанның шыққан тегі) атала

бастады. Қырғызәлінің бір бөлігі Орта жүздің Қоңырат тайпасының құрамына бертін келе енген. Қырғызәлілердің әдет-ғұрпында, тіл ерекшелігінде аздап қырғыз-солтыларға тән қасиет сақталған. Бізге кірмейтін қырғызәлілер Ақтөбе маңын мекендейді.

Б.С.Қошым Ноғай өзінің "атақты" "Нақ-Нақ" мақаласында ("Нақ" тек қана жұрнақ па?): Махмұт Қашғари еңбегінде оғыз тайпасының бір руы иуа екендігі көрсетілген. Жүйнек топонимінен (Иуа-нақ – Иуғ -нақ – Иүгі -нек - Жүйнек) осы ру атауын ұшыратқандай боламыз" деп тағы да "нақ"-"нақ" арқылы қазақта жоқ сөзден Сунақ руын шығарып алғысы келеді.Бұл не сонда? Бұлардың Сунақтан басқа жұмыстары қалмаған ба?

Иуа тайпасының аты "нақ" жұрнағынсыз Хиуа-ның мағынасын ашып түрған жоқ па? Хиуалықтардың ежелгі түркі жұртымен бірге өмір сүріп кешегі күні хандықтан айырылғандығын жазса жарасар еді. Бұлай тақпақтап "нақ" – "нақ" – "бақ" – "бақ" деп бақаша бақылдағанша ол шындықты неге мойындамайды? Сөзден сөз қуып, әрбір атауды түрліше құбылтып, ойната бергені "ғылыми" жаңалық бола ма? адамдардың аттарын, ру, тайпаларды, ұлтты бір буынды дыбысқа айналдырсақ не "қытай" не "көріс" жұртының есімдері мен сөздері сияқты қазақ түсінбейтін атаулардан аяқ алып жүргісіз болып, өз мағынасынан айырылып қалмайды ма?

Тағы да сол Байбота Серікбай Қошым Ноғайдың (өзінің жазғанындай) соңғы атауын алып бір не екі әріпті буынға бөлер болсақ, "тырдай" (тыр жалаңаш) болып, мағынасынан айырылып жүнін түткен тауықтай болмай ма? Мысалы үшін жәй "эксперимент" жүзінде Байбота сияқты "ақындарша" сөз ойнатып көрелік: "Ноғай-Ноқай-Ноқатек".

Бұған күмәнданса "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін" қарағаны дұрыс болады. (222)

Ноғай зат. Әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты жағынан қазақ пен қарақалпаққа жақын, негізінен Ставрополь өлкесі мен Дағыстан АССР інде тұратын түркі тектес халық. Әбілқайыр тұсында қазақ, ноғай қауымдары аралас-құралас көшіп жүрген. (І. Есенберлин. Алмас қылыш). Бұл кісі – Ноғай. "Татарсың" дегенді қатты көңіліне алады. (Р. Тоқтаров, Тұлпар.)

Олжас Сүлейменовтің "Аз и Я" кітабында да ноғай жайында өте әдемі, әрі нақты айтылған. Оқиық:

"Генеалогиялық аңыздар итті (кейіннен бөріні де) түркілердің арғы тегі дәрежесіне жеткізді. Мысалы, қырғыздар өздерін Қызыл тазының (қызыл тайған) ұрпағымыз деп есептейді, өйткені бекзада қыз бен оның 40 нөкер қызы сол қызыл тазымен көңіл қосқан екен. Қырғыздың тағы да басқа бір аңызы бойынша, сол бекзада қыз бен оның шашбауын көтерген қырық қыз Ыстықкөлдің ақ көбігінің дәмін татып, бәрі жүкті болыпты. Сірә, Ит қырғызша "ақ көбік" ақ кобок. Тобыл татарларының қаһараман арғы тегі Ақкобок (Ақ төбет) аталады. Ақ-Ноғайлар өздерінің арғы тегін ақ кобок (Ақ Төбет) деп санайды. Оғыз – қарлық диалектілерінде – "қабок" (көбек, кобяқ) – төбет, ит. Кобяқ (ит)-түркі тайпалары арасында көп тараған есім; ақноғайларда "кобек" (Ақ Кобек) деген ру бар. Ол Ақ-Көбек деп аталған". (223)

В.А. Гордлевский "ақ-ноғай" – "ақ көбек" (Ноғай – ит, моңғолша) деген алғашқы атаудың жартылай аудармасы екенін айтпай кетеді. Бұл атау Кіші Азия да да кездеседі.

Аргытек болып саналған – итке деген көзқарас ұзақ уақыт бойы сақталып келген. Егер башқұрттың (Ноғай –башқұрт аталас. А.С.) балалары жиі өлсе, жаңа туған нәрестені аман сақтау үшін шешесінен айырып алып, қаншық иттің бауырына салып асыраған. (224)

Ягни, Байбота Серікбай Қошым Ноғайдың Сунаққа күлстіндей ештемесі жоқ. Нағыз қызойнақтың ордасы – қаншық иттің бауырына басқан Ноғай болып шығады.

Жазушы Таласбек Әсемқұловтың бір ақынның өз сөзін өзіне келтіргеніндей, біз де тақпақ жазатын Байбота Серікбай Қошым Ноғайға: "Өленді ақ қарға сиіп жазамын деп жүріп, шотейін бала кезінде үсітіп алған екенсің" ергежейлі эгоизмге арқа сүйеген мүсәпір ойдың жетегінде жүре бермей ашық, кешегілді болып, мұсылман дүниесіне де оң қарап қойғанда дұрыс болмақ демекпіз.

Бұны өзін әсіре дәріптейтін Сунақ руына жала жапқан Хазірет Түрсыновқа да қарата айтамыз.

Ноғала зат. Көздің қарашығын ақ шел қаптайтын ауру, көзге түскен ақ дақ. Малдың көз ауруларының көпшілігі көздің кілегей қабығының қабынуы – ноғала (коньюктивит) болады. (Ә. Әбішев..., Мал санитары.). Ноғала бола бастаған көзге қант және қарағай көмірінің үгінділерін салатын. Бұдан жазылмаса, оташылар шақырып, ноғаласын сылатын. (Х. Арғынбаев, Қаз. Этногр.)

Қазақ: "Жақсымен жақсы жанасар, арлымен арсыз таласар. Білімсіз надан білгірсіп к...іменен бал ашар деген сөзді Байбота Серікбай Қошым Ноғайға арнап айтқан.

К... қатысты сөзге Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің 5 томында (Қазақ КСР-інің "Ғылым" баспасы. Алматы, 1980) 50 (елу) жерде анықтама берген. Онда ірі ақын-жазушылар, мен Абай ауыз екі тіл, айтыс, батырлар жыры, т.б. халық ішінде айтылатын қазақ мақал-мәтелдерінен де мысалдар келтіріледі.

Мен оның бәрін тізіп жатпай, кітап көлемі көтергенмен, оқырманды жалықтырып алатын болғандықтан аз ғана дәйектемелерге тоқталдым.

Сунақ руына сүлідей жабысқан Байбота Серікбай Қошым Ноғайдың өзі шыққан Көтеншінің түбірі не? Соған келейік: ұлы сөзде ұят жоқ.

К... зат.1. Анат. Зәр шығаратын, үлкен дәрет тастайтын органдардың, сондай-ақ жыныс мүшелерінің жалпы атауы, дәрекі сөздер тобындағы есім. Басы мүйіз, к...і киіз бір мыстан кемпір келді. (Алпамыс). Біреулер к..іне құрым киізді түзға малшып тыққан соң, есі шығып, еріксіз кім болса соған талтайып емізіп жүр. (Абай, Тол. Жин.)

2. Ауыс. Адамның бөксесі, май құйрығы, малдың сауырсыны (к.. ше майы). К.. ке теуіп бәрін де, үйден қуып, Төрт адамзат бәрі де қалды дейді. (Батырлар жыры). Етек кеткен жайылып, Ат к.. іне жалпылдап, Оязға жетсін деген боп, Боқтап жүрмін барқылдап (Абай, Тол. Жин.). Ауылдың қатын-қалаштарына дейін жабылып: – Ат к..іне байлаңдар, қабырғасын сөгіп, бүйірінен өтін жарып алыңдар! – деп, жамырап жатты. (Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер).

3. Ауыс. Соңы, шеті, түбі. Мен көрдім дүние деген иттің к...ін, Жеп жүр ғой біреуінің біреу етін. (Абай, Тол. жин.)

"Көңілсізден к..сіз бала туады." Ынтасыз адамның ісі шала болады. Енжардың ойы дала, ісі шала, Туады көңілсізден к..сіз бала (Айтыс). К..алақшы. Сатқын, екі жүзді, бәтуәсіз. Үріккен "үркер" ұқан арқар, Ол да біздей адасқан, "жеті қарақшы" – к..алақшы. Кімге туып жол ашқан? (І. Жансүгіров, Шығ.). К..і ашылды. Абыройы төгілді, ұятқа қалды. (Біреудің) Біреудің жорғалықпен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады, тек майырдың күлгені керек деп, к..і ашылса да қам жемейді. (Абай, Тол.жин.)

Жақсымен жақсы жанасар, арлымен арсыз таласар. Білімсіз надан білгірсіп, к...іменен бал ашар (Үш ғасыр.). К..і жоқ. Табан тірері жоқ, бәтуасыз, табанының бүрі жоқ. Жатқа қарар беті жоқ, Жалынбай тұрар к..і жоқ. Ісі кетер шалысқа, Кім шабады намысқа? (Абай, Шығ. жин.)

Б.С. Қошым Ноғай мен Әбілхан Әбіласан көп ретте М. Қашғаридің "Түбі бір түркі тілі" жазбасына жүгініп отырады. Бірақ, сондағы жазылған жер, ру, су аттарын бұрмалауға құштар. Не болса да жаман атаулы сөзді Сунаққа айналдырып әкелгісі келеді. Аллаһтың құдіретімен олардың бұл жалалары жолшыбай шашырап "әдірәм" қалып жатады. Айналып келіп "сұғ", "нақ", "әм", "ие", "көт" сияқты сүйікті сөздері өздерін тауып жатады. Сенбесеңіз төменде бірнеше факт келтіреміз.

"Сақтар, ғұндар және ежелгі түркілер арамей, соғды, тұрфан, көне түркі жазуларын кеңінен қолданған.

"Арамей" жазуы – б.з.б. мыңыншы жылдың басында финикия жазуы негізінде пайда болып, арамейлер арасында кең қолданылған көне жазу түрі. Бірыңғай дауыссыз дыбыстардан тұрады. Әр дауыссыздан кейін дауысты дыбыс қосылып оқылды. Оңнан солға қарай жазылады.

"Соғды" жазуы – арамей жазуының бір түрі деуге болады. Соғды жазуының негізінен екі жазуы бар. Бұл жазу согдиана немесе соғды деп аталатын мемлекетте қолданылған. Согдиананың негізігі халқы көшпелі және отырықшы сақ тайпалары болған.

Тұрфан жазуы (ұйғыр жазуы) – б.з.б. бірінші ғасырдан бастап, б.з. тоғызыншы ғасырына дейін қолданылып келген көне жазулардың бір түрі. Бұл жоғарыдан төмен қарай жазылып, тік әріпті жазу болып келеді. Турфан жазуының әріптері сөз басында, ортасында, соңында әр түрлі болып таңбаланады.

Көне түркі жазуы – түркі тілдес тайпалардың тұңғыш әріптік жазуы. Бұл әліпби 35 әріптен тұрады. Оңнан солға қарай жазылады. Бұл жазу түрінде 8 дауысты фонема бар. Олар 4 полифонды әріппен белгіленеді. Ал 16 дауыссыз фонема 31 әріппен белгіленіп жазылады.

Көне түркі жазудың кілтін 1893 жылы Дания ғалымы В. Томсен (1842–1927) тапқан.

Түркі тілдерінің жаңа даму дәуірінде, яғни XV–XX ғасырлар аралығында қазіргі түркі тілдері халықтық тіл болып қалыптасқаны мәлім". (225)

Сөз жоқ, атақты Махмұт Қашғари түркі тілді тайпалардың тарихына терең барлау жасаған. Ол жоғары бағаланды да. Бірақ осы кітаптың (М. Қашғари, "Түбі бір түркі тілі" ("Диуани луғат ит-турк") тәржімашыларына да (белгілі ғалымдар: Қанапия Бекетаев пен Әрсен Ибатов) құлақ асқан дұрыс. Олардың кіріспе сөздерінің кейбір тұстарынан үзінді келтіре кетеміз:

... "Диуан луғат ит-туркте" қамтылған сөздер – түгелдей түркі тілдеріне тән сөздер. Бірақ ол сөздердің түсінігін Махмуд Қашқари араб тілінде жазған. Осы себептен "Диуан" қаншалықты өз мұрамыз болғанымен, қарапайым халық тіпті білімді адамдардың да, бірден оқып түсіне беретін ескерткіш емес. Мұраның осы жағын ескеріп, біз осы кітапты "Диуанда" қазақ халқына қатысты (М. Қашқаридың "Түркі тілдерінің лұғаты" – "Диуану луғат ит-турк" үш кітаптан тұрады, біздер осы кітапты тәржімалаушылардың жоғарыда аты аталған кітабын пайдаланып отырғанымызды ескертеміз А.С.) қандай мәселелер қамтылғандығын нақтылы материалдармен көрсетіп отырып, көпшілік қауымға тиянақты мәлімет беру мақсатымен жазып тәржімаладық", – дейді.

Диуан – XI ғасырда, Қарахан дәуірінде жазылған мұра. Авторы – Махмуд ибн ул-Хусайин ибн Мухаммад ал-Қашқари (Махмут Қашқари) – Махмуд Қашқаридың өмірі туралы мәлімет өте жұпыны. Оның өміріне тікелей қатысты негізгі дерек әлемге әйгілі "Диуану луғат-ит турк деп аталатын еңбегі ғана. "Диуандағы" мәліметке қарағанда, М. Қашқаридың бұл сөздіктен басқа тағы бір "Китаб-и джавахир аннахв фи луғат ат-турк" ("Түркі тілдері синтаксисінің қымбат қасиеттері") деп аталатын еңбегі болған. Бірақ бұл еңбектен еш дерек жоқ.

Махмудтың өзінің айтуынша, "Диуанды" жазудан бұрын ол түріктердің барлық елі мен даласын түгел аралап шыққан. "Диуанды" жазудағы Махмудтың негізгі мақсаты түркі тілінің мәртебесін жоғары көтеріп, оның араб тілінен ешқандай кемдігі жоқ екендігін дәлелдеу болған дейді А.Н. Кононов.

... "Диуанды" әр түрлі тұрғыдан зерттеген ғалымдардың аты-жөнін тізіп шығу мүмкін емес. Сол себепті біз "Диуанды" тілдік тұрғыдан зерттеген ғалымдардың ішінен тек В.В Бартольд, В.А. Гордлевский, Т.А. Боровиков, А.Н. Кононов, М.Ш. Шералиев, А.М.Демитрадзе, Т.М. Гарипов, В.И. Асланов, Ш. Шукуров, Х.Г. Нигматов, Ә.И. Фа-

ыпов, т.б. ғалымдар мен қазақ тіл білімінде Н.Т. Сауранбаев, С.А. Аманжолов, А.Н. Ысқақов, Ғ.Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрышжановтарды атаумен шектелеміз.

Орине, бұл ғалымдардың "Диуанның" тілі туралы айтқан пікірлері бір жерден шыға бермеген. Кейбір ғалымдар "Диуан" тілін ұйғыр тілі дегісі келсе, кейбірі – ескі өзбек тілі, ал, Ғ. Мұсабаев үйсін тілі, демек, қазақ тілінің ескерткіші дегенге дейін барған.

Біздің ойымызша, "Диуану луғат ит-турк" сөздігін белгілі бір тілге теліп, тұсап-матап тастауға болмайды. Онда қазіргі түркі тілдерінің бәрінің де сол кездегі тілдік мәліметтері келтірілген. Сол себепті "Диуанды" қазіргі түркі тілдерінің бәріне бірдей қатысты, бәріне бірдей ортақ тарихи мұра деп танығаң жөн... деп жазады жоғарыда аты аталған тәржімашылар.

Ал М. Қашқари кітапты 464 жылы жүмәди әл әуәл айының басында жазуға кірісіп, төрт мәрте көшіріп жазып, түзетіп, толықтырып, 466 жылы жүмәди әл әуәл айының оныңда, дүйсенбі күні аяқтаған. (Бұл қазіргі жыл санауымызша 1072–1074 жж.).

Байбота Серікбай Қошым Ноғайдың шыққан тегімен тұқымдас Хазірет Түрсыновтың (Сунақтарға шүйлігіп өте ауыр сөздерді айтып, басылымдарда жылт етіп көрініп қалған бұл автор да Көтеншіден шығады) өзбектерді сарт (сары ит) дейтіндей Қиуа, Ташкент жағында өздерінің аталары өмір сүргендігін "Қазақ шежіресінен" оқып білдік. Сарттармен араласып кеткен Х. Түрсыновтың үлкен аталары (шындығында Х. Түрсынов сарт – сары иттен тарауы мүмкін деген қорытындыға келсе, Қиуа турасы-Хиуа өзбектердің нағыз отаны) жайында да факті ретінде мына жолдарды келтіреміз. Бұл да жоғарыдағы "Қазақ шежіресінен" алынды. Тарихи құжаттарда Х. Түрсыновтың арғы аталары 1006 жылғы монғол жорығына дейін Ферғана, Қаршы (қазан революциясына дейін тәжік-өзбектер сарт аталып, мемлекетті солай атау үшін таласқа да түскен – А.С.) жерлеріне келіп сонда қоныстанған. Өзбектердің санын арттыруға кейінгі кезге дейін көп ықпал еткен. Яғни, өзбек-сарт болып кеткен. Сенбесеңіз "Түркістан" газетінің 2004 жылғы, 9 желтоқсанындағы "Өңкей ойдау, жалғанды дінім дейді", "Қазақстандағы діни – рухани ахуал шектен шығып барады" атты мақаланы қараңыз. Онда: ... "Қырым мен Кавказдан Оңтүстік Сібір арқылы Алтай аймағына, бұжынаған ұсақ-ұсақ халықтарға ұшырайсыз.

Әркімнің өз тілі бар, неше татам діни наным-сенімдерге жіктелген...сопы нахштың соңына ергеннің нәтижесінде мүлдем жат боп кеткен Өзбек ағам. Парсы – Соғды мәдениетінің ықпалында кетіп, "сарт боп кеткен", әйтпесе өзімнің нақ бауырым. Жиделі-Байсында сән-салтанат құрып, еркін жайлап жүрген бір қоңыраттың отыз атасы өзбекте, екі-ақ атасы қазақта қалып, өз бауырымнан өстіп қан жылап ажырағам"... деп зар жылайды.

Әркім өз отбасына иелік етеді. Сунаққожалардың атабабасын түгендеп беретін "құйынкөттер" өздерінің тарыдай шашылып жүрген жұрағатына жауап бергені мақұл. Тіптен, "құйрығы" жер иіскеместен Х. Тұрсынов Сунақ атауына қатысты тірі Сунақ сөзін өлі Сығанақ не Сагнақ не Сынғақпен алмастырғысы келеді.

Қалай дегенде де Жәнібек, Керей хандармен бірігіп көшкен ру, тайпалар алғашқы кезде "өзбек-қазақтар" деп аталды. Өзбек деген атау біртіндеп қалды да, қазақ деген атау тұрақтанып, қазақ халқының этникалық атына айналады. Ал "өзбек" атауы тағылған Орта Азияға ауған ру, тайпалар өзбек халқын құрайды. Сөйтіп "өзбек-қазақ" атанып жүрген өзбек хандығы кезіндегі этносаяси бірлестіктен туыстас екі халық құрылған. Осы туыстықтың куәсі ретінде қазақ халқында айтылып жүрген "Өзбек – өз ағам" деген мәтел бұл екі халықтың түбі бір болғандығын көрсетеді.

Ал атақты Әбілғазы өзінің "Түрік шежіресінде" (226) (Көтеншінің түп атасын) Қиян нәсілінен таратады. Ақын Мылтықбай Ерімбетов өзінің "Қоңырат шежіресі және оған қатысты әңгімелер: ұраны "Алатау"; таңбасы – "Босаға" атты кітабында:

"...Жезбике тегін кісі еместігін түсінген Құндызай бәйбіше, одан бата алып, бала көтерген. Сол Құндызай бәйбішеден туған баланы аузы дуалы Мелдеби, бұл Көтіне сенген бәйбішенің баласы, аты "Көтенше" дегендіктен, азан шақырып қойылған есімі айтылмай, одан тараған ұрпақ Көтеншілер атанып кеткен екен"... деп жазады.

Сол кітапта: ... Көтеншінің екінші баласының есімі Мақы (Бақы). Мақыдан Құдайберді қаражалқы туған. Құдайберді үш әйел алып, бірінші әйелінен Жаулыбай және Аманбай есімді екі баласы болған. Жаулыбайдан екі бала туған. Жаманбай және Қоңырсопы.

Жаманбайдың бес баласы болған. Жауғашты, Ноғай, Та-

патар (кейін Шоқпарлы атанады), Мәмбет (кейін Қира аталған) және Құрбан.

Жаманбайдың Құрбаннан басқа төрт баласы беліне белбеу байлап, ұрлық жасай берген. Ілгергі кезде басқа елдің малын ұрлап, қуып келгендерді "қума" деген екен. Жаманбайдың балалары бөгде елдермен бірге Көтеншінің басқа балаларына да күн көрсетпеген. Жұрт жоғалтқан малдарын іздеп келсе, Құрбан оларға малын туыстарының сойып жегендігін, иә болмаса басқа елге сатып жібергенін айта берген.

Құрбанның бұл қылығы басқа бауырларына жақпайды, олар ойласып, Құрбанның мойнына қыл арқан салып, бұындырып, өлер халге жеткізеді. Құрбан бұлардың аямайтынын білген соң, жалынып "енді айтпаймын" деп зорға дегенде аман қалады. Содан соң,"енді сендермен тұрмаймын, маған бір балта, бір қармақ беріңдер" деп сұрағаны қолына тиген соң,туыстарынан бөлініп, бір көлдің жағасына барып өмір кешеді....делінген. (227)

Сунақтарға "Сұғнақ" "Жинақ" "Сарт" т.б. сөздерді "жапсырғысы" келген. Ал шындығында нағыз "Жинақ" та "Құрама"да "Сарт" та солардың өздері болып шығады екен.

Сунақ қаласы X ғасырда ертедегі тарихи деректерде аталатындығын білдік. Ал сол ғасырда жоғарыдағы авторлардың ("Қазақ шежіресі", ғылыми дәйектер мен "Ана тілі" газетіне түскен шежірелік мәліметтеріне сүйенсек – А.С.) ата-бабаларының монғол жерінен Ферғана мен Қаршы жеріне қобырымен кеп қоныстанған. Одан Бұқара жағына ауады. Яғни, Сырдария (X ғасырда Сейхундария) бойында олардың болмағандығының айқын көрінісін осыдан табамыз. Шыңғысханның баласы Жошы Сығанақтың (XII ғасыр) күлтәлқанын шығарғаннан кейін XIII ғасырда қазақ ұлысының құрама тайпасына енген. Сығанақты қорғауға қатыспаған. Ал Отырарды айтпағанда Сығанақ тұрғындары өлмей өлеспеген сол соғыста жау шабуылына алты күн тойтарыс берді. Бұндай ерлікті Орталық Азия қалаларының бірі де бірі көрсете алмады.

Бұдан бірі қырдан, бірі ойдан жиналған жоғарыдағы авторлардың шыққан жерін бағамдадық. Яғни, бірі монғол, бірі жоңғар, бірі ноғай, бірі өзбек, бірі сарт, бірі қырғыз ұлыстарынан кеп қазақтарға қосылатын авторлардың Сунақтардың атына неге осынша шүйлігіп, жала жапқандарын түсіне алмадық.

Сунақтар еш уақытта жоғарыдағы авторлардың арғы аталары қоныстанған сарт (көтенші – Хазірет Түрсыновтың болжамынша "сары ит") жайлаған Ферғана, Қаршы, Хиуа, Бұхара жерлерінде тұрған емес, не сол жақтан Сыр бойына үдере көшіп ауып келген емес. Сунақтардың бұрынырақта қазақ жері саналған Ташкент шаһары мен Түркістан қалаларында бар екені шындық. Ол шаһарларда қазақтың "қырық руы" тұратынын ескерсек, онда тұрған ештеңе жоқ. Ал, Сунақ руынан тарайтын үрпақтардың Араб тұқымдас болуы себепті этногенезінің айырмашылығы бар екені де шындық. Оны Дүкенбай Досжан да мойындайды.

Д.Досжан өзінің "Жібек жолында" Хисамиддинді суреттегенде де түр әлпетін арабқа келтіреді. Сунақтар жайында "Караван" газеті жазғандай, оларда аристократтық (ақсүйектік) белгі байқалып тұрады.

Д. Досжанның суреттеуіндегі "Жібек жолы" романындағы Хисамеддиннің маңдайы дөңес, мұрны имек, беті үшы бұрышты болуы да Сунақ руынан шыққаннын ашық айғақтайды. Сунақтардың этногенезінің ерекшелігін бұ күндері де бет пішіннен аңғара аламыз.

Сосын мынаны ескерте кеткен де орынды болатын сияқты. Ылғи өтірік жазған Д. Досжан, Ә. Әбіласан, Х. Түрсынов, Б. Айсынов, Б.С. Қошым Ноғайлар Жаңақорғандағы Құм сahабаны (бүгінде құмсаба – А.С.). Құмкент қаласының орны деп топшылап жүр. Бұл олай емес! Онда Сahабалардың ізін қуған, Ислам дінін таратқан Сунна тобындағы мұсылмандар жатқан жер. Ал "тисе бұтаққа, тимесе терекке" деп топшылаушыларға төмендегі тарихи деректерді айтқан орынды болмақ. Бұл фактілерде ескі қалалардың алғашқы атаулары жақша ішінде беріліп отыр.

ҚҰМКЕНТ – ортағасырлық қала (IX – XIV ғ.). Оңтүстік Қазақстан облысы (Шымкент), Шолаққорған кентінен отыз шақырым жерде орналасқан.

ОТЫРАР – (Тұрарбанд, Тұрар, Тарбанд, Фараб) – ортағасырлық қала. Сырдарияның алқабында, темір жол стансасынан солтүстік-батысқа қарай жеті шақырым жерде орналасқан. V–XV ғасырларды маңызды сауда, ғылым-білім орталығы болған.

САУРАН – ортағасырлық қала (XI–XVI ғ.). Түркістанның солтүстік – батысына қарай отыз шақырым жерде орналасқан.

СЫҒАНАҚ (СУНАҚ) – ортағасырлық қала (X–XVIII

ғ.). Сырдария бойында, Төменарық темір жол стансасынан он шақырым жерде орналасқан.

ТҮРКІСТАН – (ЙАСЫ) ортағасырлық қала. Шымкент қаласынан солтүстік -батыста екі жүз жиырма бес шақырым жерде, Сырдарияның оң жақ аңғарында орналасқан. IV–X ғасырларда Түркістан қаласының орнында Шауғар мекені болған. XII–XIV ғасырларда қала Йасы аталды. Ахмет Йасауи кесенесі салынғаннан кейін түріктердің діни орталығына айналып, "Хазірет-и-Түркістан деп аталды.

Сунақ десе салы суға кететін Көтенші ұрпағы Байбота Серікбай Қошым Ноғай Сунах сөзі атала қалса қысымы көтеріліп "Аһлап, Уһлеп" қалады. Өзінің "НАҚ" мақаласынан үзінді: ... "Алматы ақшамы" газетінде жарияланған Ж. Ержановтың "Сунаққорған" атты мақаласындағы: "... сүніттер жолын таратушылар өздерінің идеялық ұраны ретінде "Құдай біреу, (Ж. Ержанов сауатты жазған, ол Құдай бір деген, мұсылмандар Құдайды әйтеуір біреу деп атамаған А.С.) пайғамбар хақ, сунна-ақ" деп жариялап, көп құдайға табынушылр арасында үгіт жұмысын жүргізген, Сунақ "сунна-ақ" деген сөзден шыққан", – дейтін қисынсыз тұжырымы еліміздің тарихын терең білмейтін кейбір қарапайым оқырмандарды одан әрмен адастыруы мүмкін деп қояды да Ж. Ержановтың мақаласындағы: Персиялық Тумановский колжазбасында да "Сунақ қаласы" анық жазылған деген сөзіне үрке қарап, қорыққаннан селк етіп "жел" шығарып жібереді. Осы орайда белгілі жазушы Д. Досжанның тарихи деректерді негіз еткен әдемі мақаласындағы: "Туман жазбалары "дейтін көне шежіреде осылай (өкінішке қарай, бұл атауды Ә. Әбіласанов та қолданады – автор) жазылған деп бір жылайды.

Шындықтан қорқатын Байбота Серікбай Қошым Ноғай, өзді-өзін мақтайтын Әбілхан Әбіласан да өзінің "Сығанақ" атты кітабында Сунақ атауын атаудан қорқып жасырып қалған. Ал сол жазған не пайдаланған әдебиет пен зерттеу еңбектердің бәрінде Сунақ қаласы, Сунақ Қорған, Сунақ Ата, град Сунақ, Суна (к), Сунах алдымен қолданылғандығын әдейі айтпай халықты жаңылдыруға тырысқан. Перх те, Якубовский де, Бартольд та, Аристов та, тіпті Диваев та Сунақ атауын ең алдымен атап көрсетіп отырған. Олар Сығанақ қаласының атына құмөнмен қараған. Бұл турасында жоғарыда айттық. Оны қайталап жатпаймыз. Бірақ Ә.Әбіласанның кітабындағы бұрмаланған тарихи деректерді

түзеп, оқырманға, жеткізу парыз, әрі ертеңгі ұрпақ алдындағы аманаттың орындалуы болмақ.

Сол үшін де оқырмандардың жүрегінде күмән қаламас үшін шет елдік ғалымдардың Сунақ атауына қатысты мәтіндерін мүмкіндігінше толықтай беруге тырыстық.

Мәтін А.Ю. Якубовскийдің "Развалины Сығнака (Сугнака) " кітабынан алынып отыр.

Из выписок, сделанных В.В. Бартольдом в Константинополе и любезно представленных для моей статьи о Сығнаке, – делінген.

Осы кітаптан:

...Хотя в трудах арабских географов IX–X вв. мы не находим имени Сығнака, однако, в так называемой "рукописи Туманского" (неизвестный персидский географ конца X в) мы встречаем город с именем Сунах (арабша) Нет основания сомневаться, что имя это относится к сығнаку (сугнак); по всей вероятности, данная транскрипция отразила народное произношение и в таком виде попала литературное произведение. Для XI в. Мы имеем несколько более сведения. У Махмуда Кашгарского, в его "Сборнике турецких языков", мы встречаем следующую строчку: "Сугнак (арабша) есть город в стране гузов" (124 стр)

...В X в. При Саманидах, если правильно толковние имени Сунақ, и в XI в. При Караханидах, Сығнак и был типичным рынком на границе степи и культурной полосы.

Енді В. Бартольдтің есебін оқиық:

Приведенные документы любопытны как в историко - географическом, так и в культурно-историческом отношений. Из них видно, что в XVI и XVII вв. В окрестностях Сунак–Кургана было еще много возделанных и орошенных участков для обозначения этих участков употребляется термин тупе (собств. Холм, бугор, но также: участок дача). В документе,приписанному Тимуру, говорится о назначений шейха Сирадж-ад-дина шейх-ул-исламом и пожалований ему по одному участку на арыках Ордакент, Кзыл-тал, Тюмень и Бузгул-узяқ ("от сорока тугаев"); об арыке Тюмень говорится, что он вытекает из Сыр-Дарьи; как известно, этот арық сохраняет свое название до сих пор. (стр 268) В документе Абд-ар-Рахима говорится о назначений казия и о пожалований ему участка на арық кзыл-тал; в документе Абдаллаха о жалобе Шейха Камал ад-Дина, что казаки нано-

сили ущерб принадлежащим ему арыкам; Абдаллах издал ярлык, по которому вакуфом мазара шейха Абу-л Хасана Зия ад дина (2) признается только ключ Хасарчук (3) (очевидно находившися в крепости Сунак—Курган или близ нее), тогда как ключи Тохтамыш и Хараш (?) и арыки Келте-Чалгия, Кзыл-тал, Арсланды, Чулак (4) и Мын-Булак (5) признаются собственостью Сыгнаковцев Ярлык Обейдаллаха подтверждает права мазара шейха Абул-л Хасана Зия ад-дина на ключь Хасарчук. Кроме того в ярлыках Тимура, Абд- ар- Рахима и Обейдаллаха говорится о назначений названных в них лиц тарханами, т.е. обь освобождений их от податей; при торжественных поминках они в знак почета должны были получить кусокь передней ноги животного, подати и повинности подробне всего перечисляются в ярлык Обейдаллаха, где приведены следуюіция категории тех и других; харадж (подземная подать), деньги на войну за веру (с калмыками), алык, салык, мрдекияр (очевидно, выставление мардакеров или рабочих для исполнения общественных работ), каналға и жамалға. (228)

Бұл тарихи құжаттардан көп жайды анықтап алдық. Орысша мәтінді бұ арада тәржімалап жатпаймыз. Бұл әрбір көкірегі ояу, көзі қарақты адамға түсінікті. Бұл жерде жоғарыдағы Сунақ сөзінен қорқатын тарихты бұрмалаушылардың халықты жаңылдырмауына қатысты әңгіме ағытылмақ.

Біріншіден, орысша мәтіндегі келтірілген кісі аттарының бәрі тарихтан өткендер. Біздер бұ жерде екі есімді арнайы атамақпыз. Олар: Шейх Камал ад-Дин мен Шейх Абул-л Хасан Зия-ад-Дин.

Темір, Абд ар Рахим және Убайдулла жарлықтарымен жоғарыдағы екі адамға тархан деген ат берілген. Бұлар сондай атқа лайық кімдер еді? Оның үстіне алым-салықтан босатылып, қонақта болғанда сыйтабақ (сойылған малдың ішіндегі аяқтары) ұсынылатындай құрметті кісілер болды. Сунақтарды жоғарыдағы өлең жолдары бойынша сунақтықтар дейміз. Заманның сол кезде Сунақ қаласын Сығнақ атауына орай сығнақтықтар деп те атаған. Оған дәлел Сунақтардан шыққан атақты кісілердің жанына жанама Сығнақи аты қосылып отырған. Одан үрке қараудың қажеті жоқ. Қалалардың аттар қай заманда да өзгеріске ұшырап отырған. Сондықтан сол жердің тумысы атанғандар құжаттарында не болмаса жазған еңбектерінде не болмаса басқа жұртта болғанда сол атаумен жүретін болған. VI-ғасырдан Сунақ

қаласы X ғасырға дейін аталғаны тарихтан белгілі. Одан кейін қатар, жапсарлас Сығнақ қаласы пайда болып, әкімшілік сонда орналасады. Сунақтан шыққан Аллама (ғұлама. А.С.) адамдары Сығнақи атымен атала бастады. Ол Сунақтардың шежіресінде айқын көрініс тапқан. Мысалы, жоғарыдағы Шейх Камал ад-дин де, Шейх Абу-л Хасан Зия ад-дин де Сунақтардың ұлы аталары боп келеді.

Біріншісі Әбу Бәкір Сыддықтан кейін 25-ші ата болса, екіншісі 18 атадан қосылады. Оның үстіне жоғарыда берілген жарлықта Шейх Камал-ад-дин өзінің үлкен бабасыныа тиесілі жер мәселесін көтерген. Мұсылмандарда малдың басын жемейтін дәстүр бар. Ол әсіресе, арабтарда солай қалыптасқан. Қажылыққа Сауд арабиясына барғандар оны біледі. Сол сияқты Сунақтар да малдың басына көп ұмтыла бермеген. Бұл да сол рудың мұсылмандық тәртібі. Ал тарихтан білеміз алым-салықтан босату қонақта құрметті орында отыру, малдың алдыңғы аяғын алу тек ақсүйектерге тиесілі. Сунақтардың хлует жайда бірінші орында отыратынын ескерсек бұл тұжырым да дұрыс болып шығады. Бұны айтып дәлелдеудің де қажеті жоқ. Сунақтардың шежіресінде бұл әулеттің атына тіл тигізіп, жала жауып, өсек айту да тыйым салынған. Оны жоғарыдағы тарауларда оқыдыңыздар. Оны толық қайталап жатпаймыз. Бұлардың бәрін ысырып қойғанның өзінде Сунақтардың арабтың бірінші халифы Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тарауының өзі бұлтармас дәлел.

Енді тағы да бір факт келтіреміз. Бұл Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийдің соавторлық "Золатая Орда и ее падение" кітабынан алынды. (229).

Гл. вторая: Возвышение Ак-Орды и попытка Тохтамыша возродить могущество Золотой орды в 80–90-х годах XIX в.

...Столицией Ак Орды был город Сығнак. (3) Источники X в., за исключением "Худуд ал-әлем" его не отмечает. Да и указанное сочинение приводит имя его в транскрипции Сунах, что может вызвать некоторое сомнение – Сығнак (Сугнак) ли это? Имя Сығнак начинает часто мелькать в источниках XI и особенно XII в, и более всего в связи с историей Хорезма, который начиная с хорезмшаха Атсыза (1127–1154) и до Хорезмшаха Мухаммеда (1200–1220) вел определленную политику за присоединение этой группы городов к Хорезмским владениям... (стр. 305.)

Атақты ғалымдардың да пікіріне құлақ асқан дұрыс шығар. Орысша сөл сауаты бар адам, Сығнақ қаласының дұрыс атауы (в транскрипции) Сунақ деп түр. Керек десек Сығнақ (Суғнақ) күмәнді делінген.

Жоғарыдағыға да сенбейтіндерге тағы да бір тарихи деректі қолденең тартамыз:

... В русских источниках имя Сығнака впервые появляется в "Книге Болыного чертежа", составленной в середине XVI в. О Сығнаке здесь сказано следующее: "А от устья Кендерлика 150 верст, с левыя страны реки Сыра, град Сунак, против Карачаевой горы. А промеж озера Ак Башлы и реки Саук, и озера Акколь и по обе страны реки Зеленчика, и реки Кендерлика и реки Сарсы, и песков Кара-кум на тех местах, на 600 верстах, кочевья Казацкая Орды, – на реке же Сыре от Сунака 90 верст град Ясырван" (309 стр)

Тарихшылардың да Сунақ қаласын карталарда дұрыс көрсетуі көп жайды аңғартады.

...Встречается имя сығнака и в чертежной книге Сибири Семена Ремезова, составленной в 1701 г. В его атласе, на карте п 22, Сығнак правильно помещен на правом берегу Сыр-Дарьи, причем имя его четко написано, как "Сығнак". Можно найти этот город и на карте п 23 под именем Суна (к) и Сикна (ағылшынша жазу керек). Нельзя обойти характерную деталь. В атласе Ремезова даны две транскрипции имени города Сунак и Сығнак. Первая близка к транскрипции Махмуда Қашгарского (Сугнак), вторая совпадает с той, которую установил еще в 1902 г. В.В. Бартольд, когда прочел выше упомянутые вакуфные документы и которая дана в Шейбани – намә. Старое пройзношение города, как "Сығанак" отпадает таким образом совершенно.

Так же правильно на правом берегу реки Сыр-Дарьи, а не на левом как в "Книге Болыного Чертежа", помещен город и в атласе, изданном в 1737 Академией наук: однако, назван он здесь не Сунаком, а Зунаком. (стр. 138)

Шыракшы Молла Кош – Мухаммед Татыбаев, который до него был шыракши, уверял В.А. Каллаура, что это ваше мазар над могилой "Алла Умей Хисамутдина Сахиби Шихая, по прозванию Сунак-Ата". В.А. Каллаур тогда этому не поверил. Однако, в вакуфном документе, данном Абдуллах ханом в 1006–1598 г,. Упоминается мазар Абул Хасан Зиа ад дина шейха Сығнаки, в документе же, данном

Обейдуллах ханом в 1044–1634 тоже лицо называется Абу л Хасан Зиа ад дином Сахиби Нихая Сығнаки! Несомненно, что это и есть Хусам ад дин Сахиби Нихая Сығнаки, о котором говорить В.А. Каллаур со слов чиракчи. Однако, если можно говорить о его могиле в Сығнаке, то только как легендарной, ибо Хусам-ад-дин Сығнаки умер в 1310 г. в г. Халебе. (2) Хотя в склепе и не сохранилось гробницы, однако, нет особенных оснований отрицать, что она здесь была. И если малое помещение является мазаром над легендарной могилой Хусам ад дина Сығнаки, то болыное (западное) помещение нужно понимать, как "ханака" т.е. Место, где жил шейх и "монахи" и где останавливались странники, пришедшие поклонится гробнице святого и послушать поучения шейха.

Тарихқа қиянат жасауға болмайды. Бірақ іштарлықпен Байбота Серікбай Қошым Ноғай осы жолды таңдаған сияқты. Бірақ, оның бұрмалаушылығы алдынан шығып отырады. "Нақ" тек қана жұрнақ па?" мақаласын жоғарыда айттық. Соған бұ ретте тағы да тоқтап, оның "болжамының" теріс екенін тарихи дерекпен дәлелдейміз.

Ол: "...Ал "Сығанақ" ("Сұғнақ") атауы қалай пайда болған дейтін сауалға келер болсақ ше?... дейді де Ж. Ержановтың "Сығанақты" "сунна" және "ақ" деген сөздерден бірігіп жасалған ру аты және соған байланысты қойылған қойылған топоним деп түсіндірмек болғанын құп көрмесе керек..." деп те қояды. Бұ жерде де Байбота Серікбай Қошым Ноғай өтірік сөйлеп отыр. Ж. Ержанов жоғарыда Ремезовтың картасында көрсеткеніміздей Сунақ атауын Сунна-ақ деп жазған. Ол шындығында Сунақтардың этногенезіне қатысты шыққан сөз. Ал "Сығанақ" сөзінің "Сұғнақ" атауынан шығатынын Ә.Әбіласан анықтап айтқан. Осы мақаладан: ...Ә. Әбіласанов өзінің "Сығанақ" атты кітабында халықтың этимологиядан бойын аулақ салып, ғылымға көбірек жүгінеді, – деп соғады да, Ә.Әбіласановтың: "Сығанақ" сөзінің алғашқы буыны "сығ" – "су" яки әскер, қолбасы дегенге келеді екен. От – су деген сөздің отау ұғымында айтылатындығы және бар. "Ертеде (көне түркі) үй дегенді су дегені ғылымда көптен мәлім. (Арынов Т. "Киіз үй атаулары". – "Жалын", 1998, N 2, 60-бет).

"Сығнақтың" немесе "Сығанақтың" екінші "нақ" буыны көне "он оқ" сөзінің ауызша айтылуында өзгерген нұсқасы ма деп ойлаймыз", – деген тұжырымға тоқтайды. "Сыға-

нақ" топонимінің этимологиясын шешуге әрекет жасаған оның бұдан өзге де ізденістері қызғылықты-ақ деп мақтайды. Сөйтеді де: ... Ақын әріптесіміздің "Сығанақ" топонимінің этимологиясын талдаудағы ізденістері нәтижесіз де емес. Бірақ бұл біз бұл топоним үш сөзден емес, екі сөзден құралған деп ойлаймыз. Ежелгі түркі тілінде (тіпті ғұндар өмір сүрген кезеңде де – 328 жылы. Ғ.Мұсабаев. "Қазақ тілі тарихынан".А.1988) "сұғ", "сұ", "су" – "әскер", "жасақ", "қосын" деген мағына беретіндігі ғылымда бұрыннан да мәлім. Махмұт Қашғаридің (1030–1090) "Диуанында" да "сұ" сөзі осы мағынада қолданылады. Бұған қарап біз Сығанақ қаласының байырғы атауы – "Сұғнақ" "сұғ" және "нақ" сөздерінен бірігіп, әскери қосын орналастырылған бекініс (мекен, қала) деген мәнде қолданылған топоним деп қарастырғымыз келеді. Ә.Әбіласанов талдап отырған тіркестің алғашқы сыңарына қол қойғанымызбен, оған "он оқ" тіркесі қосылып, "сығанақ" атауы пайда болған дейтін тұжырымға тоқтасақ, өзге де сол секілді "нақ" деген сөзбен бірігу арқылы жасалған топонимдерге, т.б көзді жұмып қараумен бірдей болар еді.

Байбота Серікбай Қошым Ноғайдың бұл тұжырымын құптаймыз. Ж. Ержановтың да айтып отырғаны осы емес пе? Байбота Серікбай Қошым Ноғай мен Абілхан Әбіласан "Сұғ" пен "нақ" қосылып Сұғнақ не Сығанақ қаласының атын ашса, онда Сунақ атауы өзінен-өзі бұл қолданыстан түсіп қалып тұрған жоқ па? Сунақ атауы бұған қатысты болмай шықты. Олай болса Сунақ Сунна-ақ сөзінің түпторкіні. Жоғарыдағы авторлар өздерінің сүйікті сөздеріне айналған "Сұғнақ" сөзін анықтадық. Яғни, бұның қосын, бекініс, мекен, қалаға қатыстылығы айдан анық. Біздер де осыны құп дейміз.

Ал Сунақ руы дін, шариғат, құқыққа қатысты екендігін о баста айтқан едік. Оның да шындығы анықталды! Олай болса жоғарыдағы екі автордың дәлелдеуіндей Сығанақ (Сұғанақ) қаласындағы түркі тайпалары мұсылман емес болса, Ислам дінінің Сунна жолындағы Сунақтар мұсылман болса, екі атаудың тіптен бір-біріне қатысы жоқ! Ал сол Сунақ қаласына 2005 жылы қазба жұмыстарын жүргізгенде мешіт үйі табылғандығы сол жердің тұрғындарын Һисамидин (Сунақ-Ата) мұсылман дініне шақырғандығын айғақтайды. Мешіт Сунақ Ата мешіті аталған. Оны тарихшы С.Жолдасбаев өзінің "Егемен Қазақстан" газетіндегі "Құпия мешіт"

атты мақаласында нақты жазды. Яғни, Сунақтардың ислам дінін таратқаны бұлтармас шындық. Оның үстіне Хисамеддинді Хуссамиддин, Һиссамиддин, Ассамадин деп атағанда түрған да еш өрескелдік жоқ.

Ал жоғарыдағы Сыганақ сөзінің Сұғнақ атауынан шыққанын Байбота Серікбай Қошым Ноғай мен Әбілхан Әбіласовтың Махмұт Қашқариға сүйене отырып ғылыми түрде дәлелдеп ашып берді. Енді Сунна сөзінің "ақ" журнағы арқылы анықталғанына тоқталайық.

Махмұт Қашқаридың "Диуани луғат ит-турк" кітабында "Бір буынды түбір негіздердің сөздігі" бөлімінде Сун мен АҚ сөзінің анықтамасы берілген. Оқиық:

Ескерту; М. Қашқари сөзді арабша жазған, ал тәржімашылар үш вариантта көрсетеді. Ескі түркі, өзбек, және араб. СУН I – таза, ақ. III, 152"11; ар.101–10. СУН II – ұсыну. II, 37–1,4; ар. 24-10. (167-бет). АҚ I –ақ.I, 258–2; ар. 217–10. АҚ–II–1. ағу.2 келу. I, 179–27,180–1; ар.147–4. (147-бет).

Бұл атулардан анықтағанымыздай арабтарда да түркі халықтарда да Сун мен ақ сөзінің бірдей мағынада қолданылатындығы. Яғни, X–XI ғасырларда осы араб сөздерінің түркі тілдес жүрттың тіл қолданысына түскендігін көреміз. Осы екі сөздің біріккен мағынасынан Сун-Ақ, Сунақ атауы анықталады. Ал шын анықтамасы – Сунақтардың ұранына айналған Сунна мен АҚ сөздері. Яғни, Сунна жолында жүрген ақ жүректі мұсылмандар.

Ешқандай қисыны жоқ, тарихи деректерге негізделмеген "фантазияға" да жатпайтын, ойдан да құрауға келмейтін "ұят" қылық жасап жүрген бұл пенделерге осыдан артық қандай ФАКТІ керек!

М. Қашқари өз еңбегінде мұсылман емес түркі тайпаларын (қараңыз: "Диуани луғат ит-турк" 10 бет) жазғандығы туралы: "Мен "Жинаққа" мұсылман болмаған түркі елдеріндегі таулар, шөлдер, далалар, өзендер мен көлдердің әр тілде жиі кездесетін көрнектілерін ғана жаздым. Қатардағы көбін қалдырдым. Оларды жазғаннан ешқандай пайда да да жоқ. Түркі тілдеріне кейіннен кірген кейбір атауларды да жазбадым. Еркектер мен әйелдер есімдерінің көп кездесетін, жүртшылыққа барынша танымал болғандарын ғана кейінгі ұрпақтарға білдіру үшін атап өттім" дейді.

Атақты М.Қашқаридың бұл кітабынан мысал келтіретін жоғарыдағы "ғалымдар" шындыққа келгенде айтуға қым-

сынып "бұғып" қалып отырған. Олардың келтіретін деректері "Суғнақ" – оғыз шаһары" деген атау. Жоғарыда айтқандай бұл шаһардың шын мағнасы "F" әрпінсіз Сунақ екендігі анық. М. Қашқари өзі атаған шаһарда болған болса, ондағы араб тұқымдарының бар екендігін білген. Сол себепті де Сунақтар жайында жазбай кетуі әбден мүмкін. Сунақтардың мұсылман екендігі тарихи дерек шежіреде толығымен айтылған.

М.Қашқари Тубут деген жұртқа кішкене ғана тоқталады. Ол: "Тубут – түркі елдерінде жасайтын бір қауым. Жұпаркиік солардың жерінде жасайды. Киіктің кіндігі кесіліп алынады. Ол жұпар кіндік деп аталады. Тұбұттар (тәржімашылар "У" әріпін "Ұ" деп алып отырған А.С.) Сәбит деген кісінің әулеттері. Ол йемендік еді. Сол жерде бір адамды өлтіріп қойғандықтан, қылмысынан қорқып, Шынға кемемен қашып келеді. Бұл жер оған ұнап, тұрақтап қалады. Кейін үрім-бұтағы көбейіп, түркі елінен 1500 персех жер сатып алған. Бұл жердің шығысы Шынға, батысы Кашмирге, солтүстігі Ұйғыр еліне, оңтүстігі Индия теңізіне шектеседі. Олардың тілдерінде арабтың әсері бар. Ананы Ума, атаны Аба дейді.

Бұған сенетін болсақ, бір ғана араб Сәбиттің ұрпағы қаншама елге тарап отыр. М. Қашқари бұл рудың Ұйғыр жеріне жақын болғандығынан кеңірек мәлімет беріп кетсе керек. М. Қашқаридың бұл еңбегінде Сунақ шаһары аталғанымен, сол маңдағы қоныстанған түркі тектес рулардың бірде-біреуінің аттарын атамаған. Жоғарыда Сунақтарға жала жауып жүрген пенделердің де ру аттары кезікпейді.

М. Қашқаридың осы кітабындағы сөздердің төркінін білемін деген оқырманға алдағы тараулардан оқуға арнайы жазбақ.

Оны да Б.С. Қошым Ноғайдың ("Отыз тістен шыққан сөз"... Адам Ата мен Хауа Ана қай тілде сөйлескен? атты мақаласында) өзі дәлелдеп береді. Оқимыз: ... Ал құлақ дене мүшесінің қуыс болатындығы белгілі. Кейінірек тілімізде "қуыс" сөзінің пайда болуы да осы дене мүшесінің жаратылысы мен алғашқы атауына байланысты туғандығын байқауға болады: "қ–өз" – (қ–уз – қ–ус) – "қуыс", яғни құлақтың ішін.

"Құлақ" атауын парсының "ғұл" сөзіне түркінің "ақ" жұрнағын жалғай салып, "ғул – ақ + қул – ақ – құлақ"

секілді даму жолдарын бастан кешірген деп төркіндетер болсақ, парсылармен араласқанға дейін түркілерде құлақ және оның атауы болмаған ба дейтін заңды сұрақтың өз-өзінен туындары да хақ. Әрине, бір ұлттың екінші бір ұлттан, бір халықтың екінші бір халықтан сөз алмасып, тарихи, мәдени байланыстар жасап жатқандығын жоққа шығаруға болмайды. Яғни, "халықтардың өз ара бір-бірімен қарым-қатынас жасауының барысында олардың тілдері де бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, бір тілден екінші тілге тілдік элементтер де ауысады. Тілдердің бір-біріне әсер етіп, тілдік элементтердің бірінен екіншісіне жай ғана ауысу түрінде де болуы мүмкін (К. Аханов, "Тіл білімінің негіздері", 456 бет, Алматы "Санат", 1993). Бірақ мұндай жаңалықтардың жүзеге асуы сәл кейінірек – жеке ру,тайпаларға тән тілдер пайда болып, олар даралана бастаған тұста болған шығар деп ой түйеміз", – дейді ол.

"Нақ" "Нақ" деп тақпақтап қоймаған Б.С. Қошым Ноғай түркі тілінде құлақ атауы болмаған. Оны жасау үшін түркінің "ақ" журнағы қосылып, құл-ақ сөзі пайда болған дейді. Оған 200 процент қосыламыз! Олай болса Байбота Серікбай Қошым Ноғай түркі тілінде "АҚ" журнағының бар екендігін ақыры мойындап тынды.

Ислам дініндегі Құраннан кейін саналатын Сунна сөзі де "ақ" журнағы арқылы жасалып Араб тұқымдары саналатын Сунна жолындағы Сунақтар Сунна мен ақ арқылы бірігіп бір атауға ие болғандығына көз жетті. Бұған қарсы дау айту да, күмән келтіру де ендігі жерде орынсыз демекпіз!

Б.С. Қошым Ноғай өзінің "Құдайдың құдіретті есімі кім? (230) атты мақаласында: ... "Эа" (ие, иэге, Иәгей, Иегова, яхве) атауы секілді "Адам ата" мен "haуа ана" аты-жөні де әуелі шумер тілінде пайда болған.

Шумер тілінде "ада" – әке (көне түркі тілінде – "ата"), "ама" – шеше, ана (көне түркі тілінді – "аба"). Демек, шумер тілінен өзге тілдерге ауысқан "ада" – "адам" – "ама" – "аба", "ева", "хава" (haуа) түлғаларына өзгергендігі айдан анық. Қазақ тіліндегі "атам заман" тіркесі де осы алғашқы түбірдің қатысуымен дүниеге келген", – дейді.

Бұған біз былай деп жауап береміз. "... Түрік дәуірі дәуірлеген (тасқа тарих жазған кезден) бабаларымыз өмірге келіпті десек, адам баласының бір күнде пайда болғандығы жоққа шығады. Тегінде, картопия (бұл атауды біздің ауыл осылай атайтын) еккен жерден картопия аласың, сөк еккен

жерден сөк аласың! Адам баласы пайда болған кезде, солардың арасында тілсіз бабамыздың, адам баласына тіл пайда бола бастаған тұста біздің тілмен сөйлейтін бір қауымның жүргендігі ешкімге де күдік тудырмасы белгілі!..

...Қазақтан бұрын қытай туған, қытайдан бұрын қазақ туған немесе үндістен бұрын негір туған, негірден бұрын Христофор Колумб туған десек – Маркстің ілімі арқылы адам болып кеткен маймылдың өзі күлер еді". (231)

Осы айтқандай ана сөз кейін, мына сөз бұрын пайда болды дегенге де күлкің келеді.

Бұл сөзімізді "Сығанақ" (авт.Ә. Әбіласанов, пікір жазғандар: Н. Әлімбаев, Б. Сапаралин, редакторлары С. Мұқтарұлы, М.Ниязбеков) кітабынның соңындағы "Оқырманға құлаққағысы" да дәлелдей түседі. Оқырмандарға түсінікті болу үшін сол мәтінді қысқаша болса да көрсетіп кетелік:

..."Өнер" баспасы "Жоғалаған қалалар тарихы" атты жаңа серияны "Сығанақпен" ашып отыр. Мұның өзіндік мәні бар. Себебі түркі қауымдары тарихында Сығанақ шәһарының алатын орны ерекше. Ол – "алты алаш" аталатын бауырлас ұлыстардың енші алыспаған кезінде шаңырақ көтерген қасиетті орын. Соңғы кездері жекелеген мерзімді баспасөз беттерінде Сығанақты үш жүз құрамына енбейтін, "араб елдерінің бірінен ауып келген дін өкілдері – сунақтар салған" дейтін ұшқары пікірлер бой көрсетіп жүр. Автор бұл жөнінде арнайы ат басын тіреп сөз қозғамайды. Әйтсе де кітаппен толық танысқан оқырман мұндай тұжырымның бүгіндей терістігіне айқын көз жеткізе алады. Кітапта "Сығанақ" атауының түбірі көне түркі тілі екені, оның "сунақпен" де олар ұстанады делінген "сүннә" діни ағымымен де еш қатысы жоқ екендігі дәлелденген. Жазушы бұл өңірде сүниттік ағымнан бөлек суфизм, яғни Ахмет Йасауи ұстанған діни ағым өмір сүргендігін әңгімелей отырып, сығанақтың аталған атынан бастап, бүкіл ғұмырнамасы түркі әлеміне, нақтырақ айтқанда, алаш ұрпағына қатыстылығын дәлелдеуді көздеген. Алайда, "Қыпшақ даласының айғағы", "Ақ орда астанасы" аталған шәһардың атақ-даңқы тарих сахнасынан кәміс қалмасы айқын болғанымен, айтылмыш қаланың өткендегі өмірі жайлы жалпы жұртшылықтың білер мағлұматы бүгінгі таңға дейін тым жұтаң. Бұл да орны ойсырап тұрған "ақтаңдақтарымыздың" бірі. Сондықтан біз бұл тақырыпты, "Жоғалған қалалар тарихы" атты жаңа серияны әлі де үздіксіз ізденісті қажет ететін үлкен дүниенің ізашары

деп білеміз. Оқырман қауым бұл игі бастаманы қолдап, өзіндік ұсыныс-пікір білдіріп жатса баспа коллективінің де, автордың да алғыстан өзге айтары жоқ"... депті.

Бұндағы "ақтаңдақтар" деген сөзін құп аламыз. Сондай ақтаңдақтардың бірі – Сунақтар екенін де естен шығармауымыз керек. Кезінде түрлі саяси көзқарастардың теріс әсерінен Сунақ қаласы мен Сунақтар туралы айтқызбады және жазғызбады. Ол күні кешеге дейін солай болып келді. Айтқанның өзінде өздеріңіз оқып отырғандай "өтірік" ақпар таратушылар болған. Сунақтардың шығу тегі мен Сунақ қаласының тарихын жазушылар (қазақ ұлттық энциклопедиясының Бас редкторы Бүркіт Аяған, Жамил Ержанов, Скендір Құдияров т.б) еш нәрсені ойдан құрап, не жалған фактіні жазып оқырмандарды адастырып отырған жоқ. Небір ғұламалардың, тарихшылардың, дін өкілдерінің, сонау-ау замандағы әкімдердің қағазға түсіргендерін жаудың қолына түсірмей (олай болған жағдайда, кейбір тарихты бұрмалаушы жоғарыда аты аталған пенделердей іштарлықтан құртып жіберуі де ғажап емес. Ондай фактілердің орын алғаны да рас.) көздің қарашығындай сақтаған.

Москвадағы (қазір біз ағылшынша Мәскеу деп жазып жүрміз) Мемлекеттік орталық кітапханадағы сақталуға тиіс Сунақтар шежіресін әлдебіреулер қолды қылып жіберген, солай болса да оның түп нұсқасы Ташкент қаласынан табылды. (Оған да Шүкір!) көне көз қариялардың атадан балаға алтыннан да қымбат дүние деп сақтап, қалдырып отырған. Ол жайында өткен тарауларда айтқан болатынбыз.

Ал Сығанақты салған Сунақтар деп айтқан Сунақ руының өкілдері емес, қаламгер Дүкенбай Досжан ("Жібек жолы" романын қараңыз). Сығанақты үш жүз құрамына кірмейтін Араб елдерінің бірінен ауып келген дін өкілдері – Сунақтар салған деген ұшқары пікір деген Ә. Әбіласановтың сөзі де өтірік. Ол Сунақтардың шығу тегін білмейді, білсе де айтқысы келмейді. Содан кейін бұл авторлар арабтың Сунна сөзінің не екені мұрындарының иісі де сезбейді. Тағы да өз сөздеріне ыңғайлап "сүннә" деп жазған. Сол жазғыштар бұл өңірде сунниттік ағымнан бөлек суфизм, яғни Ахмет Йасауи (дұрыс жазылуы Қожа Ахмет Йасауи А.С.) ұстанған діни ағым өмір сүрді дейді. Бұ жерде да авторлар қатты қателеседі. Сунақтар ұстанған сунна ағымға жатпайды. Сунна Жаратушы Аллаһ Тағаланың Пайғамбарымыз Мұхаммедке (С.F.С.) Құран Кәрім мен қоса аян етілген баяндары.

Осындай білмей жазған авторлар (Д.Досжан, Б.С. Қошым Ноғай, Х. Тұрсын, Ә.Әбіласан) шатасуларынан оқырмандар адасу жолына түседі. Бұл жауапсыздықтан бұрын ауыр күнәға апарып соқтырады.

Жоғарыдағы "жалған" жазушыларға Сыр бойында Сунна жолын ұстанушылардан басқа Мәлик және Шафиғий мазһабында болғаны да тарихқа таңба басқандай түскенін естеріне салып кетейін.

Сунақтар сол заманда Мәлік мазһабында болғанын ("Радиошежіре", Өмірзақ Жолымбетов) ескерсек, Отырар тұрғындары (діни екі қаланың арасы 160-ақ шақырым!) Шафиғий мазһабын тұтынған.

... Әл-Фараби ныспысы (Әбу Насыр әл-Фарабиді айтып отыр – А.С.). Фараб шаһарына байланысты алынған. Қазір Отырар деп аталады. Бұл қала Шаш шаһарының арғы жағында. Баласағұн қаласына таяу жерде тұр. Тұрғындардың барлығы имам Шафиғий мазһабында. Аллаһ Тағала оған разы болсын! Бұл өзі түркілердің астана қалаларының бірі... Түркі тайпалары мұсылман болмағанымен Отырарда тұрған басқада ондаған ұлт, тайпа, ру өкілдерінің (араб, парсы, ирак, сунақ, қожа, тәжік т.б.) Ислам дінінде екенін мына тарихи дерек дәлелдейді.

Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келгенге дейін 126 жыл бұрын түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Фараб қаласы бейбіт жолмен ислам дінін қабылдаған болатын. Ол кез санасы ашық әрбір мұсылман ислам діні ғылымымен шұғылдануды парыз еткен. Әбу Насыр әл-Фарабидің араб тілді ғалымдар санатына қосылуы осы кезден бастау алды. Қасиетті Құран Кәрім тек діни қағидалар жинағы емес, сонымен қатар талай ілімнің құпия кілтін бойына бүккен ғаламдық кітап болғандықтан, Әбу Насыр әл-Фараби бүкіл ислам ғалымдарына парыз болған – иджтихат (ойлау қабілетінің шыңына жету үшін беріле еңбек ету) және муджтахид (иджтихатпен шұғылданған адамның өз жаңалықтарын Құран Кәрім мен Хадис Шариф – парыз –сүннет амалдарына негіздеп отыруы) жолына түскен.

Кеңес өкіметі тұсында атеистік идиологияның ықпалымен әл-Фараби діннен тыс ғалым ретінде көрсетілді. Әйтсе де оның ислам бірлігін сақтауға қосқан зор үлесі туралы мынадай дерек сақталған. Тегі түркі болып табылатын баһадүр қолбасшы Мұхаммед Ихшид ибн Тұғыт Әмір ислам

жолын бұзған "кармат" елін талқандаған соң, Әбу Насыр әл-Фарабимен кездеседі. Меккеге барар жолды кесіп "қажылық" жасауға мүрша бермеген карматтардың жеңілгеніне қуанған Әбу Насыр әл-Фараби іштей "қажылық" етуге ниет етіп, араб халифының санд-задаларымен әңгімелеседі. Осы әңгімеде ғалым ислам бірлігін сақтау үшін мазһабтар арасын жақындастыру керек деген ой айтып, өзінің араб, парсы және түркі нәсілдері арасындағы алауыздықтарды жоюға күш салып жүргендігін мәлімдейді... (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы N1, Алматы, 1998 ж).

Бұдан біздер қазақ топырағына ислам діні VI ғасырдың соңын ала, VII ғасырдың басында еніп, дами бастағанын көреміз.

Бұл сөзді тағы да нақтылай түсер болсақ, Қаратаудың Солтүстігінде (қарт Қаратаудың сілемдері Қызылорда облысына қарасты Жаңақорған ауданы тұсындағы Өгіз мүйізден аяқталады – А.С.) тау шыңында ескі куфалық араб ғарпінде жазылған сөздерді кездестіруге болады. Мысалы, бұл жайда қазақстандық суретші Виктор Простаковпен болған сұхбатта (газета "Неделя ЛИТЕР" 9 февраля 2006 г) Ғалия Байжанова былай сөз өрбітеді:

..."Другое знаковое место в путешествиях Простакова –это гора Тектурмас в Северном Каратау. Здесь сохранился наиболее широкий пласт наскальных рисунков – со времен эпохи бронзы до современных этнографических изображений. На самой вершине горы – стела с надписью на арабском языке, скорее всего, в ее древнекуфическом варианте." Эти надписи, – говорит петроглифист, – свидетельствует с раннем распространении ислама на территории Казахстана"...

Бұл құстың қос қанатындай бірі Сырдария өзені болып, бірі Қаратау болып созылып жатқан алып аймақтың жұрты ертеден ислам дінінде болғанын көрсетеді.

Исламға бүйрегі бұрмайтын Байбота Серікбай Қошым Ноғай адамзатқа қасиетті құдай сөзін де місе тұтпайды. Оған Иегова Құдай сөзі екен. Сенбесеңіз, Б.С. Қошым Ноғайдың "Құдайдың құдіретті есімі кім? (Астағфиралла) атты мақаласында: ("Алтын Орда", 17. 03. 2000 ж)....Фонетика мамандарының пікіріне құлақ ассақ: "Тіл алды ашық езу фонемасы: е – тіл алды таңдайдың шеніне жуықтаудан жасалатын (палаталь жіңішке) ашық-орта, езу фонема. Е фонемасы сөздің барлық ішінде келе береді: еркек, ерке,

мереке, т.б. Е фонемасы сөздің анлаут позициясында ашық дефтонг сапасында айтылады: йерте (ерте), йер (ер), йәрте (ертек), йәреже (ереже),т.б. йә потациясы қарақалпақ, ногай тілдерінде де кездеседі, ол тілдерде йә потациясы қазақ тіліне қарағанда күштірек айтылады. Әсіресе, екпінді позицияда дәл екі дыбыстың құрамы ретінде келеді: йәкі (екі), йәр (ер), йәне (ене), йәшкі (ескі), т.б.". (Ж. Аралбаев, "Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер", 33 бет. Алматы, "Ғылым", 1988). Ғалымның бұл пікірімен келісе отырып, біз "еге", "егей" сөздері тілімізде "йәге", "йәгей" деп дыбысталатынын айта аламыз. Көне түркі тілінің шумер тілімен сабақтастығын аңғартатын заңдылықтар бар. Қазіргі қазақ тілінде сөз соңында келетін "й" дыбысы ежелгі түлғаны қалпына келтіргенде б//в дыбыстарына айналады. Мысалы, "үй", сөзі көне түркі (оғыз) тілінде "ев" дыбыстық құрамында тұлғаланған.,т.б. (М. Қашғари, "Түбі бір түркі тілі", 152 бет. Алматы, "Ана тілі", 1993). Демек, "йәгей", атауын "йәгев" тұлғасында "қалпына" келтіруге болады. Ал "йәге" тұлғасы мен "иегова" атауында қандай айырмашылық бар?

"Егей" атауының тіліміздегі "әкей" (әке) сөзімен нәзік байланысы бар екенін аңдауға болады. Ал "Тауратта" құдайдың "әке" (отең) аталатыны жайдан-жай ма? Ғасырлар бойы өрі жауласып, әрі мәдени қарым-қатынаста болған түркі және парсы халықтары арасында қос тілділік болғаны көмілді. Алдымен түркі топырағында дүниеге келген "егей" атауы парсы тілінде де қолданысқа түскен шығар. Немесе елдің егейі болған патшалардың аты-жөндері Кейқауыс (Кей - кавус), Кейқуат (Кей-Кубат), Кейқосырау (Кей-Хосров) болып келетінін қалай түсіндіруге болады? Салыстырыңыз: "егей", және "кей", немесе "әкей"... Осындай тұжырымдарды алға тартып біз "Тауратта" таңбаланып, көптеген тілде өз ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі дыбысталатын жаратқанның "Иегова" (Әа) есімі тәңіршілдік ұрығынан пайда болып, әлем діндерінің анасы саналатын зороастризмнің кіндік кескен байырғы отанында "йәге" немесе "йәгей" (ие, еге, егей) дыбыстық құрамында әлі күнге дейін сақталып келгендігін батыл айта аламыз. Тәңіршілдіктің өзі бір құдайға табынудың бастауы еді. Көп құдайдың арасынан даралануы, БІРЕГЕЙ (мәңдай алды, таңдаулы – "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі", 2-том, 617 бет, Алматы, "Ғылым" 1976). Не (Еге, Егей – әа, Иегова) ғана қалды. Бабаларымыз оны

"Тәңір ие" (Діңгір Әа) деп атады... деп сайрайды Байбота Серікбай Қошым Ноғай.

Ал шындығында Иегова куәгерлері (свидетели Иеговы) қалай пайда болды?

Иегова куәгерлері 1870 жылы Америка Құрама Штаттарында Чарльз Тазе Руссел (1852–1916) тарапынан құрылды. Орталығы АҚШ-тың Цю-Йорк қаласы. Иегова куәгерлері бұрын "Киелі кітап зерттеушілері" деп аталған. 1931 жылы "Иегова куәгерлері" деген атқа ие болған. "Иегова" Тауратта тәңірге берілген бір ат. Иегова куәгері дегеніміз тәңірге куәлік еткен, тәңір Иегованың жолымен жүретін кісілер деген мағына береді.

Иегова куәгерлері, Мұсылманшылықтың ықпалында қалған бір "Христиан бағыты". Католик пен Протестант сияқты бағыттарының тура жолдан адасқандығын, бұларды тура жолға әкелетіндері туралы айтады.

Киелі кітап, яғни Таурат, Забур, Інжіл осы кітаптардың соңындағы хаттарға сеніп қабыл етеді.

Құранды және Мұхаммед Пайғамбарды қабыл етпейді. Сол үшін Иегова Куәгерлері мұсылмандар емес. Иегова куәгерлері басқа бір дін емес. Мұсашылықтың ықпалының астында ортаға шыққан жаңа бір "Христиан бағыты". Сол үшін "Еврей христиандығы" деп атау дұрыс.

Алайда Америка Құрама Штаттарынан және де Еуропа мемлекеттерінен кең көлемде жәрдем алуда. Сол өлкелерден кітаптарды, журналдарды, брошюраларды таратады.

Мұсылмандарды өздерінің дініне сендіру үшін "Біз де мұсылманбыз" деп өтірік айтады. (232)

Иегова туралы мынаны да айта кетеміз. 1963 жылы осы Іжілдің "Жаңа өсиет" кітабын неміс тілдерінде бастырып, оның 237 жеріне өздері қолданатын "Иегова" сөзін қосты. "Крест" сөздерін "столб" сөзімен, "Собрание" сөздерін "Организация" сөздерімен ауыстырды. (233)

Секта (лат.секта – ой жүйесі, ілім, бағыт) – қайсыбір діннің өз ішіндегі оппозициялық топ. Шіркеудегі болып жатқан түрлі жағдайға көңілі толмай, әдетте ерекше деп танылған, кейде шектелуге, тұйықтыққа, негізгі діни бағыттан қол үзушілікке бастайтын топ. (234)

Бұл секта қазіргі таңда қазақтарға ас деп тас беріп, халқымыздың рухани тірегі болған имандылығымызды ауруға шалдықтыруда. Онсыз да жүзге бөлінген қазақ енді ата-бабамыз естіп білмеген "Иегова қазақ" (Байбота Серікбай

Қошым Ноғай) "Шүмер-қазақ" ("Әбілхан Әбіласан), "Чайтанья-қазақ" (Хасірет Түрсынов), "Шаман-қазақ" (Бейбіт Айсынов) атанды. Ақтабан шұбырындыда қырылған, Голощекиннің қолдан ұйымдастырған жасанды ашаршылығының құбаны болған ата-бабаларымыз қанша қиындық көрсе де діні мен тілінен ажырамаған. Ал бұл пенделердің жазғандарын қалай түсінеміз?

"Аллаһқа иман келтіріп, шын мәнінде пайғамбардың хақтығына куә болғаннан әрі оларға ашық дәлелдер келгеннен кейін қарсы шыққан қауымды Аллаһ қалайша тура жолға салады? Аллаһ залым елді тура жолға салмайды" ("Әл-Имран" сүресі, 86-аят), – деп қатаң ескерткен.

Бұл секта өз мүшелеріне жақыны, туысы, тіпті баласы ауруханада, реанимацияда өлім халінде жатып, қан керек болса да, оған қан беруге рұқсат етпейді. Мұндай сектаға кірген адам ағайыннан безіп, отбасынан ажырап, өзі кірген сектаның шырмауынан шыға алмай, солардың тапсырмасын күн-түн демей орындап, қожайынының табанын жалаған малайдың күнін кешеді. Иегованың діни кітаптарын қазақшаға аударып, ақ тер, көк тер болулары не деген қасірет, не деген аяныштысы десеңші?! Ал солардың бірі Байбота Серікбай Қошым Ноғайдың "Аруана" газетіне (бұл басылым "КАРАВАН" газетінің қосымшасы болып шыққанның өзін пайымдай беріңіз) "Құдайдың құдіретті есімі кім"?, "Қожаның қожасы кім?" сияқты мақалаларды не үшін жазғанын түсінудің өзі артық сияқты.

Сөзімізді қорыта айтқанда, халық ішіне іріткі салатын мұндай "ғалымсымақтардың" материалдарына сақ қарау керек.

Аллаһ Тағала қасиетті Құран Кәрімде: *"Ислам дінінен басқа дінді көксейтіндердің ешқайсысының тілегі қабыл болмайды. Ол қияметте зардап шегеді" ("Әл-Имран" сүресі, 85-аят),* – деген.

Бұдан не байқадық. Бұдан автордың тұжырымы бойынша Діңір Әа сөзін Құдай атауының орнына қолдануды насихаттағысы келетіндігін аңғарамыз. Екіншіден орысша атауға ие (Б. С. Қошым Ноғайдың ие – иеговасы емес А.С.). "Отецтің де "Иегованың да түркі не қазақ тілдеріне ешқандай қатысы жоқ. Бұлар түрлі ағымдағы адасушылардың ойдан құрап алған атаулары. Христиан дініндегі коршілес орыс православиялары Құдайды – бог-деп атайды.

Б.С. Қошым Ноғайдың қандай сектада (өзінің жазуында ол мұсылман емес!) екенін білмейміз, бірақ оның бұл "Иегова"-сы түркіге де, қазаққа да жат. Бір отбасындай ұйып отырған қазақ ұлтының өз діні мұсылмандықтан айыру осындай "шетелдіктерге қызмет ететіндерден" шығады.

Оқырмандар осы жолдың авторы Б.С. Қошым Ноғайды неге мүшірік (көпқұдайшыл) деп жазады деп ойлаулары да мүмкін. Бұл оған таңылып отырған үлкен айып қой. Неге оны дінсіз санады деуі тағы мүмкін. Оған өздеріңіз оқыған жоғарыдағы Б.С. Қошым Ноғайдың мақалаларынан алынған мысалдар дәлел бола алады. Ол аз десек, мына жолдарды оқып, көзімізді әбден жеткізе аламыз. Бұлар бұлтармас дәлелдер. Яғни, өзінің дінсіз, мүшірік екенін мойындап жазғанын көреміз. Ол бұл мақаласында өзінің Аллаһтың кітабы Құранға сенбейтіндігін, яғни оған ашықтан-ашық қарсы шығып мүшірік екенін мойындап жазады. Сенбесеңіз оқиық:

"... Ақиқатында тілдің пайда болу тарихы адамзаттың, шартты түрде атасақ, Адам Ата мен Хауа Ананың екі аяғынан тік тұрған күнінен басталатындығы, оның тұтас саналы дәуірінің сырлас серігі болып келе жатқандығы шүбасыз. Ал "Құран Кәрімде" жазылған көзқарасты адамзат ойының балаң дәуіріндегі дүниетаным жемісі деп қарауға болатындай..." ("Отыз тістен шыққан сөз"... Адам Ата мен Хауа Ана қай тілде сөйлескен? Байбота Серікбай Қошым Ноғай)

Міне, автордың пайымы осы. Б. С. Қошым Ноғай Қасиетті Құранға сенбек түрмақ, оны тырнақшаның ішіне алып, "адамзат ойының балаң? дәуіріндегі? дүниетаным? жемісі?" деп топшылайды. Осы сөйлемдерден-ақ автордың кім екенін көреміз. Өзінің қасиетті Құран Кәрімге қарсы келіп, мұсылман емес екендігін ашық мойындап отыр. Ал Аллаһқа, Исламға, Құранға қарсы келгендер "көпір" саналады.

Аллаһ Тағаланың Пайғамбарымыз Мұхаммедке (С.Ғ.С.) Жәбраил періште арқылы түсірген Құран Кәрімді адамзат ойының балаң дәуіріндегі дүниетаным жемісі деп жазған жоғарыдағы "жазғыштың" шындығында мүшірік екенін несіне жасырамыз!

Оның атына сын айтқандардың бірі Бегуллаһ Ә. Ибн Алдамжар әд-Дәйти өзінің "Ана тілі" газетіндегі "Басқа ел неге "бесбармақ" аса алмайды немесе ұлттың екі нышаны" атты мақаласында Қошым Ноғай Байботаның "Отырар кітапханасы" дейтін үлкен айдармен жарық көрген

"Сам жамыраған шақ" дейтін өлеңдер жинағынан Аллаһ Тағалаға айбат көрсеткісі келген өлеңдерінен үзінді беріпті. Сөзімізді дәлелдей түсу үшін сол ақынсымақтың тақпағын оқырман назарына ұсынамыз. (235)

Пайғамбарға (?) арнаған Алланың нұры
Білмеймін, бәлкім, маған да (?)
Шашыраған шығар...

(28-бет)

Яғни, Байбота өзін Пайғамбармен тең санап отыр!?

Ақиқат бұл сен түгіл (?) Аллаға аян...

(91-бет)

Бұл арада Байбота өзі ғашық болған ұрғашыны "ақиқатты Алладан бұрын түсінген" етіп, бір Алланы қарапайым екі аяқты бәндә-төмен етектіден төмен қойып отыр!?

Һауа анасың (?) жұмақтағы, Адам Ата өзіммін (?)

(91-бет)

Осал деп сірә ойлама,
Алланың өзі (?) айналысады (?)
Менім н.
Пендесін Алла сүйеді (?)
Алланы мен де сүйемін (?),
Өйткені тең ғып (?) жаратты (?)
Ол мені өзімен (?)...

(236-бет)

Мұндай күпіршілікке толы сөзді Алла Тағаланың өзі топырақтан жаратып, жан бітіріп, дем салған Адам Ата мен Һауа Ананың өздері де айта қояр ма екен? Әлде Алламен тең болып жаратылған Ноғай Байбота өз құдіретімен бөшәрияттың жаңа бір үлгісін жасамақшы ма?

Ол келесі бір өлеңінде енді "өзіне тең қылып жаратқан" Алла Тағаланың жағасына тура жармасады:

Күмбезі көкті тарылтқан (?) мешітте
Нең бар (?), ей, қазақ?!
Алланың үйі аласа (?)
Ғимараттардың (?) кәдімгі
әміріменен

салынған әйгілі Ақсақ Темірдің (?)
көк аспан болып көрінген
Тәңірім не еткен күшті еді!
Тәңірім не еткен күшті еді! (?)
Қартайған (?) парсы Құдайы, алжыған
Араб Алласы (?) ділімді жаулап (?)
құл қылды (?),
тілімді бұзып (?) түл қылды (?),
дініне күштеп (?)
кіргізіп, құбыласына қаратты.
Құлшылық қылып күнімен,
Құлағы мүкіс (?) Құдайға (?),
Тәңірімізді ұмыттық (?)
Ақылы азған ұрпаққа:
"Тәңірі – Алла, Құдай, – деп,
ақсақалдардың ауызы
қисаюдайын қисайды (?).
Сарыарқадан сабылып (?),
Меккеге саттық (?) көзді енді.
Жолынан тайған ұрпағын
әруақ қалай қолдасын?! (?)
Әруақ қашты біздерден! (?)
Әруақ қашты біздерден! (?)
Әруақ қашты біздерден? (?)
Оралар ма екен (?) ол?..
Қайдам?!...

(220-бет)

Мақала авторы енді бұған не дейсің? деп ашы күйінісін білдіреді.

Міне, Ноғай Қошымның өлеңсымағы. Сұмдық көргенсіздік. Ұяттан да, ар намыстан да безген ұлт арасына от жағушы. Исламға дінсіздерді, мүшіріктерді, сатқындарды, көзқамандарды, арамзаларды қарсы қою. Ол өз Жаратушысын келемеждегені үшін халық алдында жауап беруі тиіс. Отанға опасыздар осындай дінсіздерден, жәһилилерден шығады. Бұндай ақынсымақтардың кітапшаларын басудың өзі күнә!

Міне, осындайлар ойларына келгенін жазып ру араздығын туғызушылар. Байбота Серікбай Қошым Ноғай өстіп, өзі "боққа" батып жатып, ешкінің құйрығындағы жабысып жүрген құмалақтары сияқты "артын" жумай жүріп, бес уақыт дәрет алып, намаз оқып, адал жүретін, Аллаһқа құлшылық ететін мұсылмандарға ақыл айтқысы

келеді. Жала жапқысы келеді. Еркек кіндік Әбу Бәкір де Сыддықтан тарайтын Сунақтарға өзінің "көттен" (көтеніші) шыққанын біле тұра сөз ойнатып мазақ қылғысы келеді. Қожаларға қара жауып, өзінің кім екенін айғақтап береді.

Сунақтардың Сунна сөзінен шыққанын мойындағысы келмеген Б.С. Қошым Ноғай Қожалар әулетіне де айбат көрсетеді. Ол өзінің "Қожаның" Қожасы кім? атты мақаласында да Қожа атауының қайдан шыққанына зерттеу жүргізеді. (236) Ол 1806 жылы Бұқара қаласында дүниеге келген Сайдаққожа Жүсіпұлының "Қазақ тайпаларының тарихы" атты кітабындағы бірқатар деректерді келтіреді. Қожалардың бірнеше аталарының аттарын жазады. Сөйтеді де "Қожа" атауына "Ислам"энциклопедиялық сөздігінде мынадай түсініктеме берілген. Бұл бірден-бір толыққанды еңбек болғандықтан, көлемінің қомақтырақ болғанына қарамастан дәйек сөзді түпнұсқа бойынша түгел ұсынғалы отырмыз дейді.

Ходжа (через перс. хваджа; "хозяин", "господин") – почетное прозвище и обращение, бытовавшее в разное время в разных странах ислама различных значениях.

1. В средневековом Египте Х. – богатые приезжие купцы. В государствах Саманидаов (IX-X в.в.) и Газневидов (X–XII в.в.) великий (бузург) Х. – титул везира. В Османской империи Х. – обозначение "улама". Так называется и воспитатель султана, и хранитель дворцовой библиотеке, и евнухи. Х. – и джахан – титул высоких должностных лиц в султанах Индии (XIV–XV в.в.). Мн. Ч. Хваджаган – название класса чиновников Османской империи. (XVI–XX в.в.). Х. – баши – глава службы фиска в провинциях. В современной Турции Х. – обозначение лиц, профессионально занимающихся религией, и форма обращения к учителю. В ряде современных арабских стран хаваджа (хуваджа) – обозначение торговцев, в первую очередь немусульман и вежливая форма обращения к немусульманам.

2. В Средней Азии вплоть до начала XX века. Х. – почетное прозвание людей, претендовавших "праведных – халифов – Абу Бакра, Умара (главным образом), Усмана и Али (за исключением потомков последнего от браков с дочерью Мухаммада Фатимой; ...).

3. Обозначение члена суфийского братства ходжаган (хваджаган), основанного Абд ал-Халиком әл-Гиджувани, а

позднее (до XIX в. Включительно) – нескольких династий правителей, генетически связанных с этим братством.

4. Обозначение общины индийских исмаилитов-назаритов, живших также на Занзибаре, Восточном побережье Африки, Гиндукуше (там назывались также мавалис), в ряде одластей Средней Азии, Восточного Ирана и в районе Персидского залива.

5. Обозначение, прилагаемое к группе населения в Индии, состоящей примущественно из исмаилитов – назаритов, суннитов, шиитов-имамитов".

Автор осындай деректерді алдыға тартып, қазіргі араб елдерінде "қожа" (хааджа) (хуваджа) сөзінің мұсылман емес-терге қарата айтылатынынан-ақ, біз бұл сөздің төркіні араб сөзі емес екендігін аңғара аламыз", – дейді.

...Ол тегі "қожа" сөзінің түп төркіні түркі тілінде жатқандығы айқын дей келе...Орта Азия мен Қазақстанда Шыңғыс хан ұрпақтарының билігі күшейген сайын "қожа" атауын иеленген ақсүйектер құрметті орыннан ығыстырылып, тұғырдан тая бастаған сияқты. Оны "Төреге – қос табақ, қожаға – қос табақ, қараның төртеуіне – бір табақ" дейтін қазақ мәтелі жақсы түсіндіреді... деп ой түйеді.

Автордың (Б.С.Қошым Ноғай) бұл жазғандарынан әрі мақала атынан ("Қожаның" қожасы кім?) байқағанымыздай Қожа руына қатысы бар, не қатысы жоқ түрлі тілдерде қолданысқа түсе беретін "хваджа", "хозяин", "господин", "улама" т.б. тықпалап әйтеуір қожаларды бір пәс төмендетудің амалы сияқты. Оны дастарқан басында таратын "табаққа" қатысты айтқан мәтелі жақсы түсіндіреді деген сөйлем жолдарынан байқатқысы келеді.

Б.С.Қошым Ноғайға қаншама "тыраштанып" ислам дініндегі мұсылмандардың сүйікті аттары Құдай, Қожа, Сунақ атауларына "бәле" жапқанымен ол атаулар адамзат баласының соңғы қиямет заманына дейін өмір сүретіндігін, халық ол тамаша атауларды, "Иегова", "Хуваджа" "Сүфнақ" демей, өзінің этимологиясына сай айтатындығын шегелеп тұрып айтқымыз келеді.

Сунақтардың Сунақ-Ата (Һисамиддин) атты атақты кісісі бар. Соны Д.Досжан іштарлықтан Сунақтарға қиғысы келмейді. Өзінің "Жібек жолындағы" Хисамиддинді сол кітаптың алғашқы нұсқасында сығанақтық (сунақтық – А.С.) деп жазады да, кейінгі 13 томдығының 4-ші томында Хисамиддинді аяқ астынан бұрынғы жазғанындай қып-

шақ деп жаза салады. Ол 1973 жылғы "Жібек жолындағы" "қателігін" осылай қайталаған. Бұл дегеніңіз екі рудың арасына от салу деген сөз. Жаңақорған мен шекаралас Шиеліде қыпшақтар тұрады. Сунақ Ата (Һисамиддин, жоғарыда айтқандай орысшасында Хисамиддин) еш уақытта қыпшақ деп айтылмаған, әрі сол тамаша туыс ағайындар оны Сунақтардың әулие атасы деп аса құрметпен қараған.

Кеңес кезінде атеистік идиология заманында көптеген тарихи деректер сол уақыт ыңғайына орайластырылып бұрмаланып жазылды. Бұны да ендігі кезде жасырудың қажеті жоқ. Мүйізі қарағайдай КПСС тарихын жетік білген академик, профессор, жалпы ғалымдар көп мәселеде коммунистік тұрғыдан келді. Көп ретте тарихты білмегендіктен қалай болса солай жаза салған салғырттық та кездесіп отырады.

Қазақ тарихында тұңғыш рет шыққан Қазақ Совет Энциклопедиясы (ҚСӘ) Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Қаз КСР Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша жүзеге асқан. (1972 ж.) Бас редакция: "Мәдени өмірде аса елеулі оқиға болып табылатын осынау өте ір және маңызды іс – совет заманында шаруашылығы мен мәдениеті шарықтап өскен Қазақстанның, оның ішінде лениндік ұлт саясты аясында социалистік ұлт (?) болып қалыптасқан бақытты (?) қазақ халқының ұлы жеңісі мен жетістіктерінің жемісі" деп кіріспемен ашқан.

Бүгін ашық айтылып жүрген лениндік (В. Ульянов – Ленин) дінсіз идиологияның халықты қандай күйге әкелгенін білеміз. Оған жаппай ғалымдар мен интеллигенция өкілдерін қоса кінәлаудан аулақпыз. Оларда не дәрмен болды дейсіз. Қаншамасы шындықты ашып айта алмай іштен тынып, бақилық болды десеңші. Сол социалистік ұлттың энциклопедиясы Аллаһтың кітабы Құранды аңыз ертегіге теңестірген. Олардан қысқаша мәтін беріп кетелік:

... "Мұхаммедтен кейінгі үш халифтың тұсында да Құранның жазба нұсқасы болған жоқ. (?) Тек Абубәкір (632–634) Құранның үзінділерін (?) жинауға әмір етті. Халиф Омардың (634–644) тұсында Мұхаммедтің өсиеттері (?) Мединада қалдырылып, қалғандары Куфаға, Басыраға және Дамаскіге жіберілді. Бізге жеткен – Сәбит ибн Сейт (?) құрастырған жинақ. Ол "Осман шығарған Құран" деп аталды. Бұл Құранды 645 жылы Ислам діні қабылдады. (?)

Құранды Хаджамал Жүсіп (660–714) екінші рет өңдеді. (?) Бұдан соң да ол сан рет өзгеріске ұшырап (?) 10 ғасырға дейін бірнеше рет түзетіліп, (?) толықтырылды. (?) Құран ертедегі араб тайпасы – куфа (?) тілінде, қара сөзбен жазылған..... Құран сүрелерін 4 топқа бөлуге болады:

1. Мұхаммедтің өзі құрастырып, (?) құдай сөзі деп жариялаған сүрелер; 2) Мұхаммедтің дін уағыздаушы өкілдігін бастаған кезіндегі сурелер; 3) болашақ өмірді жорамалдауға (?) арналған сурелер; 4) Мадиналық кезеңге жататын сурелер. Бұл сүрелер мен аяттардан араб жұртының бағзы замандағы тұрмыс ерекшеліктері, (?) табиғат құбылыстарына табыну дәстүрі байқалады. (?) Кітапта діни қағида, тұрмыс заңдарымен қатар, құдай мен пайғамбарлардың, адамның, тіпті жалпы әлемнің, жер бетіндегі тіршіліктің жаратылуы туралы да көптеген жорамал, аңыздар бар. (?) Олардың ішінде ежелгі арабтардың да, христиан дінінің де, парсы жұртының өте көне дінінің бірі – зороастризмнің де діни, қиял-ғажайып, аңыздарының үзінділері кездеседі. (?) Аңыздардың төрттен біріне жуығы – Таурат пен Інжілден алынған пайғамбарлар жайындағы аңыз-ертегілер... (?)...Осы себептен де ислам дінінің басшылары құранда басқа тілге аударуға тыйым салып, "Құран оқу, Құдайға құлшылық ету араб тілінде болсын" деген төртіп енгізді... деп жазған.

ҚСЭ-сы Құранды Ретененсистің (1543) латын тіліне, Дю Рис (1647) француз тіліне, Росс (1649) ағылшын тіліне, Глаземакер (1658) голланд тіліне аударғандығын да атап кеткен. 1682–88 ж. Құран неміс тіліне аударылды. 1716 жылы Петр I-нің нұсқауы бойынша Құран француз тілінен орыс тіліне аударылып, Петербургте жарық көрді. Ал кейін Д.Н. Богуславский (1871), Г.С. Саблуков (1878) құранды араб тілінен орыс тіліне аударып, аударма 1907 ж. Қазанда татар тілінде де жарияланды. 1912 жылы Мұса Бегеев Құранды қазақ тіліне аударды. Бірақ ол жарыққа шықпай, қолжазба күйінде қалды. 1963 ж. академик И.Ю. Крачковскийдің жаңа аудармасы орыс тілінде басылып шықты...

Алайда Бұхар, Шортанбай, Шәңгерей, әсіресе кітаби ақындар шығармаларында Құран сөзі жиі кездеседі. Жамбыл Жабаев өзінің "Советтік ұлы заң" атты өлеңінде "КСРО Конституциясының статьяларын Құранның аят, хадисінен артық көрем", – дейді. Ал ақын Қ. Әбдікадыров "Дін сыры" атты поэма жазды. Құранның зияндығын түсінген халық оны ерікті түрде мойындаған жоқ. (?) (Қ.С.Э.1975 ж.)

Осындай атеистік идеология шырмауында қалған ҚСӘ-сының бүгінгі түста қайта жазылуы қажеттілігі осының айғағы, сауаты жоқ ғалымдар осылай жазып ібіліс жолында қалғандығына сол кездегі сайқал саясаттың атқарған рөлі үшін теңіз болған. Тіптен, жыр алыбы Жамбылды да өз қармағына түсірген. Жамбыл атамыз олай айтпаған. Оны сол заманның дінсіз идиологтары жыр алыбының атынан жазып жіберген. Ал Жамбыл атамыз мұсылмандықты берік ұстаған. Намаз оқыған.

* * *

Құран аудару турасына келсек, оны филология ғылымдарының докторы, исламтанушы Берікбай Сағындықұлы түсіндіреді: "Құранды араб тілінен тікелей аударуға болмайды. Себебі, қате кетеді. Бір сөзі қате аударылса, дүние жүзіндегі қылмыспен тең боп шығады. Құранды тек тәпсірлеу керек. Аудару мен тәпсірлеудің арасы жер мен көктей. Тәпсірлеу дегеніміз – Құранның (араб тіліндегі) бір аятын алып, соның мазмұнын түсіндіру. Бұл аят қашан, не мақсатпен келді? Қандай пайдасы бар? Барлық ғылымдарды топтастырып барып, осы аятты түсіндіруі керек. Соны бітірген соң ғана екінші аятқа түсіп, оны да солай түсіндіреді. Ғұламаның ғұламасы ғана тәпсірлеуге құқылы. Ол екінің бірі баратын іс емес. Құранды араб тілінен тікелей аудару-мазақ етумен бірдей. Құранды тікелей аудару мүмкін емес...

... Құранды тікелей аударып жүргендер, ол Құдайдан қорықпайтындық деп есептеймін. Ал аударды. Оның 50 пайызы қате болса, халық қате аудармасы бойынша қабылдаса... аударманың халыққа жасаған қатесі теріс жолдағы 72 ағымның жамандығынан да зор болып саналады. Дұрыс аударылмайтындықтан, көпшілік обал мен сауапты ажырата алмай қалады. Құранды аударуға болмайтын себебі, аударушы Жәбірәйіл періштенің дәрежесінде болуы керек. Аллаһ Тағаланың тілін араб тіліне аударған Жәбірәйіл періште ғой. Ғұлама болған соң ол Аллаһ тағаланың сөзін дәлме-дәл аударды. Неге Әл-Фараби аудармады, Қожа Ахмет Йасауи аудармады? Сол сықты имам ағзам аудармады, имам Ғазали аудармады. Неге десеңіз, олар Аллаһтан қорықты. Қателесіп кететінін, сол үшін тозақтық боп кететінін білді... біздің

аудармашылар ол жайын білмейді, я Аллаһ Тағаладан қорықпайды. Мұхаммед (С.Ғ.С.) Пайғамбар тұсында Құранды аударуға тыйым салған. XV ғасырға дейін аударылған жоқ. XV ғасырдан бастап Ислам діні өлсіреді де, сол шақтан Құранды аудару сияқты келеңсіздік белең алды. Оның ар жағында еш жерде аударылмаған. Күш азайғанда пайдаланып, көпірлер аудара бастаған. Бірінші аударушылар да солар. Әрине көпірлер қисық аударып,теріс түсіндіреді ғой. Олар үшін керек болды. Көпірлерге бәрібір емес пе?..

... Исламнан басқаның бәрі дін деп есептелмейді. Христиан, иуда т.с.с. адасқан діндер. Ал көпқұдайшыл діндер – шайтани діндер. Діннің өзі үшке бөлінеді. Ислами дін, адасқан дін, шайтани дін... Исламмен ешбір дін теңдесе алмайды. Теңдестіріп жатқан саясат. Аллаһ бір, оның діні де бір. Оны көбейтіп бұзып жүргендер кейінгілер.

Міне, атеистік кезеңдегі ҚСЭ-сы да қатты қателікке ұрынған. Адасушылардың ықпалынан шыға алмаған заман өз дегенін істеткен. Қасиетті Құран Кәрімді аңыз-ертегілер санатына қосып та жіберген. Тіптен, Құран ертедегі арабтардың тайпасы – куфа тілінде, қара сөзбен жазылған деп соққан. Біздің білуімізше Куфа тілі арабтарда жоқ, Куфа қаласы бар. Исламтанушы Б. Сағындықұлы айтқандай Құранды көпірлер демей-ақ қоялық, адасушылар діниндегілер XV ғасырдан бастап аударған. Олардың қалай аударғандығы да түсінікті жайт.

Ал Ислам дінін таратушы Сунақ, Қожалар жайында да бұрмалаушылыққа орын берген. Қ.С.Э. 1975 жылғы шығарылымында Қожа – Мұхаммедтің алғашқы халифтерінің ұрпағы, ертеде қазақ т.б. халық арасында мұсылман дінін таратып, уағыздаушы. Ислам тарихы туралы шежіре деректерне қарағанда, Қожалардың арғы атасы Аюб Ямипиден (?) басталады. Мұхаммедтің туысы Әлидің баласы Хұсайыннан өрбіген Қожаларды "Сайд қожалар" деп атайды. Олардың аз ғана тобы Мекке, Мединаны, ал бір тобы Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген. Қожалар Шәмші Ахмед және Шайқы Бұзырық деген екі үлкен салаға бөлінеді. Шайқы Бұзырықтан: Қожа Ахмет Йасауи, Арыстанбаб, (?) ал Шәмші Ахметтен: Қорасан қожа, Қырық Садақ, Диуана Қожа, Бақсайыс, Ақ Қожа, Жүсіп Қожа, Сейіт Қожа, түрікпен Қожа, Қылышты Қожа тарайды...

...Ұлы Октябрь Социалистік революциясына дейін Қожалар халықтың сауатын ашуға қатысумен қатар, негізінен

халықтың санасын улап, оларды реакциялық дін шырмауында ұстауға тырысты" деп жазған.

Бұ жерде тағы да совет ғалымдары білместік танытып отыр. Мұхаммед (С.Ғ.С.) сахабаларының бірі парсылық Салман Фарсиді (қазақтарда Арыстан баб) Яссауи сияқты Шайқы Бұзырықтан таратады.

Сунақтарды қожалармен байланыстырады да оның этногенездік (шығу тегі) тарихы жете зерттелмегендігі айтылады. Түрлі болжам болғанымен, Сунақта өзге ру-тайпалардағыдай таңба болмаған. Ұраны-Қожа Ахмед делінген.

Әлемге әйгілі саясаткер Мұстафа Шоқайды (Қыпшақтың Шашты атасынан) ажалдан құтқарған Ідая да (Сунақтың Қалмырза ибн Тоқпан атасынан) өздерінің кездесулерінде бұлай атамаған. Атақты ақын Әбділда Тәжібаев та шашты атаның бір бұтағы. Ол да Сунақ Атаны (Һисамиддин, орысша Хисамуддин) қыпшақ еді деп еш жерде жазған емес не ауызекі айтпаған. Бұған да қасарысып қарсылық көрсетер болса, Д. Досжанға Қыпшақтың шыққан ата жұртын тізбелеп көрсетеміз. Оқиық:

Қыпшақ ұлысы: Ақтан Сопы, Сүлім Алып, Көбек Алып, Мүйізді Сары Абыз болып бөлінеді.

Осының ішінде Қара Қыпшақ тармағына: Ұзын, Көлденең, Торы, Қарабалық, Бұлтың кіреді.

Торыдан Әлпейіс, Күлпейіс атты екі ұл туған. Әлпейістен – Қитаба мен Түйішке, Күлпейістен – Көкмұрын мен Шашты тарайды.

Шаштылар жеті атаға бөлінеді: Айдарқазы, Байсары, Бошай, Малай, Құтым, Шағыр, Шегір болып.

Шежіре бойынша: Шашты Атамыздан – әуел баста Сұмсар мен Қармыс туады. Сұмсар ұрпақсыз өткен. Ал Қармыстан – Абас, Бәтік, Ботықара, Бұлбұл атты балалар өсіп-өнген. Абастан – Бошай мен Шағыр, Бәтіктен – Айдарқазы мен Шегір, Ботықарадан – Малай мен Құтым, Бұлбұлдан – Байсары тарайды.

Шаштылар әулетінің үлкені – ноқта ағасы Байсары болған. (237) Міне, осылай тарқатыла береді.

Туысқан құда-құдандалас қыпшақ бауырлар еш уақытта Сунақ Атаны қыпшақ деп атамағанын, керек болса олай ойламғанын да білуге болады. Оның үстіне Шиелі маңында тұратын қыпшақ ағайындар мен басқа да қыпшақ туыстардың шежірелерінің бірде-біреуінде Сунақтарда аталатын

Һисамиддин – Хисамиддин – Хусамиддин – Асамаддин кісі аттары жоқ.

Қайта айналайын қыпшақ ағайындар өздерінің шежіресінде:

... "Біздің Шашты Атамыз, Кенжегүл Құлпейісұлы, бабалардың сертті Сөзін бұлжытпай орындаған. Ол өсе келе ел-жұртына сыйлы, аузы дуалы азаматқа айналыпты. Жеріне жау шапқанда, батыр жігіттердің жүздігін басқарып, талай жанқиярлық ерліктер көрсеткен еді деседі.

Бірақ Кенжеғұлдың атын Шашты Атаға айналдырған оның жаужүрек батырлығы мен топжарған шешендігі ғана емес, ерекше тақуалығы, кіршіксіз имандылығы болса керек. Қазақта (жалпы түрікте) "ата" деген атау әдетте әулие-әмбиелерге, аруақты абыздарға телінеді. Мысалы, **Бекет ата, Қорасан ата, Баба ата, Сунақ ата, Оқшы ата, Ғайып ата,** т.б. Біздің бабамыз Шашты Ата да заманында осындай қасиетті кісілердің жолын қуып, туралық жолынан таймай өткен...

... Әрине, бір-бірін ағайын-туыс санайтын Шашты ұрпақтары ешқашан ұлттан, халықтан бөлініп көрген емес. Күллі қазақ халқының ортақ мүддесі мен ауызбірлігі, елдің, жердің, діннің, тілдің тұтастығын қорғау, сақтау – Шашты бұтағынан тараған Мұстафа Шоқайдан, өзге де данагөйлерден қалған өсиет-мұра..." деп жазады. (238)

Мұсылмандықты мансұқтап қарайтын, Сунақ руын ғайбаттап жазғандарға төмендегі дәлелдерді келтіре кеткен де артық болмас.

Ислам дінінде Сунна ғайбатқа тыйым салады. Төменде оның тек кейбіріне тоқталамыз.

Әл-Бухари имамның (рахматуллаһи алейһи) "Ас-Сахих" кітабының "Ғайбат" туралы бөлімінде, "Хужурат" сүресіндегі "... Сыр тексермеңдер, біреуді-біреу ғайбаттамасын..." деген 12 аятын келтіреді де, оны Ибн Аббастың (ради Аллаһу анһу) жеткізуіндегі хадиспен бекіте түседі: Бірде Аллаһтың Елшісі (С.Ғ.С.) екі бейіттің жанынан өтіп бара жатып: "Расында мұндағы екеу жазаланып жатыр, олар үлкен күнә үшін азапталып жатқан жоқ. Бірі – кіші дәреттен тазаланбаған, екіншісі – өсек тасып, ғайбат айтып, адамдар арасына от салған деді де, жас шыбықты алып, оны екіге бөлді, сөйтіп, әрқайсысын бір-бірден әлігі екеуінің қабіріне қадап жатып, мүмкін бұл шыбықтар құрағанда, олардың азабы жеңілдетілетін шығар", – деді.

Әбу Бәкір әл-Исмаил Абдуллаһ ибн Омардан (рахматуллаһи алейһи) жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (С.Ғ.С.) айтқан: *"Ей тілімен иман келтіріп, жүрегіне әлі иман ұяламағандар, мұсылмандарды ғабаттамаңдар, олардың кемшіліктерін аңдымаңдар. Егер кімде-кім олардың кемшілігін аңдыса, онда Аллаһ оның кемшілігін аңдиды. Егер Аллаһ кімнің кемшілігін аңдыса, онда оны тіпті үйінде де масқаралайды".*

* * *

Қазақша шыққан "Ислам энциклопедиясында" Сунна атауына қатысты мынадай нақтылы анықтама берілген:

Ахл ас-Сунна Уә-л-Джамаға (Суннаның адамдары мен қауымдық келісімі) – мұсылмандардың сунниттер тобының атауы.

Атаудың бірінші бөлігіндегі Сунна сөзі – үлгілі ұғымын береді. Демек Мұхаммедтің өмір жолы барлық мұсылман қауымына үлгі. Бұл туралы, яғни оның идеясы мен ісі хадисте көрсетілген. Себебі ислам қағидасы Пайғамбар мен Алланың өзара байланысын мойындады. Мұхаммед сөзі Алланың пендесіне арналған өсиеті іспеттес, сондықтан Сунна мен Құран ислам үшін Құдайдың бергені және мұсылман қауымы өмірінің ережесі болып табылады деп тұжырымдайды.

Ал Қазақстанда Мұхаммадтан (С.Ғ.С.) кейін халиф болғандардың (Абу Бакр, Омар, Али) ұрпақтары бар екендігі бұрыннан белгілі.

Омардан да сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (С.Ғ.С.) күйеу баласы Алиден де жасы үлкен әрі Мұхаммед Пайғамбарымыздың (С.Ғ.С.) қайын атасы Абу Бакрден тарайтын, хлует орында бірінші отыратын (дін жолындағы адамдар солай қабылдайды) Сунақтардың Сунна жолында екенін осы сөздер де дәлелдеп тұр.

Әбу Бәкір ас-Сыддық Абдаллаһ ибн Аби Қахафа Осман ибн Амир ибн Амур әл-Құрашиа ат-Тамики (573–636) Мұхаммед Пайғамбарымыздың (С.Ғ.С.) ізбасары. Мұсылмандардың алғашқы халифы. Құранды ақиқат деп ең әуелі мойындаған. 631 жылы мұсылмандардың Мединеден Меккеге барған бірінші сапарына басшылық еткен. 632 жылы Мұхаммад (С.Ғ.С.) қайтыс болғаннан кейін Әбу Бәкір ас-Сыддық Мекке мен Мәдине мұсылмандары қауымының

басшысы болды. Бұл кезде Ислам ықпалы Батыс Арабиясы территроиясымен ғана шектелетін. Әбу Бәкір ас-Сыддық бәдәуи тайпаларын бір тудың астына жинай отырып,мұсылмандықты бүкіл Араб жеріне таратып, Сирия мен Иракқа жеткізді. Оның ұрпақтары Орталық Азия мен Египетке де дін таратты. Исламды қабылдағанда 40 000 динар, ал тұңғыш қажылық сапарында 50 000 динар болды. Ол бұл қаржысының тең жарымынан астамын, 35 мыңын кедейлерге, құлдарды азат етуге, дін жолындағы соғыс құралдарын алуға жұмсаған. Өз қолымен азат еткен құлдардың арасында алғашқы азаншы Билал Хабаш бар еді. Әбу Бәкір ас-Сыддық жинаған Пайғамбар Мұхаммед (С.F.С.) хадистері ішінен ғұламалар 142-ін сұрыптап алған. Ол халифатты 2 жыл 7 ай басқарды.

Сунна бұл Суннизмнің негізі. Сунна – пайғамбарымыз Мұхаммадттың (С.F.С.) ұстанған жол өнегесі. Ал Мазһаб – тура жол. Пайғамбарымыздың (С.F.С.) сыртқы келбет көрінісі мен жүріс-тұрысының өзі талайды баурап, дінге кіргізгенін қаперге алсақ, диуаналық пошым мен фанаттық әуейіліктің оған қаншалықты кереғар екендігін сезінеміз. Сунна жолындағылар төрт мазғаб жолының бірін ұстанады. Олар – ханифалықтар, шафииттіктер, мәлікшілер, ханбалиттер. Ханифалықтар мазһабының негізін салған – Әбу Ханифа Нуман (699–767 жылдар өмір сүрген). Қазақтар арасында "имам Ағзам мазһабы" делінеді. Бұл мазһаб – әр ұлыстың ұлттық ерекшеліктерін тәркі етпей, исламға үйлестірілуімен ерекшеленеді. Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрге керағарлығы жоқ. Шафииттік мазһабты – Әбу Абдаллаһ аш-Шафии (767–820), Мәлікшілерді – Мәлік ибн Анас (715–795), ханбалиттерді – Ахмад ибн Ханбал (780–855) қалыптастырған.

Ал жоғарыдағы "білгіштер" Сунна мен Суфизмді шатастырып ағым деп атап отыр. Ағымға мыналар жатады:

Өзіндік діни мектептерін қалыптастырған айтулы ғұламалармен қатар әр заманның өзіне лайықты "арамзалары" да болған. Жалған пайғамбарлар алдауына (бұған өзіміз сөз етіп отырған жалған жазушыларды да қосыңыз) арбалғандар, әпенділерді әулиеге балағандар, дәруіштікті дәріптегендер әр кезде болған. Сондай ағымдардың ең кең тарағаны – ахмадия. Бұл ағым негізін Ахмад Кадиани құрған. Оны пайғамбарға балаушылар Үндістанда, Пәкстанда әлі де бар. Сонымен қатар Әли Мұхаммед Ширазидің "бабшылар" қауымына құлдық ұрушылар да кездесіп қалады. Ширазиді

әулие санап оның кітабын құранға (Астағфиралла) балағандар кездеседі. Бабшылардың "бехашылар" деген тармағы әлі күнге өз үрдісін ұстанып келеді. Айтар болсақ, "пірге қол береміз" деп еліргендердің күмәнді топ – "рошаниттерге" қосылып кеткендері де жетерлік. Сопылық (суфизм) жолды да саралай алмағандар әр түрлі діндер қойыртпағынан түзілген жолға түсіп кеткен. Сопылар бауырластығы – кадирт, жунанди, халляджи, идриси, малямати, мауляви, рифан, саади, шазили, сухраварди, тиджани, шаштиларды тізбелеп, әр мектеп есігіне тамсана сығалаудан ертегі нәтижесін бағамдай алдық па?

Міне, осындай ағымдардың ел арасына кіріп кетіп "пір" атанбауы үшін дұрыс мектеп қалыптастыру керек. Ол мектеп – бұрынғы "атеизм", "ғылыми коммунизм" орнын алмастыра алатындай болып түзілгені дұрыс. Сонда "жалақорлар", "өтірікшілер", "өзін білгішпіндеушілер" "сайтани жолдағылар" саны да азаймақ.

"Көрмегенге көсеу – таң" деген бабаларымыз. Көрмеген не білмеген айып емес. Үлкен шаруаға кірісерден бұрын оның ретін біліп алу керек екенін түсіне түрып, тоңмойындыққа басу – айып. Қазақ ондай әдетке басқан адамға ренжігенде: "Өзің білме, білгеннің тілін алма!" – деп қарғайды. Тіл саласын білмеген пенде халықты алдаусыратып, оркөкірекке салып, тоғышарға айналады.

С. Б. Қошым Ноғай "Атеистің қалта сөздігін" сол жақ түстағы төс қалтасына салып жүретін сияқты. Ол: ... "Атеизм (грекше – *а* – теріске шығару шылауы және латынша жазу – құдай, сөзбе-сөз – құдайсыздық) діни түсініктерді (құдайға сенуді, жанның өлмейтіндігін, о дүниені, өлгендердің қайта тірілуін, т.с.с.) және жалпы дінді жоққа шығаратын көзқарастар жүйесі", – дейді. (239)

Адам Ата мен Хауа Ана үшін "а" дыбысы алғашқы кезде "ауыз" ұғымын аңғартса да, ол толық мәнінде дененің бұл мүшесін өзінің бар қасиетімен сипаттай алмаған тәрізді" – дейді. Ауыз – әрі ашылып, әрі жабылатын дене мүшесі: а-м (ам). "Ам" тұлғасындағы сөз қазіргі монғол тілінде "ауыз" деген ұғымды береді: "рот (рта, П.о рте, во рту) м ам; мальенкий, красивый рот жигжиг, сайхан ам; открыть, закрыть рот амаа ангайх, амаа хамхих; дышать ртом амаараа амьсалах; во рту сладко аманд амттай байна ("Орос хэлний түгэмэл хэрэглэдэг 4000 үгийн толь. Орос монгол сурах толь", стр. 326. Москва, "Русский язык", 1986). Монғол тілдері де

түркі тілдері секілді алтай тілдік жүйесіне енеді. Яғни, талай дуалы ауызбен айтылған көне монғол және түркі тілдері тектес, төркіндес екендігі дәлелдеп жатуды қажет етпейді. Бұл дыбыстық құрамдағы сөз қазіргі қазақ тілінде әйелдердің жыныстық мүшесінің атауы ретінде қолданылады. Бұл сөздің көне дәуірлерден келе жатқандығын Махмұд Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түрік" (Түркі сөздерінің жинағы) атты еңбегі де дәлелдей түседі. Онда "әм" тұлғалы сөздің бірнеше мағынасы келтірілген:

"Әм I – ем, дауа, дәрі.

Әм I – әйелдің жыныс мүшесі.

Әм III – ему" деп жазады. (М. Қашқари, "Түбі бір түркі тілі", 149 бет. Алматы,"Ана тілі", 1993) "Отыз тілден шыққан сөз"... Адам Ата мен Хауа Ана қай тілде сөйлескен? (Байбота Серікбай Қошым Ноғай "Аруана" газеті)

Осы орайда, Зия Гөкалып (Көкалып) "Түріктер өз тілін қалайша ретке келтірді?" атты мақаласында: ... Адамдар әрбір біліми не сезімдік түсінікті өзінің нақты тәжірибесіне сүйене отырып қабылдайды да оған белгілі бір атау береді. Осман филологтары мен жазушыларының айтуына қарағанда, халықтың шетел сөздерін өз тілі талабына ыңғайлау мақсатында жүзеге асырған өзгерістері қателіктер туғызған. Олар осындай халық шығармашылығының нәтижелерін "галатат" ("бұзылған сөздер") деп атаған, олардың ойы бойынша, "фасахат" ("сөзді дұрыс айту") түсінігі түрік лексикасына кірген араб және парсы сөздерін түрікшеленген түрінде емес, сол тілдердің өзіне тән түрінде қабылдау дегенді білдіреді...

...Алайда түркітілдердің тіл мәселесіне байланысты қағидалары туристердің (сырттан келгеннің барлығын таза түрікшеге айырбастау үшін күресушілер, яғни тура аударатын болсақ, тазашылдар) көзқарасына сәйкес емес. Туристер былай деп есептейді: таза түрік атауы ретінде қарастырылатын сөздің тамыры атам заманғы нағыз түркілік тілдік негізбен байланысты болу керек. Сондықтан дейді олар, араб, не парсы тілінен келіп, халықтың тіліне еніп кеткен кірме сөздерді түбірімен жұлып тастап, орнына шағатай,өзбек, татар, қазақ және басқа туысқан ұлттар тілдерінен сұрыптап алынған ұмтылған ескі түркі сөздерін не жаңа негізге құрылған грамматикалық ережелер бойынша жасалған тың терминдерді кіргізген жөн. Түріктілділер бұндай ұсыныспен келіспек емес. Оның басты себебі мынау: егер бір сөздердің тегін түбіне шейін зерттейтін болсақ, олардың

ішінде таза түркі атаулары деуге тұратыны көп емес екеніне көзіміз жетеді. Біз осы уақытқа шейін таза түркі атаулары деп келген сөздердің көпшілігінің арғы тегі шындығында қытай, монғол, тунгус және тіпті үнді мен парсы түбірлерінен тарайды. Екіншіден сөз анықтаушы емес, өзі мағынасын беретін түсініктің белгісі ғана. *Сөздің арғы тегін білу – үзілді кесілді шарт емес.* Ондай нәрселердің тек филологтар мен лингвистер үшін ғана маңызы бар. Оған тым көп мән беру тірі тілдің жүйесі мен өзіндік белгілеріне тіпті кері әсерін тигізуі мүмкін. Өйткені, араб, парсы сөздерінің тегі және сонымен қатар түркі сөздерінің өзінің арғы тегі туралы мәселені қарастыру барысында көргеніміздей, кейде олардың этимелогиялық мағынасы нақты мағынасына сәйкес келмейді...

Халықтың тілі – тірі организм. Ол жансыз тамырлардан емес, өмірге бейімді органдардан тұрады! (240)

* * *

Жоғарыда айтқандай, Мұсылман елдері Фараб жағынан бастау алған. Түріктерге жататын қыпшақтар ол кезде әлі исламды қабылдамаған. Махмуд Қашғари мен Рашид ад-Дин көрсеткен түрік руларының біреуі де Сунақ (Сығнақ) қаласында болмаған. Махмуд Қашгарский (кей деректерде осылай аталады) сол руларды былай тізімдеп көрсетеді: Қынық, Кайығ, Баюндур, Иве или Йиве, Салгур, Афшар, Бектили, Бюқаюз, Баят, Язғыр, Әймюри, Кара-бюлюк, Алка-бюлюк, Игдер, Урекир, или Юрекир,Тутырға, Ула-йондлуг, Тюкер, Печенег, Джувалдар, Джебни.

Рашид ад-Динде: Қынық, Кайы, Баюндур, Йиве, Салур, Авшар, Бекаили, Бюқаюз, Баят, Языр, Әймюр, Кара-Әвли, Алқыр-әвли, Йигдер, Урекир, Дудурға, Ула-йонтлы, Дюкер, биджне, Джавулдур, Чебни. (241)

Жамил Ержанов "Сунақтардың этногенезі және Сунақ қаласының тарихы" атты еңбек жазып, ол Сунақтардың атабабасынан келе жатқан шежірелерді, қазақ тарихына қатысты көне деректерді, Кеңес одағы кезіндегі жәдігерліктерді арабтың әлемге әйгілі ғалымдар еңбектерін пайдалана отырып жоғарыдағы кітапты халыққа ұсынды.

Шындығында, Ж. Ержановтың жазғандары "анау айтып еді, осылай шығар", деген кейбір "провакатор" жазғыштарға қарағанда 100 процент ақиқатқа құрылған. Мысалы,

біз жоғарыда айтқан бірқатар мәліметтерді Ж. Ержанов өзінің "Сунақтардың этногенезі мен Сунақ қаласының тарихы" кітабында тамаша дәлелдеп айтып берген. Сунақтардың шығу тегіне көз жүгіртсеңіз олардың аттарының өзі араб халифы Әбу Бәкір ас-Сыддықтан бастап бүгінге дейін араб есімдерінде екенінің өзі көп жайды аңғартады.

Жамил Ержанов ол Сунақтар жайында былай тұжырымдайды:

а) "Сунаққорған", "Сунақ" деп аталып жүрген кездерде тарихи және археологиялық мәліметтер бойынша, оғыздарда бірде-бір қала не қорған болмаған;

б) Сол кездегі Рашид ад-Дин мен Қашғари көрсеткен түріктердің 22 руынан ешқайсыда Сунақ қаласында тұрмаған;

в) "Сунаққорған", "Сунақград", "город Сунақ", "Крепость Сунак-Курған", "город Сунак-Ата" тағы басқа аттар Сунақтардың қорғаны, Сунақтардың қаласы, Сунақтардың бекініс қорғаны деп Сунақтардың мекені екенін анық көрсетіп тұр;

г) "Сунна-ақ" деген сөзден екі қатар келген әріптерінің ауызекі түрде қысқартылып "Сунақ" деп аталынып кетуі тіл заңдылықтарына қайшы келмейді; "Құдай – бір, пайғамбар – хақ, Сунна-ақ" деген суниттердің келген кездеріндегі ұранының сөздерінен қазірдің өзінде де сунна жолын ұстап намаз оқитындар "Құдай – бір, пайғамбар – хақ" деп күніне әр намаздың алдында,намаздан кейін бірнеше қайталап тәубесіне келіп, шүкіршілік жасайды. "Сунна-ақ" деген сөзден: Сунақ деген ел бар, арабтарда Сунна жайында 300 томнан тұратын кітаптар жазылған; бізде халық арасында кешегі күнге дейін дуаналардың үй-үйді аралап, "ақ" деп айқайлап жүруі осы "Сунна-ақ" деген ұранның соңғы сөзіндегі "ақ";

д) Сунақ қаласының аты "Сунак" деген сөзден басқа 17 атпен аталған. Олар (алғашқы баспа түрінде): Сунах, Сунак, Сунахград, город Сунак, Сағанак, Сугнак, город Сунак-Ата, Зунак, Синах, Сенгақ, Сонақ, Сокнак, Сықнақ, Сығнах, Сығнак, және ең соңында қала қирап болғаннан кейін Сығанақ. Бұлардың бұрмаланғандарының барлығы да "Сунақ" деген сөздің деформациялануынан пайда болған. Себебі, Сунақ қаласында жергілікті халықтардан басқа көптеген жаулап алушылар, басқа мемлекеттерден келген көпестер мен саяхатшылар, керуеншілер мен келушілер сияқты әр түрлі акцентпен, интонациямен, жаргонмен, говормен, ұлттық

дыбыс шығару тәсілдерімен, сауатсыздықтың салдарымен сөйлейтіндердің болуына байланысты, тарихта өз атаулары түрінде ұқыпсыздықтың нәтижесінде "Сунақ" деген сөздің деформацияланған түрлерін қалдырған; монғолдар – Сонак не Сокнак, орыстар – Сығнак, Зунак, Синах, көшіп-қонып жүрген дала қазақтары – сағанақ деп атаған. Мысалы, Армяндардың "Сенгах" деген сөзі авторлардың синонимдік - омонимдік ұқсастықтарында, жұрнағында, түбірінде, тіпті өздерінде керек етіп түрған жоқ;

е) Қазақтарда да, басқа да елдерде де әдетте су деген сөзден кейін "нақ" деген сөз (жұрнақ) қолданылмайды да. Су мол, ащы, тұщы, мөлдір, таза, суық, ыстық сияқты тағы басқа сөздер арқылы айтылады. "Нақ" деген сөзді арабтар да, орыстар да т.б. елдер де "дәл" деп айтады, не осы мағынада айтылады. Мысалы, орыстар "точновода" не "водоточно" деп еш уақытта айтпайды. Осыған байланысты "нақ" жайындағы авторлардай (Сунақтардың атына тіл тигізіп бұрмалап жазғандарды Ж. Ержанов атап өткен, бұ жерде олардың шыққан тегі мен аты-жөнін қағазға түсіруді ар санадық, олардың фамилиялары мен есімдерін өздері жазғандай "нақ" сияқты "түбірі мен жұрнағын талдасақ адам ұялатын анайы сөздер шығады, бірақ біз ондай әлдебіреуді кемсітуге бармаймыз, олар өздері құлап жатып, сүрінгенге күлгендей әсер қалдырады. (А.С.) "Сунақ" деген сөз "Сығанақтан" шыққан болу керек деген жорамалдары сияқты, "Сунақ" "Сунна -ақ" тан емес, арабтардың "Сунна" және "нәхд" ("дәл") деген сөздерінен шыққан деп жорамалдасақ шындықты бұрмалаған болар едік;

ж) Ғылымда статистикалық анықтық" деген критерий бар. Бұл критерийдің ықтималдық ерекшелігі "Р" деген әріппен белгіленеді. Біздің жоғарыдағы көрсетілген фактілеріміз сияқты кітаптағы жүздеген фактілердің осы "нақты" мүмкін деген болжау ретінде қарағанның өзінде "Р"-і 99 процентке тең, яғни 0, 001-ден аз, басқа сөзбен айтқанда абсолюттік ақиқат, ал "нақ" та "Р" 1 процентке тең десек, 0, 5-тен көп, абсолюттік ақиқатсыз.

Әбу Бәкір ас-Сыддықтың ұрпақтарының Сауд Арабиясынан басқа, Египетте, Орта Азияда, Қазақстанда көбірек тарағаны тарихи деректерде де белгілі. Әбу Бәкірден Сунақ-Атаға дейінгі Сунақтардың шығу тегіндегі жеке-жеке аталарды хронологиялық тәртіппен көрсеткен шежіре, Сунақ-Атадан тараған қазіргі уақытқа дейінгі аталардың шежірелері,

сунақтардың келген кезеңдегі ұраны мен қазіргі "Қожа Ахмет Йасауи" деген ұраны, Мұхаммед пайғамбардың генетикалық ұрпақтары бола тұра қожалардың сунақтарға хлеует жайда орын беруі, бұлардың ру не тайпа ретінде таңбасының жоқтығы, жүзге жатпауы, Сунаққорған т.б. осылар сияқты кітапта көрсетілген көптеген өмірде болған және әлі де өмірде бар фактілер, кейбір тарихи деректердегі,қазақ энциклопедиясындағы қателіктердің, соңғы "нақ" авторларының бұрмалау жорамалдарын шындыққа жатпайтын фиктивтік пікірлер екенін бұлтартпай дәлелдейді.

Соңғы кездегі дерек бойынша Сунақтардың, Мекке түбінде көп шоғырланғандығы да анықталып отыр.

* * *

Өмірдің өзі шындық.Сол шындықты көре білу де ұлықтық. Жоғарыда айтқандай талас тудырып жүрген сөздің бірі "Сығнақ". Мұның да "Сунақ" сөзінің де түп атасы Сунақ екенін ғылыми еңбектерді оқи отырып көз жеткізуімізді айту артық болмайтын сияқты.Оның үстіне Сығанақ қаласының пайда болуы сунақтарға байланысты емес, себебі ислам миссионерлерінің келуіне дейін пайда болған. Қала VIII ғасырларда пайда болған, ал миссионерлердің келуі X–XI ғасырларда деп көрсткен. Археологиялық мәліметтер бойынша Сунақ қаласы VI–VII ғасырдан XVIII ғасырға дейін өмір сүрген. Ал, алғашқы араб миссионерлерінің келуі, біз жоғарыда көрсеткендей, VII ғасырдың бірінші жартысында басталған. Бұның даму процесі бірнеше ғасырға созылған. Түрлі авторлардың арабтарды VII–VIII, X–XI, XIX ғасырларда келді деуі, олар осы уақытта массалық, топ-топ келу кезеңдерін айтып отыр. Бұл жайында В.В. Бартольд шыққан еңбегінде былай деп жазған: "Дегенмен Аравиядан бірақ рет жаппай қоныс аудару қозғалысы тарихтың ескертуі бойынша исламның пайда болуына байланысты VII ғасырда болды; одан бұрынғы қозғалыс жөніндегі пікірлер жорамал ғана. X ғасырда Түркістанда, Персияда әлі де болса қоныс тепкен арабіна сөйлейтін халықтардан тұратын қалалар және өнеркәсіпті селолар болған. Тіпті Түркістанда осы уақытқа дейін, өз тілін жоғалтқанымен, сана сезімін, тайпасының атын сақтап келген бедуиндардың ұрпақтары тұрады (242) Өзіміздің рухани астанамыз деп жүрген Түркістанның басты көшесі Сунақ маһалласы деп аталған. Яғни, Сунақтар-

дың қазақ жарінде араб тұқымы ретінде қалыптасқанын осыдан көреміз.

Сунақ пен Сығанақ жайындағы шындық мынау. Б.Д. Греков, А.Ю. Якубовскийдің жазуы бойынша (Д. Греков, А.Ю. Якубовский. Золотая Орда и ее падение. М., 1950, стр. 350–315) "Сунақ", "Сығнақ" деп жүрген атауларды арабша түпнұсқа жазумен салыстырғанда "в транскрипции Сунақ" болып шыққаны анықталған. Арабша сауатты оқытушысыз өзінше оқып жүргендерге сол кездегі дыбысты дұрыс шығару өте қиынға түскені ақиқат. Қазақ тілінде "Сунақ", "Сығнақ" деген сөздердің болмауына байланысты бұл аттарды, қазақ ғалымдарының өзара келісіп, қазақ тілінде бар "сығанақ" деп атағаны белгілі. Сунақ қаласынан, басқа аталардың шығуы жайында тағы бір дерек келтіре кетейік.

Қазақстан территориясында арабша үш түрлі жазу (письменность) өтті: қадыми (көне классикалық араб жазуы), жәдит (1917 жылға дейін) және төтенше. Көне жазу бойынша арабтардың "А" деген бір әріпінің өзі әріптің асты-үстіне қоятын белгілерімен,тоғыз түрде айтылады. Осыған байланысты классикалық араб жазуы бойынша харакаттар (фатха, кесра, дамма) траскрипциясы және үстіне жазылатын секин (о) сияқты тағы асқа да белгілер (Республикалық Ұлттық Кітапханадағы қолжазбаға қараңыз) арқылы "Сунақ" деген сөзді анық және дұрыс жазуға болады. Бұл белгілерді дұрыс пайдалана білмесе "Сунақ" сөзінің орнына "Сувнақ", "Суннак", "Сагнак"," Сығнак", "Сығнақ" деп транскрипциясын бұрмалап дұрыс аталмайтын, яғни дұрыс жазбайтын мүмкіншіліктері анықталынады. Бұл жағдайды қадыми жазуын ежелеп оқу методикасы арқылы Құранның аяттарын түгел арабіна жатқа білетін, түркімен тілінің түркіменше оқу құралын жазған маманы, армян, әзірбайжан тілдерінде де сөйлей және жаза білетін ұлты қазақ, филология ғылымының докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясы институтының консультанты Айдаров Ғубайдулла Айдарұлымен сұхбаттасқан кезде егжей-тегжейлі дәлелдеп берді. (243)

Көне классикалық араб жазуының қиындығы жайында Д.Е. Еремеевтің айтуы бойынша: "Көне араб жазуында тек дауыссыз дыбыстар белгіленген, дауысты әріптер болмаған. Көптеген дауыссыз әріптер, кейінірек енген жол асты және жол үсті нокаттардың болмауына байланысты, бір-біріне ұқсас

болған. Арабистикада апостроф арабтың "айн" әрпінің транскрипциясында қолданылады. "Айн" шұғыл көмекей дауыссыз дыбысты және дауыстың жеңіл бөлінуі арқылы екі дауысты дыбысқа ажырататын "хамза" белгісін төңкерілген қалпында берілуі қабылданған,екіншісінде – әдеттегідей. (244)

Жоғарыдағы айтылғандарға қарағанда, кейбіреулердің "Сунақ" деген сөз "сығанақ" деген сөзден шыққан деп жорамалдауы, не В.В. Бартольдтің өз оқуы бойынша Константинопольдегі қолжазбадағы сөзді "Сығнақ" деп оқуына сүйене отырып, қаланы "Сунақ қаласы емес" тек қана "сығнақ қаласы деп" атаған дұрыс болуы мүмкін деп басқа фактілердің бәрін ысырып тастауы, (бұлар жайында төменіректе айтылады) тіпті дұрыс емес, керісінше түсінікте. Біз бұл қолжазбадағы "сығнақ" деген сөздің орнына "Сунақ" деген сөзді қойсақ қолжазба мына түсінікте шындық мағынада айтылады:

Біріншіден, "Сығнақ" деген сөз орысша аудармасынан. Біз бұл сөзді өзіміздің айтуымызға ыңғайлап "Сығнақ" деп алдық. "Сығнақ", "Сығнақ" деген сөздер орыс тілінде де, қазақ тіліне де жоқ мағынасыз сөздер. "Өткенде ел болды ол" дейді өленде, Сунақ деген ел бар, ал "Сығнақ", "Сығнақ" деген елдер жоқ. Екіншіден, "Шықты автор сол жерден шығарманың "Нихая", түсінік беруші шықты одан қиын жерін "Хидая" дейді өленде. "Нихаяның" авторы Сунақ-Ата (А. Кастанье. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Оренбург, 1910), ал сунақатаның өзі сунақ руынан (А. Кастанье. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Оренбург, 1910) және оқымысты, ғалым екендігі тарихта белгілі. "Хидая"-ны түсіндіру үшін суннаның жолдарын жақсы білетін оқымысты адам болу керек. Жоғарыдағы айтылған дәлелдерді былай қойғанда, өленнің мағынасының өзі-ақ "сығнақ" емес Сунақ қаласы екендігін дәлелдеп тұр. Дәрігер ретінде де сунақтар жайында өз ойларымызды ортаға салайық.

Біріншіден, сунақтар мен арабтардың генетикалық ұқсастықтары жайында. Бұл жағдайды судмедэкспертиза арқылы да дәлелдеуге болады. Сыншы, тарихшы болса, "еніне", белгісіне неге қарамаған. Қазақ тарихында ата-бабаларымыз бір-бірін "ениенде" танитын еді ғой. Екіншіден, сунақтардың тарихындағы ақтаңдақтарды түгел "емдеу" үшін "дәрі" ретінде жергілікті халық Жаңақорғанды Сунаққорған деп атағаны жөн. Бұл тарихи әділеттілік. Оның үстіне Жаңа-

қорған жаңа қорған емес. Қазіргі уақытта қорғанның қираған төмпешігін де табу қиын. Орысша Яны-Курган деп жазылып жүр, туралап жазғанның өзінде де Жана-Курган болып шығады. "Сунахкурган", "Казахстан" дегендей дәлірек айтылып, мұсылман дінінің қасиетті орталығынан алғаш келген ислам миссионерлеріне ескерткіш және факт ретінде тарихи шындықты көрсететін символ болар еді. Осы миссионерлердің еңбектерінің арқасында бір күшке жұмылып сол кездегі еліміздегі жаугершілік тоқтатылды.

"Мы вам глаза открыли" дейтін кейбір шовенистер (әсіресе батыс буржуазия елдерінен бүкіл дала халықтарына) сауатсыз жүргенде, біздің ата-бабаларымыз көне ғасырлардан бастап арабіна оқып, жаза білген, сауатты болған. Революцияға дейінгі (айтып жүрген екі процент емес) қазақтардың тұрған жеріне байланысты 20 проценттен 40 процентке дейін сауатты болғанын қазіргі көзі тірі қариялар да айтып бере алады. Сол кездерде көшіп-қонып жүріп-ақ халқымыз "Мың бір түн", "Кәлила мен Димнә", алгебра астрономия, геометрия т.б көптеген әдебиеттермен, ғылыми және денсаулық сақтау жолдарымен таныса бастады. Араб тілінен қазақ тіліне кіріккен сөздер 15 мың, соңғы мәлімет бойынша 16 мың екені анықталып отыр. Осының нәтижесінде көптеген асыл інжу-маржан сөздер мен ғылыми ойлар арқылы өрісіміз кеңіп ойымыз тереңдеді, мәдениетіміз гүлденіп, тіліміз байыды. Оңтүстік өңірінде ертеден-ақ егін егіп, сауда жасап, тұрақтана бастадық. Соның арқасында экономикамыз көтеріліп, қалалар көбейді, медреселер ашылды. Өзімізден үлкендерге құрмет білдіріп, кішілерге ілтипатты болдық. (245)

Бұл мәселе "Казахстанская правда" газетінде орынды көтерілді. (246) Мемлекет Басшысы Н. Назарбаевтың жолдауында мәдени-тарихи мұраны сақтауға көңіл бөлінуі керектігі айтылған. Онда кең көлемде жоспарлар жасалынып, оны іске асыру да жүктелген болатын. Осыған орай жоғарыдағы орыс тілінде жарияланған мақала авторы Филипп Легкоступ: "... Сығнак несправедливо забыт и сегодня, хотя элементарная логика подсказывает необходимость воссоздания прежнего облика его главных строений и превращение этого исторического и культурного памятника в город музей. Технически это вполне возможно, да и страна уже достачно твердо стоить на ногах и способна на инвестиции в свое историческое и культурное наследие.

Древний город находится в двух десятках колометров от поселка Жанакорған. Но лишь мавзолей "Сунак-Ата", одного из правителей Сығанака, напоминает о древнем городе. По мнению акима Жанакорганского района Нажмаддина Мусабаева, мы должны возвеличить историческое прошлое своего народа, которое вызывает национальную гордость. По его мнению, следовало бы переименовать Жанакорганский район в Сыгнакский, тем более что нынешнее название района пришло от кокандцев, которые в XIX веке, отступая под натиском россиских войск из Акмечети (Кзылорды), основали новое укрепленное поселение Яныкурган – в казахской транскрипции Жанакорған. Так что название Сыгнак имеет более глубокие исторические и национальные корни", – деп жазады. (247)

Ф.Легкоступ өз білгенін жазып отыр. Жаңақорған тарихына терең үңіле қарамаған. Атүсті жазған. Бұл мақалада тағыда Сунақ, Сунақ - Қорған, град - Сунақ, Суннах, Сунах, сол маңайда тұрып жатқан Әбу Бәкір Сыддық үрпақтарын айтпай, бұғып қалған. Автор өз материалына жеңілжелпі қараған. Жергілікті "пысықайлардың" өтірік айтуынан шаға алмаған. Мақаласының бір жерінде ұялған тек түрмас деп Сунақатаның Сығанақ қаласының басқарушысы (правитель) болғанын тілге тиек етіп кеткен.

Сондай-ақ Сығанақ қаласынан шыққан Дәруіш Әли ас-Сығанақи, Молла имам ас-Сығнақи, Камал ад-Дин ас-Сығанақи, Шайдай шайқы Сығанақи сияқты біртуар ұлдар кезінде сыр бойының мақтанышына айналды".

ТАРИХ ОСЫЛАЙ СӨЙЛЕЙДІ

...Хотя в трудах арабских географов IX–X вв. мы не находим имени сыгнака, однако, в так называемой "Рукописи Туманского" (Персидский географ конца X в.) мы встречаем город с именем Сунах..

А.Ю. Якубовский,
"Развалины Сыгнака (Сугнака) (124 стр.)

...Шыракшы Молла Кош-Мухаммед Татыбаев, который уверял В.А. Каллаура, что это здание мазар над могилой "Алла Умей Хисамутдина Сахиби – Нихая, по прозванию Сунак-ата.

В той же книге (148 стр.)

... Любопытно, что русская летопись не знает имени г. Сыгнака, хотя и имеет некоторые представления о Белой Орде, которая ей известна под названием "синей". Зато в царствование Ивана Грозного и Первых Романовых русская географическая мысль достаточно осведомлена о нем так в книге "Большого чертежа", составленной, по-видимому, в середине XVI в, о Сыгнаке сказано следующее: "А оть усть Кендерлика 150 верстъ съ левыя страны Сыра градъ Сунакъ, против карачевой горы... Можно найти этот город и на карте 23 по под именем Суна (к)...

...первый, кто приступил к научному обследованию города по Сыр-Дарье и в том числе Сыгнака, был Лерх. По его словам, они определяются остатками крепости "Сунак–Курган"...

...Столицией Золотой Орды был город Сыгнак. Источники X в, за исключением "Худуд әл Әлем", его не отмечают. Да и указанное сочинение приводит его имя в транскрипции Сунах, что может вызвать некоторые сомнение – Сыгнак (Сугнак) ли это!

Б.Д. Греков, А.Ю. Якубовский
"Золотая Орда и ее падение" М., 1950 г. (305 стр.).

... Местоположение Саганака на пути Марша Жучи, указание на то, что градъ орошался каналомъ изъ реки Сыра, а так же созвучие довольно ясно указываютъ на развалины Сунакъ–Кургана, или Сунак-ата.

... Въ окрестностях Сунака обитаетъ полуседлое племя Сунак–Ходжи или Сунаки...

С Собрания "Туркестанский кружок любителей археологии", г. Ташкент, 1897 г.

... Приведенные документы сюбопытны, как в историко-географическом, так и в культурно-историческом отношении. Из них видно, что в XVI–XVII вв. в окрестностях Сунак–Кургана были еще многовозделанных участков.

В.В. Бартольд, Отчет командировки въ Туркестан. Петербург, 1904г.

... Знаменитый Мухаммед Шейбани около города Саурана сразился с Иранчи-Султаном, сыном Жанибека и по-

терпел поражение. Через 2 года после этого в районе г. Сунака Шейбани при полдержки Мусы Мурзы...

М. Тынышбаев, "Материалы к истории Киргиз казахского народа", г. Ташкент, 1925 г. (45.).

... Яссы шаһарының қасында мысырдан келген қожалар туған елдерінің үлгісімен Сунақ, Жүйнек, қазақ жерінде алғашқы қорғасын қорытылған, тай еті түгелімен сыятын қырық құлағы бар мысқазан құйылған, дін кіндігі Қарнақ тұрғызылған.

І. Есенберлин, "Көшпенділер", 6 том, Алматы, 1986 ж (186-бет.)

... Айтқыл, Абду-Рахим айды, Абу Бакр Сиддиқ Халафажида Халид бин Уәлид оглы Абдурахман үн йекі мин сахабаларины башлап бариб черилар бирлән Ізғанд, Ферғана йелларича бардилар...

"Насибнама" (көне шежіре тарихнамасы), Қожа Ахмет Йасауидің ата тегі жайындағы ұлттық кітапханасының сирек қорынан.

... Әсіресе монғолдар шапқыншылығы бәрін де әп-сәтте тып-типыл ғып жіберген. Сунақ–Қорған (Сунақ-ата) он күнде ойрандалды... осы арада Орта Азияға, соның ішінде мауреннаһрға, қазіргі қазақ даласына арабтардың ислам дінінің қай кезде келгендігі жайындағы әңгіменің де ұштығы қылаң ете береді. Академик Ғафуров "Тәжіктер" деген кітабында VII ғасырдың бас кезінде-ақ "Басра мен Көфе шаһарынан миссионерлік мақсатта 50 мың үйдің осылай қарай әдейі жіберілгендігін айтады. (307–308 беттер) ал Сунақтар туралы кейінгі жылдардың өзінде қазақ баспасөзінде бірнеше материал жарияланды. Солардың бірі – "Халық Кеңесі" 1991 жылғы наурыз айының 19-ы күнгі нөмірінде жарияланған "Сунақтар кім?" деген материал. Мұнда Сунақтардың қазіргі жеріне VII ғасырдың алғашқы жартысында келгені, Сунақ қаласының содан бері де мұсылмандар мекені екені туралы нақпа-нақ айтылған. Демек кейбіреулердің Сунақ – XII ғасырдан бастап ислам дінін қабыл етті дейтіні жай сөз. (Ә. Жәмішев, "Аңыз түбі ақиқат", "Социалистік Қазақстан", 1991 ж.)

Сунақтың табыларсың қаласынан,
Жай алып, бір су саласынан.

Хош енді аман болсын жүре бер деп,
Айырылып қалды Аржасып баласынан.

А. Фирдауси, "Шаһнама",
Рүстем-Дастан кітабының 474-беті.

... Түрғындары 100 мыңға жеткен мың жыл өмір сүрген Сунақ қаласының тарихы барлық ертедегі кітаптарда бар. Сунақтар отырықшы, саудалы, өнерлі ел болғандықтан олардың мәдениеті Тараз, Отырар, қалаларына дейін қанат жайған...

... XIII ғасырға дейін Сыр бойында Отырар мен Сунақтан үлкен,бай, абат болмаған...

... Олардың архитектурасы, қамалдары, қыш құмыра салу өнері ескі Самарқанд (Афрасияб), Бұқар, Герат, Делимен ұқсас, тұстас, үлкен арығы төмен-арық, кіші арығы Сунақ деп аталған, бидай, тары еккен.

... Қоқан заманында Сунақтар Жаңақорған қыстағын салған. Оның бастапқы аты Ордакент. Қала, егін салып қалған емес пе, есін жинай бастаса Сунақтар рабат салған. Бұл ғажайып дәстүр ғой!...

Ә. Қоңыратбаев, "Сунақ және Сунақ Ата деген не?"
Ауд. "Коммунизм жолы"газеті, 1967 ж.

... Бұл дастанды Хорезмдік Нүрсейіт (1466 ж. өлген) баласы Мұхаммед Салық (1455–1535) жазған. Бұл кезде Шейбани Мұхаммед Сібірдегі өзбек-қазақ тайпаларының бір мол қанатын алып, Сунаққа орналасқан еді... Себебі, Хорезм 1413–1535 жылдар арасында Шейбани Мұхаммед қолында болған. Әрине, оның кіндік қаласы Сунақ еді...

Ә. Қоңыратбаев, "Шейбанинама" және қазақ тарихы"
"Ана тілі" газеті, 1990 ж.

... Сунақтар салған Сығанақ шаһарының күншығыс бетіндегі әйгілі орын көк кешенге жиналған ақсақалдар...

Д. Досжанов, Т.Ш.Ж. I -том, Алматы, 1990 ж. 81-бет.

* * *

В.В. Бартольдтің шығармаларында Қожа Ахмет Йасауиді түрік деп санайды. Бұл пікір де қателік. Көптеген мұсылман кітаптарында Қожа Ахмет Әзіреті Әлі халифтың он алты

атадан кейінгі ұрпағы. Әзірет Әлінің әйелі Мұхаммед Пайғамбардың қызы Фатима. Әзірет Әлі мен Әбу Бәкір бір уақытта өмір сүрген. Сунақата Әбу Бәкірден он алты атадан кейін. Араб ғалымдарының сол кездегі жағдайға байланысты бір атаға 30 жылдан уақыт бөлгенін есепсек, Қожа Ахмет Йасауи мен Сунақатаның бір уақытта өмір сүріп, Сунақатаның Қожа Ахмет Йасауиге имам болғанын да растайды.

Сайд Егем Айпанұлы Әл Кенере мен К.Е. Оразова "Қожалар" туралы кітап жазып, бірқатар тың деректерді алдыға тартады.

... "Әбу Бәкір Сыддық разы Аллаһи қазан, 572 тамыз 634 жылдарда өмір сүрген. Әкесі меккелік бай саудагерлерден болған. Пайғамбарымыздың Шам қаласына саудамен барғанда жан жолдасы болып, еріп барған серігі. Біріншілер қатарында, Бибі Хадишадан кейінгі Ислам дінін қабыл қылған, байлығымен де қолдап қуаттаған, жаңы бір, тәні бір болып кеткен жолдасы.

Пайғамбарымыз Меккеден Мединеге келгенде, ғарда бірге жасырынған, түйе жалдап, жоқ көрсетуші керуен басы да Әбу Бәкір Сыддық болған. Медина қаласында қызы Бибі Айшаны Пайғамбарымызға қосып, Пайғамбарымыздың ең жақын кісісіне айналды. Пайғамбарымыздың ұрыс және жай сапарларында жанында болып, еріп жүрсе де 631 жылда хажға барушылар әмірі болудан басқа істерде басшылық еткен емес. Тарихи мәліметтерге қарағанда, Әбу Бәкір Сыддық күлімсіреп тұратын кісі болған көрінеді. Пайғамбарымыздың өлімі көпшілік арабтардың ислам дінін тастап, діннен шығуына себеп болғандықтан Әбу Бәкір Сыддықтың ол дінсіздерді қайтадан ислам дініне кіруге мәжбүр етті. Бұл істе Әбу Бәкір Сыддық қатты қолдау көрсете білді. Халиф Әбу Бәкір Сыддық өте қарапайым ғана өмір сүрді. Пайғамбарымыздың істеген ісі мен түтқан жолын бұлжытпай орындап отырды. Өзінше ешқандай жаңалық көрсетпеді. Шариат жолының бұзылуына жол бермеді. Ол кісі бірінші болып, өз саясатына еге болған Ислам мемлекетін құрды. Жаңа ислам мемлекеті Сирия мен Иракты Әбу Бәкір Сыддық дәуірінде арабтарға қосып алуға кірісті. Жоғарыда айтып өткеніміздей Әбу Бәкір Сыддық бірінші болып, пайғамбарымыздың талабы мен хажға барушыларды өзі жылда басқарды"... (67–68 бет)

... Бисмиланы білмей қожалар, ислам, қасиетті құран жайында әр түрлі ойда жазбалар жазушылырға түсінбеген

дүниеге бас ауыртып, қол көтермеңіздер дер едім. (134 бет)

Расул-аллаһтың елшісі сіздерге әкелген нәрсені қабыл етіңіздер, неден Сіздерді тыйған болса, ол нәрседен тыйылыңыздар.

"Хашыр" сүресі, 7-аят.

Мұхаммад (С.Ғ С.) айтады: "Бізден бұйрық болмаса бір істі біреу істесе, ол қабыл емес".

Құрайыштық қожалар қазіргі кезде жергілікті рулармен араласып солар аталған аттарда белгілі. Мысалы: ...керейіт қожа, қаңлы қожа, мүлкәлән қожа, қылауыз қожалар. Сунна жолында үлкен еңбегі бар Сунақ ата әулеті Сунаққожалар атанып кетті. Шындығында бүкіл мұсылман дүниесінде құрайшилерді Мекке, Мединеден, Мысыр, Мағриб, үлкен Түркістаннан көптеп кездестіруге болады. Шежіре ескіше шажара-дарақ жинақталғанға дейін ауылда атамнан намаз кезінде шұбыртып адам аттарын есіткенде кімдер деген сұрағыма өткен бабалар қағазда жазылған қауіпті болды, содан осылай есте ұстаудамыз деді... (136 бет). Бұл да жоғарыдағы кітапта.

...Әбу Бәкір Сыддық ұрпағы шежіресі Һисамиддин Сунақ, Шәмші, Қылауыз қожаларды түркі дүниесі біледі... (136 бет).

... "XVIII ғасырдың бас кезі Ташкент қаласынан Қыдыр-қожаның екі ұлы Нәдір, Саяқ–Жиенқожа, Нұрмұхаммед Шайық-Сунақ, Сиық Қожа-Нәдіруұлы Рүстемхан, төрт аттылы Сарыарқаға барып біраз жылдар ислам бірлігіне шақырып, елге мұсылманшылық таратып, қайтар кезде Нұрмұхаммед Шайық қаза болып, оның жетім екі ұлын ертіп келген Нәдірқожа мен серіктері үй-жайлы болуға көмектеседі. Нұрмұхаммедтен қалған екі ұлдан Нәдірқожа ұрпағымен және басқа қожалар қыз алысып, құда жекжат болып араласып кетті. Бір ғасыр өткенде болған сөз құдық басында тараған қожалардан қалған әңгіме кейінгілерге айтылған өсиет еді, ол кездері белгісіз ұрпақ болмады, ата-баба шежіресі қатаң зерттеліп кім қайдан, кімнен, жетім не жесір шетте қалған емес. Жесірі мен жетімін іздемеген ел қария үлкендеріне ұят, елдеріне сын, айтыс-тартыстарда бетке басарлық қара дақ болатын..."

Авторлар шындық тарихи шежірені дұрыс жазып отыр. Білместі білемін деп тырбаңдап босқа арам тер төгу ешкімге

абырой әперген емес. Нүрмұхаммед Шайық Сунақтың қожалармен туыстығын осы жерден тағы да көруге болады.

Бұл жерде Әбу Бәкір Сыддықтың ұрпақтары ретінде Сунақтар Қожалармен қыз алып, құда-құдандалас болып, бұрынғы ислам дінінің қуаты күшті заманындағыдай өзара ұмытыла бастаған туыстықты бекіте түсуге көңіл бөлген.

Тағы да қайталап айтамыз, әлдебіреулердің өзінің шыққан тегін білмей тұрып, басқа ру-тайпаларды қағаз бетіне түсіруге қақысы жоқ. Ол үшін зерделі білім мен ары таза адам болуы керек. Олай болмаған жағдайда халық арасына жік түсіріп, ағайын-туыстарды екіге қақ бөлуі мүмкін. Оған байыппен барған дұрыс. Тарихты зерделеп білген жақсы іс. Оны жасайтын да, ел-жұртқа жеткізетін де халық. Ешкім шежіре мен деректі аспаннан алмайды. Жақсылықты көре алмайтын сабаздардың "бармақ басты, көз қыстымен" жазылған жазбалар жалғандыққа апарып ұрындырады. Осындай шежіре өкінішке орай, өз ұлтымыздың арасында жиі ұшырасып жатады. Енді соған азды-көп тоқталып өтелік.

Жұртшылық кітап оқитын болған соң, қандай да бір пенде болмасын қолына қалам алғанда "ертеңгі күні ұрпақтар алдында ұят болмасын, шындықты жазбасам күнә болмай ма?" – деп бір сәт ойланар болар.

Ж. Ержанов осындай деректерді алдыға тарта отырып, Сунақ қаласының орны, Сунақатаның мазары, Сунақата совхозы, Сунақ деген сол аймақта тұратын ел, олардың ру не тайпасы ретінде таңбасының жоқтығы, жүзге жатпауы, ұрандарының "Қожа Ахмет Йасауи" екендігі, басқаларының бәрін санамағанның өзінде де, аузы-мұрнына құм құйып тұншықтыратын фактілер емес пе дейді. Расында, ғалым Ж. Ержановтың сөзімен айтсақ, шындық еш уақытта өлмейді, суға салса батпайды, отқа салса жанбайды да, күймейді де, ізсіз жоғалып кетпейді, оны тот баспайды, ол өз сотында бетің бар, жүзің бар демей, уақытқа байланыссыз жазасын тартқызатын не тартқызбайтын, тіптен болмаған күнде де, арың, ұятың, адамгершілігің арқылы өзіңді қаралап не ақтап шығатын адам арасындағы, адамды бұзбай адам етіп ұстайтын, жазылмаған заң. Сондықтан шындыққа тұрып оны сыйлап, одан ұялуда, қорқуда керек емес пе.

Арабтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының Төрағасы, Бас муфти Әбсаттар қажы Дербісәлі өзінің "Қазақ даласының жұлдыздары" атты тарихи-филологиялық зерт-

теу кітабында: (248) Йақұт әл-Хамауи ар-Руми (Йақұт әл-Хамауи ар Руми. Муғджам әл-Булдан... 3-том, 435) Сығанақты "Сунах" дейді де, оны "Фараб қаласының маңында, Сайхун (Сырдария – Ә.Д.) өзенінің жанында деп жазады. Сығанақтың орналасқан жерін ол сөйтіп біршама дұрыс көрсеткен. Қала X–XIII ғасырларда әуелде шынында да Сунақ (Сунах) деп аталса керек. Соңынан ол Сығанақ болып өзгеріп кеткенімен, соңғы ғасырларда жергілікті халық оны Сунақ, Сунақата (Сунақи ата –Ә.Д.) деп бастапқыдай қайта атап кеткен секілді, – деп жазды. Бұл да ғалымның ғылымға деген адалдығын, имандылығын, парасаттылығын, шыншылдығын көрсетеді. Әрі жоғарыда айтылып жазылғандарға бұлтартпас дәлел болып тұр емес пе?

* * *

Астана қаласындағы "Нұржол" баспасынан 2003 жылы Шаһизында Қарақожаұлының "Сунақ-Ата" (һисамиддин) атты танымдық-ғұмырнамалық толғауы жарыққа шықты. (249) Кітап Л.Н. Гумилев атындағы "Евразия" университеті "Шығыстану" кафедрасының меңгерушісі, шығыстанушы, араб тілінің маманы, филология ғылымының қандидаты, доцент Нұржамал Машқанның рецензиясымен және Ұлттық Ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазаақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Сұлтан Сартаев пен Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Шайх-Асан Құрайшын ас-Суннаның (Асан Сарқұлов) алғы сөзімен жарық көрген. Онда өз заманында Қожа Ахмет Йасауидің имамы болған һисамиддин (Сунақ-Ата) ұрпақтарының тарихы және бұрын-соңды айтылмаған һиссамиддиннің немересі, ғұлама ғалым әл Хусейн Әли Қожа бин Хусамиддиннің "Рисала-и һисамиддин Сығнақи және Маноқиби Ахмеди-и Иассауи" атты еңбектері табылып, араб, парсы тілінен өзбекшеге, одан қазақша мәтінге тәржімаланып берілген.

Сондай-ақ, Хусейн бин Әли Қожа бин Хусамиддиннің шет елдердегі Ливан (Бейрут), Иран (Тehран), Ташкенттегі Шығыстану институтындағы ірі кітапхана қорларында сақталған: "Ан-Ни һая фи шархи-и һидая", "Ат Тәсдид шарх ат-Тәшһид", "Әл Кафи шарх усул әл Имам Фарх әл Ислам Әли бин Мухаммад әл Бәздауи", "Әл Уафи шарх әл Мунтахаб фи усули-л-Мәзһәб" атты еңбектерінің бар екендігі анық-

талған. Республикалық "Егемен Қазақстан" газетінде Сунақатамен (Һиссамиддин) қатар аталатын "ас Сығнақи" атты лақап атымен белгілі болған ғұлама Хусейн бин Әли Қожа бин Хусамиддин (арабист ғалым Әбсаттар Дербісәліде: Хусам ад-Дин әл-Хүсейн Хадждждж ас-Сығнақи) туралы тың деректерді іздестіру нәтижесіз болмады.

Сұрау салудың нәтижесінде сол кездегі Қазақстанның Премьер-Министрі Иманғали Тасмағамбетовтың тікелей атсалысуымен Сыртқы істер министрлігіне қозғау салынып жоғарыдағы кітаптар табылған. Кітапта Һисамиддиннің (Сунақата) ата-тек шежіресіне де біраз орын берілген. Өткен ғасырдың 1826–1860 жылдарында өмір сүрген Бұхар әміршісі Хазреті Патша Насрулло өз заманының ғұламаларын, хакімдерін, имамдары мен мөр иеленушілерінің кеңестерін есепке алып, Сунақтардың шығу тегін растап, бірауыздан куәландырып, барлығы да олардың Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (С.Ғ.С.) сенімді серігі, шыншыл атанған Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тарайтынын бекіткен. Шежірені ерте заманда әрбір жүз жылда өзгерусіз көшіріп жазып, бір әріпін де бұзбай кеңес (бүгінгі комиссия. А.С.) арқылы жазып отырған. Онда өз жанынан сөз қосу не басқа да бұрмалаушылыққа тыйым салынған. Ондай әрекеттер байқалса оны залым ретінде халық алдына шығарып басын шауып тастаған. Сол себептен де ескіден жеткен шежіре таза күйінде жалғасын тауып отырған.

Бәріміз білетін Арабтың бірінші халифы Әбу Бәкір ас Сыддық Пайғамбарымыз Мұхаммедке (С.Ғ.С.) қайын ата болып келетін. Әрі қызы Айша мұсылмандардың анасы саналады. Осыны ескерген атақты дінбасылар осы шежірені растап, куәландырып қол қойғанда былайша қатты ескертеді:

"Ғұламалардың жан дүниесін нұрға бөлеген Аллаһ Тағалаға әрқашанда алғыстар болсын... және сондай деп айтқан Аллаһ Тағала жақсылық қылушы кісілерді іс-әрекетіне қарай құрметсіз қалдырмайды...

... Және сол нәрсе ашық айдың белгісі болсын, бұл қасиетті құжат немесе аталған тарих беттері көне және ежелгі шежіреден қосылмай немесе кемітпей, ешбір өзгеріссіз көшіріліп алынды.

Бұл қасиетті жазудың көнелігі және ақиқаттығына күмән келтіру мүмкін емес. Бұл қасиетті көшірмеге көңілдері ауған мырзалардан өтініш сол, бірер себепсіз және құжатсыз қара-

лаудан, жазғырудан аулақ болсын, жала, өсек айтудан тілдерін тыйсын.

Әрбір өзін сыйлаған игі адам бұл көшірменің ақиқаттығын және ескілігін түсініп, әр түрлі алып қашпа өсек-аяңдардан ұзақ болсын" деген.

Бұнда неге жала, өтірік, өсек айтудан адамдарды тыйып отыр. Сунақтар шежіресін қағазға түсіріп қалдырғандар жәй әшейін қатардағы, не ауылдағы ақсақалдар мен жастар емес. Өте жауапкершілікпен кеңес құрып, қолдан-қолға көшіріліп, шындықтан ауытқымаған хронологиялық тізімді бекіткен. Олардың қатарында сол замандағы атынан ат үркетін шығыстың, батыстың мемлекет басшылары мойындаған Бұхар Патшасы (Әмір, шежіре кітапта алғы сөз жазған Насруллоның аса беделді болғандығын байқауға болады.) Насрулло мен Самарқанд муфтиі Молла Камолдин ибн Молла Мухаммад Олимнің қатысуымен жазылған шежіреде еш күмән болмауы керек делінген. Яғни, ешбір пенде бұл жазбаға қарсы дау айтуға құқығы жоқ болған.

Міне, осы кітаптың басты жазылуындағы мақсат, Хазіреті Сұлтан Һисамиддин Сығнақидің (Сунақата) ата тек кестесін хронологиялық тәртіппен кейінгі ұрпаққа баяндау болған. Бұған соншалықты аса құрмет көрсетудің сыры неде? Ол Әбу Бәкір ас-Сыддықтың (ради Аллаһу анһу) құрметті есіміне байланысты. Себебі, Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (С.F.С.) екі жыл кейін дүниеге келген. Әбу Бәкір ас-Сыддықтың толық есімі –Абдуллаһ ибн Усман Әбу Қахафа (Әлейки сәлам).

Ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) өте шыншыл деген мағынаны береді. Ерлер арасында ең алғашқы болып Ислам дінін қабылдаған. Мұхаммед (С.F.С.) Меккеден Мадинаға көшкенде бірге аттанып, қуғыншылардан Пайғамбарымызды (С.F.С.) қорғап, үңгірде бірге болған. Мұхаммедке (С.F.С.) сүйікті қызы Айшаны ұзатып, қайын атасы атанған. Мұхаммед (С.F.С.) қайтыс болғанда Омар Хаттабтың Пайғамбарымыздың (С.F.С.) өлгеніне сенбегендігіне Құраннан аят оқып, тек қана Аллаһ мәңгілік, Мұхаммедпен (С.F.С.) қоштасатын күн келді деп халыққа шындықты жеткізген. Пайғамбарымыз (С.F.С.) дүниеден өткен соң халиф атанып, екі жыл, үш ай мұсылмандарды басқарды.

Сонымен қатар ол Пайғамбарымыз Мұхаммедтің қасына жерленді. (С.F.С.) Адамзат баласының мәңгі кітабы ең қадірлі Құран-Кәрімді бір кітап етіп жинады. Әбу Бәкір ас-

Сыддықтың алты баласы болды. Оның үшеуі – ұл (Абдуллаһ, Абду Рахман, Мухаммад) үшеуі – қыз (Асма, Айша, Умму Кулсум).

Әбу Бәкір ас-Сыддықтың шыққан тегі Құрайшын тайпасының Тайм руынан болатын. Ең абзал, жақсылар қатарынан болатын.Оның мінезі өте көркем еді. Сауданың да шебері болған. Адамдар оны жақсы көретін. Пұттарға сол жәһилет заманында да табынбаған. Арақ ішпеген. Оның абыройын түсіретін ешбір рауаят жоқ. Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) Мұхаммед (С.Ғ.С.) Пайғамбар болмастан бұрын да дос болды.

Аллаһ Тағала Мұхаммедты (С.Ғ.С.) Пайғамбарлық нығыметімен сыйлағаннан кейін пайғамбарымыз (С.Ғ.С.) ең бірінші Әбу Бәкірді Исламға шақырды.

Мұхаммед: (С.Ғ.С.) "Ақиқатында, мен үшін дүниемүлкін аямайтын, достыққа берік, ең сенімді адам – Әбу Бәкір. Егер маған Аллаһтан басқа ең сүйіктіні таңдау құқы берілсе, мен Әбу Бәкірді таңдаған болар едім"...

Әбу Бәкір ас-Сыддық туралы тағы да былай деген: "Мен қайсы кісіні Исламға шақырсам да олардың барлығы ойланып, екі ойлы болып, кейін мұсылманшылықты қабылдаған. Бірақ Әбу Бәкір ғана еш ойланбай, екі ойда болмай мұсылманшылықты қабылдады", – деген.

Әбу Бәкір жайдары мінезді адам еді, туған-туыстары онымен жеңіл қарым-қатынас жасайтын.

Олар Әбу Бәкірдің мәнді әңгімелерін тыңдап рахаттану үшін келетін, оның біліміне,сауда жүргізу тәсілдеріне, шеберлігіне тәнті болатын. (250)

Әбу Бәкір (р.а.) дағуаттың әр түрлі кездерінде Пайғамбарымызға (С.Ғ.С.) шын жүректен көмектесті. Көптеген қиыншылықтарға шыдады. (251)

Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) өзінің 10 сахабасынның тірі кездерінде-ақ жәннәтты болатындарын айтқан, солардың бесеуі, атап айтқанда: Осман ибн Аффан, Аз-Зубейр ибн Ауам, Абду-Рахман ибн Ауф, Санд ибн Әбу Уаққас, Талха ибн Убайдулла, исламға Әбу Бәкір ас-Сыддық арқылы келген.

Әбу Бәкір ас-Сыддық мұсылмандар арсында Мұхаммедтен (С.Ғ.С.) кейінгі сыйлы адам болды. Исламды жантәнімен қорғады.

Әбу Бәкір ас-Сыддық Аллаһ жолында дүние мүлкін аяған емес. Құдай жолына түскен құлдарды босатуға жұмса-

ды. Соның бірі кезінде көпқұдайшылдардан көп азап шеккен мұсылмандардың тұңғыш азаншысы Білял да (ради Аллаһу анһу) болған еді.

Әбу Бәкір ас-Сыддық Мұхаммед (С.Ғ.С.) көз жұмғанша одан жұп жазбады. Қайтыс болар алдында Пайғамбарымыз (С.Ғ.С.) оған намазда өз орнына имам болуды тапсырды. Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) тірі кезінде жәннаттық болатынын Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) айтқан он сахабаларының алғашқысы болды.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) дүние салғаннан кейін Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) мұсылмандардың алғашқы халифы болды. Аллаһ Тағала сол арқылы ауыр халде қалған, араларына іріткі салынған, тарап кетуге шақ қалғанда мұсылмандардың бастарын біріктірді.

Пайғамбарымыздың (С.Ғ.С.) өлгенін естіген мұсылмандар қатты қайғырып, бұл суық хабарға сене алмай тұрғанда, әрі Омар хаттабтың өзі жұрттың алдына шығып: "Аллаһтың атымен ант етем. Расуллаһ өлген жоқ" деп жар салғанда, оны естіген Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) Пайғамбар (С.Ғ.С.) мешітіне келіп, аттан түсті. Содан соң қызы Айшаның үйіне кіріп, жабулы жатқан Пайғамбардың (С.Ғ.С.) бетін ашып көрді де маңдайынан сүйді. Одан соң, жылады. Сыртқа шыққанда Омар Хаттаб әлі сөйлеп тұрғанын көрді. Сөйтті де: "Уа, жамағат, тыныштарыңыздар! Ей,Омар, отыр", – деді. Бірақ, Омар (ради Аллаһу анһу) оның сөзін тыңдамады. Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) күңіреніп сөйледі. Жұрт енді Омарды (ради Аллаһу анһу) емес Әбу Бәкір ас-Сыддыққа (ради Аллаһу анһу) назар аударды.

Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) алдымен Аллаһқа мадақ айтты. Сосын жиналған халыққа былай деді: "Кімде-кім Мұхаммедке (С.Ғ.С.) табынса, ол өлді, ал кімде-кім Аллаһқа табынса – Ол мәңгі тірі, ешқашан өлмейді", – деді.

Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) одан кейін Құраннан аяттар оқи бастады. Аллаһ Тағала Құранда былай деген: *"О, Мухаммад! Шынында сен де өлесің, олар да өледі"...* ("Зуммар" 39: 30)

Қайғыдан есеңгіреген жұрт бұл аяттар туралы ұмытып та кеткен еді.

Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) мұсылман қауымында Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (С.Ғ.С.) кейінгі сең қадірлі әрі ізгі адам еді.

Сонда да болса Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (С.Ғ.С.) кейін мұсылмандардың жағдайы өте ауыр еді. Кейбір араб рулары діннен қайта бастады. Ал енді бір рулар "Мұхаммедтен (С.Ғ.С.) соң ешкімге бағынбаймыз", – деп жатты.

Сол жылдары Румдықтар Жихазды басып ала бастады. Міне, осындай ауыр кезеңде Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) мұсылмандардың басшысы болды. Әрі бұл халифалықты тарихта теңдесі жоқ дәрежеде іске асырды. Діннен шыққандарға қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Оларды сөйтіп, тәубесіне келтірді.

Ислам діні қайтадан өркен жайды. Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) дайындаған Усама әскерін Румға қарсы шабуылға аттандырып, исламның басқа халықтарға таралуына жол ашты. Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) дін жолында малын да, жанын да аямаған халиф болды. Қағба алдында Құрайшын мүшриктері Пайғамбарымыз Мұхаммедты (С.Ғ.С.) буындырып өлтірмекші болғанда Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) Пайғамбарымызды (С.Ғ.С.) сақтап қалу үшін жанын қиюға да дайын болып, бар күшімен арашаға түсуі нәтижесінде Құрайшын мүшіріктерінен қатты таяқ жеп, тіпті есінен танып, қалған жағдайда үйіне жеткізіледі.

Есін жинағандағы ең бірінші сөзі "Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) не болды?" – деген сөз еді. Сонымен бірге Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) Ислам жолында малын да аямаған еді. Бұл туралы мұсылмандардың анасы Айша (р.а.) былай деген: "Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) Пайғамбарымызға (С.Ғ.С.) қырық мың дирһам жұмсады. Пайғамбарымыз (С.Ғ.С.) сахабаларынан Табук соғысы үшін көмек сұрағанда Осман өте көп ақша берді. Омар (р.а.) малының тең жартысын тапсырды. Ал Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) барлық малын тапсырды. Сонда Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) оған: Әй, Әбу Бәкір, үйіңе не қалдырдың? – деп сұрағанда, ол "олар үшін Аллаһ және оның Елшісін қалдырдым!" – деп жауап берген.

Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһу) басшы болған кезінде де тәкаппарлық жасамады. Ислам әдептерін есінен шығармады. Ол қайтыс болғанда отбасы үшін соңында ештеңе қалмады. Бір күні әйелі үйде артық ақша болмағандықтан үй қажетіне жұмсалатын ақшадан үнем-

деп, жегісі келген тәттілерін сатып алады. Әбу Бәкір ас Сыддық (ради Аллаһу анһу) бұны байқап қалып, "Менің жалақым үй қажетімізге керек мөлшерден көбірек екен ғой", – деп дереу, әйелі қанша үнемдесе, сол мөлшерде айлығын азайтады.

Міне, Пайғамбарымыз Мұхаммедтың (С.Ғ.С.) қайын атасы Әбу Бәкір ас-Сыддық (ради Аллаһу анһи) туралы халыққа білгенімізді жеткіздік.

Сунақтар осы арабтың бірінші халифы Әбу Бәкір ас - Сыддықтан (ради Аллаһу анһу) тарайды. Жоғарыда айтқандай Әбу Бәкірдің (ради Аллаһу анһу) толық аты – Абдуллаһ ибн Усман Әбу Кахафа. Ол оған қосымша Сыддық (аса әділ) деген есімге ие болған.

Әбу Бәкір ас-Сыддықтың руы Тайм. Мұхаммедпен (С.Ғ.С.) тайпалас. Құрайыш (Құрайшын) тайпасынан.

ИБН САЙД АС-СУНАХИ ӘЛ-ФАРАБИ

Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы, Бас муфти, ғұлама ғалым, араб тілінің маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі өзінің "Даланың дана перзенттері" аты ғылыми-зерттеу еңбегінде, еліміз бен жеріміздің ғұламалар ғана емес, сондай-ақ ғасырлар парағының арасында қалып қойған ойпаздар бар. Қазақ жеріндегі білім ошақтарынан тек ғалымдар ғана емес, бар өмірін Ислам ғылымына арнаған даналар да шыққан. Қолымызға олар туралы да деректер пайда бола бастады дейді.

Солардың біріне ерекше тоқталады: Отырарлық зиялылар да Бұқара мен Самарқандық хадисшілерден кем түспеген. Фарабтық сондай хадисшілердің бірі – Әбу-л Фадл Сиддик ибн Саид ас-Сунахи әл-Фараби еді. Ғалымның өз аты – бу-л Фадл Сиддик. Әкесінің ныспысы Саид. Ас-Сунахи – сунақтық дегенді білдіреді.

Бірақ бір қызығы бұл ғалымды Әбу Сәд ас-Самани тек Сунахи емес, сондай-ақ әл-Фараби деп те көрсеткен.

"Ас-Сунахи, Мәуреннаһрдегі Сейхунның (Сырдария өзенінің) арғы жағындағы Фараб атты қала (балда) маңындағы елдімекенге қатысты нисба. Осындай нисбамен (Сунахи деген атпен) көптеген адамдар белгілі болған. Солардың бірі Сунах елдімекенінен шыққан – Әбу-л Фадл Сиддик ибн Саид ас-Сунахи әл-Фараби", – дейді де, ол артынша:

"Сунах—Исфиджаб шаһарларының бірі. Әбу Санд әл-Идриси осылай дейді деп өз дерегін толықтырып қояды.

Әбу Сәд ас-Самани сілтеме жасап отырған Әбу әл-Идрисиге сенуге болады.

Әбу Сәд Абд ад-Рахман ибн Мұхаммед әл-Астрабади әл-Идриси (?—1035) Самарқанда күн кешкен Орта Азиялық белгілі ғалым. Оның "Тарих-и Астрабад" — "Астрабад тарихы", "Тарих-и Насаф" — "Насаф тарихы" атты еңбектері бар. Ол жүз мың хадис білген деседі.

Хамдаллаһ ибн Әбу Бәкір ибн Ахмед Насыр әс-Мүстауфи әл-Қазуини (1280—1350) "Нузхат әл-кулуб" — "Жүрек қуанышы" атты еңбегінде Сунақты (Сығанақты) Мәуреннаһр өлкесіндегі Отырар, Шаш, Исфиджаб, Тараз секілді қалалар қатарына жатқызады, яғни ол Сунақты бөлек қала ретінде көрсеткен.

Ия Сунақ (Сунах, Сығнақ) Сырдария бойындағы шаһар. Әбу-л Фадл Сунақта туылғанымен, өмірі мен қызметінің көпшілік бөлігін Фарабта — Отырарда өткізгендіктен ныспысына әл-Фараби деген сөзді де қосып жазды ма, ол жағы беймәлім бізге.

Сонымен Әбу Сәд ас-Самани Әбу-л Фадл Сиддиқтың Самарқанға барып марылық имам, белгілі хадисші Мұхаммед ибн Насыр әл-Маруази (X ғ.) еңбектерін зерделегенін айтады. Сунақ — Фарабтық жерлесіміз сонан соң Бұхараға қоныс аударып, сонда Бұхаралық өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары Сәд ибн Шазууайх әл Бұхари, Хамид ибн Сахл әл-Бұхари, Әбу Әли Салих ибн Мұхаммед әл-Бағдади әл-Хафиз, Насыр ибн Ахмад әл-Хафиз, және басқалардан хадистер жазып алған. Содан Фарабқа — Отырарға қайтып оралып һижраның 350—963 жылы қайтыс болады.

Бұхарада, Отырар перзентіне хадис айтқандар ішінде Бағдаттық ғалымдардың да болуына қарағанда Мәуреннаһр халқының Таяу және Орта Шығыс жұртымен байланысы тұрақты болса керек.

Ал Әбу Абдалла Мұхаммед ибн Насыр әл-Маруази болса X ғасырда өмір сүрген Мервтік дін, ислам қайраткері, хадистанушы, өмірінің бірқатар жылдарын Самарқанда өткізіп, бірнеше кітаптар жазған, 10-нан астам шәкірттері болған ойпаз еді.

Әбу-л Фадл Сиддиқ ас-Сунахи әл-Фараби — Отырарлық Исмаил әл Жауһари мен Исхақ әл-Фарабидің замандасы, тұстасы. Олар бірін-бірі білген болулары да мүмкін.

Жоғарыда аталған Әбу Саъд Абд ар-Рахман ибн Мұхаммед әл-Идриси әл-Астрабади әл-Хафиз ас-Самарқанди: "... Бараб (Фараб – Ә.Д.) қаласында Сиддиқ ибн Саид ас-Сунақи (әл-Фарабиден), Исфиджабта Ахмат әл-Хаззама әл-Маруазиден хадис жазып алдық" деп еске алады" деп жазды. (252)

Ас-Сунақ (Әбу Бәкір ас-Сыддық ұрпақтары) аталатын есімдердің осы күндері де кездесетінін ерекше айта кеткен жөн. Осыдан оншақты жыл бұрын республикалық "АЗиЯ" газеті (Ақылдастар кеңесінің төрағасы – Олжас Сүлейменов болатын) Түркиялық қазақ Исахан Сунна жайында "Ұрпағымыз білімді болсын" (сұхбат алған Жанар Оразымбетқызы) атты мақала жарияланды.

Онда газет қонағы Исахан Сунна 1932 жылдың аласапыранында Жаңақорғаннан сунақтар да шет елге көшулеріне мәжбүр болғанын айтады. Сол жылдары Орта Азия арқылы Ауғанстанға аяқ тіреген қазақтардың бірі – осы Исахан Сунна болатын. Не сауда жасауға, не отырықшы тіршілікке үйренбеген аталары әбден қиыншылық көрді. Содан ести келе Түркияда ағайын-тумалардың бар екенін біліп, сонда көшу ойластырылады. Паспорт алудың өзіне бақандай бес жыл өткізеді. Ақыры 1972 жылы Түркияға бет түзейді. Иран арқылы өтіп, біразы сонда қалып қояды. 1989 жылы тікелей өзінің араласуымен Түркияға туыстарды көшіріп алады. Түркияға келіп түрмыстарын біршама түзейді. Кәсіпкерлік іске машықтану мақсатымен 1978–81 жылдары Иорданияда, 1981–90 жылдарда Сауд Арабиясында іскерлік сапарда болып көп нәрселерді үйренеді. Алматыға түрік әріптестермен келіп, нан зауыдын ашпақ болған. Алматыда сегіз нан зауыдында 20 мың адамның жұмыс істегенін көреді. Нанға кезек көп. Қазақстанға көмек керек. Яғни, Исахан Сунна өздерінің технологиясы бойынша 16 мың адамның жұмысын төрт адам басқартын, автоматтандырылған қондырғы орнатпақ. Бұл сол жылдардағы нан кезегін болдырмаудың ниетінен туған. Міне, олар осылай "Ер – еліне, ат – жеріне" деп, қол ұшын беруді, атажұртқа оралуды мақсат тұтқан. Өзінің алты баласын оқытып, елге көмегін тигізу. Сұхбаттан осы сөздерді оқыдық.

Бұны айтып отырғанымыз, қандай қазақ болмасын, ол сыртта болсын, өз елімізде болсын ақ ниетті, ізгілікті мақсат тұтса дейміз.

Ғұлама, ақын боп тудың

Белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қызылорда облысының құрметті қайраткері, Адырбек Сопыбековтың "Сунақ-Ата – баба бұл" атты толғауында:

Өркендеп-өсіп сол кезде,
Дегені болған, Сығанақ.
Ғұлама ғалым, шайырлар
Мекені болған, Сығанақ.
Бірі соның қараңыз:
О-о, ас-Сығанақи-Сунақ-Ата бабамыз,
Қасиетің болған мың аңыз,
Бас иеміз саған біз!
Маңдайына бұл Сырдың,
Ғұлама, ақын боп тудың.
Сығанақтан шықтың да,
Ілім жолын көп құдың.
Араб, парсы елдерін,
Араладың, көп білдің.
Адалдықты ту етіп,
Ар алдында тік тұрдың.
Жоғары басын көтертпей,
Имансызды бұқтырдың.
"Нихаяны" жаздың да,
"Хидаяны" ұқтырдың.
Он алтыншы ұрпақ боп,
Әбу Бәкір Сыддыққа,
Санағанда кеп тұрдың.
Іліміңмен меңгерген,
Сырын аштың көп қырдың.
Қожа Ахмет Йасауидің,
Имамы боп бек тұрдың.
Шәкірт болып бас иген,
Талайына тап келдің.
Ұлың Әбу Сүлейменге,
Қожа Ахмет Йасауидің
Айым қызын ап бердің.
Болды ілімді пайымды,
Пір тұтқан жұрт Айымды –
"Гауар Ана" деп кетті,
Атағаны нақты елдің.
Алланың өзі демеген,
Әулие болдың көреген,

Өмірге келді жыл өтіп,
Зиялдин Қожа немерең.
"Ерекше екен түрпаты,
Ғұлама болар", – деген ең.
Айдай келіп айтқаның,
Хусамиддин боп аталып,
Кеңи түсті керегең.
Болды елге түскендей,
Шырақ алып төбеден.
Ізіңді жалғап өзіңнің,
Қуанышқа жұртын бөлеген.
Өмірдің біліп ақтығын,
Ғұлама ғалым сол жазған,
Қырық мың беттей еңбектің,
Дерегі шықты тап бүгін.
Десең енді, О, о Баба,
"Мұның бәрін тапты кім?"
Ұрпағың ол – Қарақожаұлы
Шазында, Көңілі жарқын, шат бүгін!
Әулиесің сыйынар,
Биік дәйім шоқтығың.
Қасиетіңді қастерлеп,
Бас имеген жоқ бүгін!
Шапағат болса бар маңың
Рахымы Алланың.
Тереңге кеткен тамырың,
Бұл өзіңнің бір бағың.
Бұтақтарың жайылып,
Өсіп-өнген ұрпағың.
Тірлігімен солардың,
Ағарып атып түр таңың,
Риза саған ұрпағың, –

деп жырлады.

Көрнекті ақын, балалардың сүйіктісі, елдің құрметтісі, әрбір жас өскіннің ұстазы, жүздеген талантты журналистердің бағын ашқан, адал, мейірімді, қарапайым, сөздің қадірін түсінетін, туған жердің тарихын шынайы шындықпен зерделеп жүрген Адыкеңе, Адырбек-ағаға, Адырбек Сопыбековке тек қана айтарымыз, Аллаһтың нұры жаусын!

"Жас Алаш" газеті қолымызда. Сонда "Жалағаштан – Жас Алашқа" дейін атты мақалада Қызылорда облысының Жалағаш ауданындағы "Иманқұл" мешітінің найб имамы

Арыстанбек Қосалытегі велосипедпен 1400 шақырымды күннің аптап ыстығына қарамастан 12 күнде Қызылорда жақтан Алматыға жеткен. Сыр бойынан Жетісуға сапары Тәуелсіз ел мен Исламға арналған. Оны ол "Тарихқа тағызым, ұрпаққа тағылым" деп атапты. Содан ұзақ жолға шыққан нанб имам орта Азия мен Кавказ халықтарына белгілі Қорқыт Атада, одан бері өтіп Мырзабай Ахунда (1833–1916), бері келе Иманқұл мешіті (1858–1919) мен Қалжан Ахун мешітінде болады. Одан асып Ыбрайым молда мешіті мен Оқшы Атаға жетеді. (Көгентүп баба). Жаудан халқын қорғаған батыр адамнан өткеннен кейін Ақ Орда астанасы болған Сығанаққа ат басын тірейді.

Ол "Сығанақ қаласы Жаңақорған ауданының батысында жатыр. Бұл ежелгі қазақ жерінің мәдениет орталығы болып, заманында дүрілдеп, аты алысқа кеткен қала болған. Қаланың орны қазір төбешікке айналып, елеусіз қалпында жатыр. XIII ғасырға дейін ешкімге берілмей келген қорғанысы мықты қаланы 1219 жылы Жошыханның әскерлері жеті күн бойы жаулап, ақыры қаланы қиратады. Төбешікке айналған қорғанның жанында Сунақ ата мазары тұр. Сунақтың шығу тегі арабтың Құрайыш тайпасынан, тайым руынан. Пайғамбарымыздың төрт шадиярларының бірі Әбу Бәкір Сыддықтың он алтыншы ұрпағы. Олар қазақ жеріне хақ ислам дінін насихаттауға келген" деп жазды.

Сапаршы одан кейнгі Сауран, Түркістан қалаларында да болып, Қожа Ахмет Йасауидің, Арыстанбабтың кесенелерінің тарихына тоқталады. Наиб имам Арыстанбек Қосалытегі жолдағы өзінің көргендері мен білгендерін бүкпесіз шындықпен жазады. (253)

Иманды адамның өтірік сөйлеуі мүмкін бе?

Д. Досжан секілділердің жалған сөздеріне тағы да мына дәйекті келтіре кетеміз. Ахмет Тоқтабаев пен Злиха Ибадуллаеваның "Қазақ халқының құрамындағы қожалар этносы" мақаласы жарияланды. Онда қазақтың үш жүзіне кірмейтін, ежелден алаш ұлысымен бірге жүріп, біте қайнасқан этникалық топтар бар. Олар төрелер (хан тұқымдары), қожалар және шалақазақтар. Қожалар сонау VIII ғасырлардан бастап, қазақтың арасына ислам дінін таратып, халықты имандылыққа баулыған. Осы орайда қожалар шежіресін зерттеу, тарихымыздың бір бұтағы болып табылады", – деп жазады. (254)

Расында да бұл солай болып қалыптасқан тұжырым.

Солай болып тарихқа енген. Солай болып халық ұғымында қалған.

VIII ғасырда ислам діні Орта Азия мен қазақ жеріне тарай бастағаны белгілі. Сол кездердегі Әбу Бәкір, Омар, және Әзірет Әліден үрпақтар өрбіп, бүгінгі Оңтүстік Қазақстанда мешіт салып, медреселер ашты. Осындай деректі алдыға тарта отырып авторлар: "Мұхаммед Пайғамбардың ең жақын, ең сенімді серіктері осы үш ұлы кісілерден тараған үрпақтары "қожалар" – қазақ руларының бірі болып Қазақстан территориясында өсіп-өніп келеді, мекен етеді, – дейді Қызылорда облысы, Жаңақорған өңірінде тұратын Шоманұлы Дәумен, Ашимов Шайдарбек, Төлегенұлы Берден ақсақалдар.

Соның ішінде Әбу Бәкір Сыддықтан тарағандар Қылауыз (Жақып Ата), Қасымқожа, Мәулана Шәмшідін (Шәмші Бүзірік), Ұзын Ата, Бұлқас ата, Шайқантаур, Сунақ Ата, Жүсіп Ата, Мамыт Ата, Құмсахаба (Құмсаба), Лалабибі. Омардан – Қырықсадақ.

Әзіреті Әліден тараған үрпақтар – Қорасан, Дуана, Сейіт, Қарахандық, Қылышты Ата, Ахмет Йасауи, Аққорғандық, Бақсайыс, Құрбанқожа, Құлтайқожа, Сәдір Ата, Қойлақы Ата.

Жақып Ата (Қылауыз) Әбу Бәкір Сыддықтың жиырма бірінші ұрпағы" деп жазады.

Арабтардан тараған үрпақтардың барлығын бұрынғы жазылған хаттамалар мен шежірелік жазбалардан білеміз. Жоғарыдағы мақалада қожалардың бергі үрпақтары беріліпті. Мысалы, Мәулана Шәмшідін (Шәмші Бүзірік) (1445–1540) Әбу Бәкірдің XV–XVI ғасырда өмір сүрген ұрпағы деп көрсетеді. Қорасан Ата-Әбдіжалил баб Әзірет Әлінің IX–X ғасырда өмір сүрген жетінші ұрпағы делінген.

Бірақ бұлар сол Әбу Бәкір мен Әзірет Әліден бергі үрпақтарының аттары қалай тарайтыны, кімнен өсіп-өнгендігі толықтай хронологиялық көрсеткішпен берілмепті. Бірақ бұл осылай екен деп, күмән туғызуға болмайды.

Авторлардың айтып, жазуынша, ол шежіре толық Д. Шоманұлы мен ("Қылауыз Ата" шежіресі. Алматы. 1997. "Шәмші қожалар" шежіресі, Алматы, 1995.) Ш.Жәркенұлының ("Сейіт, сабұлт қожалар" шежіресі, Алматы, 1997. ҚОӘӘ – 1997) жазғандарында болуы керек.

Жоғарыдағы жариялынымда Арабтың бірінші халифы Әбу Бәкір ас-Сыддықтың үрпағы ретінде Сунақ Атаны

көрсеткен. Һисамиддин (Сунақ Ата) Әбу Бәкір ас-Сыддықтың үлкен ұлы Абдаллаһтан бергі 16 ұрпағы екендігін жоғарыдағы Сунақ шежіресінен көріп, хронологиялық кестеден (тізбеден) толық таныса алдыңыздар. Бұны айтып отырған себебіміз, Жақып Атаның (Қылауыз) Әбу Бәкірдің 21 ұрпағы болып келетіндігі. Бұдан шығатын қорытынды Сунақ пен Қожалардың жақын туыс екендігіне баса назар аударған жөн. Бүгінгі күндері қалыптасқан қазақ руларының ұрандарындай Қожа мен Сунақтардың да ұрандары бір – Қожа Ахмет Йасауи. Сунақтар – қазақтар. Қазіргі Қазақстан территориясын мекендейді. Арабтың Құрайшын тайпасының Таим руынан.

Дала гаваны атанған Дешті Қыпшақтың Сыр өңірін бойлай бауырына басып алып жатқанына тарихтан куәміз. Бұған бүгінгі сөз етіп отырған Сунақ-Сығанақ қаласының аумағы да кіретін. Ол қалалар кезінде картаға түсіріліп те алынған. 1700 жылдары Ремезовтың картасында Суна (к) және Сығнак деп қатар жапсарлас қалардың Сейхундария өзені бойында орналасқаны түсірілген. Қазіргі Қызылорда облысының оңтүстік аймақтары мен Оңтүстік Қазақстан облысының солтүстік өңірінде жоғарыдағы қалаларға серіктес Отырар, Сауран, Ясы сияқты шаһарлардың тарихтан алатын орны ерекше.

Атақты жазушы Әнуар Әлімжановтың "Ұстаздың оралуы" романындағы басты кейіпкер әл-Фарабидің өмірі сонда кең ашылып, толықтай суреттеледі. Оның Бәну атты қызға ғашықтығы әдемі бейнеленген. Кез келген оқырман ұялып қымтырылмастан оқи алады. Яғни, екі адамның ғашықтық өмірі іңкәрлік туғызады. Нанымды бейнеленеді. Өзіңізді сол заманның тірлік керуеніне жегіп қойғандай боласыз. Бұл кітап неге шығарылды. Ә. Әлімжановтың батылдығы мен ерлігін сол кітаптың өзінен аңғаруға болады. Әл Фарабиге Орта Азия халықтары арасында талас туды. Сол тұста Ә.Әлімжанов Жазушылар одағында жауапты қызметтер атқарды. Ғұлама әл-Фарабидің Отырар қаласында туғандығын дәлелдеп қана қоймай, оның мерейтойын Алматыда өткізіріп, қазақтың атын аспанға көтерді. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген ғалымдардың жасаған баяндамалары да әл-Фарабидің Дешті Қыпшақ даласына қатыстылығы айтылып жатты.

Сөйтіп, әл-Фарабитану ғылымының тұсауы кесілді. Осы сияқты ғалым, арабтанушы Әбсаттар Дербісәлі де Отырар

қаласында Фарабтық (Отырарлық) Сунақи атты шариғат ілімінің білгірінің өмір сүргендігін жазады. Бұл қалада сол ғасырларда қазіргі Сунақтардың да ата-бабаларының өмір сүргендігін осыдан да байқай аламыз. Бұны бұрмалап, жоққа шығарудың қажеті жоқ. Әрі бұл факті дау туғызатын да мәселе емес. Бұдан Сунақтардың ертеде де, қазірде де бар екендігінің айқын дәлелін көреміз.

Александриядан кейінгі екінші кітапхананың Отырарда болуы көп ғалымдарды сонда тоғытқаны да айқын. "Һидаяны" жазған да Һисамиддин (Хисамиддин). Оған күмән келтіру күпірлік болады. Болған тарихты бұрмалаудың да қажеті жоқ. Шындықты шын қылып жазған сауап болады. Халық та, оқырман да өз ризашылықтарын айтады. Қатарлас қонған қалалардың бірі Яссы. Онда ақын "Хикметті" дүниеге әкелген Қожа Ахмет Йасауидің өмір кешкенін тарихтан білеміз. Сол қалада имамдық қызметті Һисамиддин атқарған.

Шаһизинда Қарақожаұлының "Сунақ-Ата" (Һисамилдин) танымдық-ғұмырнамалық толғауында: "Арабтың бірінші халифы Әбу Бәкір ас-Сыддықтың он алтыншы ұрпағы, Қожа Ахметтің имамы болған Һисамиддин (Сунақ-Ата) сияқты тағы бір ірі ғұлама бабамыз Әл Хусейн бин Әли Қожа Ата бин Хусамиддин, лақап аты – Хусамиддин (Діннің қылышы") туралы айтпасқа болмайды. Хусейн Али Қожа бин Хусамиддин Һисамиддиннің баласы Әбу Сүлеймен Мәлененің (Али Қожа Ата) ұлы. Әл Хусейін Әли Қожа бин Хусамиддин Һисамиддин (Сунақ Ата) бабасынан 110 жылдай кейін өмір сүрген. Ол Қожа Ахмет Йасауидің екінші қызы Ойымнан (Айымнан) (лақап аты – Гаухар-ана) туған. Яғни, Йасауидің жиені болады. Ал осыны сунақтардың шежіресінен салыстырмалы түрде қарағанда хронологиялық сәйкестікпен дәл келеді", – деп жазды.

Ш.Қарақожаев "Егемен Қазақстан" газетінде "Хусамиддин бабамыздың құнды еңбектері" атты мақала жариялап, оған Қазақстан Республикасы Үкіметі қолдау көрсетіп, Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің үлкен көмегімен Қазақстанның Түркиядағы елшілігі Хусамиддин бабамыздың: 1.ан-нажах фи-тасфир – грамматика, морфологияға қатысты еңбектері; 2. Рисала-и Һисамиддин Сығнақи және Маноқиби Ахмет Иассауи (Қ.А.Иассауи өмірі туралы) еңбектері табылды. (255)

Сонымен қатар елшіліктің қолына түскен мәліметтерге қарағанда, Хусамиддин Сунақидың (Сығнақи) еңбектері Ташенттегі Шығыстану институтының, Ливан (Бейрут) мен Иран (Тehран) ірі кітапханаларының қорында сақтаулы екен. Қазір Қазақстан Республикасының Мысырдағы (Египет) елшілігінен келіп түскен ақпарат бойынша Мысырдағы ұлттық мұражайында жүргізілген ізденіс нәтижесінде ғұламаның төрт қолжазбасы табылып отыр. Олар: "Ан-Нихая фи шархи-л-һидая" ("Дұрыс жолмен түсіндірудің соңы") атты 6 томдық 5048 бет арабінадан қазақшаға аударғанда 15144 бет болады екен. "Ат тәстид шарх усул әл-Имам Фарх әл-Ислам Әли бин Мухаммад әл Бәздәуидердің" ілімін түсіндіру 323 бет араб тілінде, "Әл-Уафи шарх әл мунтахаб усули мәзһәб" діни ағымдағы таңдамалы ілімдерді толық түсіндіру – 235 бет араб тілінде. Барлығы 6052 беттен тұратын араб тіліндегі қолжазба араб тілінен қазақшаға аударғанда 18156 бетті құрайды. Осындай құнды еңбектер Мысырдағы ұлттық мұражайдағы табылған қолжазбалардың барлығы микрофильмдерге түсіріліп, каталогтарды компьютерге енгізген. Хусамиддин бабамыздың аты өз заманында "ас-Сығнақи" деген атпен де танымал болған. Туған жері Түркістандағы Сығнақ-Жаңақорған ауданы көлеміндегі қала деп көрсетілген. Ол 711-ші жылы қайтыс болған. Әрине, Хусамилдиннің еңбектерін іздестіру әлі де жалғасын таба бермекші.

Жақында ол кісінің атына (Ш.Қарақожаевтың – А.С) және Қ Р-ң Үндістандағы елшілігі белгілі бір ақпараттарға сүйене отырып, Хусамиддин еңбектерін Уттар Прадештік "Раза" және "Алигарх" Ислам Университеттерінің кітапханаларынан іздестіріп, тапқандығын және осындағы Қашмирден алдырған қолжазба қорынан бабамыз Хусамиддиннің мұсылмандық туралы араб тілінде жазылған "Нихая" атты еңбегінің екі томы (топтамасы) табылғандығы, парсы тілінде өз атасы мен нағашы атасы туралы "Һисамиддин Сығнақи (Сунақи) мен Қожа Ахмет Йасауидің өмірі және рухтар туралы түсініктеме" деген қолжазба еңбектері табылып отырғандығын жеткізген.

Ойшыл ғұламаның "Нихая" еңбегі, біздің түсінігімізше, мұсылманшылдықтың негіздерін талдауға, түсіндіруге, соны жеріне жеткізе баян қылуға арналған. Еңбекте мұсылманшылдық шарттары туралы баяндап, бір ғана дәрет алудың рәсіміне 20 бетке дейін анықтама берген.

Ғұлама Хусамиддин ас-Сунақи оны егжей-тегжейлі баяндап, түсіндіріп талдайды. Бұл көрсетілген еңбектер Пакистан, Иран, Үнді елдеріндегі жоғары оқу орындарында, мешіт, медреселерде арнайы оқу құралдары есебінде пайдаланылады екен.

Бұл Сыр бойындағы мұсылмандар ғана емес, барлық қазақ мүміндер үшін, тіптен бүкіл дүниедегі мұсылмандар әлемі үшін де құнды қазына болып отыр.

16 кітаптың авторы, ЮНЕСКО-ның журналистика саласындағы конкурстың лауреаты, белгілі жазушы-журналист Өмірзақ Жолымбетов те өзінің жазушылық ізденістерінде Сыр бойының тарихын айналып өтпепті.

Ол өзінің "Біздің радио шежіре" бағдарламасынан" "Сунақ Ата" (Һисамиддин) атты хабарында қызық жәйттерді алдыға тартады:

... Кемеңгерлер жасаған рухани дүниелер күллі адамзат ұрпағының талай буындарының көдесіне асып, болашаққа жеткендерінің мұрты шағылмай әлі де талай заманаларға көшін тартып барады...

... Өзінің кемеңгерлік ісімен қазақ халқының аузында аңызға айналып, есімі бүгінгі ұрпақтарына шындығы мен аңызы араласа жеткен ұлы бабаларымыздың бірі – Һисамиддин (Сунақ Ата)...

Көзі тірісінде Сунақ ата атты лақап есімге ие болған Һисамилдин – Мәлік өзінің 67 жылдық ғұмырында не тындырып, не атқарды? – деп жазады автор.

Оған жауапты өзі табады.

Һисамиддин Ислам тарихындағы бірінші әділ халиф Әбу Бәкір Сыддықтың 16-ұрпағы. Сунақ Атаның (Һисамиддин) түбі – араб. Бала кезімізде біздің жерден жеті жұрт өтіпті деген сөздерді көне қариялардан жиі еститінбіз. Кейін осы сөзді ой көзіне салып бақсақ, осы жеті жұртта ұзын сонар тарих, үлкен мазмұн жатыр екен. Бұл неғылған, қандай жұрттар. Адам Ата, Хауа Анадан кейін жерімізде кімдердің болғанын қайдам, әйтеуір өз тарихында қазақ жерінен сақтар мен ғұндардың, қарақытайлардың, қимақтардың, моңғолдар мен жоңғарлардың өткендігін білеміз.

Әрбір қазақтың ағзасында осы халықтардың қаны бар. Тіпті жеке адамдар түгілі үлкен тайпалар, рулар өздерін әлгі іргелі жұрттарға барып тірейді. Сом алтынның сынығы тәрізді сол көне дәуірлердегі халықтардан қалған қасиетті кесекпіз, жұрағатпыз дейді. Бұл бір ғана халықтың басынан өткен

жағыдаяты емес. Жер бетіндегі қай нәсілді алып қарасақ та дамудың, қалыптасудың, осындай сатыларын басынан кешіргендігін байыппен қараймыз.

Ол: француздар ұлт болып ұю, қалыптасу жолында түп тұқияндарының гаал, роман, герман, франктен, итальяндардың герман, әтрус, араб тағы басқа көптеген тайпалардан құралғандығын, қытай халқының өзі де сол жолға жетуінде өздеріне мажур, манғұл, түркі тектес тайпаларды миллиондап сіңдіргенін, басқа үндіс, неміс, орыс халықтарының да осындай жағыдайларды бастарынан кешіргенін, американдар ғазасында жер бетін мекендеген барлық нәсілдер өкілдерінің қаны барын жасырмайды.

Пайғамбардың бірінші досы, оның жанында бірге жүріп исламды бірінші болып қабылдаған ислам әлеміндегі бірінші әділ халиф Әбу Бәкірдің ұрпақтары қазақ жеріне қалай келді?

Мұхаммед Пайғамбар көз жұмар алдында өзінің орнын басатын жеті адамның есімін айтып, намазын шығаруды Әбу Бәкірге тапсырады. 631 жылы Мәдинеде ұйымдастырылған тұңғыш қажылыққа (хиджраға) халықты бастап апарғаны болмаса Әбу Бәкір бұрын үлкен саяси қайраткер ретінде көзге түспеген. Оның Пайғамбардың намазын шығаруының өзі Мұхаммедтен қалған биліктің тізгінін қолға алатындығын меңзеген еді. Ансар тайпасының өкілдері бұған үзілді-кесілді қарсы шықты. Сонда Әбу Бәкір өзінің биліктен бас тартатынын мәлімдеп, бұл орынға Омар мен Оспанның біреуінің лайық екендігін айтты.

Иі жұмсақ, мейірімді, әрі әділ Әбу Бәкірден гөрі ділі қатты өлгі екеуінің бірі халиф болып кетер деп қауіптенген ансарлар амалсыздан Әбу Бәкірге дауыс береді. Әбу Бәкір қызы Айшаны Пайғамбарымызға үшінші әйелдікке бергеннен кейін оның ең жақын адамына айналған болатын. Мінезі биязы,білімдар, тақуа халиф исламды нығайтудағы әділ саясатымен көзге түсіп ас-Сыддық (аса әділ) деген атқа ие болады. Мұсылманшылдық жаңа ғана қалыптаса бастаған осы бір аласапыран,алабұртқан шақта алғыр саясаткер Әбу Бәкір ислам дүниесінің майда ағымдарға батырап, олардың оқшаулауына жол бермей, өзінің төңірегіне беделді саяси және әскери қайраткерлерді топтастырып, солардың арқасында Пайғамбардың жасыл туын көтеріп, исламның ықпалы жүретін жерлерді кеңейтті, тұтастығын нығайтты.

Ол билік жүргізген екі жылдан сәл ғана астам уақыт ішінде бүкіл араб тайпалары бір мемлекетке бірігіп, Сирия

мен Ирак исламға мойын ұсынды. Әбу Бәкір исламға өз жанынан еш нәрсе қоспаса да мұсылмандарға Мұхаммед Пайғамбардың өмірі мен істерін үлгі ете отырып, оның айтқан өсиеттерін бұлжытпай орындап отыруды бірінші парыз ретінде талап етті. Осылайша ол исламдағы Сунна ағымының негізін қалаушы болып шықты. Шынында да әділ де парасатты бірінші халиф Әбу Бәкір ас-Сыддықтың өзі басқарған тұсында мұсылмандарды жік-жіктен сақтауы ұлылықтың белгісі еді.

Сунақ Ата (Һисамиддин) осы ұлы халифтың ұрпағы болатын. Һисамиддиннің (Сунақ Ата) ұлы бабасынан кейін 634 жылы халифаттың басына Омар әл Хаттаб әл Фарух келді. Исламның бесіктегі дәуірінің аса ірі қайраткерлерінің бірі оның тұсында мемлекетті басқару ісі жүйеленіп, әкімшілік-құқықтық, алым-салық жүйелері құрылды. Ислам әлемінің қанаты батыста, Африка құрлығының Солтүстігі арқылы сонау Пиреней түбегіне, Шығыста – Орта Азияға дейін жетті. Омардан соң Оспан Аффан халифаның тағына отырды. Ол Мұхаммед Пайғамбардың ең алғашқы жолын қуушылардың және бірінші сахабаларының әл асхабтың бірі болатын. Оспанның тұсында ислам діні өзінің ықпал жасайтын аймағын одан әрі кеңейте түсті. Құранның түпкілікті тексті жасалды. Құран оқылып, мұсылманшылықтың шарттары орындала бастады. Ислам әлемі жіктеліп, жаңа ағымдар, сенімдер пайда болды. Осылайша исламның жіктелуі салдарынан Оспанның өзі қастандықтың құрбаны болды да, оның тағына 656 жылы Әзіреті Әлі отырды. Міне, Мұхаммед Пайғамбардан кейінгі төрт халифтар осылар.

Оспанның тұсында Ислам дінінде шейттер мен суннаттар, харижиттер мен мутализиттер, муржиттер ағымдары айқындалған болатын. Кейін олар бірнеше салаларға бөлініп отырды. Міне, мемлекеттің басына қай діни ағымның өкілдерінің келуіне байланысты басқа ілімді жақтаушылардың құдаланып отырғандығы белгілі. Осыған байланысты биліктен шеттетілген ағымның өкілдері ислам жеткен алыс өлкелерге барып орнығуы заңды құбылыс.

Осылайша құдаланудың қатарында суннаттар ағымының негізін салушы Әбу Бәкірдің ұрпақтары да ілікті. Әрине, оның ұрпақтарының басқа жерлерде де болуы ықтимал. Біздер тек қана қазақ халқының құрамына сіңген суннаттар жайында әңгімелеп отырмыз.

Не де болса Оңтүстік Қазақстанға арабтар 751 жылғы Талас бойындағы шайқастан кейін орналаса бастады. Ислам

өзінің ықпалы жүрген барлық жерге тек қана күшпен енбеген. Араб әскерлерін басқарған Пайғамбар мен оның ізбасарлары сахабалардың қолында алдымен Құдай сөзі Құран болды.

Биссмиллә... бисмилләһир Рахманнир раһим! Яғни, мейірімді де қайырымды Аллаһтың атымен деген сөз тіркес талайлардың бастарын игізіп, санасын оятты. Сөз жоқ, сол заманда арабтар мәдениеті мен әдебиеті рухани жан дүниелерінің байлығы жағынан өздері күшпен де, діни ықпалмен де иліктіріп алған халықтардан көш ілгері тұрған болатын. Қаншама күшті сан жағынан көп болса да мәдениеті төмен дөрекі халық өздерінен жоғары халықты ешқашан ұстап тұра алмайды. Кешегі құдіретті КСРО-ның ыдырауының бір себебінің өзі де осында жатыр.

Міне, Исламды рухани сенім етіп ұстаған Сейхундарияның жағалауына келген арабтармен бірге Құрандарын көтеріп алғашқы төрт халифтың біреуі Әбу Бәкірдің ұрпақтары жетті.

Арабтар келісімен мешіттір, медреселер салып, кітапханалар ұйымдастырып, өнер мен білімнің де нұрын ала келді. Бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби араб тілін үйреніп, сунна жолын қуушы Әбу Бәкірдің ұрпақтары алғаш рет ашқан Отырар кітапханасынан сусындап үлкен білім алып, сол заманда ғылымның барлық саласына осы кітапхана арқылы жас шағында-ақ хабардар болған еді.

Түркі халықтарының тілінде оның ішінде қазақ тілінде "ақ" жұрнағы бар. Азамат-ақ, жігіт-ақ, тұлпар-ақ екен деген таңдану, әсерлеу кезінде соны пайдаланамыз. Әбу Бәкірдің ұрпақтары да халифтің өзі тірісінде негізін қалаған суннадан айнымаған. Міне, осыдан шыққан сунна-ақ арабіна әһлі Сунна сунналық адамдар кейін қазақта сунаққа айналып кеткен.

Һисамиддин (Сунақ Ата) Отырар кітапханасын басқарған соңғы ғұлама. Ол өлген соң 20 жылдан кейін Қайыр ханның тұсында Отырар қаласы жермен жексен болып, дүние жүзіндегі ең бай осындағы кітапхана өртеніп кетеді. Заманында Александрия кітапханасымен қатар деп есептелетін осы бір ғажайып білім ордасының байлығына таң қалмауға болмайды. Алдымен Александрия кітапханасы да, Отырар кітапханасы да бір сенімдегі діндес, ділдес, ұрандас мемлекеттердікі араб мәдениетінің, өркениетінің жемісі еді. Отырар Батыс пен Шығыстың рухани байлығының тоғысуының заңды құбылысы еді. Аллаһу Акбар, Аллаһу Акбар! – арабшасы, Аллаһ ең

ұлы, Аллаһ ең құдіретті деп айтатын Әбу Бәкір ұрпақтары Батыс пен Шығысқа, теріскей мен түстікке аттанған керуен басыларына барған елдерінен кітаптар әкеліп отыруды тапсыратын.

Әсіресе, кітапхананың аса баюы әрі сунна ілімінің түркі тайпаларында күшеюі Һисамиддиннің тұсында дәл келсе керек. Бұл кезде астанасы Үргеніш болған Хорезм шаһтары мемлекетінің мұсылман әлемінде бірінші орынға шыққан Мұхаммед Хорезм шаһтың басқа ислам мемлекеттері билеушілерінің бірде-бірін менсінбей өзін-өзі – Аллаһтың ұлымын деп жариялаған кезі болатын.

Һисамиддин – Сунақ Атаның IX ғасырда өмір сүрген ұлы бабасы Шабур Мәліктен бастап өзінің әкесі Абдолла Мәлікке дейінгі сегіз атасының есіміне Мәлік сөзі жалғасады. Мұның мәнісі мынада: Сунна өнегесін ұстанушылар IX ғасырда бірнеше ағымға бөлінеді: Олар – Шафиит, Ханифит, Мәліктік, Ханбалит дейтін төрт мәзһап. Бұл мәзһаптардың бір-бірінен сәл айырмашылықтары бола тұрса да, бәрі әбден қалыптасқан мазмұндас ханс жинақтарына негізделген. Міне, Сунна жолын қуушылардың ең үлкен мәзһаптарынң бірі мәлікшілер 715–795 жылдардың арасында өмір сүрген исламның үлкен ғұламасы Мәлік Анастың есімімен байланысты шыққан. Мәлік Анас негізінен ұстаздық қызметпен айналысқан. Оның мемлекет және құрылысы жайлы көптеген өсиеттері бар.

Соның ішінде халиф тек қана құрайыш руынан болуға тиіс деген теориясы қазақ қауымына да ауысып қазақ хандары ордалар мен ұлыстардың билеушілері төре тұқымынан – Шыңғыс ханның ұрпағынан сайланатын болған.

Енді Сунна ілімінің басқа ағымдары жайында: Олардың барлығы да Мұхаммед Пайғамбардың айтқан сөздерін, жарлықтарын, ойларын өнеге етіп, діни тәрбие жұмыстарын жүргізеді. Һисамиддин – Сунақ Атаның ұрпақтары нәрді сонау тарих қойнауынан, тереңінен алған, жапырақ жайған алып бәйтерекке ұқсас.

Ғұлама ақын Қожа Ахмет Йасауидің есімін ұранға айналдырған Сунақтар бұрын Жаңақорған, Түркістан, Ташкент маңын жайлайтын. Қазір қан араласып қазақ елінің шартарабына өркен жайды. Өздерін қазақпыз, қазақтың сунағымыз, – дейді.

Көзі тірісінде Сунна жолын насихаттаушы, Сунна мәзһабын қуушылардың атасы атанған Сунақ Ата (Һисамиддин

–Мәлік) Сыр бойына білім шамшырағын жаққан ғұламалардың бірі. Ол кісі сонымен қатар көптеген кітаптарды көне түркі тіліне аударып, артына даналы ойлар, ұлағатты сөздер де қалдырған адам болуға тиіс. Бала кезімізден Сунақ Ата бабамыз үй депті, бүй депті деген сөздерді естуші едік. Сол естігендеріміз сол кітаптың үзінділері болуға тиіс. Осы үзінділердің ел арасында әлі күнге дейін болуы ықтимал. Көреген әулиенің "Нихая" атты екі томдық кітабы болғандығын Түркістан өлкесінің тарихын зерттеген орыс ғалымдарының еңбектерінен кездестірдік.

Бұл кітап Санкт-Петербург, Мәскеу, Түркия, Египет, Еуропа елдерінің кітапханаларынан табылып қалуы мүмкін.

Кешегі коммунистік сенімге иланып тегі Төре, Қожа, Сунақ болған инабатты қазақ азаматтары қудаланған жылдары бұл сөздердің көбісі ұмытылды немесе басқа билер мен шешендердің аузына апарып телінді. Артына:

Жақсыға шарапатым тиер,
Шапағатым тиген көгеріп өсіп-онер.
Жаманға кесапатым тиер,
Кесапатым тиген кесір болар,
Кесір болмаса есір болар, –

деген ұлағатты сөз қалдырған адамның рухани дүниесінің биіктігіне, қасиеттілігіне күмәнденуға бола ма?

Тарих пен уақыт дауылына талай ғасырлар бойы төтеп беріп, бүгінгі ұрпаққа жеткен кемеңгер адамның Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы кесенесін, оның намысшыл ұрпақтары қайта түрғызып, болашаққа табыстады. Өздерінің бүгінгі күні қазақтанған қазақ халқының ұлы болғанын мақтан тұтатын Сунақтармен бірге осы ескерткішті қалпына келтіруге Қоңырат, Қыпшақ, Қаңлы, Дулат, Әлім тағы басқа да бабаларымыздың ұрпақтары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып атсалысты. Көнеден қалған кемеңгердің алдында бас ию деген сөздің мәнісі осы! (256).

Мына төмендегі мақаланы да оқырмандар назарына ұсына кеткенді жөн көрдік.

Мақала "Караван" газетінде жарияланған. Авторы журналист Ескендр Аманжол. Оқиық:

Однажды услышал, что на юге Казахстана живут люди, именующие себя сунаками. Это потомки арабских миссионеров, еще в древности прибывших на территорию нынеш-

него Казахстана для пропоганды идей ислама и осевших в казахских степях. По слухам, сунаки до сих пор проживают в окрестностях Шымкента. Вот бы их разыскать!

Очень вовремя подвернулась командировка в те края.

Подумалось: поговорю с краеведами, наверняка что-нибудь подскажут. Однако разговоры эти были безрезультатными – местные историки ничего о сунаках сказать не могли и где их искать тоже не знали. Путеводную ниточку дал мулла одной из мечетей на окраине города. Он посоветовал съездить в Туркестан, в тамошней мечети найти азаншимуәдзина, призывающего к молитве, который и подскажет, где найти сунаков.

Неожиданная встреча

Бывает же такое! Разговорчивый таксист, распознав во мне журналиста и узнав, что я продолел путь от Алматы до Туркестана в поисках сунаков, расплылся в улыбке. Оказалось, он как раз из сунаков!

К сожалению, ответить на мои многочисленные вопросы Сабыржан (так его звали) не смог. Похоже, он особо никогда и не вникал в историю своих предков Сунак-Ата, но обязательно посещает его мавзолей. Что ж, решили и мы туда отправиться.

Друзья Сабыржана Батыр и Жамалулдин, вызвались сопровождать нас в поездке. Из разговора с ними выяснилось,что сунаки – это не национальность, не народность и даже не этническая группа. Батыр рассказал, что в Туркестане живут его два родных брата сунака. У одного из них в документах в графе национальность стоит узбек, а второго-казах.

Парадоксы памяти

Сунаки, уроженцы аравийских пустынь появились в наших степях несколько веков назад как миссионеры, несущие новую для этих мест религию – ислам. Оказавшись вдали Родины, в иной этической среде, они постепенно утратили свой язык. Забылись исторические корни, связывающие их с арабами, до сих пор отличают сунаков.

Есть в их облике этакий аристократизм, даже если профессия и образ жизни далеки от аристократического: Ба-

тыр, например, гоняет на продажу фуры с овощами, фруктами и томатной пастой из туркестана в Уральск.

Несмотря на то что исторические корни сунаки уже утеряли, предков они чтят. Мавзолей над могилой Сунак-ата возводили всем миром-хашаром. Неболыной купол сооружен прямо над оделанным мрамором надгробием. Тут же плакат, извещающий о том, что Сунак-Ата, чье настоящее имя Хисамелдин, родился в 1132-м почил в 1199 году.

Рядом с мавзолеем мы увидели могилу шыракшы человека, чье предназначение было в неустанном чтении молитв и еженощном возжигании лампад на могиле святого. Надо полагать что неоднопоколение шыракшы жило близ места захорения. Их в памяти людскоой не сохранились – зато они сберегали память его захоронения...

Встреча в Тюмень-Арыке

После осмотра мавзолея едем в село Тюмень-Арык к школьному учителю, а ныне пенсионеру Скендиру Кудиярову, автору книги о родословной сунаков. Книга это была издана несколько лет назад издательством "Атамура".

По словам Кудиярова, родословная Сунак-Ата восходит к тестию пророка Мухаммеда – Абубакиру Сыддыку (572–634 г.г)!

И, стало быть, сунаки – это действительно потомки арабов.

Где-то в архивах храняться ожидающие своих исследователей, покрытие пылью веков манускриты, повествующие об истории сунаков-странников, волею судьбы занесенных в наши края с другогоконтинента... (257)

Солай десек те кейбір қолына қалам ұстағандар тарихи деректі оқымайды, атүсті қарап, болмаса бар тарихты жазуға қызғаныштан білмегенсіп, аттап кететіндері кездеседі. Бұл халықты, оқырманды шатастыруға алып келетінін сезсе де қасақана сондай қадамдарға барады. Жоғарыда айттық. Шындық өлмейді. Пендешілікке салып, ауруын жасырған өледі дегендей, шындықты жасыра алмаймыз. Бір күні болмаса, әйтеуір адал адамдардың оны жарыққа шығарары сөзсіз.

Анақарыс гректер мінген кемедегі тақтайдың қалыңдығын сұрап білгенде: "Теңізшілер өлімнен төрта-ақ елі алыс жүреді екен" десе, Бөлтірік шешенді Тезек төре сынамақ

үшін: "Өтірік пен шындықтың арасы қанша" дегенде, Бөлтірік шешен ойланбастан: "Төрт-ақ елі" депті. Қалайша деген Тезек төренің таңданысына: "Көзбен көрген – шындық, құлақпен естіген – өтірік" депті. (258)

Атадан балаға ауысып келе жатқан шежіре мен көнекөз қариялардың айтуы бойынша Һисамиддин – әулие, заманында Құран Көрімді тәпсірлеп, сыр бойы халқын ислами қасиетке үндеген, мұсылмандықты уағыздаған. Өзі Мұхаммед Пайғамбардың сенімді серігі, алғашқы халиф Әбу Бәкір Сыддықтың он алтыншы ұрпағы. (259)

Сол Һисамиддин Сығнақидың Маулана Сүлеймен атты баласының ұрпағы Әмір Шайық, Зинаудин Шайық, Абдул Азиз Шайықтан тараған Бессары, Аташ, Қайғақтық, Сиық, Қалмырза-Тоқпан әулеттері. Жаңақорғанның іргесін қалап, отырықшы елді мекенге айналдырған да, сыртқы жаулардан қорғаған да осылар делінген кітапта.

Ә. Тұрғанбайұлы көптеген деректерді шынайы бейнелей алған. Кітапта Һисамиддиннің (Сунақ Ата) ұрпағы Ідаяның (1937 жылы "халық жауы" деген жаламен диктатор Сталиннің тізіміне ілінген) ерлігі, батырлығы, туған топырағына деген адалдығы суреттелген. Ол КСРО Жоғары Кеңесінің 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығына сай, Шымкент облыстық прокурорының 1991 жылғы 28 ақпандағы қорытындысымен Әділұлы Ідаяның да халыққа жау емес екендігі дәлелденіп, толық ақталды. Ідая (үлкен бабаларының бірі әл-Хусейн бин Әли Хожа Хусамиддиннің талдау жасаған Һидая кітабының атымен қойылған. А.С.) туралы туған інісі Шалқардың үл-қыздары Әнуар, Хұсан, Фариза, Фатималардың білері де көп. Ідая Ташкенттің ішкі істер басқармасына бастық болды. Әділетсіздікті көзімен көрді. Қызылдардың қыңырлығына төзбеді. Халық жағына шықты. Елге көп пайдасы тиді. Шаһарда алпауыттарға қас, кемтарларға көмек қолын созатын жомарт жүректі азамат болды. Бұл тірлігі сол жылдары Өзбекстанның Ішкі Істер Министрлігінің аға тергеушісі Мұқымбек баласы Құдайбергеннің де құлағына шалынды. Ол туысы, әрі жерлесі еді. Ол іздеп келіп, Ідаямен танысып, оның білімі мен іскерлігіне, қолға алған тірлігін аяғына жеткізбей қоймайтын табандылығына риза болады да, оны Ресейдің Орта Азия жөніндегі Бюросының қызметкері Сұлтанбек Қожановпен таныстырады. Мән-жайды әбден ой елегінен өткізген ол Ідаяға қазіргі жағдайды түсіндіре келіп, Мұстафа Шоқай жөніндегі көпте-

ген мәліметтерге қанықтырады. Оның Қызылорданың Шиелі төңірегінде дүниеге келгенін, Ташкент қаласында сегіз кластық гимназияда Керенскиймен бірге оқығанын, одан соң Петербург университетінің заң факультетін бітіргенін, Уақытша үкіметтің жетекшісі Керенскийдің көмегімен Түркістан өлкесін басқару жөніндегі комиссия мүшелерінің бірі болғанын, Уақытша үкімет құлағаннан кейін Қоқанға келіп, Ресейден бөлек автономиялық ұлттық мемлекет құрғанын, оның болыневиктер күшімен тарқатылғанын әңгімелеп береді.

Кітапта: "Міне сол ардақты азамат Мұстафаның өмірі қазір қыл үстінде тұр. Коммунистердің қолына түссе, аямайтыны анық. Сол кісіні құтқарып қалуымыз керек, – деп Сұлтанбек Ідаяға сынай қарады.

– Сонда мен не істеуім керек?

– Мұны сенің ақыл-парасатыңа, қайрат-күшіңе, табандылығыңа сеніп, өзің бүкіл аймаққа белгілі болған соң айтып отырмын. Не дейсің? – деді Сұлтанбек тағы да. Ідая енді назарын столдың екінші басында отырған Құдайбергенге салды.

– Сұлтанбектікі дұрыс. Бұл іс сенің ғана қолыңнан келеді, – деді ол. Екеуінің де салмақты істі тапсырғалы отырғанын жүрегімен ұқты. Бұл кезде стол үстінде ыстық шай да келтіріліп еді. Бір-бір кеседен соң маңдайлары жіпсіп, қуаң тартқан сұрғұлт жүздерге қызыл қан жүгірді. Терезеден тамыз айының нұрлы сәулесі төгіліп тұр.

Сұлтанбек қайта сөйледі:

– Бүкіл түркі тектес халықтарды бір тудың астына бірігуге үндеген азаматымызды сақтай алмасақ, біздің елдігіміз қайсы, – деді қиналып. – Қанаты қырқылған қаршадай күй кешіп отыр. Мынау үкімет ешкімге ырық берер емес.

Іштей мүжілген Сұлтанбек Ідаяға елеусіз көз тастады.

– Сұлтеке, тау көтер демессіз, ел үшін туған азаматқа қорған бола алмасақ, несіне жер басып жүрміз! – Сұлтанбек Ідаяның батыл шешіміне қайран қалды да, өз жоспарын ұсынды.

– Кеңес өкіметі тұрғанда Мұстафа досымызды аман сақтау мүмкін емес, – деді ол, – тек шетелге өтіп кету арқылы жан сақтай алады. Ол үшін елсіз даламен Қарақұм арқылы түркімен жерін көктей өтіп,Каспийдің жағалауына

жеткізесің. Одан әрі өз жігіттерімен қандас бауырымыз Түркияға барады да, Кеңес Одағының жымысқы саясатын баспасөз арқылы әшкерелеуге кіріседі.

– Қиын іс екен?

– Өзгеге қиын болғанымен, саған қиын емес. Қолыңа тиісті құжат та, қару да беріледі. Ал өзбектің қарақшылары сенің даңқыңды біледі, – деген Сұлтанбек Ідаяның қолына жүретін жерлердің картасын табыс етті.

Екі күн дайындалған Ідая Қараман мен Рустамға он бес-жиырма күнге дейін ауылда болмайтынын айтып, Мұстафа Шоқай және екі жігітімен ұзақ жолға шықты. Бас кетерлік бұл істе қатерлі қиындықтар да кездесті. Бірақ Ідаяның табандылығы, қышылақтағылармен тіл табыса білуі көп нәрсені шешті. Оның есесіне түркіменнің құмды далаларында қауіпті жағдай бола қойған жоқ. Ідаяның ержүрек батырлығына риза болған Мұстафа Каспий жағасына жеткен соң, Ідаяны бір күн кідіртті.

– Ертең сен туған топыраққа қайтасың. Ал мен өзім көрмеген тұңғиық өлкеге аттанамын, екеумізге де Аллаһ жар болсын, – деді де өзінің мақсат-мұраттары жайлы сыр шертіп кетті. Еркіндік деп көкігенімен Кеңес Өкіметі саясатының астарында талай қитұрқылықтың жатқанын, ұлт мәселесі жөніндегі бағытының дұрыс еместігін нақты фактілермен өзегі өртене отырып, ашына әңгімеледі.

– Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен ұлт Республикаларын құруының өзі большевиктердің отаршылдық саясатының айқын көрінісі, – деді Мұстафа. – Сондықтан біріктіріп, Түркістан мемлекетін құруымыз керек. Қазір бұл жоспар талқандалды. Бірақ мен өз идеямнан ешқашан бас тартпаймын.

Ідая мына адамның бас сауғалап жүрсе де, өз мақсатын астастыра білетін білімдарлығына, ұстаған бағытынан қайтпайтын қайсарлығына қайран қалды.

– Шетелде жүріп те өз идеяңызды қалай орындайсыз? Оған мүмкіндік бола бере ме?

– Ідая інім, қиындықтың аз емес екені рас. Бодандықтан құтылудың жолы – түркі тектес халықтардың бірігіп, ынтымақтасуында. Ол үшін Совет мемлекетінің қитұрқы саясатын баспасөз арқылы әшкерелеп, халықтың көкірек көзін аша білуіміз керек, – деді.

Ідая Мұстафаның әрбір сөзінде жалынның ұшқыны жатқанын көріп, біліп отыр. Өзінің бұл мақсатта дәрменсіз

екеніне де қапалы. Бірақ ағынан жарыла ақтарылып отырған ағасына не десін, жайбарақат қана:

– Ісіңіздің сәтті болуына тілектеспін, – деді.

– Тілектес болуың аздық етеді, – деді Мұстафа ширыға түсіп. – Көмектесулерің керек.

– Қалай? – деді Ідая таңданған жүзбен.

– Бұл жөнінде Құдайберген мен Сұлтанбек орын алған жайларды құпия жолмен жеткізіп тұруға уәде берді. Соларға сен де қосыл, – деп жауап қайырды Мұстафа.

Ертеңіне Мұстафа кемеге мінді. Ідая Ташкентке бет алды. Елге келген соң өз достарына Мұстафаның адамгершілік асыл қасиеті, білімдарлығы, оның бодандықтан құтылу үшін түркі халықтарының ынтымақтастығы қажеттігі жайлы ойларын үлкен тебіреніспен жеткізді.

Бұл мәтінді толық берудің себебі болды. Осы күнге дейін бізге мәлімсіз дерек көздерін халық жадынан жазып, елге жеткізген, біраз ізденіске тер төккен кітап шығарушыларға өз алғысымызды оқырмандар атынан жеткізе білу. Әйтпесе 1000 данамен шыққан кітап көптің қолына жете бермесі де анық. Кітапта Ідаяның Өзбек жеріндегі өміріндегі талай хикаяттар баян етіледі. Небір қызықты суреттерді көз алдыңыздан өткізесіз. Кейінгі ұрпаққа үлгі болар Ідаяның азаматтығын насихаттау алдағы күннің еншісінде.

"Жас Алаш" газетінде тарих ғылымының докторы, профессор Бүркіт Аяғантегі "Қазақ шежірелері мен рулары: аңыз бен ақиқат" атты көлемді мақала жариялады. (260) Ғалымның тереңнен қозғау салған мақаласы аса құнды екендігін оқыған соң білдік. Ол тереңнен талдау жасаған.Үлкен тарихшы екендігі сөз саптасынан, ой тұжырымынан байқалады. Тарихшының айтуында шындық жатыр.

"Расында да қазіргі таңда Еуразия құрлығындағы ең ірі мемлекеттің бірі болып отырған, саны жағынан да әлемдегі өскен ұлттардың бірі саналатын қазақ халқының тарихи тамыры мен қалыптасқан дәстүрі тереңнен бастау алатындығы күмән туғызбайды. Түркі халықтарының арғы тегі мен болмыс-бітімін зерттеушілердің қай-қайсы да, мейлі шетелдік, я болмаса отандық ғалымдар болсын, зерттеулерін жүргізу барысында қазақ халқының тарихын аттап өте алмайтындығы – бүгінгі күннің шындығы. Сондай-ақ, өз халқымыз, өз Отанымыз тарихын дәлелді дәйектермен нақтылап, ғылыми тұрғыдан игеріп, ел игілігіне ұсынатын ең әуелі ұлттық ғылымның өзі екендігі анық. Осы орайда отандық тарих

ғылымы өз мүмкіндігін толық көрсете алды ма, қолда барды ұқсату, пайдалану мәселесі дұрыс жолға қойылған ба деген мәселе көкейде қылаң береді. Өйткені, отандық тарих ғылымының жеткен жетістіктерін термелеп, арғы, бергі тарихымызды жіліктеп көрсеттік десек те, әлі де болса кейбір тарихи оқиға, құбылыстар туралы біріне бірі қайшы келетін, кейде тіпті қарадүрсін ғылыми тұжырымдар мен пікірлердің орын алып отырғандығын аңғаруға болады.

Әрине, қайшылықсыз ғылымның дамымайтындығы, өспейтіндігі де рас, әйтсе де, кейбір маңызды мәселелер бойынша тұрақты тоқтамға келмей, құрғақ болжаммен ғана шектеле беру жалпы ұлттық тарихи сананың дамуына кері ықпал етпей қоймайды. Мұның өзі түптеп келгенде халықты жаңсақ пікірлерге "деген екен", тәрізді дәйексіз, ұшқалақ тұжырымдарға жүгінуге мәжбүр етіп, сауатсыздыққа ұрындырады. Осы үрдістің қазіргі уақытта біршама белең алып бара жатқандығын көрмей, сезбей қалу мүмкін емес. Сондықтан шежіре шерткен сырға жеңіл-желпі қарай салмай, байыппен қараған лазым. Әрі басым көпшілігі еліміздің тарихы туралы көптеген мағлұматтар беретін ескі шежірелердің халқымыздың шығу тегін, қалыптасуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы, құнды деректер бролып табылатындағын мойындау қажет.

М. Салихтың "Шайбанинаме", Рашид ад-Диннің "жами ат тауарих", З.Бабырдың "Бабырнаме", Ұлықбектің "Сұлтандар шежіресі", М.Х.Дулатидің "Тарихи и Рашиди", Бейбарыс пен Хаддунның "Қыпшақ шежіресі" т.б. танымал шежірелерді қазақ халқының тарихына қатысты емес деп кім айта алады? Әрине, бұл тұста арғы тегі күмәнді, талас пен тартысқа негіз болатын шежірелерді бөлек қарау қажет. Қазыбек бек Тауасарұлының "Түп-тұқияннан өзіме дейінгі" шежіресінде көрсетілген деректерді әлі де болса ғылыми тұрғыдан тексерген орынды.

Сол секілді дәлелденіп, бекімеген, ақиқаттан гөрі аңызға жақын, белгілі бір руларды ғана дәріптейтін шежірелерден аулақ болған жөн. Кейбір шежіре құрастырушылар өз кезеңінің әлеуметтік-саяси жағдайына қарай шежірелерге қосымшалар мен түзетулер енгізіп, ал тіпті біреулер өз аталарын қандай да болса текті тұқымнан шығаруға, тарихтағы қасиетті есімдерге жақындатуға тырысқан. Қазақ даласында ислам діні күшейген кезде шежіреге арғы тегі Інжіл мен Құранға жалғас жатқан, тіпті Нұх пайғамбар заманынан бас-

талатын аңыздар, одан бері қарай Әнес сахаба сияқты әулие адамдардың аты кіре бастады. Сол сахабадан бермен қарай Алаш, одан Жайылхан, Сейілхан туыпты-мыс, ал Әбілқайырдан қазақтың үш атасы Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс таралыпты деген аңыз шықты. Ал, ғылыми деректер қазақтың көптеген көне тайпалары Мұхаммед Пайғамбар туғаннан әлдеқайда бұрын өмір сүргендігін айтады. Мысалы, үйсін, қаңлы, қыпшақ, ғұндар бірлестігі біздің дәуірімізге дейін белгілі болған. Тайпалардың ұлт болып қалыптасуы өте күрделі процесс: ұлт этногенезіне басқа тайпа түгілі, мүлдем басқа ұлттың адамдары, топтары келіп қатысуы мүмкін. Мысалы, қазақ этногенезінің қалыптасуына монғол-түркі (төре), араб (қожа, сунақ), татар, қырғыз, тіпті қалмақ сияқты ұлттар мен ұлыстардың тікелей қатысы болғандығы ақиқат.

Тарихқа әуес азаматтардың осындай қарапайым мағлұматты ескермейтіні қайран қалдырады. Қазақ халқының төл шежірелеріне қатысты теріс көзқарас негізінен кеңестік билік кезеңде қалыптасты. "Коммунистік" көзқарас қалыптастыруға, қазақ халқын "бұрынғы жабайы, қараңғы жұрт еді" деп көрсетуге ұмтылған кертартпа саясатқа шежірелер қайшы келді. Содан да, күні бүгінге дейін көптеген тарихшыларымыз қандидаттық немесе докторлық диссертация дайындаған кезде осы бір өте маңызды түпнұсқа – дерекнаманы игере алмай жүр.

Көптеген оқырмандар қазір білмеуі де мүмкін, 1948–1951 жылдар арлығында КОКП Орталық комитеті, іле-шала Қазақстан Компартиясы Алтын Орда дәуірінен қалған жырлар мен шежірелерді жою мақсатында дүркін-дүркін қаулы қабылдап, ұлттық мұраға қарсы майдан ашып, халық зердесін,тарихи задын жоюға тырысқан болатын.

1947 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті қабылдаған "Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел қателіктер туралы" деп аталған қаулыда қазақ әдебиеттанушыларының ұлттық мүдде тұрғысынан жүргізген шынайы зерттеулері жоққа шығарылып, партиялық идеологияның қатаң талаптарын сақтау міндеті алға қойылды.

Аталған қаулы мен осы қаулыны қолдауды, жүзеге асыру мақсатында жарияланған үрда-жық мақалалардың барлығының көздегені бір-ақ мақсат: қазақ халқының дәстүрлі мәдени мұрасын жою, оны еске салатын шежірелер мен жырларды қоғамдық санадан ығыстыру еді. Шортанбай, Дулат,

Ғұмар Қараш, Мұрат Мөңкеұлы тағы да басқа ақындар шығармаларын "тап күресімен байланыстырмай, біржақты түсіндірді, тек жақсы жағынан бағалап, феодалдық-реакциялық, ұлтшыл-буржуазияшыл сарындарын бүркемелей баяндады" деген айып тағылып, бір топ белгілі ғалымдар (Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, Е. Ысмайлов т.б.) қуғын-сүргінге ұшырады. Саяси науқандар мен партиялық бақылау жоғарыдан төмен қарай барлық оқу-ағарту, ғылым жүйесін түгелге жуық қамтыды. Осыдан барып, қазақ ғалымдары, жалпы қазақ зиялы қауымы арасындағы дәстүр сабақтастығы біршама үзіліп, ғылымда жалтақтық, көрінеу, жалғандыққа бару, қаралау, күйе жағу сарыны пайда болды. Бүгінгі күні қазақ зиялы қауымы арасындағы кездесіп отырған кейбір келеңсіз мінез бен принципсіздік, тұғырсыздықтың арғы себебін осы саяси қуғын-сүргіннен іздеген орынды" деп жазды.

"Ана тілінің" шежіре кітабы бойынша, ғылыми дәйектер мен "Ана тілі" газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған "Қазақ шежіресі". Кітапты дайындаған және ғылыми айналыста бар деректер мен қалың жұртшылықтан "Ана тілі" апталығына түскен шежірелік мәліметтер бойынша ататек кестелерін түзген журналист, жазушы Жарылқап Бейсенбайұлы. (261) Әбден құптарлық іс. Бұған, қуанып мақтануға да болады. Өшкеніміз жанып, өлгеніміздің тарихы тірілетін кез енді келді деуге де болады.

Алайда, осы кітаптың алғы сөзінде ("Шежіре – қастерлі қазына") айтылғандай,... "әз Жәнібек пен Тәуке, Абылай мен Кенесары сынды хандарды, Қабанбай мен Бөгембай, Райымбек пен Сырым деңгейлес талай батыры барын білмейтін оқушы өз халқын шынымен де ез екен деп қалады. КСРО тарихы деп аталатын қай оқулықты ашса да, Иван Грозный мен Александр Невский, Бірінші Петр мен Екатерина сияқты патшалар, Игорь мен Ермак, Суворов пен Нахимов сияқты батырлар мен қолбасшылар туралы оқитын болғандықтын, өзге жұрты ер екен деп ұғатын халге жетті.

Қазақ тарихында сондай "жабулы қазан" күйінде қалып келген салалардың бірі – шежіре тарқату еді. Қазақ арасында ежелден жалғасқан үлгісі бар бұл дәстүрге патша өкіметі қазақ жерін жаулап алысымен-ақ айрықша көңіл аударып, отарлауға көмегі тиеді деген ниетпен оны жинау үшін жерлерге экспедициялар аттандырған екен. Орыс зерттеушілері: А. Левшин, В. Вельяминов-Зернов, Н.Аристов, А. Харузин,

Г.Е. Грум-Гржимайлолар жазып алған қазақ шежірелері бірталай ғылыми тұрғыда құндылығынан басқа-түптің түбінде алысты көздеген пиғыл, кімнің қай руға жататынын анықтау арқылы оларды бір-біріне айдап салу, сөйтіп отаршылдықтың "бөлшекте де, билей бер" дейтін сыннан өткен ұранын жүзеге асыруға бағытталған саясат үшін де әбден керек болған сияқты.

Осы мақсатты алға тұта отырып, басқыншылар бір руды екінші руға айдап салды; шапқа түртіп, араға сөз жүгіртті, арандатты. Қай-қайдағы жер дауын, ел дауын арнайы қопсытып, өзара қырқыстыру нәтижесінде, қазақтың атамекенін бірінен соң бірін ақырындап басып алуды көздеді. Сөйтіп, аңқау қазақ рушыл, жікшіл деген атқа ие болды. Бұл жымысқы саясат кеңес дәуірінде одан әрі өршітілді. Тапқа бөлу, топқа бөлу, жерге бөлудің түп-төркінінінде де сол зымиян-дықтың салқыны жатыр еді.

Әрине, бұл – шежіре тарқату үрдісі тек осы мақсатқа қызмет жасауды көздейді дегендік емес. Ол – мәдениетті,өз билігі өзіндегі елдерде тарихтың орнықты бір тармағы боп әбден қалыптасқан дәстүрлі сала", – деп жазады.

Сөйтіп "Қазақ шежіресін" жасағандар көптеген томдармен көмкерілген Германия, Англия. Франция сияқты еуропалық елдер мен бірқатар Шығыс елдерінде де шежірелік дәстүр қалыптасқанына тоқталады. Рас, біздің елде де ондай дәстүр болды. Мысалы, Қазақстан Мұсылмандары Дін басқармасының Төрағасы, Бас муфти, әйгілі ғалым, арабтанушы, Әбсаттар қажы Дербісәлінің зерттеуімен халыққа кеңінен танымал болған, кезінде атағы жер жарған Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарих-и- Рашиди"-дің өзі неге тұрады.

Сондай-ақ, күні кеше жазған Шәкәрім Құдайбердіұлының "Түрік, қырғыз-қазақ һәм ханлар шежіресін" айтуға болады. Бұ арада, темір жол инженері Мұхамеджан Тынышбаевтың "Қазақ тарихына қатысты материалдар" кітабын ерекше атауға тұрарлық.

Сөздің шыны керек, өзіміз сөз еткелі отырған "Қазақ шежіресінде" өрескел бұрмалаушылық пен шындыққа еш қатысы жоқ шалағайлықтар кеткен. Кітапқа өз ата-бабалары туралы бірқатар шежірешілер хаттар жібергенмен, кейбір ру-тайпалардың атынан ондай мәлімет түспеген. Түссе де ол сол рудың ұрпағы емес, не іштарлықтан басқаша сол елдің адамы болып, жазып жіберген. Бұл кітапты былықтырып жіберген ірі өрескел қателіктерге ұрындырған.

Өзім аса құрметтейтін белгілі журналист, Ж. Бейсенбаевты осы арада шежіре жазушылар ыңғайсыз жайға қалдырған.

Ол барлық қазақ руларын әрине, біле бермесі анық. Оған өте жауапкершілікпен қараған жөн болар еді. Ол олай болмай шыққан.

"Қазақ шежіресінде" жүзге кірмейтін қазақ рулары да сөз болады. Сондай шежірені жазған Сайдаққожа Жүсіпұлы туралы кітапта мақтау айтылады: "Қазақ шежіресін ғылыми түрде байыптаған зерделі зерттеушілеріміздің бірі Сайдаққожа Жүсіпұлы сынды ардақты тұлғамыздың есімін де қосқалы отырмыз. Бұл кісі 1875 жылы Бұқара шаһарында 500 дана болып басылып шыққан "Қазақ тайпаларының тарихы" атты аса құнды еңбектің туындыгері...

...Сайдаққожа өте білімдар зерттеуші болған көрінеді. Ол кісі қазақ тарихын жете зерттеумен қатар, Кенесары жөнінде құнды деректер де жазып қалдырған екен. Кезінде базар жырау оның "Кенесары" атты мұңлы поэмасын жатқа айтқан көрінеді..." деп жазады.

Әрине, үлкен кісінің ел алдындағы беделіне шек келтіре алмаймыз. Бірақ "өте білімдар", "қазақ тарихын жете зерттеуші", "аса құнды еңбектің туындыгері" дегенге қосыла алмаймыз.

Осы кітапта, Сайдаққожа Жүсіпұлының "жүзге кірмейтін қазақ рулары" тарауының бірінші бөліміндегі "білімдарлығын" мынадан көруге болады.

Ол: "Сайдтар қожалар ішіндегі аға буын болып саналады. Бұл топ алғашқы қожа тайпасын құраушылар. Сайд тобын құраушылар арабтың Сайд (?) руынан және басқа да арабтық дін уағыздаушылардан құралған. Сайд руынан (Арабиядағы) Мұхаммед Пайғамбарымыздың үзеңгілес серіктері Омар (?) шыққан. Сайд руынан шыққан Шайқы Бұзырық (?) атты адамның ұрпағы белгілі ислам дінін уағыздаушы қазірет Аиуб Әминнің ұлы Гимарад Әзиз VIII ғасырдың орта кезінде араб әскерлерімен бірге Түркістан жеріне келеді. Бірақ та дін уағыздаушыларды жергілікті тайпалар тосырқай қарсы алады. Түріктерді ислам дініне кіргізбек болған олардың әрекеттен ештеңе шықпаған соң,күштеп енгізбек те болады. Бірақ одан да көп нәтиже шыға қоймайды. Сонан соң мешіт, медреселер ашып ислам дінін уағыздай бастайды. Жергілікті адамдарды арабіна оқытып, ислам дінін қабылдаушыларды көбейтуге көңіл аударады. Осы әрекет іске асып, жергілікті тайпалардың көпшілігі ислам дініне

кіреді. Сол бір дін уағыздаушы Гимарад Әзиздің (?) ұрпақтары Баба Туклас пен Ысқақ баб қазіргі қазақ халқының арасында өмір сүрген адамдар. Ал Ысқақ баб өте білімдар кісі. Оның кезінде қазіргі Баба Ата қаласы үлкен ғылым ордасына айналады. Ысқақ баб жергілікті тайпалардың беделді көсемі ретінде танылады. Оның кезінде Баба Ата өңірінде ғылым мен дін (ислам) қатар өрбіді. Ысқақтың мешіт сағанасы Баба Ата қаласында әлі сақтаулы тұр. Оның ұрпақтары Арыстан баб (?) пен Қожа Ахмет Йасауи де тарихқа белгілі адамдар. Сайд тобына қазіргі қожа рулары Сейіт қожа, Аққожа, Диуана қожа, Қылышты қожа, Қырықсадақтар кіреді.

Сонымен, "білгір" шежіреші Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (С.Ғ.С.) (ол жазғандай Мұқаммед емес – А.С) кезінде өмір сүрген Салман Фарсиді (қазақтар Арыстан баб деп атайды А.С.) өзінен кейін туған Гимғад Әзиздің ұрпақтары саналатын Ысқақ бабтан туғызады. Бұған не дейсіз? Жарайды, бір шатысты делік.

Енді екінші бөлімдегі Қорасан тобы (Шайбанидтер) қалай қағазға түскен соны оқиық: "Қорасан тобы – Мұхаммед Пайғамбар әулеті саналады. Пайғамбарымыздың Арабтың тайпасынын шыққаны барша қауымға белгілі. Пайғамбарымыздың немере ағасы Әбутәліп те сол құрайыш тайпасында беделді адам болған.

Әбутәліптің ұлы Әлі Аббасты қазақтар Әзіреті Әлі дейді. Мұхаммед Пайғамбарымыздың үлкен қызы Фатимаға (қазақ ұғымында Бибі Фатима ана) үйленген. (Арабтарда ағайынды адамдар қыз беріп, қыз ала береді)

Сол Фатимадан үш ұл бір қыз туады. Ұлдары Әбу Бәкір, (?) Омар (?) және Шәмші Ахмед, (?) қызы Зұбайда (?) " дейді.

Содан ол былай білгішсінген.

"Қосымша: Әзірет Әлінің Мараканалық (Самарқан) яхуди қызы Дарихадан бұл балаларынан басқа Мәдіден атты ұлы да болған. Мәдіденнен ұрпақ жоқ. Үлкен ұлы Әбу Бәкірден элемге әйгілі Әмірші Харон әр-Рашид тарайды. Омар Әбу Бәкірден соң азғана уақыт Халиф болған. Омардан Нұғыман әмірші (Ирактың алғашқы әмірі) туған.Ал, Шәмші Ахмед бүкіл Парсыстан жерінің әміршісі болған адам. Сол Шәмші Ахмедтен Әзіз Шайбан (Шайбаншах) атты екі ұл туылады. Әзіз Әріп парсы жеріндегі ислам дінін уағыздаушы муфти болады. Әзиз шайбан әке жолын жалғасты-

рып, Парсыстан (Иран) жерінің әміршісі болған. Бетіндегі қалың меңіне орай парсылар мен курдтар оны Қорасан Шайбани деп атап кетеді...

....Шайбани шах қағанатын ұлғайту мақсатымен бертін келе, сырдария түріктерінің (соғды, оғыз) жерлерін жаулап алады. Сейхун (Келес), (?) Фараб (Отырар), Шавғар (қазіргі Түркістан маңында болған), Өзгент қалаларын салдырады."

Міне, "Қазақ шежіресіне" осындай ойдан шығарып үлес қосқан "керемет ғұлама" Сайдаққожа Жүсіпұлы осы!

Тарихты білмесе, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (С.Ғ.С.) атын дұрыс жазбаса, Мұхаммедтің (С.Ғ.С.) қайын атасы, араб әлеміндегі бірінші халиф Әбу Бәкір ас-Сыддық пен екінші халиф Омарды Пайғамбарымыздың (С.Ғ.С.) немере туысы Әліге тұрмысқа шыққан сүйікті қызы Фатимадан тудырса (Астағфиралла!), Сейхун (Сырдария) өзенін Келес деп сандырақтаса, "білгір" шежіреші не тарихшы бола ма?

Шындықты мойындамайтын кейбір қазақтар осындай "дым білместі" аспандатып "керемет" тарихшы жасайтындарына қалай күйінбейсіз? Жоғарыда Әбу Бәкір ас-Сыддықтың ұрпақтары хронологиялық тәртіппен, мөрлендірілген құжатпен, қаншама тарихи фактімен жазылса да "ішқызғаныштан" ауызға алуға қорқатын пенделерді көріп, "бар болғаның осы болса қайтеміз" дегің келеді. Оған да мысалды төменде келтіре кетеміз.

Енді осы "айтқыш шал" жоғарыда айтқан Арабтың бірінші Халифы Әбу Бәкір Сыддықтан тарайтын Сунақтар жайында жазғанда да лағып кетеді. Ол кісіңізге салсақ, сунақтар Найман тайпасына жататын Дүрмен-Барлас руының бір тармағы екен. Сунақтар Ұлытау мен Қызыларай тауларын жайлапты мыс... Дүрмен-Барлас руынан атақты Темірлан көреген, Ұлықбек, Бабырлар шыққан... XIV ғасырдың бас кезінде Шайбани (онда өзі жоғарыда қожа болды ғой!) ұрпағынан Дүрмен-барластың Әбілғазы имам бастаған бір бөлігі Сығанақ қаласының бөктеріне келеді. Әбілғазы (Сунақ Ата) (?) бастаған Дүрмен-Барластар сол сығанақты қоныстанады... деп, одан әрі оны кейін жергілікті тайпалар Сунақ әулие атап кетіпті... деп ойдан құраған "бала" фантазиясы сияқты қиялдан туған... хикаяны туғызады.

Ау, кітап басушылар! Аллаһтың елшісі Мұхаммедтің (С.Ғ.С.) қызы Фатимадан Пайғамбарымыздың қайын атасы Әбу Бәкір ас-Сыддық пен одан кейін халиф болған Омарды туғызған Сейдаққожаны сауатты кісі деп айта аламыз ба?

Ойына келгенін жазып, "шежіреші" атануға бола ма? Басқасы басқа, Пайғамбарымыздың ата тек кестесін білмейтін пендені "ғұлама" деп дәріптеуге бола ма? Жоқ, сырттағының бәрі керемет те, өз ішіміздегі ниеті түзу адамдарымыз ақымақ болып қала бере ме?. Тұмсығының алдындағыны көрмейтін "придаток" арамызда аз ба? Неге осы "бәле" ойлауға құштармыз? Қай уақытқа дейін "арам" пенделерге құлшылық жасай береміз? Ғылыми негізі жоқ "сандырақ" мақалалар мен кітаптарды басылым бетіне неге басуға құмарлық таныта береміз? Намыс, ар, ұят қайда біздегі? Беті жылтыр, қу пенделерге неге шындықтың жүзіндей кесіп түсер дәлелмен тойтарыс бермейміз? Осындайдан барып ақын, жазушы, журналист, ғалымдарға халықта сенім қала ма? Неге ағаттық айтылған, оғаш жазылған, дәйексіз болжам жазғандар кешірім сұрамайды? Жауапсыздықтан олар қасарысып, халық арасына ши жүгіртуін әрине, осылай жалғаса берсе қоймасы анық! Оны болдырмау үшін салиқалы пікір айтылып, ғылыми негіздегі, біреудің ар-намысына тимейтін шындыққа құрылған шежіре халыққа жетуі керек! Сондықтан өтірік "намысшыл" болмай-ақ, көрші елдерден үйренудің әбестігі жоқ.

Өзбекстан Президенті Ислам Каримов 1996 жылы әйгілі жиһангер, ірі мемлекет қайраткері Ақсақ Темірдің тойын тойлады. ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 23 сессиясы Әмір Темірдің мерейтойын атап өту жөнінде арнайы шешім қабылдады. Өзбекстанда көптеген тарихи шаралар іске асты. Өзбек астанасы Ташкендегі орталық алаңда атеист К.Маркстің мүсіні алып тасталынды. Оның орнына Ақсақ Темірдің ат үстіндегі мүсіні орнатылды.

Сандырақпен сансыз қате жазған Сейдаққожа Жүсіповтің жүгенсіздігі Сунақтардың да намысын қайрап өткені белгілі.

О заманда да, бұ заманда да сунақтар өздерін атағы жарты әлемді дүрліктірсе де Ақсақ Темір көрегеннің, дүние жүзіне әйгілі Ұлықбектің немесе Бабырдың ұрпағымыз деп айтпаған. Ташкент, Шымкент жақта тұратын сунақтар да күні кеше Өзбекстанда 660 жылдығы аталып өткен Ақсақ Темір тойына шабылмақ түгіл, оны білген де емес. Сунақтар шынымен атақ қуып, өздерінің тегін енді біліп, танып жатса, кейбіреулер сияқты жоқ батырды ойдан шығарғандай болмай-ақ әлемді дүркіреткен Ақсақ Темірге бас салып жабысып, Өзбекстан үкіметіне баяғыда-ақ, "біз мындамыз"

деп делегация жіберер еді. Яғни, сунақтар жалған патриотизм мен жалған шежіреге бармайды.

Аллаһ Тағала, Алһамдулулла жаратқаныңдай арабтың бірінші халифы Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тарайтын сунақтардың өз ата-тегі, өз шежіресі бар.

Сунақтардың түпкі шығу тегінің арабтың бірінші халифы Әбу Бәкір ас-Сыддықтан тарайтындығының растығы, әрі ол бұлтармас дәлел болып тарихта, шежіреде жазылған. Оның шындығын кезінде билік құрған Хазірет Патша, хандардың, сол замандардағы муфти, имамдардың, ғұламағалымдарының қасиетті құжат ретінде көне ежелгі шежірелерге сүйеніп, оған артық ештеңе қоспай, кемітпей, ақиқатына күмән келтіруден аулақ болып ғылыми негізге сүйеніп, кейінгі ұрпаққа қалдырылған аса құнды еңбекті айтар едік. (Сунақтардың хронологиялық кестесін қараңыз)

Әбу Бәкір Сыддық (аса әділ) ұрпақтарының белгілі Меккелік көпестің отбасынан шыққандығы, руы тайм, Мұхаммедпен (С.F.С.) тайпалас Құрайыштан тарайтындығы Пайғамбарымыздың (С.F.С.) Әбу Бәкір Сыддыққа мұсылмандардың Мединеден Меккеге барған бірінші қажылық сапарына басшылық етуді, ал өмірінің соңғы айларында Медине мешітінде намаз оқуға жетекшілік етуді сеніп тапсырғандығын осы орайда тағы да айта кеткенді жөн көрдік.

Осындай шынайы тарихи шындыққа дәлел сунақтардың Сунаққожа атанып, қылует жайда бірінші орында отырғандығы белгілі. Соңғы ғасырлардағы үрдіске байланысты да сунақтар мен қожалардың туыстығын растайтын дерек: ол – ұрандарының бір Қожа Ахмет Йасауи екендігі. Сонымен қатар Арабтар сияқты жақындарынан қыз алып, құдақұдандалас болуларының қожаларда да, сунақтарда да бірдей екендігі бұл сөздерімізді де қуаттайды.Сунақтар арабтың ұрпақтары. Сунақтар қазақтар. Өзге ру, тайпалардай таңбасы жоқ. Ұраны Қожа Ахмет Йасауи.

Кейде өкінішке қарай, анық-қанығы анықталмаған, жете зерттелмеген, сауатсыз жазылған мақалалар да аға газет саналтын "Егемен Қазақстан" газетінен де орын алып жатады.

Өзін Қазақстан Журналистер одағының мүшесі деп таныстырған Бақыт Төлегенұлы деген біреу "Пайғамбардың сахабасы" немесе уақытты жалғастырған арқау" атты бір беттік материалын басқан. Бұл материал шындап айтқанда, сын көтермейді. Газеттің беделін түсіріп қана қоймай, оның рейтингін 99 пайызға төмендетіп жіберген. Сол мақаланы

түгел талдамай-ақ, мына жолдарға назар салсаңыз, көзіңіз жетеді. (262)

Автор Пайғамбарымыздың сенімді серігі, ер кісілерден алғашқы болып мұсылмандықты қабылдаған, Құрайшын тайпасының тайм руынан шыққан Әбу Бәкір Сыддық туралы айтпақшы болады.

Бірақ қандай мақсатпен жазғаны белгісіз, өзіміз жоғарыда сөз еткен "Қазақ шежіресі" кітабының кебін киген. Ол былай депті:

..."Мұхаммед Пайғамбар Еуразия аймағында өзі болмаса да, күні осы уақытқа дейін осы тамаша жер туралы оның айтқандарының сақталып отырғаны тарихи деректерде көрінеді. Исфиджаб (бүгінгі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сайрам ауылы) шаһары туралы ол адамдарға бақыт, игілік пен табыс әкелетін тамаша қала ретінде айтады және мұнда еңбексүйгіш, тамаша адамдар тұратынын тілге тиек етеді.

Пайғамбар осы қаладан төуліктің қараңғы уақытының өзінде әлдебір жарық сәулелердің шашырайтынын айтады. Бұл пайғамбар көзі тірісінде еске алған Еуразия аумағындағы бірден-бір шаһар. Өзіне жақын адамдардан Самарқанд қаласында (Өзбекстан) оның жиені (?) мәңгілікке тыныстап жатыр. Еуразия аумағына исламды оның шәкірттерінің шәкірттері, оның серіктері мен ниеттестерінің ұрпақтары әкелді.

Пайғамбардың ең жақын мұраттасының, кейіннен оның ісін жалғастырушылардың бірі ақиқатшыл Әбу Бәкір болды. Әбу Бәкірдің, Омардың, Оспан мен Әлидің ұрпақтары исламды Еуразия кеңістігіне алып келді.

Осы мақаламызда азды-көпті болсын Әбу Бәкірге және оның ұрпақтарына тоқталып өтпекпіз. Мұсылмандар арасында Әбу Бәкір ислам дінінің атасы саналады. Пайғамбар: "Әбу Бәкірдің жаны нені қаласа, Жаратушы иеміз де соны қалайды" (?) деп атап өткен. Ана тілін білу хақында Әбу Бәкір: "Егер адамның "тілі бұзылса", онда оның маңындағы адамдардың жаны ауырады, егер жүрегі "бұзылса", аруақтар риза емес" (?) деп айтқан екен. Ол сондай-ақ жер бетінен өзге әлемге үлкен күнәлармен кеткен адамның мұхитта қайықсыз қалған жанмен бірдей екенін атап өткен.

Әбу Бәкір (Ибн Әбу Кухафа) көзі тірісінде-ақ, Алланың елшісі болған Мұхаммед Пайғамбардың ісін ілгері жал-

ғастырған еді. Ол пайғамбардың алғашқы әйелінің (Хадишаның) туысы болған. Танысқаннан кейін Хадишаның арқасында олар тату достарға айналды. Әбу Бәкір исламды мойындайды және оны Біләлдан (эфиоп) кейін бесінші (?) болып қабылдайды. Біләл пайғамбардың көзі тірісінде бірінші муәдзині болды. Ол өзінің жағымды дауысымен адамдарды намазға шақырды. Пайғамбардан кейін ислам дінін Хадиша, ізінше әкесінің (Абдоланың) інісі Әбутәліп қабылдады. Үшінші болып исламды Әбутәліптің ұлы Әли мойындады.." (263)

Міне, мақала авторының сауатсыз жазылған мақаласы осылай кете береді.... Бұл жайында кейінірек тоқталамыз. Ары қарай оқи түселік:

... "Әбу Бәкірдің бес ұлы болды. Абдулла, Абдурахман, Махмуд Шайқы (?) және Жамал (?). Әбу Бәкірдің және одан кейінгі халифтердің ұрпақтары Мұхаммед Пайғамбардың ісін жалғастырушылар бола отырып, ислам жеткен жаңа аумақтарға қоныстанып отырды. Олар діни уағыздаушылар болды. Өз уақытында исламды қабылдаған және күні бүгінге дейін осы дінді ұстанатын барлық халықтардың жоғарыда аталған халифтердің ұрпақтарына құрметпен қарауға байланысты ырымы мен дәстүрі бар.

Осы жайды "Ата тәрбиесі" (Түркістан, 1998 ж.) атты кітабында халықаралық Қазақ-түрік университетінің оқытушысы Марқабай Керімбекұлы жақсы өңгімелейді. Ғасырлар бойы жинақталған білімнің, әкеден балаға беріліп отырған тәжірибенің және олардың өздерінің жергілікті халық арасындағы заңды құрметі мен абырой-беделінің нәтижесінде олардың кейбіреулері билеушілерге және атақты дінбасыларына айналды. Әбу Бәкірдің ұрпақтарының бірі –Баба Түкті Шашты Әзиз (VIII–IX ғасырлар) (?). Ол Меккенің басқарушысы, (?) өз заманының қадірлі діни қайраткері болды. Қазір Оңтүстік Қазақстан облысының Құмкент ауылында мәңгілікке тыныстап жатыр. Осы Құмкентте туған құдіретті билеуші Едіге де Баба Түкті Шашты Әзиздің ұрпағы болып табылады. Өзімізге белгілі Әмір Темір өлгеннен кейін ол билеп тұрған кезде Алтын Орда бұрынғыдан бетер қуатты империяға айналды. Мәңке би – Едігенің ұрпағы. (?) Сондай-ақ әйгілі қазақ батырлары Есет (?) пен Бекет те (?) Едігенің тұқымы болып табылады. Едіге мен Мәңке би туралы профессор Мұхтар Құл-Мұхаммед елеулі зерттеу жұмысын жүргізді. Өмірлік бастауы Әбу Бәкірге барып тірелетін

атақты орыс князьдары Юсуповтар да (?) Едігенің ұрпақтары еді. Сондай-ақ, Алтын Орда хандарының бірі Мамай да (?) Едігенің ұрпағы болып табылады. (Ресейдегі Мамай қорғаны оның құрметіне арналған). Мамайдың шөбересі Орыс тарихында Ұлы княгиня (?) болды және ол Иван Грозныйдың анасы-тын.

Бүгінде Самарқанд қаласында дамылдап жатқан ұлы ислам құқықтанушысы, ғалым әрі ойшыл Әбу Лайс (X–XI) Әбу Бәкірдің ұрпағы болып табылады...

...Шәмші Бұзырық та Әбу Бәкірдің (Әбу Лайстың) ұрпағы...

...Кейбір тарихи мәліметтер бойынша Қазақстан мен Орталық Азиядағы мұсылмандық философиялық ойдың аса ірі өкілі саналатын Қожа Ахмет Йасауи де (?) Пайғамбардың серігі Әбу Бәкірдің ұрпағы болып табылады. Ахмет Йасауи көшпенділерді ислам діни оқуының негіздерімен таныстыру жөніндегі қызметті кеңінен өрістетті. Ол араб тілін жақсы білді. Оның көзі тірісіндегі еңбектері осының айғағы. Ол сондай-ақ өз бойына тек исламның қағидаттарын ғана емес, сонымен бірге түркілердің пұтқа табынушылығын жинақтаған айрықша ағым суфийлік тарикат (туысқандық, орден) – ясауидің негізін қалады...

... Сайрам қасиетті қала саналады. Халықтардың аңызы бойынша Исфиджаб қаласының негізін қалаушы Ыдырыс пайғамбар (?) екен. Сайрамда Қызыр пайғамбардың анасы (?) мәңгілік ұйқыда жатыр"... (264)

Мақала авторы сөзін былай қорытады: "мақаланың мақсаты – оқырманға бұған дейін белгілі болған адамдар арасындағы бастауын жер бетіндегі бірнеше дәуірлердің өмірлік салт-дәстүрлері мен өркениетінен алатын, өзара қарым-қатынастарға бүгінгі жалпы адами құндылықтарға көзқарастар тұрғысынан қарауға мүмкіндік беретін ғылыми-танымдық, тарихи-социологиялық және психологиялық-талдамалық бағыт беруге ұмтылыс таныту". (265)

Пенде деген қызық. Ойына келгенді жаза салады. Осы бір автордың сауатсыздығы мақалада айқайлап тұр. Ол бірде Әбу Лайсты Әбу Бәкірдің ұрпағы десе, енді бірде Әбу Бәкірдің өзін Әбу Лайс деп алады да, одан Шәмші Бұзырықты тарата салады. Сол мақаладан мынадай жолды да оқып таң қаламыз: "Мұсылмандар арасында Әбу Бәкір ислам дінінің атасы саналады. Пайғамбар: "Әбу Бәкірдің жаны нені қаласа, Жаратушы иеміз де соны қалайды" (?), –деп

атап өткен. Ана тілін білу хақында Әбу Бәкір: "Егер адамның "тілі бұзылса", онда оның маңындағы адамдардың жаны ауырады, егер жүрегі "бұзылса", аруақтар риза емес" (?) деп айтқан екен. Ал бұған не айтамыз? Әбу Бәкір осылай аруақтар риза болмайды деп айтып па? Жалғыз жаратушыға ғана құлшылық еткен, Аллаһтың елшісі Мұхаммедтің сенімді серігі ер кісілерден ең бірінші мұсылмандықты қабылдаған, (Б. Төлегенұлы кітап оқымақ түгілі қарапайым нәрсені білмейді, ол Әбу Бәкірдің Біләлді мүшіріктерден құн төлеп құтқарып алғанын білмек түрмақ, Әбу Бәкірді Біләлден соң бесінші болып дінді қабылдады деп соғады – А.С.). Әбу Бәкір кейіннен сол шыншылдығы үшін Әбу Бәкір ас-Сыддық атанады.

Б.Төлегенұлының бұл қай сасқаны. Тіптен, Пайғамбар осы қаладан (Исфиджаптан) тәуліктің қараңғы уақытының өзінде әлдебір жарық сәулелердің шашырайтынын айтады. Бұл Пайғамбар көзі тірісінде еске алған Еуразия аймағындағы бірден-бір шаһар. Өзіне жақын адамдардан Самарқанд қаласында оның жиені (аты жөні жоқ.А.С.) тыныстап жатыр деп тағы да өтірікті ұрып қалады. Одан келеді де Әбу Бәкірде жоқ ұлдардың есімін (Шайқы?, Махмуд?,Жамал?) жобалап айта салады. Қуа келе ол, баба Түкті Шашты Әзизді, Едігені, Мөңке биді, қазаққа есімі белгілі Есет пен Бекетті Абу Бәкір ұрпағы дейді де, ары қарай орыстардың князьдары Юсуповтарды да Әбу Бәкірдің ұрпағы еді, сол сияқты Мамайда соның ұрпағы болады деп ақыр соңында Иван Грозныйдың анасы орыс тарихында княгиня (есімі жоқ!) ол да Әбу Бәкрдің ұрпағы болып саналады деп жазған.

Оның сөз саптасында "Ұрпағы" деген сөз жиі қайталануы адамды жалықтырып алады. Ұят дегеннен жұрдай "шежіреші" енді келеді де Төлеген Рүстемұлының "Әбу Бәкір Сыддықтан тараған Қылауыз ата ұрпақтарының толықтырылған шежіресі" (Ташкент 2004) атты кітабынан Насыр ибн Мұхаммед ибн Ахмед ибн Ибраһим (930–1003) Әбу Лайс әулетінің ең үлкені болып есептеледі деп алып, енді оны сол Әбу Лайстың өзі қылып шығарады. Сенбесеңіз мәтінді толық берейік:

..."Бұдан көптеген ғасырлар бұрын осы адам, яғни Насыр ибн Мұхаммед ибн Ахмед ибн Ибраһим Әбу Лайс өз еңбектерінде алкагольдің (?) адамға зияндылығы туралы тоғыз негізгі тармақты айқындады", – дейді. (?)

Міне, Б. Төлегенұлы деген "батырдың" шатпағы. Ол – ол ма, ол енді Сайрамның қасиетін арттыру үшін, халықтардың аңызына байланысты Исфиджапты Ыдырыс пайғамбарға салдырып қояды. Сөйтеді де Қызыр пайғамбардың анасының аты кім екенін айтпастан "зуылдаған" бойда апарып оны Сайрамға жерлей салады. Ол сол Сайрамнан бес шақырым жерге апарып Жуса (?) пайғамбарды мәңгілікке тыныстандырып тастайды.

Қазақстанның бетке тұтар басылымы "Егемен Қазақстан" осындай негізсіз, қиялға да жатпайтын мақаланы қалай басқанына қайран қаласыз. Жоғарыдағы айтылғандарды талдаудың өзі ұят. Шындықты халыққа жеткізу үшін, біздер Ыдырыс пайғамбар жайында тоқталғанды дұрыс санадық.

Біздің білуімізше, Қасиетті Құран Кәрімде Ыдырыс (F.C.) екі рет аталады.

"Исмағұл, Идрис және Зулкафил: бәрінде де сабыр мол еді" ("Әнбия" 21: 85)

Аллаһ тағала Құран Кәрімнің Мәриям сүресінде Пайғамбарымыз Мұхаммедке (C.F.C.) былай деген:

"Кітаптағы Идрис оқиғасын да ескер. Ол да нағыз шыншыл пайғамбар болған еді. Біз оны жоғары мәртебеге көтердік" ("Мария" 19: 56–57)

Ыдырыс (F.C.) – өзі үлгі-өнеге көрсете отырып, халықты Аллаһтың дініне, Аллаһтың бірлігіне, жаратушы иеге ғибадат етуге, ақирет азаптарынан қорқуға шақырады. Бұл дүниеде жақсылық істеген адамдардың тақуа аталатынын және олардың ақырет азабынан құтылатынын ұғындырады. Ыдырыс (F.C.) сондай-ақ Мысыр қаласы халқына намаз оқуды, белгілі бір мерзім арасында ораза тұтуды бұйырады. Міскіндер мен мүсәпірлерге қайыр садақа, зекет, беруге, әлсіздерге көмектесіп, рақым жасауға үгіттейді. Ыдырыс (F.C.) адамдарды Аллаһ жолына уағыздаушы ең көне замандарда өмір сүрген пайғамбарлардың бірі. Ыдырыс пайғамбар дәуірінен кейін де небір ықылым замандар өтті. Ұрпақтан ұрпаққа ауысып, адам баласын тура жолға салу үшін Аллаһ тағала өз қалауымен халық арасынан таңдап, назары түскен сүйікті пенделерінің дәрежесін көтеріп, пайғамбар етіп отырған.

Өздеріңізге Ыдырыс Пайғамбар Құран-Кәрімде айтылғандай Пайғамбарымыз Мұхаммедқа (C.F.C.) дейін өмір сүрген. Ал Сайрам қаласы тарихи деректерде XI ғасырда

ғана кездеседі. Арада қаншама ғасыр алшақтық жатыр? Шындықты осылай жауапсыз бұрмалап жазуға бола ма?

Б.Төлегенұлының сауатсыздығын төменгі сыныптың оқушылары оқып күлері сөзсіз. Енді Испиджап қаласының тарихына тоқталайық.

Жібек жолының қазақстандық бөлігіндегі бірінші бірегей ірі қала Испиджап болды, ол осы облыстың барлық жер-су шығыста Талас-Шуға дейін, солтүстік батыста Сырдарияның орта ағысына дейін ұласып жатты.

Испиджаб жазба деректерде сонау VII ғасырдың бас кезінен белгілі, Сюань-Цяның сапарнамасында ел "Ақ өзенденгі қала" деген атаумен еске алынған. Өзге емес, дәл осы Испиджаб аталуының сыры көп кейінірек, Махмуд Қашқаридың XI ғасырдағы деректері арқылы айқындала түсті. "Сайрам деп жазды ол, – Испиджаб аталып жүрген ақ қаланың атауы. Оны Сайрам деп те атайды".

Орта ғасыр дәуіріндегі Испиджаб – Сайрам X ғасыр мен XIII ғасырлардың бас кезінде Қазақстанның оңтүстігіндегі ең ірі қалаға айналады. (266)

"Хақиқатты бұзықтыққа араластырмаңдар да, сондай-ақ біле тұра шындықты жасырмаңдар". Құран-Кәрім, 2-бақара сүресі.

СУНАҚТАН ШЫҚҚАН СҰҢҒЫЛА

Еліне, халқына еңбек сіңірген С. Сартаев сияқтылар аз емес. Сұлтан Сартаев туралы айтпас бұрын, оған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жолдаған хатына көңіл аударалық, хат қолмен жазылған.

ҚҰРМЕТТІ СҰЛТАН САРТАЙҰЛЫ!

Бүгін "Егемен Қазақстанда басылған мақалаңызды оқыдым.Біздер еліміздің тәуелсіздікті жариялап, ата-баба арманын орындау бақытына ие болған замандастармыз. Сіздің бір жағынан парасаттылығыңыз бен ғалымдық білгірлігіңізге, екінші жағынан қазақшыл ағалық мінезіңізге іштей риза болып жүремін. Қызметтес болып жүрген кездерде де, одан кейінгі жылдарда ылғи алған бағытыңыз – ел тәуелсіздігі жолындағы менің істерімді қолдап келесіз. Зор ризашылығыммен сізге деген ізгі тілектерімді қабыл алыңыз. Әр қашанда бар болыңыз, бірге болыңыз. Мына келе жатқан жаңа жыл қарсаңында барша жан-ұяңызға берекетірлік, зор денсаулық тілеймін.

Президент Н. Назарбаев, қолы қойылған.
15.XII.2005 ж. Астана қ.

Тағы бір хат

ТАҒЫЛЫМЫ ТОЛАҒАЙ ТҰЛҒА

Журналист М. Төлепбергеннің академик, заңгер Сұлтан Сартаевпен жүргізген сұхбатын ("Нені көкседік, неге жеттік?" 21.12.2004) зейін қойып, бастан аяқ оқып шықтым. Жалпы, өз басым елге етене танымал, өмірі өнеге жандар туралы материалдарды қалт жібермей, көкейіме қондырып отырамын. Әрі олар жазған естелік кітаптарды сатып алып, оқығанды ұнатамын. Аса бір тағылымды тұстарын кейде оқушыларыма да оқып беремін.

Академик ағамыз С. Сартаевты бұрыннан білетінмін. Әрине, сырттай. Ол кісінің терең білімі, екі тілде бірдей сөзге шешендігі, өжеттігі, тәуекелшілдігі кім-кімді болсын сүйсіндірмей қоймас. Бүгінде жастарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуіміз керек деп айтып жатамыз. Ал қазақстандық патриотизмнің шынайы үлгісі осы Сұлтан Сартаев бауырымыздай бітім-болмысы болса, өр тұлғалы, ер мінезді абзал азаматтар емес пе?

Ежелден азаттықты аңсаған ата-бабаларымыз жерінде тәуелсіздік таңының рауандап атуына септігі тиген С. Сартаев сынды қандастарымызды қалай дәріптесек те жарсады. Десек те, ұлағатты тұлғаның өзгелерге өнеге боларлық кейбір тұстарын ғана айтып өтсем деймін.

Академиктің тілші қойған сұрақтарға берген әр жауабы сындарлы ой, салмақты сөз, салиқалы пікірлермен көмкерілген. Әр сөзінен даналықтың, тазалықтың, адам баласына деген мейірбандықтың лебі есіп тұрғандай.

Қазақстан атты алып елдің Президентінен бастап, қарапайым халық, қоғамымыздың келешегі-жастар үшін қабырғасы қайысып,жаны күйзелетіні, баршасына тек жақсылық тілейтіні, сол жолда әрекет жасайтындығы айқын аңғарылып тұр. Мәселен, Сұлтан ағамыз қолдан келсе, әр азамат Елбасына жәрдемдесуі керектігін, жасы 40-50-ден асқан адамдарды кеудеден қақпау керектігін, қарттар үшін қамқорлықтың арта түскенін қалайтындығын айтады.

Әсіресе, жастар жайында көп ойланып толғанатынын байқаймыз.

Өзім сүйіп оқитын "Егемен Қазақстан" газеті осындай дарынды, тағылымды тұлғалар туралы жаза түссе екен деймін. Мен осы мақаланы қиып алып, академик ағамыздың аузынан шыққан қанатты сөздердің астын сызып қойдым. Олар: "Біз тоқ болып тәуелді болғанша, аш жүріп азат болғанды артық көрген Алаш ұрпағымыз", "Пікірталас болмаса, ақиқат та шешілмейді", "Милы адам – идеялы адам" т.б.

Сүйінкина Пиалаш Балтақызы, Ы. Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің оқытушысы, ҚР білім озаты.

27 қаңтар, 2005 г.

...Бүйра шашты, көзінен нұр төгілген,орақ ауызды, құрыш денелі Сократ маңдайлы, сұр коверкот костюм киген сұлу жігіт еріксіз көз тартатын. "Апырмай мен де осындай болсам", – деп көрген жас Сұлтекеңе қарап, еріксіз бой түзейтін...

...Сүлтекең – жігіттердің сұлтаны. Бұл өз алдына бір арна. Азамат жолдасымыз Сүлтекеңде жаттық жоқ. Сапарлас достарының көңіл күйіне аса мән береді, бас қосқан жиынға сән береді, құшырланып, рахаттанып көрген-білгенін ортаға салады. Жаны жомарт Сүлтекең сол бір сәтті сапарымыздың ұйтқысы болды десем,артық айтпаған болар едім. Шын мәнінде, Сүлтекең сонда бір көрініп қалайын,жарқ ете түсейін деп тұрған жоқ, жаны жомарттық оның табиғи қасиеті еді. Кейін талай Сүлтекеңмен талай сапарлас болғаным бар. Бірақ, ол сол қалпында, өзгермеген. Сүлтекеңмен сол кездегі Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып қатар сайландық.

Сүлтекең сол сәтте тағы бір жаңа қырынан танылды. Ол мемлекет қайраткері болып жетілгенін, майталман заңгер екендігін, асқан дипломаттығын, пікір таласына түскенде сайысқа түскен батырдай құлпырып кететіндігін көрсетті. Бұл Сүлтекеңнің потенциалды толық пайдаланбай келгендігінің айғағы еді. Сол кезде, ғылыми элита елдің егемендігін алуға ат салысты, рухани тайталаста жеңіп отырды, тізе қосып, сол топ бірге қарекет етті, бірінің жетесіне жеткізбегенді екіншісі, үшіншісі тереңдетті. Жалпы, рухани майдан қалыптасты. Тіл заңы, елдің суверенділігі, мемлекеттің тәуелсіздігі, оның рәміздері қабылданған кезде ғылыми элита жарқ етті, найзағайдай шатырлады, қарсыласын қалтыратты. Президенттің оң ісіне тірек бола алды. Сол ғылыми элитаны Сұлтан ағамыз бастады. Сүлтекең өз позициясымен,өз түсінігімен жеке-дара шығып та жүрді, бірақ ағалы-інілі тарландар ол даралықты қарсылық, алыпқаштылық деп қарамады, даналықпен түсіне білді.

Өйткені бұрын-соңды тарихта болмаған бұл құбылыстарды бастан өткізген кезде біз әрқайсымыз тұлға ретінде жасампаздық қасиеттерімізбен көріне білдік. Бірлік пен тірліктің үлгісін таныттық. Сүлтекең ағалықты даналыққа жалғастырып,қол бастады. Сүлтекең жекпе-жекке шыққан айбынды батырлардың бірі емес, бірегейі бола білді. Сондықтан да Сүлтекең өз өмірінің сол бір сәтті шағында елін ісімен сүйсіндіре алды, ұлттың сүйікті перзенттеріне айналды, ұлы істе өз жаратылысын,болмысын танытып қана қоймады, есімін, затын биік тұғырға қондырды. Қазақ Мемлекеттігінің тарихына өз есімін жазатындай еңбек сіңірді. Қазақ халқы оның еңбегін әрқашанда жанында ұстауы керек" деп жазды (267) академик Манаш Қозыбаев өзінің "Сырдың Сұлтаны – Елдің Сұлтаны" деген мақаласында.

Шынында, ғұлама ғалымның атына айтылар жақсы сөздер жетерлік. Қазақша айтқанда Сұлтан Сартаевты мақтамаумыз керек, онымен мақтануымыз қажет. Әйгілі заңгер, академик, Салық Зиманов 1997 жылы Қазақ радиосынан Сұлтан Сартаев жайындағы бір хабарда: "Сұлтекеңнің азаматтығын айтып тауыса алмайсың. Тіптен, 1990 жылдардағы қиын кездерде ол елім, жерім деп қана қойған жоқ, өзі туып өскен Жаңақорған ауданының халқына қолынан келген көмегін аямады. Өз қаражатына сол жылдары тапшы болған заттарды мүмкіндігінше жіберіп отырды. Бір тыным таппайтын. Мына қызықты айтпай кетпеске болмайды. Сұлтан Сартаевпен ертеден доспын ғой. Ол көшеде кетіп бара жатқанда қыз-келіншектер оған мойын бұрмай өтпейтін. Десек те Сұлтекең ондайға онша мән бермейтін. Сұлу жігіт. Арыстандай айбатты көрінетін, сабырлы, адал дос", – дейді.

Әйтсе де Сұлтан Сартаевтың осындай тамаша тіршілігін іштей қызғанатындар да болған. Ол турасында өзі де қызықты етіп айтып береді. Бірде, белгілі заңгер, заң ғылымдарының докторы, профессор Есберген Алауханов ауыз ашарға осы жолдардың авторын шақырды. Алматыдағы "Евразия" дәмханасына бардық. Сәлден соң елге белгілі азаматтар Сұлтан Сартаевты күтіп алып, үстелдің қақ төріне жайғастырды. Ойда жоқта Сұлтекеңнің оң жағына Е.Алауханов және сол жағына осы жолдың авторы отырдық.

Жүрттың бәрі Сұлтекенің әңгімесін тыңдағысы келіпақ тұр. Соны сезген ол кісі түрлі әңгіме төркінін қыздырды.

Алматы облысында қазақтың хас батыры Райымбек бабамыздың 300 жылдығын тойлауға қатысады ғой. Елбасы Н. Назарбаев өзінің кең де еңселі ақ ордасы саналатын киіз үйге арнайы көмекшісі арқылы Сұлтан Сартаевты да шақырады. Елге қатысты әңгімелер айтылады. Одан соң Президент Н. Назарбаевты бір топ сыйлы қонақтармен Болат Назарбаев өзінің арнайы тіккізген киіз үйдің қонағы болуына ұсыныс береді. Қадірлі қонақтың бірі боп Сұлтекең де сол дастарқан басында Елбасымен қатар отырып қалады. Әңгіме барысында Н. Назарбаевқа Сұлтекең осы мені Сізге жамандап жүрген адамның есімін де білемін. Сонда со пенде не деп айтады Сізге, дейді.

Елбасы: "Сұлтан Сартаев – өзбек" дейді, деп күледі. Сонда Сұлтекең Нүреке, ол кісі жаңсақ ақпарт айтыпты. Менің шыққан тегімді бұрмалап көрсетіпті. Мен өзбек емеспін. Біздің арғы тегіміз араб халифы Әбу Бәкір Сыд-

дықтан. Біздер де қазақтан қыз алып, қыз беріп, араласқан ел-жұртпыз. Қазақ болмағанда кім боламыз? деп көңілдене түседі. Елбасы да Сұлтекеңнің тапқырлығына разы болса керек. Шындығында, Сұлтан Сартаевтың өзі айтқанындай, төмендегі жолдар соны айғақтай түседі. Соған байланысты заң саласында атағы әлемге танымал ғұлама ғалым, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Академигі Сұлтан Сартаевтың "Сафари по континентам мира" (Алматы ТОО РПИК "Дәуір" 2003 ж.) атты кітабын қолға алып оқып шықтық. Мәтіннен ауытқымау үшін кітаптағы үзіндіні орыс тілінде беруді жөн көрдік:

..."Одним из моих заветных желаний было посещение одной из стран Арабского мира. Этому желанию есть одно очень веское обьяснение. По письменному преданию мои дальние предки были арабскими миссионерами, которые распространяли в степях Казахстана ислам суннитского толка.

Здесь следует отметить, что в мире существует три мировых религии: буддизм, христианство и ислам. Каждая из этих религий имеет множество течений и направлений, которые были порождены различными причинами, обстоятельствами как внутреннего, так и внешнего характера.

Буддизм (происходит от слова будда – просветленный) был основан Сиддхартхо Гаутама (623–544 гг. д.н. эры) в северной Индии. Он делится на два основных направления: хинаяна, махаяна. Во всем мире буддистов насчитывается более полутора миллиардов человек. Христианство возникло в первом веке нашей эры в восточной провинции Римской империи, точнее в нынешней Палестине. В конце V века оно стало государственной религией Римской империи.Основателем этой религии является Иисус Христос. Христианство имеет три основных направления: католицизм, православие, протестантизм. Христианство охватывает более одного миллиарда человек.

Ислам (покорность) сравнительно молодая религия, основанная великим пророком Мухаммедом вVII веке в Аравии. Последователи Ислама именуются мусульманами.

Во всем мире мусульман насчитывается более одного миллиарда семьсот тысяч человек.

В свое время арабы были воинственными. О чем свидетельствует их завоевательные походы. В середине VII-го начало IX веков, которые привели к созданию феодально-теократического государства – арабского Халифата, с охва-

том Северной Африки, Юго-Западной Европы, Ближнего и Среднего Востока, Закавказья. Арабский Халифат начал распадаться со второй половины X века на самостоятельные государства...

... Ислам имеет два основных направления: шийзм и суннизм.

Шийты проживают в Иране, Северном Йемене, Азербайджане, Ливане, Бахрейне, Омане, в Южном Ираке, ОАЭ, а также Туркмении и Таджикистане.

Шийты – это сторонники Али, зятя пророка Мухаммеда (мужа его дочери Фатимы). Они при решении вопроса о высшей власти-имамами и халифами только потомков Али (зятя пророка).

Сунниты проживают в Саудовской Аравии, Объединненных Арабских Эмиратах, Омане, Ираке, Кувейте, Алжире, Сомали, Марокко, Сирии, Судане Тунисе, Узбекистане, Казахстане, Киргизии и т.д. Из этих данных видно, что и шийты и сунниты проживают почти во всех Арабских странах и в странах Средней Азии.

Сунниты в отличие от шийтов при избрании руководителя высшей власти – Имама-халифа опирались на согласие всей общины. Сунниты наряду с Кораном признают Сунну. По преданию Сунна считается священным высказыванием, преданием, состоящим из хадисов пророка Мухаммада. Иначе говоря, Хадисы (рассказы) – это совокупность поступков и изречений Мухаммеда, которая составляет Сунну. Сложилась конце VII–IX веков. Суть и содержание сунны ныне выражается общепринятым понятием Суннизм. Итак суннизм является одним из двух направлений Исламской религии, которого строго придерживались неукоснительные последователи пророка Мухаммеда.

Одним из крупных представителей суннизма был потомок первого Арабского Халифа, тестя пророка Мухаммеда Абу Бакера Сыддыка (572–634 тт) в шестнадцатом колене Хиссамеддин (Сунак-Ата 1132–1199 гг.). Он был одним из крупнейших теологов философов и поэтов своего времени Он – автор двухтомной книги "Нихая", где раскрывается принципы суть и содержание ислама мусульманства. "Ан-Нихая фи-шархи л-Хидая") – о праведных путях соблюдения религии в 6-ти томах и большого количества поэтических произведений, а также является первым автором биографии Ходжи Ахмета Яссави. Хиссамеддин-Сунахи похо-

ронен в древнем городе Сыгнак, который находится в 25 киллометрах от Жанакорганского района.

Примерно за 200 лет до Хиссаммедина в этих местах проповедовал Ислам суннитского толка потомок Абу Бакера Сыддыка в 9 колене Мансур Малик. И он заохоронен в древнем городе Сыгнак.

В мире ныне насчитывается двадцать одно арабское государство, где проживает более 276 миллионов человек, в том числе немногим более 200 миллионов арабов "... (268)

Бүгінде Қазақстан Республикасының Президенті әкімшілігінің орынбасары, баспасөз хатшысы және кезінде ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі, оның алдында ҚР Парламенті сенатында әлеуметтік және мәдени байланыстар комитетінің төрағасы қызметін атқарған, заң ғылымдарының докторы Мұхтар Құл-Мұхаммед бұл лауазымды қызметтерге дейін өзі басшылық жасаған "Атамұра" корпорациясынан Сунақтардың шежіресі "Әбу Бәкір Сыддықтан Сунақ-Атаға дейін, Сунақ-Атадан бүгінге дейін" кітабын басып шығарады. Ол жайында сол кітаптың авторы, ұлағатты ұстаз, елге сыйлы ақсақал Іскендір Құдияровтың мына төмендегі хаты кімді болса да қызықтырары сөзсіз.

Ол кісі өзінің жазған хатының басына "Алматыдағы күндерім" деп тақырып қойыпты. Ауыл ақсақалының Алматыға жиі жолы түсе бермесі анық. Ол кісі сол жылдары ел астанасына еріккеннен келмегені де рас. Халық арасына түрлі қисынсыз сөз жүгіртіп, ағайын туыстың арасына ұрыс-керіс туғызып, мен білемдіге салып, Сунақтардың ата тегін бұрмалаушыларға жауап ретінде Сунақтар туралы кітап жазып, ел жұртқа шындықты жеткізу мақсаты ғана болған. Ол кісінің қолында ғасырдан ғасырға келе жатқан шежіре болған.

Енді сол естелікті сөйлетейік. Естелік қысқартусыз өз стилінде алынды.

"Бұл тамыз айы 1993 жылы еді. "Атамұра" баспасының бас директоры Мұхтар Құл-Мұхаммад (негізі С.Құдияровтың Мұхтар Құл-Мұхаммедті Мұхтар Құл-Мұхаммад деп алғаны араб тіліндегі дұрыс атауы – А.С.) ұлын іздеп бардым. Жұмысымды көрсеттім. Менің жазған Сунақ халқының шежіресін үңіле ықыласпен қарап шықты.

Ата ұрпақтарының тізімі "қасиетті сан" (Сунақата ұрпақтарының дәреже көрсеткіші, яғни Сунақатаның баласының рет саны – 2, немересінікі – 3, шөбересі – 4, тағы, тағы...10-шы ұрпағы,... 15-ші ұрпағы дәл сан арқылы көрсетілген.)

арқылы белгілеп жазылғанды қатты бағалады. "Добротно" деп алды да, Ауан немересі Мырзахмет Қожахметұлының, Әлияр немересі Сұлтан Сартайұлының әкелерінен бастап 7 атасының аттарын шежіреден тауып алды да оларға звонок соқты. Ата аттарын тегіс атады. Өзара әзілдесіп күліп алды.

"Сунақата бабамның рухы үшін бұл шежірені ата ұрпақтарының зиялы ақсақалдарының батасы үшін аянбаспын. Басамын. Бұл шежіреге жететін қағазым бар" деді. Мені өзінің "Волга" машинасымен Сұлтанға жіберді. Сұлтанмен мені таныстыруды інісіне тапсырды. (Мұхтар сөйлеп түрған инабатты жан екен. Өмірін, қызметін аталар үшін арнаған сияқты. Маған жаны таза, жүзі нұрлы болып көрінді.)

Сұлтан кетпей күтіп отыр екен. Менімен біраз әңгімелесті де, шежірені бір күн қарап шығуға қалдыруды сұрады. Сұлтан сұрағасын "жоқ" деуге болама. Ертеңіне келдім. Орысшалап кабинеттегі орыс кісілердің көзінше "халық үшін көп жұмыс істепсіз" деп бағалады. Шежірені "ксерокс" арқылы көшіріп алғанын айтты. (Шындығында тізімді ешкімге бермеп едім. Соавтор болуды ұсынғандар да болды. Тіпті ағайым Нартай да айтқан еді.)

Мен Сұлтанға тізімді жинау қиын болғанын, әліде болса толық емес екенін және Ташкент, Түркістан, Созақтағы ата ұрпақтарын жазу керек екенін айтып, екі айдан кейін дұрыстап әкелетінімді айтып елге қайттым.

Солай етілді де. Алматыға екінші рет қараша айында келдім.

Сұлтан Сартайұлы АҚШ-қа, Мырзахмет Қожахметұлы Қырғызстанға командировкаға кетіпті. Бұларды біраз күн күттім. Келмеді.

Мұхтар Құл-Мұхаммадұлына Рахымжан Үсейінұлымен бірге барып, кездестік. Жақсы қарсы алды. Шежіре орыс алфавитімен жазылған еді. Қазақ алфавитімен қайта жазып өткізуді айтты. Қазақ алфавитімен жазу қиын болды. Қиындықты Рахымжан көрді.

Қымбат болса да бағасын Рахымжан көтерді. (Кісі жасаған жақсылықты айта отырған да дұрыс.)

Мұхтар Құл-Мұхаммад баспахана редакторына шежірені тапсырды. Жарты жыл ішінде шығатынын бізге айтты. Ақша аударатын спонсор іздестіру керектігін де сөз етті.

Тағы айтқаны: "Басқа баспахана табылса, шежірені бастыра беріңіз. Сол баспахана есепшотына жарты миллион сом ақша өз есебімнен аударып беремін. Әдепкі Сізді көргенде —ақ ішім жылып, жақсы көріп едім", деп сөзін аяқтады.

Бұған мен түсініңкіремей қалдым. Әлде шежіре баспадан ұзақ уақытқа дейін шықпайтын болғандықтан ба немесе қиындықтар тап болғасын жүрексінді ме, спонсор табылмай басылған кітап таралмай, шығын болар ма екен деген ой келді ме, әйтеуір өзі біледі.

Менің өзімнің ойым: Бұл шежіре кітап болып шықса, жерде қалмайтыны белгілі еді.

Несіне жасырайын шежіре үшін Сунақата ұрпағы Рахымжан Үсейінұлы қалтама 100 мың сом ақша салып жаратыңыз десе, ауылдан шығарда көпшілік көзінше біраз жұрттар жол қаржы деп 10 мың сомнан ақша бергені,тағы-тағы... Ата шежіре халыққа қажетті екенін танытқандай еді.

Қанша дегенмен Сунақата ұрпақтарының шежіресін Мұхтар Құл-Мұхаммад басқаратын "Атамұра" атты баспа еңбекті еш жібермей басатынына менің сенімім мол.

Себебі: Біріншіден, мен сонау тамыз айынан бастап Мұхтар Құл-Мұхаммадты көріп, сөйлесіп, танысқаннан бастап байқағаным (теледидарда, радио, баспасөздерде) оның егемендікке ие болған қазақ халқының қоғамдық және рухани өміріне, мәдениетіне араласып, тағдырын ойлап, ел үшін құт-береке тілеп, терезесі тең өркениетті Қазақстан болуы, қазақ халқының мағыналы өмір сүруі, ғұрпы, тарихы үшін қаржы бөліп, биіктен көрініп, газет беттерінде ("Ана тілі" атты газетіндегі N 39, 30 қыркүйек, Қазақ кәсіпкерлеріне үндеуі) және теледидардағы ("Кеш жарық" бөліміндегі жас өспірімдердің өнерлі болуы мен таудай талабын ұштау үшін қолдап мейірімділік жасағаны тағы, тағы...) іс әрекеттерінен белгілі болды. Халқын сүйген асыл ер азаматтың сан қырлы қызметтерінің белгілі бір бөлігі ғана еді. Бұған өзі басқаратын баспа аты "Атамұра" деп аталуы да бізге тіршіліктерінің мәнін айтып тұрғандай ой қалдырғандығы еді.

Мұхтар Құл-Мұхаммед іске күш қуатын жұмсап бүкпесіз адал ниет, кең пейілмен кірісетін жақсы азамат болуы керек. Бұған түр-түсі, айтқан сөздері кепіл болмақшы.

Екіншіден, Сунақата рухы киелі, жақсыны қолдайды.

"Жақсыға шарапатым тиер,
шарапатым тиген көгеріп өсіп өнер.
Жаманға кесапатым тиер
Кесапатым тиген кесір болар,
Кесір болмаса есір болар".

(Сунақата Ғисамаддин)

Үшіншіден, Ата ұрпақтарының зиялы ақсақалдары: Сапарбайұлы Махметжан, Біләлұлы Төрехан, Қарақожаұлы Шазінда, Жакудаұлы Ережеп, Жүсіпұлы Бектас, және тете Әкіммен аудан зейнеткерлер қоғамының төрағасының жазған тілек, сұрақтарын жерге тастамайды деген ойдан сенім туған еді. Мұхтар Құл-Мұхаммад осы себептерді баста-ақ ойлап сендіре айтқан сияқты еді.

Сунақата ұрпақтарының дуалы аузынан шыққан бата Мұхтар Құл-Мұхаммадқа арналды.

Тілегіміз қабыл болсын, ұрпағың өнерлі, өнегелі болсын.
Дәулетті, сәулетті болсын, елің өрге өрлесін.
Жақсылық мол болсын, еңбегің өнімді болсын.
Халқың саған сенімді болсын.
Абырой атақ мол болсын, асыл қасиет жан дүниең өміріңе сай болсын,
Рухани байлық молайып, мейірім шапағат мол болсын.
Бақ берсін, бас берсін, өміріңе ұзақ жас берсін.
Ұл-ұрпағыңа бабаның бағы қонсын, жаманшылық көрмесін.
Бақ жұлдызы сөнбесін, уайым қайғы болмасын.
Барлық халық тең болсын, дос туысқан ел болсын.
Қас дұшпандар жойылсын.
Жүзге жетіп, көп жасап, қосағыңмен қол ұстап сүрген өмірің оң болсын.
Жарық болсын көңілің жаздың әсем таңындай,
Таза болсын өмірің таудың аппақ қарындай.
Е, Алла!
Сұғанақ тіл ащшы сөзден сақта,
Қауіп қатер жаман жолдан сақта,
Екі жүзді суайт сүмсіктен сақта,
Тілсіз жау от, су, шартылдаған тоқтан сақта,
Мезгілсіз өлім, қайғы қасіреттен сақта,
Арды аттағаннан, әділетті бұзғаннан сақта,
Халқын қорлаған кесапат жастардан сақта,
Керденгеген кесір, сый білмеген көріден сақта.
Мың бір бәледен сақта,
Бисмиләһир Рахманнир Рахим!
Жасаған ием құдірет
Адал ниет ақ тілек
Осы берген ақ батаны
Қабыл ет.
Амин, Аллаһу Акбар!

Іскендір Зұлқарнайын Сары Ата.

Пайғамбарымыз Мұхаммад (С.Ғ.С) хадисінде: *"Жалғаншы жәннатқа кірмейді" деген хадисті Хузайфадан (ради Аллаһу анһу) Бұхари рауаят етті.*

"Шындық сөз айтылмай қалса арам!" (хадистен)

Абдуллаһ Ибн Омардан, (ради Аллаһу анһу) риуаят етіледі. Аллаһтың елшісіне, (С.Ғ.С) "Адамдардың ең абзалы кім?" делінді. Ол кісі: "Жүрегі таза, тілі шыншыл, адам" – деді. "Тілі шыншылды білеміз,ал жүрегі таза деген кім?" деп сұрағанда: "Ол – тақуа, Аллаһтан қорқатын, күнәдан алыс, зұлымдығы, жек көруі мен көре алмаушылығы жоқ адам", – деді. (Ибн Мажжа)

Енді мынаны еске салайық: "Ойлан бауырым!..Вена университетінің заң факультетінің деканы, белгілі ғалым Шерл 1927 жылы болған ғылыми конференцияда былай деген: "Бұдан он ғасырдан астам уақыт бұрын сауатсыздығына қарамастан әмбебап заң шығара білген Мұхаммед салла Аллаһу алеһи уа сәллам тәрізді адамның өз ортасынан шыққанын адамзат мақтаныш етуі керек. Біздер еуропалықтар, бұл заңның нәр-құнары мен абыройлы қадір-қасиетін екі мың жылдан кейін игере алсақ та, бақытты болар едік-ау!"

Ойлан бауырым! Ағылшын тарихшысы Уәлс: "Адамзат тарихының ерекшеліктері" атты кітабында былай деген: "Еуропа әкімшілік немесе сауда-саттық заңдарына емес,Исламның алдында үлкен қарыздар"

Ойлан бауырым! Орыстың әйгілі ақыны Иван Алексеевич Бунин былай деп жырлаған:

Қарғыс атар
Құранның әміріне ермегенді.
Қарғыс атар
Намаз бен шайқасқа жоқ, сенген ерді.
Қансыз-сөлсіз тірі өлік мұндай адам,
Бедеу тұлпар тәрізді кермедегі.

("Ақыл-ойдың азғындауы", Гүлбаһрам Жебесін, Алматы, "Шапағат-Нұр" 2003)

"Адамның халін Аллаһтан артық білер ешкім жоқ. Кімге рақым ету, кімге қаһар төгу – Соның ғана үкімінде." ("Исра" 17: 54)

ҚОРЫТЫНДЫ

Міне, Аллаһ Тағала адамдарды тек қана өзіне құлшылық етуді бұйырып түрса да әр заманда адамдар көпқұдайшылыққа ұрынып, түрлі затқа табынып, адасушылық жолға түсіп отырған. "Ақиқат діннен ауытқып, көпқұдайшылыққа ұшырау Аллаһтың елшісі Нұһ (алейһи сәләм) қауымында пайда болды.

Жаратушы Аллаһ айтты – (Мұхаммед), Нұһ және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей сағанда уахи еттік. Сондай-ақ, Ибраһим, Исмайл, Исхақ, Жақып, үрпақтарына және Иса, Айуб, Жүніс, Һарун және Сүлейменге де уахи еттік. Әрі Дәуітке Зәбурді бердік. \ "Ниса" сүресі, 163 аят \

Ибн Аббас айтты: "Адам мен Нұһтың арасын (оларға тыныштық болсын) 10 ғасыр айырып түрды, сол аралықта барлық адамдар Исламды ұстанды. Ибн әл-Қайим айтты: "Бұл сөздер" (Исламды ұстанғандары жайлы) сөзі шындық, себебі бұл Убаийа Ибн Каабтың "Бақара" сүресіндегі 213 – аяттан келтіріп айтқан байламына сәйкес келеді. Онда былай делінеді:

"Адамдар баста бір қауым боп өмір сүріп, кейіннен бөліне бастады, одан соң Аллаһ оларды жан-жаққа таратты".

Оның бұл байламының дұрыстығына куә ретінде "Жүніс" сүресіндегі Жаратушының сөздерін келтіреміз:

"Адамдар бір-ақ үммет еді, сонан соң олар қайшылыққа түсті. (Мұхаммед), егер Раббыңнан бір сөз өткен болмаса еді, таласқан нәрселері турасында әрине араларына үкім берілген болар еді". ("Жүніс" сүресі, 19 аят).

– Ибн әл-Қайымның... мұнымен айтпақ болғаны: пайғамбарлардың жіберілуі себебі адамдар арасындағы алауыздық, олардың о бастағы ақиқат діннен аутқуы болды. Дәл осылайша олардан кейін арабтар да Ибраһимнің алейки салам дінін ұстанды. Бұл – Ибраһим дінін өзгертіп, арабтар елінде пұтқа табынушылықты бастаған Амр Ибн Лухаий әл-Хузағ келгенше жалғасты. Бұл көрініс, әсіресе, Хиджазда басым болды. Сөйтіп арабтар Аллаһқа құлшылық етуді қойып, түрлі пұттарға табына бастады. Бұл қасиетті жер мен оның айналасын қашан ол жерге Аллаһ Өзінің соңғы Пайғамбары Мұхаммедті (С.F.С.) жібергенше көпқұдайшылық жайлады. Мұхаммед Пайғамбар (С.F.С.) адамдарды бірқұдайшыллыққа шақырып, Ибраһим алейки сәләм дініне үндеді. Ибраһим діні алейки сәләм діні және бірқұдайшылыққа бағынушылық

орнатпағанша бүкіл пұттарды жойып, Аллаһ Өзінің хақ дінін орнатуды аяқтамағанша және бүкіл әлемге Өзінің мейірім-шапағатын кемелдендірмегенше Пайғамбар осы жолға Өзінің бүкіл күш-жігері мен өмірін арнады. Өз үмметін құрып, Аллаһ жолына түсіргеннен кейін оның үмметі нешеме ғасырлар бойы сол көрсеткен жолмен жүріп отырды, бірақ, кейіннен бұл үметтің кейбіреулері өзге діндердегі Исламға жат ілімдерді үйреніп, соларға еріп, адасып, азғындады. Осылайша мұсылмандр арасына іріткі салынып, өтірікке уағыздаушы екіжүзділердің кесірінен көпқұдайшылық туындап, тіпті олар бірінен соң бірі күмбездеп кесенелер сала бастады, әулие адамдар мен тақуалардың қабірлерін биіктетіп, әсемдеп, оларды Аллаһтың қатарында ұлықтап, дәріптеді. Бұл істің аяғы шиеленісіп кеткені сондай ол кісілердің қабірлерінің қасына кесенелер түрғызып,бүкіл жұртты олардың әруақтарына табындырып, Аллаһпен қатар олардан көмек сұрап, құрбандық шалып, ант беріп, тілеу тілеп, жалбарынуға дейін әкеп соқты. Бұл көпқұдайшылдықтың мәнін олар былайша түсіндірген болады, бұл арадағы дәнекер ғана болып, оларға тек біздің сүйіспеншілігіміз арналады, ал құлшылығымыз Аллаһқа" – дейді. Бірақ та, олар бұрынғы көпқұдайшылдардың да осы сөздерді сылтау еткенін ұмытады. (270)

"Аллаһ Өзіне ортақ қосушыны жарылқамайды да, бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаһқа ортақ қосса, расында жала жауып, зор күнәлі болады".

("Ниса" сүресі, 48-аят)

Аллаһ Тағала, Оған мадақ, көпқұдайшылдардың істеген әрбір амалын қабылдаудан, олар үшін шапағат етілуінен, мәңгі Ақырет дүниесінде мұндай адмдардың тілектерін орындаудан бас тартты. Шындығында, көпқұдайшыл Аллаһты Өзінің жаратқан нәрселерімен салыстырып, теңдестірген болса, онда ол Аллаһ туралы өте аз білетін болғаны. Мұндай әрекет адамдардың тек надандықтың шетен шыққаны емес, сонымен бірге бұл шектен шыққан әділетсіздік боп келеді. (269)

Ақиқатында, көпқұдайшылдық – бұл бұзықтық және кемістік, бұл нәрселер Аллаһқа, Оған мадақ, тән емес. Кімдекім Аллаһқа Оның Өзінде жоқ нәрселерді теңейтін болса, онда ол адам өзінің бұл әрекетімен Аллаһ тарапына қастандық пен қарсы келудің ең биік сатысында түрғанмен бірдей.

Көпқұдайшылдық, бұл адамдарды діннен шығарады, егер ол тәубеге келіп, одан бас тартпаса онда ол өлгеннен соң мәңгілік тозақта болады. Сондай-ақ бұ дүниелік рахаты үшін

жасаған діни әрекеттері де, мысалы, атақ үшін хаж өтеуге барса, намазға имамдық етуді не азан шақыруды ақша үшін істесе, шариат ілімдерін де атақ үшін оқып, атақ не ақша үшін Аллаһ жолындағы қасиетті соғысқа аттанса да, осылардың бәрі кіші көпқұдайшылдыққа жатады.

"Аллаһқа жасанды жала жапқаннан немесе келген шындыққа қарсы болғаннан залым бар ма? Кәпірлердің орны тозақ емес пе?

("Ғанкәбуд" сүресі, 68-аят).

Араб тілінде куфр (күпір) сөзі "жұмбақ", "жасырын" деген мағынаны білдіреді, ал шариат термині бойынша бұл – иманға қарама-қарсы нәрсені білдіреді. Осылайша күпірлік – Аллаһ пен Оның пайғамбарына деген иманның жоқтығын көрсетеді. Мейлі ол адам дінді жалған деп таныса да, не оны толық емес деп, не ода күман мен аутқулар бар деп есептесе, немесе қызғаныштан, нәсіпқұмарлықтан не тәкаппарлықтан, Аллаһтың бұйрықтарын орындауға кедергі жасайтын қандай жағдайда болмасын осының бәрі – Құдайға күпірлік ету болып табылады. Дәл осы нәрселерді жоққа шығарып, ішкі жан дүниесі пайғамбардың ақиқаттығына кәміл сеніп тұрса да, бірақ қызғаныштан бұларды өтірік деп мәлімдесе, бұл жағдайда да ең үлкен күпірлікке ұрынады. (271)

Осы айтылғаннан-ақ, адамдарда болатын қырсыздықтың салдарынан сол адамның өзі ғана емес айналасындағы ағайын-туыстарының да моральдік құқығына зиянын тигізіп жақанын несіне бүк түскен асықтай қозғалусыз қалуға тиіспіз. Біз білетін қыңыр мінезді пендеден оның халықты өздерінің теріс қылықтарымен мезі еткенін неге баспасөз арқылы әшкере етпейміз. Біз болмасақ әлде басқа азаматтардың да үн қатып жатқандарын біле тұра ол азаматтарға қолдауды неге көрсетпейміз. Исламның ең басты қағидаларының да бірі адамдарды бұзақы, һарам, қызғанышты әрекеттерден тыю емеспе? Атақты жазушы Шерхан Мұртазаның "Қорықсаң немқұрайдылықтан қорық" – дегеніндей біздің елдің тұтқасын ұстап жүрген азаматтардың, талантты ақын- жазушылырдың халықтың арасына ши жүгіртіп жүрген әпербақандардың аузына құм құйып, рухани соққы беретін уақыттың келгенін де айта кеткен орынды болар.

Біз ондай пенделердің иманын оятып, мұнафықтықтан тазартып аламыз деп отырған жоқпыз. Иман Аллаһтан болары кәміл. Ал, шайтани жолдан шықпай, тура жолды мазақ қыла-

тын пенденің атына сын айтып, ескерту біздің Аллаһ алдындағы парызымыз болса керек. Ешкім өз халқын, өз елінің тарихын, өз ата-баба дінін, ру-тайпасын келеке етушілерге жығып беріп, қол қусырып отыра алмас. Бұндай "әпенді", "дон-кихот" "клоун" атанған қалам ұстағандарға, жалақорларға, шындықты бұрмалаушыларға басылым беттері мен теле-радио арналарынан орын берілмек түгілі әрбір қағазға түсірген шимайларын қатаң қадағалйтын заң қабылдауды ойластырған да оң болар еді. Әйтпесе бұл пенделер адам атты қасиетті жаратылыс ғана емес жын мен адамды, бүкіл 18 мың ғаламды жаратқан Аллаһ Тағаланың өзін келемежге айналдыра бастады. Білмейміз о заманда бұ заман бұндай сорақы тірлікті өз басымыз қазақ атты қасиетті есімнің қадірін түсіріп отырған Д.Досжанның жазғандарынан көріп отырмыз.

Осыдан аз жыл бұрын Үнді елінің арыз бір пендесі Салман Рушти мұсылман әлемін келемеждегісі келіп жексұрын шығарма жазып, атын шығармақ болып еді. Ақыры оның аты құдайсыздар қатарынан орын алып, Иран ислам республикасының басшысы Аятолла Хойменидің жарлығымен өлім жазасына кесілді. Сол әпенді қаламгер қазіргі күні қашып-пысып Адам жүзін көруден қалып, көр астында қалғандай күн кешуде.

Құран-Кәрімде айтады: "Аллаһқа жасанды жала жапқаннан немесе келген шындыққа қарсы болғаннан залым бар ма? Кәпірлердің орны тозақ емес пе?"

("Ғанкәбуд" сүресі, 68-аят).

Сондай-ақ жоғарыда сөз еткеніміздей тәкаппарлар туралы Аллаһ Тағала былай деген:

"Сол уақытта періштелерге: "Аллаһқа сәжде қылыңдар" дедік. Сонда олар дереу сәжде қылды. Бірақ, ібіліс дандайсып, қарсы келушілерден болды".

("Бақара" сүресі, 34-аят).

Аллаһ айтады: "Көктер мен жерді, әрі екі арасындағыларды шындық бойынша бір мерзім белгілеп қана жаратттық, Ал сондай қарсы болғандар, ескертілген нәрседен жалтаруда"

("Ахқаф" сүресі, 3-аят).

Аллаһ Тағала тағы да айтады: "Тілдеріңнің "бұл арам, бұл халал" деп өтірік сипаттағанын айтпаңдар. Аллаһқа өтірік жала жапсырған боласыңдар. Шынында, Аллаһқа өтірік, жала жапсырғандар құтылмайды"

("Нахыл" сүресі, 116-аят).

Дәл осы сөздің мүмін-мұсылмандарға қарсы шайқасуға да арналады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.Ғ.С.) былай дейді.

"Мұсылманды зығыр ету – бұл бұзықтық әрекетке жатады, ал мұсылманмен шайқасу – бұл нағыз дінсіздік"

(Бухари, Мүсілім).

Шындығында, бұ арада қандай да бір пенденің қаскөйлік әрекеті қатты сынға алынып отыр. Мұсылман атына кір келтіру, төлкек ету, мазасын алу т.б. келеңсіз іс қимылдарды жасағандарға иманы жоқ құдайсыздар делінеді Бұны біпсе де білмеген болып, жазғандары бірді-екілі тілдерге аударылса болды өздерінің бойын тәккаппарлық билеп, керіле, кеуде көтере жүретіндер бар бұ дүниеде. Немесе өлең құрап, жаңа биікке ұлт поэзиясын көтерудемін деп Жаратушысына қарсы келетіндер де кездесіп жатады. Мысал ма?

Мысал жетіп артылады. Дәлел ме? Ол да жеткілікті. Қазақша айтқанда аяқты алып жүргісіз.

Қандай да бір ортада, жұртшылық арасында, дос ішінде, туыс арасында, ғалым қауымында екіжүзділердің кездесетіні белгілі. Оны жасырудың жөні жоқ. Алматы қаласындағы Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының жанындағы Республикалық имамдардың білімін жетілдіру институтының директоры Бақытқажы Тұрсынбеков "мунфиқ сөзін тәпсірлеушілер мұнафықтардың іс әрекеті көпірлерден де сұрқайы болып келеді екен. Оның себебін белгілі дін өкілі былайша түсіндіреді: "Біз көпірлердің кім екенін білеміз. Олардың мысалы, мұсылман елдерін жаулап алуы, кінәсіз мұсылманды өлтіруі т.б.айтамыз. Ал мұнафиқтар адамдар арсында жүріп, өтірік Құдайға сеніп, халық арасында іріткі салып, ұрыс-керісті тудырып, рухани азғындаудың ең биік шыңында тұрған шайтани пенде. Қазақта ауру қалса да әдет қалмайды дегеніміздей ең ауыр күнәһәр атанып, бітіспес дау туғызатын қарау пенде. Бұл араб тілінде "нифак" деп аталады. Бұл яғни, "нафака" сөзінен алынған. Шариғат тілінде ол Ислам мен ізгілікке ұмтылуды сырт көрінісін ғана білдіретін адамның ішінде жасырған дінсіздігі мен зұлымдығы жатыр, ал мұндай адамды екіжүзді деп атайтын себебі, ол адам шариғатқа бір есіктен кіріп, басқа бір есіктен шығатын болатындар" дейді.

Аллаһ Тағала былай дейді.

"Мұнафиқ ерлер мен әйелдер бірі-бірінен (Бәрі бір). Олар жамандыққа бұйырып, игіліктен тосады. Сондай-ақ олар қолдарын жұмады. (Сараңдық қылады). Олар Аллаһты ұмыт-

ты. Сондықтан Аллаһ оларды ұмытты. Расында,мұнафиқтар, олар бұзықтар." ("Тәубе" сүресі, 67-аят).

Дінге қарсы келгендердің атына қасиетті Құран-Кәрімде былай дейді.

"Негізінен мұнафиқтар тозақтың ең төменгі қабатында болады. Әрі оларға ешбір жәрдемші таба алмайсың".

("Ниса" сүресі, 145-аят).

Әрине, Құдайға сену, сенбеу әркімнің Аллаһтың берген иманынан. Иманды адамдарға дұға жасап, шүкір айтар боламыз. Тарихтан куә талай заманда шектен шыққан дінсіздер қауымы Аллаһ тарапынан қарғысқа ұшырап, өліп,өшкен.

"Мұнафиқтар Аллаһты алдамақшы болады. Негізінде Аллаһ оларды алдауға ұшыратады. Қашан олар намазға тұрса, жалқауланып тұрады. Адамдарға көрсету үшін оқып, олар Аллаһты өте аз еске алады. ("Ниса" сүресі, 142-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай айтады:

"Олар (өздерінше) Аллаһты және иман келтіргендерді алдады. Бірақ олар өздерін ғана алдағандарын сезбейді. Олардың жүректерінде дерт бар (Күншілдік дерті).Сонда Аллаһ олардың дертін арттыра түсті. (Мұсылмандар дамыған сайын күншілдіктері қоза түсті)."

Бұл көріністің ақиқат екендігін біздің заманда да көруге болады екен. Ондай пенделердің бір-екеуін жоғарыда айттық. Бұ жерде жалғандыққа жол берілмеуі тиіс. Мысалдардың бірі сол жоғарыдағы қалам ұстағандардың жұмыстарынан алынды.

"Екіжүзділіктің екі түрі де болады. Бірінші түрі – бұл діндегі екіжүзділік (идеялық екіжүзділік), бұл екіжүзділіктің үлкен түрі, бұл жағдайда екіжүзді өзінің Исламға деген оң көзқарасын көрсеткен болады әрі бұл жолда өзінің дінсіздігін жасыра біледі.

Бұндай екіжүзділік адамды толығымен діннен шығарып тозақ отының ең төменгі қабатында болуына итермелейді. Осындай екіжүзділерді Аллаһ ең бір жаман сипаттармен бейнелейді. Мысалы: дінсіздік, имансыздық, діндегі адамдарды мысқылдау мен күлкіге айналдыру, сондай-ақ Ислам дінінің жауларына қарай (нағыз) бет бұрушылық, діннің дұшпандарымен бірігіп Исламға қарсы шабуылдар ұйымдастыру. Мұндай адамдар әркезде де болған, әсіресе Ислам өз күшіне мініп, анық қанат жая бастағанда, ашықтан-ашық қарсылық көрсетуге күші жетпеген адамдар сырттай Ислам дініндегілермен біріккен болып, іштей Ис-

лам мен мұсылмандарға қарсы білдірмей іріткі салуға ұмтылады. Сондай-ақ мұсылмандар арасында өздерінің өмірлері мен дүние-мүліктеріне нұқсан келтірмеу үшін бұл істерін жаба-сіркелеп, алдауға тырысады.

("Дінсіздіктің белгілері" – мүшірік, аударғандар: Қайрат Иса, Жәннат Ізбасқанқызы. 32 бет)

Адамдардың арасында жүрген мұндай пенделердің бетпердесін қалай ашуға болады. Исламда біреуге күмәнмен қарап оған сенімсіздік таныту да күнәға жатады. Солай болса да мұнафик-екіжүзділердің жылмаң жүріс-тұрысынан, кердең іс-қимылынан, көпшілік ортасындағы ол туралы келеңсіз пікірлерден, жалған жазған жазбаларынан бірден аңғара алады екенбіз. Мұсылмандар әр кезде қандай да бір мәселеде өтірік сөйлеп, жалғандыққа куә бола алмайды.

Бірде Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.F.С.) көшеде бір кісіні жерлеуге алып бара жатқан табытты көреді. Қасында бірнеше сahабалары бар болатын. Мәйітті де сол жердің бірнеше адамы қарап тұрып, мына пенде де өмірден кетті, нашар адам еді деп өзара әңгіме қылады. Оны естіген Мұхаммед (С.F.С.) бұл өлген адамның о дүниеде азабы ауыр болады деді. Сахабалар Пайғамбарымызға (С.F.С.) неге бұлай дедің о Аллаһтың елшісі дегенде жаңа сендер естідіңдер ғой оны жерлеуге қатысқандар жаман пікір айтты. Олар соған куәлік беріп қойды деді.

Енді бірде тағы да сahабалармен келе жатқан Пайғамбарымыз (С.F.С.) осындай жаназаның үстінен түседі. Өлген кісі туралы оны шығарып салушылар жақсы сөздер айтады. Аллаһтың елшісі сahабаларына о адамның о дүниеде қиналмайтын халде болатынын айтқан. Бұдан не түйіп, қандай ой түйуге болады. Қандай да бір адамның жақсы болуы да, жаман болмағы да халықтың, ел-жұрттың көз алдында екендігі.

"Екіжүзді сырт көзге өзінің Аллаһқа, Оның періштелері мен кітаптарына және Ақырет күніне иман келтірген сияқты болып көрінеді, бірақ іштей бұл айтылғандардан бас тартып, мұның бәрін өтірік деп санайды. Ол Аллаһқа сенбейді және Құран мен өзге де қасиетті кітаптар – Оның сөзі екендігіне, солар арқылы бүкіл адамды Аллаһ Өз қалуымен дұрыс жолға түсіріп, жаза тартуынан сақтандырып, Өзінің құдіреті алдында қорқыныш ұялататына күмән келтіреді.

Бірақта Аллаһ қасиетті Құранда мұндай екіжүзділердің құпиясын ашып беріп, Өзінің құлдарына ондайлардың іс-

әрекеттерін әшкерелеп, құлдарының өз өмірлері мен әр істерін олардан сақтандырады.

"Бақара" сүресінің бастапқы бөлігінде Ол, Оған мадақ әлемдегі өмір сүріп жатқан адамдарды үш түрге бөледі, олар мыналар: діншілдер, дінсіздер және екіжүзділе. Осы тұрғыда діншілдер турасында төрт аятта, дінсіздер жәйлі екі аятта, ал екіжүзділе жәйлі он үш аятта айтылады. Бұдан білетініміз екіжүзділердің көптігі мен олардың бүкіл адамдарға қайғы-қасірет әкелетіндігі.

Ақиқатында, мұндай адамдар өте көп зиян шектіреді, өйткені бұлар дінге өтірік кіріп, оны өтірік құптағандай болып, ал іс жүзінде олар Исламның жауы болып келеді. Олар Исламға әр түрлі жағдайда қастандық ойластырады, ал надандар мұны олардың шын білгендігі және түзу енгізулері (реформа) деп ойлайды, ал түпкі мәніне келер болсақ бұл үлкен надандық және бұзықтық болып саналады. (272)

Сол сияқты бірер сөз надандық пен арсыздыққа байланысты.

"Надандық (жәхилет) – бұл арабтардың Ислам уақыты келгенге дейінгі жағдайы. Ол кезде олар Аллаһ туралы, Оның пайғамбарлары мен діни заңдары туралы білмеген кез. Надандық дәуірінде олар өздерінің шыққан тектерін мақтаныш қылып. Бірінің төбесінен бірі қарап астамшылық, тәкаппарлық танытып, бірін-бірі тықсырған және т.б. бұзық әрекеттер жасаған.

Жәхилет сөзі "джәхл" сөзінен алынған бұл "білместік", былайша айтқанда білімі жоқтық не болмса білімнің ізіне түспеушілік болып, табылады.

Ислам ғұламасы Ибн Тәймийа айтты: "расында ақиқатты ұғынбаған – ол тек жәй ған надан. Ал, ақиқатқа көзі жете тұра қарсы шыққан адам үлкен надандық иесі боп табылады. Егер біреу ақиқатты біле тұра, не білместен қарама – қайшы келерлік бір нәрсе айтса, бұл жағдайда да ол надан болып есептеледі.

Осының бәрін білген соң, Мұхаммед Пайғамбар (С.F.С.) адамдар арасына елші боп келгенше, олардың надандық халде болғандығына анық көзіміз жетеді.

Дәл осы жағдай иудаизм мен христиандыққа да қатысты, себебі бұлар да Пайғамбарлар әкелген қағидаларға қарама-қайшылықтар бар болғандықтан, бұл да надандыққа жатады.Мұхаммед Пайғамбар (С.F.С.) келгенге дейінгі надан-

дық жалпы надандыққа жатады, мұндай жалпы надандық қазір жер бетінде жоқ деуге болады, өйткені Пайғамбардың (С.F.С.) айтуы бойынша Ақырет күні басталғанға дейін оның үметінде әрқашан да ақиқат жолынан таймайтын жеңіс иелері болады, бірақ та надандық белгілі бір елдер мен орындарда мысалы, дінсіздік жайлаған елде және белгілі бір адамдарда, мысалға Исламды қабылдағанға дейінгі адам бойында кездеседі.

Себебі мұндай адам Ислам елінде өмір сүріп жатса да надандықта болады. Ал, надандықтың бұл түрі, яғни Мұхаммед Пайғамбардан (С.F.С.) кейінгі болатын надандық барлық жерде емес, тек белгілі бір елдер мен орындарда және белгілі бір адамдарда болатын шектеулі надандық деп аталады. (273)

Енді пасық адамдардың іс-әрекетіне тоқталайық.

"Фиск (жолдан таю,бұзақылық жасау) деген араб сөзі "шығу" деген сөзді білдірді. Шариат көзқарасы бойынша бұл сөз Аллаһқа мойынұсынудан шығу дегенге саяды. Бұл түсінік "бағынудан толық шығу" деген ұғымды бере алады, соған байланысты дінсізді "пасық" деп атайды, Аллаһқа бағынудан аракідік болса да шығып кеткен сенімі нық емес адамды да, сондай-ақ діндегі ауыр күнә жасаушы адамды да "пасық" деп атайды

Адам тарапынан мұндай ауытқу дінсіздік болады, ал олардың Ақыреттегі жағдайын Аллаһ Тағала былай баяндайды:

"Ал,енді сондай қары келіп Ақыретте маған жолығуды жасынға шығарғандр, міне солар: тозаққа өзір түрде қойылады".

Аллаһтың жасынға шығарғандар дегені көпірлерді білдіреді, солар жайында келесі аятта Жаратушы былай деді:

"Ал енді бұзақылардың орны тозақ, әрқашан олар одан шығуды қаласа, оған қайтарылады: "Өздерің жасынға шығарған оттың азабын татыңдар" делінеді.

("Сәжде" сүресі, 20-аят).

Біздің оқырмандарымызға ұғынықты болу үшін жоғарыдағы аталмыш кітаптан дінбұзарлықтың түрлерінің бірнеше белгілерін атап өтейік:

Адам дінбұзарлыққа Ислам тарапынан қабылданбайтын бір іс істеген уақытта ұрынады. Мұндай жағдайлар көптеп саналады, бірақ олардың барлығы мынадай төрт тұжырымға кеп тіреледі.

1. Сөз арқылы дінбұзарлыққа ұрыну: Жаратушы Аллаһ жайында, не Оның Пайғамбары хақында немесе Оның

періштелері мен өзге де пайғамбалар жайында бос сөз сөйлемеу, не болмаса баға жетпес білім жөнінен тайталасқа түсу не пайғамбарлыққа ұмтылу, не болмаса сондай ұмтылушылардың сөзінің "шындығын" растау. Аллаһтан өзге нәрсеге сыйыну, ақырында Аллаһтан басқа біреулерді көмекке шақырып, сұрау.

2. Іс-әрекет арқылы дінбұзарлық жасау: мысалға, бұған пұттарға, ағаштарға, тастарға және аруақтарға табынып, оларға құрбандық шалу, Құранды таза емес жерде ұстау, дуахандық, сиқыр жасау, бұны оқып, өзі дұрыс деп санаған шешім шығару жатады.

3. Иманнан бас тарту арқылы болатын дінбұзарлық: бұл Аллаһқа серік болармақтай нәрсе бар деп сену, не болмаса зинақорлықты, арақ-шарап ішуді және өсім алушылықты рұхсат етілген деп санау, не нанды жеуге тыйым салынған деу, намазды орындамаса да болады де, тағы да басқа рұхсат етілген және тыйым салынған нәрселер жөнінде өзім білемдікке салыну.

4. Күмән арқылы иманнан айырылу – бұл жоғарыда айтылғандай, мысалы, көпқұдайшылыққа, зинақорлыққа, арақ-шарапқа тыйым салынғанына күмән келтіру, немесе нан жеуге рұхсат етілгеніне күмән келтіру, немесе Мұхаммед Мұстафаның (С.F.С.) пайғамбарлығының хақтығына, немесе басқа пайғамбарлардың хақтығына күмән келтіру, немесе оның біздің заманымызда қажеттігіне күмән келтіру.

Егер дінбұзарлық орын алар болса, оған қатысты ережелер:

1. Дінбұзарды тәубеге шақыру керек, егер тәубесіне келіп, үш күн ішінде Исламға қайтса, онда оның тәубесін қабылдап, оған тыныштық беру керек.

2. Егер де адам дінінен бас тартқан күйінде өлсе, онда оның денесі жуылмайды, ол үшін жаназа намазы оқылмайды және ол мұсылмандар зиратында жерленбейді, оларды дінсіздер арасына немесе өзге кез келген жерге көмеді.

Шәкәрім Құдайбердиев "Жасымнан жетік білдім..." атты өлеңінде: (274)

Адаспайсың ақылды, арлыға ерсең,
Жолай көрме жылмайы сопы көрсең.
Тапқыр,адал, ақ ниет адамдардың
Алданбайсың артынан ере берсең.

Ислам діні орнай бастағанда оның қарсыластары да, мұсылмандықты мойындамаушылар да көп болған. Аллаһ Тағала сол арқылы да сынаған. Құранда ислам дінін келемеждегендердің тағдырлары айтылады. Әсіресе, Пайғамбарымыз Мұхаммедқа жаны (С.F.С.) қас Әбу Лахаб болған.

Әбу Лахаб ("Жалынның әкесі", "жалындаған") - Мұхаммедтің ағасы және Меккедегі соңғы жылдары Пайғамбарға қас жау болған Абд ал-Узз бин Абд ал-Муттәліптің жалған есімі. Әуелгі кезде Мұхммедпен жақсы қарым-қатынаста болған,оның ұлдары Пайғамбардың қыздарына үйленген. 619 жылы Әбу Тәліп өлгеннен кейін бану хашым әулетінің ақсақалы барып, Мұхаммедті қорғауды жалғастырған. Пайғамбардың жағдайын мүлдем қиындатып, оны Меккеден тыс жерлерден қолдау іздеуге мәжбүр етті. Әбу Лахаб Бадр маңындағы ұрыс болған жылы дүние салды, бірақ ол ұрысқа қатынасқан жоқ.

Мұхаммед дұшпандарының ішінде Құранда Әбу Лахабтың есімі ғана аталған. Оған әдейі арналған 3 сүреде Әбу Лахабты қарғайды. Мұхаммед туралы мұсылмандарда Әбу Лахабты ең басты жағымсыз кейіпкер етіп көрсетеді. Мұхаммедтің ілімін ең алғаш келеке еткен, әйелі екеуі Мұхаммедтің жүретін жолына неше түрлі лас заттар мен тікенектер лақтырып, Пайғамбарға шексіз қастандық жасаған деген айыптаулар осы Әбу Лахабқа таңылады. 3 сүренің түсіндірмесінде шыққан тамұқ отына өртеніп жатқан Әбу Лахабты және "тамұқтың өртіне отын тасып жүрген" оның әйелінің образы кең тараған. (275)

Осы кітаптың да басты мақсаты Ислам діні мен оны ұстанатын мұсылмандарды келемеж еткен бірқатар өз қандастарымыздың атына сын айтудан қорытынды шығару. Бұл жәй ойдан шығарылып, не біреуді қаралау үшін жазылған жоқ. Оны сол әлі күнге мұсылман еместердің өз шығармаларындағы кейіпкерлер мен авторлардың атеистік көзқарастырын білдіретін жазбаларынан алынып, оларды жұртшылыққа жеткізу болды. Елдің бәрінде біздің нақты мысал келтірген кітаптар мен газеттер жоқ екені түсінікті. Ойға келіп, не болса соны ұйқас құратып жаза беретін ағайындарға қатаң талап қойылуы керек. Ол әсіресе дін, ру, ұлт мәселесінде ойландыру тиіс. Ұйып отырған ұлттың өмірі ол тарих. Оны сонау алыстан Ассирия, Инк, Ацтек (өмірден өшкен ұлттар мен қалалар) т.б. іздемей-ақ, қазақтың өз ішінен

ізеген дұрыс. Еліміз тұнып тұрған шежіре. Қаншама тарихи деректер әлі де өзінің шешімін күтіп жатыр. Біздер басқа ел-жұртпен рухани, мәдени байланыс болған жоқ дегеннен аулақпыз. Ұлттардың тарихының тамыры тереңде. Алайда бос сөзді әурелеп, ойнатып тарих жасаушыларға қарсымыз. Тарих дәлдікті сүйеді. Тарихқа іштарлық жүрмейді.

Ал кейбір "жалған тарихшылардың" Харьков – Қаркөп, Аргентина – Арғынтегі, Армян – Арым ұям, Италия – Иті ала, Герман – Құрман сияқты сөздерді өзара мағынасыз байланыстырып қазақ-түркі тілінен шығару сауатсыздық қана емес ұлтты мазаққа айналдыратын пікірлер. Сосын, бәзбіреулер сияқты өздері құлап жатып сүрінгенге күлгендей не өздерінің қайдан шыққандрын жасырып, бір рудың атына қисынсыз ой туғызғандарға үлкен шара қолданған дұрыс. Дінімізді, руымызды, ұлтымызды "Дон Кихоттар" мен қолдарына қызыл папка ұстап коммунистер сияқты "карьера үшін "әкесін" де "шешесін" де діншіл, мұсылман деп атқызып жіберетіндердің алдын алып, отырғанымыз жөн.

Қазақ халқының рухы биіктей берсін. Ислам діні қуаттанып, ұлттың ертеңінің күні ашық болғай!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. "Егемен Қазақстан", 24 қыркүйек, 2003 жыл.
2. Бұл да сонда
3. "Ел мәдениеті" газеті, N10, 2006 жыл.
4. "Айқын" газеті, 6 желтоқсан, 2005 жыл.
5. "Егемен Қазақстан", 20 сәуір, 2005 жыл
6. "Жас Алаш" газеті, 13 мамыр, 2004 жыл.
7. "Телерадио-фото", "Елін сүйген, елі сүйген Елбасы", Астана, "Елорда", 2005 жыл.
8. "Астана ақшамы" газеті, 6 шілде, 2000 жыл. "Елінің нұры, Сұлтаны" М. Жолдасбеков.
9. "Қазақ әдебиеті", 24 наурыз–30 наурыз, 2006 жыл. "Әдебиет – руханият қайнары" сұхбат.
10. "Қазақ әдебиеті" N 24, 13.06.2003 жыл.
11. "Мегаполис", 9 январь, 2006 г.
12. "Жас Алаш" газеті, 13 қаңтар, 2006 жыл.
13. "Вместе с Олжасом". Издатель АО "Каздизайн", 1996, Валех Рзаев "Слово об огне..."
14. Бұл да сонда.
15. "Азамат" газеті, 20 қаңтар, 2006 жыл
16. "Жас Алаш" газеті, 13 қаңтар, 2006 жыл, "Қыр астындағы қиқу".
17. "Азамат" газеті, 20 қаңтар, 2006 жыл.
18. Қазақ радиосы. "Радиоэнциклопедия" бағдарламасы. 1996 ж.
19. "Жас Алаш" газеті, 21 қаңтар, 2005 жыл.
20. "Айқын" газеті, 24 қаңтар, 2006 жыл.
21. "Қазақ әдебиеті", 2005 жыл.
22. "Қазақ әдебиеті", 18 сәуір, 2003 жыл.
23. Бұл да сонда.
24. "Ислам және өркениет", N 6, 2003 жыл. Б. Бүйрабай.
25. "Жас қазақ" газеті, 18 наурыз, 2005 жыл.
26. Қадыр Мырза Әли. "Жазмыш", Алматы, "Қазығұрт", 2001 ж.
27. "Ақ жол Қазақстан", 24 желтоқсан, 2004 жыл.
28. "Қазақ әдебиеті", 1971 жыл, 10 желтоқсан. "Алтынды тот баспайды... "Вопросы литературы" журналындағы бір мақаланы талқылау.
29. Сейдолла Садықов. "Ұлттық рух жаршысы", Алматы, "Алаш" 2005 жыл.
30. Сәбит Досанов. "Қазақтың қамын кім ойлар?", "Қазақ әдебиеті", 1991 жыл, 21 маусым.
31. Н.Торнау. Указ. Соч.
32. Қ.Омарханов. "Қазақ елінің дәстүрлі құқығы". 1-кітап. Астана. "Елорда", 2003 жыл.
33. Н. Өсеров. "Қазақтың үкім кесімдері". Алматы, "Ана тілі", 1994 ж.

34. Б.Сағындықов. "Құранды араб тілінен аударуға болмайды", "Азамат" газеті, 2006 жыл, 27 қаңтар.
35. С. Садықов. "Ұлттық рух жаршысы", Алматы, "Алаш", 2005 жыл.
36. А.Әлім. "Масанов – комирдинер емес пе, осы!", "Қазақ әдебиеті", 2000 жыл, 26 мамыр.
37. Бұл да сонда.
38. "Экспресс К", "Нужно возродить доверие к исламу", 16 октября, 2003 года.
39. "Религия – это прежде всего ступень к духовности". "Известия – Казахстан", 23 сентября, 2003 года.
40. "Казахская правда", 2005 года.
41. Т.Медетбек. "Ер жігіттің ішінде ат басындай шер жатыр", "Егемен Қазақстан" газеті, 2005 жылғы, 14 желтоқсан.
42. "Самый человечный человек с ружьем" В.И. Ленин. Избранное. "Новое время", N 37, 1992 год. Леонид Апраксин. Лениновед. Кишинев.
43. И. Глазунов. "Грядет тоталитарная демократия", "Аргументы и факты", N 6, 2006 г.
44. А. Яковлев. "Войну надо очистить от вранья", "Аргументы и факты", N 8, 2005 г.
45. М. Козыбаев. "Ложь и правда о великой войне", "Аргументы и факты Казахстан", N 15, 2000 г.
46. Қадыр Мырза Әли. "Иірім", Алматы, Атамұра, 2004 ж.
47. М. Шаханов. "Әдебиет – талас-тартыс майданы", "Евразия" газеті, 07.04.2006 ж.
48. Е. Асқаров. "Қазақстан ғасыры", "Алаш үні" газеті, 9 желтоқсан, 2005 жыл.
49. Қ. Иса. "Біздің демократтар Ресей адамдары ма?", "Ақ жол Қазақстан" газеті, 8 сәуір 2005 жыл.
50. "Караван" газеті, 16.03.2006 жыл.
51. "Морганавистен Жуланд-Постен". 30 қыркүйек, 2005 жыл.
52. М. Бұлұтай. "Мұсылман әлеміне тасталған бомба", "Қазақстан – Заман" газеті, 10 ақпан, 2006 жыл.
53. Д. Қамзабекұлы. "Діннің түбі бір", "Жас Алаш" газеті, 23 қыркүйек, 2003 ж.
54. "Экспресс К", 2005 жылғы 18 маусым.
55. М. Мағауин. "Бақтияр деген балам бар!", "Егемен Қазақстан", 8 қыркүйек, 2004 ж.
56. Рәтбек қажы Нысанбайұлы. "КГБ-ның генералы болар едім", "Заң" газеті, 17 қазан, 2001 жыл.
57. "Газета KZ", N1, 10 января, 2006 ж.
58. Мухаммад Сабир. "Божественные чудеса", "Шапағат–Нұр", N5–6, 1999 жыл.
59. М.Н.Бунина. "Воспоминания".

60. А. Серікбай. "Жак Ив Кусто – теңіз королі", "Дала мен қала" газеті, 12 қыркүйек, 2003 жыл.

61. Қ. Сәрсекеев. "Бұл қай қазақ?", "Жас Алаш" газеті, 8 желтоқсан, 2005 жыл.

62. Қ. Құсайынұлы. "Тайна Чокана Валиханова", "Мегаполис" газеті, N 1, 9 января, 2006 г.

63. С. Тұрғынбеков. "Мен әлі өзімді еркін сезіне алмай келе жатырмын", "Айқын" газеті, 25 наурыз, 2006 жыл.

64. О. Ақжігіт. "Ұлтшылдар дабыл қағады", "Жас қазақ үні", 14.04–20.04.2006 ж.

65. Ә. Мендеке. "Биссмиллә деп бастадым сөздің басын...", "Жас Алаш" газеті, 11 қараша, 2004 ж.

66. Н. Ерназар. "Қаламгер Құдайсыз болмау керек", "Қазақ әдебиеті", 27 қыркүйек, 2000 жыл.

67. "Айқын" газеті, 10 наурыз, 2006 жыл.

68. Ә. Жамбылов. "Жамбыл мен Әбдіқадыр", "Қазақ әдебиеті", 24.02.2003 жыл.

69. С.Өкенұлы. "Сталин алдында намаз оқыған Жәкем", "Айқын", 28 ақпан, 2006 ж.

70. Құл Керім Елемес. "Аллалы құлдың артында бір іздеушісі болады", Басылымдардағы сұхбатынан.

71. Қазақ радиосы. "Қазақтың қаһарман батыры", А. Сарқұловтың авторлық "Радиоэнциклопедия" бағдарламасы, 1995 жыл.

72. Ш. Мұртаза. "Рух пен намыстың төресі", "Егемен Қазақстан", 3 қазан, 2000 ж.

73. М. Мақатаев. "Сын – қазы да, адвокат та болы керек", "Айқын" газеті, 3 желтоқсан, 2005 жыл.

74. И. Сапарбаев. "Мен Құдайдың құлымын, ұлы емеспін", "Қазақстан–Заман", 29 желтоқсан, 1995 ж.

75. А. Әлім. "Мен Құдайдан қорықпағандардан қорқамын", "Заң" газеті, 21 мамыр, 2001 ж.

76. "Ежелгі Қазақстан: Қазақстан балалар энциклопедиясы". Алматы, "Аруна" баспасы, 2002 ж.

77. М. Кенжебай. "Іштен ірігеннен сақтасын!", "Ана тілі" газеті, шілденің 10-ы, қой жылы, 2003 ж.

78. М. Бұлұтай. "Бурханизм туралы шындық немесе Мұхтар Әуезовтің қай кейіпкері", "Жас Алаш", 15 шілде, 2003 ж.

79. Ж. Қуанышәли. "Ел болам десең, иманға жүгін!", "Азат" газеті, 15 қаңтар, 2003 ж.

80. Л. Бөкейханқызы. "Дін және лаңкестік", "Дала мен қала" газеті, 16 желтоқсан, 2005 ж.

81. "Рим папасы қандай?", "Иман" журналы, N1, 2004 жыл.

82. А. Айталы. "Қай пайғамбарға ереміз", "Алтын Орда" газеті, 4 сәуір, 2003 ж.

83. Оразкүл қажы Көбеева. “Олег Рубец шын мұсылман ба?”, “Қазақ әдебиеті”, 30 маусым, 2000 ж.

84. Ж. Мистер: “Ғалым христиан өзінің христиан дінін тастай Исламды қабылдап, мұсылман болады, ал надан мұсылман Ислам дінін тастайды”, “Мирас” басылымы, N1, 2000 ж.

85. Ш. Құмарова. “Алланың жіберген елшісі...”, “Аруана” газеті, 13 мамыр, 1994 ж.

86. Юрий Ли. “Девочка на счастье”, “Литер” газеті, 15 қазан, 2005 ж.

87. А. Сүлейменов. “Бесатар” әңгімелер, повестер, Алматы, 1997 ж.

88. Л. Қоныс. “Атайын дегенім” айдарымен “N11-бөлме” атты толғау, “Қазақ әдебиеті”, 27.01.2006 ж.

89. Б.Ерденбеков. “Ат шығарудың жолы жер өртеу емес”, “Қазақ әдебиеті”, 6.10.2006 ж.

90. А. Кеңшілікұлы. “Гогольдің өлімі”, “Жас қазақ” газеті, 20 қаңтар, 2006 ж.

91. А. Кеңшілікұлы. “Гогольдің өлімі”, “Жас қазақ” газеті, 27 қаңтар, 2006 ж.

92. Қадыр Мырза Әли. “Құдай мен халықтың алдындағы жауапкершіліктен ауыр дүние жоқ”, “Жас қазақ”, 11 ақпан, 2005 ж.

93. С. Елубай. “Зиялы қауымның үлт алдындағы кінәсі жетеді”, “Түркістан” газеті, 4 қараша, 2004 ж.

94. Ғ. Мүсірепов. “Лениндік сыйлықты алғанмен, жазушы емес адамдар аз емес”, “Қазақ әдебиеті”, 14 тамыз, 1980 ж.

95. М. Ерімбетов. “Сыншы іниме хат”, “Қазақ әдебиеті”, 23.12.2005 ж.

96. Б. Мәжитұлы. “Құдайскийді қойсақ қайтеді”, “Егемен Қазақстан”, 26 наурыз, 2003 ж.

97. Ж. Ерман. “Аллаһ деген арымас”, “Қазақ әдебиеті”, 7.10.2005 ж.

98. К. Әмір-бек. “Басым отта түрған қазан секілді”, “Қазақ әдебиеті”, 16.06.2006 ж.

99. Н. Ерназар. “25 Пайғамбар”, бірінші кітап, Алматы, “Шапағат–Нұр”, 2002 ж.

100. К. Ахметова. “Маған ұлттық идея деген не?” десе, мен ұлтты сүю, қазақты сүю дер едім”, “Айқын” газеті, 26 сәуір, 2006 ж.

101. Ламартин. “Түркия тарихы” кітабы.

102. Д. Досжан. “Екі дүние есігі” әңгімелер, Алматы: “Қайнар” баспасы.

103. Д. Досжан. “Халық еңбегі адал, еті адам есек емес”, “Айғақ” газеті, 11.08.2004 ж.

104. Г. Ахметова. “Деректі телефильм: бүгінгі көзқарас”, “Журналист” газеті, N9, 2003 ж.

105. Д. Досжан. “Халық еңбегі адал, еті адам есек емес”, “Айғақ” газеті, 11.08.2004 ж.

106. Р. Шибинтаев. "Человек взошел на гору", "Экспресс К", 19 сентябрь, 2002 ж.
107. "Жанарған Жаңақорған", Алматы, "Әл-Фараби", 1998 ж.
108. Қ. Бегманов. "Алматы қазақша сөйлемей, Қазақстан қазақша сөйлемейді", "Түркістан" газеті, сәуір, 2006 ж.
109. Д. Досжан. "Пайғамбардың өлімі", "Жұлдыз", N9, 2005 ж.
110. Н. Байырбек. "Түркі әлемінің ғұламасы", "Жас Алаш", 6 қараша, 2003 ж.
111. F. Есім. "Жазушылығын ойшылдықпен құнарландырған", "Қазақ әдебиеті", 16.12.2005 ж.
112. К. Әмірбек. "Басым отта қайнаған қазан секілді", "Қазақ әдебиеті", 16.06.2006 ж.
113. "Жизнеописание пророка" (да благословит его Аллах и приветствует) кітабы. (Перевод проверен научной комиссией Российского фонда "Ибрагим Бин Абдулазиз Аль Ибрагим"). Москва, 1998 г.
114. "Түркістан" газеті, 1998 ж. 23–29 қыркүйек.
115. Д. Досжан. "Алыптың азабы", Алматы, 1997, "Рауан" баспасы.
116. Д. Досжан. "Екі дүние есігі", Алматы, "Қайнар", 1998 ж.
117. Д. Досжан. "Алыптың азабы", Алматы, 1997, "Рауан" баспасы.
118. Қ.С.Э. 4-том, Алматы, 1974 ж.
119. Б. Сағындықұлы. "Шайтанның түрлері", 20 наурыз, 2001 ж. "Түркістан" газеті.
120. Ш. Мұртаза. "Өзімше, өз пікіріммен жүрген адаммын", "Жас Алаш", 12 ақпан, 2005 ж.
121. Д. Досжан. "Кешегі сыншы – бүгінгі досым", "Жас қазақ үні", 30.07–05.08.2004 ж.
122. Д. Досжан. "Құм кітабы", 1996 ж.
123. М. Құл-Мұхаммед. "Әдебиет – ардың ісі", "Егемен Қазақстан", 15 қазан, 2004 ж.
124. Қадыр Мырза Әли. "Адам әр минуттың қадірін білу керек", "Түркістан" газеті, 26 қаңтар, 2006 ж.
125. Ә. Дәуренбеков. "Дін туралы дін адамы айтуы керек", "Айқын", 15.10.2004 ж.
126. Д. Амантай. "Құдайдың еркесі – проза", "Дала мен қала", 5 қыркүйек, 2003 ж.
127. Д. Амантай. "Гүлдер мен кітаптар", "Ақжол Қазақстан" газеті, үзінді, N3, 23.01.04.
128. Д. Амантай. "Гүлдер мен кітаптар", "Жас қазақ" газеті, 3 ақпан, 2006 ж.
129. А. Әйімбетов. "Катитесь колбаской по Малой Спасской!", "Казахская правда", N15, 2005 ж.
130. Қ. Алпысбаев. "Қаһар не үшін жазылды?", "Жас Алаш", 10 қаңтар, 2006 ж.

131. Есенберлин. "Жан сарым", "Қазақ әдебиеті", 14.01.2005 ж.
132. Б. Тілегенов. "Біз Ілияс Есенберлинді неге жек көрдік", "Қазақ әдебиеті", 14.01.2005 ж.
133. Д. Қамзабекұлы. "Біз дінге керекпіз бе, жоқ дін бізге керек пе?", "Жас Алаш", 16 қыркүйек, 2003 ж.
134. Н. Ерназар. "Ажал – ақырет қақпасы", Алматы, "Шапағат–Нұр", 2005 ж.
135. Әмірқожа Мәжитов. "Даукестілік пе немесе сәуегейлік пе?", "Мәдениет" газеті, N12–13, 1992 ж.
136. М. Көкеновтің "Ақынды аялайды туған халқы" атты сұхбаты. "Мәдениет" газеті, N4, 1992 ж.
137. Республикалық "Мәдениет" газеті, N12–13, 1992 ж.
138. С. Саттарұлы. "Ала қойды бөле қырқу философиясы", "Жас қазақ үні", 13.05–19.05.2005 ж.
139. І. Есенберлин. "Көшпенділер", 6-том, Алматы, 1986 ж.
140. Ә. Жәмішев. "Аңыз түбі ақиқат", "Социалистік Қазақстан", 28 мамыр, 1991 ж.
141. Ә. Жәмішев. "Сыр бойы сырға толы", "Алматы ақшамы", 13 маусым, 1991 ж.
142. І. Есенберлин. "Соңғы жылдар жазбаларынан", "Қазақ әдебиеті", 14.01.2005 ж.
143. Қ. Жұмаділов. "Менің қаламымды қозғаушы күш – шындықты айтуға құштарлық" сұхбат. "Дала мен қала", 14 сәуір, 2006 ж.
144. Д. Досжан. "Жібек жолы", т.ш.ж. 1-том, 1990 ж.
145. Ә. Айтмағамбетұлы, Ж. Ақсақалұлы. "Ниеті түзу адамға Алланың нұры жауар", "Сыр бойы" газеті, 5 қараша, 1992 ж.
146. З. Тілеуқабыл. "Дүние және ақырет бақыты неде?", "Шапағат нұр", N9, 2002 ж.
147. Ә. Дербісәлиев. "Қазақ даласының жұлдыздары", Алматы, "Рауан", 1995 ж.
148. С. Құдияров. "Сунақ шежіресі", Алматы, "Атамұра", 1995 жыл.
149. Д. Досжан. "Қоңыраулы керуен жолдың үстіндеміз", "Ленин жолы", 19 сәуір, 1991 ж.
150. Ә. Тұрсынбаев. "Батыр ұрпағы", Алматы.
151. Ш. Қарақожаев. "Сунақ-Ата (һисамиддин)". Астана, "Нұржол", 2003 жыл.
152. Ш. Қарақожаев. "Сунақ-Ата (һисамиддин)". Астана, "Нұржол", 2003 жыл.
153. Тілеуқабылұлы Ө. "Шипагерлік баян", Араб қарпінен көшіргендер – К. Елемес, Д. Мәсімхан. Алматы, "Жалын", 1996 ж.
154. Х. Тұрсынов. "Ел тарихын еншілемейік", "Алматы ақшамы", 11 жұлдыз, көкек, 1990 ж.
155. Н. Әділбеков. "Жер атауы – халық қазынасы", Жанақорған аудандық "Коммунизм жолы" газеті, 17 наурыз, 1990 ж.

156. "Ежелгі Қазақстан: Қазақстан балалар энциклопедиясы", Алматы, "Аруана", 2002 ж.
157. Ш. Қарақожаев. "Сунақ-Ата (Һисамиддин)". Астана, "Нұржол", 2003 жыл.
158. "Ұлттық энциклопедия", 3-том, Алматы.
159. Д. Бабаев. "Қазақстан тарихы V–XV ғғ". Орта мектептің 7-класына арналған оқулық, Алматы, "Рауан", 1995 ж.
160. Ш. Елеукенов. "Ілияс Есенберлиннің мәңгілік өмірі", "Жұлдыз", N5, 2005 ж.
161. С. Құдияров. "Сунақ шежіресі", Алматы. "Атамұра". 1995 ж.
162. С. Құдияров. "Сунақ шежіресі", Алматы. "Атамұра". 1995 ж.
163. Д. Досжан. "Жібек жолы", екі томдық таңдамалы шығармалар, Алматы, 1990 ж.
164. Д. Досжан. "Таңдамалы шығармалар", Т. 4, Алматы, "Білім", 2002 ж., 432 бет.
165. Д. Досжан. "Екі томдық таңдамалы шығармалар", Алматы, "Жазушы", 1990 ж.
166. Д. Досжан. "Екі томдық таңдамалы шығармалар", Алматы, "Жазушы", 1990 ж.
167. Бұл да сонда.
168. С. Байхонов, Бақтыбай Айнабеков. "Тұғырда тұрған танк", "Ел мен ердің жеңісі" жинағында. Алматы, Қазақстан, 1985 жыл.
169. А. Жолдасов. "Білімнің әлемдік санадағы алғашқы ғылыми қадамының бастауы мен жалғасы", "Қазақстанның ғылыми әлемі" халықаралық журналы. N1, 2005 жыл.
170. Бұл да сонда.
171. "Знание", N2, 1998 ж.
172. Б. Айсынов. "Сыр бойындағы сырлы қала", "Алматы ақшамы", 1990 ж., көкек айының 11-і.
173. С. Құдияров. "Сунақ шежіресі", Алматы. "Атамұра". 1995 ж.
174. Ж. Ержанов. "Сунақтардың этногенезі және Сунақ қаласының тарихы", Алматы, 2002 ж.
175. "Ежелгі Қазақстан: Қазақстан балалар энциклопедиясы". Алматы, "Аруна" баспасы, 2002 ж.
176. Т. Төлебаев, Р. Құсайынова, М. Дәкенов. "Ежелгі дүние тарихы", Жалпы білім беретін 6-сыныбына арналған оқулық. Алматы, Атамұра, 2002 ж.
177. Ш. Қарақожаев. "Сунақ-Ата (Һисамиддин)". Астана, "Нұр-жол", 2003 ж.
178. С. Құдияров. "Сунақ шежіресі", Алматы, Атамұра, 1995 ж.
179. Әбсаттар Дербісалиев. "Қазақ даласының жұлдыздары", Алматы, "Рауан" баспасы, 1995 ж.
180. Якубовский А.Ю. "Развалины Сыгнака" (Сугнака). "Сообщения Государственной истории материальной культуры". Том II, М., 1929 г.

181. Д. Досжан. "Даналық үйі қажет", "Жалын" тұсаукесер дана, 2003 ж.

182. Д. Досжан. "Тарихы терең Түркістан", "Жұлдыз", 1990 ж., N4.

183. Д. Досжан. "Жібек жолы", Алматы, "Жазушы", 1990 ж.

184. Ш. Айтматов. "Стремление к идеалу – вот что руководит людьми в любое время", "Меркур Магазинет" журналы, 2006 ж., N3.

185. С. Жолдасбаев. "Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы", хрестоматия: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған. Алматы. Атамұра, 2003 ж.

186. Якубовский А.Ю."Развалины Сыгнака", 1929 соб. Гос. Акад. ист. матер. культ., 1929 т. 6. с. 123–159.

187. Якубовский А.Ю."Развалины Сыгнака", 1929 соб. Гос. Акад. ист. матер. культ., 1929 т. 6. с. 128, 138.

188. А.Н. Нусупбеков (гл. ред.). "История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней", Т. II, Алма-Ата, 1979 ж.

189. Ж. Ержанов. "Сунақтардың этногенезі және Сунақ қаласының тарихы", Алматы, 1992 ж., 65 бет.

190. Т. Біләлов. "Дәлелді деректерге жүгінсек", "Мирас" газеті, 16 қаңтар, 1991 ж., "Сахиб-Асан Кенжебекұлы, "Ақынды аялайды туған халқы", "Мәдениет" газеті, N1, 1992 ж., 4-бет.

191. Ж. Ержанов. "Сунақтар кім?", "Халық кеңесі", 19 наурыз, 1991 ж.

192. С.М. Ахинжанов. "Кипчаки и их политические взаимоотношения с Хорезмом в XI – начале XIII вв.", Автореф. канд. наук. Алма-Ата, 1973, стр. 23.

193. "Вестник воспитания", СПб, 1900, N1, с. 44.

194. "Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей", часть 1, СПб, 1832, с. 258–259.

195. Ж. Ержанов. "Сунақтардың этногенезі және Сунақ қаласының тарихы", Алматы, 1992 ж.

196. В.В. Бартольд. Сочинения. Том III, М, 1965 с. 311–312

197. Ж. Ержанов. "Сунақтардың шығу тегі", "Қазақ әдебиеті", 28 қыркүйек, 1990 ж.

198. Ж. Ержанов. "Сунаққорған", "Парасат" журналы, 1991, N6, 20–21-беттер.

199. А. Левшин. "Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей", часть 1, СПб, 1832, с. 258–259.

200. А.Ю. Якубовский. "Развалины Сыгнака", 1929, соб. Гос. Акад. ист. матер. культ., 1929 т. 6. с. 123–124.

201. А.Ю. Якубовский. "Развалины Сыгнака", 1929, соб. Гос. Акад. ист. матер. культ., 1929 т. 6. с. 137–138.

202. В.В. Бартольд. Сочинения. Том VIII, М., 1973 г., с. 202–203.

203. Ж. Ержанов. "Сунақтардың этногенезі және Сунақ қаласының тарихы", Алматы, 1992 ж.

204. Ш. Қарақожаев. "Сунақ-Ата (Һисамиддин)". Астана, "Нұр-жол", 2003 ж.
205. Ш. Қарақожаев. "Сунақ-Ата (Һисамиддин)". Астана, "Нұр-жол", 2003 ж.
206. М. Наушабай, Қ. Төрежан. "Әл-Фараби мен Сұлтан Бейбарыс 1000 жылдан кейін елге оралды". "Айқын", 18 наурыз, 2006 ж.
207. З. Кинаят. "Қазақ" атауы туралы көне болжамдарға жаңа көзқарас", "Егемен Қазақстан", 24 қыркүйек, 2003 ж.
208. Ә. Түрғанбаев, Л. Нұсқабаева. "Тіларалық байланыстар мен қатынастар диалектикасы", Алматы, "Білім", 2005 ж., 172-173-беттер.
209. Бұл да сонда. 183-184-беттер.
210. Бұл да сонда. 199-200-беттер.
211. Ж. Ержанов. "Сунақтар және Сунақ қаласы", Алматы, Ғылым, 1996 жыл.
212. Бұл да сонда. 116-119-беттер.
213. Бұл да сонда.
214. Бұл да сонда.
215. Бұл да сонда.
216. Бұл да сонда.
217. "Қоңырат шежіресі", ұраны "Алатау" таңбасы, "П" "босаға", Алматы, "Жалын" баспасы, 1992 ж., "Жедел" шағын кәсіпорны.
218. Б.С. Қошым Ноғай. "Нақ" тек қана жұрнақ па? "Ана тілі" газеті, мамырдың 21-і, мешін жылы.
219. "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі", Алматы, Ғылым, 1985 ж., 8-том.
220. "Қазақ шежіресі", Атамұра, Алматы, 1994 ж.
221. "Известия" газеті, 18.10.2002 ж.
222. "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі", 7 том, Қазақ КСР-нің "Ғылым" баспасы, Алматы, 1983 ж.
223. Гордлевский В.А. "Что такое "босый волк?". Известия АН СССР, отд. литературного языка, т. VI. вып. 4–6, М., 1947, 324 бет.
224. Филоченко С. Башкиры. "Вестник Оренбургского учебного отдела", 1914, N8, 304 бет.
225. Н.Келімбетов. "Ежелгі дәуір әдебиеті", Алматы, "Атамұра", 2005 ж.
226. Әбілғазы. "Түрік шежіресі", Алматы, "Ана тілі", 1991 ж.
227. М.Ерімбетов. "Қоңырат шежіресі және оған қатысты әңгімелер: ұраны "Алатау", таңбасы – "Босаға", Алматы, "Жалын", 1993 ж.
228. В.Бартольд. Отчет "О командировке в Туркестан" С.-Петербург. Типография императорской академии наук. 1904 г., стр 267 с арабского перевода Н.С.Смирнов.

229. Б.Д. Греков, Л.Ю. Якубовский. "Золотая Орда и ее падение", изд. Ак. наук СССР. Москва, 1950, Ленинград.
230. Б.С.Қошым-Ноғай. "Құдайдың құдіретті есімі кім?", "Алтын Орда" газеті, 17.03.2000 ж.
231. "Біз – қазақ, қандай ел едік?", "Жас қазақ үні", 21.02.2006 ж.
232. Құран, Інжіл, Забур, Таурат, Латиф Баты. Шымкент, 1998.
233. Ғ. Төлегенұлы. "Иегова куәгерлері", N10, қазан, 2005. "Ислам және өркениет" газеті.
234. "ЭПК" тайные общества и секты" кітабы.
235. Бегуллаһ Ә. ибн Алдамжар Әд-Дөйти, "Басқа ел неге "бес бармақ" аса алмайды немесе ұлттың екі нышаны", "Ана тілі" газеті, N39, 28-1, 2006 ж.
236. Б.С.Қошым-Ноғай. "Қожаның" қожасы кім?" "Аруана", 1994 ж., 3 маусым.
237. Шаштылар: шежіре, – Алматы: "Қайнар" баспасы, 2002, 248 бет.
238. Бұл да сонда.
239. "Атеистің қалта сөздігі", Алматы, "Қазақстан", 1988 ж.
240. Зия Гөкалып "Түріктер өз тілін қалайша ретке келтірді?", "Аруана" газеті, 1994 ж., 9 қыркүйек, тәржімалаған А.Тәжуіптов.
241. В.В.Бартольд. Сочинения. Т.11, часть 1, М., 1963 ж.
242. В.В.Бартольд. Мусульманский мир. Петербург, 1922.
243. Ж.Ержанов. "Сунақтардың этногенезі және Сунақ қаласының тарихы", Алматы, 1992 ж.
244. Д.Е.Еремеев. Ислам. Обзор жизни и стиль мышления, М., 1990 ж.
245. Ж.Ержанов. "Сунақтар кім?", "Халық кеңесі", 19 наурыз, 1991 ж.
246. Ф.Легкоступ. "Край трех столиц", "Казахстанская правда" газеті, 26 шілде, 2003 ж.
247. Бұл да сонда.
248. Ә.Дербісалиев. "Қазақ даласының жұлдыздары", Алматы, "Рауан", 1995 ж.
249. Ш.Қарақожаев. "Сунақ-Ата (Һисамиддин)", Астана, "Нұржол", 2003 ж.
250. "Әділетті халифтар", "Шапағат-Нұр", 2002 ж.
251. Тарихтағы ұлы кісілеріміз. Мұстафа Ассибағи, кітапты араб тілінен аударған Қасымов Мұхаммед Ариф, Шымкент, 2004 ж.
252. Ә.Дербісәлі. "Даланың дана перзенттері".
253. Арыстанбек Қосалытегі. "Жалағаштан – Жас Алашқа дейін", "Жас Алаш" газеті, 31 шілде, 2001 жыл.
254. Ахмет Тоқтабаев, Злиха Ибадуллаева. "Қазақ халқының құрамындағы қожалар" этносы, "Ислам әлемі" журналы, N2, 2000 ж.

255. Ш.Қарақожаев. "Хусамиддин бабамыздың құнды еңбектері", "Егемен Қазақстан", 22 желтоқсан, 2001 ж.
256. Ө.Жолымбетов. "Біздің радио шежіре" бағдарламасы, 1994 ж.
257. Ескендір Аманжол. "В поисках потерянного племени", "Караван" газеті, N47, 22 қазан, 2002 ж.
258. Қ.Омарханов. "Қазақ елінің дәстүрлі құқығы", "Елорда" баспасы, 2003 ж.
259. Әбу Түрғанбаев. "Батырдың ұрпағы", "Қазақ елі", Алматы, 2004 ж. Кітапты әдеби өңдеген А.Бибасарұлы, редакторы – Б.Сарбалаұлы.
260. Б.Аяған. "Қазақ шежірелері мен рулары: аңыз бен ақиқат", "Жас Алаш" газеті, 7 тамыз, 2003 ж.
261. "Қазақ шежіресі", Атамұра – Қазақстан, Алматы, 1994 ж.
262. Б.Төлегенұлы. "Пайғамбардың сахабасы" немесе уақытты жалғастырған арқау", "Егемен Қазақстан", 30 қараша, 2005 ж.
263. Бұл да сонда.
264. Бұл да сонда.
265. Бұл да сонда.
266. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. Хрестоматия: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған. Құраст.: С.Жолдасбаев. Алматы, Атамұра, 2003 ж.
267. М.Қозыбаев. "Сырдың Сұлтаны – Елдің Сұлтаны", "Заң" газеті, 15 қазан, 1997 ж.
268. С.Сартаев. "Сафари по континентам мира", Алматы, ТОО РПИК "Дәуір", 2003 ж.
269. "Дінсіздіктің белгілері – мүшірік", ауд.: Қайрат Иса, Жәннәт Ізбасқанқызы, "Мұсылман баспа үйі", 2005 ж.
270. Бұл да сонда.
271. Бұл да сонда.
272. Бұл да сонда.
273. Бұл да сонда.
274. Ш.Құдайбердіұлы. "Жасымнан жетік білдім...", "Ана тілі", хрестоматия, 4-сынып, Атамұра, Алматы, 2000 ж.
275. "Ислам энциклопедиясы", Алматы, 1995 ж.

МАЗМҰНЫ

Автордан 3
Бұхар жыраудың тілегі немесе рухани серпіліс әкелген кітапқа пікір *(Алғы сөз орнына)* 4
Абыройды асқақтатар туынды 7
Дін ақиқатын осылай қорғайық 11

I БӨЛІМ

Елбасы және имандылық 14
Исламсыз дүние тұл 32
Рухани қайшылық көрінісі 68
Құрани тілдің құдіреті 93
Сыншылар кітап оқымай ма? 129
Жаратқан ие жерге түсе ме? 137
Әдебиеттегі әдепсіздік 157
Мұхтар Әуезовты жаһаннамға жіберу 196
Ауруды жеңген Аюб па, Ысқақ па? 199

II БӨЛІМ

Йасауидің имамы Һисамиддин туралы 233
Сунақтардың түпкі шығу тегі 254
Ислам құран мен сунна кітаптарын басшылыққа алады 372
Тарих осылай сөйлейді немесе тарихқа іштарлық жүрмейді 444
Ибн Сайд ас-Сунахи әл-Фараби 457
Ғұлама ақын боп тудың 460
Сунақтан шыққан сұңғыла 493
Қорытынды 504
Пайдаланылған әдебиеттер 516

Научно-популярное издание

Шейх-Асан Курайш ас-Сунна

(Асан Саркулов)

ИСТИНА О РЕЛИГИИ

Религия. История. Этногенез

Редакторы *Қ.Омарханов*
Суретшісі *С.Сайран*
Техникалық редакторы *К.Ғалым*
Беттеген *С.Төлеген*

Дайын диапозитивтен беттеліп, жарыққа шықты.

Басуға 15.11.2006 жіберілді. Пішімі 84×108$^{1}/_{32}$. Қаріп түрі "Таймс". Есептік баспа табағы 31,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс 252

ЖШС "Курсив"



Шайх-Асан Құрайшын ас-Сунна (Асан Сарқұлов) — журналист–жазушы, дінтанушы.

Ол 1989 жылы Алматыдағы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы жанындағы республикалық Имамдар білімін жетілдіретін Ислам институтының екі жылдық курсын бітірген.

Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында түрлі салада жұмыс істеді. Алматыдағы С. Мұқанов атындағы әдеби-мемориалдық музейде аға ғылыми қызметкер, "Жерұйық" тарихи-этнографиялық бірлестігінде жауапты хатшы, республикалық "Мәдениет" газетінде, "Үркер" журналында бөлім меңгерушісі, жауапты хатшылық қызметтерді атқарды.

1994–2003 жылдары "Қазақстан телевидениесі мен радиосы" корпорациясының Қазақ радиосында аға редактор, комментатор, Бас редактор болды. "Астана-дауысы" — "Голос Астаны" ақпараттық агенттігінде Бас директордың орынбасары, "Елорда – Астана" газетінің Бас редакторы қызметін атқарды. Қазір "Нұр" Медиа холдинг "Ел мәдениеті" газетінің Бас редакторы.

Қазақстан Республикасы Парламенті және Журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері.